Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің (1969), ҚР Ұлттық Ғылым академиясы М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аспирантурасын бітірген. Осы институтта ғылыми қызметкер (1975 - 1977), ҚазМҰУ журналистика факультетінде аға-оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі (1977-1987), филология факультетінде доцент (1988-1995), Қазақ әдебиетінің тарихы мен сыны кафедрасының профессоры қызметтерін атқарды. Қазір Л. Гумилев атындағы Евразия мемлекеттік университетінің профессоры.

1975 жылы филология ғылымдарынан кандидаттық, 1994 жылы докторлық диссертациялар қорғады. ҚР Гуманитарлық ғылымдар академиясының академигі, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі. Д. Ысқақұлы әдебиет пен өнердің түрлі мәселелеріне арналған екі жүзден астам мақаланың, "Әдеби көркем сын", "Сын шын болсын", "Сынсонар", "Жанр", "Әдебиет өрнектері", "М. Әуезов. Талант пен тағдыр", "Парасат пайымдары", "Сын сымбаты", "Сын жанрлары" атты кітаптардың авторы.

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ

Сын өнері

Әдеби сынның теориясы

Қармаубай ата-ға!
Шәкәрімшілдің табыс,
бақыт тұмар тілейміз.
Авт. Дәуі.
8.X.04.
Түркістан.

ҚАЗақпарат
Алматы
2001

ББК 63 (5 Каз) -1
Ы 88-2

Ы 88-2 Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ.
СЫН ӨНЕРІ.(Оқу құралы).
Алматы: ҚАЗақпарат, 2001. – 304 бет.
ISBN 5-7090-0402-22

Кітапта қазақ әдеби сынының теориялық негіздері ғылыми тұрғыдан кеңінен әңгімеленеді. Әдеби сынның табиғаты, әдіснамасы мен әдістері, көркемдік процестегі орны мен атқаратын қызметі, принциптері, түрлері, жанрлары сияқты мәселелерге арнаулы тараулар арналған. Кітап жоғары оқу орындары филология, журналистика факультеттерінің студенттеріне, магистрлер мен аспиранттарға, әдебиетші ғалымдарға, жалпы әдебиет сүйер оқырмандарға арналған.

ББК 63 (5 Каз) -1

Ы 4603010000-001
416/05/-98

ISBN 5-7090-0402-22

© Д.Ысқақұлы., 2001

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ 4
I ТАРАУ 13
СЫННЫҢ ӘДЕБИ СИПАТЫ 13
СЫННЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТЫ 18
СЫННЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ 24
СЫННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СИПАТЫ 27
II ТАРАУ 33
III ТАРАУ 45
IV ТАРАУ 53
V ТАРАУ 59
ӘДЕБИ СЫННЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ 59
ӘДЕБИ СЫННЫҢ ИДЕЯЛЫЛЫҒЫ 61
ӘДЕБИ СЫННЫҢ ШЫНШЫЛДЫҒЫ 65
ӘДЕБИ СЫННЫҢ ӨМІРМЕН БАЙЛАНЫСТЫЛЫҒЫ 68
ӘДЕБИ СЫННЫҢ ХАЛЫҚТЫҒЫ 70
ӘДЕБИ СЫННЫҢ ҒЫЛЫМИЛЫҒЫ 78
ӘДЕБИ СЫННЫҢ ТАРИХШЫЛДЫҒЫ 82
ӘДЕБИ СЫННЫҢ ТИІМДІЛІГІ 89
VI ТАРАУ 92
ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕМЕСЕ, СЕМИОТИКАЛЫҚ СЫНДАР 100
ӘЛЕУМЕТТІК СЫНДАР 112
ЭСТЕТИКАЛЫҚ СЫНДАР 122
VII тарау 128
ЖАНР ТУРАЛЫ 128
ӘДЕБИ ХАБАР 139
АННОТАЦИЯ 144
РЕЦЕНЗИЯ 152
МАҚАЛА 173
I.ТЕОРИЯЛЫҚ НЕМЕСЕ ҒЫЛЫМИ МАҚАЛА 177
2. ПРОБЛЕМАЛЫҚ МАҚАЛА 183
3. АЙТЫС МАҚАЛА 187
ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПОРТРЕТ 204
ӘДЕБИ ШОЛУ 225
ЭССЕ 249
СЫННЫҢ САТИРАЛЫҚ ЖАНРЛАРЫ 254
ӘДЕБИ СЫННЫҢ БАСҚА ДА ЖАНРЛЫҚ ТҮРЛЕРІ 275
Қорытынды 283

КІРІСПЕ

Қазақ әдебиетімен бірге оның ғылымы да жан-жақты даму үстінде. Қазақ әдебиетінің теориясы мен көп томдық тарихы жасалынып, ұлттық игілігімізге айналды. Алайда, бір ғана партия билеп-төстеген әміршілдік заманда қоғамдық өмірдің барлық мәселелеріне таптық тұрғыдан баға беру принципі әдебиеттану ғылымына кейбір тұстарда кедергі туғызып, оның шын мәнінде ғылыми арнада дамуына кесір келтіргені де белгілі. Қазір қазақ әдебиеттану ғылымы сан ғасырлық тарихы бар ұлттық әдебиетімізді бар болмысымен, сыр- сипатымен танып білу жолында жіберілген олқылықтардың орнын толтыруда. Әсіресе, ауыз әдебиетін, көне дәуірден бүгінгіге дейінгі әдеби мұраларды ғылыми жүйеге түсіріп, парасаттылықпен пайымдауда қыруар міндеттер алда тұр.

Қазақ әдебиетінің даму жолдарын саралауда оның ғылымымен бірдей қызмет жасап, ыстық суығына күйіп келе жатқан әдеби сынның да рөлі айрықша. "Қазақтың әдеби сыны да марқайып, кемелденіп алды. Көркем творчествоның қандай келелі мәселелері мен нәзік құбылыстары болмасын, қазіргі әдеби сынымыз талдап тексеруге де , тұжырымды түрде қорытуға да әзір"[1]. Дегенмен де, қазақ әдеби сынының да шешілмей жатқан түйіндері баршылық. Сын мәселелерін мерзімді, ғылыми басылымдар көтермей жүр десек, шындықты аттап кеткен болар едік, керісінше, жарияланып жатқан материалдар жеткілікті. Оларда көбіне әдеби сынның алдында тұрған міндеттер мен кемшіліктер төңірегінде ғана әңгімеленіп жүр де, ал оның өзіндік өзгешеліктері, методологиялықжәне ішкі құрылымдық жақтарына тереңдей алмай келеді. Қазақ әдеби сынында оның теориялық мәселелері мүлдем сөз болмай келеді десе де болғандай.

Орыс әдеби сынында осы салада атқарылған біршама жұмыстар көзге түседі. Қазіргі орыс әдебиеті сынының өткен кездері біршама зерттелініп, көп томды тарихы жасалынған. Жоғарғы оқу орындарына арналып оңдаған оқулықтар жазылып, хрестоматиялар құрастырылған. Белинскийдің, Чернышевскийдің, Добролюбовтың, Писаревтің, Луначарскийдің т. б. көптеген көрнекті сыншылардың көп томдық әдеби мұралары жарияланып, ғылыми зерттеулердің объектісіне айналған. Мысалы, бір ғана Белинскийдің тоғыз томдық шығармалар жинағы басылып шықты; шығармашылығына арналып оңдаған диссертация қорғалған; өнерпаздық

қыр-сырларын талдайтын академиялық зерттеулер, жүздеген ғылыми жинақтар жарық көрген.

Бұл салада басқа туыстас әдебиеттерде істелінген істерге көз жіберсек, ұлттық әдеби сынның тарихын жасауға талпынып жатқан елеулі адымдарды көреміз. Ал, қазақ әдеби сынының жағдайына келсек, мүлдем басқаша. Қазақ әдеби сыны жүріп өткен жолдарды ғылыми тұрғыдан бағдарлау ісінде де атқарылған, жүргізіліп жатқан ірілі-уақты еңбектерді атап өткен ләзім. Бұлардың ішінде қазақ әдебиеті сынының тарихын көп жылдардан бері үзбей зерттеп келе жатқан белгілі ғалым Тұрсынбек Кәкішевтің еңбегін алдымен атаған абзал. Ол "Қазақ әдебиеті сынының туу және қалыптасу жолдары" деген тақырыпта докторлық диссертация қорғап, "Сын сапары", "Оңаша отау" атты кітаптарын жариялады[2] жоғары оқу орындарының филология факультеттеріне арнап "Қазақ әдеби сыны тарихы" (1994) оқулығын жазды. Сөйтіп, Т. Кәкішевтің зерттеу еңбектерінде қазақ әдеби сынының ғылыми тарихын жасаудың алғашқы сүрлеуі салынып, негізгі қиын мәселелері шешілді. Жекелеген дәуірлерді, қаламгерлердің сыншылдық қызметтерін қарастырған диссертациялар қорғалып, кітаптар шыға бастады. Мысалы, М. Әуезовтің,[3] Е. Ысмайыловтың[4] т.б. эстетикалық көзқарастарына арналған еңбектер жарық көрді. Сонымен бірге, сынның мәселелері қазақ әдебиеттану ғылымында бірсыпыра зерттеулерде жанамалай әртүрлі дәрежеде сөз болады. Жекелеген мақалалар да баршылық. Соңда да болса қазақ әдебиеті сынының мәселелерін арнайы зерттеген еңбектер әлі де аз. Әсіресе, әдеби сынның теориясына қатысты зерттеулер жоқтың қасы.

"Сын жанры — жалғыз қазақ әдебиетінде ғана емес, басқа әдебиеттерде де барынша аз зерттелген твочестволық сала. Әсіресе, оның теориясы, методологиялық негіздері жайындағы ой-пікірлерде нақтылықтан гөрі жалпылық басым". "... күні бүгінге дейін сын жанрының өз теориясы жан-жақты зерттеліп, эстетикалық канонға айнала қойған жоқ"[5] — деп жазады профессор Т. Кәкішев.

Әдеби сынды дамыту үшін алдымен, сын дегеннің өзі не екендігін дұрыс анықтап алу керек. Қазақ әдеби сыны болсын, жалпы әлемдік сында да бұл жанрдың өзіндік "ішкі" жақтарына, теориялық мәселелеріне назар аудару қаға берісте қалып келеді. Белгілі әдебиетші, сынның теориясын арнайы зерттеген Б. Бурсов "сын әдебиеттің қамын жеймін деп жүріп, өз жағдайын мүлдем ұмытып кетті" деп өте орынды айтты.[6] Демек, сынның ғылыми, идеялық-көркемдік дәрежесін, пәрмеңділігін, әдеби процесте атқаратын ролін күшейту дегенде сынның өзін-өзі танып-білудің, оның теориясы мен методологиялық мәселелерін зерттеудің аса қажеттілігі қатар қойылуға тиіс. Оның да уақыттар бойғы даму барысында қалыптасқан өзіндік "физиономиялық" құрылымы, даму заңдылықтары бар. Сынның мұндай өзіндік ерекшеліктерін білмей, ескермей, оны қалай болса солай

"дамыта" саламыз деп қанша айғайлағанмен де, одан дұрыс нәтижелердің шыға қоюы екіталай. Сондықтан да, әдеби сынды дамыту істері алдымен, оның өзін зерттеп білуден басталуға тиіс. К. Маркстің "өзін-өзі танып білу ақылдылықтың бірінші белгісі" дегенінде көп мән жатқан сияқты ("Самопознание есть первое условие мудрости")[7]. Анатоль Франс та "Мен сынды парасатты қоғамның ең басты белгісі деп білемін" деп жазыпты.[8]

"Сын дегеніміз не?" деген сұраққа жауап беру үшін алдымен, әдеби сынның пайда болу, даму жолдарына ой жүгірткен жөн. Сын қашан пайда болды? Бұл жерде әдебиет пен сынның қайсысы бұрын пайда болған деп, оған тура жауап берудің өзі қиын. Кезінде А. Пушкин мен А. Бестужев екеуінің осы мәселеде айтысып, бір мәмілеге келе алмағаны белгілі. Шындығында да, әдебиет пен оның сынының бірін алға шығарып, екіншісін соның салдары ретінде қарастыру екі ұшты. Дұрысы — әдебиет пен сын өмірге бірге келді, бірінсіз бірі жоқ деп түсіну. Кейде бірінің алға шығып, екіншісін алға сүйрейтін кездері де болатындығын ескеріп отырған жөн. Сонымен, сын әдебиет пайда болған кезден бері өмір сүріп келеді. Сын алғашқы ақын жұрт алдына шығып, өз өлеңін оқығанда, немесе шебер әңгімеші ертегі, аңыз, мақал-мәтел айтқан шақта оның тыңдаушыға ұнаған, ұнамаған пікірі ретінде көрінді. Т. Кәкішев "халық болған жерде творчестволық өмір бар, өнер бар, белгілі көзқарас, эстетикалық талғам бар"[9] деп жазады. Бұл — халық болған жерде әдебиет (ауызша түрде болсын), халықтың сол көркем сөз өнеріне деген сыншыл көзқарасы болады деген сөз.

Жалпы, не нәрсе, құбылыс болмасын оған сын көзімен қарап, баға берушілік — кез келген халықтың бойында бар тума қасиеттердің бірі. Ал, қазақ халқында небір саңлақ сыншылардың өткендігі жайлы аңыздар көп. Бір көргеннен, бір ауыз сөзінен, бір ғана қылығынан оның қандай адам екендігін айтып берген сыншылары, құлынның қандай тұлпар болатындығын көре білген атбегілері көп болған. Ал, қазақтардың тұрмыс тіршілігінде сөз өнеріне ерекше мән беріліп, қоғамдық өмірде аса маңызды қызмет атқарғаны белгілі. Қандай да бір күрделі әлеуметтік мәселе болмасын қиыннан қиысқан бір-ақ ауыз сөзбен шешімін тауып отырған. Жалпы, орынды айтылған сөзге, уәжге тоқтау — қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерінің бірі. Халық арасында ел билеген әкімдерден гөрі, сөздің майын тамызған шешендер, көркем сөзден кесте тоқыған ақын-жыраулар көбірек танымал болған. Ел билеуге сөздің құдіретін түсінетін, аузы дуалы азаматтар араласқан. Сөйтіп, халық арасынан сөз өнерімен арнайы айналысатын ақын-жыраулар шыға бастағанда халықтың ұлттық талғамымен бірге олардың өздерінің де эстетикалық көзқарастары дами түсті.

В. Кубилюс алғашқы сыншы көпшілік десе, орыс зерттеушісі Б. Бурсов шығармашының өзі дейді[10]. Гацфельдт "Ұлы жазушылар шығарма жазып отырғанда оларға білдірмей әсер етіп, бастап отыратын әдеби талғамның заңдылықтарын іштей сезініп, біліп отырады"[11] — деп жазады. И. Тургенев

қаламгер шығарма жазып отырғанда сыншы да оның бір иығына міне алып, бірге жазысады деген пікірді айтады.[12] Лев Толстой да "Түнде отырып жұмыс істегенімде, менің өз ішімдегі сыншым ұйықтап жатады. Жазғандарым нашар болады... Ал, таңертең жазғанда сыншым сергек отырады да, жарамсыздарын сызып тастайды. Сондықтан, көңілдегідей болып шығады"[13] — деп сыр ашады.

Сыншылық пікірлердің негізі көркем әдебиеттен, оған деген көпшіліктің көзқарасынан, қоғамдық өмірдің рухани қажеттілігінен барып туындайды; алғашқы сыншы — халық, ал сын халықтық талғамнан бастау алады. Кейіннен жазба әдебиеті дамыған кезде әдеби сынның ролі арта түсті, ол тек әдеби процесте ғана емес, жалпы қоғамдық ой-пікірдің өсуінде елеулі орын алды. Енді сөз өнерін шын сүйіп, бағалай білетін көркем шығарманы қарастырумен арнайы айналысатын адамдар шыға бастады. Біздің эрамызға дейінгі IV ғасырда ертедегі Римде сыншы сөзі белгілі бола бастады. Болашақ патша Птоломей II-нің ұстазы Косадан шыққан Филипті халық "ақын, әрі сыншы" деп атады. Кейінірек (б.э. д. II ғасыр) Маллостық Кратец өзін александриялық "тілшілерден" артық етіп көрсету үшін сыншы (критик) деп атады. Бірақ, көпке дейін сын текстология ұғымында түсініліп келді. Қазіргі мағынасында Ю. Ц. Скалигердің "Поэтикасында" (1564) қолданылды. Бұл трактаттардың рим әдебиетін шолып, бағалауға арналған алтыншы кітабы "Сын" деп аталынды.[14] Жеке адамдардан әдеби сын бойынша тұңғыш елеулі еңбек қалдырғандар деп Платон, Аристотель, Аристарх, Әл-Фарабилердің есімдері аталынады. Кейіннен сыни бағыттар, мектептер шыға бастады. XVI ғасырда Италияда әдеби сын тұтас бір сала ретінде қалыптасты. Венецияның көркем сыны алғашқы сыни мектеп ретінде белгілі. Европа әдебиетінде Буало мен Дидроның есімі шын мәніндегі алғашқы сыншы делініп жүр.

Орыс әдебиетінде "критик" сөзін бірінші рет 1789 жылы Кантемир "тура қазы" ұғымында қолданған. Ал, "критика" сөзін өз мағынасында 1750 жылы Тредиаковский жазды. В.А. Жуковский "Сын дегеніміз — жетілген талғамға негізделген тура және еркін айтылған пікірлер. Сіз поэма оқисыз, сурет көресіз, соната тыңдайсыз, сонда қанағаттанғандықтан, немесе қанағаттанбағандықтан сезімге бөленесіз — осы талғам, осылардың себебін талдасаңыз — осы сын"[15] деген қарапайым да дәл анықтама берді. Өткен ғасырда орыс әдебиетіндегі сыншылдық дәстүр В.Г. Белинскийдің, Н.Г. Чернышевскийдің, Н.А. Добролюбовтың, Д.И. Писаревтің, т.б. талантты шығармалары арқылы классикалық дәрежеге көтерілді. Орыс әдебиетінің "алтын ғасырының" алыптары А.С. Пушкиннің, Л.Н. Толстойдың, И.С. Тургеневтің, Ф.И. Достоевскийдің т. б. әдеби сынның әдеби дамудағы маңызын аса жоғары бағалап, оған белсене араласқандығы сынның қоғамдық-әлеуметтік, мәдени-әдеби шоқтығын жоғары көтеріп жіберді. Г.В. Плехановтың, В.И. Лениннің, А.В. Луначарскийдің, В.В. Воровскийдің, А. М. Горькийдің эстетикалық ой-пікірлері орыс әдеби сынының тапқыр

негізделген жаңа дәуірін бастады.

XIX ғасырдың екінші жарымында қазақ даласында "Дала уалаятының газеті", "Түркістан уалаятының газеті" сияқты ұлттық баспасөздің алғашқы қарлығаштары шыға бастады. Осы газеттердің бетінде әдебиет туралы пікірлер тұңғыш рет көрінді. Кейіннен "Айқап", "Қазақ" сияқты басылымдар ұлттық әдебиеттің мәселелерін әртүрлі деңгейде көтере бастады. Төңкеріске дейінгі дәуірде әдеби сынның пайда болып, қалыптаса бастауына он тоғызыншы ғасырдың екінші жарымынан бастап советтік дәуірге дейін созылған қазақ әдебиетінің ренессанстық кезеңі де тікелей күшті әсер етті. Әсіресе, XX ғасырдың басында Абай өлеңдерінің, қазақтың тұңғыш романы М. Дулатовтың "Бақытсыз Жамалының", А. Байтұрсыновтың "Маса" жинағының басылып шығуы, қазақ поэзиясында Мағжанның көрінуі әдеби сынды да алға тартты. Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңдегі әлеуметтік-саяси, мәдени-әдеби жағдай көркем сынға ауыр жүк артты. Қазақ әдеби сыны ұлттық әдебиетіміздің жай-күйі туралы барлық жанрларда дерлік барынша үн қатты. Сынмен арнайы айналысатын профессионал сыншылар шығып, өнімді еңбек ете бастады. Қазіргі қазақ әдеби сыны, кейбір жекелеген жетіспеушіліктеріне қарамастан, әдебиетіміздің алдында тұрған қандай да бір күрделі мәселе болмасын, келелі пікір айта алатын дәрежеге жетті.

Бұл қысқаша шолуды біз әдеби сынның дамуындағы өзіндік өзгешеліктерді байқау мақсатымен әдейі келтірдік. Бұдан анық көрінетін нәрсе — сынның дамуы негізінен әдебиеттің, қоғамдық ой-пікірдің, баспасөздің өсіп-өркендеуіне тікелей байланысты екен. XIX ғасырдағы орыс әдебиетінің Пушкин, Лермонтов, Гоголь, Герцен, Толстой сияқты алыптары Белинский, Добролюбов, Чернышевский, Писарев сияқты классик сыншыларды шығарды. XX ғасырдың басында марксизм-ленинизмнің тарих сахнасына шығуы Плехановтың эстетикасын, Лениннің, Горькийдің таптық әдебиет туралы ой-пікірлерін, Луначарский, Сакулин, Переверзев сынды марксшіл сыншыларды өмірге келтірді. Баспасөздің дамуы әдеби сынның барлық жанрларда дамып, қалыптасуына жағдайлар жасады. Сынның дамуында өткен осындай жолдардың тәжірибелері оған ғылыми анықтама бергенде, табиғаты мен негізгі міндеттерін айқындағанда әртүрлі пікірлердің бой көрсетуіне негіз болып келеді.

"Әдеби сын дегеннің өзі не?" деген бұрыннан келе жатқан мәселенің төңірегінде пікіралысулар жетпісінші, сексенінші жылдарда күшейе түсті. Сын туралы пікірлесудің жандана түсуіне Б. Бурсовтың "Звезда" журналының үш нөмірінде (1973, N6, 7, 8) қатарынан жарияланған мақаласы себепші болды. Мұнда автор сынды көркем әдебиеттің бір саласына жатқызып, көптеген фактілермен өз ойын дәлелдеді. Б.Бурсовтың сынды әдебиет деп дәлелдегендегі негізгі тұжырымдары мынадай: сыншы алдымен, әдебиетші болу керек; ол өз шығармаларын түрлі көркемдік тәсілдерді қолдана отырып көркем тілмен жазуы қажет; сын әдебиеттің

бір тарауы бола тұрып, әдебиеттің дамуына көмектеседі: сыншы өз дәуірінің даму деңгейі дәрежесінде болып, нағыз әдебиетшідей ойлап, жаза білуге міндетті.

Л. Аннинский "Сын өзінің арнаулы предметімен де, тіл жағынан да көркем өнердің бір түрі болып табылады... Шын мәніндегі сын құрғақ ұғымдар арқылы емес, жанды сөзбен жазылады. Сондықтан да, нағыз сын мен прозалық шығарманың бір-бірінен айырмасы бар болғаны, айталық, проза мен скульптураның айырмасындай-ақ" [16] — деп жазды. Ал, белгілі сыншы В. Кожинов осы пікірді былайша дәлелдейді: "Сын әдебиет жүйесінде ғана өмір сүре алады", әдебиетсіз сын жоқ; жазушы шығарма жазады, ал оны әдебиет жүйесіне қосатын сын, әдебиетті қалыптастыратын да сын, сын мен әдебиет біртұтас, өйткені сын — әдебиеттің бастаушы, ұйымдастырушы құрамдас бөлігі, маңызды жағы." [17] Сын әдебиеттің құрамдас бір бөлігі деген пікірді "Қазіргі әдеби сын. Теориялық және методологиялық мәселелері" (М., "Ғылым", 1977) атты кітапқа енген он шақты мақаланың авторлары түгелге жуық білдіреді. Осындай пікірлерді Л.Якименко, [18] Ал. Михайлов [19], Л.А. Кищинская [20], В. Иванов, [21] Ю. Суровцев [22], Л. Новиченко [23], В. Сахаров [24] т.б. сыншылар, зерттеушілер білдіреді. А.В.Луначарский де сынды көркем шығармашылық деп білген: сын — көркем бейнелеудің әлеуметтік-ғылыми түрі" [25], "біртұтас әдебиеттің ажырамас бөлігі", [26] "сыншы... ең алдымен, сөз зергері" [27]. Әлемдік әдебиет алыптарының бірі О. Уайльд "сынның сөз өнеріне жататындығы сөзсіз" [28], ол қаламгердің өзіндік толғанысының таза түрі [29] — деп жазған. Орыс әдебиетінің классигі А.Толстой "Сыншыларға жол беріңдер. Бұл сын әдебиеттің бір мақсатқа бағытталған, кернеулі миы. Сын — өнердің құрамдас бір бөлігі. Өнердің жалпы үйіндісінің шаңына көміліп, терге малынып, жанталасып жүрген сыншыда суреткердің көзі мен қызу қандылығы бар" [30] — деп түсінеді. Мәскеуде шыққан "Қысқаша әдеби энциклопедияда" да сынды "көркем қызметтің бір түрі" [31] — деп түсіндірген.

Қазақ әдеби сынының жай-күйін қозғап, баспасөз бетінде жарияланған мақалалардың көпшілігінде дерлік сынды әдебиетке жатқызып, соның аясында қараушылық басым. Мысалы, Д.Досжанов "Көркем сын — әдебиеттің бір тармағы" [32] деген тақырыппен мақала жазса, О.Сәрсенбаев "Бүгінде баршаға белгілі ақиқат: әдебиет сыны — әдебиеттің дербес жанрына айналды" [33] деп, келтесінен қайырды. Сынның белгілі зерттеушісі Т.Көкішев "Сын сапары" атты монографиясында: "Сынның жазба әдебиетке тән жанр екені, ...теориялық тұрғыдан анық тұжырымдалған шындықтар" [34] — деп жазады. С.Қирабаев "Сынның әдебиет жанрларының бірі екені, ал сыншының да жазушы екені әдетте еш дау тудырмайды" [35] — дейді.

Ендігі бір пара пікірді айтушылар сынды ғылымға, әдебиеттануға жатқызады. Әдебиеттің теориясы, тарихы сияқты сынын да әдебиеттану ғылымының бір саласы деп біледі. А.С: Пушкиннің "Сын — ғылым. Сын — өнер мен әдебиет туындыларындағы сұлулық пен кемшіліктерді ашып

отыратын ғылым"[36] – деуінің өзі де бұл пікірдің тамыры қаншалықты терең жатқандығын аңғартса керек. Жоғарыда тоқталып кеткендігіміздей, сынды көркем әдебиетке жақын деп білген А.В. Луначарскийдің өзі енді бірде: "Маркстік сын – әрі ғылыми, әрі өзгеше көркем жұмыс"[37] – деп жазады.

Кейінгі зерттеушілерден сынды ғылымға жатқызушылардың бәрі дерлік – әдебиетші ғалымдар. Енді солардың кейбір пікірлеріне тоқтала кетейік. В.Иванов "сыншы – ең алдымен, ғалым"[38] деп біледі. Әдеби сынның табиғатын тереңдеп зерттеп жүрген В.Ф.Воробьев сынды әдебиетке жатқызған пікірлерге, әсіресе, жоғарыда біз атап өткен В.Бурсовтың тұжырымдарына қарсы бірнеше мақала жазды. Ол өз ойларын былайша негіздейді: "Әдеби сын өз мәнінде әдеби шығарманы, онда бейнеленген өмір құбылыстарын танып, бағалаудың ғылыми-эстетикалық түрі,[39] "әдебиеттану ғылымының негізгі тарауларына әдебиеттің тарихы, әдебиеттің теориясы, әдебиеттің сыны жатады", "сын әдебиеттану ғылымының бір бөлігі болғанда ғана өзіндік ерекшеліктерін жоғалтпай, жан-жақты, толық көрсете алады. Сынның ғылымилық сипаты оны "қозғалмалы эстетика" жасайды"[40]. Өз пікірлеріне тірек ретінде Белинский, Добролюбов, Чернышевский, Плеханов секілді атақты сыншылардың сыншылық қызметін талдап, көптеген фактілер келтіре отырып, сынды әдеби-эстетикалық ғылымның құрамдас бір бөлігі деп таниды. Ол сынның "өте ғылыми" болуын талап етті. А.С. Бушмин әдеби сын "жүріп жатқан жаңды әдеби процеспен қатысты әдебиеттану ғылымы", "әдебиеттану ғылымының қозғалмалы отряды, шапшаң штабы", әдебиет майданының алғы шебінде жүріп, көркемдік әлеміндегі жаңа құбылыстарды алғаш танып, көпшілікке жеткізіп отырушы деп біледі[41]. А.С.Мясников, Н.И.Соколов, Г.А.Червяченко сияқты ғалымдар да сынды әдебиеттану ғылымының бір тарауы ретінде қарастырады.[42] А.С.Бушмин әдеби сын "жүріп жатқан жаңды әдеби процеспен қатысты әдебиеттану ғылымы", "әдебиеттану ғылымының қозғалмалы отряды, шапшаң штабы", "әдебиет майданының алғы шебінде жүріп көркемдік әлеміндегі жаңа құбылыстарды алғаш танып, көпшілікке жеткізіп отырушы деп біледі[43]. Әдебиеттің теориясы мен әдебиеттің тарихы "практикамен", қоғамның қазіргі көркемдік дамуымен әдеби сын арқылы байланыс жасай алады" деп жазды тағы бірде[44]. Ф. Кузнецов әдеби сынның әдебиеттану ғылымын құрайтын үштіктің бірі екендігіне күмән келтірмейді[45]. М.Козьмин сын табиғаты жағынан ғылым, оны ғылымнан ажыратуға болмайды деген пікір айтты[46]. Әдеби сынды ғылым деп танитын пікірлерді Т.Шукина[47], А.Н.Иезуитов[48], В.Е.Хализев[49] т.б. да білдіреді. Осындай пікірді әдебиеттану терминдерінің сөздігінде[50], Ф.М.Головенченконың, Г.Л.Абрамовичтің оқулықтарында[51] да кездестіреміз. Н.Анастасьев[52] пен П.Николаев[53] осы мәселеге арнайы тоқталып, мақала жазды.

Әдебиеттің теориясынан жазылған қазақша оқулықтарда да сынды әдебиет ғылымының бір тарауына жатқызған. Мысалы, Қ. Жұмалиевтің "Әдебиеттің теориясында""сын – әдебиет туралы ғылымның бір түрі"[54] деп көрсетілген. Академик З. Қабдолов әдебиеттің теориясына арналған кітабында сынды әдебиеттану ауқымында қарастырған: "Әдебиеттану – сөз өнерін зерттейтін ғылым... Ал, әдебиет туралы ғылым, негізінен, мынадай үш түрлі ғылыми салаға бөлінеді: әдебиет теориясы, әдебиет тарихы және әдебиет сыны"[55]. Сынның әдебиеттану аясындағы міндетін "Әдебиет сыны әрқашан дәл өз тұсындағы әдебиеттің тірі процесіне белсене араласып, нақты әдеби туындыны жан-жақты талдау, оның идеялық-көркемдік құнын белгілеу, өз кезегінің эстетикасы үшін мәні мен маңызын анықтау арқылы бір жағынан, жазушыға жазғандарының бағалы қасиеттерін, ерекшеліктері мен кемшіліктерін көрсетіп, оның творчестволық өсуіне тікелей қолғабыс жасаса, екінші жағынан, оқырманды оқығандарының байыбына барып, оны жете түсініп, дұрыс бағалауға баулиды"[56] – деп тұжырымдайды.М. Әуезовтің эстетикалық көзқарастарын зерттеген монографиялық еңбегінде Керімбек Сыздықов "Әдебиет туралы ғылымға әдебиеттің теориясы, тарихы және сыны жатады", "әдебиет сыны жазылу формасы жағынан көркем әдебиетке қаншалықты жақын болғанымен, әдебиет туралы ғылымның бір түрі болып саналады"[57] – деп жазады.

Енді бірсыпыра пікірлер әдеби сынды сөз өнері мен оның ғылымының синтезі дегенге саяды. Д. Н. Овсянико- Куликовский "Көркем сынның әдістері мен міндеттері мәселесіне" деген мақаласында сынды "көркем және ғылыми-философиялық ойлардың жиынтығы" деп көрсетеді[58]. В.Баранов "сын – ғылым мен өнердің, логикалық және образды ойлаудың синтезі"[59]. М. Каган сын "сыпатына қарай ол ғылым да емес, өнер де емес, басқа бір үшінші нәрсе", "бірінші кезекте идеологиялық қызмет"[60] деп біледі. Сынды көркем әдебиет деп білетін Ю. Суровцев енді бірде оны әдебиет пен өнер әлемінің, көркем әдебиет туралы ғылымның және қоғамдық сананың ерекше бөлігі дегенді айтады.[61] Ф.Кузнецов сынды әдебиет туралы ғылымға жатқызғанымен де ол мәні мен маңызы жағынан сөз өнерінің басқа түрлері мен жанрларынан кем түспейтін көркем әдебиеттің бір түрі болуға тиіс екендігіне күмән келтірмейді.[62] В. Ковский сынның ғылым мен өнердің, социология мен публицистиканың, әдебиеттану мен әдебиеттің өзінің шекарасында қызмет атқаратындығына назар аударады.[63] Белгілі сыншы Б. Кожинов өзін ғалыммын деп санағанмен де, сынды әдебиеттің бір компоненті деп білсе де, оны "публицистиканың бір түрі", "әдеби публицистика" деп жазады. Публицистиканың адамгершілік – әдепті, ғылымды, философияны, педагогиканы, экономиканы, саясатты, правоны жазатын түрлері сияқты, әдеби мәселелерді көтерген публицистиканы әдеби сын деп атаймыз деген ой айтады.[64] Ол сынның негізгі мақсаты көркем туындыны танып білу емес, нақтылы фактілерді тани отырып, өз объектісіне, сол арқылы бүкіл әдеби процеске, оқырмандардың талап-талғамына белсенді түрде әсер ету де түсінеді. Осындай пікірді В. М. Дементьев те білдіреді.[65]

Мәскеу университетінің профессоры, белгілі сыншы А. Бочаров сенімді түрде "сын — журналистика" деп мәлімдеді. Ол "сын — ғылыми ойлау мен публицистикалық қызуқандылықтың және шығармашылық шабыттың өзгеше динамикалық синтезі"[66] деп біледі. Ғалым тағы бірде "сын өзінің шығу төркіні жағынан да, мазмұндық-түрлік қасиеттері жағынан да журналистикаға тікелей түрде байланысты"[67] деп жазды. Әдеби сынды ғылыми-публицистикалық тұрғыдан қарастыруды жемісті жол ретінде көрсетеді. Соңғы жылдары Мәскеу университетінің журналистика факультетінде бірсыпыра зерттеушілер сынды публицистиканың бір саласы ретінде қарастырып, ондаған ғылыми диссертациялар қорғады. Әдеби сын кафедрасының университеттің филология емес, журналистика факультетінде жұмыс жасайтындығының өзі-ақ біраз нәрсені аңғартса керек.

Сынды көркем әдебиетке де, әдебиеттану ғылымына да жатқызбай, эстетиканың сөз өнерін зерттейтін саласы деген де пікір бар. Б.Энгельгардт "Сын өнерді ғылыми тұрғыдан танып білуге жатпайды, оны әлеуметтік сананың эстетикалық толғаныстан қайта өткізу саласына жатады"[68] деп жазады. Сол себепті де оған ғылыми, обьективті тұрғыдан баға берушілік өлшемі жат, сын барлық уақытта да субъективті деген пікірді білдіреді. Қазір батыста әдеби сынды эстетиалық тұрғыдан қараушылық басым. Эстетика өнердегі сұлулықтың заңдылықтарын зерттейтін ғылым болса, сол өнердің бір түрі — көркем әдебиетті қарастыратын саласы деп санайды. Қазіргі ғалымдардың ішінде көркем сынды эстетикалық категория ретінде пайымдаушылар да жеткілікті[69]. Л. Тимофеев пен Н. Венгеровтың әдебиеттану сөздігінде "Сын — көркем шығармаларды қазіргі қоғам өмірінің мүддесіне сәйкес қарастырып, талдауға арналған шығарма, мақала және заметка. Ғылыми негізделген сын — әдебиеттану ғылымының бір түрі"[70] деген жолдарды оқимыз. Мұнда сынды бір жағынан көркем әдебиетке жатқызса, екінші жағынан әдебиет туралы ғылымның бір түрі деп отыр. Осы ойды Ф. Абрамов та білдіреді.[71]

Енді біреулер сынды көркем әдебиетке де, ғылымға да жатқызбай, оның қоғамдық ой-пікірдің дамуындағы монополиялық роль атқаруын талап етеді.[72]

Бұл айтылғандардан сын туралы ғылыми пікірлердің әлі бір арнаға тоғысып, нақтылы бір тұжырымға келе алмай жатқандығы көрінеді. Мұның өзі әдеби сынның сипаты мен табиғатының аса күрделі, оңай шешілмейтін күрмеу, осы салада атқарылар істің ауқымды екендігін байқатса керек. Әдеби сынның ғылыми негіздерін айқындауда шешімін күтіп тұрған мәселелер баршылық. Осы еңбектің мақсаты да әдеби сынның табиғаты мен әдістері, қызметі (функциясы), принциптері, түрлері, жанрлары туралы әңгімелеу болмақ.

I ТАРАУ

ӘДЕБИ СЫННЫҢ ТАБИҒАТЫ

СЫННЫҢ ӘДЕБИ СИПАТЫ

Әдеби сынның тарихына көз жібергенде оның пайда болу, даму жолдарының әдебиеттің өсіп-өркендеу бағытымен сәйкес келіп отыратындығы байқалады. Әріге бармай-ақ, XIX ғасырдағы орыс әдебиетінде Пушкин, Гоголь, Толстой сияқты алыптардың кезінде әдеби сын да шарықтап шырқау биігіне көтерілді. XX ғасырдағы әдебиеттің сыны күні бүгінгі биігіне шықты. Қазақ әдебиетінде үстіміздегі ғасырдың алғашқы кезеңінде Абайдың, Ахметтің, Мағжанның, Шәкәрімнің, Жүсіпбектің т. б. шығармаларының жарық көруі әдеби-сыншылық ой-пікірлердің жаңаша қарқынмен дамуына түрткі болды. Әсіресе, Абайдың, Мағжанның шығармашылығы жайлы таластар шын мәніндегі профессионал сынның қалыптасып, өріс алуына үйтқы жасады Мысалы, кезінде М.Жұмабаевтың шығармашылық сипаты, бағыты төңірегінде түрлі даулар дуылдап тұрған кезде жазылған Жүсіпбектің "Мағжанның ақындығы туралы" мақаласы қазақ әдеби сынының биік үлгісіне айналды. Әдебиетте түрлі ағымдар, бағыттар пайда болып, тарау-тарау жолдармен дамыған тұстарда оған шырылдап жүріп тура жолды көрсеткен де — осы әдеби сын.

Төңкерістен кейінгі кездерде әдебиетті саяси қолшоқпарға айналдыра бастағанда сын әдебиетіміздің ұлттық сипатын қорғап, ара түсті. Кейіннен көркем әдебиетте де партиялық үстемдік орнаған кезде алдымен әділін айтып, ақ сөйлеген сыншыларды құдалады. Азулы сынның көмескіленуіне бірден-бір себепшінің де осы партиялық әміршілдік болғанын ашық айтып жүрміз. Сын әдебиеттің болашағы үшін күресін жалғастырып жүріп, өзі де сонымен бірге соғысқа дейінгі дәуірде қалыптасып, барлық жанрларда жаңғыра түсті. Демек, артық-кем жақтарын "түзетіп" отыратын сын болмаса, әдебиеттің тарихын, бүгінгі әдебиетімізді көзге елестету мүмкін емес. Сынсыз әдеби даму процесін бағдарлау қиын. Онсыз әдебиет бет-бетімен шашырағаң, жүйесіз әдеби фактілерге, бей-берекет құбылыстарға айналар еді. Бұл айтылғандардан шығатын қорытынды сол: сын әдебиетпен бірге пайда болып, бірге дамып, шығармашылық еңбектің ыстық-суығын бірге

көріп, біте қайнасып жатады екен. Ұлы сыншы В.Г. Белинскийдің "Сынды өнер туғызған жоқ; екеуі де уақыттың бір жалпы рухынан шықты. Екеуі де бірдей дәуірдің сана-сезімі; бірақ сын философиялық сана да, өнер тікелей сана. Ананың да, мынаның да мазмұны бір, айырмасы түрінде ғана. Сынның маңыздылығы да осындай жағдайларға байланысты"[73] деуі де осы себептерден болса керек.

Сонымен, сын әдебиет бар жерде бар да, онымен тікелей байланыста бірге дамитындығын көреміз. Міне, осыған қарай, кейбір зерттеушілердің сынды көркем әдебиеттің бір саласына жатқызып жүрген себебі де дәлелсіз емес сияқты. Бұл жерде мына нәрсе анық: сынның әдебиетпен әруақытта бірге болып отырғандығы рас, солай бола тұра сын әдебиет емес. Әдебиет — сынның зерттеу объектісі ғана. Сол себепті ол барлық уақытта да әдебиеттің басы-қасында. Ол әдебиетпен бірге болғандықтан да әдеби сын аталады. Сол сияқты театр сыны, көркемсурет сыны, музыка сыны, т. б. бар. Бұлардың бір-бірінен басты айырмашылықтары — зерттеу объектілерінде. Жалпы, көркем сынның ауқымы кең де, қарастыратын салаларына қарай іштей бөлінетіндігін көреміз. Егер әдеби сынды әдебиет дейтін болсақ, сол сияқты театр сынын да театр деуіміз керек; мұның өзі ешбір логикалық ақылға сыймайтындығы өзінен өзі көрінеді. Өнердің басқа салаларының сындары сияқты, әдеби сын көркем әдебиет дамуын жай ғана қадағалап, бақылаушы ғана емес, әдеби процеске белсене араласушы, керек десе ұйымдастырушы да. Сыншының да әдебиеттің ыстық-суығына бірдей күйіп, тіпті кей жағдайларда бүкіл әдеби процестің бар кемшілігіне бір өзінің күйіп-пісіп жүргенін де, сол үшін түрлі жерлерде қасқия жауап беріп жататындығын да осы тұрғыдан түсінсек керек.

Әдеби сынның көркем әдебиет емес екендігі олардың өзіндік сипаттарынан да анық байқалады. Көркем шығармаға қойылатын талаптар басқа да, сындікі басқа. Көркем сөз өнерінің өзіндік сипатын, заңдылықтарын әдебиеттің теориясы зерттесе, сынның теориясы өзгешелеу. Көркемдік даму мен әдебиет сынының өзіндік заңдылықтарының сәйкес келетін де, келмейтін де жақтары бар. Екеуінің алдына қойған мақсаты да екі түрлі. Көркем әдебиеттің басты мұраты — өмір құбылыстарын көркемдік тұрғыдан игеру. Суреткер бұл мақсатына бейнелеу тәсілдерінің түрлі формаларын пайдалану арқылы жетеді. Әдебиеттің негізгі объектісі — өмір. Ал, әдеби сынның негізгі мақсаты — бүгінгі күн әдебиетінде, әдеби процесте болып жатқан сипатты жаңалықтарды, ондағы жетістіктер мен кемшіліктерді уақтылы ашып көрсетіп отыру, яғни Белинский айтқандай, "сыншының өз ойлары арқылы өнер мен әдебиет туралы өз ұғымын білдіру"[74]. Сыншы бұл міндеттерді орындау үшін аналитикалық талдау әдістерін қолданады. "Жазушы сұлу сөздер арқылы көркем образдар жасайды... Ал, сыншы болса, жазушы шығармасын ғылыми ұғымдар тұрғысынан талдап, баға береді, оның идеялық мәнін, көркемдік қуаты мен қоғамдық маңызын айқындайды" [75].

Әдебиет пен өнер образдардағы ойлар болса, сын — "философиялық сана", "қозғалмалы эстетика" "теорияның практикада қолданылуы"[76]. Сын да өмірді зерттейді. Бірақ, бұл мақсатын тікелей емес, әдебиет арқылы, "өмір шындығы көркем шығармада қалайша көрініс тапты?" деген мәселелерді қозғап отырып барып орындайды. Сын дегеніміз — әдебиетте болып жататын процестердің даму заңдылықтары бойынша көрініс табуы[77]. Сын — өнердің екпіні қатты ағысының үстіне көлденең тасталған көпір[78].

Көркем әдебиет бейнелі суреттер, жаңды образдар жасайды. Ал, сынға келетін болсақ, мұндай қасиеттер оған міндетті де, жат та емес. Сыншы өз ойларын ашық та, тіке де айта алады. Сонымен бірге, сыншыны да белгілі бір дәрежеде суреткер деп атауға болады. Бірақ, оның суреткерлігі жазушынікіндей емес. Сыншы көркем шығарманы талдау үстінде өз пікірін дәлелдеу мақсатында мұрат тұтқан арман бейненің, немесе табиғат көрінісінің әсем бедерін жасауы мүмкін. Дегенмен де бұл суреттер аяқталмаған қалпында болады. Ал, әдеби шығармада барлығы да жан-жақты көрініп, тұтас бір көркем сөз көрмелері жасалуға тиіс. Сыншы да өмірді образды түрде көріп, табиғаттың әсем бояуларын сол қалпында бейнелі түрде қабылдап, сезіне біледі. Мына жолдарға назар аударайық:

"Жайылып жатқан кең даланы қара тұман қаптаған, жыбырлаған неше түсті бақа-шаян, құрт-құмырсқа, қоңыз-жылан басқан. Кең қоныс, жалпақ өріс қомағай көзге тар көрініп, бір-бірімен тістесіп, бірін-бірі су түбіне батырмақ, бірін-бірі шағып әлсіретпек, қанын сорып жемек, туған туысқандарының өлігінен аттап, дәулет, мақтан таппақ. Алдап, екіжүзділеніп, бір-біріне тор тоқып, тұзақ құрмақ. Әлсіз айласыздың сандырақтап келіп тұзағына түскенін, құрбанының денесі қалтырап, көзі аларып, есі шығып, ебі қашқанын көріп тамашаламақ. Айласына сүйініп, жан-тәнімен рахаттанбақ. Әлсізді әлді қолшоқпар қылып, өтімдісін жауына қырғи қылып салмақ. Уытын жайған қаскүнемдік, достық, бауырмалдық сезімдерінің үні өшірген. Әділет, ерлік, махаббат дегеннің жарығын сөндірген. Осы кеңіп, етек алған меңмендік емген сүт, ішкен аспен қантамырға таралып, сөнбейтін күндестік сепкен"[79]. Бұл үзінді көркем шығармадан емес, Даниял Ысқақовтың М. Әуезовтің "Бәйбіше-тоқалына" жазған рецензиясынан алынып отыр. Автор пьесаға пікір білдірместен бұрын ондағы оқиғалар өткен жердің көркем көрінісін осылайша жасайды. Сыншының өзі жазушымен өнер жарыстырып тұрғандай. Бірақ мұндағы басты мақсат — қазақ даласының көркем бейнесін жасау емес, нақтылы шығармаға пікір білдіру. Көркемдік әдіс драманың әдеби болмысын аша түсуде қосымша тәсіл ретінде қолданылған.

Көп жағдайларда сыншының өмір шындығын біртұтас күйінде образды түрде суреттеуге шамасы жете бермеуі де мүмкін және оның аса қажеттілігі де шамалы. Бастан аяқ бейнелі түрде жазылған шығарма көркем әдебиет те, ал талдауға құрылса, ғылыми еңбекке жатады. Сонда сында осы екі түрлі қасиет те, оның ішінде көркемдік сипаттар да болуы керек. Л. Н. Толстойдың

"сыншылар дегеніміз — жазушы боламын деп талап қылып, жолы болмағандар"[80] деуі де осындай себептерден болса керек.

Баламен тіл табысу үшін кейде баланың тілімен балаша да сөйлеу керектігі сияқты, кейде көркем әдебиет туралы пікір білдіріп отырғанда сол әдебиеттің өз тілімен сөйлеу де қажет болады. Белгілі әдебиетші Ю.Н. Тыняновтың "сынның өзі әдеби жанр ретінде сезінгенде", әдебиеттің бағытын ұстанғанда"[81] барып, оқырманның да, қаламгердің де кәдесіне жарай алады дегені белгілі. Әдеби сын көркем әдебиеттің біп саласы деген теориялық бағытын Ю. Тынянов өзінің тарихи роман-зерттеулерінде жүзеге асырғандай да болды. Бірақ, бұл әдеби сыпаты басым роман-зерттеулерді көпшілік әдеби сын деп емес, көркем әдебиет ретінде оқып жүр. Мәселе қай жағы басымдығында. А.В. Луначарский де сыншы көркемдік заңдылықтарына сүйеніп, образдар әлемінде әрекет ететіндіктен де ең алдымен, суреткер болуы керек деп біледі.[82] Сыншының суреткер болу қажеттілігі оның көркем әдебиетті талдаған мақаласы жазушының образбен, сезіммен, көркем тілмен жеткізген ойларын сол қалпында, төмен түсірмей, сол күйінде бояуын жоғалтпай әсерлі жеткізу үшін де қажет.[83] Сыншының тілі де өзі әңгімелеп отырған шығарманың тіліне сәйкес келіп жатуы керек. Бұдан көркем әдебиет пен оның сынының барлық уақытта да қол ұстасып бірге жүріп, бір-біріне көмек көрсетіп отыратындығы көрінеді[84].

Әдеби сынға да көркемдік қасиеттер жат емес екен. Кейбір зерттеушілердің "нағыз сын барлық уақытта да нағыз әдебиет болып қала бермек"[85] деген сияқты пікірлер тікелей оның әдеби сипатына қатысты айтылған болса керек.

А. Байтұрсынов: "Бұған (сынға, Д. Ы.) ғылым-білімнен гөрі, өнер-білімі көбірек керек. Ұстаның мінін көбінесе ұсталар көреді. Сондай-ақ, дарынды сөздің мінін ақындық дарыған адам көбірек көрмек"[86] — деп қаламгер сыншылардың аса қажеттілігін, өзіндік ерекшеліктерін дәл көрсеткен екен. Осы тұрғыдан келгенде де ақын-жазушылардың әдебиетіміз жайлы пікірлерінің құндылығы зайыр.

Көркем әдебиетте көркем бейнелер жасау басты міндет болса, сыни еңбектер логикалық талдауларға құрылады. Сын мақалаларда белгілі бір мәселе төңірегінде пікір айту, ой білдіру, баға беру негізгі орында. Жазушы көркем образдармен сөйлесе, сыншы талдауларға негізделген ғылыми және образды ойлау жүйесін қолданады. Жазушы да, сыншы да өмірді зерттейді. Екеуінде де өмір материалдары, оған деген көзқарас шешуші роль атқарады. Бірақ, сыншы мен суреткердің өмірді зерттеу, ол туралы өз пікірлерін білдіру жолдары түрліше. Жазушы өмірді тікелей зерттеп, оны көркем туындыға айналдыра алады, өз идеяларын тікелей жүзеге асырады. Бұл жерде "жазушы-өмір" жолы — тура жол. Ал, сыншы болса өмірді әдебиет, әдеби процестің материалдары арқылы ғана зерттей алады. Бұл жерде сын әдебиетке тәуелді. Сыншы қоғамдық өмір туралы көзқарастарын әдебиетті сөз ете отырып қана айта алады. Сын өмірге әдебиеттің қақпасынан онымен бірге, не соңынан ғана кіреді, оған басқадай жол жоқ. Жазушының объектісі өмір болса, сыншынікі — әдебиет арқылы барып өмір. Бұл жерде әдебиет сыншының негізгі міндеттерінің бірі қоғамдық құбылыстарды зерттеу мақсатына жеткізетін саты ролін атқарады. Бұл саты болмаса, сын дегеніне жете алмайды. Сынды сын дәрежесіне көтеріп тұрған да осы саты — әдебиет. Егер бұл баспалдақ (әдебиет) болмаса, сын да өзінің барлық қасиеттерінен айрылып, жай ғана публицистикаға айналып кеткен болар еді. Сонымен, сыншының зерттеу объектісін жазушы-шығарма — өмір жолымен белгілеуге болады. Мұнда жазушының қосылу себебі: сыншы нақтылы бір шығарма жайлы пікір білдіре отырып, оның авторына соқпай өте алмайды. Автор мен оның көркем туындысын бөліп алып қарауға болмайды. Жаңа шығарманы талдауды алдымен, авторын танып-білуден бастау — негізінде дұрыс жол.

Егер, әдеби процесс өмір-жазушы-шығарма-оқушы бағытында өтетін болса, осы тізбекте сын аса маңызды роль атқарады. Сын жазушымен, әдебиетпен, оқырманмен, өмірмен тікелей байланыс жасап, біртұтас әдеби процесті құрайды. Оның аса маңыздылығы сол — ол жазушыға да, әдебиетке де, оқырманға да, қоғамдық-әлеуметтік өмірге де әсер ете отырып, эстетикалық-мәдени ой-пікірді, әдеби процесті реттеп отырушы, ұйымдастырушы қызметін атқарып, төбе билікті жүргізіп отырады.

Сонымен, сын әдебиет бар жерде бар да, онымен бірге дамиды екен. Сын әдебиетке көмекші сала ретінде, В.Г. Белинский айтқандай, әдебиетті әр кезеңде өзін-өзі танып отыру қажеттілігінен пайда болды.[87] Солай бола тұра, яғни көркем әдебиеттің қолбала қызметшісі емес, әлеуметтік-эстетикалық ой-пікірлердің, баспасөздің жан-жақты дамуының нәтижесінде әдебиеттің ауқымынан шығып, қоғамдық сананың басқа да түрлерімен байланысы күшейіп, жаңаша сыйпаттарға ие болды. Әдеби сыйпатпен бірге басқа да қасиеттерді бойына сіңірген, өзіндік ерекшеліктері бар аса күрделі салаға айналды.

СЫННЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТЫ

Сынның көркем әдебиетке жатпайтындығы сияқты, әдебиеттану ғылымына қосатын пікір де біржақты. Бұл жерде де әдебиеттің ғылымы мен сынының өздеріне ғана тән ерекшеліктерін жете ұғынбаушылық, шатастырушылық бар. Рас, екеуінің де зерттеу объектісі — әдебиет. Әдебиеттің ғылымы да, сыны да көркем әдебиетті бірге зерттейді, талдайды, пікір айтып, бағалайды. Бұл — екеуінің ұқсас жақтары. Сынды әдебиеттану ғылымына жатқызып жүрген пікірлер негізінен екеуінің де зерттеу объектісінің және талдап, бағалаушылық жақтарының бір екендігіне сүйеніп, айтылып жүр. Осылай бола тұра, әдебиет туралы ғылым мен әдеби сынның арасында елеулі айырмашылықтары бар.

Шартты түрде көркем әдебиетті танып білуді бір процесс деп алатын болсақ, мұны былайша белгілеуге болар еді: әдеби сын — әдебиеттің ғылымы. Бұл схемадан әдебиет алдымен сынның, содан кейін жан-жақты ғылыми зерттеулердің объектісі болатындығын, сын аяқталған жерде ғылымның басталатындығын көреміз. Сонда, күнделікті көркем әдебиет жайлы сын алғаш пікір білдіріп, оңдағы жаңалықтар мен кемшіліктерді барлап біліп, ғылымға хабарлап отырады. Өз кезегінде әдебиеттану ғылымы көркем әдебиеттер туралы айтылған түрлі ойларды қорытып, жан-жақты терең зерттеулер жүргізіп, ғылыми баға береді. Демек, сын ғылымның алдында жүріп отырып, оған фактілер, пікірлер жинап, оның берік тұғырын жасайды екен[88]. Сын әдеби процестегі елеулі құбылыстарды қырағылықпен байқап, ол туралы оқырманға жария етеді; әдеби процестегі жаңалық жайлы әңгімені қорытып, тиянақты ойларды қалыптастыру үшін әдебиеттану ғылымына жағдай жасап, материалдарын дайындап береді[89].

"Сын күдікке жақын" ("Критика есть сестра сомнению")[90] деп жазады В.Г.Белинский. Сында артық, кем пікірлер айтылуы мүмкін. Мүмкін ғана емес, болуы аса қажет. Әдеби сында ерсілі-қарсылы, қайшылықты ойлардың айтылуы — заңды құбылыс. Белгілі бір мәселе төңірегінде пікірлесулерді өрбіту мақсатымен, "өзіне ок жаудыру" үшін әдейі қиғаш жазылған сын мақалалары да жарық көруі күмәнсіз. Әдебиетіміздің дамуы жайлы түрліше, мейлі ол дұрыс болсын, мейлі ол бұрыс болсын, пікірлердің көп айтылып, таластар туып жатуы — сынның да жемісті жолда екендігінің белгісі. Қазіргі қазақ әдебиетінде сын жоқ деп жүргендігіміздің басты себебін оның жоқтығынан емес, осындай түрлі қайшылықты пікірлердің болмауынан, әдеби айтыстардың көрінбеуінен деп түсіну керек. Сын мұраты — көркем туынды,

не әдеби процесс хақында қате болсын, дұрыс болсын, алғаш пікір білдіру. Ал, әдебиеттің ғылымы айтқан пікірлерде күдік болмауы тиіс. Өзінен бұрынғы әдеби сында айтылған түрлі пікірлерге сүйене отырып, ғылыми нақты дәлелденілген тұрақты баға береді. Сын әдеби өмірдегі кейбір құбылыстарды дұрыс бағалап, таласты мәселелерді дұрыс шеше алмауы мүмкін. Ал, мұның бәрі әдебиеттану ғылымында қорытылып, ғылыми түрде бағалануы қажет.

Сын мен әдебиеттану ғылымы бір-бірімен өте тығыз байланыста қызмет етеді. Бірінсіз бірін көзге елестету қиын. Шығу мерзімі жағынан — сын алғашқы. Әдеби сын әдебиеттану ғылымынан бұрын өмірге келген. Тіпті, өткен ғасырдағы Белинский, Пушкиннің кездерінде де шын мәніндегі әдебиеттану ғылымы болған жоқ. Ол тұстарда әдебиеттің сыны мен ғылымы бірге, әрқайсысы өз еншісін алған жоқ болатын. Кейіннен барып әдебиеттану ғылымы әдебиеттің сынынан шығып қалыптасты.[91]

Сын әдебиеттану ғылымының алдында жүріп отыратындықтан оны кейде "жылжымалы эстетика" деп те атайды. Әдебиет ғылымының сынсыз дамуы қандай қиын болса, керісінше сынның да ғылымсыз күні жоқ. Өйткені, сын өз пікірін көбіне ғылымға негіздей отырып айтады. Сын өз міндетін ғылымға сүйенгенде, оның жетістіктерін дұрыс пайдаланғанда ғана дұрыс орындай алады. Сол себепті әдеби сын барлық уақытта да ғылымилыққа ұмтылып отырады.

Әдеби сын нақтылы бір туынды, немесе көркемдік процесс хақында пікір білдіру үшін әдебиеттану ғылымының зерттеу әдістерін, терминдерін, ұғымдарын, заңдылықтарын пайдаланады. Бұл ретте А.Байтұрсынов: "Дарынды сөзді сынау үшін де білім керек"[92] — деп жазады. Демек, сыншы әдебиеттану ғылымының зерттеу құралдарынсыз, жетістіктерінсіз өз қызметін дұрыс атқара алмайды. Сынды ғылымға жатқызып жүрген себебіміз де осы. Бұл жерде мынаны ескеру қажет: сыншы мен ғалымның зерттеушілік дәрежесі әр деңгейде. Зерттеуші алған объектісі жайлы жан-жақты, толымды, терең мағлұматтар берсе, сыншы бетін қалқып айтқандай әсерде қалдырады. Сында көркем шығарманың бар қадір-қасиетін тауысып айту мақсат емес, оның негізгі, сыпатты, жаңашыл жақтарын баса көрсету мақсат тұтылады. Сыншының әдебиеттану ғылымының терминдерін қолдану аясы да шектеулі. Оның есесіне әдеби сын әдебиет ғылымының ауқымынан шығып, бүкіл қоғамдық ғылымдардың жетістіктерін кеңінен пайдалана алады; идеология майданында да белсенді қызмет атқарады.

Әдебиетті оның сыны мен ғылымы бірігіп зерттейді дегенді жоғарыда айттық. Бірақ, екеуінің зерттеу объектісі бір болғанымен, ішінара мерзім жағынан "бөлісіп" алатындығын байқаймыз. Сын көбіне бүгінгі әдеби процесті зерттейді; оның ертеңгі даму қамын ойластырып, жол көрсетіп отырады. Бұл ретте сынды әдебиеттің келешегі туралы ғылым деп шартты түрде айтуға болатын секілді. Ал, әдебиеттің ғылымына келсек, ол көбіне әдебиеттің өткенін зерттейді. Осы мәселеге дәстүр мен жаңашылдық проблемасы

тұрғысынан келетін болсақ, сын әдебиеттен көбіне жаңашыл нышандар іздейді, оны жаңа асуларға жетелейді. Ғылым әдебиетті бұрыннан келе жатқан дәстүр ізінде қарастырады. Әдебиетіміздің даму жолдарындағы дәстүрдің бүгінгі көрінісі қандай деген сауалға жауап беруге тырысады. Қазіргі кезде әдебиет ғасырлар бойы жасалынып келе жатқан көркем сөз мұрамыздың заңды даму жалғасы ретінде ғылыми тұрғыдан зерттелінсе, әдеби сында ертеңгі күн әдебиетінің басы деп ұғынылып, қарастырылады. Бұл жерде анық байқалатын нәрсе — дәстүрсіз жаңашылдық, жаңашылдықсыз дәстүр жоқ болса, бірін әңгіме ету үшін екіншісіне соқпай өту мүмкін болмаса, сол сияқты әдебиеттің сыны мен ғылымы да бір-бірінсіз өмір сүре алмаған болар еді. Бірінің шамасы келмеген жерде екіншісі көмекке келіп, біріңде жетпегенді екіншісі жеткізіп отырады. Екеуі әдебиетті екі қырынан зерттеп, сөз өнері жайлы толық білімдер беруге қызмет етеді. Әдебиетті тану процесін шартты түрде бір бүтін деп алсақ, ондағы сын мен ғылымды осы бүтіннің екі жағы, немесе екі жартысы деп атауға болады. Әдебиеттің сыны мен ғылымының зерттеу объектісі мерзімдік жағынан ғана емес, сонымен бірге ауқымы тұрғысынан да бөлектенеді. Әдебиеттану ғылымы әдеби дамудың басты бағытын айқындайтын, мәні мен маңызы бар көркемдік құбылыстарды, сын бүкіл әдеби процесті оның жақсысына да, жаманына да қарамастан тұтастай алады.[93] Соларды талдап, електен өткізіп барып, елеулі нәрселерді бөліп шығарады.

Әдеби сын көркем әдебиеттің болашақ даму жолдарын көрсетіп отыратын болғандықтан да оның пікірлерінде болжамдық (гипотеза) сипат болады. Жалпы, болжап айту — сынның маңызды жақтарының бірі. Сын әдебиеттің алдағы өркендеу бағытын міндетті түрде әдебиеттану ғылымы жинақтаған нәтижелерге, тәжірибелерге сүйене отырып болжайды. Әдебиеттің ғылымында да болжау бар. Бірақ, ол сындағыдай емес. Әдебиеттің ғылымына қарағанда сындағы болжам мүлдем басқаша бағытта қолданылады. Уақыт жағынан алғанда сындағы гипотеза көбіне әдебиеттің алдағы кезеңіне бағытталса, ғылымында өткен дәуірге, немесе қазіргі кездегі кейбір теориялық мәселелерге арналуы мүмкін. Біздің әдеби сынымызда, міне, осы гипотезалық жағы жетісіңкіремейді. Әдебиеттің ертеңгісін ойлау сынның басты, жаңды сипаттарының бірі екендігі кей жағдайларда естен шығып жүр. Сынымыз әдеби-көркемдік процестің басқасында жүріп, оған бағдар сілтеп, әсер етіп отыруда әлсіздік көрсетуде.

Ю. Борев сынның әдебиеттану ғылымымен мынадай ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсетеді:[94] әдебиеттану ғылыми ойлау жүйесіне жатса, сын — ғылыми және көркемдік тұрғыдан ойлаудың нәтижесі. Сында бір-біріне қарама-қарсы екі түрлі ойлау жүйесі бірігіп, күрделі көрініс табады. Ол, бір жағынан, көркем шығармалардың жетістігі мен кемшілігін ашып көрсететін ғылым болса, екінші жағынан, оларды сараптаушы өнер. Тағы да ғылыми жұмыстар мамандарға арналып жазылса, әдеби сын көпшілік оқырманға бағышталады. Әдеби зерттеулердің нәтижелері түпкілікті қалуға тырысса, сыни пікірлер олай емес, сол айтылған күйі қалып қоюы мүмкін. Ал, дұрыс пікірлердің ғылыми зерттеулерге негіз болып, өмірінің одан әрі жалғасатындығы белгілі.

Украин зерттеушісі В.Брюховецкий әдеби сынның басқалардан айырмашылығы деп "практикалық ойлау" ерекшелігін көрсетеді.[95] Ол ойлаудың үш түрін бөліп, көркем ойлау өнерге, теориялық ойлау ғылымға, практикалық ойлау сынға тән екендігін жазады. Көркем ойлау образ, теориялық ұғым, практикалық қимыл түрінде болатындығын айтады. Бұл ойларды ары қарай жалғастырсақ, көркем әдебиет бейнелі өнер туындысын жасаса, әдебиеттану ғылымы оны ғылыми тұрғыдан талдап, түсіндіреді, ал, әдеби сын әдебиеттің адамдардың рухани өмірінің қажетіне жарайтын жақсы жақтарын ұсынып, зиянды құбылыстарынан сақтандырып отырады екен. А.М. Горькийдің кезінде: "... біздің сынымыз қалай ойлауды үйретеді, бірақ қалай істеу керектігін үйретпейді"[96] — деуі де осы себептерден болса керек.

Әдеби сын ғылыми және образды ойлаудың барысында туатын болғандықтан да оның жазылу стилінен бұл сипаты айқын көрінеді. Неғұрлым ғылыми стильмен жазылған сынның өрісі де тарыла береді. Сынның аудиториясы кең, көпшілікке арналғандықтан да барынша ғылымилықтан арылып, оқырман қауымға түсінікті көркем тілмен жазылғаны жөн. Біздің бүгінгі әдеби сынымызды осы көркемдік сипаттар жетіспей жататын кездері де бар. Ғылымилықтың тонын жамылған, құрғақ, жаттанды тілмен, стандарт қалыппен жазылған сын мақаланы әрине, жұртшылықтың тұшынып оқымайтындығы анық. Сонымен, әдеби сыни еңбектерде ғылыми мен көркем стильдер шебер ұштасып жатуы керек. Кей мақалаларымызда осы ғылыми нақтылық та, тіл шеберлігі де жетіспей жатады. Әдеби сынды оқып отырған оқушы көркем шығарма оқығандай эстетикалық ләззат алумен бірге ой-өрісін, білімін кеңітетін мағлұматтардың да болуы талап етіледі.

Сын көркем шығарма жайлы пікір білдірумен ғана шектелмейді., сонымен бірге ол — әдебиеттанушылық, эстетикалық ілімдерді таратушы да. Бұл үлкен мақсатына тек ғылыми немесе көркем стильмен жазылып жете алмайды. Екі түрлі стиль бірігіп, біртұтас мәнерге айналғанда барып сынның өзіне ғана тән қолтаңбасы көрінеді. Яғни, сыни шығармалардың тілі — ғылыми стиль мен көркемдік стильдің синтезі, басқаша айтатын болсақ, жартылай ғылыми, жартылай көркем стиль.

Сөйтіп, әдебиеттің сыны мен ғылымының ұқсастық жақтары олардың зерттеу объектілерінің бірлігінен, адресінен — оқырманға бағышталғандығынан, методологиялық негізі мен зерттеу әдістерінің ортақтығынан, ойлау ерекшелігі, жазу мәнері жағынан да көрінеді екен. Әдеби сынның ғылымилық сипаты әдебиеттану ғылымымен байланыстылығында ғана емес, бүкіл қоғамдық ғылымдармен қатыстылығынан да көрінеді. Әдеби шығарма қоғамдық өмірдің көркемдік көрінісі болса, сол өмір шындығының қалайша

көркемдік сыпатқа ие болғандығын анықтауға тек әдебиеттану ғылымының шамасы келе бермеуі мүмкін. Әлеуметтік өмірдің сан-саласын түрлі қырларынан зерттейтін тіл білімі, тарих, этнография, философия, заң, экономика, психология, педагогика, этика, эстетика сияқты ғылым тарауларымен де әдеби сын тікелей байланыста болады. Егер, сыншы тіл білімімен қаруланбаса, шығарма тілінің көркемдік қасиеттері жайлы айта алмаған болар еді; тарихтан хабары болмаса, тарихи оқиғалардың қалайша көркем көрініс тапқандығын ашып айтып бере алмас еді; ұлттық салт-сананы, әдет ғұрыпты, тұрмыс-салтын, психологияны, педагогиканы білмесе, көркем әдебиеттегі халық өмірінің тыныс тіршілігін талдап бере алмауы тағы да аян. Мысалы, "Абай жолы" эпопеясы туралы пікір айту үшін ол адамның жақсы әдебиетші-ғалым болуымен бірге тілші, тарихшы, этнограф, психолог, педагог, философ, экономист т. б. болуы шарт. Бүкіл қоғамдық ғылымдардың жетістіктерімен қаруланбайынша, көлемді көркем полотналар хақында пікір білдіру де қиын. Ақын С. Маршактың "Біздің ұғымымызша сыншы кім? Ол — философ, публицист, әдебиетші-ғалым... Сын ғылыммен қаруланған өнер болуы керек"[97] деуі де осы себептерден болса керек. Осындай пікірді Ф. Гладков та білдірген.[98] Көркем әдебиетте қоғамдық өмірдің түрлі саласы қамтылатын болғандықтан әдебиетті зерттейтін сын да қоғамдық ғылымдардың барлығымен дерлік ұштасып жататындығын, оның табиғатының басты қасиеті ғылыми сыпат екендігін Ю. Суровцев те баса айтады.[99]

Қоғамдық ғылымдардың ішінде сын әсіресе эстетикамен тығыз байланысты. Эстетика өнердің ортақ заңдылықтарын зерттейтіндігі белгілі. Сол өнердің басты саласы — сөз өнері жайлы сөйлейтін әдеби сынды эстетиканың құрамдасы бір бөлігі деп танитын пікірдің де бар екендігін жоғарыда ескертіп кеттік. Белинскийдің өзі сынды "жылжымалы эстетика" деп атаған. Қазіргі кейбір зерттеушілер әдеби сынды "қолданбалы эстетика" деп те атап жүр.[100] Белгілі ғалым А.Я. Зись "эстетика ғылым ретінде өнер туралы ой-пікірлермен жарақтанған сын түрінде дамуы тиіс"[101], деп біледі. Осы жерде Белинскийдің "Сын теорияның тәжірибеде қолданылуы"[102] дегені ойға оралады. Эстетика өнердегі сұлулықтың жалпы заңдылықтарын зерттесе, сыншы да сөз өнері туындысының көркемдік қасиеттерін ашуға тырысады. Бұлретте эстетика ғылымының жетістіктерін, категорияларын кеңінен пайдаланады. Әдеби шығармадағы әсем көріністерді, тіркестерді, бейнелерді эстетикалық талғамы жоғары, жан-жақты білімдар адам ғана жақсы сезініп, көре алады. Мысалы, жас кезде М. Әуезовтің, Ф. Достоевскийдің шығармаларын оқыса, оның әсері онша болмай, жөнді түсінілмеуі кәдік. Ал, білімі өсіп, эстетикалық талғамы жетілген кезде оқыса, олардың дарындылығына, ұлылығына таңдай қақпай қоймайды. Шығарманың көркемдік қуаты оның эстетикалық бояуының күрделілігінде, қатпарлылығында жатыр. Ал, көркем шығармалардың

эстетикалық қадір-қасиеттерін жан-жақты ашып көрсету екі сыншының бірінің қолынан келе бермейді. Сол себепті де, қазіргі қазақ әдеби сынында эстетикалық талдаулардың жетісе бермейтіндігі жиі айтылып жүр. Қазақ әдебиетінде кезінде елеулі әдеби құбылыс болып табылған көптеген көркем шығармалар күні бүгінге дейін жан-жақты эстетикалық талдаулардың объектісіне айналмай келеді. Дамыған әдебиеттердің көпшілігінде бар эстетикалық сын қазақ әдебиетінде өз дәрежесінде емес.

Эстетикалық талдаулар — әдеби сынның өскендігінің, кемелденгендігінің белгісі. Кезінде сын атасы Белинский сын мұраты эстетикалық талғам екендігін қадап айтқан болатын. Солай дегенмен де әдеби сынның тарихында таза эстетикалық сындар болған жоқ.[103] Сонымен бірге Белинский таза эстетикалық талдаулармен шұғылданып, көркем туындының басқа да қырларына назар аудармай кетуден сақтандырған болатын.[104] Луначарский да сынның кемелденген кезінде эстетикалық сын мен әлеуметтік сынның бір-бірін толықтырып, сәйкес келіп отырғандығын ескерткен.[105]

Тұжыра айтқанда, әдеби сынның ғылыми сипаты айқын. Ол өз қызметінде әдебиеттану ғылымының, одан қалды бүкіл қоғамдық ғылымдардың жетістіктеріне сүйене отырып қана объективті пікірлер айта алады. Ал, Плеханов көркем шығарманы толық және жетік түсіну тек философиялық сын арқылы ғана мүмкін деп білген.[106] Сөз өнеріне жататын әдебиет туралы пікір білдіріп, баға беруге, оқырманның өресі жетпей жатқан жерін түсіндіріп, оны ұсынуға тиіс әдеби сын сұлулықтың жалпы заңдылықтарын зерттейтін эстетика ғылымымен тығыз байланысып, оның практикадағы қолданылуы болып та көрінеді. Әдеби шығарманы тек көркем өнер тұрғысынан талдайтын эстетикалық сын да бар.

СЫННЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Сынның әдеби, ғылыми, эстетикалық сипаттары секілді, публицистикалық сипаты да негізгі қасиеттерінің бірінен саналады. Сынның публицистикалық сипатына қарай, оны журналистика деп қарайтын пікірлердің бар екендігіне жоғарыда тоқталып өттік. Сын журналистика емес, публицистикалық — оның табиғи қасиеті. Енді осы ойымызды нақтылай түсейік.

Рас, сынның дамуында баспасөздің ролі айрықша. Сынның негізгі өмірі — баспасөзде. Баспасөз бар жерде әдеби сын да бар. Сынның дамуы баспасөздің дамуымен тікелей байланысты. Баспасөз жоқ кезде шын мәніндегі әдеби сын да болмайды. Баспасөз — сынның өмір сүру формасы, даму арнасы. Әдеби сын газет-журналдар бетінде көрініп, өмір сүреді десек, сонымен бірге журналистиканың мүмкіндіктерін де молынан пайдаланатындығы көрінеді. Сын журналистиканы өз қажетіне қарай кеңінен қолданады. Мысалы, аннотация, рецензия, мақала, шолу сияқты баспасөздің жанрлары — сынның да жанрлары. Журналистер жиі қолданатын дөңгелек стол, сұхбат, диалог секілді түрлі формалық әдістер әдеби сынға да жат емес. Сын мен журналистиканың мақсаты да ұқсас: қоғамдық өміріміздің түрлі салаларында болып жатқан жаңалықтарды дер кезінде халыққа жеткізіп отыру журналистика үшін басты мұрат болса, әдеби өмірдегі елеулі нышандарды насихаттап отыру — сынның да негізгі міндеті. Бұл жерде журналистиканың ауқымы кең екендігі көрінеді. Ол әлеуметтік тіршіліктің барлық саласын қамтып жазса, әдеби сын оның бір ғана саласын — әдебиет мәселелерін ғана еншісіне алған. Бұл жерде журналистика мен әдеби сынның мақсат-мүддесі түйісіп, бір жерден көрінеді.

Публицистиканың негізгі мақсаты бүгінгі күннің өзекті өңірлерін жырлау деп ұғынсақ, сынның да басты мұраты — қазіргі әдеби процестің зәру проблемаларын көрсету. Бұл ретте В. Дементьевтің "біздің сынымыз қозғалмалы публицистика болуы тиіс"[107] дегенінің жаны бар. Бұл тұрғыдан келгенде публицистика мен әдеби сынға қойылар талап бір. Ол — бүгінгі күннің жырын жырлау. "Әдебиет — өмір айнасы". Сол әдебиетте қоғамдық өмірдің барлық саласы көрініс табатындықтан оған пікір білдіретін әдеби сын да тек көркемдікті сөз етіп қоймай, әлеуметтік мәселелерді де қозғайды. Баспасөз ауылшаруашылығын, өнеркәсіпті, ғылымды, мәдениетті қалай жазса, көркем әдебиет мәселелерін де үдайы көтеріп отыруға тиісті

журналистикаға қойылатын барлық талаптар әдеби сынға да қатысты. Әдеби сынның осындай қасиеттеріне орай, оны әдебиет материалдарына негізделген публицистика деп те атауға болады. Сынның пайда болуы, атқарар қызметі, мазмұн-түрі жақтарындағы публицистикалық қасиеттері оның журналистикамен тікелей байланыстылығын көрсетеді.[108]

Әдеби сын журналистикаға аяқты нық тірегенде ғана өзіне жүктелген үлкен міндеттерді ойдағыдай орындай алады. В.Г.Плеханов сынның публицистикалық сипатын оның ғылыми жағымен байланыстырады: "объективті сын шын мәнінде ғылыми болғанда ғана публицистикалық сипатқа ие бола алады. Егер, өнердің мәңгілік заңдары өмір сүретін болса, белгілі бір тарихи кезеңдерде публицистика көркем творчество аулына да баса көктей кіріп, өз үйіндегідей іс-әрекеттер жасайды. Әдеби сын да солай".[109] Өмірде болып жатқан құбылыстарға да белсене араласып, пікір білдіру отыру — әдеби сынның өміршеңдігі мен өмірмен тығыз байланыстылығының басты шарты. Белинский сындарының құдіретті жағы оның сол кездегі әдебиеттің ғана емес, бүкіл әлеуметтік-мәдени өмірдің өзекті мәселелерін көтере білуінде жатыр. Ұлы сыншы әдебиетті сөз ете отырып, қоғамдық ой-пікірдің алдында тұрған аса зәру мәселелерді батыл көтере білуі арқылы өз дәуірінің дауылпазына айналды. Белинскийдің сынын осындай биікке көтерген — оның еңбектеріндегі публицистикалық сарын.

Публицистика әдеби сынға қандай мүмкіндіктер береді? Баспасөз күнделікті өмірдің өзі ұсынып отырған өзекті мәселелерін қозғап отыруға тиіс болса, әдеби процестің актуальді проблемаларын көтеру сынның да міндеті. Көркемдік дамудағы қандай толғақты мәселелер өз шешімін күтіп тұр деген сауалды анықтауға сыншыға публицистік қасиеттер көмектеседі. Тіршіліктің тыныс-тамырын дәл басып, қоғамның, әдебиеттің алдында тұрған мәселелерді дер кезінде көтеріп, оқырманның ойынан шығу — әдеби сын өміршеңдігінің басты шарты.

Сын мақаланы көпшіліктің оқуы үшін оның кімге арналып жазылатындығын, аудиторияның біліміне, мүддесіне орай қаншалықты дәрежеде қабылдай алатындығын ескеру маңызды. Қандай оқырманға бағышталатындығы сын мақалада айтылар ой мен оның жазылу мәнерін анықтайды. Айтылар ой мен аудиторияның ерекшеліктерінен барып, оның жанры мен берілу түрі (формасы) таңдалынады. Әдеби сынның жемісті жолда жүріп отыруы үшін оның шапшаңдығы, жауынгерлігі, көпшілікке арналғандығы секілді қағидаларды басшылыққа алады. Журналистиканың осындай "көмектерінің" арқасында әдеби сын еркін өмір сүре алады екен. Баспасөздегі сын — әдебиет пен өмірдің арасындағы сенімді көпір[110] болса, сонымен бірге сынның да оқырманға жетер бірден-бір жолы.

Осы айтылғандарға қарап әдебиетке деген сыншылдық ойдың бәрін баспасөзге теліп қоюға болмайды. Күнделікті мерзімді басылымдар бетінде жарияланған мақалалардың публицистикалық сарыны басым болса, ғылыми

журналдардағы, жинақтардағы сыни материалдардың ғылыми сипаты айқын көрінеді. Сондай-ақ, қоғамдық прогресс негізінен әлеуметтік, экономикалық, мәдени салаларда гармониялы түрде жүріп отырады. Мәдениет пен әдебиеттің дамуын да бірге көреміз. Әдебиеттің жай-күйі жалпы ұлттық дамудың дәрежесін көрсете алады. Ал, баспасөздің өркендеуі де белгілі бір халықтың мәдениеті мен әдебиетінің, ғылымы мен жалпы қоғамдық ой-пікір дәрежесімен тікелей байланысты болатындығын ескеру керек. Біздің айтқалы отырғанымыз — баспасөздің, әдебиеттің, сыни пікірлердің бір-біріне әсер ете, байланыс жасай отырып, қатар дамитындығы. Бұл жерде әдеби сын дегеніміз — журналистика, ол тек баспасөзде ғана өмір сүре алады деп, келтесінен қайырсақ, онда сынның басқа да сипаттарын елемей, қателікке ұрынар едік. Одан да сынның әдеби, ғылыми сипаттарымен қатар, публицистикалық та қасиеті бар екендігін мойындап, журналистика беретін мол мүмкіндіктерді кеңінен пайдалана отырып, оның барлық уақытта да әдеби өмірдің өзі ұсынып отырған өзекті мәселелерді шешудегі белсенділігін арттыра түсуге ұмтылған жөн.

СЫННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК СИПАТЫ

Жоғарыда сын тек әдебиетті зерттеп қоймай, баспасөз арқылы бүкіл қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге де араласатындығын айтып өттік. Әдеби сын көркемдік дамуда ғана емес, жалпы қоғамдық ой-пікірдің өрістеуінде де маңызды роль атқарады. Сынның дәрежесі сол кездегі әдебиеттің, мәдениеттің, баспасөздің деңгейімен бірге әлеуметтік жағдайларға, ой-пікірлерге де тікелей байланысты.

Өткен ғасырдағы Россияның саяси өміріндегі әлеуметтік сілкіністер Белинский бастаған бір топ сыншыларды әдебиет майданына әкелді. Олардың сыншылық қызметін соншалық биікке көтерген сол кездегі әдебиет алыптарымен бірге, қоғамдық ой-пікірлердегі батыл ізденістер де еді. Үстіміздегі ғасырдың басында орыс әдеби сынында жаңа кезең басталды. Қос ғасырдың түйісіндегі Европадағы саяси ойлардың орталығы қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық қайшылықтары шегіне жете шиеленіс-кен Россияға ауысты. Г.В.Плеханов, В.И.Ленин Маркстің, Энгельстің ілімдерін жалғастырып, өмірге марксизм-ленинизм келді. Таптар тартысына құрылған бұлілім әдебиетті таптық тұрғыдан бағалауға негізделді. Жалпы, таптық тұрғыдан келу Маркс пен Энгельстің "Коммунистік партияның Манифесінде" ұсынылған болатын. "Манифесте" былай деп жазылды: "бұлілім таптық, пролетариаттың көзқарасы мен мүдделерін білдіреді". Бұрын көркем шығармаларды негізінен өмір шындығы мен көркем шындықтың ара қатынасының қалайша шешім тапқандығына, көркемдік қасиеттеріне қарай бағалап келсе, енді оның идеялық жағы қай таптың мүддесін қорғайтындығы бірінші кезекке шықты. Мысалы, Г.В. Плеханов "идеялық мазмұнсыз көркем шығарма болмайды. Тіпті, мазмұнға мән бермей тек түрлік жағына назар аударылған шығарма авторының өзі белгілі бір идеяға келмей тұра алмайды"[111] деп жазды. Ол көркем шығарманың екі жағы — идеясы мен көркемдігі бар. Сынның бірінші міндеті әдеби туындының идеясын ашып көрсету деп білді.[112] Ғылыми сынның бірінші міндеті "нақтылы шығарманың идеясын өнер тілінен социология тіліне айналдыру"[113], яғни көпшілікке қарапайым тілмен түсіндіру дейді.

В.И.Ленинның еңбектерінде әдебиеттің таптығы, партиялылығы принциптері негізделді. Материалистік диалектиканы одан әрі дамыта отырып, бүкіл қоғамдық ілімдердің негізін таптардың күресі деп білді. Материализм деген ұғымға партиялық та кірді; ал, партиялық оқиға — фактілерді бағалағанда белгілі бір қоғамдық таптардың көзқарасына тура, ашық келу деп түсіндірілді.[114] Өйткені, қоғамда өмір сүріп, одан тысқары болу мүмкін емес.[115] Ал, партияны

қолдайтынын, не қолдамайтынын анықтауға партияның бағдарламасы, жарғысы, қаулы-қарарлары көмектеседі.[116] Партиялық — саяси дамудың бірден бір шарты мен көрсеткіші, оны қатаң ұстану — таптық күрестің жоғары деңгейде екендігінің нәтижесі.[117] "Мәселе тек былай қойылмақ: не буржуазиялық идеология, не социалистік идеология. Бұл жерде аралық идеология жоқ (өйткені, адам баласы ешбір "үшінші" идеология жасап шығарған емес және тап қайшылықтары жегідей жеген қоғамда ешуақытта таптан тыс, немесе таптан жоғары идеология болуы мүмкін де емес)"[118]. Ал, "Партиялық ұйым және партиялық әдебиет" деген еңбегінде әдебиетті партиялық жұмыстың аса маңызды бөлігі деп жариялап, көркем шығармашылықты тікелей партия ұйымдарына бағындыруды ұсынды. Сөйтіп, В.И. Ленин бүкіл марксизм-ленинизм ілімін таптар тартысына құрды да, таптық, партиялық принципті ең басты мәселесі деп таныды. Бүкіл қоғамдық ғылымдармен бірге, көркем шығармашылықтан да таптық көзқарасты білдіру талап етілді. Әдебиеттің, әдеби сынның партиялылығы деп көркем әдебиетте коммунистік партияның таптық бағытын саналы, батыл және дәйекті түрде жақтау, әрдайым маркстік-лениндік дүниетаным тұрғысынан қарау, коммунистік партияның сара жолынан танбау, марксизм-ленинизмнің тазалығы үшін күресу, коммунистік идеологияға сәйкес келмейтін ой-пікірлердің қандайына болмасын аяусыз күрес жүргізу түсінілді. Барлық жазушылардан марксизм-ленинизм ілімін негізге алған социалистік реализм әдісімен, яғни жұмысшы табының көзқарасы тұрғысынан жазу ұсынылды. В.И. Ленинің, А.М. Горькийдің, А.В. Луначарскийдің т.б. еңбектерінде социалистік реализмнің теориялық негіздері жасалды. Пролетариат әдебиетінің атасы М. Горький: "Әдебиетші — таптың көзі, құлағы мен дауысы. Ол мұны сезінбеуі, мойындамауы мүмкін. Бірақ, ол барлық уақытта да "еркін адам" болған емес, болуы мүмкін де емес"[119] — деп жазды.

Совет әдебиетінің алғашқы жылдарында әдеби сынның саяси-әлеуметтік сыпатын осылайша асыра бағалаушылықтың салдарынан үр да жық, "тұрпайы социологиялық сындар" үстемдік етті. Марксизм-ленинизм классиктері теориялық негізін салып берген әлеуметтік сындар РААП-тың кезінде салтанат құрды. В.Ф.Переверзевтің, В.В. Фриченің, В. Полянскийдің, Н.Сакулиннің т.б. еңбектерінде көркем шығарма әлеуметтік құбылыс ретінде зерттелді; әдебиеттің әлеуметтік әуендеріне басты назар аударылып, көркемдік категориялары тасада қалды. Қазақ әдебиетінде ҚазАПП билеген тұстарда тұрпайы социологиялық сындар барынша ушықты. ҚазАППтың сыншылары, әсіресе оның басшысы Мұстафа Қайыпназаров қаламгерлерді қойдай тізіп қойып, "сен байшылсың", "сен кедейшілсің", "сен жолбикесің" деп сынап, саяси таңбалар тақты. Ақын-жазушының қай таптан шыққандығы, қандай тақырыпты жазғандығы әдеби сында басты өлшем болды. "Таптан тысқары адам болмайды" деген қағиданы берік ұстанып, өткен кездерде жасалынған әдеби мұралардың барлығы да халыққа жат, рулық, феодалдық қоғамның

көзқарасын білдіреді деп танылды. Басқасын былай қойғанда, ұлы Абайдың өзі "феодалақыны" деп бағаланды. Көрнекті қазақ ақын-жазушыларының бәрі дерлік "халық жауы" саналды. Қазақ қаламгерлерінің ұйымы ҚазАПП-та небәрі тоғыз-ақ адам есепте тұрды, ал басқаларының барлығы саяси құғынға ұшырады. Мұндай солақай саясаттың ақыры жиырмасыншы, отызыншы жылдары шын мәніндегі ұлттық әдебиеттің көсегесін көгертіп, өлмес шығармалар жазған қазақ қаламгерлерін жаппай құдалап, "тап жаулары" ретінде жоюға ұшыратты. Әдебиетті саяси тұрғыдан бағалаушылық соғыстан кейін де өріс алып, күні кешеге дейін орын алып келді.

Әдеби сынның тарихында тұрпайы социологиялық сындардың көрініп, келеңсіз жағдайларға ұшырауы оның әлеуметтік сипатын асыра бағалап, таптық, партиялық көзқарас деңгейіне дейін көтерген сол кездегі партиялық, мемлекеттік саясаттың тікелей салдары еді. Әдебиеттің де, оны зерттейтін сынның да әлеуметтік сыпатының бар екендігі рас, бірақ оның әдеби, ғылыми, публицистік қасиеттерін ескермей, тек саяси-идеялық жағын абсолютке шығару үлкен қателік болды. Кезінде Г.Плеханов көркем шығарманы бағалау екі сатыдан — бірінші, идеясын анықтау, екінші, көркемдігін саралау — тұрады деген екен. Сынның алғашқы даму кездерінде көркемдік талдаулардан гөрі, әлеуметтік жағына көбірек баруы мүмкін құбылыс екендігін жазған. Осы тұрғыдан келгенде, әдеби сын кадрларының әлі жоқ, жетілмеген кездерінде саяси солақай сындардың орын алуы оның дамуының алғашқы кездерінде басынан өткеруге тиісті заңды құбылыс та секілді. Қалай дегенмен де совет өкіметі орнағаннан кейінгі кездердегі елде өріс алған әлеуметтік қайшылықтар әдебиетте де, оның сынында да көрініс тапты.

Сонымен, әдеби сынның әлеуметтік сыпаты айқын. "Түптеп келгенде шығарманың тағдырын шешетін — ой"[120]. Сынның әдеби, ғылыми, публицистік сыпаттары қандай болса, әлеуметтік сарыны да солай. Қоғамдық, мәдени өмірдің әлеуметтік-саяси мәселелеріне араласу сынның өмірмен байланысын арттырып, мән-маңызын күшейте түседі. Сыншылдық ой-пікір жалпы қоғамдық-сананың, қоғамдық ғылымдардың даму дәрежесімен тікелей байланысты болса, өз кезегінде әдеби сын да әлеуметтік ой-пікірлердің өркендеуіне үлес қосады. А.В. Луначарский "Кез келген халықтың қоғамдық ой-пікірінің дамуында, жалпы мәдениет тарихында әдеби сынның маңызы өте зор" деп атап көрсетеді.[121] Белинский мен Чернышевский — керемет сыншылдығымен қатар, орыс философия-сының тарихында өзіндік орны бар ірі тұлғалар да.

Әдеби сынның әлеуметтік сыпаты жайлы А. Байтұрсынов былай деп жазады: "Қара сөзде әдебиет жүзінде таласы көп сөздер әлеумет мәселелері турасындағы пікірлерде болады. Тұрмыс мәселесі — тоқсан түйіннің тоғысып, шиеленісетін жері. Оны дұрыс шешуге көпті көрген көсем болуға керек. Адамның, халықтың, я бір таптың мінезін, құлқын, салт-санасын, жан-дүниесін, ой-жүйесін, тарихын, мұң-мұқтажын жақсы білетін дана болу, ғалым

болу керек... Тұрмыс мәселесі деп айтатын, айтылатын шын адамшылық мәселесі, өмір мақсатының мәселесі, яғни өмір бақытты болу мәселесі, ошақ басының, жұрт қамының, мемлекет жайлылығының, дүние тыныштығының мәселесі. Мұндай ұлы, ұйысқан мәселелерді дұрыс шешу оңай нәрсе емес: ондай ірі іс ердің ерінің, дананың данасының ғана қолынан келмек".[122] Ұлы Ахаң көркем әдебиеттегі әлеуметтік мәселелердің ауыр салмағын, оны оқырмандарға жеткізіп, рухани игілікке айналдырудағы сыншылардың аса жауапты да күрделі міндеттерін толық айқындап берген.

Әдеби сынның әлеуметтік-саяси мәселелерге еркін араласа алатын мүмкіндігін коммунистік партия өз мүддесіне барынша пайдаланып келді. Мәдени өмірді, әдебиетті идеологиялық жұмыстың бір түрі ретінде қарап, әдеби сынды партияның идеологиялық қаруы деп білді.

Совет Одағының коммунистік партиясының Орталық комитеті әдеби сынды тікелей өз меншігі деп санап, оған бағыт-бағдар берген қаулылар қабылдады. Бірақ та, өмірдің өзі көрсеткендей, партиялық қаулымен әдебиет те, әдеби сында өркендемейді екен. Бұдан шығар қорытынды: әдеби сынның әлеуметтік, идеологиялық сыпаты оның басқа да қасиеттерімен тығыз байланыста, органикалық бірлікте болады. Оған жеке дара ерекше мән беріп, бөліп карастыру біржақтылыққа апарып соқтырады. Сол сияқты сынның әдеби, немесе ғылыми публицистикалық жақтарын ғана алсақ та қателесеміз. Әдеби сын әдебиетпен, ғылыммен, баспасөзбен тікелей байланыста қатар дамиды. Сондықтан да, оның әдеби, ғылыми, публицистикалық, әлеуметтік-идеологиялық, эстетикалық сыпатта болуы — заңды құбылыс.

* * *

Сонымен, "сын дегеніміз не?" деген сауалға жауап берудің өзі қаншалықты қиын екендігі оның сыпаттарынан анық көрінеді. Біреулер сынды көркем өнер деп білсе, екіншісі оны ғылымға жатқызса, тағы біреулер журналистика, идеология деп, сол тұрғыдан түрліше анықтамалар берсе, мұның бәрін кездейсоқ қате пікірлер деуге болмайды. Қызығы сол — қай автор болмасын өз пікірін дәлелдеу үшін әдеби сын тәжірибелерінен керекті мысалдарды қажетінше тауып, жеткілікті түрде қолдана білген. Бұларға сенсеңіз, Белинский — бірде жазушы, бірде философ, бірде журналист. Қайсысына болмасын, шүбәсіз сенесіз. Иә, әдеби сын көркем өнер, ғылым, идеология, журналистика деген секілді пікірлердің бәрі де дұрыс. Бұрыс жағы сол — сынның бір қасиетін баса көрсету үшін міндетті түрде басқа сыпаттарының маңызын елемеушілік.

Сын — сан сыпатты, аса күрделі сала. Оны апарып мынаған жатады деп, тар көлемге тығып қоюға келмейді. Жоғарыда сынның сан қырлы сыпаттарының негізгілеріне тоқталып та өттік. Сын көркем туынды жайлы пікір білдіргенде әдебиеттану ғылымына сүйену керек, бұл оның ғылыми сыпатын көрсетеді; оқушы тұшынып оқуы үшін сын көркем тілмен жазылуы қажет, бұл оның көркемдік сыпатын айқындайды; сыншы шығармада әлеуметтік мәселелер қалайша көрініс тапты, соған баға беруі тиіс, бұл оның идеологиялық сыпатын белгілейді; әдеби сын баспасөз арқылы ғана жемісті дами алады, бұл оған публицистикалық сыпат береді. Әдеби сынның осындай аса күрделі табиғатын ескеріп, А. Байтұрсынов "қара сөзді шығармаларға керек болған пән білімі емес, басқа түрлі білім керек... Сондықтан дарынды сөзді сынауға ақындық керек болғанмен, ақын емес адамның да қолынан келмейтін іс емес... дарынды сөз сыны ақындықты керек қылғанмен, ақындығы жоқ, ақындықтан шыққан әдемі сөздерге үйір болған адамдар да жасауға болатын сын"[123] деп жазған болатын. Әсіресе, соңғы сөйлемде әдеби сынның сан қырлы сыпаты айқын нұсқалып тұр.

Қоғамдық өмірдің аса күрделілігі сияқты, оның көркем бейнесі әдебиет те — сан сыпатты. Бір шығарманы талдап беруге бір ғана әдебиеттану ғылымының шамасы келмеуі мүмкін. Өмір — түрлі құбылыстардың біртұтас жиынтығы. Оның әртүрлі салаларын көптеген ғылым тараулары арнайы зерттейді. Кейбір күрделі құбылыстарды комплексті түрде зерттеу мақсатымен түрлі мамандық ғылымдарының бірігіп ізденістер жасауының нәтижесінде статолингвистика, әлеуметтану (социология) секілді жаңа ғылыми бағыттар пайда болуда. Міне, әдеби сын да көркем әдебиетті қоғамдық ғылымдармен (табиғаттану ғылымдарымен де) бірлесе отырып зерттеп, негізінен баспасөз арқылы пікір білдіріп отырады. Әдебиетті жүйелі, жан-жақты қарастыру — әдеби сынның табиғаты. Әсіресе, соңғы жылдарда әдеби сынның басқа да қоғамдық ғылымдармен байланысы күшеюде[124]. В. Крутос сынның ғылым, әдебиет, баспасөз — үшеуінің қиылысында қызмет ететіндігін көрсетеді[125]. Ал, В. Хализев сынды көркем шығарманы қоғамдық тұрғыдан бағалаудың лабораториясына теңейді[126]. М. Зельдович "сын - шығармашылық қызметтің ерекше түрі"[127] деп білсе, В. Коваленко "рухани қызметтің жеке саласы", әдеби ойлаудың жоғары сатысында ғана пайда болады деп жазады.[128] А.М. Корокотина "сынды әдебиеттің, немесе әдебиеттанудың жанры деп санауға болмайды. Сын — ғылыми-көркем шығармашылықтың ерекше түрі"[129] деп жазады. Сынды әдебиеттің публицистикасы (В.Кожинов), әдебиеттанудың публицистикасы (В.Щербина) деп қарайтындар да бар. В.И. Тюпа әдеби сынды тарихи даму үстіндегі қоғамдық, көркемдік сананың жинақталған көрінісі дейді[130].

Сонымен, әдеби сын дегеніміз, көркем әдебиет, оның ғылымы мен журналистиканың тоғысқан түйінінде пайда болып, күнделікті әдеби процесті зерттейтін, оның жетістіктері мен кемшіліктерін саралап баға беретін, оқырманның дұрыс түсінуіне көмектесетін, рухани әлем аясында қызмет атқаратын әдеби, ғылыми, публицистикалық, әлеуметтік сыпатты шығармашылық түрі; қоғамдық сананың бір саласы; көркем әдебиет жайлы дәуір үні. Әдеби сынның басты мақсаты — әдеби процесте болып жатқан жаңалықтарды дер кезінде бағалап оқырмандарға түсіндіріп отыру.

Әдеби сын бей-берекет құбылыс емес. Оның да ғасырлар бойғы дамудың нәтижесінде қалыптасқан өзіндік құрылымы, жүйесі бар. Әдеби сынға структуралық талдау жасасақ, оның негізгі құрамдас бөліктері мынадай:

1. Әдеби сынның субъектісі — сыншы.

2. Мазмұны — әдеби процестің өзекті өңірлері, зәру мәселелері.

3. Әдіснама мен әдістері — диалектикалық материализм; сендіру, иландыру, салыстыру, тарихи-мәдени, өмірбаяндық, психологиялық, формальдық, лингвистикалық, математикалық құрылымдық, нақтылы әлеуметтік.

4. Құралдары — әдебиеттану, қоғамдық ғылымдардың категориялары, терминдері, жетістіктері.

5. Өмір сүру арнасы — баспасөз, радио, теледидар.

6. Жанрлары — аннотация, рецензия, шолу, мақала, фельетон, эпиграмма, пародия, эссе, т. б.

7. Зерттеу объектісі — жекелеген шығарма, жазушы шығармашылығы, әдеби процесс.

8. Бағыты — оқырман қауым, қаламгер.

9. Қызметі /функциясы/ — үгіт-шілік-насихатшылық, танымдық, бағалаушылық, талдаушылық, тәрбиелік, зерттеушілік, ұйымдастырушылық.

10. Принциптері — халықтығы, жауынгерлігі, тарихшылдығы, шыншылдығы, идеялылығы, өмірмен байланыстылығы, зәрулігі, тиімділігі, т. б.

Әдеби сынның осы "анатомиялық" бөліктері бір-бірімен үйлесіп, сәйкестік тапқанда ғана өз міндетін табысты орындай алады. Ол үшін осы құрамдас бөліктердің әрқайсысының өзіне ғана тән ғылыми негіздерін, заңдылықтарын білу керек.

II ТАРАУ

ӘДЕБИ СЫННЫҢ ӘДІСНАМАСЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Әдеби сын көркем шығармаларды қалай талдайды? Сүйенетін негіздері, қолданатын әдістері қандай? Бұл мәселелер төңірегінде де ойланарлық жәйттар баршылық. Әдеби сынның әдіснамалық негізі, зерттеу әдістері жайлы ғылыми тұжырымдар әлі бір арнаға құйылған жоқ. Сын туралы түрлі зерттеулерде жол-жөнекей айтылған пікірлер болмаса, кең көлемді арнаулы зерттеулердің объектісі бола алмай келеді. Л. Якименко әдеби сынның методологиясы теориялық тұрғыдан әлі жасалынған жоқ деп жазады[131]. Солай десек те, Ю. Боревтің "Искусство интерпретации и оценки" (М., 1981) атты еңбегінде көркем шығарманы талдау мен бағалау өнері жайлы философиялық тұрғыдан аса маңызды пікірлер айтылғанын ескерте кетеміз.

Әдеби сынның методологиясы мен методтарын ғылыми тұрғыдан анықтауда оның сан сипатты күрделілігі едәуір қиындықтар келтіруде. Әсіресе, сынның әдеби, ғылыми сипаттары оның зерттеу әдістерін анықтауда да шатасушылыққа әкеліп жүр. Мысалы, С. Асадулаев ол әдебиетті қарастыратын болғандықтан да оның шығармашылық әдісі социалистік реализм сынның да зерттеу тәсілі деп біледі[132]. Сын өзінің зерттеу объектісінің шығармашылық әдісімен қаруланғанда ғана көркем шығарманы іштей танып, пікірлер айта алады деп санайды. Мұндай пікірдің бастауы 1934 жылы өткен кеңес жазушыларының бірінші Бүкілодақтық құрылтайында социалистік реализмді совет әдебиетімен қоса, оның сынының да әдісі деп жариялауда жатты. Осында қабылданған жарғыда социалистік реализм әдісі совет әдебиеті мен оның сынының шығармашылық әдісі деп жазылып, ресмилік сипат алса, тек 1954 жылғы екінші құрылтайда ғана бұл қателік жөнделді. Бірақ, осы бағыттағы пікірлер әр жерде көрініп қалып жүр. Кейінірек, мұндай ойды Б.С. Рюриков та айтты[133]. С. Вайман "Литературная газета" (1977, 23 қараша) ұйымдастырған пікір алысуда әдеби сын суреткермен, оның аудиториясымен өнер тілінде әңгімелесуді үйренгенде ғана объективті пікірлер айта алады деді. Яғни, сыншы көркемдік тәсілмен қаруланғанда ғана әдеби шығармаларды дұрыс танып, оқырмандарға ұғынықты жеткізе алады деген сөз. Осы пікір

бойынша зерттеу әдісі мен тексеріліп отырған шығарманың шығармашылық әдісі бір-біріне сәйкес келгенде ғана тиісті нәтижелерге қол жеткізеді. Бұл жерде көркемдік жинақтау әдісін ғылыми-эмоциональды талдау тәсілімен шатастырушылық бар. Зерттеу әдісінің таным объектісіне сәйкес келуі керек деуі дұрыс, бірақ әдіс тек зерттеу объектісімен ғана емес, басқа да түрлі факторлармен де байланыста екендігін ескеру керек. Сонымен бірге екі түрлі әдістің алдына қойған мақсаттары түрліше екендігі тағы белгілі. Сыншы шығарманың жасалу әдістерін міндетті түрде білу керек. Көркем шығармашылықтың заңдылықтарын ескере отырып, соған сай келетін жанжақты талдаулар жасау объекті сырларын аша түседі.

Әдеби сынның да ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан өзіндік зерттеу әдістері, әдіснамасы (методологиясы) бар. Сын табиғатының күрделілігіне орай бұл мәселенің де проблемалары жеткілікті. В. Крутос әдеби сынның табиғатында көркем өнердің, ғылымның, публицистиканың қасиеттері болғандықтан да оның зерттеу әдістері де осыған сай болуы керек деп біледі. Сында ғылыми талдаулар да, жинақтаулар да болумен бірге, ашық бояулы суреттер, бейнелі кейіпкерлер, айшықты теңеулер, салыстырулар болуы тиіс. Дегенмен де, сынның негізін ғылыми білімдерге негізделген талдаулар құрады да, қалғандары көмекші, қосымша әдістер ретінде қолданылады деп түйеді өз ойын[134].

К.М. Долгов "әдеби-көркем сынның әдіснамалық негізі лениндік бейнелеу теориясына негізделген маркстік-лениндік эстетика"[135] деп жазады. Автордың бұл пікірді "әдеби-сын – өнер" дегенді басшылыққа алып айтып отырғаны көрінеді. Сынның көркемдігінен басқа да қасиеттері ескерілмей қалып отыр. А.С. Мясников әдеби-көркем сын әдебиеттану ғылымының бір тарауы болғандықтан оның методологиясы да әдебиеттің теориясы, әдебиеттің тарихы секілді оның құрамына кіреді дейді[136].

Әдеби сын көркем әдебиетті тануға ұмтылғанда нақтылы бір зерттеу негіздерін басшылыққа алады. Ол – болашақ зерттеу әдістерін айқындап, жүйесін құратын, таным процесінің бағытын белгілеп, бағдар беріп отыратын әдіснама (методология). Бүкіл қоғамдық ғылымдар, оның ішінде әдебиеттану ғылымы сияқты, әдеби сынның әдіснамалық негізі – диалектикалық материализм. Зерттеуші білмеуден білуге ұмтылғанда осы ілімді басшылыққа алып отырады. "Әдіснама – таным мен өмірді өзгертудің, өмірге көзқарас принциптерін таным процестерінде, рухани шығармашылықта және тәжірибеде қолданудың әдістері жайлы философиялық ілім"[137].

Адамдардың білім, саяси дәрежелеріне сәйкес олардың көзқарастары да түрліше болуы мүмкін. Олар негізінен идеалистік және материалистік болып екіге бөлінеді. Бұлретте әдеби сын, бүкіл қоғамдық ғылымдар секілді, әлемнің материалдық тұтастығы және оның ылғи даму үстінде болатындығы жайлы философиялық ілімді бүкіл қызметінде қызыл арқау етеді. В.И. Ленин атап айтқандай, әдеби құбылыстарды "тарихи, басқалармен, тарихтың нақтылы тәжірибесімен байланыста қарастырады"[138].

Танып-білуге диалектикалық тұрғыдан келу әдеби құбылыстардың пайда болу, нақтылы жағдайда даму себептерін, қазіргі жай-күйін анықтауды белгілейді. Ол себептердің қайнар көздері – өзгерістердің негізін құрайтын ішкі қайшылықтар мен қарама-қайшылықтардың күрес заңы. Ал қарама-қайшылықтар ескі мен жаңаның, жақсылық пен жамандықтың күресі түрінде көрінеді. Құбылыстардың ылғи да даму, өзгеріс үстінде болуы, ескіні жаңаның жеңіп отыруы нәтижесінде күні өткен көзқарастар, түсініктер теріске шығарылып, өмірге сай, келешегі барлары қолдау тауып, одан әрі қанат жайып отырады. Әдеби процестегі аса күрделі құбылыстарды танып білуге осындай көзқарастар тұрғысынан келіп, оны іштей аша түсетін әдістерді дұрыс қолданғанда ғана қажетті нәтижелерге қол жетеді. Ол үшін сыншы әдіснамалық жағын дұрыс қолданғанда ғана қажетті нәтижелерге қол жетеді. Ол үшін сыншы әдіснамалық жағынан дұрыс бағытта болумен бірге, зерттеп отырған объектісін жақсы білуі, оның құпия сырларын ашып көрсететін кілт-әдісті дәл қолдана алуы керек. Демек, әдіснаманың бір-бірімен байланысты екі қызметі бар екен: а) зерттеліп отырған объектіні танып-білуде дұрыс бағытта, көзқараста болу; ә) объектіге сай зерттеу әдісін таңдап алу. Бірінші саты барлық ғылым салаларына ортақ, жалпылама болса, екіншісі нақтылы ғылым салаларында өтеді де жекелік сипат алады. Сонымен, әдіснаманың екі жағы бар. Оның біріншісі бүкіл зерттеушілік жұмыстардың барысын айқындайтын ғылыми көзқарастардың, осы бағытта ізденістер жасауды қамтамасыз ететін ортақ заңдылықтардың жиынтығы болса, екіншісі – әр ғылым саласының өзіне ғана тән әдістері туралы ілім. Бұдан сыншының зерттеу бағытын, белгілі бір мақсатын анықтайтын көзқарасқа бүкіл сын тәуелді болатындығы көрінеді. Әдіснамалық көзқарас қай жолға салып жіберсе, сыншы сол жолмен ғана жүреді; басқа жолдарға шыға алмайды.

Біздің әдеби сынымыз өзінің әдіснамалық негізіне дүниеге марксткелиндік көзқарасты алып, көркем шығармаларды тек осы тұрғыдан ғана танып, зерттеуді ұсынып келгені белгілі. Марксизм-ленинизмнің басты қағидасы партиялық принципті көркем әдебиетті бағалаудың басты өлшеміне айналдырған, көркем әдебиеттің негізгі қасиетінен саналатын көркемдік табиғаты онша ескеріле бермей келген тұстарда әдеби сынымыздың қызметінде елеулі қателіктер жіберілді. Көркем шығарманың көркемдік қасиеттерін ашудан гөрі, коммунистік партиялық көзқарасқа сай келетіндігін, не келмейтіндігін анықтау сынның басты міндеті деп білгеннің салдарынан әдебиетіміз орасан зор зиян шекті. Қаншама дарқан дарындарымыз халық жауы саналып, әдебиеттен шеттетілді. Тек, бір ғана марксткелиндік көзқарас тұрғысынан қарастыру көркем әдебиетпен бірге оның сынының да пікір айту еркіндігіне, плюрализмге тұсау болып келді.

Жалпы, көркем шығарманы талдау сыншының білім, саяси деңгейіне

сәйкес қалыптасқан көзқарастарына сай зерттеу бағытын анықтап, оған қажетті жоспар құрып, принциптерін, әдістерін айқындаудан басталады. Ю. Борев бұл кезеңді әдіс көріністерінің бірінші сатысы деп атаған[139]. Бұл пікірге қосылуға да болар. Қосылмауға болатыны бұл жерде зерттеуге қолданылатын нақтылы әдіс әлі жоқ. Ол таңдалу үстінде. Қосылуға болатыны — осы жерде қажетті әдіс таңдалу барысында алғаш рет көрініс береді. Методологиялық құрылымның екінші сатысында сыншы өз көзқарасына, алға қойған мақсатына сай қажетті зерттеу әдістерін таңдап алады.

Атының өзі айтып тұрғандай (грекше metod-әдіс және loqos — ілім), методология — әдістер жайлы ілім. Яғни, зерттеу тәсілдерінің жиынтығы, дүниені танып-білу мен өзгертудің әдісі жайлы ілім[140]. Басқаша айтсақ, әдістердің жиынтығын әдіснама (методология) деуге болады. Әдіснама мен әдістің ара-жігін ажыратуда да қиындықтар бар. Мысалы, И. Клямкиннің "Сынның әдісі — диалектика"[141] деген мақаласында атынан көрініп тұрғандай-ақ, әдіснама мен әдісті шатастырушылық байқалады. Е.Мустангова сынның әдісі деп сыншылық әдеби шығармаларды талдау, бағалау тәсілдерінің жиынтығын түсінеді[142] Бұл пікірдің сынның теориялық негіздерін салу мақсатымен осыдан жетпіс жылдай бұрын жазылғандығын ескерсек те жеткілікті. Әдіснама мен әдістердің ара жігін ашуда күні бүгінге дейін түрлі пікірлер айтылып келеді. Кейбір зерттеушілер, әсіресе, философтар әдіснама біреу ғана. Ол тіршілік пен ойлаудың, материалистік диалектиканың жалпы заңдылықтарын зерттегенде ғана қолданылады, ал жекелеген ғылым салаларында әдіс қана бар деп біледі. Мысалы, А. Быков "... Жеке ғылымдық әдіснама жоқ. Бір ғана әдіснама бар. Ол — философия-логика, өйткені философия мен логика ғана болмыс пен ойлаудың жалпыға ортақ заңдылықтарын зерттейді. Жеке ғылымдық әдістер — жалпы әдістің, жалпы әдіснаманың нақтылануы. Жеке ғылымдық принциптер мен теория әдіснамалық жүйе құра алмайды"[143] — деп жазады. Біздіңше, жалпы табиғат пен қоғамның ортақ даму заңдылықтарын ашуға көмектесетін диалектикалық материализмнің заңдарына негізделген жалпыға ортақ, философиялық әдіснама бар да сонымен бірге жекелеген ғылым салаларының өзіндік ерекшеліктеріне байланысты ғана қолданылатын тәсілдердің жиынтығынан тұратын методология тағы бар. Бұлардың арақатынасын жалпының жекеге, немесе жекенің жалпыға қарым-қатынасы түрінде де түсінуге болады. Өмірді ғылыми тұрғыдан танып білудің философиялық принциптеріне сүйеніп, тұтас бір жүйеге айналған жекелеген ғылым салаларының әдістерін сол ғылымның әдіснамасы деп айтамыз[144]. Зерттеудің әдіснамалық негізі жалпы адамзаттың ғылыми ой-пікірдің даму деңгейіне, оны сыншының қаншалықты дәрежеде меңгеріп, қолдана білуіне тікелей байланысты.

Қоғам дамуының барысында адамдар әлеуметтік, табиғи құбылыстарды танып білудің әдістерін де жетілдіріп отырады. Нәтижесінде жалпы ғылым

тарауларының бәріне ортақ әдістер (әдіснама) мен бірге тек нақтылы бір салада ғана қолданылатын әдістердің жиынтығы қалыптасты. Сол сияқты әдебиетті жан-жақты зерттеудің қажеттігінен туған әдебиеттану ғылымының өзіне ғана тән әдіснама өмірге келді. Материалистік диалектикаға негізделген бұл әдіснаманың темір қазығы әдеби құбылыстарды тарихи тұрғыдан қарау (тарихшылдық принципі) болып табылады. Сөйтіп, барлық ғылымдарға ортақ диалектикалық, материалистік негіздер болумен бірге соны басшылыққа алған әдебиетті зерттеудің де өзіндік әдіснамасы бар. Нақтылы ғалымдардың теориялық және әдіснамалық негіздерін тек философия ғана емес, олардың өздері де жасайды. Нақтылы ғылымдар философияның арнайы қолданылуы болумен бірге өзінің жекелеген тарауларына қатысты әдіснамалық негіз болады[145]. Демек, дүниені материалистік диалектика тұрғысынан танып білу, бейнелеу теориясы әдебиетті зерттеу әдіснамасының философиялық негіздерін құрайды.

Әдіснама әдістерден тұрады. Жекелеген әдістерді әдіснаманың нақтылы жағдайларда тәжірибеде қолданылуы деп ұққан жөн. Зерттеуге қажетті әдістерді таңдауға әдіснама көмектеседі. Әдіс әдіснаманың таным процесінде қолданған қаруы, тәсілі түрінде көрінеді. Әдіс — талдау құралы, мақсатқа жетудің жолы. Ол — сыншының субъективті пікірлері мен әдебиет заңдарын көркемдік процесс тәжірибесіне қолданудың нәтижесі. Әдіс дегеніміз, "танымның одан әрі дами түсуіне қызмет ететін, танылған заңдылықтардың негізінде жасалынған ережелер"[146]. Әдістерді іштей шартты түрде жіктеуге болады. Мысалы, барлық ғылым салаларына ортақ (бақылау, салыстыру, талдау, жинақтау, тәжірибе жасау, т. б.) және тек бір ғана ғылымда қолданылатын әдістер. Жекелеген ғылым салаларының әдістеріне осы салада жүргізілетін зерттеулердің нәтижесінде қол жеткен білімдер мен жалпы философиялық әдіснама негізінде жасалынған жаңа білімдерге жетудің принциптері, қыр-сырлары, талдау техникасы, тәсілдері мен тәртібі жатады. Әдіс зерттеу объектісіне сай келуі, яғни оның табиғатын ашып бере алатын болуы керек. Сыншының еңбегі ең алдымен, өзінің алға қойған мақсатына, қарастыратын объектісіне сай әдісті дұрыс таңдап алып, соны тиімді пайдалана білуге байланысты көрінеді.

Өмір құбылыстары шексіз болғандықтан оның көркем көрінісі болып саналатын әдебиеттің қыр-сырлары да ұшан-теңіз. Әдеби шығарма тұтас бір әлем десек, арнайы дайындығы жоқ адамға оның "ішіне кіріп", бәрімен танысып шықпақ түгіл, маңына жолаудың өзі қиын. Оған белгілі жолдармен ғана жете алады. Кезінде Г. В. Плеханов сыни талдау барысындағы екі актыны — 1) шығарманың идеясын ашу, 2) көркемдік қасиеттерін анықтау — көрсеткен болатын. Философтың бұл пікірі сынның шығарманың идеялық нысанасын белгілеу және көркемдік қасиеттерін ашу міндеттеріне орай айтылған сияқты. Алғашқы баспалдақтың онша қиынға түспейтіндігін, керісінше, көркемдік талдауларға бару кез келгеннің қолынан келе

бермейтіндігін ескерткен. Бірінші акт көбіне сынның балаң кезіне, келесісі кемелдік шағына сай келетіндігін айтқан болатын. Ю. Борев арнайы дайындығы бар, қажетті әдістермен қаруланған әдебиетшінің зерттеу объектісін танып-білу жолында атқаруға тиісті іс-қимылдарының барысы, жүйелі ретпен жүретіндігін көрсетеді[147].

Бірінші адым. Зерттеуші өзінің біліміне, ғылыми көзқарастарына сүйене отырып, объектіні зерттеудің жалпы жоспарын жасайды, алға міндеттер қойып, зерттеу бағытын айқындайды. Бұл кезеңде тарихшылдық принципі бүкіл зерттеу бағытын дұрыс арнаға салады.

Екінші адым. Сыншы көркем шығарманың қадір-қасиеттерін айқындаудың нақтылы жолдарын іздеп, қажетті талдау әдістерін таңдайды. Объектіні толығырақ тану үшін сыншыға бір емес, бірнеше, тіпті тұтас әдістер жүйесі қажет болуы мүмкін.

Үшінші адым. Бұл кезде көркем шығарма түрлі әдістермен талданылып, оның жекелеген көркемдік мән-мағыналары ашылады.

Бұл — ең негізгі саты. Көркем шығарма әртүрлі қырлары бойынша "бөлшектеніп", жан-жақты тексерулерге түсіп, тиісті нәтижелер шыға бастайды.

Төртінші адым. Талдаудың нәтижесінде алынған мәліметтер жинақталып, шығарманың нақтылы әлеуметтік және көркемдік мағынасы мен құндылығы айқындалады. Сыншы әдебиетті көркем шығарма ретінде жеке талдаудан оның әлеуметтік мәнін, әдеби дамуда алатын орнын анықтауға ойысады. Жаңа шығарманы оқырман, мәдени, әдеби орта қалай қабылдағаны, олардың арасындағы түрлі қарым-қатынастар қарастырылады.

Бесінші адым. Көркем шығарманың мәні мен маңызы, қосқан құндылығы жайлы пікірлер қорытылады. Бұл алдыңғы сатыларда өткен тараулардың нәтижесін ой елегінен өткізіп, солардың басты пікірлерін жинақтаудың (синтез) барысында жүзеге асады. Әдеби туынды тұтастай алғанда өмірге не әкелді, қандай жаңалықтары бар, несімен құнды деген маңызды сауалдарға жауаптар беріледі[148].

Бұлардың алдыңғы екеуі әдебиет әлемінің зәулім сарайының ішіне алып барар жол болса, үшінші сатыда сыншы өзін қызықтырған әсем нәрселерді аударыстырып қарап, көре бастағандығын, ал соңғы екеуінде "жиған-тергенін" теңгеріп, сыртқа шығатынын көреміз. Ең соңында әдебиеттің әсем ғимаратының ішін армансыз аралап шыққан сыншының әлі де артына қарайлап, көрген-білгендерінің әсерімен ойларын жинақтап тұрғаны елестейді.

Әдеби шығарма өнер туындысы ретінде көп қыртысты көркемдік қабаттарын құрайды. Олардың бәрін бірден ашып беру мүмкін емес, сонымен бірге қажеті де шамалы. Әдебиетке жан-жақты ғылыми талдаулар жасау әдебиеттану ғылымының үлесінде. Ал сынның мақсаты — рухани өмір

қажетсініп отырған аса маңызды жақтарына ғана назар аудару. Әдеби процеске жаңадан қосылған көркем шығарманың қай жағы бүгінгі күн тұрғысынан маңыздырақ екенін анықтау сыншының әлеуметтік бағытына, білім дәрежесіне, эстетикалық талғамына тікелей байланысты. Сыншы әдеби туындының оқырман үшін бірінші кезекте қажет деп тапқан жақтарын белгілеп алған соң, өз ойларын дәлелді жеткізуге ыңғайлы амалдарды, тәсілдерді қолданады. Шығарманың сан сипатты көркемдік қасиеттерін қандай ыңғаймен қарастыру қажеттілігіне орай тиісті әдістері де анықталады.

Әдіс-мақсатқа жетудің белгілі бір жүйеге түскен жолы[149]. Ал, әдеби зерттеу әдісі дегеніміз — әдебиетті зерттеудің теорияға негізделген принциптері[150]. Яғни, көркем шығарманы оқығанда оның мағынасын түсініп, көркемдік қасиеттерінен ләззат алып, бағалай білуде сыншыға қажетті талдау мен бағалау құралдарының жиынтығы. Е. Мустангова сынның әдісі деп, сыншының әдебиетке жалпы қатынасынан туындайтын әдеби шығарманы талдау мен бағалау әдістерінің жиынтығын айтқан[151]. Әдіс — зерттеліп отырған объектіге сай келетін таным құралы. Сондықтан да ол таным процесінің танылған жалпы заңдылықтарына негізделеді. Әдіс — адамның білімін арттыру мақсатында жасалынған ережелер мен ойлау амалдары[152]. Осы уақытқа дейінгі әдебиетті талдау мен бағалау ісінде жинақталған ілімдер мен тәжірибелерге, қағидаларға, амалдарға, тәсілдерге негізделеді; ғылым жетістіктері негізінде құрылып, оны алға жетелейді. Әдіссіз танып-білу мүмкін емес. Әдіс — субъектінің қолындағы объектімен жұмыс істеу қаруы[153] (Гегель). Егер ол әдісті (қаруды) дұрыс меңгере алмаса, зерттеу нәтижесіне тікелей әсер етеді.

Сыншы әдебиетті талдап-бағалау үшін қолына қандай әдіс-қару алады — соған көп нәрсе байланысты. Зерттеу әдісі объектінің аналогы болу керек. Сыншы шығармада қолданылған көркемдік жинақтау әдісінің ізімен жүріп отырып, өзі қаруланған әдістің, немесе әдістердің көмегімен өзіне қажетті "бөлшектерін" бөліп алып, "лабораториялық тексерулерден" өткізеді. Шығарманың әлеуметтік мәні басым болса, әлеуметтік әдістер, көркемдік сипаты көбірек болса, көркемдік әдістер көбірек қолданылады. Жалпы әдебиеттің негізінен тілдік, әлеуметтік, көркемдік қырлары бар десек, зерттеу әдістері де осы үш жағына топтасқандығын көреміз. Мысалы, шығарманың тілдік сипатын ашуға лингвистикалық талдау көмектессе, оның сыртқы байланыстарына, яғни әлеуметтік жақтарына социологиялық, салыстырмалы, биографиялық, шығармашылық-генетикалық, т.б. талдаулар көп қолданылады. Демек, әдеби шығарманың дұрыс талданылуының өзі оның табиғатына сай келетін, оны аша алатын әдістің таңдай алынуына тікелей қатысты екен. А.Я.Зись әдістердің көркем әдебиетті зерттеу барысында пайда болып, дамығандығын, оның өнердің табиғатына сай өнертану ғылымының ішкі қажеттілігінен туындап, ішінде өмір суретіндігін айтады[154]. Сонымен бірге батыста "жаңа" әдістің көрінуі ғылымда да "жаңа"

бағыттың пайда болғандығын білдіреді. Тіпті, әдістердің "модаға" айналатын кездері де болады. Қазір шетелдерде әдебиеттің мынадай әдістері, соған сәйкес ағымдары бар: феноменологиялық, интуитивтік, импрессионистік, символды-мифологиялық, психолингвистикалық, бихевиористік, стилистикалық, структуралистік, социологиялық[155].

Қажетті әдісті айқындайтын екінші фактор — сыншының алдына қандай мақсат қойғандығы. Сыншы шығарманың қай қырынан әңгіме қылғысы келсе, неге назар аударса, соған лайықты әдісті таңдайды. Мысалы, жаңа бір романда керемет күшті әлеуметтік мәселе қозғалғанымен де, сыншы өзі қажет деп тапқан тек тілдік жағына ғана тоқтап қоя салуы мүмкін. Бұл — әдеби шығарманың тек бір ғана қыры көрініп, басқа көркемдік қыртыстары қалтарыста қалды деген сөз. Мұндай жағдайлар көбіне әдебиеттің алдында тұрған бір ғана зәру мәселелерді әңгімелеген проблемалық мақалаларда кездеседі. Ал нақтылы шығарманы жеке әңгімелеген сыни талдауларда оның басты сипаттарының көрінуі — шарт. Ал, мұны көрсете алмаса, обалы сыншыға.

Көркем шығарма — тұтас бір көркемдік жинақтаулардың нәтижесі. Суреткер оны жасау барысында өзінің білім, дарын, шеберлік дәрежесіне орай қаншама бейнелеу амалдарын қолданады. Сыншы да суреткер мен шығарма "жүріп өткен" жолмен жүріп, із кеседі; қайда барса да соңынан қалмай, өзіне қажетті мағлұматтарды алмай қоймауы керек. Өмірді көркем бейнелеу жолдары шексіз болса, әдебиетті танып-білу де шексіз. Көркем әдебиетпен бірге оны тану-зерттеу де ұзақ жолдардан өтіп қалыптасты. Бұл дегеніміз — оның зерттеу әдістері де жетіліп отырады деген сөз. А. Бушмин әдебиетті зерттеу ғылымның тарихында филологиялық, эстетикалық, формальдық, биографиялық, тарихи-мәдени, салыстырмалы-тарихи, социологиялық әдістердің пайда болғандығын жазады[156]. Кейбір зерттеушілер бұларды басқаша атайды; тағы да өзге түрлерін көрсетеді. Мысалы, В. Воробьев жоғарыдағыларға қоса әлеуметтік-эстетикалық, структуралық әдістерді атайды[157].

Әдебиетті көркемөнер деуден гөрі, тек қоғамдық өмірдің көрінісі деп ұғынған кездерде әлеуметтік тұрғыдан қарастыратын социологиялық әдіс өмірге келіп, көркемдік құбылыстарды танып-білуде үстемдік етті. Әлеуметтік мәселелерге шектен тыс мән берушілік әдеби сында "тұрпайы социологиялық сындарды" туғызды. ҚазАПП-тың кезінде әдебиетті таптық күрестің әлеуметтік көрінісі ғана деп ұғынып, одан түрлі идеялық мазмұндар іздеумен, партия қаулыларына жауап бере ме, бермей ме деген тұрғыдан ғана шұғылданды. Керісінше, әдебиеттің өмірдің көркем бейнеленуі екендігін ескермей, тек көркемөнер туындысы ретінде қарастыратын формалистер әдебиеттің түрін ғана зерттейтін "өнер үшін" деген қағиданы басшылыққа алған "формалистік" сынды туғызды. Формалистер әдебиеттің идеясы, мазмұны сияқты жақтарының бәрін жиып қойып, тек формалық орындалуын, құрылымын, сюжеттік, композициялық, ырғақтық құралдары мен тәсілдерін ғана зерттеді. Шығарма тексін әсемдік түрлерінің көрінісі ретінде "таза техникалық" талдаулар жасаумен әуестенді. Бұл ағымдардың тек өзіне ғана тән зерттеу әдістері болды. Осы сияқты әдебиеттегі түрлі ағымдарға сай келетін түрлі зерттеу мектептері де бар. Мысалы, мифтік қисынға негізделген мифологиялық мектептің теоретиктері көркем шығармаларды тексергенде олардан ұқсас сюжеттерді іздеумен шектелді. Осы сияқты көркем әдебиеттің нақтылы бір жақтарын ғана нысана етіп алған фрейдизм, интуитивизм, структурализм, экзистенциализм, футуризм сияқты толып жатқан ағымдар бар. Мұндай әдеби зерттеу мектептерінің көп болуы көркемдікті танып-білу жолдарының да шексіздігіне байланысты. Әдебиетті зерттей түсу үшін жаңа әдістердің қолданылып отыру қажеттілігінен.

Әдебиеттің даму дәрежесіне, әдеби ой-пікірлердің деңгейіне орай зерттеу әдістері де жетіліп отырады. Яғни, зерттеу әдістері әдеби дамуға, сынның тәжірибелеріне, басқа да қоғамдық ғылымдардың жетістіктерін пайдалана білуге тікелей қатысты. Структурализм әдісі де тұтас бір структуралистік ғылыми мектепті туғызды. Олар "өнер туындысы — шексіз әлемнің өзіндік моделі"[158], мәдени тұрғыдан құнды кез келген текстің мағынасы көп қабатты жүйеден тұрады; оның бір қатпарын зерттеу басқа да қатпарлардың мәнін ашу емес. Сондықтан да лингвистикалық, жанрлық-көркемдік, әлеуметтік-тарихи, психологиялық, т. б. талдаулар жасау бір ғана мақсатқа — текстің мәні мен қызметін жалпы мәдениет ауқымында түсіндіруге алып барады деп түйіндейді[159]. Әсіресе, философия, эстетика, тілтану, тарих, социология, психология сияқты ғылымдардың әдебиетті танып білуге тікелей қатысы бар. Филология, эстетика, социология көркем шығарманы танып-білудің әдіснамасын анықтап, эстетикалық, әлеуметтік мәндерін, тіл білімі тілдік сипатын, психология жан жүйесін ашуға көмектеседі. Әдебиеттің осы сияқты қырларын ашу үшін сол ғылым салаларының зерттеу әдістері де сыни талдауларда жиі қолданылады. Әдеби талдау әдістері дайын күйінде келе салмайды; ол озық ілімдерге сүйене отырып ұзақ ізденістердің нәтижесінде тәжірибеде жасалынады.

Жоғарыдағы факторлардың өзгеріп отыруына, қоғамдық рухани қажеттілікке байланысты зерттеу әдістері де толығу үстінде болады. Әдіс нақтылы талдаулардың барысында көркемдік-шығармашылық процестің барлық буынын, әсіресе оқырманның шығарманы дұрыс түсінуін, көркемдігін тану үстінде оның тілін де, көркемдік жүйесін де, эстетикалық мәнін де, яғни, шығарманың барлық мағыналық, бағалылық қырларын қамтуды қамтамасыз етуі тиіс. Бұл көбіне шығарманы барлық жағынан алып қарастыратын біртұтас талдаулар жүйесі (системно-целостный анализ) арқылы мүмкін. Мұның мәнісі мынада. Шығарманың қадір-қасиетін бір ғана зерттеу әдісімен ашып көрсету қиын. Сондықтан да, әдебиеттің идеялық-көркемдік ерекшеліктерін талдап түсіну үшін тұтас бір талдаулар жүйесі

қолданылады. Бір әдістің шамасы келмей жатса, екіншісі, үшіншісі, төртіншісі деген сияқты белгілі бір мақсатқа жеткізер қажетті әдістердің жүйесі іске қосылады.

Әдістің ішкі құрылымы да әртүрлі. Ол зерттеу объектісіне, сыншының алға қойған мақсатына, басшылыққа алатын ережелеріне (принциптеріне) орай өзгеріп отырады. Мысалы, сыншы шығарманың әлеуметтік мәнін зерттеп, оның идеялық бағытын ашу үшін әдебиеттің тарихшылдығы, халықшылдығы ережелерін басшылыққа алуы мүмкін. Әдеби шығарма белгілі бір ортада көркемдік дәстүрдің жалғасы ретінде өмірге келеді. Солай бола тұра, әртүрлі ұлт әдебиеттерінде өзара ұқсастықтар да жиі кездеседі. Бұл ұқсастықтар ұлттық қарым-қатынастардың, жалпы тарихи тағдырлардың бірдейлігінің нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Түрлі халықтар әдебиеттерінің арасындағы ұқсастықтар мен ұлттық ерекшеліктерді анықтау салыстыра отырып зерттеу арқылы мүмкін. Салыстырмалы әдіс сыншыдан жан-жақты білімділікті қажет етеді. Бұл әдіс социологиялық тәсілмен дұрыс ұйымдастырыла білгенде ғана жемісті. Ұлт әдебиеттеріндегі түрлі ұқсастықтарды "ауыспалы сюжеттермен" ғана түсіндіріп, басқа әлеуметтік-тарихи мәдени факторларға назар аударбай бір жақты келу де — осы әдісті дұрыс қолданбаудың салдары. Осындай жолмен зерттеу үшін сыншы салыстырмалы тарихи, салыстырмалы-мәдени әдістерді қолданады. Атақты әдебиетші А.Н. Веселовский[60] негіздеген салыстырмалы тарихи әдіс бір саладағы шығармалардың бір-біріне ықпалы мәселесіне назар аударып, көркемдік процестегі әсерлер бағытын, көркемдік құбылыстардың типологиялық жағынан бірлігін, өмірдің өзінен туындаған әртүрлі шығармалардың өмірмен байланыстарының да ұқсастығын ашуға көмектеседі. Ал, тарихи-мәдени әдіс әдебиетті рухани мәдениеттің бір бөлшегі ретінде, жалпы мәдениеттің әсері деген мәселелер төңірегінде әңгімелеуге жол ашады. Көркем шығарма, немесе жекелеген жазушы әдебиетімізге нендей жаңалықтар қосты деген сауалға өзіне тұстас әдебиетпен түрлі салыстырулар жасау арқылы ғана жауап беріледі. Жазушының өсу үстінде екендігін, стильдік қолтаңбасын анықтауда да салыстыру әдісі қолданылады. Осылар сияқты мифологиялық, биографиялық, эволюциялық, психологиялық т. б. әдістер де көркем шығарманың түрлі әлеуметтік қатпарларын аша түсуге көмектеседі. Бұл әдістер шығарманың жазылу барысына әсер еткен сыртқы факторларды көрсетсе, енді текстің тікелей тексерудің де өзіндік әдістері бар. Оларға лингвистикалық, текстологиялық, статолингвистикалық, т. б. әдістер жатады. Көркем текстің өзіндік құрылымы (структурасы), семиотикасы, стилі, ішкі екпін ырғағы (интонация) бар. Осылардың барлығы өздеріне сай әдістермен зерттелгенде барып, көркем шығарма тексінің ішінде жатқан сырлары ашыла түседі. Көркем шығарманы тек көркем түр тұрғысынан зерттейтін формалдық әдіске тоқталып өттік.

Сондай-ақ көркем шығарманың тек сапалық қана емес, сандық жағы да бар. Сөздің неше рет қолданылуы, өлең құрылысының мәселелері, қанша тілге аударылуы, неше тілде басылды, тиражы қандай деген секілді көптеген мәселелерге жауап беру математикалық-статистикалық әдісті қолдану барысында жүзеге асады. Әдеби шығырманың әлеуметтік өмірін анықтау мақсатымен арнайы жүргізілетін нақтылы әлеуметтік зерттеулер әдісі оны оқырмандардың қалай қабылдағаны, әсері сияқты маңызды мәселелерге жауап береді. Сонымен бірге психологиялық, математикалық, нақтылы әлеуметтік сияқты әдістердің негізгі емес, қосымша тәсілдер екендігін, қолданылуы шектеулі болатынын ескеру керек. Бұл әдістердің барлығы да байқау, бақылау, тәжірибе жасау, салыстыру, қайта-қайта оқу, шұқшиып зерттеу амалдары арқылы ғана іске асады.

Жоғарыда айтылғандардан байқалғандай, әдістің табиғаты сынның объектісіне, немесе шығарманың қандай қырын (әлеуметтік, тілдік т. б.) қарастырғандығына, қандай қағидаларды (принциптерді) басшылыққа алып, қандай амалдарды (салыстыру, байқау, т. б.) қолданатындығына байланысты екен. Тарихшылдық қағидасын басшылыққа алып, салыстыра отырып, әлеуметтік идеяларды қарастырсақ, салыстырмалы-тарихи, немесе жай ғана салыстырмалы әдіс шығады. Сол сияқты әдебиеттің әлеуметтік жағын социологиялық, тексін текстологиялық, тілін лингвистикалық, сандық жағын математикалық, немесе статолингвистикалық әдістермен зерттейді.

Әдетте әдістердің таза түрінде жеке қолданылуы сирек кездеседі. Жеке әдістерді біржақты пайдаланудың барысында түрлі ағымдар, ғылыми "мектептер" пайда болды. Бұларда әдебиеттің бір ғана жағына ерекше мән беріп, қалған қырлары елеусіз қалатындықтан да едәуір кемшіліктерге жол беріледі. Қазір зерттеу әдістері көбіне бірігіп, комплексті түрде қолданылған жағдайларда ғана жақсы нәтижелерге қол жеткізетіндігі белгілі болып отыр. Мәселе осы зерттеу әдістерін қолдануда жатыр. Автор нақтылы жаңа бір туынды жайлы негізгі ойларын білдіру үшін қажет деп санаған объектінің сипаты мен өзінің ойларына сай келетін, пікірін дәлелдеуге тікелей көмектесетін негізгі әдіс пен қосымша әдістерді де таңдап, басын біріктіріп, біртұтас құрал ретінде пайдаланады. Сыншының жаңа кітап жайлы айтпағы бір-ақ ой емес, оның идеялық, көркемдік, жаңашылдық жақтарының көптеген мәселелері хақында пікір білдіретіндіктен де оған бір ғана талдау әдісі жеткіліксіз соғып, тұтас әдістер жүйесі керек болады. Сыншы объекті етіп алып отырған шығарманың сан алуан сырлары жайлы ой-толғауларын соған сәйкес келетін түрлі талдау әдістерінің комплексін пайдаланып барып білдіре алады. Бұл жерде зерттеу әдістері сыншыға өз пікірлерін нақтылы дәлелдеу құралы, соған жетудің бірден-бір жолы қызметін атқарады.

Көркем шығарманы идеялық және бейнелік жағынан біртұтас күйінде талдау — аса күрделі мәселе. Ал, әрбір өнер туындысы — белгілі бір форма

мен мазмұнның бірлігі. Бұл ретте В.Белинскийдің "Өнердегі идея мен форманың бірігіп кеткендігі сонша, ешбір жалған идея тамаша формада, ешбір тамаша форма жалған идеяда көріне алмайды"[161], — дегені белгілі. Әдеби шығарма нақтылы формада ғана өмір сүре алады, сол сияқты кез-келген форманың мазмұны болуға тиіс. Бұл тұтастық бұзылса, шын мәніндегі көркем туынды да жоқ. Әдебиеттің осындай біртұтастық қасиеті оның осы бірлігін сақтап отыратын талдауды талап етеді. Ал, әдеби туындыны танып білу дегеніміз — анализ бен синтездің бірлігі, оның жекелеген жақтары мен тұтас қалпын талдау, осы нәтижелердің қорытындысын шығару[162]. Бұған талдау мен жинақтауға негізделген әдістер жүйесі ғана көмектесе алады.

В. Воробьев әдеби сынның әдістерін салыстырмалы-тарихи, биографиялық, психологиялық деп бөліп келеді де, әсіресе әлеуметтік-эстетикалық (социолого-эстетический) әдісті ең негізгі деп көрсетеді[163]. Сонда зерттеушінің бір әдіс деп айтып тұрғаны — шығарманың идеялық, көркемдік сипаттарын ашуға көмектесетін әдістердің тұтас бір жүйесі. Мұнда әдебиетті ғылыми тұрғыдан танып білудің, зерттеудің, бағалаудың әлеуметтік, эстетикалық қағидалары (принциптері) органикалық біртұтас әдіске айналғандығын көреміз. Өнер туындысын белгілі бір дәрежеде идеялық және көркемдік тұтастыққа ие болған біртұтас көркем жаратынды ретінде комплексті түрде жүйелі зерттеу мәселесі күн тәртібіне қойылуда[164]. Кейбір мәселелер төңірегінде түрліше пікірлер бой көрсетіп жатқанымен де ең бастысы әдебиетті тұтас қалпында, комплексті түрде зерттеудің ыңғайлы жолдары жасалынды.

III ТАРАУ

"СЫНШЫ ДАРЫНЫ — СИРЕК ДАРЫН"

Әдеби сынның дәрежесі ең алдымен оның субъектісіне, яғни сыншыға байланысты. Сыншы — аса күрделі тұлға. Сыншыға бір ғана көркем әдебиетті біліп, әдебиетші болу аз. Ол — әдебиеттану ғылымымен, одан қалды бүкіл қоғамдық ғылымдардың жетістіктермен жан-жақты қаруланған, білімдар адам да. Көркем шығармада қандай әлеуметтік құбылыстар көрініс тапса, сыншы оған қатысты мәселелерді қаламгерден артық білмесе, кем білмеуі керек. Сыншы — әрі философ, әрі этнограф, әрі тілші, әрі тарихшы, әрі экономист, әрі социолог, әрі психолог, әрі ұстаз. Қысқасы, ол әдеби процесті күллі қоғамдық ғылымдардың жетістіктеріне сүйенгенде ғана қадағалап отыра алады. Сонда ғана барып сыншының пікірлері бағалы, оқырманның да, автордың да назарына ілінеді. Мысалы, М.Әуезовтің "Абай жолы" эпопеясына пікір білдіргісі келген сыншы романдарда суреттелген қазақ халқының өткен ғасырдағы тарихынан, тұрмыс-тіршілігінен жан-жақты хабардар болмаса, қандай пікір айта алады? "Абай жолы" эпопеясы қазақ халқының өткен ғасырдағы тұрмыс-тіршілігінің энциклопедиясы екендігін айту үшін де энциклопедиялық білімнің қажет болғандығы анық.

Сыншыға жүктелер жүк ауыр. Ол көркемдік процестің барлық жүйесінде дерлік белсенді қызмет атқарумен бірге оны ұйымдастырушы да. Сыншы да көркем шығармада бейнеленген өмір тынысын жақсы білуі керек. Егер ол өмірді жақсы білме-се, өмір шындығының көркем шындыққа қаншалықты дәрежеде айналғандығын, Н.А. Добролюбов айтқандай, "сыншы еңбегіндегі басты мәселе — әдебиеттің шындыққа қатынасын дұрыс шешу", "көркем шығарманың тууына себеп болған құбылыстарды түсіндіру"[165] орындалмаған болар еді. Сыншы көркем шығарма материалдарын талдай отырып, әдеби процестегі "өмір" буынына соқпай өте алмайды. Өнер туындысының идеялық бағытын ай-қындай отырып, өзі де әлеуметтік мәселелер хақында ой-пікірлерін білдіре алады. Сынның әлеуметтік-идеологиялық сыпаты осы жерде анық көрінеді. Ал, енді ол қаншалықты дәрежеде көркем шығармада көрініс тапқан әлеуметтік жағдайларды ашып бере алды, қоғамдық-саяси мәселелерді көтере білді —

бұл сыншының дарындылығына, білім дәрежесіне, шеберлігіне байланысты. Н. Чернышевский сыншының қоғамға әсері болатындай сенімге ие болуы үшін жан-жақты білімділікпен бірге, әр нәрсені өз атымен атап, шегінбей тура айтатын қайсарлықты да қосады[166]. Яғни, сыншыға мінез керек. Қайтпас, қайсар мінезділік қана әділеттің қара қылын қақ жарып, тура жолға бастай алады.

Сыншының әдеби процестегі назар аударатын тағы бір объектісі — жазушы. Көркем шығарманың авторын білмей, ол туралы дұрыс пікір айту екіталай. Жазушының шығармашылық жолдарының ерекшеліктерін айқындап алып барып, шығарманы сол аяда қарастыру — жемісті жол. Қаламгердің өміржолы, әлеуметтік бағыты, шығармашылық сыр-сипаттары оның көркем туындыларының ішіне кіргізер, идеялық-көркемдік қадір-қасиеттерін аша түсуге көмектесер кілті секілді. Сол себепті де сыншы белгілі бір шығарма жайлы пікір айтуды оның авторын танудан бастайды.

Жазушының шығармашылығы, немесе жекелеген туындысы жайлы пікір айту үшін ол кітапта көтерілген мәселені білу жағынан автордан кем түспеуі қажет. Турасын айтсақ, білімділік жағынан сыншы қаламгерден бір мысқал болса да, жоғары тұруы керек. Кезінде М. Жұмабаевтың поэзиясының құдіреті жайлы тамаша пікірлер білдірген Ж. Аймауытовтың "Мағжанның ақындығын сынауымызға біліміміз, күшіміз кәміл жетеді деп айта алмаймыз, толық сынау үшін оның алды-артын орап, өрісін арылтып шығарлық сегіз қырлы, негізді білім керек"[167] — деп жазуында көп мән жатыр. М. Горький "Сыншы жазушының назарына іліну хұқына ие болу үшін ол одан дарындылау болуы шарт, ол өз елінің тарихын, тұрмыс-тіршілігін қаламгерден жақсы білуі керек, жалпы, ол білімділік, парасат жағынан жазушыдан жоғары тұруы қажет"[168] — деп жазады.

Өзінен төмендерінің сын жазып, ақыл айтып жатқандарын көп жазушылар жақтырмаған. Сынға қырын қараған, көңілдері толмаған жазушылар да аз болмаған. "Сын — ақымақтардың ақылдылар туралы сандырақтары"[169] (Ге) деген сияқты пікірлер сынның арқасынан қағып тұрмағаны анық. Н.М. Карамзин сынды біздің әдебиетіміз қажет етпейді. Өйткені, ол — әдебиеттің байыған кездегі әшекейі. Біз оңдай кезге әлі жеткен жоқпыз деген[170]. А.П. Чехов бірде жиырма бес жыл бойы өзінің шығармаларына жазылған сын мақалаларды оқып келе жатқандығын, бірақ бір де бір рет пайдалы пікір естімегендігін жазады. Ол сыншыны соқаға жегіліп, жер жыртып жатқан атты шағып, жұмысына кедергі келтіріп жүрген сонаға теңейді. Ат борша-боршасы шығып жер жыртуда, ал сона болса оған жабысып, біресе шағып, біресе ызындап мазасын алуда. Оның не деп ызындап жүргені атқа түсініксіз деп өз кезіндегі сыншыларды мысқылдайды. Сонымен бірге сынның шығармашылық үшін аса қажет екендігіне де назар аударады: "Егер бізде сын болған болса, мен қандай — жақсы ма, жаман ба — дүние жасап жатқанымды білер едім"[171]. Н. Лесков та өз шығармалары жайлы бір де бір рет іліп алар лық пікір естімегенін, егер болса, шығармашылығына көп септігін тигізер еді дегенді ренішпен айтқан[172].

Сын әдеби өмірде оқырмандар атынан, әдебиеттану мен бүкіл қоғамдық ғылымдар атынан сөйлеп, суреткердің назарын өзі байқаған зәру мәселелерге аударып отыруы тиіс. Сыншы, бір жағынан, жазушы шығармашылығын аса маңызды әлеуметік, көркемдік мәселелерді шешуге бағыттап отырса, екінші жағынан, оның барысын (яғни жазушы жазған шығармаларды) қадағалап, нәтижесін айтып отырады. Қаламгердің сөз зергері ретінде қалыптасуына септігін тигізеді. В. Брюсов сыншының жұмысы ақынның шығармашылық жағынан өсуі үшін қандай кедергілер бар, одан шығар жолды көрсету деп білген[173]. Яғни, әдеби сын суреткердің әлеуметтік белсенділігін, көркемдік шеберлігін арттыруға көмектесуі тиіс. Л.Н. Толстой жазушыға сын оның намысын қозғап, жұмысқа жұмылдырғанда ғана пайдалы екендігін айтады[174]. Әрине, мұндай міндетті атқару сыншыға оңайлыққа түспейді. Жан-жақты білімділікті, кең, ой-өрісін, әлеуметтік белсенділікті, әдеби-публицистік шеберлікті қажет етеді. Сынды онша мойындамай, оған іш пыстырарлық іс деп қараған Л.Н. Толстойдың өзі "Белинскийді оқыдым... Пушкин туралы мақала — керемет. Мен енді ғана Пушкинді таныдым" дейді[175]. Бұл жерде әдетте кез келген оқырман байқай бермейтін, керек десеңіз, Толстойдың өзі де аңғармай оқыған көркемдіктің терең қатпарлы қыртыстарында жатқан ұлылықтың ұрықтарын қырағылықпен көріп, әлеуметке ұсына білген сыншы дарынына бас ию жатыр. Л. Леонов өз творчествосын зерттеп жүрген бір ғалымға мынадай мазмұнда хат жазады: "Сыншының ісі — (ол сырттан анығырақ көре алады) жазушы ағайынға өз мүмкіндігіне орай қанша өскенін көруге, өз дауысын, шығармашылық қалпын табуға көмектесу. Кейде біз құдайдың жарық дүниесінде өзіміздің түрлі қуыршақтарымызбен әуре болып, ылғи шығармашылықтың шылауында жүріп, мұндай істер қолымыздан келе бермеуі мүмкін"[176]. Бұл — әрбір суреткердің өз шығармасы жайлы сын мақаланы оқығанда іштей күтетіні. Ш. Айтматов "Сіз Гачевтің Жәмила туралы "Махаббат, адам, дәуір" атты кітабын оқыдыңыз ба? Мен оны өте қызыға оқыдым, мен одан өзім үшін көптеген жаңа нәрселер білдім"[177], — деп жазады. Бұл — сыншы сынының нысанаға дәл тиіп, қаламгердің болашақ шығармашылық жұмыстарына тікелей игі әсерін тигізетіндігіне дәлел. Н.В. Гоголь дарынды сыншының сынын көркем туындымен қатар бағалаған[178].

Шынтуайтқа келгенде, сыннан жоғары тұрған жазушы жоқ. Сын көрмеген шын бақытты жазушы емес. Дағыстанның атақты ақыны Расул Ғамзатов былай деп жазады: "Мені Дағыстанның халық жазушысы жасағанда, мен, әрине, халықтың бағалағанына бақытты сезіндім. Бірақ, Әбутәліп айтты: "Расул, бейшара. Енді сен туралы сын жазылмайтын болды"[179]. Дарынды жазушының жақсы шығармасы сында әділ бағасын алып жатады, нашар туынды сыналады, ортақол туынды қаға берісте қала беруі мүмкін. Сонымен

бірге атақ, абыройы зор қаламгердің қаламынан шыққанның бәрі де мықты болуы керек деп, жақсысы да, жасығы да мақтала беретін жағдай жиі кездеседі. Расул осыны меңзеп отыр. Бұл — жазушының творчестволық жағынан өсуі үшін шығармаларының күнделікті сында талқыланып отыруының пайдасы зор екендігін сезінгендік. "Әдебиет сынмен көркейеді. Бәйгеге қосатын атты жаратып, құйрық-жалын сүзіп жіберсе, көрікті болып, жұтынып шығады. Әдебиетке сондай күтім керек, сондай сын керек. Әсіресе, әдебиетті сынау біз сықылды жұртқа керек, өйткені бізде әлі жөнді әдебиет жоқ, бар болса — балапан, буыны бекіп, бұғанасы қатқан жоқ, әдебиетті тәрбиелей, мәпелей білсек, біздің де ақындарымыз, жазушыларымыз санатқа қосылады". Бұл сөздерді осыдан жетпіс жыл бұрын Ж. Аймауытов айтқан[180]. Күні бүгін айтылғандай, замананың, әдебиеттің лүпіліне дөп келіп тұр. Осындай пікірлерді қазақ әдебиетшілері көп айтқан. Солардың бірі белгілі қоғам, мемлекет, әдебиет қайраткері Смағұл Сәдуақасовтың мына бір пікіріне назар аударалық.

"Біз әдебиет туралы сөйлегенде екі-үш кісіні айналдыра бермей, барлық жазушыларды сынауға кірісу керек. Сонда ғана жас жазушылар әдеби тәрбие ала алады.

Қазақ әдебиетіне толық сын керек. Сынағаннан әдебиет ақсамайды, қайта сынның жоқтығынан әдебиетті тот басады. Жазушының қайрағы — сыншы"[181]. Иә, сын әдебиеттің қайрағы екендігін тамаша айтқан.

Шартты түрде айтсақ, сынға ұшырамаған жазушы өспейді. Сын — қаламгердің қанатын қатайтып, шығармаларын шыңдайтын үлкен әдеби сабақ. Сын ауылына соқпай кеткен қалам иесінің творчестволық қазанының бір қайнауы жетпей жататындай. В.Г. Белинский шын, күшті, дарынды, қатал жазылған қандай сын болса да өлтіре алмайды, ал одан өліп қалатын шын мәніндегі талант емес, олардың әдебиеттің көк айдынын лайлап жүргенінен өліп қалғаны артық; бір дарынсызды әдебиеттің қасиетті ауылынан қуса, ол әдебиет үшін өте пайдалы іс болар еді деп, шығармашылық мәселелерге келгенде сынның ешбір мәмілеге келмей, өте қатал болуын қалайды[182]. Суреткер сыншыдан қандай сөз күтеді? Ең алдымен халықтық, эстетикалық идеал тұрғысынан өз туындысының қалай бағаланғандығын күтеді[183]. Оқырман туралы, олардың нені оқығысы келетіні, талап-талғамдары туралы мағлұматтарды да осы мақаладан алып, оны алдағы шығармашылық қызметтерінде ескеріп отырады. Ал, мұндай сауалдарға суреткер жауап ала алмаса, ондай сынның қажеті шамалы.

Қазақ әдебиетінде түрлі себептермен сыннан тысқары қалып қойған, немесе одан "жоғары тұрған" жазушылардың болып келгендігі де рас. Оларда қоғамдық абырой-атақтардың бәрі бар. Ал, шығармашылық жағы қалай? Мұны айтуға сынның батылы жетпей келді. Бір жақсы нышан көрінсе, алдымен айқайлап қуанатын — сын. Әдебиетіміздің жағымды жақтарын айтудан сынымыз кенде емес. Ал, кемшіліктері дегенде кібіртіктей береді. Бererінен бергені көп үлкен суреткерлерімізді былай қойғанның өзінде, әдебиетіміздің ертеңі — жас жазушыларымыздың жазғандары жайлы да сынымыз пікір айтып үлгере алмауда, Әдеби сын цехының күрделі тексерісінен, жөндеуінен өтпеген, бапкерінің баптауын алмаған қаламгердің қаламы шығармашылық ұзақ сапарда бірде болмаса бірде мүлт кетуі әбден мүмкін. Көптеген шығармалардың, жазушылардың әдебиетімізде өзіне лайықты бағасын ала алмай келе жатуы — сынымыздағы елеулі кемшіліктердің бірі.

Сыншы мен жазушы арасындағы қарым-қатынастардың дұрыс болуы — әдеби өркендеу процесіндегі аса маңызды факторлардың бірі. Өкінішке орай, бізде осы мәселе жағында елеулі кемшіліктер бар. Сындағы жолдас-жоралық, топшылдық ниетпен, бақай есеппен жазылған мақалалар әдебиетіміздің дамуына көмектеспек түгілі, әрі-беріден соң кері әсерін тигізуде. Суреткердің жақсы шығармасы датталып, орта қол туынды мақталып жатса, бұл сынға да, әдебиетке де абырой әперетін құбылыс емес.

Сындағы тағы бір ұшқарылық — кейбір жазушыларымыздың сын көтере алмаушылығы. Әлдеқалай бір автордың кітабы хақында кемшіліктерін көбірек көрсеткен мақала жазыла қалса, ол жазушы сыншының артына "бақан алып" түсіп, кек алуға ұмтылады. Осындай жарамсыз қылықтардың салдарынан көптеген, әсіресе әлі буыны қата қоймаған жас сыншылар "абыройсыз" сынды тастап, әдебиеттің ғылымына, не көркем шығармашылыққа ауысып кетіп жатады. Ал, сында қалғандарының өзі "аш құлақтан тыныш құлақ" дегендей, "кекшіл" қаламгерлердің маңына да жоламай, өз жайына жүргісі келеді. Күн көрісі үшін марапат сындарымен ғана айналысуға тура келеді.

Бізде "сын әдебиеттен артта қалып келеді" деген сөз жиі айтылады. Әдебиеттің бар бөлесі сынға жабылады. Сынның көркем әдебиет алдындағы абыройлы міндетін абыройсыз орындап жүргені де бар. Бірақ, оны айта бергеннен гөрі, оның неге олай болып жүргендігіне назар салып, үңіліңкіреп қарай бермейміз. Сындағы сырқаулардың басты бөлесі осы сыншы мен суреткер арасындағы табиғи шығармашыл қарым-қатынастардың бұзылуында жатыр. Ал, дұрыс қарым-қатынастардың болмауы — жетпіс жыл бойы қалыптасқан әкімшілдік-әміршілдік саясаттың салдары. "Аузы қисық болса да, байдың баласы сөйлесін" дегендей, қалай айтса солай айтсын, партия, үкімет басшылығында отырған адам айтқан сөздер дұрыс болды. Олардың көркем өнер жайлы нұсқаулары шындықтың дәлелі ретінде сын-зерттеулерде үзінділер түрінде келтіріліп жатты. Партияның сөзіне табындық. Өзара пікір жарыстырып гу-гу болып жататын әдебиетшілер де, ғалымдар да партия сөзі дегенде тақ тұратын болды. Егер, әдебиетші партия не үкімет басшылығына іліне қалса, сөз жоқ, оның шығармалары да мақтала бастады. Творчестволық табысқа жетудің төте жолы партиялық жоғары лауазымға ілігу еді. Сонда ғана идеялық-көркемдігі жоғары "елеулі еңбектері үшін" әдебиет пен өнердің ең жоғары атақтарын, сыйлықтарын алу мүмкін болды.

Осындай саясаттың салдарынан бұрынғыларды былай қойғанның өзінде, күні кешегі М Мақатаевтың, Х.Есенжановтың, І. Есенберлиннің т. б. шығармалары көзі тірісінде өзіне лайықты бағасын ала алмады. Әдеби шығарма көркемдік қасиеттерімен емес, авторының қызмет, атақ дәрежесімен өлшенген тұстарда әдеби сын да осындай "аурумен" ауыруға мәжбүр болды. Шындықты тура айта алмай, қысымға түсті, жалған сөйлеп, күн көрістің қамына көшті. Қоғамдық-әлеуметтік жүйедегі, әдеби саясаттағы келеңсіздіктердің барлығы түптің түбінде сынға жабысып жатты. Сөйтіп, әдеби сын бар бәленің астында қалып, еңсесі езіліп, ездік күйге түсті. Сынның осындай "кеселіне", ыстық-суығы мол тауқыметіне шыдай алмаған кейбір сыншылардың әдебиеттің басқа да "тыныш" жақтарына кетіп жату себептерінің төркіні де осында еді.

Сыншы мен суреткердің бірінсіз бірінің күні жоқ. Әдебиетсіз сын жоқ десек, сынсыз да әдебиеттің өсіп-өркендеуі қиын. Мұны қаламгерлердің өздері де сезініп, шығармашылық үшін сынның аса қажеттілігін ескертіп отырған. А.В. Луначарскийдің "шын суреткер — сыншыл суреткер, сыншылдық — ұлылық"[184] дегені де осы жерде ойға оралады. Демек, жазушының жазғандарына сырттан сын айтылмағанмен де, ол оны ішкі сындарынан өтіп, өмірге келген екен. Қалай десек те, сыншыл ой-пікірлердің елегінен өтпеген көркем туынды болмайды. Әдеби шығарманың ертеңі үшін көркем ойлау мен сыншыл ойлаудың бірігіп қызмет ететіндігі көрінеді. Сонымен бірге сөз зергері өз сынынан басқа қоғамның атынан, оқырман пікірі ретінде айтылатын сындарға өте зәру. Өйткені, өмірге келген шығарманың бағын ашатын да, сорын қайнататын да осы — әдеби сын.

Қазіргі әдеби сынымыздағы жиі кездесетін бір кемшілік — ақылгөйлік. Сыншының сыны бастан-аяқ авторға ақыл айтудан, өзін жоғары ұстап, тек менікі дұрыс деуден тұратын болса, мұндай сындардың зияннан басқа ешбір пайдасы жоқ. Сыншы мен қаламгер бір-бірін тең ұстап, тең дәрежеде, ортақ іске үлес қосу мақсатында айтылған пікірлер ғана кәделі. Сын мақаланың бастан-аяқ шығарма авторына бағыштalып жазылуы да — елеулі кемшілік. Кезінде А. Фадеев біздің сыншыларымыздың көпшілігінің оқырман қауымға емес, тек жазушыларға арнап жазуға дағдыланып кеткендігін үлкен мін ретінде көрсеткен болатын[185].

Сыншы қыруар да күрделі міндеттерді ойдағыдай атқарып шығу үшін бірнеше "рольдерді ойнауға" тура келеді. Ол қоғамдық-әлеуметтік мәселелер төңіргенде сөйлегенде ғалым — философ, көркем шығарма жайлы жазғанда суреткер ретінде көрінсе, жазушыға тіл қатқанда бірде қоғам, ғылым атынан сөйлеп, енді бірде көпшілік оқырманның пікірін білдіреді. А. Толстой сыншыны қолжазбаны қолға алғанда, оның әр жолының тасасында тығылып жатқан бейнелерді іздеп тауып, сахнаға шығаратын режиссерге теңесе,[186] біз өз кезегіндегі оны өмір-жазушы-оқырман арасында түрлі рольдер ойнайтын актерға да теңер едік.

Сыншының бұл рольдерді қалай ойнап шығуы жалпы, оның сыншылық сирек дарынына тікелей байланысты.

Өмірде сыншы бұл рольдердің бәрін ойдағыдай орындай алмауы да мүмкін, міндетті де емес. Тек ғылыми тұрғыдан жазылған ғалымның, академиктің, профессордың, сонымен бірге өзінің субъективтік пікірлерін, ұнаған-ұнамағанын ғана айтқан қарапайым оқырманның да сыны бар. Оны жазған адам малшы да, егінші де, ұстаз да, қызметкер де болуы мүмкін. Сыни пікірлерді әдебиеттің академигінен бастап, қарапайым еңбек адамына дейін айтуға хұқы бар. Маман әдебиетші жазған сын мақаланың ғылыми сыпаты басым болса, оқырман пікірі нақтылы шығарманы қалың көпшіліктің қалай қабылдағанын білдіретіндігімен бағалы.

Сын дегеніміз — белгілі бір әдеби шығарманың жетістіктері мен кемшіліктері хақындағы пікірлер[187]. Әдеби шығарма өмір шындығын бейнелеп суреттейтін болса, сын осы көркем шындық табиғи құбылыстарды қаншалықты дәрежеде сәйкестендіріп көрсете алды, қандай әдістер қолданды, жаңалықтары қандай деген мәселелерді анықтауға ұмтылады. Өмір материалдарының өнер тілімен қалайша берілгендігін түсіндіреді. Сыншы, біріншіден, осы сәйкестікті анықтауға тырысады. Бұл мақсатына объекті болып отырған кітапқа жан-жақты талдаулар жасай отырып барып жетеді. Ал, өмір шындығының көркем шындыққа айналу кезіндегі жазушының еңбегін М. Горький бал жинаған араға теңейді, ол әртүрлі гүлдерден аз-аздан керектісін ала біледі[188]. Осындай қыруар бейнетпен жасалған көркем туындыны талдау — қиынның қиыны, күрделі процесс. Г.В. Плеханов көркем шығарманы талдау оның идеясын ұғынып, формасын бағалау, ол үшін оның мазмұны мен түрін қарастыру деп түсіндіреді[189].

Сыншы өзінің сыншылық қызметінде көркем шығармаларды талдау үшін қолына ұстаған әмбебап құралы ретінде әдебиеттану ғылымының ұғымдарын, терминдерін, заңдылықтарын кеңінен пайдаланады. Ол жетімсіздік танытса, жалпы қоғамдық ғылымдардан да өзіне қажеттісін алып, кәдесіне жарата алады. Шығарманың жалпы анатомиялық құрылымы, көркемдік сапасы, мазмұны мен түр бірлігі, негізгі идеясы, жаңашыл ізденістері, көркемдік әдістері секілді аса маңызды көркемдік компоненттері білімдарлықпен тексеріледі. Сыншы жаңа туындыны әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық тұрғысынан қарап, одан сәтті, жаңашыл нышандар іздейді. Әдеби процестегі ілгерішіл, жемісті ағымдарды анықтап, сол негізде әдебиеттің алғы даму жолдарын белгілеуі тиіс[190]. Әдеби дәстүрлердің бүгінгі даму ерекшеліктеріне назар аударады. Сонымен қатар, жаңа шығармадан жаңашылдық іздеп, қаламгерге бүгінгі күн тұрғысынан әрдайым биік талаптар қойып, әдебиеттің алдағы асуларын белгілеп отыруға міндетті. Бұл үшін сыншы оқ бойы алда жүріп, әдебиетті алға сүйрейді; ой-шұқыры көп беймәлім жолмен адаспай жүруге көмектесетін "құралдар" — ертеңгі күн ұсынып отырған жаңа көркемдік

талғамдар мен өлшемдер, "сәнді" сапалар мен құндылықтар дайындайды[191]. Сыншы шығарманы талдай алуымен бірге, оңдағы бұрын көрінбеген әсемдік құбылыстарын жіті байқай білетін нәзік эстет те болуы керек. Сұлулықты сезіне білу — сыншының бойындағы тума қасиеттің бірі. В.А. Жуковский айтқандай, әрбір сыншының басында сұлулықтың идеалы өмір сүруі тиіс[192]. Сыншы көркем шығармада жасалған көріністерге көңілі толмаған кездерде оның идеалды түрде қандай болуы керектігін көрсету мақсатымен көсіле жазып, қиялдың канатымен көркем суреттер жасайтын кездері де жиі кездеседі. Бұл — сыншының тек сөзбен ғана емес, іспен де әсері. Көтеріңкі леппен көркем жазылған сын мақалалар әдеби процестегі оның лүпілдеп соғып тұрған жан-жүйесі, жүрегі іспеттес. Мұнсыз әдеби сын қан-сөлсіз, жан жылуынсыз, қатып қалған, құрғақ ережелердің жүйесіне айналған болар еді. Сынға жан кіргізіп, әдебиетті алға сүйрейтін де — сыншының бойындағы осындай көріпкел қасиеттер. Әдебиет көшін ілгері бастай алмаған сын қанаты қайрылған қыран сияқты. Сөйтіп, әдеби шығарманы оқи отырып, оңдағы болашақ көркемдік даму өскіндерін көре біліп, әдебиеттің болашағына болжамдар жасау — сынның өміршең қасиеттерінің бірі.

IV ТАРАУ

ӘДЕБИ СЫННЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Жаңа туындыны талдау барысында сыншы оңдағы өзіне ғана тән ерекшеліктерді, әдебиетке келген жаңалықтарды ашады. Қаламгерлік қолтаңбасын анықтаумен бірге бұл шығарма жазушы шығармашылығына, одан қалды жалпы әдебиетке не қосты деген сауалдарға жауап беруге ұмтылады. Ал, бұларға жауап беру оңайға түспейді. Сыншы өзінің қабілетіне қарай алған объектісін барынша жан-жақты зерттейді. Өткен-кеткендегі, қазіргі әдеби құбылыстарды кеңінен зерттеудің нәтижесінде өз бағаларын береді. Бұл жерде сынның зерттеушілік, бағалаушылық қызметтері көрінеді.

Ұлы сыншы В.Г. Белинский "Сын туралы сөз" деген мақаласында шығарма өмірге келген соң, ол туралы қандай сөз айтылады, оның болашағы осыған тікелей байланысты деп жазған болатын[193]. Демек, жаңа шығарманың алдағы тағдыры сынның оны қалай қабылдауына тікелей байланысты. Әдеби сын әдебиеттің есігін ашқан әрбір жаңа шығарманы күллі қоғамның, оқырман жұртшылықтың атынан ресми түрде қарсы алады. Оны жалпы әдебиетке таныстырып, өзіне тиісті орнын белгілейді, бағалы болса төрді ұсынады, лайықсыз болса, қабылдамауға тырысады. Оның атын атап, әкелген "сыйлықтарын" айқындап, әдеби процестің қайнаған қазанынан өзіне тиісті сыбағасын алуы үшін қасынан орын береді. Дарынды туындының дер кезінде өзіне лайықты орнын алуы әдебиетіміз үшін аса маңызды. Ал, олай болмай, қағажу, шеттеу көрсе, ол да — сынның кемшілігі. Өйткені, қандай да бір шығарма болмасын, оның қолынан жетелеп әкеліп, "ел қатарына қосатын" да, немесе "отырса опақ, тұрса сопақ" қылып құртатын да — осы сын. Сын маңдайынан жылы сипап, қабылдаса, ол — шығарманың бағы ашылғаны, олай болмаса "пешенесінің бейнеті — бес елі".

Әрине, біздің бұл айтқандарымыздан барлық уақыттарда да осылай екен деген ұғым шықпасқа керек. Кейде аса дарынды жазылған шығармаларды әдеби сынның өз дәрежесінде қабылдауға өресі жетпей жататын, немесе түрлі жағдайлардың әсерінен елеусіз қалатын кездері де болады. Мысалы, кезінде М. Әуезовтің "Абай" романының алғашқы кітабы шыққанда, партиялық әдеби сын суық қабылдады. Бұлай болуына, бір жағынан, сол кездегі ресми әдеби саясат тура әсер етсе, екінші жағынан, сол кездегі оқырман қауымының өресі де жете бермеді. І.Есенберлиннің тарихи

романдары да осындай жағдайларды басынан кешірді. Бірақ, әдеби сынның ерте ме, кеш пе — әйтеуір шындықты бір айтуы, өзіне лайықты бағасын беруі хақ. "Абай жолы" эпопеясы әлемдік даңққа ие болды, ал І. Есенберлиннің тарихи романдары оқырмандардың аса сүйікті кітаптарына айналды.

Сыншы — көркем әдебиеттің де, әдебиеттану ғылымының да, одан қалды бүкіл әдеби процестің қолбасшысы. Ол күллі әдебиеттің, оның ғылымының ішкі мүмкіндіктерін, не бар, не жоғын, күш-қуатын саралап біле тұрып, алдағы алынар асуларға бастайды. "Жеңіске" жетудің жолдарын қамдайды. Әдебиеттің "қалың қолын" бастап, жаңа "шабуылдар" ұйымдастырып отыру — әдеби сынның басты мұраттарының бірі. Сыншыны бұл ретте әдебиеттің әрі тактигі, әрі стратегі деп қарауға болады. Кезінде А.Н. Толстойдың әдеби процестегі сыншының ролін сахнадағы режиссердің қызметімен салыстырғанындай[194], оны әдебиеттің режиссері деп те қарау керек. Бұл жерде әдеби сынның ұйымдастырушылық қызметі айқын көрінеді.

Сын әдеби өмірдің режиссері, реттеп отырушысы дегенде негізгі қызметті қаламгер мен оқырман арасында атқарады. Жазушының жаңа кітабын қолына ұстаған сыншы біресе авторына, енді бірде көпшілікке арнап сөйлейді. Екі жаққа екі түрлі тонменттіл қатып, актерлік шеберлік көрсетеді. Қаламгерге пікір айтқанда қалың көпшілікке арқа сүйеп, күшейіп сөйлесе, оқырмандарға жазушылардың, әдебиетші ғалымдардың өкілі ретінде келіп, солардың биік беделін тірек етеді. Осы екі жақты тіректерді дұрыс пайдалана білген кезде сынның абыройы асып, ықпалы арта түседі.

Суреткер мен оқырман — әдеби өмірдің екі полюсі[195]. Осы екі полюс көркем шығарма арқылы бір-бірімен қарым-қатынасқа түседі. Қаламгер мен оқырман арасындағы жағдайдың қалыпты болып тұруы көбіне сынның өз міндетін абыроймен атқаруына байланысты. Сыншы суреткердің жазғандарына көңілі толмай жатса, оқырманның атынан оған үлкен міндеттер жүктейді; егер шын шығарманы оқушылардың қабылдауы қиын болып жатса, онда ол жазушының, әдебиеттану ғылымының атынан көмекке келіп, дұрыс түсінуіне көмектеседі.

Әдеби сынның негізгі аудиториясы — оқырман қауым. Ол өзінің басты қызметтерін оқушы жұртшылыққа жасайды. Оқырмансыз сын да жоқ. Әдеби сын негізінен көпшілікке арналып жазылады. Оның әдебиеттің ғылымынан бөлінер, "еншіге алғаны" да осы — қалың оқырманға қызмет ету. Әдебиеттану ғылымы көбіне арнайы мамандарға арналса, сынның әрекет жасау ауқымы, өрісі кең, ол бүкіл оқушы жұртшылыққа бағышталып, әлеуметтік салмағы арта түседі.

Әдеби сын оқырмандарға негізінен суреткер туралы, оның шығармашылығы жайлы, жалпы өнер туралы мағлұматтар берумен қатар, әңгіме болып отырған шығарма жайлы пікірлер де ұсынуы қажет. Ал, оқырманның әдеби, эстетикалық талғам дәрежесі әртүрлі деңгейде екенін ескерсек, пікірді айта салғанмен оны көпшіліктің түсіну-түсінбеуі тағы да

екіталай. Сондықтан да нақтылы шығарма туралы белгілі бір пікірді ұсынбас бұрын арнайы дайындықтар керек. К. Маркс айтқандай, "егер сен өнерден сусындағың келсе, көркемдік туралы білімдар адам болуың керек"[196]. Сыншы өзі жан-жақты білімді болуымен бірге, өзінің пікірін қабылдату үшін жұмыстар жасайды. Сыншы көркем шығарманың қыртысты қатпарларын оқушының дұрыс ажырата білуі үшін соған тікелей көмектесетін әдеби, эстетикалық ілімдерді де қоса ұсынады. Күрделі көркем күмбездің тек сыртқы сәулетіне қызығып, қанағаттанып қалмай, ішкі жиһаздарында көріп, тамашалап шығуға итермелейді. Әрбір жолдың жағасында жатқан, жай көзге іліне бермейтін нәзік, әсем суреттерді көре білуге көмектеседі, үйретеді. Соңан кейін барып, жаңа шығарма жайлы өз ойларын ұсынады. Бұл жерде сынның танымдық және бағалаушылық қызметтері айқын көрінеді. Демек, сыни мақалалар әдебиеттану ғылымының, одан қалды бүкіл қоғамдық ғылымдардың оқырманға аса қажетті білімдерін ұсына отырып, олардың танымдық ой-өрісінің арта түсуіне қызмет етеді екен. Сын мақалаларда белгілі бір пікірлермен, бағалаулармен қатар теориялық ілімдер де оқырманға ұсынылып жатты.

Әдеби процесте болып жатқан күрделі өзгерістерді кез-келген жай оқушы көре білмеуі мүмкін. Міне, сын оқырманды әдебиеттің осындай ормандарының ішімен адастырмай, тура жолмен бастап жүруге тиісті. Сыншы мұраты — жай адамның көзі байқай бермейтін жердегі сұлулықты көре білу, тәжірибесіз адам көре алмайтын кемшіліктерді әшкерелеу[197]. Л. Толстой әдеби сын жазылған көп кітаптардың ішінен қайсысын оқу керек деген аса маңызды сұраққа жауап беруі керек десе[198], В. Воровский сынның міндеті әдебиет атын жамылғандардың ішінен асыл дәндерін бөліп шығарып, оқырманды жалған әдебиеттен сақтандырып, мәңгілік, шын әдебиетке бағыттап отыру деп жазады[199].

Әдебиет — сөз өнері. Сондықтан да әрбір жаңа шығарма өнер туындысы ретінде қарастырылып, оқырманның эстетикалық қажеттілігін өтеуге тиісті. Эстетикалық қажеттілік — адамның рухани өміріндегі туа біткен қасиеттерінің бірі. Адам табиғатынан сұлулыққа құштар. Адам өз өмірінде табиғаттың, өмірдің сұлулығынан сусындаумен бірге ақыл-ой дамуының жемісі — өнер туындыларынан да нәр алады. Шын мәніндегі өнер шығармасы еліктірерлік үлгілер жасау арқылы адамдарды жақсы өмір сүруге үйретеді, алға ұмтылдырады, жақсы қасиеттерді көрсетіп, тәрбиелейді[200]. Сонымен бірге көркемөнер туындыларын оқып, ондағы әдемілікті сезініп, әсемдіктен ләззат алу үшін оқушының белгілі бір дәрежеде эстетикалық дайындығы, білімі болу керек. Ал, осы оқырмандарды әдеби эстетикалық жағынан тәрбиелеп, көркемдік дамудың деңгейінде қалыптастырып отыру, аудитория дайындау — сынның өрелі міндеттерінің бірі. Сөйтіп, әдебиетіміздің эстетикалық татымды табыстарын халықтың игілігіне айналдыруда күнделікті әдеби сын зор қызмет атқарады екен. Бұл жерде әдеби сынның оқырмандардың

эстетикалық талғамын тәрбиелеудегі қызметі орасан. Сөз өнерінің көркем қырларындағы әдемілікті сезіне біліп, эстетикалық ләззат алу қарапайым оқырманға оңайға түсе бермейді. Шығарма мен оқушының арасындағы осы алшақтықты жою үшін әдеби сын эстетикалық тәрбие жұмыстарын жүргізуге мәжбүр. Герцен Белинский еңбегінің маңызды жағы деп, сол кездегі оқушы жастардың барлығы ұлы сыншының мақалаларымен тәрбиеленіп шыққандығын, жұртшылықтың эстетикалық талғамын қалыптастырғанын, орыстың бүкіл ой-пікіріне куш-куат бітірген айтады.[201] Адам өмірінің басты мәні жарық дүниедегі тұрмыс-тіршіліктің қызығынан рахат табу болса, эстетикалық ләззат та — осының аса мәнді жоғары түрі. Жан-жақты білімдарлыққа, парасаттылыққа негізделген эстетикалық тәрбие жұмыстарын жүргізуде сынның ролі де айтарлықтай. Әдеби сын өзінің осы эстетикалық тәрбиеші қызметін атқару үшін түрлі көркемдік тәсілдерді (әсерлі жазу, стиль айқындылығы, логикалық ойдың айшықты берілуі, т.б.) кеңінен қолданады. Сын мақалаларында мұндай мақсаттың қойылуы, оны табиғи түрде өнермен жақындастыра түседі.

Әдеби сынның тәрбиелік қызметінің аясы өте кең. Адамдардың дұрыс эстетикалық талғамын қалыптастырумен қатар әдеби сын бүкіл адамгершілік тәрбие жұмыстарына соқпай өте алмайды. Сыншы нақтылы шығарманы тілге тиек ете отырып, белгілі бір ғылыми көзқарасты ұсынады, адамгершіліктің биік үлгілерін үлгі тұтады. Сонымен бірге жас ұрпақтың сана-сезімінің, мінез-құлқының қалыптасып, өмірде дұрыс жолын табуына, еңбек ете білуге, отаншыл, ұлтжандылық сияқты биік қасиеттерді бойына сіңіруіне тікелей араласады. В. Белинский айтқандай, "сын қоғамның тәрбиешісі болуға тиіс"[202].

Жалпы алғанда, әдеби сын адамдардың дұрыс өмір сүруіне, өзіне лайықты орнын табуына көмектеседі. Өмірдің, табиғаттың құбылыстарын ғылыми тұрғыдан түсіне алатын, өнер туындыларының эстетикалық ләззатына бөлене білетін, рухани жағынан бай парасатты адамдарды тәрбиелеу қызметінде жалпы адамзаттық құндылықтармен қатар, халықтық, ұлттық мүдделерді де басшылыққа алып отырады.

Әдебиет сыншысы атқарар маңызды қызметтің бірі — үгіт-шілік-насихатшылық. Сыншы әдеби өмірдегі нақтылы фактілерді талдап, бағалау арқылы қоғамдық сананы дұрыс бағытта қалыптастыруға көмектесетін кітаптарды ғана оқырмандарға ұсынады, немесе зияндыларынан сақтандырады. Көркем сөз өнерінде болып жатқан жылт еткен жаңалықтарды дер кезінде оқушылар қауымына үгіттеп, жақсы дүниелерді оқуға ұсынып отырады. Нәрсіз нәрселерді алдын ала ескертеді. Түрлі әлеуметтік зерттеулердің нәтижелеріне қарағанда, оқырмандардың елу процентке жуығы оқитын кітабын сыни пікірлердің көмегімен таңдайды екен.

Жаңа шығарма туралы, сын алғаш не айтты, қоғамдық пікір қалай туды, жаңа кітаптың келешегі көбіне осыған байланысты. Әдебиет әлемінің есігін алғаш ашқан шығарманың тағдыры оны әдеби сынның қалай қабылдауына тікелей қатысты: жылы сөз айтылса, ол шығарманың мәртебесі үстем, ал бірден сыналса, оны оқырмандар да оқымайды, ешқандай пікір айтылмаса, елеусіз қалады. Сынның үгітшілік қызметін көбіне аннотация, рецензия жанрлары атқарады. Оларда жаңа кітаптың шыққандығы, тақырыбы, несімен құндылығы көрсетіліп, оқырманды осы жаңа кітапты оқуға үгіттейді. Сынның насихатшылық қызметі әдебиеттің алдында тұрған өзекті мәселелерді көтерген проблемалық мақалалар арқылы оқырманның жалпы әдебиетті білу, оны дұрыс түсініп, талдай алу қабілетін арттыру мақсаттарынан көрінеді. Әдеби процесте болып жатқан күрделі құбылыстарды кез келген оқырман дұрыс түсіне алмауы мүмкін. Міне, осы жерде оған әдебиеттің сыны көмекке келіп, әдебиеттану ғылымына сүйене отырып, әдеби жаңалықтарды түсіндіреді. Түсіндірумен бірге белгілі бір ғылыми білімдерді де қоса насихаттайды. Бұл жерде сынның насихатшылық қызметі оның танымдық функциясымен ұштасып, оқырмандардың жалпы әдебиет туралы білімдерінің қалыптасып, арта түсуіне көмектеседі.

Әдеби сынның тағы бір қызметі — қоғамдық өмірді зерттейтіндігі. Көркемдік процесс өмірден басталып, өмірмен аяқталатындығын ескерсек, сыншы қызметінде бұл мәселе аса маңызды орын алады. Сыншы белгілі бір шығарманы талдаумен ғана шектеліп қоймайды, сол арқылы өмір құбылыстарын да зерттейді. Көркем туындыда өмір шындығы қаншалықты дәрежеде, қалайша көрініс тапты, міне, сыншының алдымен қояр талабы — осы.

Д.И.Писарев сыншы суреткердің суреттеліп отырған предметке деген көзқарасын ғана айтып қоймай, оны өзі де аса мұқият зерттеп, ойланып, осы мәселені өзінше шешуге ұмтылуы тиіс, әдеби шығармада бейнеленген өмір құбылыстары жайлы сыншының өз пікірлері міндетті түрде көрінуі аса қажеттілігін ескерткен болатын[203]. Демек, сыншы нақтылы кітапты талдай отырып, жазушымен бірге қоғамдық өмірдің маңызды деп тапқан тұстарына барлау жасап, өзінің пікірлерін де қосады екен. Қаламгер әлеуметтік мәселелерді дұрыс көтеріп отырса, дұрыс деп қолдайды. Егер, қосылмайтын болса, өз шешімін ұсынады. Көркем шығармада көрініс тапқан ұнамды құбылыстарды қостау арқылы, ұнамсыз жақтарын сынау арқылы қоғамдық құрылысымыздың жақсара түсуіне септігін тигізеді; қоғамдық процеске жол бастайды. Мысалы, Ш. Айтматов шығармаларында көтерілген адамгершілік, табиғат экологиясы тақырыптары баспасөз бетінде қаншама дау туғызып, түптеп келгенде осы мәселелер жайлы үлкен-үлкен қоғамдық пікір алысуларға ұласты.

Белинский сындарының мықты жағы да осы қоғамдық өмірдің кеселді жақтарын барынша сынап, болашақтың өскін өркендері жайлы өнімді пікірлер айта білуінде жатыр. Сондықтан да, Белинскийдің сындары оны әдебиеттің жоқшысы ғана емес, қоғамның болашағы үшін күрескер

дәрежесіне дейін көтереді. Ал, сынның осы қасиеті сыншының өмірді жақсы білуін қажет етеді. Қоғамдық құбылыста болып жатқан түрлі құбылыстарды қалт жібермей, қадағалап, зерттеп, дұрыс түсіне білген сыншы ғана сол өмірдің көркем бейнесі болып табылатын әдебиет жөнінде, сол әдебиетті қоғамның қозғаушы күшіне айналдыратын әлеуметтік бағдары жайлы да пайдалы пікірлер айта алады. Бұл жерде сын әдебиеттің қоғамдық өмірге қызмет ете түсуіне септігін тигізеді. Әдебиеттің өмірмен байланыстылығын нығайтып, өзі де өміршеңдік сипат алады. Егер, әдеби сын шығармаға көркемдік талдаулар жасаумен ғана шектелсе, онда "өнер-өнер үшін" деген қағиданы басшылыққа алған болып шығар еді. Ал, әдебиетпен бірге, қоғамдық мәні бар зәру мәселелерді көтерсе, адамдардың әлеуметтік тұрғыдан дұрыс бағдар алып, "өнер — адам үшін" қағидасын жүзеге асырғандық болып табылады. Сонымен, әдеби сын қоғамымызды әлеуметтік тұрғыдан зерттеп білуге көмектесетін қолайлы жолдардың бірі екендігі анық.

Қорыта айтқанда, көркемдік дамуда сыншы — аса күрделі тұлға. Әдеби процесс өмір-суреткер-шығарма-оқырман-өмір жолдарынан тұратын болса, сыншы осы сатылардың барлығында дерлік аса белсенді қызмет атқарады. Бірде оқырман атынан, енді бірде жазушылар атынан, одан қалды бүкіл қоғам атынан да сөйлеп, әдеби процесті, қоғамдық пікірді ұйымдастырушы, әдебиетті зерттеуші, бағалаушы, оның жылт еткен жаңалықтарын үгіттеуші, насихаттаушы, оқырмандарға білім таратушы оқытушы, тәрбие беретін тәрбиеші функцияларын атқарады. Мұншама қыруар міндеттерді атқару сыншыдан жан-жақты дарын иесі болуды талап етеді.

V ТАРАУ

ӘДЕБИ СЫННЫҢ ПРИНЦИПТЕРІ

Сыншының әдебиетті талдаушылық, бағалаушылық қызметінде басшылыққа алып, ұстанып отыратын қағидалар бар. Олар әдеби сынның принциптері деп аталынады. Жалпы алғанда, принцип дегеніміз, зерттеу барысында басынан бастап басшылыққа алынып отыратын идея, негізгі идея[204]. Таратыңқырап айтсақ, теорияның тірек болар негізі, қалыптасқан ережесі, танып-білу заңы, сыншының нақтылы жағдайларда ұстанатын тәртібі. Әдеби сынның барлық жақтарына тікелей қатысты жалпыға ортақ, қалыптасқан негіздері, сыпатын анықтайтын талаптары, ережелері. Сонымен, принциптің әдебиетті талдау ғылымында оның барлық салаларына тікелей қатысы бар, ортақ, орталық ереже, ғылыми жүйенің негізі екендігі көрінеді.

Әдеби сынның принциптері — сынның әдебиетті талдаудағы оқырмандарды эстетикалық тұрғыдан тәрбиелеудегі бүкіл мазмұнын, бағытын, ұйымдастырылуын, әдістерін айқындап отыратын негізгі ғылыми қағидалар. Бұлар әдебиетті зерттеу істерінде жеке дара қолданылмайды, бір-бірімен тығыз байланысты болып, көбіне бірлікте пайдаланылады. Олар сыншылық қызметтің ба рысында жалпы әдеби талдауларға ортақ сыпат танытады. Сондықтан да қажетті принциптерді жақсы білу, қатаң ұстану — сыншылық қызметтің дұрыс бағытта, жемісті болуының бірден-бір шарты. Бұл принциптер әдебиеттің сынымен, ғылымымен бірге пайда болып, қалыптасқан, әбден сыннан өткен бірден-бір ғылыми жолсеріктер болып табылады. Олар белгілі бір дәрежеде сол ғылым саласының даму деңгейін де аңғартады.

Принциптер ғылыми әдіснама мен әдістердің негізін құрап, айқындайтын басты құрал ретінде көрінеді. Әдебиетті зерттеу барысында басшылыққа алынатын басқа қағидалар да жетіліп, тәжірибеден өтіп, алдағы ғылыми ізденістерге пайдалану үшін дайын стандарт қалыптар ретінде өмір сүреді.

Ғылыми дамудың тарихи кезеңдерінде әртүрлі принциптерді басшылыққа алған түрлі ғылыми мектептердің болғандығы белгілі. Әдебиетті зерттеу ғылымында қолданылып жүрген қазіргі принциптер — ұзақ уақыттар бойғы ғылыми ізденістердің нәтижесінде сұрыпталып, сыннан өткен орныққан қағидалар. Диалектикалық материализмнің негізінде әдебиетті танып-білу мақсатында даңғыл жолды көрсететін ғылыми зерттеу принциптерін

басшылыққа алып отыру сынның сапалық дәрежесін аңғартады. Бұл қағидалар субъективті ережелер түрінде өмір сүреді де, теориялық ілімдердің тәжірибеде дұрыс бағытта қолданылуына мүмкіндіктер туғызады. Әдеби құбылыстардың тәжірибесіне ғылыми қорытындылар жасауға тікелей көмектеседі. Сыншыны әдебиетті талдау барысында оның мәні мен маңызын ашуға бағыттап, қолындағы жол көрсететін құралдай қызмет етеді. Белгілі бір принциптерді басшылыққа алмаған сыншы еңбегінің нәтижесі де шамалы. Әсіресе, сыни мақалалардың бойынан оның шыншылдығы, тарихшылдығы, өмірмен байланыстылығы, ғылымилығы, жауынгерлігі сияқты принциптер анық көрініп тұруы керек. Бұлардың біреуі жетіспесе, ондай сын — жарымжан сын.

Әдеби сынның принциптерін шартты түрде екіге бөлуге болады. Бірінші топқа сынның бағытын, мазмұнын айқындауға қатысты принциптер кіреді. Олар:

— идеялылығы;
— шыншылдығы;
— өмірмен байланыстылығы;
— халықтығы;
— ғылымилығы;
— тарихшылдығы.

Екінші топқа сынды жүргізудің әдістеме (методика) жақтарына қатысты құралдарын (газет, журнал, жинақ, т. б.), жанрлық түрлерін (рецензия, мақала, фельетон, дөңгелек стол, сұрақ-жауап, т. б.), аудитория ерекшеліктерін ескеруге қажетті, яғни оның тиімділігін арттыруға көмектесетін принциптер жатады. Олар:

— жауынгерлігі;
— жүйелілігі, жинақтылығы (комплектілігі);
— түсініктілігі;
— оқырмандар аудиториясын ескеріп отыру;
— ұтымдылығы, ыңғайлылығы (оптимальность);
— әсерлілігі;
— актуальдығы, т. б.

Бұл принциптер бір-бірімен тығыз байланысты өмір сүреді. Әдетте аражігін ажыратудың өзі қиынға соғады. Сыншылдық тәжірибеде принциптер біртұтас ережелер жиынтығы ретінде әрекет етеді.

ӘДЕБИ СЫННЫҢ ИДЕЯЛЫЛЫҒЫ

Әдеби сынның идеялылығы дегеніміз, сыншының талданып отырған көркем шығармада бейнеленген оқиғаларға, көтерілген мәселелерге қатысты белгілі бір көзқарастарының болуы. Әдебиеттің екі жағы бар. Біріншісі — оның идеялық мазмұны, екінші — көркемдік сипаты. Шығарма нақтылы бір идеяларды көркемдік құралдар арқылы жеткізуге тырысады. Айтар ойы жоқ көркем әдебиет те болмайды. Бұл жерде әңгіме саяси бағыт туралы емес, кез келген көркем туынды өмір, қоғам, адамдар хақында ой қозғау мақсатымен жазылатындығы анық. Ал, батыстағы өнердің бейтараптылығы, идеясыздығы туралы теориялардың негізінен әдебиеттегі саяси идеяларға, оған абсолютті мән беруге қарсы екендігі көрінеді. Сонымен бірге жалпы идеялылық атаулыға келіспейтіндер де бар. Бұлар — "өнер өнер үшін" дейтін, әдебиеттің адамдарға қызметін жоққа шығаратын екінші ұшқарылықтың көрінісі. Қалай дегенмен де ойсыз шығарма жазылмайды, жазыла қалған күннің өзінде ешкімге қажеті шамалы — оқылмайды.

Әдеби шығарма көркем де келістіре айтыла білген идеяларымен құнды. "Өнер — көзқарастың бейнелі көрінісі"[205]. Идеялық мазмұн нәрсенің көркемділік құндылығының әліппиі (альфасы мен омегасы)"[206]. Ал, енді көркем шығарманың идеялылығын анықтау сынға да оңайға түспейді. Оның себебі — суреткердің айтар ойын барынша көркемдіктің көрпесімен қалың орауға тырысатындығы, содан барып жай көзге көріне бермейтіндігі. Ф. Энгельс "автордың көзқарастары неғұрлым тереңірек тығылса, ол өнер туындысы үшін соғұрлым жақсы"[207] дегені бар. Сыншы жай адам әдетте байқай бермейтін сұлулықты көре біліп, оның сыр-сипаттарын ашып бере білуімен қадірлі. Мысалы, ұлы Абайдың өлеңдері жайлы Ахмет Байтұрсынов былай деп жазады: "Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес, олардың сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың. Кей сөздерін ойланып, дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқысаң да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі.

Сондықтан, Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ, олауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда

айып жазушыда емес, оқушыда"[208]. Ахмет айтқандай, "баяндап ұқтыратын" — сыншы. Сыншыға оны көре білу үшін дүрбі керек. Ол — өнер туындысын талдай білуге қажетті білім мен эстетикалық талғам. Сонда ғана барып сыншы көркемдіктің қатпарларында тығулы жатқан идеяларды таба алады, оқырмандарға кітапты оқығанда қай жерінде қандай нәрселер жатқанына назар аударып, ол ойларды дұрыс ұғынуына көмектеседі.

Идеялық категориясы идеалұғымымен тікелей қатысты. Идеал — халықтың ақыл-ойының алға ұмтылған көрінісі, биік эстетикалық талғамның өлшемі. "Шіркін, осылай болсайшы" деген халықтың асқақ армандарының көркем бейнесі. Идеалдар құрғақ иялдан туа салған нәрсе емес, ол да — белгілі бір дәрежедегі өмір шындығының көрінісі. Арман — идеалдар күнделікті өмірден бастау алып, олардың әлеуметтік тұрмысын, рухани өмірін жақсартуды негізгі мақсат етіп, жарқын болашақ үшін күреске бастайды. Ұшқыш кілем, зымыран құс, сақұлақ, зәмзәм суы, әділ патша, бақыт құсы сияқты ауыз әдебиетіндегі көптеген кейіпкерлер — халықтық идеалдарды бейнелеуге құрылады. Ол идеалдар қоғамдық өмірдің тікелей қажеттілігінен туындап отыруы керек. Әр дәуірдің өз идеалы, адамгершілік нормалары бар. Мысалы, төңкеріске дейінгі, қазіргі кездердің идеалдарын салыстырып қарауға болады. Белгілі бір идеалдардың көрінісі, жүзеге асырушысы ретінде бейнеленген кейіпкерлерге баға бергенде оның негізгі өлшемі халық санасында әбден қалыптасқан қоғамдық-эстетикалық идеал болады[209]. Әдеби сынның алдында көркем шығармада көрініс тапқан халықтық эстетикалық, идеалдардың қаншалықты дәрежеде екендігін анықтау міндеті тұрады. Ал, ол идеалдарды танып білу дегеніміз, екінші жағынан, шығарманың идеясын да анықтау деген сөз.

Халық арманының шексіз екендігіне байланысты көркем әдебиетте де соның бәрі болмағанымен де автор маңызды деп тапқан біразы көрініс табады. Сыншы солардың ішінде адасып кетпей, маңызды, басты идеяларды суреткердің аса мән беріп отырған мәселесін дәл айырып, оқырмандардың дұрыс түсінуіне көмектесуі керек. Бұл идеялар шығармада дұрыс шешімін тапса, сыншы оған қосылатындығын білдіреді, қате деп санаса, өз тарапынан келіспейтін ойларын айтады.

Жалған идеяларға негізделген өнер туындылары да кездесіп қалады. Олар қаншама талантты жазылғанымен де өмірі ұзаққа бармайды. Әдетте дарынды жазушылар озық идеяларды бейнелей білген шығармалармен құрметтеледі. Демек, көркем әдебиеттің халықтың бақытты өмірге ұмтылысын айқындайтын терең ойлы армандарға негізделуі қажетті шарт екен.

Сыншы көркем шығармаға өзек болып, бастан-аяқ арқаудай созылған негізгі идеяларды анықтап алған соң, оны қолдайтындығын, немесе қолдамайтындығын нақтылы дәлелдермен білдіреді. Бұл идеяның не себептен көтеріліп отырғандығын, оның қажеттілігін (қажетсіздігін) түсіндіруге кіріседі. Әдебиетте көрінген идеалдарды, немесе оның пайда

болуының әлеуметтік себептерін, жағдайларын ашпай әңгімелеу қиын. Сыншы шығарманың идеялық бағытын қоғамның болашаққа ұмтылысы тұрғысынан қарастырып, несімен қажет, пайдалы деген сауалдарға жауап береді. Ол үшін көркем шығарманы тұтастай зерттеп, өзі маңызды деп тапқан тұстарына шұқшия үңіліп, автор көтеріп отырған негізгі ойлардың өрбуін, пісіп жетілуін қадағалап, ең соңында "дайын" идеяларды оқырманға ұсынады. Негізгі ой алашаның арқауындай шығарманың өн бойына тартылып, көптеген қосымша идеяларды біріктірген деталь, оқиғаларды суреттеудің барысында, солардан құйыла келіп, үлкен арнаға айналады. Басты идея — өнер туындысының басынан аяғына дейін бейнеленген көптеген ойлардың жиынтығы, темірқазығы. Бүкіл шығарма, онда суреттелген оқиғалар осы басты идеяны жан-жақты, әр қырынан көрсетуге қызмет етеді. Сыншы көркем шығарманың өзекті ойын анықтау үшін оны бүкіл өн бойынан іздеп, тапқан соң барып, негізгі мәселелерді талдауға көшеді. Бұл жерде сыншыға өнер туындысын жан-жақты (комплексті), жүйелі түрде (системность) қарастыру қажеттілігі туады.

Шығарманың идеялық бағытын анықтау бір жағынан оңай сияқты көрінгенмен де, жоғарыда айтылған жағдайларды ескеретін болсақ, бірден қанжығаға байлана салар оңай нәрсе емес. Көркем шығармада оның идеясының қатыссыз жері жоқ. Ол — өнер туындысының бүкіл көркемдік болмысын айқындайтын аса маңызды категория. Шығарманың тақырыбынан, онда суреттелетін әрбір фактіден, детальдан, сөз қолданудан, сөйлемнің ішкі ырғағынан бастап, түрлі көркемдік құралдарына сюжеттік-композициялық құрылымына дейін тікелей оның идеясына қатысты, бағынышты болып, оған қызмет етеді. Сондықтан да көркем әдебиетті талдау оны танып, білудің бірінші сатысы (Плеханов), кілті болып табылатын оның идеялық бағытын анықтаудан басталады.

Әр нәрсенің мөлшері болатындығы сияқты, көркем әдебиеттің идеялық жағын қарастыруда да шектен шығып кетуге болмайды. Әр сөздің, сөйлемнің детальдың артында тығылып жатқан "жасырын" ойларды "тырнақ астынан кір іздегендей" іздей берушілік, күдік келтірушілік түбінде жақсылыққа апармайды. Көркем әдебиеттің басты мақсаты ой айту деп, оның тек идеялық жағына мән берушілік күні кешеге дейін сынымызда түрлі солақайлықтарға апарып соқтырғандығы мәлім. Шығарманың идеялылығына таптық тұрғыдан келгенде әдеби сын әдебиеттің саяси үкімшісі қызметін атқарып, көптеген қаламгерлердің тағдыры шешіліп, күйе жағылды. Мұндай келеңсіз жағдайлардың орын алуы өнердегі идеялық және көркемдік жақтарының бөліп қарауға келмейтін біртұтастығын ескермегендіктен, білмегендіктен болса, екінші жағынан, содырлы саясаттың әдеби сынды әдебиет майданындағы қолшоқпары ретінде пайдалануының салдары еді. Кейіннен мұндай жағдайлар айыпталып, өнер шығармасының идеялық, көркемдік жақтарының тепе-теңдігін сақтай

отырып қарастыру қажеттігін өмірдің өзі көрсетті.

Сонымен, идеясыз көркем әдебиет те жоқ, керісінше әдебиетсіз көркем идея да жоқ. Екеуі — әдебиеттің негізгі екі қыры. Идея оның ішкі сыры, өзегі де, көркемдігі — сыртқы жағы, идеялық мазмұнының өмір сүру формасы. Екеуі бір-бірімен тығыз диалектикалық байланыста. Бірі ақсап жатса, өнер туындысы да жоқ. Шын мәніндегі көркем туындыда осы екі жағы бір-біріне сай келіп, үйлесім тауып жатады. Әдеби сынның мақсаты да осы идеялық және көркемдік сипаттардың бір-бірімен үйлесім тауып жатқандығын, жатпағандығын анықтау болып табылады. Шығарманың "идеялық-көркемдік сипаты" деп, қосарланып, бір сөзбен айтылуы да екеуінің бөлінбес біртұтас қасиеттерін аңғартса керек. Бұдан шығатын тұжырым, әдебиеттің идеялылығын оның көркемдігімен бірге қарастырғанда ғана жемісті болмақ.

Озық әдебиеттің озық идеяларға сүйенетіндігі секілді, алдыңғы қатарлы әдеби сын да кемел әдебиетке арқа сүйейді. Сыншы да суреткермен ой жарыстырып, қоғамның аса маңызды мәселелеріне үн қосады. Белинский сындарының өміршеңдік қасиеттері өз кезіндегі әдебиетті тілге тиек ете отырып, көптің көңілінен шыққан озық ойларды көтере білуінде жатыр. Тәуелсіздіктен кейін қазақ әдеби сыны да әдебиетіміздегі халықтық идеяларды көтере білді. Бірақ, ол кезде халықтық идеялар емес, билеуші таптарға таптық мүдделер қымбат болғандықтан да оларға тосқауыл қойылып, сыңаржақ сындарға өріс ашылды.

Өмір қаншалықты күрделі болса, қоғамдық идеялар да соншалықты қайшылықты. Уақытша идеялар бар да, өмір бойы жасап келе жатқан халықтық идеялар бар. Мысалы, отанға, ата-анаға, сүйген жарға деген махаббат тарихы қаншама жырланды десеңізші. Бірақ, әлі ескірмей келеді. Себебі, әр дәуір бұл тақырыпқа өз үлесін, түсінігін қосып, жаңаша қырынан тануда. Дара дарындардың шығармаларында сүйіспеншілік идеялары жаңаша мазмұнмен, жаңаша түрмен көрінуіне байланысты бір-біріне ұқсамай соңылық танытуда. Әдеби сын белгілі бір шығарманы, не қаламгердің туындыларын сөз еткенде олосы тақырыпты игеруде қаншалықты дәстүрдің ізімен кетті, қаншалықты жаңашылдық танытып, үлес қосты деген сауалдарға жауап беруге ұмтылады. Бұрынғы айтылған ойларға қосары бар ма, болса олқандай идеялар екендігін атап көрсетудің маңызы зор.

Тұжыра айтқанда, шын суреткер айтар идеялары бар болып, соларды айтпауға болмайтын кезде барып, көркем шығармасын жазатын болса, сыншы да оны оқып шыққан соң не қосып айтар, не қарсы болар ойлар туғанда ғана қолына қалам алып, мақаласын жазуы керек. Ондай ойсыз, кітапта берілген ойларды не қостайтындығын, не қолдамайтындығын білдіріп, қайталап шыққан сыншының еңбегін ешкім де керек қылмайды. Көркем әдебиеттің қоғамдық өмір жайлы ойларын ашып көрсетіп, адамға ой саларлық пікірлерді қара қылды қақ жарып айтқан философиялық сындардың зәрулігі анық.

ӘДЕБИ СЫННЫҢ ШЫНШЫЛДЫҒЫ

Әдеби сынның басты қызметі — әдебиет әлеміндә болып жатқан құбылыстар жайлы қара қылды қақ жарып шындықты айту. Бұл — әдеби сынның туа біткен, маңдайына жазылған, ешкім таласпайтын үлесі. Сын өз қызметін шындықты айтқан кезде ғана атқара алады. Ал, түрлі жағдайлардың әсерімен әдебиеттің шындығы айтылмаған жағдайда сынның да қадірі түседі, тіпті сын жоқ дегенге дейін әкеледі. Қазіргі қазақ әдеби сыны жайлы "сын жоқ" деген сияқты пікірлердің бой көрсетіп қалып жүргені де осы себептерден болса керек. Әдеби процесте болып жатқан келеңсіз құбылыстар жайлы сыншылар шырылдап айта алмаған жерлерде сынның да беделі түседі. Бұл жағдайлар әсіресе әкімшілдікпен (тоталитарлық) билеп-төстеген, түрлі пікірлердің айтылуына жол берілмеген кездерде жиі кездеседі.

Әдеби сынның шыншылдығы әдебиеттану ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып, әдебиетіміздің жай-күйін, жетістіктері мен кемшіліктерін ешбір бүкпесіз тура айтуынан көрінеді. Оқырманға керегі — шындық. Ал, мынау шындық деп жалғанды ұсынғанда, оқырман оған сенбейді де, оған деген сенімін жоғалтады. Шындық айтылған жерде ол әділеттілік атты үлкен күшке айналып, оқырмандар жүрегіне жол табады. Әдебиеттегі кемшіліктерді жоюға деген қоғамдық пікір туғызып, алғы шарттар жасайды. Әдебиеттің тура жолда дамуы үшін күрес қоғамдық пікір арқылы жалпы халықтық сипат алады.

Әдебиеттің басты мақсатының өзі — өмір шындығын көркем шындыққа айналдыру. Энгельс айтқандай, "типтік жағдайларда типтік бейнелер жасау". Кезінде В.И.Ленинның Л.Толстой туралы жазған мақаласында ұлы суреткердің шығармаларында замана шындығы көрінбей қалмайды деген пікір айтқаны белгілі[20]. Осы өмір шындығын көркем шындыққа айналдыру қалай болса солай емес, белгілі бір өнер шарттылықтары арқылы жүзеге асады. Әдебиеттің сыны осы көркем әдебиетте өмір шындығы қаншалықты дәрежеде көрініс тапты деген басты сауалға алдымен жауап беруі тиіс. Ал, әдебиет өмірдің дәл көшірмесі емес, оны жеткізудің көркем шарттары, заңдылықтары бар екендігі белгілі. Өмір шындығы мен көркем шындықтың арасында айырма бар. Өмір шындығы ұғым, көркем шындық бейне (образ) түрінде өмір сүреді. Көркем шындық — өмір шындығының жинақталған, жалпыланған, белгілі бір дәрежедегі шартты бейнесі. Суреткер өмір шындығынан аттап кетпей, өнердің шарттылық сипаты арқылы өмір

материалдарын еркін пайдаланып, өз идеяларын ұтымды жеткізу мақсатымен шығармашылық еркіндікке қолы жетеді[211].

Өткен ғасырдағы орыс әдеби сынында "шыншыл сын" ("реальная критика") деген үлкен мектептің болғаны белгілі. Олар әдебиеттің мақсаты өмір шындығын көркем түрде көрсету болса, сын сол көркем әдебиетте шындықтың қаншалықты дәрежеде екендігін анықтауы тиіс деп білді. Бұл талаптар күні бүгінге дейін өз маңызын жойған жоқ. Сыншы суреткер өз шығармасында әлеуметтік өмірдің шындығынан туындап отырған мәселелерді көре алды ма, көрсе оның мәні мен маңызын бұзбай сол күйінде жеткізе алды ма, болмаса, бұра тартып жалғандыққа барды ма деген мәселелердің төңірегінде біраз тер төгетіндігі анық. Ал, өмірдегі шыны қайсы, жалғаны қайсы дегендерді анықтауға оның білім дәрежесі, өмірлік бағыты көмектеседі. Әйтпесе, бүгін шындық деп танылған нәрсе ертеңгі күні басқаша болуы мүмкін. М. Горький көрсеткендей, көрінген фактінің бәрі әлі шындық емес, ол — әлі піспеген шындық. Оны ой қазанына салып қайнатып, нағыз шындықты таза күйінде қорытып ала білу керек. Фактінің сыртын қоршаған қауыздарынан тазартып, оның ішіндегі негізгі мәнін білдіретін жақтарын айырып алу қажеттілігі де оңайға соқпайтындығы анық[212]. А. Байтұрсынов әдеби сын көркем шығарманы "әрі сүлде, әрі сурет — екі жағынан да тексеруге тиіс" дей келіп, оның бірінші міндетін былайша айқындайды:

1. "Тұрмыстың қай жағын алып сөз қылған? Мазмұны дұрыс па? Яғни, өмірде ондай қалып ұшырай ма? Яки, ұшырауға мүмкін бе? Өмірде болатын қалып болса, неден болады; неден болатын себебін біліп айтқан ба? Адам баласының бәрінде боларлық қалып па? Мұрат қалып па? Кейіп қалып па? Бұл шығарманың сүлде жағының сыны"[213].

Уақытша саяси жағдайлар өтірікті шын, шынды өтірік қып көрсетуі де мүмкін. Мысалы, қазақ әдебиетінің Мағжан Жұмабаев, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердиев, Жүсіпбек Аймауытов сияқты алыптары күні кешеге дейін "ұлтшыл", "байшыл", "халыққа жат" саналып келді. Партия саясатының қолшоқпары болған әдеби сын да бұған өз "үлесін" қосты. Ал, бүгінгі күні оларға мүлдем басқаша баға беріп отырмыз. Сонда кешегі күнгі шындық басқа болса, бүгінгі өмір шындығы мүлдем басқаша. Бұдан шығатын қорытынды шындық категориясының өзін түрліше түсінуге болады екен. Бұған қарап шындықты дұрыс тануға болмайды екен деген ұғым тумасқа керек. Жан-жақты білімдар, өмірлік бағыты дұрыс адамдар парасаттылықтың арқасында шын шындықты айыра алады. "Жалған шындықтың" өмір сүруі не оны тәнып-білуге білім өресінің жетіспеуінен, не белгілі бір саяси жағдайдың әсерінен болады. Мағжандар жайлы шындық жетпіс жыл бойы да айтылып келді, бірақ оларға қысым жасалып, жарыққа шығуына, халықтың өзі бағалауына жол берілмеді. Бұдан заманның да шындықты танып-білуге қатысы бар екендігін көреміз. Қалай дегенмен де шындық ерте ме, кеш пе әйтеуір бір айтылып, салтанат құруы анық. Кезінде Ахмет Байтұрсыновтың

"Асықпаңдар, артымызда қазы бар,
Тергеп талай, сүйектерің қазылар.
Пайғамбарды сатып отыр тілла алған,
Яһудамен бірге аттарың жазылар"[214] —

деп жырлауы әйтеуір бір уақытта шындықтың айтыларына сенгендіктен болса керек. Кезінде бірлі-жарым парасатты азаматтар айта білген шын пікірлер жарыққа шығып, халқына жете алмай келсе, енді бар дауыспен айтылып, әр нәрсе орын-орнына қойылып, лайықты бағасын алып жатыр.

"Бәрін де уақыт шешеді, уақыт көрсетеді" дейді халық даналығы. Ал, уақыттың шешетіні — шындық. Шындық уақытқа, уақыт осы шындыққа жүгінеді. Әдеби сынның да жүгінері осы — уақыт пен шындық. Шындыққа жүгінген сыншы ғана өміршең пікірлер айта алады. В.Г. Белинскийдің "өмір шындығы — міне, біздің ұранымыз да, соңғы сөзіміз де — осы. Фактілердегі білімдері, сезім-сенімдеріндегі, ой қорытындыларындағы, одан қалды өмірдің барлық мәселелеріндегі өмір шындығы — біздің заманымыздың алғашқы да, соңғы да сөзі"[215] деуінде үлкен мән жатқан секілді.

Адамдар тек шындықты керек етеді, ал оның ісіне әдемі, әсем көрінетін тоғышарлық өтіріктен зиянды еш нәрсе жоқ. Сондықтан да әдебиет сыншылары ағынан жарылып, шындықты, тек қана шындықты айтуы керек. "Тура биде туған жоқ". Сыншы бұра тартар бұзығы жоқ көркем әдебиеттің әділ қазысы, тура биі бола білуі керек. Шындықты айтудан қорыққан ешуақытта сыншы бола алмайды.

Шындықты тәнып-білу де, айту да, оның халыққа жетуі де — аса қиын жол. Өмір шындығын көркем бейнелеп айтудың, әдебиет шындығын сынның айтуының қаншалықты қиынға соғатындығы белгілі. Жоғарыда айтылғандарға тағы да жеке бастың пендешілігін, бақай есептерін қосыңыз. Сонда әдебиеттің шындығын саралап отыруға тиісті сынның өмір сүруінің өзі қаншалықты соқтықпалы да азапты жол екендігіне көзіңіз жетеді.

ӘДЕБИ СЫННЫҢ ӨМІРМЕН БАЙЛАНЫСТЫЛЫҒЫ

Өмірмен байланыстылық әдеби сынға қойылатын негізгі талаптардың бірінен саналады. Рухани өміріміздің, қоғамдық құрылысымыздың өзекті, зәру мәселелерімен тығыз байланысты болу — әдеби сынның күшті жақтарының бірі. Халықтық әдеби сынның сара бағытын айқындап отыратын болса, ғылымилық сипат оның жоғары сапалылығын, пікір нанымдылығын, дәлелдеу нақтылығын қамтамасыз етсе, өмірмен тығыз байланыстылық принципі халыққа, күнделікті рухани тіршілігімізге жақындата түседі; өміршеңдік қасиетін белгілейді. Басқа принциптер тек қайнаған өмірмен байланыста болғанда ғана жүзеге аса алады. Бұлжерде өмірмен тығыз байланыстылық дегеніміздің басқа принциптермен тікелей байланыста, солардың көрінісі, өмір сүру формасы екендігін байқаймыз. Егерде өмірде қолданылмаса, принциптер құр догма, схоластика болып шығар еді. Әдеби сын әдеби өмірмен тығыз байланыста творчестволықпен дамып, үнемі жаңғырып, байып отырады. Әдеби сын да "күнделікті өмірдің тәжірибесіне негізделіп құрылуға тиісті"[216]. Бұл талапты орындамаушылық әдеби сынымызға елеулі нұқсан келтіреді.

Әдеби сынның өмірмен байланыстылығын дұрыс түсініп, орынды қолдана білу керек. Сынның өмірмен байланысы дегеніміз — әдеби процесті күнделікті қоғамдық — рухани тіршілігіміз ұсынып отырған, алға қойған зәру мәселелермен тығыз байланыстырып, диалектикалық материализм ілімі тұрғысынан талдау болып табылады. Бұл — мәселені кеңінен алып қарағандағы мақсат. Ал, сынның әдебиет көлеміндегі өмірмен байланысы дегенде көркемдік дамудың барысы алға шығарып, шешімін күткен мәселелерді әдеби сынның дер кезінде сезініп, көтере білуін, үн қосып, өзіндік пікір білдіруін, жол нұсқауын айтамыз.

Л.Г. Якименко сыншы көркем әдебиетті өзінің білімі мен эстетикалық талғамына ғана емес, сонымен бірге өзі басынан өткеріп, көрген, сезінген тәжірибелеріне де сүйеніп те талдайды деп жазады[217]. Әдебиет өмірдің көркем көрінісін жасайтындықтан да сыншы әдебиет қана емес, ол суреттеп отырған өмір құбылыстарын да бес саусақтай білуі керек. Өмірді тек ғылыми тұрғыдан біліп, күнделікті тіршіліктің сан-салалы көріністерін өз көзімен көрмеген сыншы пікірі әрине, шындықтан алыстау жатады. Неғұрлым сыншының өмірлік тәжірибесі мол болса, ол айтқан пікірлер соғұрлым нақтылы, толығырақ шығады.

Н.А. Добролюбов сын әдеби шығарманы негізге ала отырып, өмірдің құбылыстарын түсіндіруге міндетті деп білген. Ал, сынның мақсаты "көркем шығарманың жазылуына негіз болған өмір құбылыстарын анықтау"[218] деп көрсетеді. Ұлы сыншының бұл айтқандарынан сыншы тек әдебиеттің ғана емес, өмірдің де зерттеушісі екендігін ұғынамыз. Сыншы әдебиет арқылы қоғамдың құрылысымыз жайлы пікір білдіреді. Бұл оңай міндет емес. Сыншыдан әдіснамалық, ғылыми тұрғыдан терең қаруланып, эстетикалық сезіне білумен бірге қоршаған орта, адамдар жайлы жан-жақты хабардар, өмір тәжірибесі болуы да талап етіледі.

Сыншыға өмірді тек кітап арқылы үйрену жеткіліксіз. Өмірдің өзін көріп, сезінбеген сыншының айтпағы батыл шықпайды; тіпті өзі көрмеген нәрсе жайлы жазып, пікір айтудың өзі екіталай. Мәселені төтесінен қойып, білгірлікпен тура пікір айтылмаған жерде шын мәніндегі сын да жоқ.

Өмір шындығы мен көркем шындықтың ара қатынасын ажырата білу — қазіргі әдеби сынымыздың алдында тұрған маңызды да күрделі мәселелердің бірі. Көркемөнерді "мұндай өмірде болады", немесе "мұндай болмайды" деген сияқты тұрпайы салыстырулар арқылы бағалауды сынымыз әлдеқашан басынан өткеріп, теріске шығарды. Солай бола тұрса да, күні бүгінге дейін өмір шындығы мен өнер шындығының арасындағы өзіндік ерекшеліктерді жете ажырата алмай, сыңаржақ пікір білдіретін кейбір сын мақалалары да кездесіп қалады. Сөйтіп, сынның өмірмен байланысы өмірді білу сыншыға қаншалықты қажет болса, өнердің өзін, заңдылықтарын жете түсінудің де соншалықты екенін көреміз. Бұл жерде шыншылдық пен өмірмен байланысты қағидалары әдеби сында бір бүтін, бір-бірімен тығыз байланыста көрінеді. Өмірдің, әдеби процестің шындығын ажыратып, айта білу үшін сыншыға ылғи да өмірмен тығыз байланыста болып, одан үйрену қажеттілігі туады. Сын да әдеби өмірдің өзінен туындап отыруы керек.

Әдеби сынның өмір құбылыстарын өмірмен байланыстырып уақыт талабына сай бағалай алмай жүргені басты кемшіліктердің бірі ретінде айтылып келеді. Бұл өмірдің шынайы көркем бейнесін жасауға ұмтылған әдебиетіміздің табиғатынан туындайтын негізгі талаптардың бірі екендігін әрдайым есте ұстаған жөн. Сондықтан, әдеби сынның қоғамдық өміріміздің, әдеби процестің өзекті де актуальды мәселелерімен тығыз байланысты болуына үнемі көңіл бөлінуі керек. Әдеби сын әдеби процеспен тығыз байланысты жағдайда ғана оның алдында тұрған үлкен міндеттерді шеше алады. Схоластикалық теорияшылдыққа салыну алға жылжуды тежеуі мүмкін. Практикамен байланысты болғанда ғана әдеби сынның тиімділігі артпақ. Сонымен, әдеби сынның әдеби өмірмен тығыз байланыста болуы оның өміршеңдік сипатын күшейтіп, халыққа қызмет етуін арттыра түсетін аса маңызды принциптердің бірінен саналады.

ӘДЕБИ СЫННЫҢ ХАЛЫҚТЫҒЫ

Көркем әдебиеттің құндылығын анықтауға көмектесетін аса маңызды принциптердің бірі – оның халықтығы. Ерте кезден-ақ халық өзінің өмір сүруіне көмектесетін шығармаларды ғана мойындаған да, қалғандарын қажетсінбей тастап отырған. Әдебиеттің тарихында халықтың мұңын мұңдап, арманын жырлаған, тұрмыс-тіршілігін шынайы көрсете білген көркем сөз маржандары ғана қалды. Әдебиет – халық өмірінің айнасы, "халықтың өзін-өзі танып-білу формасы"[219]. Мәселе осындай биіктерге қол жеткізуде жатыр. Көркем шығарма жекелеген ғалтың, топтың емес, солай болған күннің өзінде де оны жалпы халықтың тыныс-тіршілігін, арман-мақсатын көрсетудің бір жолы ретінде алып, кезең келбетін сомдауға ұмтылады. Күні бүгінге дейін шын мәніндегі халықтық шығармалар жазу әрбір суреткердің асқақ арманы болуда. Көркем әдебиетті сынау, зерттеу салаларында оның қадір-қасиетін айқындауда өнердің халықтығы қағидасы басты өлшемнің бірі болып келеді.

Сонда халықтық ұғымын қалай түсінуге болады? Халық өмірін суреттеген туындылардың барлығы халықтық бола бере ме? Сырттай қарағанда бұл сауалдарға жауап беру оңай сияқты көрінгенмен де, байыптай қарасақ, ойланарлық, мәселелері баршылық. Қазір әдебиеттің халықтығы жайлы жазылған зерттеулер жеткілікті[220]. Енді осындай еңбектерге сүйене отырып, халықтық ұғымын саралай түсейік.

Мәскеуден шыққан "Философиялық сөздікте" (1968) өнердің халықтығы өнер мен халық арасындағы шын өнер туындысында халықтың эстетикалық идеалы, оның әділеттік пен сұлулық туралы ұғымы, халықтың бостандық пен бақыттың өмір жолындағы күрес шабыты бейнеленіп, жинақталатын сан түрлі қарым-қатынастарының жиынтығын білдіретін эстетикалық категория деген түсінік берілген. Сұлтанмахмұт әдебиеттің халық пен байланысы жайлы өте тамаша жеткізе білген: "бір халықтың сүтпен бірге байланысқан ірік-шірік қара көңілдерін аршып, жаңа рухпен қандыратын, таза дүрыс бейілмен жандандыратын машина, шын жүректен шып-шып шырқырап шыққан өлең жыр, әдебиет деген нәрсе болады"[221]. Жалпы, өнер атаулының өмір шындығын, яғни халық өмірін шынайы бейнелеуге ұмтылысы оның халықтығы дәрежесіне тікелей байланысты. Халықтың тұрмыс-тіршілігін, мұң-мұддесін, аңсар арманын шынайы суреттей білген суреткер ғана шын мәніндегі халықтық ұғымға сай келеді. Мұндай дәрежеге жету үшін қаламгер өмір бойы халықтан үйренумен өтеді. Өйткені, халықтан асқан қазына, ұстаз жоқ. Халық ғасырлар бойы жинаған сөз өнерінің қазынасы – шығармашылық үлгілердің алтын қоймасы. Қандай да бір ұлы шығарма болмасын, ол – халық даналығының асылдарынан үйренудің нәтижесі. Шын мәніндегі халықтық шығармадан белгілі бір дәуір көрінісі айнадан жарқырап көрінеді. Онда халық емірінің өзекті өңірлері қозғалып, халықтың бақытты болашаққа деген ұмтылысы суреттелуге тиіс. Көркем шығармада қоғам дамуының шынайы көрініс табуы сол қоғамдық прогрестің негізгі қозғаушы күші болып табылатын бұқара халықтың жасампаз тіршілігінің қалайша бейнеленуіне тікелей байланысты. Халық өмірі сан қырлы. Соның ішіндегі негізгі бағытты айқындайтын жақтарын жіті көре біліп, шебер бейнелей алуы суреткердің халық өмірімен тығыз байланысты болуынан. Халықпен бірге өмір сүріп, мұңын мұңдап, жоғын жоқтаған, бірге қуанып, бірге қайғырған жазушы ғана халықтық шығарма жаза алады.

Әдебиеттің халықтығы қағидасы – оның өміршеңдігін айқындайтын басты өлшемдердің бірі. Белинский халықтық қасиеттің аса күрделілігіне назар аударып, оны көркем шығарманың басқа да – шындылдығы, бейнелілігі, бағыттылығы, ұлттығы, жалпы адамзаттылығы сияқты категориялармен тығыз байланыста қарастырған. Ол "өз отанын сүйіп, үмітін бөліскен, ауруымен ауырып, қуанышына ортақтаса білген"[222] суреткер ғана шыншыл, халықшыл деп жазған. Сыншылық қызметінде осы қағиданы басты өлшем етіп алып, Пушкиннің, Лермонтовтың, Гогольдің шығармаларындағы халықтық сипатты ашып берді. "Евгений Онегин" поэмасы орыс өмірінің кең көрінісі, имандылық болмысы ("нравственная физиономия") шынайы суреттелген шығарма деп аса жоғары бағалады.

Н.А.Добролюбов та өзінің сыншылық қызметін осы принципті басшылыққа ала отырып құрған. Сыншы шығарманың халықтығын онда қалың халықтың "өмірлік көзқарастарының" көрінуімен байланыстырады[223]. Бұл айтылғандардан елін, жерін шын сүйген суреткердің ғана қолынан халықтық шығармалар туатындығы көрінеді. Отаншылдық, ұлттық сезімдер әдебиетке жан-жылуын кіргізіп, халықтық сипатын арттыра түседі. Көркем шығарманың мұндай қасиеттерін ұлт жанды, халықтың жағында тұрған сыншы ғана көре алады.

"Өнер – халықтікі. Ол өзінің терең тамырларымен бұқара халықтың барлық жіктерімен байланыста. Ол көпшіліктің бәріне түсінікті болып, сүйіктісіне айналуы керек. Бұқараның сезімдерін, ойларын, ерік-жігерін біріктіріп, оларды биікке көтеруі тиіс"[224]. Бұл үзіндіден әдебиеттің халық пен тығыз байланыстылығы оның алдында тұрған қасиетті де үлкен міндеттер біршама дәл көрсетілген. Сыншының да басты мақсаты халыққа қызмет ету болса, көркем шығармаларды да осы тұрғыдан қарастырып, онда халықтық сипат қаншалықты дәрежеде көрініс тапқандығын айқындайды. Мұндай сауалға жауап бере алмаған сыншының өз қызметін ойдағыдай атқаруы қиын.

Қалың бұқараның мұддесіне сай келетін шығармалардың халықтық сипатын анықтау да оңайға түспейді. Ол идея мен көркемдіктің шебер үштасуында мазмұн мен түрдің біртұтастығында, бейнеліліктің бедерлерінде

жатыр. Сонымен бірге әр дәуірдің өзіндік ұрандары, тыныс-тіршілігі, сана-сезім, салт-дәстүр, ұлттық өзгешеліктері болады. Көркем шығармада көрініс тапқан осындай сан сыпатты өмір қырларын ажырата білу үшін сыншы сол халық туралы жан-жақты білімдар болумен бірге халықтық эстетикамен қаруланған; көркемдік талғамы жоғары эстет те болуы керек. Шығарманың халықтық сыпатын халықтық көзқараста тұрған; оның идеалдарымен қанаттанған сыншы ғана аша алады[225]. Әдебиетте нақтылы бір кезең көрініс табатындықтан да сыншы барлық уақытта тарихи тұрғыдан келеді. Әр шығарма, суреткер өз заманын қаншалықты дәрежеде бейнелей алды, халықтың әлеуметтік, рухани дамуы, ұлттық өркендеу идеялары көрініс тапты ма, көрінсе қандай дәрежеде деген сияқты сан сауалдарға жауаптардың нәтижесінде барып шығарма өзіне лайықты бағасын алады.

Әдеби сынның халықтық принципі әсіресе, халық өмірінде түбірлі өзгерістер туғызған тарихи оқиғаларға арналған шығармаларды талдау үстінде айқын көрінеді. Бұл тақырыптарға жазылған шығармалардан анық көрінетіндігін, сол себепті де тарихты көркемдік тұрғыдан игеруге деген ұмтылысты әдеби дамудың кемелдікке жетуіндегі заңды құбылыс деп таниды. Бұл әсіресе халықтың ұлттық сана-сезімі оянып, ұлттық ояну жалпыхалықтық сипат алып, әлемдік прогресс көшіне бет түзеген кезде міндетті түрде бастан өткізетін әдеби құбылыс. Осындай кездерде әдеби сынға жүктелер жүк те ауыр[226]. Түрлі өмір салттары, идеалдардың қақтығысы суреттелген кең тынысты тарихи туындылардағы өміршең бағыттарды айыра біліп, оған оқырман назарын аудару, одан сабақ алуға, тіршілік кәдесіне ұсыну — сынның табиғи міндеттерінің бірі. Сынның мұндай қасиеті көркем шығармамен бірге озық ұлдарын жарқын болашаққа бастайтын ілгерішіл идеялармен қаруландырып, олардың азаматтық белсенділігін арттырады. Сөйтіп, бақытты болашаққа ұмтылған қоғамдық-әлеуметтік дамуға субъективтік алғышарттар жасайды. Ол үшін сыншы да суреткер секілді халықтық мүддемен өмір сүріп, оның қуанышы мен қайғысын бірге көріп, қоғамдық прогресс, әділеттілік жолында бірге күресуі қажет. Сонда ғана сыншы халықтық тұрғыдан оның өкілі ретінде қатаң талаптар қойып, өзі де осы бағыттағы күрескер ретінде биік деңгейден көрінеалады.

Сыншы көркем әдебиетте халықтың ой-арманы, мүддесі қалайша көрініс тапқандығын әңгімелей отырып, онда жетпей жатқан жерлерін жеткізіп, бұрыс кетсе түзейді. Кейбір мәселелер жайлы оқырманның өзін тікелей пікірлесуге шақырып, жалпыға ортақ жауаптар іздейді. Оқырман ойын оятып, ізгілікті істерге бағыттайды.

Көркем әдебиетпен бірге сыншы да оқырмандардың бойында халықтық, отаншылдық сияқты биік қасиеттердің қалыптасуына тікелей араласады. Өз оқырманын халықты құрметтеуге, оған сенуге, онымен мүдделес болып, өтіп жатқан оқиғаларға осы тұрғыда баға беріп, ағын ақ, қарасын қара деуге, халықтың сана-сезімін оятатын жақсылықтың бәрін қолдауға тәрбиелеуі тиіс[227]. Яғни, сыншы халықтық, ұлттық деңгейдегі күрескер дәрежесіне көтеріле білу керек.

Көркем әдебиеттің халықтығы оның ұлттылығымен тікелей байланысты. Халық белгілі бір ұлтқа жататындықтан да әдебиетте ұлттық ерекшеліктер айқын көрінуі керек. Ұлттық сыпаты жоқ әдебиет халықтық бола алмайды. Әдебиет белгілі бір ұлттың өмірін суреттеп, мұң-мұқтажын, ой-арманын, бостандыққа, бақытқа деген күресін көркем бейнелей алғанда ғана халықтық сыпатқа ие болады. Халықтық ұғымы ұлттықтан басталады. Шын мәніндегі ұлттық шығармалар басқа да ұлттардың мүдделеріне қарсы келмейді, керісінше үндесіп, ұштасып жатады. Нәтижесінде ұлттық игіліктер жалпыадамзаттық рухани құндылықтарға ұласып, жалпыхалықтық сипат алады. Әрбір ұлттың ұлттық паспортына айналған халықтық шығармалар жалпыхалықтық әдебиетті байыта түседі; бұрын бір ұлттың ғана болса, енді көп ұлттың рухани игілігіне айналады. Ағылшынның "Форсайттар туралы дастаны", орыстың "Соғыс және бейбітшілік", қазақтың "Абай жолы" ұлттық өмірдің тұтас бір кезеңін суреттей білуімен құнды.

Бұл биікке өз ұлтының өмірін, рухани қазынасын терең меңгерген, әлемдік әдебиеттің озық үлгілерінен үйрене алған, сөйтіп, өз халқының тыныс-тіршілігін, арман-мүддесін, барынша сезіне білген дарынды да адал ұлдары ғана шыға алады. Шын мәніндегі көркем шығармалардан сол халықтың "ұлттық иісі" мүңкіп тұруы керек. А. Бестужев өз кезіндегі әдебиетте "орыс сөзінің рухы" көрінбейтіндігін қынжыла жазған екен[228]. Осыған қарама қарсы пікірді Ж. Аймауытов Мағжанның ақындығы туралы мақаласында да айтыпты. Сол кездегі ресми әдеби сын тапшылдық тұрғыдан келіп, оның поэзиясы "кедейшіл" емес деп ғайбаттап жатқанда, Жүсіпбек мынадай пікір айтты: "Мағжан терең ойдың ақыны емес, нәзік сезімнің, тәтті қиялдың ақыны, ол кедейдің емес, ұлт ақыны... Ұлтты жалпағынан алып қарайды"[229]. Мағжан поэзиясының ұлылығы осы ұлттық сипатында, аз ғана топтың, таптың емес, бүкіл халықтың мұңын мұңдап, зарын зарлай білуінде жатқандығына назар аударады.

Әрбір ұлы шығарманың басты қасиеті осы ұлттық, халықтық, жалпыхалықтық сыпаттардың дұрыс шешілуінде жатыр. Бұдан шығатын тұжырым-шын мәніндегі халықтық шығарма шын мәніндегі ұлттық жазушы ғана жаза алады. Әйткені, халықтық дегеніміз, ұлттықтан барып туындайды, оның жоғарғы сатысы. Авар ақыны Расул Ғамзатовтың от басында, ауылында, ұлтында ақын деп танылмағанның қанша жерден атағы жер жарып жатқанымен де шын ақын емес деген пікірі осындай жағдайға байланысты айтылса керек. Әдебиеттің ұлттық сыпаты сыншыдан да сол ұлттың әлеуметтік-мәдени, әсіресе әдеби дәстүрлерін барынша жақсы білуді талап етеді. Ұлттық өмірді білмеген сыншы ұлттық әдебиет туралы оңды пікір айта алмайды, айтса да бір жағы жетіспей жатады.

Әдебиеттің халықтығын айқындауда кейбір кереғарлықтар да кездесіп

қалады. Халықтың өмірі бар күрделі болмысымен көркем көрініс тапқан кемел шығарманы оқырман бірден түсіне алмайтын жағдай да кездеседі. Бұл халықтың рухани дәрежесі мен көркем туындының көркемдік деңгейінің арасындағы алшақтықтан туындайды. Жалпы, ұлттық дамудың төменгі сатыларында әсіресе білім, мәдени, рухани жағынан әлі де жетілмеген кездерде сол ұлттық топырақтың дарынды суреткерлері жасаған озық үлгілерді түсіне бермейтін кездердің болатындығы анық. Кемел көркемдікпен суреттелген кең тынысты шығармаларды ұғыну белгілі бір дәрежедегі білімділікті, рухани өскендікті қажет етеді. Аса дарынды суреткерлер өз ұлтының әдеби мұрасынан, әлемдік әдебиеттің озық үлгілерінен үйренуінің нәтижесінде халықтық эстетиканың дамуынан оқ бойы шығандап, алға озып кетеді де арадағы алшақтықты жоюға белгілі бір уақыт керек болады. М. Әуезовтің "Абай жолы" романдарының алғашқы кітабы шыққан кездерде өзіне лайықты бағасын бірден ала алмағанын, сонымен бірге жас кезде есейгенде-оқығандай әсерде болмайтындығын осындай себептермен түсіндіруге болады. Керек десеңіз, сол кездегі халықтың рухани дәрежесімен тығыз байланысты солақай саясаттың салдарынан да бұл шығарманы оқырман дұрыс қабылдауға дайын емес еді. Әдеби сында осындай келеңсіздіктерді болдырмау үшін барлық уақытта да халықтың эстетикалық талғамын қоғам дамуына сай қалыптастырып, тәрбиелеп отыруы маңызды мәселелердің бірінен саналады. Сөйтіп, адамдардың рухани жағынан дұрыс бағытта дамуына септігін тигізіп отырады.

Халық өзі жасаған рухани қазынаның қызығын өзі көруі керек. Сол себептен "өнер өнер үшін" емес, "өнер халық үшін". Сондықтан да халықтың сөз өнерінен бастау алған көркем әдебиеті барлық уақытта да жалпы халыққа рухани бағдар жасап отырады. Халықты іштей бөліп, белгілі бір топқа, немесе топқа қызмет еткен әдебиеттің өмірі де ұзақ емес. Белгілі бір таптың саяси мүддесін білдіретін партияның көзқарасынан әдебиет те сырт қала алмайды деген солақай саясат үстем болып тұрған тұстарда партиялық принципті басшылыққа алған әдеби сын да орны толмас зиян шекті. Мұнда партиялық пен халықтықтың арасында тепе-теңдік қойылып, халықтық ұғымның партиялылыққа қарағанда өте кең екендігі ескеріле бермеді. Көркем шығармалар халықтық емес, коммунистік партиялық тұрғысынан бағаланып, әдеби өмірдің аса маңызды мәселелерін дер кезінде дұрыс шешіп отыруға кедергі келтірді. Нәтижесінде әдеби сын халықтық сыпаты кем, бір ғана жұмысшы табын, коммунистік партияны марапаттаған шығармаларды аспанға көтерді де, шын мәнінде халықтың мұңын мұңдап, зарын зарлаған, жырын жырлаған азамат арыстарды халыққа жау етіп көрсетті. Қазір қазақ әдебиетінің сыны оның ғылымымен бірге өткенде басынан кешірген осындай келеңсіз құбылыстарды сана сарабына салып, жою үстінде.

Көркем әдебиетті саралау барысында әдеби сын басшылыққа алатын халықтық қағидасының екі жағы бар. Шығарманың идеялық бағытын, мазмұнын, мақсатын ашуға көмектесетін жақтарына жоғарыда тоқталып өттік. Сонымен бірге, таза көркемдік қасиеттеріне тікелей қатысты қырлары да бар. Әдебиет нені бейнелеуімен ғана емес, қалай бейнелеуімен де құнды. Көркем шығарманың кемелдігі онда халықтық мазмұн мен халықтық түрдің (форманың) қалайша үйлесім тапқандығына тікелей байланысты[230]. Өнердің мақсаты — халықтың өзі жасаған, өзіне етене таныс түрлер арқылы халықтық мәселелерді көтеру. Белинскийдің айтуынша, әдебиеттің дамуына нәр беріп, қозғау салып отыратын — оның халық өмірі мен рухын неғұрлым шынайы суреттей білуге деген ұмтылысы[231]. Әдебиет өз халқының ұлттық тыныс-тіршілігін сол халықтың өзіне түсінікті, таныс көркемдік құралдар арқылы бейнелей білуімен құнды. "Өз халқыңның тарихын, әдеби мұрасын оқып үйрен, сонда ғана шын мәніндегі халықтық шығармалар жаза аласың" деген шақырудың ескірмейтіндігі де осы себептерден. Ал, шығарманың халықтығы сол әдебиеттің ұлттық бет-бейнесін айқындайды. Көркемдіктің халықтық түрлерін сол халықтың өзі жасап, оның әдебиетте қаншалықты көрініс тапқандығын уақыт тезіне салып тексеріп отырады.

Шығармаға арқау болған белгілі бір идеяларды халыққа неғұрлым ұғынықты, ұтымды жеткізу мақсатымен жазушы оған сай келетін түр (форма), стиль таңдайды. Мұны қайдан табады дегенде, сол халыққа етене жақын ұлттық әдеби дәстүрлерден іздейді. Бұрынғы дайын түрлерді пайдаланады, немесе оларды одан әрі жетілдіреді. Жазушы халықтың шын мәніндегі суреткер"[232] екендігін барлық уақытта есте ұстап, шығармашылық ізденісін осы бағытқа құруы керек. Бұл ретте көркемдік түрлерін жетілдіру барысында сөз өнерінің халық үшін жасалатындығын ескере отырып, әрбір сөздің, сөйлемнің, бейнелеу құралының барынша түсінікті де көркем болуына күш салады. Көркемдік бояуы қалың шығармадағы жергілікті, ұлттық ерекшеліктерден құралатын халықтық сыпаттарды ашып көрсету оңайға түспейді. Халықтың сөйлеу мәнері, сөз саптауы, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер сияқты толып жатқан ұлттық компоненттерге қатысты сөз қолданыстары, айтылу түрлері шығармада шеберлікпен көрініс табуы керек. Сонда ғана барып ол өзіндік стилі, келбеті, көркемдік әлемі бар кемел туынды болып шығады. Әрине, қаламгер халықтың өзіндік болмысын түгелдей үйреніп ала да алмайды, оны жүз процент сол күйінде бейнелеу мүмкін де емес. Суреткер өзінің объектісіне, көтеріп отырған мәселесіне қатысы бар жақтарын тереңірек зерттеп, көркемдік тұрғыдан игере түседі. Бірақ, бұл да — шексіз процесс. Өмір қаншалықты шексіз болса, оны, оның ішінде жекелеген құбылыстарды танып-білу де соншалықты шексіз. Болмысты көркемдік тұрғыдан меңгеру де әр жазушының дүниетаным, білім, дарын дәрежелеріне қарай әртүрлі жолмен жүреді. Бір нәрсені екі жазушының екі түрлі жазатындығы да сондықтан. Нәтижесінде әр суреткердің өзгеге ұқсамайтын өзіндік стилі қалыптасады.

Сөзді атылған оққа теңеген, аңдамай сөйлеген ауырмай өледі деген халық

оның әрқайсысының өз мағынасында дәл қолданылуына ерекше мән берсе, ұлы Абай мен ардагер Ахметтің /Байтұрсынов/ өлеңдерінде осы дәстүрдің тамаша үлгісін көреміз. С. Мұқановтың шығармаларында қазақ халқының әңгімешілік дәстүрі стильдік қолтаңбасын айқындайды. М. Әуезовте тарихи аңыз-әңгімелер, халықтың шешендік өнерінің сілемдері бой көрсетсе, Ж. Аймауытовта, Ғ. Мүсіреповте тақпақтап сөйлеп, сөздің сыртқы сыңғырлаған сұлулығына көбірек мән берушілік жатыр.

Қандай да бір ұлы шығарма, не суреткер болмасын, аспаннан түсе салмайды екен, белгілі бір ұлттың, халықтың топырағында өсіп-өніп, тамыр жаятындығы, содан нәр алып, көркемдіктің көксеңгір көгіне шығып, халқына қайта оралатын ұзақ та азапты жолдан өтетіндігі көрінеді. Әдеби процестің мұндай бұралаң жолдарында сыншыға әдебиеттің халықтығы принципі тұрғысынан назар аударарлық мәселелер баршылық. Мұнан көркем шығармашылықтың халықтық қағидасына қатыссыз мәселесінің жоқ екендігі көрінеді. І. Есенберлиннің, Ә. Кекілбаевтың, М. Мағауиннің, С. Сматаевтың, Ә. Әлімжановтың тарихи романдарында аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер, шежірелер, мақал-мәтелдер, тұспалдап сөйлеу сияқты ауыз әдебиетінің элементтері жиі кездеседі. Әлемге әйгілі жазушы Ш. Айтматов та ертегілерді, аңыздарды көп пайдаланады. Тіпті, "Ана-Жер-Анада" жерді сөйлетеді. "Боранды бекетінде" қазақтың мәңгүрттер туралы аңызын бүгінгі күннің кәдесіне шеберлікпен жарата білуі де — осындай сәтті ізденістердің нәтижесі. Ауыз әдебиетін өз шығармаларында қолданатындығы жайлы Шыңғыс түрік оқырмандарына арнап берген интервьюінде былайша сыр шертеді: "... қазақ-қырғызда ақындар, жыраулар көп болады. Олар ежелгі дастандарды, аңыз әңгімелерді көп айтатын. Менің шығармаларымдағы аңыз әңгімелердің қайнар бұлағы — осылар. Іріктеп-іріктеп алып, әсіресе қазақтың, қырғыздың аңыздарын көп пайдаланамын. Оларды қазіргі заманның талабына орай өзгертіп қолданамын. Мәселен, мәңгүрт деген қазақ-қырғызға белгілі нәрсе. Адамның басына түйенің қарнын қаптап, бас сүйегін қысып, адам төзгісіз аурумен мәңгүртке айналдырады. Сөйтіп, мал соңына салып қоятын болған. Ал, қазіргі мәңгүрт дегеніміз — мынау саяси дүниеде манипуляция жасап, бірінен бірін адастырып, ұлттық санасынан, ақылынан ажырату. Мәңгүрт деген — өз ата-бабасын, шыққан тегін, негізін білмейді. Сөйтіп, мен аңыз-әңгімелерді, дастандарды, мифологиялық құбылыстарды өзімнің қиялыма, сюжетіме орайластырып өзгертемін"... Ш. Айтматов әдебиеттің халықтығын ұлттық сыпаттармен тікелей байланыста деп біледі:

"Ешбір халық өзінің тарихи тамырынан ұзап кете алмайды. Жақсы болсын, жаман болсын өзінің тарихымен бірге болады. Менің алдыма қойған мақсатым — әр халық өзінің ана тілін, ұлттық әдет-ғұрпын сақтамаған жағдайда неге келіп тірелетіндігін айтуым еді. Ал, ұлттық қасиетінен қол үзіп қалған ел бірте-бірте жойылады"[233]. Бұл мысалдан шын суреткердің тек өзінің ұлттық әдеби дәстүрлерінен ізденіп қоймай, басқа да әдебиеттерден үйренудің аса қажеттілігі көрінеді. "Барлық мәселе сол ескіні жаңа мақсатқа пәрменді қызмет ете алатын етіп жаратуда ғой. Ауыз әдебиетінің үстірт қарағанда тым әсіреленген, "нанымсыз" көрінетін оқиғалары мен қаһармандарының бойында көркемдік жинақтаудың қол жетпестей биіктіктері жатқанын аңғару үшін де білім керек...

Көптеген аңыздың, символдардың, мифтердің, тарихи әңгімелердің талантты, ойшыл жазушылар назарына ілініп, қуатты көркемдік күшейткішке айналып отыратыны осыдан"[234].

Кей жазушының халық арасына кеңінен танымал болуын оның халықтық сыпатынан дейміз. Бірақ кейде көркемдік қуаты әлсіздеу, айтар ойы тайыздау, бір сәттік, уақытша ғана әсерге негізделіп, қарапайым ғана жазылған шығармалардың да болатындығы есте болуы керек. Кейде заманның ыңғайына қарай белгілі бір тақырыптағы шығармалардың не кейіпкерлердің, не жазушының "мода" болатыны да бар. Бірақ, мұның бәрі — уақытша құбылыс. Бір жағынан саясаттың, екінші жағынан "моданың" әсерінен танымал болған туындылар кейіннен уақыттың тезіне шыдай алмай бірте-бірте көмескі тартуы мүмкін. Керісінше, өз кезінде танылмаған таланттар уақыт сынының құдіретімен халқымен қайта қауышатын, тіпті "сәнге" айналатын жағдайлар да жиі кездеседі. Қазақ әдебиетіндегі "ақтаңдақ" арыстардың шығармаларының оқырмандарына қайта оралуын осындай жағдайлармен түсіндіруге болады. Көзі тірісінде бағасын ала алмаған Мұқағали Мақатаевтың жалынды өлең-жырлары тіпті бүгінгі күннің "сәніне" айналып бара жатқандай. Қалай дегенмен де жазушының тағдырын оның шығармаларының көркемдік сапасы, халықтық сыпаты шешеді. Заманның ағымын аңдып, тынысын түйсіне білген сыншы ешқашан да уақытша жағдайлардың әсерімен кетпей, көркемдіктің заңдылықтарын, қағидаларын басшылыққа ала отырып, турасын айтудан танбауы керек. Бұл ретте шығарманың өміршеңдігін айқындайтын басты өлшем оның халықтығы екендігі анық. Сыншы көркем туындының тағдырын дұрыс анықтап алу үшін барлық уақытта да табанды ізденісте болып, өзіне дейінгі әдеби мұраларды, өз кезіндегі көркемдік процесті, халық өмірін, оның озық идеяларын зерттей білуінің маңызы өте зор. Әдеби сынның халықтығы сыншы қызметінің басты бағдарын белгілеп, халықтың рухани байлығын жасау, байыту жолындағы қызметінің жемісті болуына жағдай жасайды.

Сонымен, әдеби сынның халықтығы дегеніміз, көркем әдебиетте қолданылған халықтық әдеби дәстүрлерді көрсетумен шектелмейді[235], осыларды талдай отырып, жалпы ұлттық, әлеуметтік-мәдени, рухани-эстетикалық болмыс-бітімі бейнеленіп, арман-мақсаты, жасампаз рухы көрініс тапты ма деген күрделі сауалдарға жауап беру. Бұл үлкен міндетті орындау үшін сыншы халықтық идеялармен суарылып, ұлтының болашағы үшін күресетін күрескер болуы тиіс.

ӘДЕБИ СЫННЫҢ ҒЫЛЫМИЛЫҒЫ

Ғылыми негіздерге сүйену — әдеби сынға қойылатын басты қағидалардың бірі. Әдебиеттің сыны оның ғылымымен тығыз байланыста. Оның жетістіктерін орынды пайдалана білгенде ғана жемісті қызмет атқара алады. Оның үстіне әдеби сынның табиғатының өзі ғылымилық сипат танытатындығын, осы қасиеттеріне қарап кейбір зерттеушілердің оны әдебиеттану ғылымының бір саласына жатқызып жүргендігін жоғарыда айтып та өттік. Көркем сынды әдебиеттің ғылымына жатпайды дегенде оның ғылыми жағының маңызын кеміткендік емес, мақсат керісінше, ғылымның тар көлеміне тығып қоюшылықтан шығарып, әлеуметтік, эстетикалық, публицистикалық, көркемдік сипаттары да бар синтезді сала екендігіне назар аудару болатын.

Сында ғылыми сипат болуы міндетті. Бүгінгі таңда әдебиеттің ғылымынсыз шын мәніндегі сын да өмір сүре алмас еді[236]. Егер сын өз қызметінде ұзақ уақыттар бойы жинақталған ғылыми жетістіктерге, белгілі бір көркемөнер заңдылықтарына сүйеніп отырмаса, ол әдеби шығарманы, немесе әдеби процесті талдай алмай, өз пікірін дәлелдеуге тірексіз қалар еді; сыни процесс жүйелі емес, анархиялық құбылыс болып шығар еді. Сын күнделікті әдеби өмірде болып жатқан құбылыстарды бағалап, оған бағыт беріп отырады. Осы мақсатпен түрлі талдаулар жасайды. Талдау жүйесіз болмайды — сыншы белгілі бір заңдылықтарға, әдістерге сүйенеді. Бұл ретте сын әдебиеттану терминдерін, теориялық негіздерін басшылыққа алып отырады. Жаңа көркем туындының келешек тағдырын анықтау, оның қоғамымызға, халқымызға, жалпы адамзат баласына берер нендей пайдалы жақтары бар деген секілді мәселелер сыншыдан ғылыми жағынан, методологиялық тұрғыдан берік қаруланууды талап етеді.

Әдебиет ғылымына қарағанда көркем сынның өрісі кең. Сын мейлі, ол қаласын, қаламасын, әдеби процесті талдау үстінде қоғамдық өмірдің сан қырлы жақтарына соқпай өте алмайды; солай болуы міндетті де. Сыншы көркем әдеби процесс жайлы жаза отырып, қоғамдық құрылысымыздың экономикалық, әлеуметтік-саяси, адамгершілік, психологиялық, рухани дәрежесі, қоғамдық ой-пікір сияқты көптеген мәселелеріне тоқталмай кетуі қиын. Өйткені, әдеби процесс - жекелеген шығармалардың жиынтығы ғана емес, белгілі бір қоғамдағы экономикалық жағдайлар мен қоғамдық сананың арасындағы өз ара аса күрделі әсерлердің нәтижесі. Міне, осы құбылыстардың көркемдік тұрғыдан қалайша көрініс тапқандығын айту үшін сыншының әр саладан ғылыми білімдері болуы керек.

М.Әуезовтің "Абай жолы" эпопеясын кезінде академик Қ.Сәтбаев қазақ халқының өткендегі жарты ғасырлық өмірінің энциклопедиясы деп әділ бағалады[237]. Әйгілі эпопеяда қазақтың көркем әдеби тілінің бай қоймасы жасалынды; ұлттық тұрмысы шынайы суреттеліңді; ұлттық дәстүрлер мен дала заңдары, мал баққан халық шаруашылығы сол қалпымен көріне білді. Әрине, мұндай ұлы туынды жасау үшін М.Әуезовке үлкен суреткер ғана болу аздық етті. Ол әмбебап әдебиетшілігінің үстіне талғампаз тілші, терең тарихшы, дана философ, білгір этнограф, жіті психолог, тамаша педагог та болды.

Міне, осындай энциклопедиялық шығарманы тек әдеби тұрғыдан ғана қарастырудың жеткіліксіздігі өзінен-өзі көрініп тұр. Ұлы жазушының творчествосы жайлы мақала жазуға тым құрығанда атақты эпопеяның көл-көсір қасиеттерін түсіне білген әдебиетшінің ғана хақысы бар. Ал, ғұлама суреткердің өнерпаздық қырлары жайлы пікірді қоғамдық ғылымдардың /тарих, тіл білімі, философия, этнография,т.б./ жетістіктерімен М.Әуезовтей болмағанымен де қажетті дәрежеде хабардар сыншы ғана айта алады. Үлкен суреткердің творчествосы терең: әдебиеттің сыны мен ғылымы дамыған сайын әр жаңа дәуірде өзінің жаңа сапаларымен жарқырап көріне түседі. Тағы бір айта кететін нәрсе М.Әуезовтің сан салалы сипаттарын аша түсуде әдебиетшілердің ғана емес, бүкіл қоғамдық ғылымдардың өкілдері бірлесе отырып зерттеуі жемісті нәтижелер беруі хақ.

Қазақ әдебиетінде тарихи тақырыпқа деген назар күшейіп, бірсыпыра көлемді туындылар бой көрсетті. Буларды әдеби жұртшылықтың жылы қабылдағаны баспасөз бетінде жарияланып жүрген оқырман пікірлерінен де байқалады. Бірақ, бұл сындардың көпшілігінде әдеби талдаулардан әрі аса алмай жүр. Тарихи романдарымыз жайлы тарихшылдық принципін берік ұстанып, тарихи фактілермен, өмір шындығымен салыстыра отырып, жан-жақты ғылыми сын пікірлер айту - әрине, маман сыншыларымыздың міндеті. Бізде бұл жағы әлі де болса жетіспей жатқан сияқты.

Әдебиет өмірді танып білудің бір түріне жатады. Ал, әдебиет арқылы өмірді зерттеп білуге ұмтылатын сынның таным процесінде маңызы зор. Қоршаған ортаны біле түсу белгілі бір негізде жүріп отырады. Бұл ретте "шындық" категориясын дұрыс түсінудің маңызы зор. Өмір шындығын ажырата білуде бірден-бір дұрыс бағдар сілтейтін ілім-диалектикалық материализм. Ғылыми дәлдікпен шындықты айту әдеби сынның мәртебелі міндеттерінің бірінен саналады. Ал, шындықтан аз да болса ауытқу әдеби ісімізге елеулі нұқсан келтіреді, оның беделін түсіреді.

Шындыққа жүгіну дегеніміз, бірден көзге түсетінді айту ғана болып табылмайды. Сыншы әдебиетті, өмірді, оларда болып жатқан түрлі құбылыстар мен процестерді үнемі қозғалыс, диалектикалық дамуы, табиғи байланысы үстінде қарастырып, ішкі заңдылықтарын, өркендеуіндегі жетекші бағдарларды, басты тенденцияларды ашып көрсетуге міндетті.

Әдеби сынның ғылымилық сипаты әдебиетте, өмірде болып жатқан күрделі процестерді айқын, дәл түсіндіре білуді қажет етеді. Әдебиетіміздің бүгінгі халі, келешегі жайлы оқырман жұртшылыққа ой салып, ойландыра білсе, ол — сынның биік мәртебесі.

Қатал ғылыми негізге сүйенбеген сындардың да болуға хақысы бар[238]. Әдебиет жайлы белгілі бір ғылыми дайындығы жоқ басқа мамандық иелерінің де өзіндік субъективтік пікірлерін білдіруі әдеби сын үшін заңды да. Мұндай сындардан жүз проценттік ғылыми дәлелдеулерді талап етудің өзі орынсыз болар еді. Ал, "жүз проценттік" ғылыми сынның оқушы жұртшылықтың түсінісіне ауырлау соғатын жағы тағы бар. Осылай болғанымен де бүгінгі таңдағы халықтың сана-сезімі, рухани білім дәрежесі өсіп, әдебиет пен өнердің қоғамдағы маңызы арта түскен уақытта әдеби-көркем сынымыздың ғылымилық сипатқа ұмтыла түсуі — жемісті де болашағы бар даму жолы. Сыны мен ғылымының жақындаса түсіп, әдебиетке бірлесе қызмет етуінің пайдадан басқа зияны жоқ.

Біз ғылымилық қағидасының көркем әдебиетті дұрыс талдап, бағалаудағы роліне тоқталдық. Сонымен бірге сынның үгітшілік, насихатшылық қызметіне байланысты атқаратын бұқара арасына әдеби білімдерді таратудағы міндеттері де тікелей осы принциппен байланысты. Сын белгілі бір әдеби құбылыстарды түсіндіріп қана қоймай, халықтың арасына ғылыми, эстетикалық білімдерді таратады. Оқырмандардың әдебиетті дұрыс қабылдап, көркемдік-эстетикалық талғамының қалыптасуына көмектесіп отырады. Әдеби өмірде болып жатқан құбылыстарды нақтылы қарастыра отырып, көркемдік дамудың объективті заңдылықтарын тәжірибеде қолдану үлгісін көрсетеді. Оқырмандарды күнделікті рухани өмірге қажетті білімдермен қаруландырып, әдеби оқиғаларды өзі дұрыс танып, бағалай білуге, эстетикалық тұшым алуға баулиды. Әдебиеттің ну орманының ішінде адаспай жүруге септігін тигізетін ғылымның шамшырағын қолына ұстатады. Ғылымилық сыншының өзінен бастап, оқырманға дейін әдеби құбылысты бар болмысымен тұтас алып қарау арқылы ондағы ең мәнді басты бағыттарды, қасиеттерді айыра білуге үйретеді. Әдеби сын халық арасына әдебиет жайлы ғылыми білімдерді тарату арқылы олардың ғылыми сана-сезімінің қалыптасып, жан-жақты білімдар адам болып, өмір сүруіне жағдай жасайды.

Қазіргі қазақ әдеби сынында ғалым-сыншылар типі пайда болды. Сын майданының негізгі ауыр жүгін көтеріп, ыстық-суығына күйіп жүргендер де осы — "академиялық" сыншылар. С.Қирабаев, З.Қабдолов, З.Ахметов, Р.Бердібаев, Т.Кәкішев, Н.Ғабдуллин, Р.Нұрғалиев, Ф.Оразаев, Т.Қожакеев, М.Жолдасбеков, Ә.Нарымбетов, Ж. Дәдебаев, Ш. Елеукенов, Б. Майтанов, т. б. көптеген белгілі сыншы-ғалымдарымыз бүгінгі әдеби процесіміздің даму тенденциялары, сапалық өзгерістері жайлы сүбелі сын кітаптарын шығарып, соны байқаулар, қызықты ойлар айта білді.

Әдеби сынның ғылымилық сипатын арттыра түсу - сыншылардың басты міндеттерінің бірі. Бүгінгі әдеби процесімізде аса күрделі құбылыстар жүріп жатыр. Ондағы жаңалықтарды жіті байқап, дұрыс баға беру сынның негізгі мұраты болса, бұған жаңаша зерттеу әдістерін қолдана отырып, ғылыми талдаулар жасау арқылы ғана жете алады. Әдебиетіміздің өткені мен бүгінінің сан қырлы сыпаттарын ғылымның жетістіктерін барынша пайдаланғанда ғана жан-жақты көрсете алу мүмкін. Ғылымилық шыңдыққа жол бастар әдеби сынның аса қажетті қағидаларының бірі ретінде көрінеді.

Әдеби сынның ғылымилығы принципін нақтылы жағдайларда орынды пайдалана білген жөн. Кейде мақаланың ғылыми ақпаратын күшейтемін деп, ыңғайы келсін-келмесін, ғылыми терминдермен сықитып қоятын жағдайлар да кездесіп қалады. Мұндай сындардың оқырманның түсінігіне ауыр соғып, мағынасыздыққа апарып соқтыруы мүмкін. Бұл айтылғаннан ғылыми терминдерді қолданба деген ұғым шықпасқа керек, керісінше ғылыми ұғымдарды қолданып, соған сәйкес білімдерді тарат, бірақ ол ретіне, қарай оқырманның түсінігіне орай орынды, ұтымды пайдаланылсын. Әйтеуір, ғылымды қолдану мақсатымен ғана көзделсе, онда пайдасынан гөрі зияны көбірек болып кетуі мүмкін. Әр нәрсенің жөні, шамасы, мөлшері болатындығы сияқты, ғылымилықты да қажетіне қарай тиімді пайдалана білген жөн.

Ең соңында ғылымилық сыншыға өз ойларын белгілі бір логикалық жүйеге құрып, оқырманға нәтүрлым түсінікті ету мақсатымен жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге, қарапайымнан күрделіге қарай ұғындыру әдістерін қолдануға, тілі орамды сөйлемдермен жеткізе білуге көмектеседі. Адамдармен жұмыс істеуге үйрететін педагогика, психология, логика, социология сияқты ғылым салаларының жетістіктерін пайдаланып отыру арқылы сыншы оқырмандар жүрегіне жол тауып, өз еңбегінің жемісті болатын түсуіне жол ашады.

ӘДЕБИ СЫННЫҢ ТАРИХШЫЛДЫҒЫ

Тарихшылдықтың мағынасы өте кең. Диалектикалық материализмнің жалпыға ортақ, аса маңызды теориялық қағидасы ретінде ол қоғам мен табиғатты танып білудің темірқазығы сияқты барлық, әсіресе қоғамдық ғылым салаларында зерттеу бағытын айқындаушы негізгі принцип болып табылады. Тарихшылдық кең мағынасында заттар мен құбылыстарды даму, қалыптасу, нақтылы тарихи байланыстары күйінде танып-білуді білдіреді. Өмірді танудың диалектикалық әдісінің негізін құрап, әрбір нәрсені қалай пайда болды, дамыды, бүгінгі күйге қалай жетті деген сауалдар ауқымында қарастырып, қоғам дамуының ғылыми көрінісін жасауға ұмтылады.

Тарихшылдық принципі - философия ғылымының ғасырлар бойы дамуының жемісі. Қоғамдық өмір құбылыстарын қарастырғанда әрбір мәселеге тарихтағы белгілі құбылыс қалай пайда болды, өз дамуында қандай басты дәуірлерді басынан өткерді, осы дамудың барысында ол қазір қандай күйге келді деген тұрғыдан келіп, негізгі тарихи байланыстарын ұмытпау керек[239]. Ол үшін әрбір құбылысты тек тарихи, тек басқалармен байланысы, тарихтың нақтылы тәжірибесіне қатысты қарау керек[240]. Сонда тарихшылдық принципінің әрбір мәселені пайда болу, даму, өз кезеңінің өзге де құбылыстарымен, жағдайларымен байланыста қарастыру шарттары келіп шығады.

Әдебиет те - қоғамдық құбылыс. Сондықтан оны да тарихи тұрғыдан қарастыру қажеттілігі туады. Мұның кең мағынасы - әдебиетті қоғамдық дамумен байланыста, тарих ғылымының жетістіктерін пайдалана отырып зерттеу деген сөз. Тарихсыз әдебиетті зерттеу жаңдыққа апарады. Өйткені, тарих қоғам дамуының ғылыми шежіресі болса, әдебиет - көркем бейнесі. Екеуі де тарихи қоғамды танып біледі, бірақ екеуі екі түрлі - бірі ғылыми, екіншісі көркемдік жолмен. Екеуінің де түпкі мақсаты - біреу. Ол - қоғам дамуының тарихи шындығын бар болмысымен танып білу. Сондықтан да көркем шығармада тарихи дамудың бір кезеңі болып табылатын өмірдің қаншалықты дәрежеде көрініс тапқандығын айту үшін сыншы сол дәуірдің тарихи мағлұматтарын кеңінен пайдаланады. Демек, тарихи құбылысты бейнелеген әдебиетті тарихи тұрғыдан қарастыру - оны ғылыми түрде танудың бірден бір шарты. Бұл жерде тарихшылдық ғылымилықпен ұштасып жатады. Ғылымилық ғылымның жетістіктерін әдебиетті талдауға қолдану болса, тарихшылдық соның бір қыры, яғни, өмірді ғылыми тұрғыдан танып-білудің философиялық негізін зерттеу ісіне нақтылы пайдалану болып табылады. Тарихшылдық - сыншының сыншылық қызметінде бастан-аяқ ойында ұстап, бағыт - бағдар беріп, таным процесін ретке салып отыратын басты принцип. Ол - зерттеудің әдіснамалық негізін, әдістерін айқындайтын аса маңызды философиялық категория.

В.Г.Белинский: "Әрбір өнер туындысы өз дәуіріне, тарихи заманына, суреткердің қоғамға қатынастарына орай қаралуы тиіс: оның өмірін, т. б. қарастыру шығарманың жасалуын түсіндіруге қызмет етеді"[241] - деп жазған болатын.

Тарихшылдық принципі әдебиеттану ғылымында едәуір зерттелген. Оларда бұл қағиданың өзіндік ерекшеліктері біршама негізделген. А. Бушмин тарихшылдық жалпы теориялық шолулардан, шегіністерден емес, әдеби құбылыстардың ішкі-сыртқы себеп-салдарлық байланыстарын, оның генезисін, дамуын нақтылы тарихи жағдайда талдап, ашып беруден көрінеді деп біледі[242]. Мәселе, фактілердің көп қамтылуында емес, қандай көзқарас тұрғысынан қандай фактілер іріктеліп алынды, олар тарихи дамудың қандай тұжырымы тұрғысынан түсіндіріледі, олар зерттеу барысында неге бағындырылған деген сауалдарда жатыр[243]. Тарихшылдық принципі әдеби құбылыстарды, жазушының шығармасын, жекелеген көркем туындыларды талдағанда, бағалағанда ең алдымен, обьективтілік пен дәлдікті талап етеді.[244]

Академик Д. С. Лихачев тарихшылдық принципі, біріншіден, оның өзіндік қозғалысы, яғни жасалу процесі, екіншіден, оның шығармашылдық ғұмырбаяны ретінде автордың жазушылық өсуі, үшіншіден, белгілі бір кезеңдегі әдебиет дамуындағы құбылыс ретіндегі тарихи - әдеби қозғалысы тұрғыларынан қарастыратындығын көрсетеді[245]. Кейбір зерттеушілер бұл айтылғандармен шектелмей, көркем шығарманың барлық компоненттерінде тарихи сипат бар екендігін, соған байланысты оны тарихшылдық тұрғысынан қарастыру қажеттілігін айтады[246].

Тарихшылдық қоғамдық өмірді көркемдік тұрғыдан игеру әдісінің негізін құраса, әдебиетті зерттеуші сол тарихи шындық қалай бейнеленді деген сауалға жауап беру үшін де тарихшылдыққа жүгінеді. Әдеби шығарманы талдаудың тарихшылдық принципі әрбір суреткердің творчествосы өз дәуірінің өзекті өңірлерін қалайша бейнелей білді, дәуір талабына қалай жауап берді, көркемдік дамуға қандай үлестер қосты деген секілді көптеген сауалдарға дұрыс жауап беруге көмектеседі.

Тарихшылдық - қоғамдық өмірді, әдебиетті ғылыми тұрғыдан талдап, танудың бірден-бір шарты[247]. Бұл принцип әдебиетті нақтылы жағдайда басқалармен байланысы күйінде, тарихи даму үстінде қарауды қажет етеді. Әдеби сын бүгінгі әдеби процесті қарастыратын болғандықтан да оны көркемдік дамудың заңды жалғасы деп ұққан жөн. Бүгінгіні тарихсыз түсіну жеткіліксіз. Мәдениетті, парасатты адам ең алдымен, өз халқының тарихын жақсы білетіндігі сияқты сыншы да ұлттық әдебиеттің өткен даму жолдарын жетік білуі қажет. Бүгінгіні бар болмысымен түсінуге тарих көмектеседі.

Тарихтың тағылымдарынан үйрену - өскендіктің, кемелдіктің белгісі. Өткенді түсінбей, бүгінгіні біле алмаймыз. Сондықтан да өркениетті елдер алдымен, тарихын түгелдеп, сол негізде қазіргі құбылыстарды бағалап отырады. Әдебиеттегі дәстүр жалғастығы, уақыт ұластығы, ұрпақтар тәжірибесінің жинақталуы қоғамдық дамудың жалпы заңдылықтары болса, әдебиетте бұл ерекшеліктер айқын көрінеді. Сыншы нақтылы шығарманы талдағанда осындай жағдайларды ескере отырып, оны белгілі бір дәстүрдің жалғасы, оған өзіндік үлес қосқан жаңашылдығы тұрғысынан қарастыруы керек. Яғни, қаралып отырған мәселенің өткені, қазіргісі, келешегі деген үш мәселе көркем туындыда қалайша көрініс тапты деген сауалдарға жауап іздейді; бүкіл талдау желісін осы бағытта құрады.

Бұл жерде "әдеби сын негізінен бүгінгі әдебиетті қарастырады ғой, сондықтан да оған тарихшылдық аса қажет бола қояр ма екен?" деген сауалдың алдан көлденеңдеуі заңды. Бұған жауап тарихшылдық қағидасының қажеттілік жағдайларын анықтау арқылы беріледі. Тарихшылдық ең алдымен, шығарманың, немесе суреткер шығармашылығының жасалу кезеңіндегі тарихи факторлардың әсер - ықпалын ашуға, сол арқылы барып оған обьективті баға беруге көмектеседі. Ол факторлар саяси, әлеуметтік, мәдени, әдеби, ұлттық, діни, адамгершілік-имандылық, психологиялық, сауаттылық, әдет - ғұрыптық, т. б. болуы мүмкін. Олардың барлығы жиналып келіп, жазушы шығармашылығының идеялық - көркемдік жақтарында көрініс береді. Бұларды есепке алмай, объективті баға беру қиын.

Екіншіден, шығармада көркемдік тұрғыдан тарихшылдық қандай шешім тапты деген мәселе. Сыншы көркем туындыда тарихи өмір қалай көрініс тапқандығын анықтау үшін обьекті болып отырған кезеңнің тарихқа белгілі мағлұматтарын кеңінен пайдаланады. Сол негізде әдеби шығармада өмір көрінісі жаңды, даму үстінде көрініс таба алды ма деген басты сауалға жауап береді. Ал, бүгінгі өмір тақырыбына жазылған шығармаға келгенде, ол тарихи дамудың нәтижесі ретінде қаралуға тиіс. Бүгінгі өмір шындығын бейнемен айту оның өткендегі шын жолдарын білумен тікелей байланысты.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, тарихшылдық әдебиетті зерттеудің бүкіл әдіснамалық /методологиялық/ негізін құрайды. Әдебиеттің әдіснамасын диалектикалық материализм айқындаса, бүкіл ғылыми танымға әмбебап қағидасы - тарихшылдық. Сондықтан да бұл принцип әдебиеттану ғылымының негізгі зерттеу компоненттерінің барлығының дерлік құрамына кіріп, таным процесінің басты даңғылы қызметін атқарады. Тарихшылдық ең алдымен, әдебиетті қай бағытта, қандай тәсілдермен, әдістермен зерттеу қажеттігін белгілейді. Сыншыны ақиқаттың ауылына апаратын ақ жолға салады. Содан кейін шығарманы талдау барысында нақтылы көмектер көрсетеді. Ең соңында шығарманы зерттеудің нәтижесінде жинақталған мағлұматтарды қорытып, дұрыс тұжырымдар жасауға көмектеседі. Яғни, тарихшылдық шығарманы комплексті түрде қарастыруды ұйымдастырушы қызметін атқарады. Әдебиет сырын ашуға қажетті амалдар мен тәсілдерді айқындап, ой-пікірдің бір бағытта шығуын реттеп отырушы орталық ретінде көрінеді

Тарихшылдық принципінің өзегі - диалектикалық материализмнің барлық заттардың, құбылыстардың даму, өзгеріс үстінде болатындығы туралы ілім. Әдеби процесс те қоғамның әлеуметтік - мәдени дамуы тұрғысында ұғынылып, диалектикалық ойлау жүйесі арқылы зерттелінеді. Қазіргі әдебиет өткеннің, ертеңгінің бүгінгі көрінісі ретінде қабылданады. Сондықтан, тарихшылдық сыншыдан осы көркем шығарманы жазу идеясы туған кезден бастап, біткенге шейінгі авторға әсер еткен барлық факторларды ескере отырып, идеялық-көркемдік талдауларды объективті түрде жүргізуді қажет етеді. Шын шындық барлық уақытта да сол күйінде қала береді. Шығарма туралы шындықты айтуға ұмтылған сыншы да өз пікірін кешегінің, ертеңгінің тезіне салып, яғни ол бұрын қалай болды, кейін қалай болмақ деген сауалдарға жауап іздеу арқылы дәлелдеуге ұмтылады.

Тарихшылдық принципі қалыпты стандарт емес. Ол әдебиеттің тәжірибесіне творчестволықпен қолдануды қажет етеді. Ол әрбір сыншының білім дәрежесіне, дүниетанымына тікелей қатысты. Бір ақынның шығармашылығы жайлы түрліше пікірлердің бой көрсетуі сондықтан. Төңкерістен кейінгі әдеби сында Абай поэзиясы әрқилы бағаланды. Жалаң социалогизмге, тапшылдық көзқарасқа сүйенген солақай сыншылар ақын өлеңдеріндегі терең ойларға бойлай алмады. Ал, білімді, парасатты азаматтар болса, оның поэзиясының тууына әсер еткен тарихи, әлеуметтік, тұрмыстық, рухани жағдайларға байыппен ой жібере отырып, Абай заманының ұлы ақыны екендігін айтты. Абай "ұлы ақын" деп алғаш бағалаған Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов сияқты халқының қамын жеген арыстар болғандығы тегіннен тегін емес. Бұл жерде олар ақын шығармаларын бағалағанда тарихшылдық тұрғыдан келді дегеннен гөрі ғылыми, объективті тануға ұмтылыстың өзі стихиялы түрде осы жолға алып келді деу дұрыс. Бұл жерде тарихшылдық пен ғылымилықтың бірге жүретіндігі, бірге қызмет ететіндігі көрінеді. Ғылымилықсыз тарихшылдық та жоқ екен.

Әдеби сын тек өз кезеңінің ғана емес, сонымен бірге өткеннің әдеби мұрасына да бүгінгі күннің биігінен көз салып отырады. Адам баласының ғасырлар қойнауында жүріп, ықылым заманалар бойы жасаған асыл сөз мұралары — уақыт тезіне ұшыраған сайын жаңа қырлары жарқырап, тың сапалары, соны сырлары ашыла түседі. Әр дәуір, әр ұрпақ әдеби мұраларды өз көзімен көріп, талабы тұрғысынан бағалап отырады. Замана тұрғысынан әдебиет тарихы дүркін-дүркін, ұдайы уақыт сынына салынады. Бұл үлкен қиын міндетті, яғни дәуірдің, ұрпақтың атынан жаңаша көзқарастар айту хұқы әдеби сынның парызында.

Әдебиеттің тарихшылдығына сүйене отырып, ғалым сыншылар халықтың ауыз әдебиеті, әдебиеттің тарихы жайлы соны пікірлер айтып, оны баспасөз

бетінде бүкіл жұртшылыққа хабарлайды. Сөйтіп, әдеби сын әдебиеттану ғылымына қозғау салып, жаңа ізденістерге жетелейді. Халықтың сана-сезімі, рухани, мәдени, білім дәрежесінің өсуімен бірге өткенге деген көзқарас та өзгеріп отырады. Сондықтан да тарихшылдық өткен өмірдің тарихи ерекшеліктерін, талаптарын, рухани дамудың дәрежесін үнемі ескеріп отыруды талап етеді; әдеби мұраны, тарихтағы ірілі-ұсақты әдеби тұлғаларды бүгінгі күннің биік белесіндегі дүниетаным тұрғысынан жаңаша бағалауға көмектеседі.

Әдеби зерттеулерге тарихшылдық қағидасын дұрыс пайдаланбаудың салдарынан күні кешеге дейін Абайға дейінгі, кейінгі кездердің, көптеген мәселелері дұрыс шешілмей келді. Олардың шығармашылығына әсер еткен тарихи факторлар дұрыс бағаланбай, ұлт-азаттық рухындағы бүкіл қазақ әдебиетінің тарихы жоққа шығарылды. Әріге бармай-ақ үстіміздегі ғасырдың басындағы Мағжан сияқты көптеген ақын-жазушылардың шұрайлы шығармалары аяқасты етілді. Солай бола тұрса да кезінде әділдіктің ақ туын көтеріп шығып, тарихи жағдаймен байланыста қараудың классикалық үлгісін Ж. Аймауытов көрсетті. Мағжанның өлеңдері "ескішіл", "кертартпа" деп, теріс бағаланып, солақай сыншылардың қолжаулығына айналғанда, Жүсіпбек жазған мақала ақын поэзиясын бар болмысымен көрсете білді. Сыншы бұл биікке Мағжанның шығармашылығын өз дәуірінің жемісі тұрғысында қарастырып, сырлы сезімге толы ақынның поэзиясын барынша жарқырата түсті. Сыншыны тыңдайық:

"Бір жағынан үй-іші, әкеге, әлеумет-ру басыға бағынған, тапқа, жікке бөлінбеген, қазақ ішінде туып-өскен болса, екінші — татар медресесінде оқып, түрікшілдік, исламшылдық рухында тәрбиеленсе, үшінші — патша саясаты шымбайға батып, отаршылдық зардабы қазақтың ұлтшылдық сезімін оятқан дәуірдің ұлы болса, төртінші — орыс зиялыларының қаймағы бұқарашыл, халықшыл болып жатқанын сезіп білсе, бесінші — батыстың, қала берсе орыс ақындарының санашылдық (идеализм), дарашылдық школынан сабақ алса, енді Мағжан қаи пікірдегі ақын болып шығуы керек? Сөз жоқ, Мағжан ұлтшыл, түрікшіл, санашыл, дарашыл ақын болып шығу керек. Олай болып шықпау мүмкін емес. Әлеумет ортасының, заманның жағдайы солай"[248]. Бұл жолдардан ақын поэзиясына әсер еткен тарихи, әлеуметтік, саяси, рухани жағдайларды дәл көрсете отырып, оны мұңлы, сырлы сезімге толы жырларды түсінудің негізгі кілті, шарты, бастау көзі етіп алғандығын көреміз.

Әрбір дәуірдің өзіне ғана тән жағдайы, тіпті басқалармен салыстыруға келмейтін өзіндік ерекшеліктері бар. Ал, олжағдайды түсінуге тарихшылдық қағидасы көмектеседі. Сонда ғана барып кезеңнің келбеті дұрыс көрініс тауып, ол туралы жазылған шығарманы дұрыс бағалауға мүмкіндіктер бар.

Тарихшылдық жан-жақты білімділікті қажет етеді. Көркем әдебиеттің тарихи, өмірлік негіздерін қарастырғанда жалған фактілердің жетегінде кетпей, негізгі даму бағытын айқындайтын типтік құбылыстардың құлағынан мықтап ұстай білу керек. Әйтпесе, уақытша ғана көрініс тапқан жалған фактілер шығарма талдауын да жалған жолға салып, қате пікірлерге апарып соқтырады. Екеуі де шындық. Бірақ, алғашқысы - уақытша ғана, жалған шындық та, екіншісі - түпкілікті тұрақты шындық. Бұл жалған мен шынның ара жігін ажырата білу сыншының білім, өмірлік тәжірибесі дәрежесіне тікелей байланысты.

Кейбір сын, зерттеу мақалаларында әдебиетті сол кездің әлеуметтік, саяси жағдайларымен байланыстыра қарау мақсатымен ұзақ сонар тарихи шолуларға кетіп қалатын жағдайлар жиі кездеседі. Бұлар тікелей әдеби талдаулармен ұштасып жатса, құба-құп. Кейбіреулерінде тарихи жағдайлары бір бөлек, әдеби талдаулары басқа жақта, бастары бірікпей тұрады. Тіпті, тарихқа жеке, әдебиетке жеке талдаулар жасалынғандай әсер етеді. Бұл жерде сыншының өз зерттеуін тарихшылдық тұрғыдан өмірмен байланыста қарастыру ниеті бар да, шын мәнінде оны нақтылы жағдайда қолдануға келгенде шеберлігі жетпегендігі көрінеді.

Сыншының дұрыс бағытта болуы оның өмірдің сан-сапалақ құбылыстарының ішінен өзіне қажетті фактілерді сұрыптай ала білуінен де көрінеді. Бұлтікелей сыншының дүниетаным дәрежесіне байланысты. Өмірлік көзқарасы неғұрлым толық қалыптасқан адам соғұрлым өзіне қажеттілерін сәтті іріктеп ала алады. Ал, әлі дүниетанымы пісіп-жетілмеген адамның өмір құбылыстарын дұрыс сұрыптауға ой өрісі жетіңкірей бермейді де жалған фактілердің, жалған идеялардың ықпалымен кетіп қалады.

Фактілерді сұрыптау дегенде оларды жекелеген, жалаң күйінде емес, басқалармен байланысымен тұтас алудың маңызы зор. Сонда ғана барып ол шындыққа айнала алады. Ал, жеке алынса, ол өзінің субъективті пікірін дәлелдеуге тырысқан кім көрінгеннің қолындағы ойыншығы сияқты. Сондықтан да өмір құбылыстарын тұтас маңызды, сыпатты жақтарынан көре білу сыншы үшін де аса маңызды.

Кейде сыншы жаңа кітап туралы өзінің алдын-ала қалыптасқан пікірін дәлелдеу мақсатымен өмір фактілерінің ішінен соған сәйкес келетін екінші бір кезектегі жанама фактілерді әдейі іріктеп алатын жағдайлар кездеседі. Ол да өз пікірін шындық деп нақтылы фактілермен дәлелдейді. Бұл жерде зерттеу әдіснамасының көзқарастық компоненті бүкіл танымпроцесін айқындап отырғандығын көреміз. Ю. Борев тарихшылдықтың абстрактылы емес, тарихи-көркемдік тәжірибелерінің бар жетістігін кеңінен пайдаланған нақтылы әдеби пікірлерге сүйенген сыншылық талдаулардың табан тірер, бағыт берер басты принцип екендігін қадап айтады[249]. Сөйтіп, ол әдеби талдаудың басынан-ақ оның көзқарастық бағытын айқындап, оны дәлелдеуге қажетті әдістер мен амалдарын белгілеп отырады екен.

Өмір құбылыстары аса бай. Ескі мен жаңаның, жақсылық пен жамандықтың бірде олай, бірде бұлай болып жататындығы белгілі. Қоғам дамуы тегершігінің илгері қарай айналмай, кері кеткен кездері, ескі мен

жамандықтың уақытша үстем болған тұстары да тарихта аз емес. Мәселе, сол шым-шытырық тарихтың, өмірдің ішінен ілгерішіл, болашағы бар құбылыстарды көре біліп, замана шындығы деп тануда жатыр. Осындай жағдайлардың барлығы дерлік көркем шығармада көрініс табатындықтан да оның қайсысы шындық, қайсысы жалған екендігін анықтаудың өзі де оңайға түспейді. Қазір жетпіс жыл бойы шын деп келгеніміздің жалған, жалған деп келгеніміздің шындық болып шыққан күрделі кезеңін басымыздан кешіріп отырмыз. Осы тұрғыдан келгенде тарихшылдық қағидасын берік ұстана отырып, бүкіл әдебиетіміздің тарихын қайта қарау қажеттілігі туады. Шырылдаған шындықты айтуға ғылыми негізге сүйенген тарихшылдық қана көмектесе алады.

* * *

Жоғарыда біз тоқталып өткен әдеби сынның негізгі принциптері бір-бірімен өте тығыз байланыстылығы соншалықты көркем шығарманы талдау барысында іс жүзінде жеке-дара қолданылмайды десе де болғандай. Әдебиет көркемдік құралдарының көмегімен біртұтас дүниеге айналатындықтан да оны бағалаудың түрлі шарттары да біріктіріліп, комплексті түрде қолданылады. Егер де әдеби талдауға керекті қағидалардың біреуі ескерусіз қалса, ол шығармаға берілетін бағаға тікелей әсер етіп, оның объективтілігіне едәуір нұқсан келеді. Сондықтан да бұл принциптерді қажетті жерінде орынды қолдана білудің маңызы зор. Әйтеуір қолдану мақсатымен келсін-келмесін пайдалана берудің зияны болмаса, қажеті шамалы.

Әдебиетті зерттеудің принциптері өте нәзік. Оларды пайдалану аса ұқыптылық пен шеберлікті қажет етеді. Принциптердің мұндай қасиетін ескермеушілік ұшқарылыққа, тұрпайылыққа апарып соқтырады. Сонымен бірге бұл принциптер сыншыдан белгілі бір дәрежедегі білімдарлықты, дүниетанымды, парасаттылықты талап етеді. Әдебиетті зерттеудің қағидалары ғасырлар бойғы әдеби білімдердің даму жетістіктері негізінде жасалынғандықтан да сыншы олардың бәрін меңгерген білімді әдебиетші болуы керек. Соңда ғана барып ол әдебиеттің қай жерінде нендей мәселе барын, оны көтеріп пікір айту үшін қандай принциптерді, әдістерді қолдануға болатындығын білє алады. Көркемдік туралы терең білімдерсіз жай әдеби сауаттылық сыншыны алыска апармайды. Әдеби сынды өрге сүйрейтін қажетті принциптер мен әдістерді орынды пайдалана білудің нәтижесінде әдебиетіміз жайлы терең білімділікке негізделген парасатты пікірлер айтыла бермек.

ӘДЕБИ СЫННЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Әдеби талдаудың идеялылығы, шыншылдығы, өмірмен байланыстылығы, халықтығы, ғылымилығы, тарихшылдығы сияқты мазмұнын, сапасын айқындайтын қағидаларды басшылыққа ала отырып, сын мақала дайындалу барысында оның оқырмандарға сол күйінде жетуі үшін ескерілер жәйттер де баршылық. Олардсыз қанша мықты айтылған бағалы ойы болғанымен де сын құрдымға түсіп кеткендей. Әдеби сын тек мазмұнына байланысты емес, оның қалай жүргізілуіне байланысты да. Сын мақаладағы әдемі ойлар жолын таппаса, оқушыларға жетпей қалуы да мүмкін. Бұл әдеби сынның насихаттық әдістемесіне тікелей қатысты.

Әдеби сын оқырмандарға әдебиеттану ғылымын, эстетикалық білімдерді тарату, жалпыадамзаттық рухани игілікті насихаттау ісінде педагогиканың жетістіктерін пайдаланып отырады. Әдеби сынның үгітшілік сыпаты бар болумен бірге насихатшылық қызметі де басым. Сыншының бір мақсаты — көпшіліктің әдебиетті түсінуіне қажетті білімдер беру. Бұл оқырманның саналылығына, белгілі бір дәрежедегі әдеби сауаттылығына негізделіп, сендіру әдісі арқылы жүргізіледі. Оқырманды айтып отырған пікірге сендіру үшін түрлі шарттар орындалу керек.

Сыншы ең алдымен, мақаласын оқырмандардың қандай типіне арнап жазатындығын, қандай баспасөзде жариялайтындығын анықтап алуы тиіс. Оқырмандар аудиториясын анықтау сыншыға нақтылы кімге бағышталған сөйлейтіндігін жеңілдетеді. Мектеп оқушысының, ауыл еңбеккерінің, қала жұмысшысының, студенттің, ғылыми қызметкердің аудиториялық типтерінің өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, жіктеп қарамаса, сыншының еңбегі діттеген жеріне жетпей жатады. Сондықтан да сыншы барлық уақытта алдымен, аудиториясын ажыратып, өз оқырмандарын белгілейді. Содан кейін олардың сауаттылық, рухани дәрежесін, әлеуметтік мүдделерін ескере отырып, олар қызығатын мәселелерді көтере білуі керек.

Сын мақаланың тілі де, ғылыми аппараты да оқырмандардың ерекшеліктеріне орай анықталып, ұғымына түсінікті болуы ескеріледі. Мысалы, "Қазақстан мұғалімі" "Егемен Қазақстан", "Қазақ әдебиеті" газеттерінде жарияланған мақалаларды бір-бірімен ауыстыруға, шатастыруға болмайды. Алғашқысы мұғалімдердің сауаттылығын, кәсіби мүддесін ескере отырып, ұстаздар тақырыбына жазылған шығармаға көбірек арналса, екіншісінің аудиториясы кең, жалпыхалықтық маңызы бар

әдеби құбылыстарға мән береді. "Қазақ әдебиеті" әдебиетті сүйетін, оны мұрат тұтқан, белгілі бір дәрежедегі әдеби дайындықтары бар оқырмандарға арналғандықтан да ғылыми мәселелерге барынқырайды. Ал, әдеби, академиялық басылымдарда жарияланған сын мақалаларының ғылыми сыпаты басым. Бұдан шығатын қорытынды әдеби сын өзінің формасы мен мазмұнымен аудиториясының интеллектуальдық, әдеби білім, психикалық дамуы, рухани мүдде деңгейлерімен сәйкес келіп, "бейімделгенде" ғана пәрменді бола алады. Әдеби сынның оқырмандар аудиториясын ескеріп оларға түсінікті, әсерлі, ыңғайлы (оптимальды) түрде (формада) болып ұтымды жазылу шарттары орындалуы тиіс. Әртүрлі топтың, тәптің, мамандық иесінің жүрегіне жол тауып, өз пікірін жеткізе алуы – сыншы үшін зор табыс. Мақала қаншалықты мықты жазылғанымен де ол дәл өз оқырмандарын таппаса, оқылмаса, ол – өлі дүние.

Осындай себептермен сыншы үнемі әдеби процесті, оқырмандар аудиториясын зерттеп біліп отырады. Оқырмандармен кездесулер өткізу, жеке әңгімелесу, олардың редакцияларға, оқыған кітаптарының авторларына жазған хаттары, жарияланған пікірлері, анкеталар жүргізу оқырмандардың рухани, психологиялық хал-ахуалын дер кезінде біліп отыруға көмектеседі. Бұдан шығатын қорытынды – соңғы кездерде өріс алып келе жатқан әлеуметтік зерттеулердің нәтижелерін әдеби сында пайдалана білу қажеттілігі анық. Осындай түрлі әлеуметтік зерттеулер жүргізудің барысында "дәл қазір әдеби өмір қандай мәселені алға қойып отыр?", "оқырман неге жауап іздейді?" деген сауалдарға жауап ретінде қандай тақырыпқа, мәселеге арнап мақала жазу керектігі анықталады. Осы жерде әдеби сынның шапшаңдығы (оперативтілігі), зәру мәселелерге үн қосқыштығы (актуальдылығы) көрінеді. Көптің көкейіндегі мәселені уақтылы көтеріп жазу – әдеби сынның басты қағидаларының бірі.

Әдеби сын әдебиеттің жетістіктері мен кемшіліктерін көрсетіп қана қоймайды, жаңалықтарды рухани өмірдің қажетіне жарату үшін күш салады, әдебиеттегі кемшіліктерге қарсы аяусыз күрес жүргізеді. Әдеби сынның жауынгерлігі – оның басты қасиеттерінің бірі. Сынның мұндай қасиеті сыншыдан күрескерлікті талап етеді. Ал, мұндай қасиеттің екінің бірінде бола бермейтіндігі белгілі. Өзінің ұлтын, тағдырын соған арнаған адамға күресе біледі. Жан-жақты білімділік, әдеби процесте қайнаған тәжірибе, теориялық білімдерді тәжірибеде қолдана білушілік, әдебиеттің абыройы, халықтың болашағы үшін қайтпай күресе білушілік – міне, сыншы үшін аса қажетті қасиеттер. Мұның барлығы бір адамның басынан табыла беруі қиын. Сыншының сирек дарын (Белинский) атануы да сол себептерден болса керек.

Әдеби сынның тиімділігін арттыруда оны жүйелі түрде жан-жақты жүргізудің қажеттілігі анық. Сын мақалалар сыншының ойындағысын оқырмандарға жеткізсе болды емес екен, пікір бағышталған объектісінің ерекшеліктері талап ететін жақтары да бар екендігін айтып өттік. Сонымен бірге аудиторияның өзіндік ерекшеліктері әдеби сынды қалай болса солай емес, белгілі бір жүйемен жүргізу керектігін туғызады. Бұл оқырмандардың бір сәттік қажеттілігін өтеуден гөрі рухани мүддесін ұдайы қанағаттандырып отырудан туындайды. Әдеби сынды ұйымдастырып отыруға қатысы бар мекемелер (Жазушылар Одағы, редакциялар), немесе жекелеген сыншылар жағдайды ескере отырып, алдағы уақытта атқарылар істердің шамамен жоспарын жасайды. Халықтың рухани қажеттілігін қанағаттандыру мақсатымен жүйелі түрде жүргізілуі – әдеби насихаттың жемісті болуының бірден-бір негізі.

Жоғарыда тоқталып кеткеніміздей, әдеби сынның аудиториясы өте кең. Мектеп оқушысынан академикке, қарапайым еңбек адамынан министрге дейін әдебиетті оқымайтыны жоқ. Әдебиет қайда жүрсе, сын да сонда. Тіпті, әдебиет әлі келмеген аудиторияға алдымен сын келіп, болашақ оқырмандарға оны үгіттеп, игілікке айналуына субъективті жағдайлар жасайды. Сонымен, әдеби сын осыншама үлкен аудиторияға қалай үлгереді? Сын оқырмандарға негізінен баспасөз арқылы жетеді. Газет-журналдардың құрттың бәрі оқи бермеуі мүмкін. Сондықтан да ол ақпарат құралдарының радио, теледидар сияқты түрлерін қосымша жол ретінде пайдаланады. Кейбіреулер көзбен көріп оқығанын ұмытпаса, енді біреулер естігенін, естіп-көргенін дұрыс санайды. Сыншы өз қызметінде радио мен теледидардың осындай ерекшеліктерін де пайдалана білуі керек. Қалың көпшілікпен кездесу, оқырмандар конференциясын ұйымдастыру да әдеби білімдерді, пікірлерді таратудың тиімді түрлеріне жатады. Бұл айтылғандар әдеби сынды насихат құралдарының бар мүмкіндіктерін пайдалана отырып, комплексті түрде жүргізу қажеттіліктерінен туындайды.

☆ ☆ ☆

Түйіндеп айтқанда, әдеби сын өзіне дейінгі ғылыми дамудың жетістіктерін әдеби процесте орынды пайдалана білгенде ғана жемісті болмақ. Әдебиетті танып-білу процесі оның сынық ой-пікірлер беріп қана қойған жоқ, сонымен бірге зерттеулердің жетілдірілген тәсілдерін, қағидаларын, әдістерін де ұсынды. Әдеби сынның идеялылығы, шыншылдығы, әдеби өмірмен байланыстылығы, халықтығы, ғылымилығы, тарихшылдығы, жауынгерлігі, жүйелілігі, жан-жақтылығы, түсініктілігі сияқты негізгі қағидалары – ұзақ уақыттар бойы таным тезінен өтіп, қалыптасқан аса қажетті зерттеу принциптері. Бұл қағидаларды әдеби сында берік ұстанып, орынды қолдана білушілік сыншының әдіснамалық жағынан тура бағытта болып, қажетті талдау әдістерін дұрыс таңдай білуіне, нәтижесінде бағалы пікірлер айта алуына қажетті мүмкіндіктер туғызады.

VI ТАРАУ

ӘДЕБИ СЫННЫҢ ТҮРЛЕРІ

Әдетте, бізде "терең ойлы философиялық (немесе эстетикалық) сындар жоқ" дегенді жиі естиміз. Тәжірибеде "сын" сөзінің алдында қойылған анықтауыштар оның қандай түрі екендігін аңғартады. Ал, әдеби сын ғылыми түрде қалай жіктелінеді, бөліну шарттары қандай деген мәселелердің төңірегінде де ойланарлық жәйттер бар. Ең бастысы — түрлерге бөлу шарттарының нақтылы еместігі. Сынды түрлерге бөлгенде бірнеше өлшемдер алынып жүр. Олардың бастылары: сынды кімнің жазып отырғандығы, қандай әдісті қолданғандығы, шығарманың қандай сыпаты талданатындығы, қандай жанрда жазылатындығы, т. б.

Әдеби туынды хақында кімнің пікір білдіріп отырғандығына, жазылу мәнеріне (стиліне) орай жазушы сыны, сыншы сыны, оқырман сыны деп үшке бөлуге болады. Жазушы сыны басқа түрлерден тілінің көркемдігімен, ойының бейнелілігімен ерекшеленеді. Өз ойларын ғылыми талдауларға емес, жазушылық тәжірибесіне сүйене отырып, алған әсер ретінде білдіреді. Пікірлерінде субъективтік сыпат басым болады. Көбіне пікір білдіріп отырған шығармасының сөз қолдану, әсем ойды өрнектеп беру шеберліктеріне құрылады. Ортақол, нашар шығармалардан гөрі сәтті туындыларға көбірек арналып, ұнағанын, несімен ұнағанын таратып айтады.

Ақын-жазушылар өз пікірлерін мақала түрінде де, сонымен бірге көбіне сынның көркем жанрларында білдіреді. Мысалы, ақын М. Әлімбаевтың "Абайды қайталап оқығанда" атты эссесіне ("Жас алаш", 6. XII. 1991) назар аударалық. Бір бетке сәл-ақ жетпейтін көлемді материал автордың Абай өлеңдерін қайталап оқыған кезде келген әсерлерін жеткізуге арналған. Бір қарағанда, эссе қысқа-қысқа бөліктерден құралып, тұтастығы жетпейтіндей. Оқып шыққанда көркем тілмен жазылған мақала тұтастыққа ие болады. Эссені біртұтастыққа айналдырып тұрған - автордың өзіндік ой білдіру ерекшелігі: ақынның сұлу да сиқырлы сөздерді қолдана білген жерлерін нақтылы көрсету арқылы Абайдың ұлылығы атты үлкен ойға жетелейді. Тіпті, эссенің соңында "Абай осындай да осындай" ақын деген сияқты қорытынды бөлімі де жоқ. Өйткені автордың нақтылы фактілерді келтіре отырып айтқан пікірлерінің бәрі де осыған саяды. Сол себепті де айтылған ойды тағы да қайталап оқушысын жалықтырып алғысы келмей, кілт тоқтағандай әсерде қаласыз. Мысалы:

"Әдетте қазақ баласы гүл солды, гүл семді, гүл қуарды, гүл сарғайды, гүл құрысты... дер еді-ау. Бәрі дұрыс, бәрі жөн.

Ақындықтың асылдығы — әлеуметтің бойы үйренген ежелгіден, үйреншіктіден айрықша, өзгерек сөйлеуінде, өрнекті сөйлеуінде ғой... Соған тағы бір мысал:

Қызыл гүлің суалып,
Ақ көңілің анық қарайды".

Гүл суалу — атымен жаңа метафора ма?! Жаңа! Кім тосырқайды? Тосырқайтын тосын болса да — сурет бар! Қозғалыс бар. Өзгеріс бар".

"Қан жүректі қайғылы-ау,
Қайырыла кет сен маған".

Расымды айтайын, мен алғашқы жолдың мәніне күні кешеге дейін көңіл аудармаппын-ау.

Сөйтсем, "Қайғы басқан пенде!" деген сияқты қаратпа сөз екен. Бірақ, әдегенде ұға қою қиын.

Рас, өлең сөзді, әсіресе өрнегі өзгеше сөзді ойланбай оқуға бола ма?! "

"Ауру жүрек ақырын соғады жәй,
Шаршап қалған кеудемде тынши алмай... "

Осы өлеңді ес білгелі неше рет оқыдым, неше рет қайталадым. Бала кезде байыбына бармай, бертін жігіт ағасына жеткеннен соң, жүрегім сыр бере бастағаннан кейін өте-мөте өткірірек сезінгендеймін. Қала берді менің де жүрегім жайында қамырыққандай сезіндім. Бұл — жалпы әсер-ықпал.

Шаршап қалған кеуденің ішіндегі сырқат, сыздаған сорлы жүрек...

Іші де сырты да қасіретті объекті.

Оқырман дерт азабын шеккен бейбаққа жанашырлықпен қарап, сырқаттың сырын ұғуға талпынатын кейіпке көшеді. Адамды қамқорлыққа, мейірбандыққа үндей білген, жалпы алғанда, жан баласының жан дүниесінде жаңғырық тудырған поэзия — ғажайып құбылыс!

Көбіміздің сондай жаңғырық-жауап тудыра алмай жүруіміз — қалам қасіретіміз".

Бұл үш үзіндіден сөз қадірін білетін адамның тіл құдіреті жайлы жүрек жарды_толғаныстары, ақын Әлімбаевтың Абай поэзиясының ұлылығы алдында бас июі көрінеді. Бұларда ғылыми талдаулар, терминдер жоқтың қасы. Есесіне эмоционалды әсерлер ақын жүрегінен шымырлап шыққан жан сырлары, толғаныстары оқырманды еріксіз елітіп әкететіндей. Ақынның эссесі шыншылдығымен, сыршылдығымен баурайды. "Бала кезде байыбына бармай, бертін жігіт ағасы жасына жеткеннен соң, жүрегім сыр бере бастағаннан кейін, өте-мөте өткірірек сезінгендеймін" — деген сияқты ағынан жарылған жолдарды сезімсіз оқу мүмкін емес.

Жалпы, ақын-жазушылар жазған сыни мақалаларда ой-пікір көбіне көркемдік талғамға негізделеді. Құрғақтау көрінетін теориялық талдаулардан гөрі мұндай сындардың жүрекке жақындау келетіндігі

қаламгерлердің сезімтал жүрегі сезінген нәзік түйсіктерді жан жылуына, жүрек лүпіліне орап бере білуінде жатса керек. Жүректен шыққан соң жүрекке жететіндігі анық. Жазушы сыншы өзінің шығармашылық лабораториясына сүйене отырып, оқырмандарға өз тәжірибелерін жайып салады. Не айтса да ақындық жүрегімен шындықты айтуға тырысады. Ол үшін негізгі өлшем — әдебиеттің теориясы емес, көркемдік әлемнің ақын қиялында көрінбей қызмет атқаратын ішкі заңдылықтары. Жазушылықтың тәжірибесі, көркемдік стихиясы, жүрек лүпілі келіп қосылғанда әдеби сын мақалаларына ерекше сыпат береді. Көркем тілмен көсіліп жазылған жүрекжарды пікірлер оқушысын баурамай қоймайды. Кей кездерде көркем тілді еңбектердің әсері көркем әдебиеттен кем соқпай жататыны да сондықтан. Бұларда көрінетін кесек-кесек көркем тіркестер, суреттер, бейнелер оқырман ойын оятып, әдебиеттің әсем әлеміне елітіп алып бара жатқанын байқамай да қалады. "Сын — әдебиет" дегенде табан тірерлік негіз — осы ақын-жазушылар. Қалай дегенмен де жаңды тілмен жазылған, көркемдігі басым, жүрекжарды жан сөзін білдіретін жазушылар сынының аса қажет екендігі анық.

Сынның екінші бір түрі — маман сыншылар сыны. Яғни, әдебиетті талдап, оның жетістіктері мен кемшіліктерін саралап, бағалаумен айналысатын арнайы мамандық иелерінің сыны. Ғ. Мүсірепов сынның мұндай саласын "ғылыми сын, тексеру-зерттеу арқылы әдебиетті ылғи алға сүйреп отыратын сын. Әдебиет пен жазушының алдына жарығын түсіріп, бастап отыратын сын"[250] деп біледі. Мұндай сындарды көбіне ғылыми атағы бар, әдебиетті зерттеумен айналысатын ғалымдар, маман әдебиетшілер жазады. Сыншылардың сын мақалалары негізінен ғылыми талдауларға құрылып, сол негізде тұжырымдар жасалынады. Жазушылар сынында талдаудан гөрі, алған эстетикалық тұшым әсері бірінші орынға шықса, мұнда әдебиеттану ғылымының жетістіктеріне сүйене отырып, талдаушылық, сол негізде пікірлер ұсыну басты сипатқа ие болады. Нені айтса да таратып, дәлелдеп айтуға ұмтылады.

Қаламгерлер әдеби ойларын көркем-публицистикалық мәнерде жазады. Жазушы мақаласында сұлу сөздер, айшықты ойлар, көркем тіркестер, көрікті көріністер жиі қолданылса, екіншісі сөздің саралығына, ойдың нақтылы дәлдігіне көбірек көңіл бөледі. Бедерлі берілген бейнелі ойлардан гөрі, тіл заңдылықтарына көбірек бағыныңқырап, сіресқен сөздердің сыңайынан екі-үшты пікірлердің болуы сирек. Әсірелеп, бейнелеп айтатын ақындар пікіріне қарағанда, маман әдебиетшілерде ойларды дәл беруге ұмтылушылық басым.

Жазушылар сыны өзі әңгіме етіп отырған әдебиетке еліктеп сөйлесе, сыншы сыны қолындағы зерттеу құралы — әдістің иесі әдебиеттану ғылымына қарап, соның мақамымен сөйлейтіндей. Екеуі де көркем шығарма жайлы пікір білдіретін болса, алғашқысы өзінің субъективтік әсеріне, қаламгерлік

сырларына сүйеніп айтады да, екіншісі ғылыми негіздерге сүйенген объективтік заңдылықтарға арқа сүйейді. Екеуінің де құяр арнасы — біреу. Ол — әдебиет жайлы пікір айту. Бірақ, екеуі екі түрлі жолмен келіп, әдебиеттің ішіне кіріп, өздерінше көріп-біліп болған соң, сыртқа шығып алып, ойға түйгендерін айтып отырғандай. Екеуінің де айтып отырғаны — бір әңгіме. Мазмұн да бір. Бірақ, екеуі екі бөлек жүріп, өздеріне қажетті нәрселерді екі түрлі әдіспен өздерінше жинағандықтан да ойларын жеткізу формасында ғана айырмашылық бар. Соңынан нәтижелерін жинақтағанда, бір жерден шығар ортақ мазмұнға келеді. Кейде маман сыншылардың жазушы сыншылар жүретін жолмен де жүріп, көсіліп-көсіліп кететін кездері де болады. Бірақ, бұл оның өз жолы емес. Өз ойларын неғұрлым толығырақ жеткізу мақсатымен қолданылған тәсіл ретінде ғана.

Әдеби сынның үшінші бір түрі — оқырман, немесе халық сыны. Көркем әдебиет қалың көпшілік оқырманның оқуы үшін жазылады. Шынтуайтқа келгенде, шығарманың тағдырын халық шешеді. "Көптің көкейінде жүрген күпті ойларды қозғап, жүрекке жол таба білді ме?" деген аса маңызды мәселеге жауапты осы оқырман пікірі береді. Ал, оқырман ұғымының ауқымы кең. Көркем әдебиетті қарапайым еңбек адамынан бастап, әртүрлі мамандық, орта өкілдерінің оқитындығы анық. Негізгі оқырмандар — осы көпшілік еңбек адамдары. "Әдебиет халық үшін" дегенді әрбір қаламгер өз дүниесінің солардың кәдесіне жарауы деп түсінеді. Сондықтан да қалың оқырман өкілі айтқан пікірдің әдебиет үшін маңызы үлкен. Жаңа шығарма жайлы қаламдас қаламгерлер де, сыншылар да өз тұрғыларынан пікір білдіріп жатуы кәдік, бірақ солардың ішінде қалың көпшіліктің қалай қабылдағанын білдіретін пікір де қымбат. "Бұл, әрине, ғылыми сын емес, халықтың жүрегінің қалай соғуын көрсетіп отыратын сын. Бұл — халық қазынасына қосуға жарамағанды аяусыз лақтырып тастап отыратын, бір айтар үкім сияқты сын. Бұл сында бетке қарау болмайды"[251].

Оқырман сынының жазушы мен сыншы сынынан өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ерекшелік мақала авторының суреткер де, маман әдебиетші де емес, тек әдебиет сүйер оқырман екендігіне байланысты. Мұндай сын мақалаларда қаламгер сынындағыдай көркем сөз де, бейнелі тіл де жоқ. Қарапайым қазақы тілмен ғана сөйлейді. Сыншы сынындағыдай терең әдеби талдаулар да жоқ. Өзіне ұнағанын, ұнамағанын ғана айтады. Несімен ұнады, немесе ұнамады деген сауалдарға жауап беруге тырысуы мүмкін, бірақ ол толық емес. Өйткені, оған толық жауап жан-жақты ғылыми зерттеулердің нәтижесінде ғана беріледі. Оқырман ойы көркем әдебиеттің көрікті көріністерін келістіре жеткізе алмауы мүмкін. Есесіне, әдебиет туралы айтылар үлкен-үлкен ойлардың бастау алар қайнар бұлақтары секілді. Бастары қылтиып көрінген өскін пікірлер келе-келе басқа да сын мақалаларында одан әрі өрби түсіп, көшелі ойларға ұласуы анық.

Мұндай мақала авторының білім дәрежесіне, әдеби сауаттылығына, жазу

машықтығына орай стилі де әрқалай, алақұла болады. Тіпті, бұлардың жазу машығын стиль деуге келмейтін де шығар, өйткені, стиль бірден қалыптаспайды ғой. Бұлардан стиль іздеп жатудың қажеті шамалы, әліздеген күннің өзінде де табу екіталай. Оқырман сыны жаңа шығарманы көпшіліктің қалай қабылдағанын білдіруімен бағалы. Оқырман мұхитында жүзіп бара жатқан кеме-шығармаға, оның капитаны қаламгерге дұрыс бағытты көрсетіп тұрған барометр іспеттес.

Ғ. Мүсірепов сынның тағы бір түрі — кәсіпқойлар сынын көрсетіп, ол туралы "сынды кәсіп еткен арзанқол, әдебиеттің өсуіне жәрдемі тимейтін құр айғай болып келеді" деп жазады[252].

* * *

Сынды түрлерге бөлгенде көбіне сын мақалада қандай мәселеге көбірек көңіл бөлінді, қандай зерттеу әдістері қолданылды дегендер өлшемге алынып жүр. Бұл екі түрлі мәселенің ара жігі ажыратылмай бірге қолданылып жүруінің нәтижесінде әдеби сынның түрлері жайлы түрліше пікірлер бой көрсетіп келеді. Солардың кейбіреулеріне тоқтала кетейік.

Шетелдік зерттеулерде де әдеби сынның түрлерін жіктегенде қай тұрғыдан талдануына, яғни тақырыптық жағы мен талдау тәсілдеріне жүгінетіндігі байқалады. Мысалы, американдық әдебиет зерттеушісі Уилбер Скотт сынның моральдық, психологиялық, ағылшын Аллан Родуэй моральдық, психологиялық, символдық, әлеуметтік, стильдік түрлерін көрсетеді[253]. Рене Уэллек маркстік, психоаналитикалық, немесе стилистикалық, жаңа формализм, мифологиялық, жаңа философиялық ағымдарды айтса[254], Стефан Пеппер сынды негізгі төрт типке бөледі[255]:

1) "Формализм" — шығарманың формалық жақтарын ғана қарастыру;
2) "механизм" — рахаттану сезімі бойынша бағалау;
3) "контекстуализм" — шығарманы жағдайларға қатысты зерттеу;
4) "организм" — шығарманы тұтастығы мен бірлігі тұрғысынан тексеру

1948 жылы Стэнли Эргар Хайман осы мәселеге арнайы еңбек жазып, оның түрін он екіге жеткізеді. Олар:

1) аударма түріндегі,
2) бағалау түріндегі,
3) дәстүрді ескеру түріндегі,
4) биографиялық,
5) фольклорлық,
6) психологиялық,
7) ғылыми,
8) эклектикалық,
9) екі ойлылықты жоятын,
10) талдаушылық (интерпретирующая),
11) маркстік,
12) интегративті (автор)[256].

Кейіннен Дж. Стрелки мен В. Хиндерера "Қазіргі американдық әдеби теориялар" (1970) деген кітабында сынның түрлерін азайтып, жетеуге түсіреді:

1) Этика-эстетикалық,
2) тарихи-көзқарастық,
3) формалистік,
4) психологиялық,
5) әлеуметтік,
6) символдық,
7) синтетикалық.

Ю. Кузьменко шетелдік әдеби сынның ағымдары мен мектебінің тоғыз түрін түстейді[257]:

1) феноменологиялық,
2) интуитивтік,
3) импрессионистік,
4) символдық-мифологиялық,
5) психолингвистикалық,
6) бихевиористік,
7) структуралистік,
8) стилистикалық,
9) социологиялық.

Өткен ғасырдың соңында "Әдеби сынның негіздерін" (Одесса, 1895) жазған А. Гацфельдт әдеби сынның төрт түрін ажыратыпты: эстетикалық, моральдық, тарихи, психологиялық. Оларға қоса сынның жаңа бесінші түрі — ғылыми сын пайда болып келе жатқандығын ескерткен. Орыс сынының теориялық жақтарын алғашқы зерттеушілердің бірі Е. Мустангова сыншының әдебиетті 1) қоғамдық идеологияның көрінісі, 2) тілдік құрылымның ерекше түрі, 3) жеке адамның еркін шығармашылығының жемісі, 4) қоғамдық орта мен дәуірдің тапсырысы (заказ) тұрғысынан қарастыру түрлерін белгілеген[258]. Сонымен бірге эстетикалық, публицистикалық, маркстік, философиялық сынның түрлерін талдап, формалдық, лефтік, әлеуметтік, напостық сыни ағымдарға тоқталады.

Советтік зерттеушілердің сынның түрлерін жүйелеуі шетелдік әріптестеріне қарағанда қарапайымдылығымен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Мысалы, А. Хайлов сынның төрт түрлі типі бар деп біледі. Олар: лирикалық, структуралық, социологиялық, топырақтық ("почвенническая"), идеологиялық[259] Лирикалық сын, яғни жазушы сыны ғылыми терминдерден ада, лирикалық кейіпкердің субъективті пікірлерінен тұрады. Структуралық сын шығарма тексінің сөздік құрылымын зерттеуге құрылады. Әлеуметтік сын әлеуметтік мәселелерге арналады. Әлеуметтік пен "топырақтық" сын аты-шулы "деревня" әдебиеті төңірегінде пайда болып, туған жердің, елдің рухани, адамгершілік қасиеттерін сақтау мәселесін

көтереді. Идеологиялық сын әдебиеттің идеялық тазалығы үшін күреседі. Автор жүйесінің негізсіз еместігі көрінгенімен де кейбір жақтарының жеткіліксіздігі байқалады. Ю. Лотман талдаудың лингвистикалық, жанрлық-көркемдік, әлеуметтік-тарихи, психологиялық түрлерін негізгілері деп көрсетеді[260]. Әдеби сынның методологиялық мәселелерінен диссертация қорғаған И. Кондаков типологиялық үш — әлеумәттік-публицистикалық, ғылыми-аналитикалық, көркем-эсселік түрін ғана таниды[261].

Белгілі әдебиетші-ғалым А. Бушмин әдеби сынның филологиялық, эстетикалық, формалық, биографиялық, тарихи-мәдени, әлеуметтік әдістерін атаған[262]. Ю. Лукин көркем туындыны гносеологиялық, әлеуметтік, тәрбиелік, эстетикалық тұрғыдан қарастыру және 1) тарихи, әлеуметтік, экономикалық, саяси 2) суреткердің өзіндік ерекшелігі (көзқарастары, қолтаңбасы), 3) шығарма (мазмұны, проблемалары, бағыты, көркемдік ерекшеліктері), 4) оқырман мәселелері, қырлары зерттелу мүмкіндіктерін жазады[263]. В. Воробьев әдеби сынның негізгі бес — әлеуметтік-эстетикалық, салыстырмалы-тарихи, биографиялық, психологиялық, структуралық түрін айтады[264].

Әдеби сын түрлерінің әр зерттеушіде түрліше болып келуінің себебі, оларды жіктеу өлшемінің (критерий) нақтылы еместігінде жатыр. Бір автор шығарманың қандай қырын зерттейтіндігін, алдына нендей мақсат қоятындығын, екіншілері қандай әдіспен қарастыратындығын басшылыққа алып, ал, үшіншілері осылардың барлығын қосып жіберіп, сынды түрлерге жіктеген. Біздіңше, бұлай жасауға болмайды. Шығарманы қай тұрғыдан қарастыру (подход) мен зерттеу әдістерін шатастырмау керек. Екеуі екі бөлек нәрсе.

Ю. Барабаш әдеби туындының идеялық-философиялық, тілдік, сюжет-композициялық, немесе жанрлық, психологиялық, текстологиялық қырлары барлығын жазады[265]. Әдеби сынның методологиялық мәселелерін біршама тереңдеу зерттеген Ю. Борев шығарманың түрлі жақтары мен өзіндік қасиеттеріне сай келетін тәсілдердің (подход) қолданылатындығын айта келіп, таным процесінің жалпыдан жекеге, нақтылыққа, яғни, жалпы объективті өмірден (әлеуметтік, гносеологиялық тәсілдер) мәдениетке (тарихи-мәдени, салыстырмалы-тарихи тәсілдер), одан суреткер мен шығармашылық процеске биографиялық, шығармашылық-генетикалық, текстологиялық тәсілдер), одан шығармаға, оның тағдырына (онтологиялық тәсіл) қарай жүріп отыратындығын көрсеткен[266]. Бұдан көркем шығарманың өмірмен арақатынастарын анықтауда әлеуметтік, гносеологиялық, жалпы әдебиетпен, мәдениетпен байланыстарын ашуда тарихи-мәдени, салыстырмалы тарихи, авторға қатысты мәселелер биографиялық, генетикалық, текстологиялық, шығарманың тағдыры онтологиялық тәсілдерді қолдану арқылы анықталатындығын байқаймыз. Ғалым тағы бірде көркем шығарма өмір сүретін бір-бірімен байланысты орталардың (поле)

барлығын, ол осы ауқымдарда қарастырылатындығын айтады[267]. Әдеби шығарма өмір сүретін орталар:

1. Қоғамдық-тарихи орта,
2. Семиотикалық орта,
3. Мәдени орта,
4. Әдеби орта,
5. Автордың шығармашылық ортасы,
6. Қоғамдық пікір ортасы,
7. Онтологиялық орта.

Мұнда өнер туындысының талдануға тиісті тұстары әр түрлі қырынан біршама анығырақ көрінген. Осылайша жіктеуді түрліше жасауға, тексерілетін жақтарының санын не көбейтіп, не азайтуға да болатыны, одан сынның сапасына ешқандай кінәрат келмейтіндігі көрінеді. Жіктеуді шартты түрде мүмкіндігіне қарай жалғастыра беруге болады. Ең бастысы зерттеу қырлары мен әдістерін шатастырмау керек. Біздіңше, әдеби сынның түрлерін оның қай тұрғыдан (әлеуметтік, көркемдік, тілдік т. б.) зерттейтіндігіне қарай жіктеген жөн. Ал, әдістер (метод) сынның түрлерін анықтауға өлшем бола алмайды, өйткені ол — мүлдем басқа категория.

Сонымен, жоғарыда келтірілгендерді жинақтап, түсініктірек етіп айтсақ, көркем шығарманың әдеби сын анықтауға тиісті басты үш — әлеуметтік, көркемдік, тілдік

жағы, соған сәйкес негізінен 1)лингвистикалық 2) әлеуметтік, немесе саяси философиялық және 3) эстетикалық сынның түрлері бар. Ал, басқа да айтылып жүрген сын атаулары осы үш типтің біріне жатып, оның басқаша көрінісі болып табылады. Сынның осы үш түрінің өздеріне ыңғайлы меншікті зерттеу әдістері бар, сонымен бірге бір әдіс сынның басқа да түрлерінде жаңаша сипатта қолданыла беруі мүмкін.

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕМЕСЕ, СЕМИОТИКАЛЫҚ СЫНДАР

Әдебиет сөз өнерінен басталады. Ол міндетті түрде көркем тілмен жазылуы керек. Тілі нашар шығарма көркем әдебиет бола алмақ емес. Өмір құбылыстары көркем тілмен ғана көркем шындыққа айнала алады. Көркем тіл — көркем әдебиеттің басты қасиеті. Көркем тілсіз әдебиет те жоқ. А. Байтұрсынов "Тілдің міндеті — ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау... Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек... Сондықтан сөзден жасап сөз шығару деген жұмыс әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да сөздері бәрі бірдей жақсы бола бермейді"[268] — деп, көп нәрсені аңғартады.

"Сөз — барлық фактілердің, ойлардың киімі" (Горький) болса, "фраза — ойдың костюмі" (И.П. Граве)[269].

Сөз көркем шығармадан орын алуы үшін барлық жақтарынан да әлшеуден өтуі керек. Халық тілі қарым-қатынас жасау құралы болса, әдебиет тілі сезімді көркем формада беріп, экспрессивті қызмет атқарады. Сөз көркемдік қатынастарға түскенде өзінің бар мүмкіндігімен жарқырап көріне алады.

М.Бахтин "Поэзия сөздің бар шырынын сығып алатындай барынша үлкейіп көрінеді"[270] деп жазады. Сөз көркем әдебиетте негізінен эстетикалық қызмет атқарады. Ол өмір құбылыстарын, адамдардың ішкі жан дүниесін бейнелі түрде беруінен көрінеді. Көркем әдебиеттегі сөз суреткердің ой-сезімдерін ғана беріп, бейнелі жинақтаулар ғана жасап қоймайды, сонымен бірге жазушы жасаған көркемдік әлемнің ажырамас бір бөлігіне де айналады[271]. Сол себепті де сыншы жаңа кітаптың алдымен, тілдік жағына назар аударады. Шығарманың тілі сын көтеретін болса ғана ары қарай талдаулар жасайды да, көтермесе тілдік тұрғыдан ғана пікір айтумен шектеледі. Әдетте, тілі көркем шығарманың көркемдік құдіреті жоғары болады.

Тіл жазушының қолындағы құрылыс материалы іспеттес. Шебер суреткер сол "материалдарды" пайдалана отырып, өзінің әдеби туындысын жасайды. Оның іргетасының мығым, керегесі кең, шаңырағының биік көтеріліп, уықтарының берік байлануы, жалпы тұрқының ойдағыдай жақсы шығуы тікелей құрылысшы — қаламгердің шеберлігіне, дарынына байланысты. М. Горький "әдебиеттің бірінші элементі, басты қаруы және фактілермен, өмір оқиғаларымен бірге материалы — тіл"[272] деп көрсетеді. Әдебиетші жазушылық тәжірибесіне сүйене отырып, тілмен жұмыс істейді. Тілонын бесаспап қаруы болғандықтан да оны үйренуді барлық уақытта тоқтатпай, өз сезімдерін, ойларын дәл де анық, әсерлі де қарапайым түрде беруге жетілу керек. Адамдар туралы жаза салу оңай шаруа емес. Адамдардың суретін бояумен, немесе қаламмен қалай болса, сөзбен де солай салу деген сөз.

Ұлы Абайдай сөздің құдіретін жеріне жеткізе айтқан суреткер жоқ: "Алыстан сермеп, жүректен тербеп, шымырлап бойға жайылған, Қиуадан шауып, қисынын тауып, тағыны жетіп қайырған, өткірдің жүзі, кестенің біз өрнегін сендей сала алмас... толғауы тоқсан қызыл тіл"[273]. Сөз сырын осылайша ұғынған ақын көркем әдебиетке де жоғары талаптар қояды:

"Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиып,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол — ақынның білімсіз бейшарасы"[274].

"Әдебиеттің негізгі материалы — біздің барлық сезімімізді, әсерімізді, ойымызды өрнектейтін сөз. Әдебиет — сөз арқылы көркем бейнелеу өнері"[275]. Ал, Белинский бұдан бұрын "Сөз ойды бейнелейді. Ой түсініксіз болса, сөз де түсініксіз"[276] деген болатын. Бұл келтірілген үзінділерден түйілетін түйін мынау: "тіл — жазушының ой мөлшерін танытатын, стилін анықтайтын маңызды нәрсе"[277]. Тіл байлығы түпсіз терең. Шалқып жатқан телегей теңізге түсіп кеткен жазушы — жүзгіш жағаға су жұтып әрең жетуі де, не әртүрлі әдістермен жүзіп, өнерін көрсетуі, құлашын еркін сермеп, қиналмай келуі де мүмкін. Немесе, тіл теңізінің тереңіне сүңгі білген ғана оның астында жатқан не бір маржандарды қолына іліп шыға алады. Бұл турасында Ғабиден Мұстафин "Іздеп жарамды бір сөз, не бір ой тапсам, бір дорба жем жеген аттай-ақ көтеріліп қаламын"[278] — деп жазады. Қалай дегенмен де тіл теңізінде сайран салған суреткер халық тілінің бар байлығын меңгеріп, олардың ішінен өзіне керектілерін ғана таңдап ала алатын болуы керек. Олай жасау қолынан келмей, керектісін де, керексізін де шығарма қоржынына сала беретін болса, онда қоржынын көтере алмай суға тастауға мәжбүр болады да, өзі жағаға әрең шығады.

Сөз өнері — ұшы-қиыры жоқ шексіз әлем. Халық тіліне терең бойлаған суреткер ғана "бұл дүниеде сөзден құдіретті күш жоқ" (И.С. Тургенев), сондықтан да оны сақтау үрпақ парызы екендігін сезіне алады[279]. Тілдің дәлдігі, анықтығы, бейнелілігі — жазушылық өнердің басты қағидалары. Әр сөздің өз орнында ғана қолданылуы — шын шеберлік. Жазушылық дегеніміз, әсем сөздерді қойша тоғыта беру емес. Керісінше, нақтылы ойды жеткізу үшін ең қажетті сөздерді барынша үнемдеп пайдалану — шын шеберліктің белгісі. Өйткені, "қысқалық пен дәлдік — ұлылыққа тән қасиеттер" (Франс),

"қысқалық — дарындылықтың туысы" (Чехов "краткость — сестра таланта"), "қысқалық — көркемдіктің бірінші шарты" (Достоевский)[280]. Әдебиеттің әсем әлемінің есігін аттаған сөз де барынша құлпырып шыға келеді. А.С. Пушкиннің "Мыс салт атты" поэмасы жайлы К.Паустовский айтқан мына бір пікірге назар аударайықшы:

"Бұл жолдар поэзия шыңы ғана емес. Мұнда дәлдік, жан-дүниесінің ашықтығы, тыныштық қана емес, мұнда орыс сөзінің бар сиқыр-құдіреті көрінеді... Пушкиннің бұл өлеңдерінде біздің тіліміздің ғажайып қасиеттері сиқыр тасқа жиналғандай", "орыс тілінің сиқырлы қасиеттері мен байлығының барынша жарқырап көрінуі оның авторының өз халқын "сүйегіне" дейін біліп, жан-тәнімен сүйетіндігінде, туған жерінің қасиетті топырағын сезіне білетіндігінде"[281].

Қайбір суреткер болмасын, шығармашылықтың шыңына сөз құдіретін сезіну, сөз сиқырын меңгеру арқылы ғана шыға алады. Циркте ойнаған жонглер сияқты, тіл өнерінің хас шебері сөзбен сиқыршыдай ойнай білуі керек. Ал, тілде өзекті өртер от та, тұла бойды мұздатар ызғар да, мұңайтар мұң да, жүректі жібітер жылу да, көңілді көтерер күлкі де, жаңа қуат берер күш те бар. Н.В. Гоголь тілде ең қаттыдан бастап, нәзік те жұмсақ дыбыстарға дейін құбылудың, екпіннің, сыпаттың бәрі бар, ол шексіз, жаңды өмір сияқты минут сайын байып отырады. Бір жағынан, шіркеу-библияның биік сөздерін қолдану, екінші жағынан, біздің провинциялардағы есепсіз жергілікті көп сөздерден таңдау арқылы бір сәттің ішінде ешкімнің қолынан келе бермейтін шырқау биікке көтеріліп, артынша соншама төменге құлдилай алатын құдіреттілігі туралы тебірене жазады[282].

Тілдің жалпы құдірет-қасиеті жайлы не бір сұңғыла суреткерлер суырыла шығып, қаншама мәнді сөздер айтқан. Солардың қатарында Ғ.Мүсіреповтің мына бір сөздері оқырманды ойландырмай қоймайды:

"Қай халықтың болса да қоғамдық өсу-өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгілік болып ана тілінде сақталып отырады. Қай халықтың болса да ақыл-ой тереңдігі, сана-сезім сергектігі көп салаларымен тармақтана, молыға келіп, тағы да сол ана тілінің алтын қорына қосыла береді. Ана тілі қорлана береді, ажарлана береді. Қай халықтың болса да басынан өткен дәуірлері, қилы-қилы кезеңдері ана тілінде із қалдырмай өте алмайды. Ана тілі ғасырлар бойында жасала да береді, жасара да береді"[283]. Тілдің қоғамдық өмірдегі мәні мен маңызы ұлттық әдебиет пен мәдениетте, тарихта — жалпы ұлттық рухани тіршілікте атқаратын қызметі хақында бұдан артық жеріне жеткізе айту қиын. Бүкіл халық, ұлт алдында осындай аса маңызды салада еңбек ететін қаламгерлерге жүктелер жүк те ауыр, аса жауапты. Халықтың ғасырлар бойы тірнектеп жинаған рухани байлығының ең асылы — тілді кім болса соның ермекке айналдыруға ешқандай да хақысы жоқ, қолынан келмейді де. "Әдебиет — тілдің гүлдейтін жері", "аса маңызды қоғамдық іс", "сөз ойыншық емес, өмірдің қуатты қаруы" (Короленко). Ана тілімен халық сеніміне ие болған жүрегі таза бейнеткер ұлдары — жазушылар ғана айналысып, азабын азаматтықпен көтере алады. Ғабит аға "Жазба сөз — бір өңкей әскер легі де емес, қой, сиыры аралас шұбаған көш те емес, теңіз толқыны да емес, жайнап тұрған бақша да емес, өмірге түгел ортақ ой-сезімді дәлірек те толығырақ бере алатын тіл байлығы. Бұл байлықты қалай болса солай пайдалану — болашақ үшін үлкен қиянат" (соңда) — деп, тіл қазынасын барынша абайлап пайдалану керектігін ескертеді.

А.М. Горький жас әдебиетшілерге жолдаған бір хатында "Адамдар мен өмір туралы жазғанда әрбір сөз бейне бір ән салып, сәуле шашып тұрғандай, әрбір тіркес ішінде басы артық бір сөз болмай, өзіңнің оқырманға не жеткізгің келгенін өте дәл де жаңды бейнелейтіндей болуы керек"[284] десе, біздің Ғ. Мүсірепов те "сөз сөзге жарығын да түсіріп тұрады, көлеңкесін де түсіріп те тұрады. Біріне бірі жарығын түсіріп тұратын сөздерден құралған сөйлем айтайын деген ойыңды оқушыға дәл жеткізеді. Бұл арада ерекше ескеретін бір нәрсе — әр сөздің ой мен сезімге бірдей дөп тиіп жатуы, ең үлкен арман осында. Біріне бірі көлеңкесін түсіріп тұратын сөздер өз мағынасында дәл баспай, екі оқты болып, ауытқып шығады"[285] — деп, айтылған үлкен ойды одан әрі жалғастырып, тереңдете түскендей. Абайдың "көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады"[286] дегенін де еске алсақ, көркем ойды көркем тілмен бере білудің қаншалықты қиын екендігін шын сезінгендей боламыз.

Жас жазушылар түгілі, қалыптасқан қаламгерлердің өзі де жазу жұмысының аса ауыр екеңдігін жиі айтады. Тілге аса жауапкершілікпен қарайтын Ғабиден ағa: "Мен жас кезімнің, жасамыс кезімнің бірде бірінде қиналмай жазған емен... Әдебиеттік барлық тұлға түгелденген күнде ой қоршап, тіл олақ болса, шығарма бәрі бір құнды шықпайды... Көп сөзділік те шығарманың бағасын төмендетеді... Шеберлер аз сөзбен көп аңғартады; сөзі бос кетпей, нысанаға тиеді; айтуға жеңіл, көңілге көне қалады... Шеберлік — сөздің орнын табуда, мөлшерін білуде. Мұны білгеннің әр сөзі — алтын. Жалғанда не терең? Сөз терең. Не сұлу? Сөз сұлу. Не өткір? Сөз өткір"[287] — деп өз ойларын ортаға салады.

Қарапайым ауызекі сөйлеу тілі мен көркем әдебиет тілінің арасында, байыппен қарағанда, айтарлықтай айырма бар. Мұхтар Әуезов "әдебиет тілін алсақ, халықтың әдебиетке түсіп қалыптанған тілі. Әдебиеттенген тілде халықтың тілі"[288] — деп екеуінің айырмашылығы мен жақындығын дәл ашып берген. "Көркем әдебиет тілі жай ғана сөз емес, көркемдік үлгілердің тұтас жүйесі, сөздің маңызы мен атқаратын қызметінің жиынтығы"[289] деп, С. Қирабаев айтқанындай, ол көркемдіктің заңдылықтарына орай түрлі бейнелеу тәсілдері бойынша көрінеді. Сөз зергерінің көркем тілді игеру тәсілдері де әрқалай. Әр автордың тіл байлығын меңгеру, оны қолдану тәсілдері барысында оның өзіндік қолтаңбасы, ерекшелігі көрінеді.

"Сыртынан қарағанда, "сап-сары бел, еседі, желеседі. Көшеді желкөшеді"

дегендерді қайта-қайта айта берген бір түрлі сөздер пәленді мағына жоқ тәрізді. Бірақ, анығында мағына бар. Мағынасыз сөз, сөзсіз мағына болмайды" — деп жазады Ж. Аймауытов. Сөз өнері жекелеген сөздердің бір-бірімен тіркесіп, байланысып қарым-қатынасқа түсуінен басталады. Сөз бен сөз сәтті тіркессе, бір-біріне сәуле шашып жарқырайды, тіркес пен сөйлем ішінде жаңғырып, жан кіргендей көркем кейіпке түседі. Сөздер жаңды тіркеске, тіркестер жаңды сөйлемге, сөйлемдер бір-бірімен жалғасып, тұтас бір көркемдік әлем — әдеби шығарма туады. Міне, әрбір шығарманың өмірге келу процесінде орындалатын сатысы — сөз саптау, сөйлем құру сияқты аса маңызды тілдік жақтарын саралау әдеби сынның алғашқы міндеттерінен саналады.

А. Байтұрсынов әдеби сын мынадай сұрақтарға жауап беруі қажет деп көрсетеді: "көркем сөз табына шын қосылар лық сөз бе? Қиял жасаған тұрпаттар, ойдан үйлестірілген уақиғалар пікір санасына тура келіп, дұрыс суреттеп, өңдендіріп көрсете ала ма? Тілі өрнекті ме? Әуезді ме? Лұғаты таза ма? Анық па? Қысқасы, ойды өрнектеп, көрнектеп, суреттеп көрсеткендей тілінде шеберлік бар ма? Мұны "тілінің, лұғатының сыны, яғни тілінің дұрыстығы, анықтығы, тазалығы, дәлдігі, көрнектілігі, әуезділігі, өрнектілігі жағының сыны"[290] деп атаған.

Қазақ әдеби тілінің тазалығы үшін күресте Ғ. Мүсірепов айырықша еңбек сіңірді. Оның әдеби тіл туралы көптеген еңбектерінің бәрін тізбелемей-ақ, "Асқындырып алмайық, достар!", "Әдебиет тілі жайында", "Авгейдің ат қорасынан бастайық" атты мақалаларымен бірге, Қазақстан жазушылар Одағы 1984 жылдың желтоқсанында "Соңғы жылдардағы қазақ көркем шығармаларының тілі" деген тақырыпта өткізген конференцияда жасаған баяндамасы әдебиетті тілдік тұрғыдан талдаудың тамаша үлгілеріне жатады. Оларда айтылған айшықты ойлардың кейбіреулерін жоғарыда келтіріп те кеттік. Сөз зергері көркем тіл тазалығы туралы айтып қана қоймай, ол үшін күресе де біледі. Жасы бар, жасамысы бар, жазушылардың жазғандарындағы сөздік селкеуліктерді "бетің бар, жүзің бар" демей, батыл көрсетіп отырған. Ә. Нілібаевтың "Бұлбұл" деген новелласын қатты сынға алған. "Күләш орнынан тұрды да жасыл шалғынды тізеден кешіп, бақ ішін тағы аралап кетті", "Екі қолын артына салып, әрлі-берлі жүрді", "Орынсыз түрегеп жүрген қалпы тағы да ойға шомды" деген сияқты сәтсіз құрылған сөйлемдерді көрсете отырып, "Күләш не үшін жасыл шалғынды тізеден кешіп, екі қолын артына салып жүр? Жас әйелдің екі қолын артына салып жүргенін кім көрген?"[291] — деп сынайды. Оралхан Бөкейдің келешегінен үлкен үміт күтетінін айта келіп, тіліндегі әттеген-айларына реніш білдіреді. Оралханның:

"Сұрқай сұсты...
Сұп-сұры бұлт сықастыра...
Садақбайдың аласапыран пәруай жүзіне...
Ауыл нақты қарауылдау байырқалап...

Олардың сұп-сұры жүзі, арбиған арық қолдар мен сіңіртік сирақтар, көлгірген аппақ кебіндері...

Мен бағанағы әйелім әзірлеген кеспені еске алдым. Оны жездем жолдаған қаздың етіне пісіріп едік...

Жесір әйелдің мұндықты басы қалды"... деген сияқты тіркес сөйлемдерін былайша мінейді:

"Алдыңғы сөйлемдердің одағайлығы өзінен өзі айқын тұрғандықтан, мен соңғы екі сөйлемге тоқталғым келеді.

Кеспені қаздың етіне пісірген едік деуге болмайды, Оралхан. Қазды жездең жібергенмен де болмайды. Кеспені етке салады. Сонда ол кеспе салып пісірген қаз еті деген тамақ болады. Кеспе, іңкәл, құлақнан, күлшетай деп аталатын нәндардың бәрі де етке пісірілмейді, етке салынады.

"Жесір әйелдің мұндықты басы қалды" деуге де болмайды. Ең алдымен мұндықты емес, "мұнды" деп жазу керек. Сонда сөйлем "Жесір қалған мұнды әйелдің" деп басталады. Екінші, сіздің сөйлем құрауыңызда әйелдің өзі емес, басы ғана қалған болып тұр.

Сіздің айтайын дегеніңіз: "ері өліп жесір қалған мұнды әйел жалғыз қалды емес пе?"[292] Бұл талдауларда қаптаған көркем сөздердің ішінде айтар ойын дәл бере алмай, сәл мүкіс тартқан тіркестерді Ғабеңнің дөп басып ұстап, мінін дәл тауып, нақтылы көмек көрсетіп жібергені көрінеді. Айтылған ақылдардың жас жазушының қалыптаса түсуіне септігін тигізгені сөзсіз.

Ғ. Мүсірепов тек жас жазушылардың ғана емес, қолтаңбасы қалыптасып қалған қаламгерлердің шығармаларына да жіті көзбен қарап, сын елегінен өткізіп отырған. Белгілі ақын Ғ. Қайырбековтің "Теңіз балладасы" атты поэмасына пікір білдіреді. Суреткердің сыншылық сезімталдығын, талдау тәсілін, пікірлерінің нақтылығын, бұлтартпас дәлдігін аңғарту мақсатымен мақаладан ұзақ та болса үзінділер келтірейік:

"Ғ. Қайырбековтің балладасы адам түсінбейтін бірдеңе болып шыққан. Оның себебі, ақын поэзиялық тіл байлығын тым сөлекет пайдаланған, оқи алмайсың"[293]. Осы ойларын дәлелдеу үшін поэмадан:

Қанаты суық мұздай құс...
— Жалт қараса айдынға
Асылып қалған бір білек
— Толтырып жасқа уысты
Сақалын жұлып шал қылған
— Тұншықсаң теңіз суына,
Ақ сүтіңді еме бер!
— Махаббат атты құдірет.
Періште қылған соларды!
Соғуын тияр құр жүрек
Жандар сол мәңгі —

деген шумақтарды келтіреді де, сағамалап нақтылы талдауларға кіріседі:

1) "Қанаты суық мұздай құс" *деген не ертегіден, не бүгінгі өмірден алденені меңзей ме? Жоқ. Не поэзиялық, не бейнелеу қажетіне жарап тұр ма? Жоқ". Бұл жерде сыншы өз ойларын сұрақ-жауап түрінде бұлтартпай дәлелдеп отыр. Әрі қарай:*

2) "Жалт қараса айдынға
Асылып қалған бір білек".

... Қайырбековтің қызы балладаның басында "теңізге батып тұншықты" болған. Сол күні қыз әкесі балық аулауға келсе, айдынға асылып қалған бір білекті көреді. Қос білекті кезек-кезек толқынға асып, жүзіп бара жатқан қыз болса бір сәрі, ал айдынға асылып қалған білек деген ақын көзіне қалай елестегеніне таңқаласың" — деп, оқиғаны әсірелеп, бейнелеп көрсетудің сәтті шыққанын байыппен көрсетеді.

3) "Толтырып жасқа уысты,
Сақалын жұлып шал қылған" *— деген екі жолды түсініп көрейік. Бұл әдейі қиындатпасақ, қиынға түсер ойдың төлеуі емес екендігі айдан анық. Қызы суға кетіп қалған кәрі әке, сақалын жұлып қайғырып қала берген ғой. Бірақ, ақынның айтуынша, шал сақалын уыстап алып жұлудың орнына көзінің жасын уыстаған, ақын "көзі жасқа толы кәрі әке сақалын жұлып қала берді" деген оп-оңай ойды екі жол өлеңге сыйғыза алмаған". Бұл жерде ақынның поэзия тілімен әсірелеп беремін деп отырып ойын бұлыңғырлатып алғандығы, логикалық қайшылыққа ұшырағандығы нұсқалап отыр.*

4) "Тұншықсаң теңіз суына,
Ақ сүтімді еме бер!"

Мұны теңізде бала тауып қойған қыз айтады. Ақын теңіз суына тұншығып бара жатсаң, емшек емуге бола ма екен деп ойланбайды да. Ең болмағанда — "тұншығып кетпе теңізге, ақ сүтімді еме бер!" десе де бір сәт сөзге байланыспауға болар еді". Ақынның үйқас, ырғақ қуып кетіп, теңіз суына тұншыққан баласына ақ сүтімді еме бер деуінің шындыққа жанаспайтындығын, жанастыру үшін қалай болуы керек екендігін сабырлылықпен ұқтырған.

5) Махаббат атты құдірет.
Періште қылған соларды.
Соғуын тияр құр жүрек
Өлмейтін жандар со мәңгі!"

Ақын бұл жолдарда "періште қылған соларды" деген сөздердің құлаққа естілер жағын да ескермеген, ойға қонар мағынасын да дәл жеткізе алмаған. Оның үстіне "сол" деген тұйық құранды сөзді "со" деп шалағайландырудың да орны жоқ-ақ, бұл әшейін астамшылық". Ақынның өз ойларын дәл жеткізе алмай мағынасыздыққа, тіпті сөзді бұзып айтуға дейін барғанын сынайды. Атақты сөз зергерінің поэманы санамалап талдауынан оның жалпы талдаушылық ерекшеліктері — нені айтса да нақтылы, мысалмен, қысқа, тура айтуға тырысатындығы анық көрінеді.

Кейіннен "Ана тілін анамыздай ардақтайық" деген атпен шыққан бұл баяндаманы оқып шыққанда, төл әдебиетіміздің тілдік негізінің таза болуы үшін шырылдаған жанның дауысын естігендей боласыз. Мұнда жасқа, беделге қарамай тура айтушылық басым. Б. Алдамжаров, М. Қаназов, Д. Досжанов, М. Қабанбаев, Қ. Ысқақов, И. Саввин мен Ж. Тәшенов. т. б. көптеген ақын-жазушылардың поэзиялық-прозалық шығармаларындағы тілдік ақауларға жан-жақты тоқталады. Сыни пікірлер жалпылама емес, жоғарыда тоқталып кеткеніміздей, нақтылы талдауларға негізделіп, дәлелдері жеткілікті, бұлтартпайтын түрде айтылады. Ғ. Мүсірепов барлық қазақ ақын-жазушыларын тізбектеп, "сыбағаларын" үлестіре беруден аулақ. Қажетті жерінде елеулі табыстар ретінде кейбір шығармаларды атап отыруды да ұмытпайды.

Ғ. Мүсіреповтің әдеби тіл жайлы айтқандарының ішінен "Осы қалай болар екен?" дегізер кейбір пікірлерін де кездестіреміз. Мысалы, жазушының:

"Мен "оңтүстік, солтүстік" деуге де қарсымын. Бұл да бұзып алған сөздеріміз. Мұның дұрысы "оңтұстық, солтұстық" болу керек. Түстік емес, тұстық. Оң тұсымызда, сол тұсымызда"[294] дегендерінде ойланатын жәйттер баршылық.

Жалпы, әдебиеттің тілі деп жатқанымызбен де оның өз ішілік мәселелері де жеткілікті. Белгілі сыншы М. Серғалиев әдеби тілді негізінен екі салаға — автор сөзі мен кейіпкер тілін зерттей отырып, бірсыпыра соны байқаулар жасаған. Шын шебер жазушы "белгілі бір қаһарманның сөйлеу тілін, айталық, текстен оқшау алып, автордың ремаркасынсыз оқығанның өзінде, сол адамның есею, жетілу жағдаятын, немесе соған жетер жолдағы әрекетін көңілге қонымды етіп түсіндіреді"[295] деген тұжырым жасап, нақтылы мысалдармен дәлелдейді. "Раушан — коммунист" повесіндегі кейіпкер сөздерін талдай келіп, "повесть қаһармандарының аузынан айтылатын сөздер жарасымдылығымен, табиғилығымен хас шебердің қаламынан туғанын байқатады"[296] деп жазады. Т. Әлімқұловтың, І. Есенберлиннің, Ә. Кекілбаевтың, Ғ. Мүсіреповтің, Ә. Таразидың, т. б. шығармаларындағы диалогтың қолдану ерекшеліктерін анықтаудың барысында пікірлер түйген. Мысалы, "Әбіш Кекілбаев — диалогқа "сараң қаламгердің бірі". "Аңыздың ақыры" романында сұрақ-жауап кітаптың 24-бетінен бастап кездеседі" екен. Ғ. Мүсірепов туралы "ұытты сарказм мен жеңіл юмор берудегі даралығын былай қойғанда, сөздерді анафоралық, эпифоралық қайталаулар арқылы әдемі ойнату, сөздердің орын тәртібіндегі инверсияны өте ұтымды пайдалану, сөйтіп қазақ грамматикасының ережелерін қатаң сақтау үлгісін бәрінен бұрын Ғабит шығармаларынан көруге болады"[297] — деп жазады. Тіпті, Ғабекең шығармаларындағы сөз қайталаушылық-тың өзінен де шеберліктің қырларын көреді. Орфография мен орфоэпия ережелерінің шығармада сақталу-сақталмауының да көркемдікке тигізер әсері баршылық екен.

Жекелеген сөздердің қолданылу дәрежесі, сөйлем мүшелерінің орнын

сақтауы, сөйлемнің қысқа, ұзын құрылуы, қандай леппен жазылуы, диалогтардың берілуі, т. б. сияқты көптеген тілдік факторлар жиналып келіп, суреткердің тілдік қолтаңбасын, стильдік сипатын құрайды. "Алуан-алуан жүйрік бар, әліне қарай жүгіреді". Әр ақын, әр жазушы сөздің басын өзінше құрастырып, өз оңтайымен тізеді. Өз білуінше пікірлейді. Сондықтан әрқайсысының лұғатында өзіндік айырымы, өзіндік белгісі болады. Ол айырым белгілерін жай айтып түсіндіру қиын, әрқайсысының шығарған сөздерін оқып, әбден танысып, үйреншікті болғанда ғана сезілетін белгі... Ол белгі әркімнің өз ыңғайымен, өз оңтайымен сөз тізіп әрекеттенуінен, салттануынан болады"[2].

Жалпы, "стиль" атауының өзін түрліше түсінуге болады. Д.С. Лихачев стильдің екі түрін ажыратады: 1) әдебиет тілінің стилі; 2) форма мен мазмұнның белгілі бір жүйесінің стилі[2]. Яғни, стильді тілдік тұрғыдан қарайтын стилистика, сонымен бірге сөз өнеріндегі көркемдікке қатысты әдеби стиль бар екен. Стилистика да әдебиетті зерттейді. Бұған қарап, кейде лингвистикалық және әдеби стилистиканың ара жігін ажырату қиынға түседі. Стилистиканың ауқымы кең. Қоғамдық қарым-қатынас құралы тілдің түрлі салаларда қолданылу ерекшеліктерін зерттейтін стилистиканың ауызекі сөйлеу, кеңсе қағаздарының тілі, публицистикалық, ғылыми, әдеби стильдер деген салалары бар. Бұл жерде әдеби стиль стилистиканың бір тарауы ретінде көрініп тұр. В.В. Виноградовтың айтуынша, стилистика стильдік құбылыстарды сол тілдің жалпы заңдарына, грамматикалық, семантикалық құрылымына орай зерттейді. Ал, стиль – бір-бірімен әртүрлі формалық байланыстарда, қарым-қатынастарда болатын өзара әсер ететін құрылымдық элементтердің іштей тұтас, бірыңғай жүйесі[298].

"Стиль шығарманың мазмұнына сай келетін барлық бейнелік – әсерлік детальдардың эстетикалық бірлігі"[299]. «Стиль – жазу мәнері, ой түйінін ашу мәселесі. Көркем шығармада образ жүйелерін құру әдістері. Суреткердің шығармасындағы дүниеге көзқарасы, алдына қойған мақсаты, өмір түсінігі мен дүниетанымын ашатын түрі мен мазмұн бірлігі. Көркемдік компонент-терді екшеп, түр ерекшеліктерін талғап, таңдап өз қажетіне асырып, мазмұн байлығын тереңдете түсуде қолданатын тәсіл"[300]. Түсініктілеу тілмен айтқанда, әдеби стиль – мазмұн мен түрдің бірлігін құрайтын тілдік ерекшеліктер мен көркемдік тәсілдердің жиынтығы. Стиль сөзінің мағынасы кейде тарылып, кейде кеңіп қолданылып жүрген де жайы бар:

1) Жеке шығарманың стилі (Мысалы, Ғ. Мүсіреповтің "Оянған өлке" мен "Қазақ солдаты" романдарының стилі әртүрлі).

2) Жазушы стилі (М. Әуезов пен С. Мұқановтың шығармашылық стильдері мүлдем бөлек).

3) Стильдік ағым (идеялық-көркемдік бағыты ұқсас жазушыларға ортақ стиль). "Стиль" терминін қолданғанда көбіне оның алдынан "шығарманың" немесе "жазушының" деген сияқты анықтауыштардың келуі сол себептен болса керек. Әдебиетте "стиль" сөзі "суреткердің имағынасында жиі қолданылып, қалған екеуі жалпының жекеге, жекенің жалпыға қолданылысы ретінде ұғынылып жүр.

Жазушы шығармаларында "керекті сөздердің керекті орында тұруы – стильдің басты көрінісі" (Свифт), "стиль әдеби шығарманы бальзамдап, ұстап тұрушы" (Доде), "шын стильмен жазылған шығармадан бір нәрсені алып тастай алмайсыз" (Бен Джонсон), "стиль тазалықтан жалтырап тұратын хрусталь іспеттес" (Гюго)[301]. Академик М. Храпченко "стиль өмірді бейнелі түрде игерудің, оқырманды сендірудің, еліктіріп әкетудің тәсілі" деп біледі[302].

Сонымен, стильдік ерекшеліктерді анықтауда белгілі бір көркемдік мақсаттарда қолданылған тілдің қыр-сырларын анықтаудың маңызы зор. Шын мәніндегі стиль творчестволық жағынан әбден қалыптасқан жазушыларда ғана болады. Көркем әдебиет ретінде шықпаған шығармадан, сол сияқты суреткер ретінде танылмаған әдебиетшіден стильдік ерекшеліктер іздеу әбес. Өйткені, стиль – әдеби ізденістердің нәтижесінде қалыптасатын қаламгердің өзіне ғана тән қолтаңбасы. Стиль бар жерде жазушы да бар, ол жоқ болса, жазушы да жоқ. Сол себепті де "стиль дегеніміз – жазушы".

Стиль жазушы шығармаларындағы тілдік сипатты ерекшеліктердің жиынтығы ретінде көрінеді. Суреткердің стилін ашып, көрсету дегеніміз – оның шығармашылық басты сипаттарын дөп басып, жетістіктері мен кемшіліктерін ажырата білу. Кезінде Мағжан поэзиясының тілін сан-саққа жүгіртіп, құдалау басталған кезде Ж. Аймауытов қаламынан шыққан ақын тілінің құдіреттілігі жайлы мынадай сөздері тарихта қалды:

"Мағжан - алдымен сыршыл ақын. Мағжан сөзіндей "тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін" үлбіреген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес. Ол жүректің қобызын шерте біледі, оның жүрегінен жас пен қаны аралас шыққан тәтті сөздері өзгенің жүрегіне тәтті у себеді. Мағжан не жазса да сырлы, көркем, сәнді жазады. Оқушының жүрегіне әсер ете алмайтын құрғақ өлеңді, жабайы жырды Мағжаннан таба алмайсыз... Әлде өкіндіреді, әлде мұңайтады, әлде жылатады, әлде аятқызады, әлде есіркетеді, әлде жігер береді... Мұндай қыздырма сөз Мағжанда толып жатыр. Ақынның ұлтшылдығы осындай сөздерінен көрініп тұрады. Ақын салқын қанды болса, сөзі қанатсыз, желсіз болмақ, жалынды сөз жалынды жүректен шығады... Ауыз толатын айбынды, асқақ сөз Мағжаннан шығады. Оның сөздері жүректі қытықтап, жыбырлатып қана қоймайды, түбімен суырып, мейіріңді қандырады. Кейде Мағжан көлдетіп, бір сөзінен бір сөзін асырып, түйдек-түйдегімен тастап кеткенде, сен де "Па, сабаз-ай!" дегің келеді (Әрине, көркем сөзден ләззат алатын болсақ).

Суретті, кестелі көркем сөз Мағжаннан табылады. Мағжанды ақындық жағынан суретші деп айтуға болады. Басқа жұрт өз өнерпаздарымен мақтанса, қазақ әдебиеті де бір кезде суретшілдік жөнінен Мағжанымен

мақтануында сөз жоқ"[303]. М. Жұмабаев поэзиясының бар болмыс-бітімі жайлы әлі күнге дейін дәл мұндай ешкім жеріне жеткізе айта алмай келеді.

Мұхтар Әуезовтің өзінің жеке қаламдастарының шығармаларына тән сипатты жақтарын тілдік тұрғыдан ашып берген мына бір жолдарға назар аударалық:

"Әуезовтің тілінде құрмалас сөйлем жасау жолындағы жаңалық талаптарымен қатар және ескілікті қазақ тілінің сөздіктерін молырақ қолданумен жалғас кейде сөйлемдері жас оқушыларға ұғымдылық жағынан ауыр келетіні бар. Құрмалас сөйлемді жасағанда мөлдір мағыналы, айқын түсінікті түрде дәл бере алмау себебінен ұғымға ауыр, шұбалаңқы сөйлемдер кездесе береді.

Мұқановтың тілінде құрмалас сөйлем көбінше түсінікті, қонымды болумен қатар, көркем проза тілінде салақтық көп, сөзінің көбі сөйлем ішінде көркем құрылыспен, терең мағыналы, шешендік шеберлікпен қабысып келмейді. Әсіресе, екі адамды сөйлестіру (диалог) жөнінде құрыш мазмұндылық аз болады, артық сөзділік көп. Мағына, мазмұн жағынан босаң, сұйқыл сөйлемдер шығарма тілінің көркемдігін сұйылтып жібереді.

Мүсіреповтің тілінде мөлдір түсініктілік, көркемдік, қонымды шеберлік мол болумен қатар, көп сөйлемдері көркем аударма есепті болып, жасандылық қалпына тарта береді.

Мұстафиннің тілінде оқушының айызын қандырып, үнемі сүйіндіріп отыратын шеберліктер, талқырлықтар, екі адамның қысқа жауаптасқан диалогтерінде әдемі қалыптасып отырады. Оның көп геройларының әзілдесу, сырласу, айтысып-қағысулары анық бүгінгі кемеліне келе бастаған әдебиеттің тілімізге көп тың афоризм сияқты қосып отырғаны бар. Бірақ, осымен қатар, адамдар ұзақ сөйлей бастаса, монологке келгенде тапқырлық азайып, ой кеңеуі жүдеңдеп, шешендік пен көріктік сипаттары сұйылып, белбеуі босап кетеді"[304]. Осындай ретпен А.Тоқмағамбетовтің, Т.Жароковтың да тілдік ерекшеліктерін дәл көріп айта білген. Мұндай пікірлерді тіл құдіретін тани білетін, қаламдастарының шығармаларын ұдайы қадағалап отыратын адамның ғана айта алатындығы анық.

Әрбір сөз суреткерінің өзіне ғана тән өмірді, адамның ішкі жан дүниесін көркем бейнелеу құралдарының қалыптасқан жүйесі болады. Осындай қасиеттерінің арқасында ғана бір жазушы екіншісіне ұқсамай, өзіндік сипат танытады. Мысалы, Абай мен Мағжанның өлеңдерін ешуақытта шатастыруға болмайды. Өйткені, олар "мен Абайдікімін", "мен Мағжандікімін" деп бар болмысымен айтып тұр. Сол сияқты прозашы Мұхтар, Сәбит, Ғабиттер де анадайдан "мен мұндалап" тұрады. Бұлардың шығармалары поэтикалық мақсатта қолданылған әрбір сөзді көркемдік қатарға қойып, салтауынан, метафора, метонимия, эпитет, салыстыру, теңеу, тұспалдау, меңзеу, кейіптеу, суреттеу сияқты оңдаған көркемдік құралдарды, сөйлем түрлерін қалай пайдаланатындығынан бір-бірінен ерекшеленеді. Абайдың әр сөзі дәлдігімен, мағынасының тереңдігімен, ойы барынша ауырлап тұрса, Мағжанда жарқ-жұрқ еткен өңшең әшекей сөздер сәуле шашып, көркем көріністер елес береді. Мұхтардың әрбір сөйлемі атан түйенің жүгін көтеріп, ойының ауырлығымен әрең қозғалса, Ғабеңнің сөйлемдері бірде ыңыранып әрең қимылдап ("Оянған өлке"), енді бірде шиыршық атып зыр жүгіреді ("Қазақ солдаты"). Мұхаң мен Ғабеңнің стилінен сөйлемнің ішкі ырғақтары, интонациясы анық көрінеді.

Әрбір дарынды жазылған шығармада қажетті сөздерді дәл қолданып, сәтті пайдаланулардың нәтижесінде көрінетін ішкі үйқастары, ырғақтары болады. Көңіл-күйдің, ойдың, оқиғаның өрістеу ағындарына шығармадағы әрбір сөйлемнің интонациялық екпіні де сай келуі керек. Шығармада ой ағындары мен баяндау тәсілдерінің, құралдарының сәйкес келіп отыруын реттеуде сөйлемді қысқа, неұзақ құрудың, қай жерде қандай тыныс белгісін қоюдың да маңызы зор. Суреттеліп отырған оқиғаның, айтылар ойдың сыпатына қарай сөйлемнің, шығарманың ырғақтары да анықталады.

Құрмалас сөйлемнің арасында үтір қойылатын жерде нүкте қойылып кетсе, ой ағыны үзіліп қалады да көркем баяндауға нұқсан келеді. Әдеби стильдің негізін құрайтын ой ағындарын дұрыс жеткізетін сөйлемдердің құрылуы, үтірге дейінгі тыныс белгілерінің орынды қойылып отыруы да маңызды. Бұл ерекшелік шығарманың алғашқы сөйлемінен-ақ көрініп, соңына дейін осы негізгі қалыптан, шабыстан танбай шығады. Әсірелеп айтсақ, шығарманың интонациялық екпінін дәл тапқан жазушы шығармашылықтың жүйрік пырағына мінгендей, межеге қиналмай жетеді. Сондықтан да әр жазушы үшін өз шығармасының ішкі ырғағын дәл тауып, суреткерлік қиялдың қанатында қалықтау — арман. Домбыраның құлақ күйін келтіргендей, жазушы үшін де өз шығармасының алғашқы сөйлемінен-ақ өзінің айтар ойы мен суреттер оқиғасына сәйкес келер ырғақты тауып алуы — шығармашылық сәттіліктің алғашқы шарты.

"Иә, бірінші фразаның шешуші маңызы бар. Ол ең алдымен, бүкіл шығарманы тұтастай алғанда көлемін, дыбысталуын анықтайды. Егер, алғашқы дыбысталу дұрыс алынбаса, шатасудың немесе бастаған жұмысыңды қоя тұруың, немесе жарамсыз деп мүлдем тастап кетуің мүмкін"[305] (И.А. Бунин). Көп жазушы үшін бірінші сөйлемді қағаз бетіне түсірудің қиын болатыны да осы себептен болса керек. Өзіңе керекті сәтті сөйлем табылған соң, стильдің соны сүрлеуіне түсіп алып әрі қарай жүріп кету онша қиынға түспейді. Ал, көркем шығарманың ішінде бүлкілдеп ағып, оған жан бітіріп, өзіндік бет-бейнесін көрсететін ой-ағындарын көре білу анау-мынау сыншыға да оңайға түспейді.

Жоғарыда айтылғандай, жазушының тіліндегі көркемдік қасиеттерді талдау белгілі бір мағынаны, немесе ойды жеткізудегі дәлдігі мен бейнелілігі сияқты поэтикалық құралдарды зерттеуге ұласады екен. Басқаша айтсақ, тілдік талдаулар көркем шығарманың әлеуметтік жақтарын, көркемдік сыпаттарын танып білудің алғашқы баспалдағы ретінде көрінеді.

ӘЛЕУМЕТТІК СЫНДАР

Өмірді бейнелеп жаза бергендердің барлығы көркем әдебиет бола бермейді. Әдебиет болу үшін онда белгілі бір соны ойлар айтылып, адамдарды ойландыруы қажет. Айтары жоқ шығарма шығарма емес. "Өмірден көргені бар, басқалар байқамағанды байқағыш, жұртқа айтар жаңа, маңызды, қызықты сөзі бар адам ғана жазушы бола алады" (К. Паустовский)[306]. "Жазушы бірдеңе айтқысы келгендіктен емес, айтары болғандықтан да жазады" (Фицджеральд)[307].

Өмір материалдарының дұрыс көркемдік шешім тауып, өнер тілінде көрінуіне бір-бірімен тығыз байланысты көптеген факторлар тікелей әсер етеді. Нәтижесінде белгілі бір ортаның қоғамдық санасы мен жан жүйесі (психологиясы), тұрмыс-тіршілігі, ой-арманы, ұлттық, діни ерекшеліктері көрініс табады. Ал, енді осы мәселелер шығармада қаншалықты дәрежеде көрінді дегенді анықтау үшін сыншы социологиялық талдаулар жасайды. Ж. Аймауытовтың әлеуметтік ортаның "салқыны" тимей қоймайтындығын қадай айтқан мына бір сөздерінде көп шындық жатыр: "Заман сыншыларының бүйрегі не олай, не бұлай бұрып кетпей тұрмайды. Талай таланттардың, талай жақсылардың қадірін жұрт өлген соң біледі. "Алтынның қолда барда қадірі жоқ" дегендей. Замандастар, туыстар әділ болу қиын, өйткені, не заманнан қаймығады, ақынды заман өлшеуішімен өлшейді; сыншылардың көбі не ақынды жақтаушылар, не бықсыған күншілдер, не сол ақынды ат қылып мініп алып, әбүйір-атақ іздеп, көзге түсем деушілер болуға мүмкін". Бұл сөздер сынға қатысты айтылса, енді әдебиеттің әлеуметтік сыпаттары жайлы:

"... Әр адамның, әр ақынның өрісі бірінші — заманға, екінші туып-өскен әлеуметіне, үшінші — нәсіліне (тұқымына) байлаулы. Ақын ерікті-еріксіз өз заманының тонын кимеске, өз әулетінің мұңын жоқтамасқа, тілегін орындамасқа әдді жоқ.

Өзгелерден гөрі әлеуметтің мұңын баса жоқтайтын ақын болу керек. Өйткені, ақын — қоғамның қарапайым тырна қатар топас мүшесі емес, өзгелерден гөрі, сақ құлақты, сезгіш жүректі, сара ақылды, өткір қиялды мүше. Ақын өзгелердің сезбегенін сезеді, көрмегенін көреді, ойламағанын болжайды, тілі жетпегенін айтып береді. Әлеуметтің, өз табының қатарға кіріп ер жеткені, кейін қалып кер кеткені өзгеден гөрі ақынға артығырақ батады, ақынның жүрегі өзгеден гөрі көбірек толқиды. Көбірек толғанады... Күшті ақын-әлеуметінің тіл қамшысы, сайламаса да, табиғатымен сайланып шығарылған уәкілі, мұңын, зарын айтқызатын елшісі. Өз әулетін, өз табын ілгері сүйреуге, көтермелеуге, демеуге күшті ақындардың әсері тиген, әлі де тимекші...

Өзі өмірді анық жете біліп, өзгелерге жөн сілтеп, қараң-ғыны жарық,

бұлдырды ашық көрсете алмаған ақын — ақын емес. Сондықтан ақын жалғыз ғана тапқан пайдасын көздеп, сойылын соға бермейді, өмірді анық танып, кемшілікті түгел көріп тұрған соң ақын кейде тап көлемінен шығып, жалпы шындыққа, жалпы адам баласының қамына да құлаш ұрып кетеді" — деп, кеңінен келістіре айтқан[308]. Бұл сөздерді таптар тартысы теориясына қарай бұрмай, сол күйінде ұғынуға тырыссақ, терең ойлардың ұшығы жатыр. Әсіресе, ол да құлаш ұрып кетеді" деуі осыдан жетпіс жыл бұрын-ақ шын әдебиеттің бір ғана таптық емес, жалпы адамзаттық құндылықтар жасауға тиіс екендігін айтуымен де құнды.

Ж. Аймауытовтың "Мағжанның ақындығы туралы" мақаласы ақын поэзиясын әлеуметтік ортамен байланыстыра отырып талдаудың классикалық үлгісін көрсетті. Сол кезде Мағжанды сан-саққа жүгіртіп, байшыл, ескішіл, идеяшыл, ерке, қызықшыл ақын атап жүрген болатын. Жүсіпбектің ақынның дарын құдіретін ол өскен, қалыптасқан ортаның әлеуметтік, тұрмыстық, шаруашылық, дәстүрлік, ұлттық ерекшеліктеріне үңіле түсуінің нәтижесі "Мағжан — заман туғызған көшпелі дәуірдің ақыны, ескіні жырлаған, жаңаны әлі мойындап болмаған ақын... Ол — күшті ақын. Күшті ақын өмірінде талай өзгеріске жолығады. Мағжан терең ойдың ақыны емес, нәзік сезімнің, тәтті қиялдың ақыны, ол кедейдің ақыны емес, ұлт ақыны... ұлтты жалпағынан алып қарайды. Ол түрікшіл...", деген негізгі тұжырымдарын жасауға көмектеседі.

Көркем шығарманы әлеуметтік тұрғыдан талдаудың бірнеше қырлары бар.

1. Гносеологиялық тұрғыдан келу, яғни, көркем шығармада өмір шындығының қаншалықты дәрежеде сәйкестік тапқандығын анықтау. Қандай да бір көркем жаратынды болмасын, мейлі ол фантастикалық болсын, өмірдің өзінен туындап, онымен тығыз байланыста жатуы керек. Өмірлік негізі жоқ өнер туындысы болуға тиісті емес. "Ақынның қасиеті — заманға жаңғырық, әлеумет тұрмысындағы зор оқиғаларға айна болып, тарихи із, тарихи материал (дерек) қалдырып отыруында" (Жүсіпбек). Бұл тәсіл халықтың тұрмысы мен тіршілігінің әлеуметтік-экономикалық жақтары, түрлі қыртыстары жаңа шығармада қаншалықты бейнеленді деген басты сауалға жауап беруге көмектеседі.

Үлкен суреткердің шығармасында қоғам өмірінің өзекті өңірлері міндетті түрде көрініс табады. Өмірді сол күйінде шынайы көрсетуге көмектесетін реализм әдісін негізге алған реалистік әдебиет өміршеңдігінің арқасында әлемдік әдеби дамудың негізгі даңғыл жолына айналды. Ф. Энгельс реализм дегеніміз — "детальдардың шындығымен бірге, типтілік жағдайларда типтік характерлер жасау"[309] екендігін айтса, М.Горький әдебиет сынға публицистикалық, яғни әлеуметтік этика мен эстетика жасау үшін идеологиялық тұжырымдар жасау мақсатымен образ түрінде өңделген типтік материалды ұсынады дейді[310]. Н.А. Добролюбов сыншы "әдебиеттің болмысқа қатысы" мәселесін дұрыс шешу керектігін басты міндет деп білген[311]. Өткен

ғасырда көркемдік дамудың үлкен жетістігі ретінде пайда болған реализм әдісіне негізделген әдебиетті зерттеген Добролюбов, Писарев негізін қалаған "реалистік" сын өмірге келді. Шығарманы реалистік тұрғыдан талдау күні бүгінге дейін көркем әдебиетті танып білудің бірден бір жемісті жолы болып танылуда. Сонымен бірге бұл әдісті дұрыс қолдана білмеушілік көркем әдебиетте натурализмге, әдеби сында тұрпайы социологизмге апарып соқтырады. Қазақ әдеби сыны мен ғылымының әлі жетілмеген, балаң соғысқа дейінгі дәуірінде тұрпайы әлеуметтік сындар белең алып, көркемдік дамуымызға елеулі кедергі келтірген кездері де болды.

2. Саяси жағынан талдау. Күні кешеге дейін әдебиет белгілі бір таптың қоғамдық көзқарасын, идеологиясын, психологиясын білдіретін, таптық құралдардың бірінен саналып келді. Әдебиеттің сөз өнері ретінде көркем туынды екендігі көп ретте ескеріле бермей, қай таптың сойылын соғатындығы алдыңғы кезекке шықты. Көркем шығармада әртүрлі таптың, топтың, тіпті жекелеген адамдардың өмірлік бағыттары да көрініс табатындығына тиісті мән берілмеді. Әдебиеттен тек қана жұмысшы табының сана-сезімі, рухани өмірі, арман-мұраты, мінез-құлқы деген секілді жақтарының міндетті түрде жағымды жағынан суреттелуі, ал басқалардың барлығын құдай ұрып кеткен құбыжық қып көрсету талап етілді. Сөйтіп, өмірдің біртұтастығы, оның ішінде ескі мен жаңаның, жақсы мен жаманның, күңгей мен көлеңкенің — бәрінің де болатындығы ескеріле бермеді. Мысалы, "Сәкен өзін пролетариат ақынымын дейді... Бірақ, ол пролетариат ақыны бола алған жоқ, Сәкен әлі күнге дейін баяғы теңкерістен бұрынғы ауылды шарлап жүр. Шығармаларымен көптің көңілін аударып, партияға болысудың орнына Сәкен феодалдық-рушылдық кездің мәдениетін шарлап жүр. Социализм орнатып жатқан жұмысшы табының, колхозшылар көпшілігінің ерлерін, жаңа адамын Сәкен көрмейді. Коммунист болса да ол көп реттерде байшылдық жолында қалып отыр"[312]. Бұл сөздер жай сыншының аузынан емес, әдебиетке жол сілтеп отырған партия басшыларының бірі Ж. Садуақасұлының 1932 жылы Өлкелік партия комитетінің пленумында ресми түрде айтылған пікір екендігін ескерсек, сол кездегі сынның сыңайы анық көрінеді. Осы жерде шығарманы қалай талдаудың "үлгісін" де көрсетеді:

"Пионер" өлеңінде "баяғының батырындай болыңдар" дейді. Денешынықтыру жағынан Сәкен пионерлерге Қажымұқандай болыңдар дейді. Кешегі феодалдық сарқыны болған Қажымұқанға Сәкеннің құмарлығы сондай. Сәкен оның суретін өлеңдер жинағында да бастырып шығарған". Бұл жолдарға түсініктердің қажеті жоқ сияқты. Қосып айтарымыз — теңкерісшіл болған С. Сейфуллиннің шығармашылығы осылай бағаланып жатқанда, басқа ақын-жазушылардың да жай-күйі белгілі болса керек.

Тоталитарлық жүйенің негізі болған коммунистік партия көркем әдебиетті идеологиялық құрал етіп пайдаланды да, оның сынына жаңа шығарманы, ең алдымен, марксизм-ленинизм ілімі тұрғысынан бағалап отыруды барынша

міндеттеді. Нәтижесінде әдеби сынымыз тұрпайы социологизмге негізделген біршама саяси солақайлықтарды басынан өткізді. Әдебиеттің өзіне ғана тән көркемдік құндылықтары аяққа тапталып, күнделікті партия саясатын жырлаған публицистика дәрежесіне дейін төмендеген кездері де болды. Аса күрделі өмір құбылыстарын шын суреттеген шынайы шығармаларға тосқауыл қойылып, өмірдің өрнектерін боямасыз көрсете білген дарын иелері құғын көрді. Көркем шығарманы тек өмір материалдарымен салыстырып зерттеушілік натуралистік сындарды туғызса, тек жұмысшы табының көзқарастары тұрғысынан қараушылық коммунистік партиялық принципті басшылыққа алған саяси сындарды туғызып, екінші ұшқарылыққа соқтырды.

Қазақстанға Голощекин келген соң, "тап жауларын" әшкерелеу күшейе түсті де, көпұзамай-ақ әдебиет майданына да ауысты. Аяғы 1937 жылғы қазақ қаламгерлерін жаппай қыруға әкеп соқтырды. Сол кездегі сын мақалалардың тақырыптарынан-ақ саяси солақайшылық сорайып тұрды. Мысалы, "Көркем әдебиеттегі ұлтшыл-фашистердің зиянкестігін түп-тамырымен құртайық" ("Әдебиет майданы", 1937, N3), "Әдебиеттегі троцкист-бухариншіл ұлтшыл-фашист зиянкестерін көріне жете құрту керек" ("Қазақ әдебиеті", 1937, 13 тамыз), "Жазушылар ұйымындағы буржуазияшыл ұлтшылдардың сыбайластары туралы" ("Ленинші жас", 1937, 21 қазан) сияқты мақалалар "жау қайда?" деп атойлап тұрғандай.

"Ұлтшыл-фашист Сейфулиннің "Тар жол, тайғақ кешу", "Домбырасы" т.б. жауды мадақтаған, өзін мадақтаған, контрреволюциялық "шығармаларын" сүрқия әдіспен бастырған". "Ұлтшыл-фашист Сейфуллин көркем әдебиетте Хлестаков әдісімен өзін-өзі революция үшін "еңбек" сіңірген адам етіп көрсетті"[313].

"Майлиннің "Шұғаның белгісі" тағы Алашордаға әдейі трибуна беретін толып жатқан "пьесаларын" да сол ескілікті мадақтауға құрылған жауыздық ниетпен жазылған шығармалар" (сонда).

"Жансүгіровтың өлеңдерінде бұдан да сорақы нәрселер бар. "Жалау" деген өлеңінде, Әуезовтің аңгімелеріндегідей, ескі феодалдық ауылды көксеп арман қылды... Қысқасы, бұл сияқты зиянды ұлтшыл контрабанданың осы уақытқа дейін конфискеленбей, елімізде таралып жүргені әдебиет майданында сақтықты көтерген үстіне көтере түсудің керек екендігін көрсетеді"[314]. Бұл үзінділер әдеби сыннан гөрі, саяси айыптауларға көбірек ұқсайды.

Шынтуайтқа келсек, көркем әдебиеттің идеялық жақтарына соқпай, оған баға беру қиын. Көркем шығармаға күрделі өмір құбылыстарының ішінен неге осы объект таңдап алынды, осы негізде автордың көтеріп отырған мәселесі не, оның мәні мен маңызы, айтпақ, аңғартпақ ойлары қандай, несімен құнды деген сауалдарға жауап беру әдебиеттің әлеуметтік қызметін аша түседі. Образдар нақтылы бір идеялардың көркемдік көрінісі болса, оларды аша түсіп, көпшіліктің кәдесіне жарайтындарын оқырманға ұсыну — сыни пікірлердің аса маңызды жақтарының бірі. Көркем шығарманың негізгі екі

— идеялық және көркемдік жағы бар, оларды бір-бірінен бөліп қарауға болмайды десек, алғашқысы — "өнер адам үшін" деген философиялық қағиданың жүзеге асу жолы да. Оқырман әдеби кітапты оқып отырғанда қоғамдық өмірдің көптеген өзекті өңірлеріне қатысты сауалдарға жауаптар күтеді. Оқушысының ойын қозғамайтын, ойландырмайтын, оның болашақ өмірлік бағытына көмектеспейтін шығарманың қажеті шамалы.

"Таза мінсіз асыл тас су түбінде жатады, таза мінсіз асыл сөз ой түбінде жатады. Су түбінде жатқан тас жел толқытса шығады, ой түбінде жатқан сөз шер толқытса шығады"[314]— деген жолдарда терең мән жатыр. Үлкен асыл ойлардың әсемдік әлемінің тереңінде, көркемдік қабаттардың қыртыстарында жататындығын, оларды кез келген оқырманның аңғара бермейтіндігін ескерсек, сол кезде оған сыншы көмекке келіп, иірімі мол ағынды идеялардың жалынан ұстауға қызмет етеді. Өнердің халықтығы принципін басшылыққа ала отырып, сынымыз, жалпы адамзаттық озық идеяларға негізделген әдебиет үшін күреседі, қоғамда алдыңғы қатарлы үрдістердің қалыптасып, жат құбылыстардың, сарындардың жолын бөгеп, жарқын болашақ үшін адамдарға қызмет етеді.

3. Биографиялық тұрғыдан келу. Көркем шығарма жазушының өмір тәжірибесінің нәтижесінде туады. Қаламгердің өмір жолы оның шығармаларына міндетті түрде әсер етіп, көрініс табады. Жазушы творчествосы — оның өмірде көріп, көңіліне түйгендерінің қорытындысы, жиынтығы. Таланттың тағдыры — шығарманың да тарихы. Көркем шығармада өмір материалдарымен бірге оның авторының да басқа ешкімге ұқсамайтын тұлғасы көрініс береді. "Жазушының кітабы — оның рухани өмірінің биографиясы"[315] (В.К. Кетлинская). Ол шығарманың идеясымен, өмір материалдарын сұрыптап алуынан, көркемдік тәсілдерінен, стильдік қолтаңбасынан айқын көрінеді. Сондықтан да шығарманың идеялық және көркемдік сипаттарын аша түсуде биографиялық тәсілді қолдану, оның авторының өмір жолын зерттей отырып, сол арқылы көркем жаратындының құлпын ашып, сырын білуге ұмтылушылық, яғни, объектіні автор арқылы тану да — жемісті жолдарға апарар тәсілдің бірі. Жазушының шығармашылығы — белгілі бір қоғамдық ортаның, әлеуметтік факторлардың жемісі. Сол себепті де көркем шындықтың әлеуметтік, бейнелік сыр-сипаттарын аша түсуде оны жасаған суреткердің өмір соқпақтарын, тәжірибелерін жан-жақты зерттеп, сыншылық қызметке пайдаланудың маңызы зор.

Бұл әдістің негізін салған француз әдебиетшісі Сент-Бев делінеді. Ол "мені барлық уақытта ұлы жазушылардың хаттары, әңгімелері, ойлары, әртүрлі мінез еркшеліктері, адамгершілікті тұлғасы — бір сөзбен айтқанда, биографиясы қызықтырады"[316]— деп жазады. Сент-Бев жазушы өмірінің осындай қосалқы жақтарын зерттеу арқылы шығармашылық өнер иелерінің өздеріне ғана тән бет-бағытын дәл басып көрсеткен әдеби портреттердің

классикалық үлгілерін жасады. В. Гюго жазушыларды өнердің ерекше заңдылықтарына сай зерттеп отыруды ұсынған.[317] Ю.Н. Тынянов пен Б.М. Эйхенбаум биографиялық тұрғыдан танып білу жолына "әдеби тұрмыс" ұғымын қосып, осы ыңғайда тамаша зерттеулер жазды. Олардың сол кездегі "әдеби тұрмысты" жан-жақты қамтып жазған еңбектері зерттеу романдарына айналды. Сөйтіп, шығарманың көркемдік қадір-қасиеттерін аша түсуде авторға қатысты өмірбаяндық материалдарды кеңінен қолдану да социологиялық тұрғыдан қарастырудың нәтижелі бір жолы ретінде көрінеді.

Бұл тәсілді де орынды қолдана білу керек. Осыны дұрыс пайдалана білмей, немесе абсолютке айналдырып жіберген тұстарда әдебиетіміз бен әдебиеттану ғылымымыздың зиян шеккен кездері де болды. Төңкерістен кейінгі кездерде әдебиетті бағалауда "пролеткультшылдық" бағыт үстемдік құрғанда, әсіресе, әдеби мұраларды зерттеу істерінде елеулі қателіктер жіберілді. Өткен ғасырларда жасаған ақын-жазушылардың барлығы дерлік күні өткен заманның өкілдері, сондықтан да олардың социалистік жаңа қоғамға қажеті жоқ деп саналды. Қазақ әдебиетінің классигі Абай шығармашылығы да осы теперішті басынан өткерді. Ол феодализм дәуірінде өмір сүрген, ірі ел билеуші феодалдың шаңырағынан шыққандықтан да өлеңдерінде сол қоғам жырланбай, үстем таптың мүддесі мадақталмай қоймайды, сол себепті де оның творчествосы біздің қоғамымызға жат деп танылды. Мысалы, Абай "аяғын басқан сайын қайшылыққа ұшырайды. Бір сипатына қарағанда, Абай — шіріген ескішіл феодалшыл ақын. Екінші сипатына қарағанда, жаңашыл бұқарашыл ақын. Ал дегенде Абайдың кімнің ақыны екенін айыру қиын... Қайшылықсыз Абай жоқ...

Қысқасы, Абай — капиталшыланған феодал ақыны. Табынан бұрын есейген ақын. Өз табының қайшылығын бір өзінің бойынан шығарған ақын"[318]. Абай шығармалары жайлы осындай теріс пиғылдардың ұшығы елуінші жылдарға дейін созылды. Жалпы, фольклорлық және әдеби мұраны зерттегенде, осындай солақайлықтар күні кешеге дейін орын алып келді. Қазір "байлар "әдебиетін байлар жасайды, пролетариат әдебиетін тек пролетариат өкілдері ғана жасай алады" деген сияқты стандарт қалыпқа салып, сынаушылықтың күні өткен. Жазушының шыққан ортасының, өмір тәжірибесінің, білімінің оның шығармашылығында мол көрініс табатындығы сөзсіз, бірақ оны тұрпайы түрде қолданып, шығарманың көркемдік компоненттерін құрайтын басқа да жақтарын, немесе сыртқы түрлі әлеуметтік факторлардың әсерін елемеушілік өрескел қателіктерге ұрындыратындығын да есте ұстаған жөн. Қажетті жерінде орынды пайдаланылған биографиялық тәсіл шығарма шырайын анығырақ көріп, оқырманды көркем шығармашылықтың құпия сырларын біле түсуге жетелейді.

4. Шығарманың творчестволық туу тарихын зерттеу. Ю. Борев бұл тәсілді шығармашылық-генетикалық деп атайды[319]. Әдеби туындының сыр-сипаттарын ашуда оның жазылу тарихы — аса маңызды мағлұмат-

тардың көзі. Автордың жазу себептерін анықтау, оның қолжазба күйіндегі түрлі нұсқаларын салыстыра қарастыру, жазушының жазу үстіндегі психологиялық жай-күйін білу, жазылу уақытын дәл белгілеу секілді әншейінде жай сияқты көрінген көптеген жанама факторларды айқындау сыншыға көркемдік сырларын ашуға көмектесетін аса маңызды зерттеу кілттерін береді. Мысалы, кітаптың жазылу себептерін білу оның идеясын ашуға, әртүрлі нұсқаларын салыстыру арқылы жазушы лабораториясына үңілу автор ойының даму эволюциясын, бағыттарын, көркемдік әдістерін анықтауға жол сілтейді.

Кезінде В.Г.Белинскийдің шығарманың қай жерде, қашан жазылғанына, оның ақын болуына, шығармасының тууына әсер еткен жағдайларға назар аудармай, тек ақын мен оның шығармасымен ғана ісі болған таза эстетикалық сындардың қазір қажеті шамалы деп айтқаны белгілі[320]. Н.К.Пиксанов "кез келген эстетикалық элемент, кез келген поэтикалық түр (форма), құрылым, мейлі, не мүлдем қарапайым, не барынша жетілген аса күрделі болсын, оның ғылымилық тұрғыдан барынша дәл, нәзік танып білудің бірден бір сенімді жолы оның туу, пісіп жетілу, аяқталу жолдарын толық зерттеуде жатыр[321]— деп біледі.

Шығарманың творчестволық тарихы әлеуметтік тұрғыдан жалпыдан жекеге қарай танып білу процесінің соңғы кезеңінде қолданылатын тәсіл ретінде көрінеді. Шығарманы неғұрлым толығырақ білу үшін оның жазылу себептерін, жазылу үстіндегі автордың психологиялық көңіл-күйі, рухы, жазылу үстінде түрлі нұсқалардың жасалуы,сөзбен, сөйлеммен жұмысы, жазудың маусымдық, уақыты күннің қандай мезгілдерінде, қандай қағазға,қандай сиямен, қарындашпен, қандай жазу үлгісімен (графика) жазатындығы, жазу үшін машинканы қолданатындығы, не ауызша айтып тұру сияқты зерттеу объектісіне тікелей қатысы шамалы сияқты көрінер факторлардың өзі шығарманың қадір-қасиеттерін аша түсуде көптеген мүмкіндіктер туғызады. Осы сияқты жай ғана фактілердің өзі аса маңызды тұжырымдар жасауға бірден бір кілт болатын кездер жиі кездеседі. Сыншы нақтылы бір шығарманы талдау үшін оның жазылу барысындағы барлық — психологиялық, текстологиялық, хронологиялық,тұрмыстық, объективтік-тұрмыстық жағдайларды анықтау арқылы оны тереңірек түсінуге көмектесетін аса маңызды деректерге ие болады. Мұндай сыни материалдарды осы процесті тікелей басынан өткізетін қаламгерлер жиі жазып жүр. Мысалы, Э. Хемингуэй өзінің "Қош, Қару!" атты романының соңғы бетін отыз тоғыз рет қайта көшіріп жазғанын еске алады[322]. Нобельдік сыйлықтың иегері колумбиялық жазушы Габриэль де Маркес атақты романы "Жүз жылдық оңашалықтың" он түрлі нұсқасын жазып, соңғысы ғана көңілінен шыққан. Басқа шығармаларын жазғанда да осылай ойынан шығатын нұсқасы жасалынғанша көшіріп, тер төге береді екен. А.С.Грибоедов "Ақылдан қайғының" үш, Л. Толстой "Соғыс және бейбітшіліктің" төрт, Н. Гоголь "Ревизордың" бес түрлі нұсқаларын жасаған. Осы сияқты орыс әдебиет классиктерінің (мысалы, Пушкин, Лермонтов) әрбір шығармасының өмір тарихына дейінгі мағлұматтар мол жиналған. Мысалы, атақты зерттеуші Лермонтовтың әр өлеңінің қай кезде, қай сағатта не себепті, қандай көңіл-күйде жазылған тарихына, жасаған өңдеулеріне дейін анықтап жазған зерттеу еңбектері осы тәсілдің тамаша үлгілерінің бірінен саналады.

М.Әуезовтің "Абай жолы" эпопеясы әр басылымда дерлік елеулі редакцияларға ұшыраған. Ол атақты романдарының алғашқы екі кітабын қолмен, қалған екеуін ауызша айтып, машинкаға жазғызған (диктовка жасаған). Эпопея басынан жазылмай, Пушкиннің мүшелтойына байланысты әңгіме түрінде жазылған "Татьянаның қырдағы әні" атты арадағы тарауынан басталған. Алғашқы кітабының жарыққа шығу тарихы да — өз алдына әңгіме. Ғ. Мүсірепов "Кездеспей кеткен бір бейнені" өте жылдам, ал "Оянған өлкенің" екінші кітабы "Жат қолынданы" отыз жылдай жазды. Ғ.Мұстафин "Өмір мен өлім" өте асығыс жазылды. Журналда істей жүріп, жұмыс арасында жаздым. Журналдың бір нөмірі шыққанда жалғасын келесі нөмірге үлгеріп тұрдым. "Шығанаққа" бас-аяғы төрт-бес ай, "Қарағандыға" бір жылдай уақыт кетті. Бірде-бірінде уақыт қыспай қалған жоқ. Толғануға жібермеді. "Дауылдан кейінге" екі жыл отырыппын. Бұл еңбекте қапы кеткенім аз болар, жеріме жетіп тоқтаған сияқтымын"[323] - деп жазады.

Міне, осындай қосалқы деп есептелінетін мағлұматтардың өзі үлкен ойларға жетелеп, түрлі текстологиялық салыстырулар жасау сыншының нақтылы тұжырымдарға келуіне кең мүмкіндіктер туғызады. Текстологиялық тексерулер әсіресе, түрлі саяси жағдайларға байланысты шығармалары көптеген өзгерістерге ұшыраған қалам қайраткерлерінің шығармашылық келбетін қайта қалпына келтіру мақсатымен жүргізілген зерттеулерде қолданылуы аса қажетті. Орыс әдебиетінде Пушкин, Лермонтов сынды ақындардың өлеңдеріндегі әрбір сөздің өзгерістеріне дейін жан-жақты зерттелінген. Текстологиялық талдаулар — әдебиетті зерттеушілік ой-пікір кемелдігінің бір көрінісі. Қазақ әдебиетін текстологиялық тұрғыдан зерттеуде қыруар жұмыстар күтіп тұр. Сондай-ақ, шығармашылықтың психологиялық аспектілерін қарастыру әбден сынымызда мүлдем қолданылмай келеді. Мүмкін, оған баруға сыншыларымыздың, зерттеушілердің өресі жетпей жатуы. Десек те, шығарманың әлеуметтік сипатын аша түсуге септігін тигізер тиімді жолдың бірі екендігі анық дегенді есте ұстаған жөн.

Әдеби туындыны шығармашылық тарихы тұрғысынан зерттеу қазақ әдебиеттану ғылымында азды-көпті қолданылып келеді. Мысалы, филология ғылымының кандидаты Серік Мақпыров "Ботагөз" романын осы тәсілмен қарастырудың нәтижесінде қызықты байқаулар жасап, бағалы пікірлер айта білді. Бұл бағытта сыншы-зерттеушілерден гөрі, көбіне қаламгерлердің өздері көбірек қалам тербейтіндігі байқалады. Кезінде

М. Әуезовтің "Абай жолы" эпопеясының өмірге қалай келгендігі жайлы жазғаны әдебиет сүйер қауымға кеңінен аян[324]. С.Мұқанов "Мөлдір махаббат" былай жазылды" атты мақаласында осы романның өмірге келу тарихынан қызықты мағлұматтар береді[325]. Осы сияқты Х.Есенжановтың "Ақ Жайық" қалай жазылды?"[326], Ә.Нұрпейісовтің "Қан мен тер"[327], Д.Әбілевтің "Ақын арманы"[328], Қ.Жұмаділовтың "Соңғы көш"[329], К.Ахметбековтің "Ақбоз ат"[330], Д.Досжановтың "Жібек жолы"[331], С.Сматаевтың "Елімай"[332], т. б. романдарының қалай өмірге келгендігі жайлы баяндаған мақалалары мерзімді басылымдар бетінде, "Сөзстан" кітаптарында көрінді. Мұндай материалдарды оқырманның қызыға оқитыны анық.

Әлеуметтік тұрғыдан зерттеудің жоғарыда тоқталып өткен үш түрі шығарма жазылғанға дейінгі оның идеялық-көркемдік сапасына тікелей әсер еткен факторларды анықтау арқылы туындының көркемділік құндылықтарын ашуға көмектессе, енді кітап өмірге келген соң, оқырман қауым қалай қабылдады деген сауалдың төңірегінде де осыған қатысты біраз мәселелер баршылық.

Біз түрлі тәсілдерді барынша пайдаланып, шығарманы мақтап, не даттап жаздық дейік. Бұл жеткіліксіз. Жаңа шығармаға ең лайықты соңғы бағасын оқырман қауым беретіндігін сыншы ешуақытта ұмытпауы керек. Алдағы тарауларда айтып өткеніміздей, сыншы оқырман қауымының өкілі функциясын қоса атқаратындықтан да қоғамдық пікірді барлық уақытта есінде ұстап отыруы керек. Оқырманның білім, эстетикалық талғам дәрежесі, нені білгісі, қандай шығармаларды оқығысы келеді деген секілді мәселелердің дұрыс шешілуі көркем шығарманың өміршеңдік, құндылық жақтарын анықтауға тікелей көмектеседі. Жазушы мен оқырман бір нәрсенің екі полюсі іспеттес болса, жаңа әдеби туындыны оқушы көпшіліктің қалай қабылдағанында көп нәрсенің ұшығы жатыр. Сыншы суретker-шығарма-оқырман жүйесінде үйлестірушілік қызмет атқаратындықтан да жаңа туындыны көпшіліктің қалай қабылдағаны, нені ұнатып, нені ұнатпағаны, қандай талаптар қойғаны жайлы аса қажетті мағлұматтарды авторға жеткізеді. Жазушы мұндай деректерді алдағы шығармашылық жұмыстарын дұрыс құруға пайдаланады. Сыншы шығарманың қоғамдық-оқырмандық өміріне қатысты зерттеулерін екінші жағынан, оның идеялық-көркемдік құндылықтарын анықтауға пайдаланады. Әдебиеттің практикалық жағынан нақтылы құндылығын анықтауға көмектесетін деректерді жинау үшін сыншы түрлі социологиялық зерттеулер жүргізеді: оқырмандар арасына анкета тарату, кездесулер, сұрақ-жауап кештерін ұйымдастыру, мерзімді басылымдар бетіндегі пікірлерді қадағалап отыру, әңгімелесу арқылы қажетті мәліметтерді жинап алуға болады. Сол себепті де сыншы барлық уақытта да жаңа шыққан кітаптың әдеби процесте қалай қабылданып жатқанын, оған қатысты түрлі жағдайларды жіті қадағалап отыруы тиіс, яғни жазушы, шығарма, қоғам арасындағы әдеби процесте жүріп жатқан құбылыстарды дер кезінде көре біліп, оның нәтижелерін сыншылық қызметінде тиімді пайдаланып отырғаны ләзім.

Шығарманың әлеуметтік өмірі оның басылып шығуы, аудиторияның қалай қабылдауы, қоғамдық пікір, сынның бағалауы арқылы көрінеді[333]. Әдеби процестегі осы факторларға орай әрбір ақын-жазушының, шығарманың өзіндік тағдыры қалыптасады. Қоғамның әлеуметтік, мәдени дамуы нәтижесінде белгілі бір жазушының шығармашылығына деген көзқарас та өзгеріп отырады. Шығарманың әлеуметтік тағдыры оның идеялық-көркемдік жағынан бағалылығын анықтауға аса маңызды тіректер береді. Мұндай зерттеулер онтологиялық тәсіл, яғни шығарманың өмірге келгеннен кейінгі тарихын зерттеу арқылы жүзеге асады.

Қоғамның саяси әлеуметтік жағдайларына, көркемдік дамудың тәжірибелеріне орай нақтылы бір шығарма әр кезде әртүрлі бағалануы мүмкін. Мысалы, Мұрат, Шортанбай сияқты көптеген ақындардың өлеңдері өз кезінде халықтың ойындағы ой-арманын, мұң-зарын асқан шеберлікпен дәл жеткізе айта білгендіктен де жоғары бағаланды. Кейіннен саяси-әлеуметтік жағдайлардың өзгеруіне байланысты олардың өлеңдерінің барлығы дерлік ескілікті аңсаған, қоғам дамуына қарсы, кертартпа жазылған деп танылып, баспа жүзін көрмей келді. Қоғамға, тарихқа, мәдениет пен әдебиетке жаңаша көзқараспен қарап, обьективті зерттеулер жүргізілуінің нәтижесінде бұл ақындардың өз кезінде туған елінің, жерінің мұңын мұңдап, зарын зарлай білгендігін, нағыз ұлтжанды, халықшыл болғандығын оқырмандар тани бастады. Осындай жағдайларды кезінде ұлтшыл, ескілікті дәріптеген реакцияшыл деп құғынға ұшыраған Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Шәкәрім Құдайбердиев, Жүсіпбек Аймауытов, т. б.сынды ақын жазушылар да бастан кешірді. Әдебиетке озбырлықпен партиялық басшылық жасаудың нәтижесінде олардың шығармалары жарты ғасырдай уақыт халқына белгісіз болып келді. Өмірге жаңаша көзқарастармен бірге келген олардың әдеби мұралары мүлдем жаңаша бағаланып, ұлттық әдебиетіміздің биік белестерінен танылуда. Үстіміздегі ғасырдың басында бұлар көтерген саяси ,әдеби мәселелердің тереңдігі соншалық, бүгін айтылып отырғандай, қазіргі саяси-рухани өмірімізбен үндестік табуда. Шығармаларында көтерілген әлеуметтік, әдеби мәселелердің күні бүгінге дейін өміршеңдігін жоймай келе жатқандығы олардың асқан дарын иелері болғандығын дәлелдеп, ұлттық әдебиетіміздің тарихынан өздеріне лайықты биік орындарын алды. Бұл келтірілгендерден белгілі бір саяси құрылысқа негізделген қоғамның уақыт талабына сай көркем әдебиет туындыларының тағдыры да әрқалай болып отыратындығы айқын көрінеді. Бірақ, ерте ме, кеш пе әйтеуір бір шығарманың көркемөнер ретінде өзіне тиісті бағасын алатыны анық..

ЭСТЕТИКАЛЫҚ СЫНДАР

Әр әдеби шығарма - белгілі бір дәрежеде көркем дүние. "Әдебиет - өмірді сөз арқылы көркем бейнелейтін өнер"[334]. Өнер түрлерінің ішінде сөз өнері есте жоқ ескі заманнан келе жатқан ең көнесі де, ең бастысы да. Барлық уақыттарда да сөз өнеріне ерекше мән беріліп келген. Сөз өнерімен айналысқан ақын - жазушылардың қоғамдық беделі аса жоғары болған. Ғасырлардан ғасырларға ұласқан сөз өнері әдебиеттің қасиетін оның көркемдік жақтары айқындайды. Қандай да бір жақсы идеялар өзіне сай көркем формада айтыла алмаса, ол әдебиет емес. Сол себепті де көркем әдебиеттің өнер туындысы ретінде көркемдік сипаттарын ашып көрсету - әдеби сынның басты мақсаты. Жаңа туындының көркемдік дәрежесін, оның осы саладағы жаңашылдығын, қосқан үлесін анықтау - сыни талдауларға қойылатын негізгі талаптар.

Әдебиет сөз өнеріне жататындықтан оны әдебиеттану ғылымымен бірге эстетика ғылымы да зерттейді. "Эстетика - әдемілік туралы ғылым"[335] болғандықтан, әдеби сын эстетика ғылымының жетістіктерін де өз қызметінде барынша пайдаланып отырады. Көркем шығармаға эстетикалық талдаулар жасау сыншының өнер туралы жан-жақты білімдар, эстетикалық түйсігінің, талғамының жоғары болуын талап етеді. Жалпы, эстетикалық сындардың болуы-әдеби ой-пікірдің кемелдік дәрежеге жеткендігінің де белгісі. Кезінде В.Г. Белинскийдің әдебиетке тек эстетикалық сындар керек деп талап қойғаны белгілі[336]. "Шығарманың эстетикалық қадір-қасиетінің дәрежесін анықтау сынның бірінші ісі болу керек. Шығарма эстетикалық талдауды көтермесе, оны тарихи тұрғыдан сынаудың да қажеті жоқ"[337] — деп жазған болатын ұлы сыншы. Өз ойын шығарма тек өнер туындысы болу мақсатымен жазылып, әлеуметтік өмірдің қан-тамыры соғып тұрған мазмұнсыз болса, онда жасанды түрде суреттелген формалардың ешқандай құны болмайды деп жалғастырады. Плехановтың эстетикалық талдаулар сыни зерттеудің жоғары сатысында — екінші актісінде болады деген пікіріне жоғарыда тоқталып та кеттік.

Сонымен, эстетикалық талдаулар жасау — әдеби сынның идеалы. Әдеби шығарма ең алдымен, көркем тілмен жазылып, көркемдік қасиеттерге ие болып, оқырмандарды эстетикалық жағынан тәрбиелеу оның басты мұраттарының бірінен саналса, осы қаншалықты дәрежеде жүзеге асты деген негізгі мәселені тек эстетикалық талдаулар жасау арқылы ғана шешуге болады. Мұндай талдаусыз көркем әдебиеттің шын өнер туындысы, немесе емес екендігін анықтау мүмкін емес. Шығарманың көркемдік қасиеттерін аша түсуге көмектесетін эстетика ғылымының қалыптасқан белгілі әдістері бар[338]. Сыншы өз қызметінде әдебиеттану ғылымымен бірге эстетикалық талдау әдістерін де қажетіне қарай пайдаланып отырады. Ал, шындығына келсек, эстетикалық сын дегеніміздің өзі шартты түрде. Өйткені, таза эстетикалық талдаулар жасау мүмкін емес. Себебі, шығарманың көркемдік қасиеттері нақтылы идеяларды жеткізу барысында көрінеді; яғни белгілі бір мазмұнның белгілі бір формада өмірге келуі. Идея мен көркемдік, мазмұн мен форма — бір бүтіннің екі түрлі көрінісі ғана. Екеуін бөле жарып қарауға келмейді. Сол себепті де шығарманың "идеялық-көркемдік" жақтары деп, қосарлап айтамыз. Шығарманың тууына тікелей әсер еткен түрлі әлеуметтік факторларды ескермей, оның эстетикалық құндылығын анықтау да қиын. А.В. Луначарский "эстетикалық сын мен қоғамдық сын деп жүргеніміздің өзі бір нәрсе, немесе ары кеткенде бір нәрсенің екі жағы ғана"[339] — деп жазған болатын.

Әлеуметтік және көркемдік талдаулардың қажетіне қарай тиімді пайдаланылып, бір-біріне сай, не толықтырылып отыруы — сыншы шеберлігінің, сыни ой-пікірлердің жетілгендігінің де айғағы. Н.Г.Гей көркемдік "өнердің барлық жақтарын — өмір мен адамды танып білу концепциясынан образ құрылымына дейін, шығармашылық әдіс пен жекелеген сөз секілді қарапайым элементтерге дейін қамтиды", шығарманың өзі "тұтас жүйе" ("целостная система") ретінде барлық қатынастарымен де көркем дүние деп біледі[340].

Бұл келтірілгендерден шығатын түйін шығарманың көркемдік қасиеттері аса күрделі компоненттерден тұрады. Ал, оны білу үшін эстетикалық талдаулардың шамасы жете бермейді. Әдеби туындыны тілдік, әлеуметтік тұрғыдан бастап, эстетикалық талдаулар жасауға дейін жан-жақты жүйелі қарастырғанда ғана оның біртұтас "идеялық-көркемдік" сапасын анықтай аламыз. Ал, бұл үйлесімділік сақталынбаған, тек саяси жағына ерекше мән берілген кездерде тұрпайы әлеуметтік сындардың өріс алғандығын айтып өттік. Сол сияқты тек көркемдік жақтарын ғана қарастырушылық екінші ұшқарлыққа — формализмге апарып соқтырады. Әдебиетте көркемдіктің кезі тұр жағынан ізденушілік, жетілу деп түсінген тұстарда тұтас бір әдеби ағым — формализм пайда болғанда, оны зерттейтін "формалистік мектеп" те өмірге келді. Бұл мектептің В. Шкловский сияқты аса көрнекті өкілдері әдебиетті көркемдік тұрғыдан танып білуге көмектесетін елеулі еңбектер қалдырды. Солай десек те формализм өмірдің ағымына ілесе алмай кейіннен әдебиетті белгілі бір көркемдік компоненттердің құрылымы ретінде қарастыратын "структурализмге" ұласты. Структуралистер әдебиетті әлеуметтік ортамен түрлі байланыстардың нәтижесінде туған біртұтас дүние ретінде емес, әдеби шығарманың тексіне көркемдік құрылымдардың конструкциясы есебінде қарап "анатомиялық" талдаулар жасауға ұмтылады.

Мұндай зерттеулерде "өнер адам үшін" екендігі ескерілмей, "өнер өнер үшін" деген қағида басшылыққа алынды. Әдебиеттің әлеуметтік өмірдің жемісі, онда атқаратын қызметі сияқты аса маңызды жақтары ескерусіз қалып, өміршеңдігінен айрылған, жансыз көркемдік блоктарына талдаулар жасаумен шектеледі.

Сонымен, таза эстетикалық талдаулар жасаудың біржақты екендігін, оның басқа да — әлеуметтік, тілдік жағынан қарастыру тәсілдерімен бірігіп барып қажетті нәтижелерге жеткізетіндігін көреміз. Мәселе шығарманың көркемдік сапасын аша түсу үшін түрлі тәсілдерді тиімді пайдалана білу жағында жатыр. Көркем туындының басқа да жақтарына қарағанда оның эстетикалық құндылықтарын көбірек көрсете білген әдеби талдауларды шартты түрде эстетикалық сын түріне жатқызамыз. Демек, эстетикалық сындардың да аясы кең екен.

Ал, енді көркем туындының эстетикалық құндылығын анықтауда қандай өлшемдер (критерии) қолданады деген мәселеге тоқталсақ, бұл жөнінде әртүрлі пікірлерді көреміз. Шетелдік зерттеушілердің өздері де әрқилы ойлар білдіруде. Көпшілік эстеттер бірінші орынға "әдемілік" категориясын ұсынады. Одан кейін "рахаттану", "ләззат алу", "дәл бейнелеу" ("выразительность") сияқты өлшемдерді қояды[341]. "Сын өнері" атты кітап жазған ағылшын У. Бюннель көркем шығарманы бағалау барысында түгелге жуық қолданылатын 73 өлшемді көрсетеді. Мысалы, "автор өз мақсатына жете алды ма?" (4), "жазушы сөз бен пікірді үнемді қолдана ала ма?" (18), "үзінділері түсінуге қиын ба?" (33), "фактілерде қате бар ма?" (43) деген сияқты болып кете береді. Мұнда өнер туындысының құндылығын көрсететін басты өлшем оның шыншылдығы 31-ші кезекте ғана берілген[342]. Бұл жүйеде басты — қосалқы, сенімді — көздейсоқ өлшемдердің барлығы араласып, бей-берекет тізіле бергендігі көрінеді. Ал, Джон Бергер әсемдік, шындық, ұлылық, мәдениет, форма, талғам деген бағалылықтың алты өлшемін ұсынады. Американдық Леопольд Стоковский бақытымызға орай, мұндай нормалар мен стандарттар жоқ. Егер болса өнерді жаңа жолдармен дамытпай, бағанаға шынжырлап байлап қойған қамаудағы аң сияқты күй кешер еді деп, жалпы мұндай қалыптардың барлығын жоққа шығарады.

Ф. Энгельс көркемдіктің басты қасиеттері деп, "үйлесімділік"/"гармония"/ "мәнерлілік"/"пластичность"/, "нәзіктік"/"тонкость"/, "әсемділік"/"грация"/ , "тапқырлық" /"остроумие"/, "сымбаттылық" /"стройность"/ сияқты категорияларды көрсеткен[343]. Г.В. Плеханов сыншының өзгермейтін "эстетикалық кодексі" ретінде негізгі бес принципті ұсынады: 1/өнер көрсетеді, дәлелдейді; 2/ ақын өмірді боямаламай, бейнелейді; 3/көркем шығарманың негізі болған идея оның бір жағын ғана қамтымай, бүкіл ен бойымен өтетін нақтылы идея болуы керек; 4/ түр /форма/ идеяға, идея түрге сәйкес келуі керек; 5/ ойдың бірлігі форманың бірлігіне сәйкес болуы қажет[344]. Л. Толстой шығарманың көркемдігін үш түрлі жағынан анықтаған:

1/ мазмұны, 2/ шығарманың мазмұнына түрі жақсы, әсем болып сай келе ме, 3/ суреткер өзі суреттеп отырған нәрсесіне адал ма, сене ме?[345] Осы сияқты үлкенді-кішілі суреткерлердің, зерттеушілердің сынның эстетикалық өлшемдері жайлы пікірлері күні бүгінге дейін айтылып келеді. Айырмашылығы — әрқайсысы әр қырынан келетіндігі. Әйтпесе, жалпы мазмұны бір. Бұған қоса айтпағымыз - бұл мәселенің күні бүгінге дейін өз шешімін таба алмай келе жатқандығы. Бұл жөнінде Б.Г. Лукьяновтың "Методологические проблемы художественной критики" / М., 1980/ атты кітабында кеңірек тоқталған.

Әдеби шығарманың эстетикалық құндылығын бағалаудың жүйесін шексіз жасай беруге болады. Оның себебі, өмірді танып, білумен оны көркемдік тұрғыдан бейнелеудің мүмкіндіктері шексіз екендігіне орай, оны талдау өлшемдері мен тәсілдерінің де соған сәйкес болатындығында жатыр. Бұдан шығатын түйін көркем шығарманың эстетикалық сыр-сыйпаттарын толық ашып бере алатын әмбебап өлшемдер жүйесі жоқ. Ешқандай теория әдебиеттің бар мәселесін бірден шешіп бере алмайды. Түрлі қисындар, өлшемдер әдебиет әлемінің ішіне жол бастаушы ғана. Ал, оның әр жағында нені көріп, қайсыған мән беру сыншының өзіндік қасиеттеріне - эстетикалық түйсігі мен талғамына байланысты. "Сирек дарынсыз" сыншы қанша теориялармен қаруланғанымен де " көрмес түйені де көрмес" дегендей, бетінде бадырайып тұрғандарды ғана көріп, небір нәзік те әсем дүниелерді байқамай өтуі әбден мүмкін. Е. Лукьянов мейлі олтолым, не сыншы болсын, теориялық әдістер оған дарынның жарымын ғана беретіндігін айтады[346]. Сондықтан да сынның нәтижелілігі сыншының тиісті тәсілдерді тиімді пайдаланып, көркемдіктің қырларын шеберлікпен талдап, көрегендікпен көре білуінде жатыр. Түрлі аппаратты пайдаланып жер астынан алтын іздеген геолог сияқты сыншы да зерттеу әдістерімен, тәсілдермен қаруланып, әдебиет әлемінен сұлулықтың сырлы сыпаттарын табуға ұмтылады.

Әдебиеттің сұлу сымбатын көру үшін міндетті түрде бірінші анықталуға тиіс — көркем шындық категориясы. Көркем шындық өмір шындығына сай ма, емес пе, ол жағы гносеологиялық тәсілмен талдау жасау арқылы анықталады. Көркем шындық "типтік жағдайда типтік бейнелер жасауға" тікелей байланысты. Типтік жағдай белгілі бір әлеуметтік ортада көрініс тапса, ол белгілі бір дүниетаным, көзқарастар тұрғысынан суреттеліп, шығарманың идеялық бағытын түзеді. Түрлі пікірлермен, идеялармен көмкерілген әдеби шығарманың әлеуметтік жақтарын ашпайынша, көркемдік құндылықтарын ашу да мүмкін емес. Көркем туындының бір бүтін боп көрінген идеялық-көркемдік сыпатын белгілеу үшін бейнелеу қисынына негізделген белгілі бір өлшемдер жүйесі қолданылады. Қандай критерийлерді пайдалану объектінің сыпатына, алға қойған мақсаттарға қарай анықталады. Мысалы, жас жазушының тырнақалды алғашқы туындысы мен хас шебер суреткердің шығармасын талдағанда қойылатын талаптар да, соған сәйкес өлшемдер

мен тәсілдер де әртүрлі. Бір шығарманы талдағанда қолданылған зерттеу жүйесін сол күйінде екіншісіне қолдана салуға болмайды. Әрқайсысына творчестволықпен келу қажет. Жас талапкер жазушының тұңғыш туындысын әңгімелегенде сөзді орынды қолдану, көркем тілді меңгеріп, өз ойын бейнелі жеткізе білу сияқты тіл жақтарына көбірек тоқталу қажет болса, үлкен жазушыларға мұндай талаптар қоюға болмайды. Тілдік талдаулар бола қалғанның өзінде суреткердің қалыптасқан стильдік қолтаңбасын айқындау мақсатында жүргізіледі. Жас жазушының шығармаларынан стильдік көріністер іздеу әлі ерте.

Әдеби шығарманың көркемдік құндылықтарын анықтауда оның формасына, яғни белгілі бір идеяның, мазмұнның қандай түрде көрініс тапқанына ерекше назар аударылады. Әрбір нәрсенің өзіне ғана тән өмір сүру формасы бар деген қисынды басшылыққа алсақ, белгілі бір идея мен мазмұн да соған сай келетін түрде ғана толық көріне алады. Мазмұн мен форманың арасындағы сәйкестіктің дұрыс шешілуі — көркемдіктің басты қасиеттерінің бірі. Идея қаншама өміршең, мазмұн соншама мәнді де қызық болса, өзіне лайықты көркемдік түр таба алмаса, ол оқырманға жетпейді, яғни көркем шығарма да шықпаған деген сөз. Сондықтан да жазушының суреткер ретіндегі көрінетін шеберлігі оның нақтылы идеяларды көркемдіктің әрқилы түрлеріне бөлеп беруінен анық көрінеді. Өмірдің шексіздігі сияқты, оның көркем формалары да шексіз. Шығармадағы түрлі көріністерді ашу үшін сыншының да көптер төгуіне тура келеді. Ж. Аймауытов Мағжан поэзиясының көркемдік әлемін былайша ашады:

"Мейірімді ана жас бөпесін ұйықтатарда "әлди-әлди, ақ бөпем, ақ бесікке жат, бөпем, қой-қой, бөпем, жылама" деп қоңыраулатып, қоңыр әнге салады. Сол тәрізді Мағжан өлеңдерін оқығанда, адамды әлдилеген, тербеткен сипатты, біресе мұңды зарға, біресе қайғы-шерге, біресе сары далаға, біресе өткенге айдайды, жаныңды билеп, көзге әлденелер елестейді; алдыңда ұшы-қиыры жоқ, бір белден ассаң, бір бел, толқынды сары далада тұрғандай боласың, екі жағына кезек теңеліп, ырғаң-ырғаң басып, қарқарасының қоңырауы сылдырлап, сәукелесі, үкісі бұлғаңдап кетіп бара жатқан көшті көргендей боласың, кейде ақ сандықта ақ көйлегі, жез құманы бұлғаңдап, шолпысы сылдырлап бел асып бара жатқан әйелдерді көргендей боласың... Мағжанның өлеңі дыбысымен, күйімен, ырғағымен қазақ даласын суреттейді"[347]. Бұл жолдар Мағжанның өлеңдері жайлы ғана емес, сонымен бірге Жүсіпбектің де көркемдік әлемі іспеттес. Сөз сиқыры жасаған сұлулықты сол сөздің өз құдіретімен қайта көрсету. Бұл жерде Мағжанның көркемдік кестесі мен Жүсіпбектің сыншылық саралауы қатар өрілгендей, бір-бірінен қалмай жарысқа түскендей әсер етеді. Әрі қарай: "Мағжан сыршылдығымен, суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен, күшті тізілген, торғындай үлбіреген нәзік үнді күйімен, шерлі, мұңды зарымен күшті". Бұл жолдар поэзия туралы поэзия сияқты. Жұмабаев поэзиясы бар

сыр-сипатымен жарқырап көрінген.

Идея неғұрлым көркемдіктің тереңінде жатса, оның формалық ерекшеліктерін ашу да соғұрлым қиынға түседі. Көркемдіктің көп қабаттарының түкпірінде жатқан сыр- сипаттарды ашу үшін сыншы түрлі кілттерді-әдістерді қолданып, сан сатылылардан өтіп, асқан шеберлікпен ғана қажығасына іле алады, яғни біртұтас бір әдістер мен тәсілдердің, категориялар мен өлшемдердің жүйесін пайдаланады. Сыншы шығарманың көркемдік қыртыстарын қопару үшін бір тәсілді, оның әлі келмесе, бірнеше әдістерді қатарынан, немесе сатылап қолдана беруі мүмкін. Әртүрлі деңгейлерде соған лайықты әдістер мен өлшемдерді пайдаланады. Осылайша талдау мен бағалау процесі тиісті мақсатқа жеткенше жалғаса береді. Қысқасын айтқанда, көркем дүниенің бар сыр-сипаты оған сәйкес келетін талдаулар жасалғанда ғана бар болмысымен ашыла алады. Ал, мұндай сындар жазу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өйткені, әдеби туындының эстетикалық болмысын барынша ашып көрсету сыни талдаулардың бар қыры мен сырын меңгерген сыншылық дарыны бар әдебиетшілерге ғана жалынан ұстата алады; яғни, сыншы идеалы — эстетикалық сын.

VII ТАРАУ

СЫН ЖАНРЛАРЫ

ЖАНР ТУРАЛЫ

Сөз өнері ғылымындағы жанр мәселесі – аса күрделі проблемалардың бірі. Сондықтан да сын жанрларын әңгіме етпестен бұрын жалпы жанр мәселесінің жай-күйіне тоқтала кеткен жөн. Әлемдік әдебиеттану ғылымының тарихында жанр туралы түрлі кездерде айтылған пікірлерді Аристотельден бастап кездестіреміз. Бұларда жанр сипатын әр түрлі қырынан әңгімелеп, табиғатын аша түсушілік бар. Солай бола тұрса да "жанр дегеніміз не?", "оны жіктеудің шарттары" деген сияқты негізгі сауалдарға жауап іздегенде басы ашылмаған қиындықтар туындайды; оларды шешудің түрлі жолдары ұсынылып отырған.

В.Г. Белинский "Поэзияны тегіне және түріне қарай бөлу" деген мақаласында осы жайлы арнайы әңгімелейді. Сыншы мақаласын "поэзия – өнердің жоғарғы тегі" деп бастайды да поэзияның үш тегі – эпос, лирика, драма – бар екендігін көрсетеді.[348] Осында әдеби жанрлар туралы әңгіме болғанмен де "жанр" термині аталынбайды. Ол тектің (род) түрлері (вид) ретінде ғана сөз болған. "Поэма", "повесть", "роман" терминдері эпостық шығарманың түрлері мағынасында келтірілген. "Біздің заманымыздың эпопеясы – роман" (35-бет), "повесть дегеніміз – ол да роман, бірақ оның көлемі кіші болады, повестің айырмасы мазмұнының көлемі мен мағынасында" (39-бет) деген тұрғыда ғана анықталады. Сондай-ақ "драманың ең жоғарғы тегі – трагедия", "комедия – трагедияға қарама-қарсы қойылған драмалық поэзияның соңғы түрі" (51, 59) сияқты анықтамалар да бар.

Белгілі әдебиет теоретиктерінің өздері де жанр проблемасының аса күрделілігіне назар аударып отырған. Б.Томашевский жанрларға жіктеудің өте қиындығын, оны әдеби дамудың белгілі бір тарихи кезеңіне ғана қатысты қарастыру керек екендігін ескертеді.[349] Ю.Тынянов жанрдың барлық белгілерін жан-жақты қамтитын анықтама беру мүмкін емес дегенді айтады.[350] М.Бахтин бір еңбегінде әлі күнге дейін романның жанрлық сүйегі бекіген жоқ десе,[351] тағы бірде жанр көркемдік дамумен бірге өзгеріп отыратын, әрі ескі, әрі жаңа категория деп жазады.[352] Академик Д.С. Лихачев әдеби дамумен бірге жанрлардың да өзгеріп отыратындығын, сол себепті де алдымен жанрды емес, жанрды тудыратын принциптерді зерттеуді ұсынады.[353]

Орыс тіліндегі әдебиеттану еңбектерінде жанр мәселесінің қиындығына назар аударып, оны шешу жайлы өз ойларын ұсынған пікірлер көп. Түрлі энциклопедияларда, әдебиеттану бойынша жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтарда, сөздіктерде бұл мәселе төңірегінде түрліше шешімдер бой көрсетіп келеді. Мысалы, Мәскеуден 1966 жылы жарық көрген "Поэтикалық сөздікте" жанр нақтылы текке жататын әдеби шығарманың белгілі бір түрі деп анықталса, "Әдебиеттану терминдерінің сөздігінде" (М., 1974) тіпті анықтама айтылмай, жалпылама түсініктер берілген. Белгілі әдебиет теоретигі Г.Л.Абрамович тіпті әдебиеттің тегі, түрі, жанр деген ұғымдардың ара жігін ажырататын жұрт қабылдаған анықтаманың күні бүгінге дейін жоқтығын жазады.[354] Л.Шепилова да жанрды анықтаудың қалыптасқан шарттары әлі жоқ екендігін айтқан.[355]

Қазақ әдебиетіндегі жанр мәселесінде де түрліше пікірлер көрінді. Қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаған А.Байтұрсынов жанр сөзін қолданбаған. Ол "шығарманың мазмұны төрт түрде айтылады: 1. Жай сөйлеу түрде. 2. Сөйлестірген түрде. 3. Хат түрінде. 4. Аралас түрде"[356] деп жазады. Ахаңның бұл жүйелеуі негізінен тектік (род) тұрғыдан жүзеге асқандығы көрінеді. Қазақ ғылымының жеткен жетістіктерінің қорытындысы іспеттес "Қазақ совет энциклопедиясында" (А., 4 том, 1974) жанрға "өнер шығармаларының тарихи қалыптасқан түрлері" (268-бет) деген анықтама беріліпті. Мәскеуде шыққан "Әдеби энциклопедиялық сөздікте" (М., 1987, 106-бет) де "тарихи қалыптасқан әдеби шығарманың типі" – деп көрсетілген. Бұларда әдебиеттегі түр мен жанр категорияларының ара жігі ажыратылмай, бір-бірінің синонимдей ұғымда түсіндірілген.

Академик З.Қабдолов "Әдеби жанр термин ретінде шартты, екі мағынада қолданылады: 1/әдебиеттің тектері – эпос, лирика, драма; 2/әдеби шығарманың түрлері – әңгіме, роман, баллада, поэма, комедия, трагедия, т.б."[357] деп жазады. Әрі қарай "әдебиеттің тегі – жанр, әдеби шығарма – жанрлық түр" – деп түсіндіреді. Профессор Т.Қожекеев "Жанр дегеніміз – белгілі бір шығарманың көрініс табу формасы"[358] – деп біледі. "Белгілі бір шығарманың, газет материалының өзіне ғана тән, өзін ғана ерекшелендіріп тұрған құрылымдық-композициялық, тілдік, стильдік, тағы басқа белгілерінің жиынтығы оның жанрын анықтайды" (сонда) – деп, оны анықтау жолдарын нұсқайды. Р.Нұрғалиев "Жанр тудыратын элементтер деп – сюжет түзілісі, композиция, тақырып, поэтика, бір сөзбен шығарма идеясы мен мазмұнын ашатын көркемдік құралдарды айтуға болады"[359] – деп, жанр ұғымының аса күрделі көркемдік компоненттердің жиынтығынан құралатындығына назар аударады.

Қазақ әдебиетіндегі жанр мәселесін арнайы зерттеген, "Жанр сипаты"

атты коллективтік монографияда "... шығарманың жанры, яғни кейпі дегеніміз, бірыңғай және біркелкі қиысқан өзгеше сипаттардың, ерекше образ жүйесінің, айрықша композиция құрылысының, лайық тіл оралымының, белгілі ырғақ, интонацияның, т.б. нақты бірлігі"[360] – деген анықтама жазылған. Осы кітапта "Тәжірибеде әдебиеттің эпос, лирика, драма сықылды тектерін жанр деп қате қолданушылық кездеседі. Дұрысында, жанр әдебиеттің тегі емес, тегінен тарайтын ішкі тармақтар" (сонда, 5-бет) – деген түсінік беріледі.

Жанр туралы пікірлерді келтіріңкіреп отырғандағы мақсатымыз – бұл мәселенің күр-меуінің күрделілігіне, шешілуі оңай бола қоймайтындығына назар аудару. Оның бір ұшығы жалпы әдебиеттану ғылымындағы "тек" (род), "түр" (вид), "жанр" категорияларының ұғымдық жағынан бір-бірінен ажыратылмай келе жатқандығына да байланысты болса керек. Жанр сөзі "тектің", "түрдің" синонимі ретінде қолданылып, "поэзия жанры", "проза жанры", "лирика жанры", "сын жанры" деген тіркестер жиі кездесіп жүр. Осы сияқты түрлі шатасулар болмау үшін алдымен, тек, түр, жанр ұғымдарын жеке категория ретінде мағынасын ажыратып нақтылау керек. Біздіңше, "текті" (род) эпос, лирика, драма; "түрді" (вид) поэзия, проза, драма; "жанрды" әңгіме, повесть, роман, дастан, комедия, трагедия, драма, т.б. атауларында ара жігін айырған жөн. Жанр дегеніміз – "тек" пен "түрдің", тағы басқа түрлі көркемдік компоненттердің бір-біріне кірігіп, түрліше құрамда қолданылуы барысында пайда болған әдеби шығарманың тарихи қалыптасқан түрі.

Жанрдың әдебиеттегі жағдайы осылай болғанда, оның сынындағы күйі бұдан да күрделілеу. Ол күрделілік әдеби сынның көркемдік, ғылыми, публицистикалық сипаттарынан, қоғамдық-рухани өмірде атқаратын қызметтерінен тікелей туындайды. Әдеби сын жанрларын анықтау оның осындай сан сипатты табиғатына тікелей байланысты.

Сын жанрлары теориялық тұрғыдан арнайы зерттеу объектісі болмай келеді. Қазақ әдебиеті сынының жай-күйі жайлы жазылған еңбектерінде "жанр" сөзі жиі кездескенмен де, өз орнында, өз мағынасында қолданылмай жүргендігі байқалады. Басқасын былай қойып, белді ғалымдарымыздың өзі де жанрды түрліше түсінеді. С.Қирабаев "Сынның әдебиет жанрларының бірі екені, ал сыншының да жазушы екені әдетте ешдау тудырмайды"[361] - деп үзілді-кесілді ой түйеді. Академик М.Қаратаев "әдебиет құбылыстарын зерттейтін жанр – сын"[362] деп жазады. Тіпті, мәскеулік беделді бір ғылыми журналда сын туралы жарияланған мақаласын "Әдебиеттің толық праволы жанры"[363] деп атады. Сын туралы мақалаларда "сын жанры", "сын – жауынгер жанр" деген сияқты тіркестер көп кездеседі. Біздіңше, сын әдебиеттің жанры емес, сынның да көркем әдебиет, публицистика сияқты өз жанрлары бар.

Әдеби сынның жанрлары қалай айқындалады? Жалпы әдеби жанрларды айқындауда да бір ізділіктің жоқ екендігін жоғарыда ескертіп кеттік. Қ.Жұмалиев әдебиеттің тегі (род) мен жанрын бір нәрсе деп қарайды: "Бұрын да, кейін де әдебиеттің тектері деудің орнына "жанр" дейтін. Эпостық жанр, лирикалық жанр, драмалық жанр. Дұрысының өзі де осы... Біз де осы пікірге қосыламыз. Сондықтан да бұл кітапта әдебиет тегі мен әдебиет жанры деген терминдер бір ұғымда қолданылады".[364] Демек, әдебиеттің тегі мен жанрының арасына теңе-теңдік қойылып, мағыналық жағынан айырма жоқ деп отыр.

Академик З. Қабдолов жанрларды жіктегенде негізгі өлшем етіп "сыртқы белгілері мен өзгешеліктерін" емес, "мазмұн", "ішкі даму заңдылықтарының тарихы" тұрғысынан келеді.[365] Әдеби шығарманың жанрлық жүйесін тектерден таратады. Мысалы, "эпос – жан-жақты жанр" (сонда) дейді де, оның түрлерін мысал, очерк, повесть, поэма, роман, әңгіме, новелла, фельетон деп анықтайды. Бұларды бірде эпос жанрының түрі ретінде анықтаса, енді бірде әрқайсысын жанр ("әңгіме – қиын жанр", 305-бет) деп атайды. Профессор Т.Қожекеев сатира жайлы жазған еңбегінде жанрларға жіктеудің белгілері деп, сынайтын объектісін, "алға қойған нақты міндет, мақсат, идеясын", "қамту аукымын, соған орай қорытынды жасау, жинақтау өресін", "қолданған әдеби-статистикалық құралдарын, әдіс-тәсілдерін" көрсетеді.[366] Академик М. Қаратаев "шығарманы белгілі бір жанрға жатқызудың бірінші сипаты оның қай текке қатысты екендігі болса, екінші сипаты қандай сарынмен жазылғандығы, ал үшінші сипаты қандай көлемде, қалай құрылғандығы деуге болады"[367] – деп жазады.

"Энциклопедиялық сөздікте" әдеби шығармалар бірнеше принциптер бойынша жанрларға бөлінеді дей келіп, әдебиеттің тегіне қарай: эпикалық (поэма), драмалық (трагедия, комедия), лирикалық (ода, элегия, сатира) деп жіктелінген. Одан әрі әдебиеттің тегінен "эстетикалық сапасына" қарай (комедиялық, трагедиялық, сатиралық, т.б.) бөлінген. Жанрдың үшінші белгісіне шығарманың көлемін, жалпы құрылымын (структурасын) көрсеткен. Сонымен бірге жанрлық түзілімге тақырыптық, бейнелілік сияқты көптеген факторлардың да әсер ететіндігі де ескертілген.[368]

Бұл пікірлер әдеби сынға да тікелей қатысты. Бірақ, сын жанрларын толық ажыратып беруде жеткіліксіздік танытады. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, әдеби сынның көркемдік, публицистикалық, ғылыми сипаттары бар. Әдебиетші ғалымдар айтқан пікірлерді сынның көркемдік табиғатына қатысты пайдаланса, оның әдеби жанрларын анықтауға көмектеседі. Ал, сынның публицистикалық, ғылыми сипаттары басым болып келген жағдайда, бұл өлшемдер әлсіздік көрсетіп, басқа да белгілерін ескеруге тура келеді. Ал, ондай өлшемдерді анықтаудың да біршама қиындықтары бар.

Сын жанрларын зерттеп, алғаш жүйелегендердің бірі Л.П.Гроссман оның 17 типін көрсетеді.[369] Автордың сын жанрларын жіктеуде қандай өлшемдерді басшылыққа алғандығы мәлімсіз. Мұның ішінде сынның негізгі жанрларымен бірге, олай деп санауға келмейтін, оның ішкі мүмкіндіктерін танытатын көп түрлілігінің көрінісі ретінде қабылдауға болатындары да бар. Осы мысалдың

өзінен-ақ жанрлық межені айқындауда басшылыққа алатын өлшемдерге байланысты сын жанрларының санын азайтуға да, барынша көбейте беруге де болатындығы байқалады.

Зерттеушілер әдеби сын жанрларын анықтауға түрлі ұсыныстар білдіруде. Б.Егоров жанрға бөлу тәсілінің үш түрлі типін айтады".[370] Олар: 1.Сынау әдісі бойынша (мысалы, публицистикалық сын, академиялық пікір, т.б.); 2.Әдеби тек бойынша (пародия, памфлет, т.б.); 3.Қамту объектісіне қарай (рецензия, творчестволық портрет, т.б.). В.И.Гусев әдеби сынның жанрын тікелей стилімен байланысты қарастырып, оның публицистикалық, философиялық, көркем түрлерін көрсетеді де, одан әрі жанрлық жіктеулерге бара бермейді.[371] Ал В.Кубилюс жанрларды тек стильдік тұрғыдан ғана қарастырады.[372] Әдеби сындағы жанр мәселесі жайлы айтқан К.Байжігітовтің,[373] А.М.Корокотинаның,[374] Я.И.Явгуновскийдің[375] пікірлері де назар аударарлықтай. Баспасездегі әдеби жанрлар жайлы журналистика тұрғысынан қарастырған еңбектерде де мәселені ғылыми-тәжірибелік жағынан шешуге ұмтылушылық бар.[376]

Ғалымдардың осы мәселеге қатысты пікірлерін шолғанда, сын жанрларының ара жігін дәл ажыратып беретін әмбебап өлшемдердің анықталмағандығы көзге ұрады. Оны дәл анықтап беру мүмкін де емес. Жанр тарихи категория болғандықтан да сын дамуының әртүрлі кезеңдерінде оны анықтауда түрлі белгілерінің негізге алынып отырғандығы байқалады. Әдеби сын қалыптасуының алғашқы дәуірінде көрініс табатын хабар, аннотация, рецензия сияқты жанрлар көбіне қамту объектісінің ауқымына қарай анықталған.

Орыс әдеби сынының тарихында 18 ғасырға дейін сынның жанрлық белгілері айқын біліне қойған жоқ еді, тек көркем әдебиетке "қосымша", публицистика "ішінде" түрінде ғана көрініс беріп келді. Шын мәніндегі бірінші орыс сыншысы атанған Н.М.Карамзиннің сын мақалаларының негізгі объектісі жекелеген шығарма, жазушы болып, көбіне рецензия, творчестволық портрет жанрларында жазылды. Шолу Карамзинде тамтұмдап көрінсе, В.Г.Белинскийдің сүйікті жанрына айналды. Сөйтіп, сынның дамуы оның жанрлық тұрғыдан жеттігуіне әкелді. Ұлы сыншы әдеби жылдың қорытындыларына арналған атақты мақалалары арқылы сынның қамту ауқымын кеңейтіп, шолу жанрының классикалық үлгілерін жасады.

Өткен ғасырда "Түркістан уалаятының газеті" (1870-1883), "Дала уалаятының газеті" (1882-1902) сияқты басылымдар бетінде әдебиетке қатысты жарияланған мақалалар көбіне жекелеген әдеби фактілерге, жаңа шыққан кітаптарға, ақын-жазушыға арналды да белгілі бір хабарларды, жаңалықтарды халық арасына жеткізуді мақсат тұтқандықтан әдебиден гөрі, публицистік сипаты басым болды. Ал, кейіндеу шыға бастаған "Айқап" журналы мен "Қазақ" газетінде әдеби сынның жанрлық сипаттары айқын көрініс тапты. Мысалы, Ә.Бөкейханның "Қалқаман-Мамырында" ("Қазақ", 1915, N21), М.Дулатовтың "Надандық құрбанында" ("Қазақ", 1916, N175), С.Сейфуллиннің "Манап" драмасы туралысында" ("Айқап", 1914, N23) рецензияның, А.Байтұрсыновтың "Қазақтың бас ақынында" ("Қазақ", 1913, N43), Ә.Бөкейхановтың "Абайында" ("Семипалатинский листок", 1905) творчестволық портреттің, С.Торайғыровтың "Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан" ("Айқап", 1913, N19, 20, 22, 23), "Н-нің", "Роман не нәрсе?" ("Қазақ", 1914, N31, қаңтар) дегендерінде проблемалық мақаланың жанрлық белгілері саралана түсті. Сөйтіп, қазақ топырағында көркем әдебиет жайлы ой-пікірлердің өмір сүретін, көрініс табатын орта-баспасездің дамуымен бірге сын жанрлары да қалыптасып, жетіле түсті. Қазір қазақ әдеби сынының барлық жанрлары дерлік қалыптасқан, жанрлық мол мүмкіндіктерді толық пайдалануға жағдайлары бар деуге болады.

Әдеби сын көркемдік процестің алдында тұрған көп мәселелердің ішінен біреуіне, не бірнешеуіне назар аударып, шешімін табуға ұмтылады. Алдына қандай міндет қойғандығы сын мақаланың көлеміне, тіліне, композициялық құрылымына, т.б. тікелей әсер етіп, оның тұрақты жанрлық белгілерінің қалыптасуына жеткізеді. Сыншы бір ғана әдеби жаңалықты хабарлауды, немесе бір кітап, жазушы жайлы пікір білдіруді, не әдеби процестің маңызды бір-екі мәселесін көтеруді алдына мақсат етіп қойып, айтпақ ойларын ұтымды жеткізу үшін түрлі көркемдік құралдарды, әдеби әдістерді қажетінше пайдалануы мүмкін. Міне, осындай жағдайларда туындаған сын материалдарының өзара ұқсас бір тобында ұдайы қайталанып, оның басты, сипатты қасиетін айқындайтын белгілер оның жанрлық айқындауышына айналады.

Әдеби сынның жанрлық жүйесін айқындау оның сан сипатты табиғатынан туындайды. Сол себепті де оған бір ғана әдеби, не публицистикалық принциппен, өлшеммен келуге болмайды. Сынның жанрларын анықтағанда, оның көркемдік сипаты әдеби принципті қажет етсе, публицистикалық табиғаты публицистикалық, ғылымилығы ғылыми өлшемдерді қолдануды міндеттейді. Осы тұрғыдан сын жанрларын алдымен әдеби, публицистикалық, философиялық деп жіктеуге болады.[377] Сынның көркем жанрлары әдебиеттің тегі (род), түрі (вид) жағынан эссе, пародия, эпиграмма, памфлет, т.б. болып бөлінеді. Сын жанрларын іштей шартты түрде карасөзбен (рецензия, шолу, эссе, шығармашылық портрет, т.б.) және өлең сөзбен (эпиграмма, пародия) жазылған деп бөлуге келеді. Публицистикалық жанрларға әдеби хабар, аннотация, рецензия, мақала, шолу, творчестволық портрет, әдеби фельетон, әдеби очерк, әдеби есеп, т.б. жатады. Бұларды тағы да хабар (әдеби хабар, аннотация), талдау (рецензия, мақала, шолу, шығармашылық портрет), әдеби-публицистикалық (әдеби фельетон, әдеби памфлет, әдеби очерк, т.б.) жанрлары деп жіктеуге болады. Бүгінгі әдебиет жайлы жазылған көлемді ғылыми еңбекті "монография" деп атайды.

Сондай-ақ, әдеби сынның жанрларын ажыратуға оның қандай стильмен

жазылғандығы, қандай көркемдік құралдарды, әдістерді пайдаланғандығы көмектеседі. Сынның көркем жанрлары әдеби, публицистикалық жанрлары газет, ғылыми жанрлары ғылыми стильдермен жазылады. Әр түрлі жанрлар өзіне ғана тән сөз саптауды, бейнелеу тәсілдерін, өзіндік құрылымды қажет етеді. Тәжірибеде сынның таза әдеби, публицистикалық, ғылыми түрлері кездеспейді десе де болғандай. Әдетте, ... лардың барлығы бір-бірімен араласып, кірігіп қолданылады да, қайсысының әдеби, қайсысының публицистикалық жанр екендігін айыру қиындыққа соғады. Сол себепті де сынды әдеби тегіне, түріне, стиліне қарай бөлу әмбебап өлшем бола бермейді, дегенмен де оның жанрлық сипатын ашып көрсететін батсы қасиеттердің бірінен саналады.

Сын жанрларын айқындаудың басты белгілерінің бірі – оның зерттеу объектісі. Әдеби сын қарастыратын негізгі объектілер – шығарма, жазушы, әдеби процесс. Осы үш түрлі объектіге орай, соларға сәйкес келетін рецензия, шығармашылық портрет, мақала жанрлары қалыптасқан. Сынның басқа жанрлары негізінен осы үшеуінің төңірегінде топталғандай, осылардың түрліше жағдайдағы көріністері іспеттес. Зерттеу объектісі аннотацияда, рецензияда, пародияда – біреу. Ол – жекелеген шығарма, кітап. Творчестволық портрет, эпиграмма, әдеби фельетон, эссе сияқты сын жанрларының негізгі объектісі – жекелеген қаламгер. Ал, мақала, шолу, әдеби памфлет, әдеби есеп, т.б. негізінен әдеби өмірдің өзекті мәселелеріне арналады. Демек, сын мақалаларының қамту аумағы да олардың жанрлық ерекшеліктерін анықтай түсуге көмектесетін өлшемдердің бірі екен.

Сынның жанрлық тізіміне әдеби объектінің көлемі ғана емес, оның сипаты да тікелей әсер етеді. Әдеби фактінің жағымды, жағымсыз болуы сыншы алдына да белгілі бір мақсаттар қояды; соған жету үшін ыңғайлы, қолайлы, объектінің табиғатына сай келетін формада өз пікірін толық жеткізуге ұмтылады. Мысалы, әдеби портрет, эссе, әдеби очерк көбіне әдебиеттің жетістіктеріне арналса, әдеби фельетон, әдеби памфлет, пародия, эпиграмма сияқты сатиралық жанрлар әдебиеттің кемшіліктеріне, жағымсыз құбылыстарына бағышталып жазылады. Жай ғана сыпайы түрде сынау (эпиграмма), қаттырақ (пародия), тым қатты, өлтіре әшкерелеу (әдеби фельетон, әдеби памфлет) қажеттіліктері сынның сатиралық түрлі жанрларын өмірге әкелді. Сонымен, әдеби сынның жанрлық түзілісі әдеби фактінің сипатына, соған байланысты сын міндеттеріне де тікелей байланысты екендігі көрінеді.

Сын мақалаларының өзінің көлемі де жанрлық ерекшеліктерін айқындауға септігін тигізеді. Бір жанрлар шағын көрінсе, енді біреулері орта көлемді болып келеді. Мысалы, аннотацияның барлық уақытта да көлемі шағын, ал монография әдетте жеке кітапты құрайды. Сынның шағын жанрларына әдеби хабар, аннотация, рецензия, пародия, эпиграмманы, орта түрлеріне мақала, шолу, творчестволық портрет, эссе, әдеби фельетон, әдеби памфлет, әдеби

этюдты, көлемдісіне монографияны жатқызуға болады. Әрине, бұлайша бөлу шартты түрде ғана. "Жанр – өзгермелі категория, оның шекарасы да шартты; ал оның шекарасын "құлыптап" ұстамақ кез келген әрекет күлкі тудырады".[378] Әйтпесе, кейбір рецензиялардың көлемі мақаладан, немесе шолудан асып жығылып жататындығын немен түсіндіруге болады. Тіпті, кей зерттеушілер "монографиялық рецензия" жанрын анықтайды.[379] Сондай-ақ, суреткердің қаламгерлік келбетіне арналған шығармашылық портреті да тұтас зерттеу кітабына айналуы мүмкін. Бұл мысалдардан аңғарылған жәйт: көлемі жағынан келгенде де жанрлық жүйенің тұрақтылық танытпайтындығы. Қай жанрдың болмасын қажетіне қарай көлем жағынан "кішірейіп", не "үлкейіп" отыратын "созылмалы" сипаты барлығы байқалады.

Сын жанрларын жіктеуге септігін тигізетін осы сияқты факторлар көп (Олардың кейбіреулеріне алдағы тарауларда тоқталатын боламыз). Осындай түрлі әсерлердің нәтижесінде қалыптасқан сын жанрларының әбден бекіген "қалыптары" (стандарттары) жоқтың қасы. Жалпылама белгілері көрініс табатын ортақ нобайы ғана бар. Зерттеу объектісінің сипатына, көлеміне, сыншылық мақсатына, шеберлігіне орай, жанр мүмкіндіктерінің кейде "азайып", кейде "ұлғайып" отыратындығы байқалады. Әдетте, жанрлар "таза" күйінде кездеспейді. Өмір құбылыстары қаншалықты күрделі болса, оны суреткерлік тұрғыдан бейнелеу де соншалықты шексіз болатындықтан, "өмір шындығы көркем шындыққа қалай айналды?" деген басты сауалға жауап беретін әдеби сынның мүмкіндіктері де соншалықты мол. Қарастырылып отырған әдеби объектінің табиғатына орай, айтар ойды неғұрлым толығырық жеткізу мақсатымен сыншы бірде суреткерше сөйлесе, енді бірде публицистикалық мол мүмкіндіктерді пайдаланады, тағы бірде ғылыми тілмен жазып, пікір дәлелдігін нығарлай түседі. Бір сөзбен айтқанда, жанрдың жетіліп шығуы сыншы шеберлігіне тікелей байланысты. Майталман сыншы алдына қойған мақсатына жету үшін қажетті жанрды дұрыс таңдап, қолдана біледі; жанрлық жағынан жетпей жатқан жерлері болса, жеткізіп алады. Нәтижесінде әрбір сыншының белгілі бір жанрларға бейімділігі қалыптасады. Сөйтіп, сыншы өз жанрын, жанр өз сыншысын іздеп, тапқанда ғана жалпы әдеби сынның бағы жанады. Ал, бұл – ұзақ шығармашылық ізденістерінің барысында барып жүзеге асатын қиын құбылыс. Көп сыншыларымызда осы жағы жетісе бермейді. Әдетте, жиі айтылатын "жанрын тапқан" деген сияқты тіркестердің ар жағында шеберлікке қатысты көптеген мәселелер жатыр.

Әдеби сынды жанрларға бөлу белгілі бір дәрежеде шартты түрде екендігін жоғарыда ескертіп өттік. Әсіресе, әдеби жанрлардың бұрынғы жүйесінің ара жігі барынша жылжып, бір-бірімен шатысып кеткен жағдайда сыни әдебиеттердің жанрларын айқындауда көптеген қиындықтар тууда. Тіпті, кейбір еңбектердің жанрын дөп басып айтудың өзі қиын. Мысалы, рецензия бір шығарма жайлы (объектісі жағынан) шағын (көлемі жағынан) пікір десек, бір кітап туралы монография да жазыла береді (мысалы, Л.М.Әуезовтың

"Абай жолы" эпопеясының тарихи негіздері жайлы көлемді зерттеуі). Сонда бұл жерде зерттеу объектісі емес, еңбектің көлемі, зерттеу әдісі, стилі негізгі жанр анықтауыштар болып тұр. Т.Кәкішевтің "Өнегелі өмір" сериясымен шыққан "Сәкен Сейфуллин" (1976) объектінің көлемі жағынан жазушы өмірін тұтас алғандықтан творчестволық портрет болып шығуы керек еді. Осы еңбектің жазылу барысында әдеби әдістер, ғылыми тәсілдер кеңінен пайдаланылып, көлемді әдеби-ғылыми еңбек шыққандықтан, оның жанрын анықтау да оңай болмаған. Автордың өзі "ғұмырнамалық хикая" деп атапты. Осыған "роман", немесе "ғұмырнамалық роман" деп те таласуға болатын сияқты. Белгілі әдебиетші ғалым Ю.Тынянов Грибоедов ("Уәзір Мұхтардың өлімі"), Пушкин ("Пушкин") туралы әдеби-ғылыми еңбектерін "роман" деп атаған. Ал, Санкт-Петербургтық Б.И.Бурсов "Достоевский тұлғасы" ("Личность Достоевского") атты көлемді еңбегін "роман-зерттеу" ("роман-исследования") дейді. Кітапты жазу барысында көркемдік тәсілдер қолданылмаған. Таза зерттеу еңбегін көлемділігіне, айтылар ойдың ұзақтығына орай, "роман" деп, көркем әдебиеттің жанрымен айқындаған.

Сыни еңбектердің жанрлары көбіне онда қандай сипаттардың басым екендігіне қарай ажыратылатындығы белгілі. Солай бола тұрса да кей кездерде қай белгісінің күшті екендігін анықтаудың өзі қиын, нақтылы мына жанр деп жобамен айта алмайтын жағдайлар болады. Мынаны ескеру қажет: сынның әдеби, публицистикалық сипаттары негізгі қасиеттері болғандықтан да ол әдебиет, баспасөз жанрларының барлық мүмкіндіктерін емін-еркін, керегінше пайдаланады. Бұл жерде оған кедергі болар ешнәрсе жоқ. Сыни еңбектер көркем тілмен жазылып, көркемдік сипат алады; сөйтіп, әдеби жанрлардың белгілері көрініс табады. Газет-журнал бетінде өмір суретіндіктен баспасөздің бар киімі оған да шақ. Сынның публицистикалық сипаты басым болғандықтан да оның жанрлық негізін баспасөз жанрлары құрайды. Журналистер қолданатын түрлі формалық ізденістер сыншыға да жат емес. Тіпті, қажет те. Осындай жанрлық, формалық ізденістердің барысында әдеби сынның көптеген "қоспа" ("гибрид") жанрлары пайда болды. Жоғарыда келтірілген рецензияның түрлері – осы айтқандарымызға дәлел. Сондай-ақ, әдеби сынның хат, сұхбат, интервью, дөңгелек стол, анкета сияқты жанрлық-формалық түрлері де жиі кездеседі. Бұларды жекелеген жанрларға жатқызуға бола ма, немесе жанрдың түрлі көріністері ме деген мәселеде де ойланарлық жәйттер баршылық.

Жалпы, әдеби сын баспасөз жанрларының барлығында дерлік көрініс табады деуге болады. Жоғарыда біз тоқталып өткендерден басқа таза газеттік болып есептелетін хабар (бір әдеби оқиға, әдеби кездесу, әдеби кеш туралы), есеп (әдеби конференция, әдеби құрылтай жайлы), репортаж (әдеби тойдың қалай өткендігін суреттеу), сұхбат (сыншы мен суреткердің әдебиет жайлы әңгімесі) сияқты жанрларда да әдебиет жайлы ойлар өрбіп, сыни сипат алады.

Сонымен жоғарыда айтылғандарды жинақтай келгенде, жанр категориясының әдеби тұрғыдан да, публицистикалық тұрғыдан да әлі шешімін күтіп тұрған күрмеуі қиын мәселелері жеткілікті. Әдеби сынның табиғаты, қоғамдық-мәдени өмірімізде алатын орны айрықша ауқымды болғандықтан да оның жанрлық жүйесін анықтауда да соншалықты қиындықтар бар. Солай бола тұрса да сын жанрларын айқындап зерттей түсудің теориялық та, тәжірибелік те маңызы зор. Осы тұрғыдан келгенде, сын жанрларын анықтаған ізденістерге назар аударсақ, түрліше жіктеулерге көзіміз түседі. Әдеби сынның теориялық мәселелеріне арналып, Мәскеуде шыққан академиялық еңбектерде сын жанрлары түрліше көрсетіліп жүр. Бірінде мақала, рецензия, шолу, әдеби эссе, сыни фельетон, әдеби портрет аталса,[380] келесісінде аннотация, проблемалық мақала, рецензия, шолу, творчестволық портрет, эссе, монография жанрлары жайлы әңгіме болады.[381] К.Байжігітов қырғыз әдеби сынындағы биографиялық заметка, рецензия, шолу, әдеби портрет, мақала (проблемалық, айтыс, теориялық-ғылыми), сыни-библиографиялық очерк, эссе, диалог, сыни фельетон, контент-анализ, әдеби параллель, цикл, диалог, монография жанрларына тоқталады.[382] "Қысқаша әдеби энциклопедияда" (М., IV том, 1967) әдеби сынның мақала, рецензия, эссе, әдеби портрет, айтыс, қағытпа, библиографиялық ескертпе жанрлары көрсетілген. А.И.Куляпин сынның "саяхат және серуен жанры" ("жанр путешествия и прогулки") бар деп біледі.[383] Қазақ әдеби сынының білгірі Т.Кәкішев: "Тез марқайған қазақ әдебиет сыны рецензия, мақала, шолу, әдеби портрет, айтыс мақала, библиографиялық ескертпе, әдеби-ғұмырнамалық очерк сияқты түрлерді игеріп, көлемді де арнайы монографияларды, тақырыптық жинақтар мен очерктерді, әдебиет тарихын жасау, әдебиеттану, ғылымының әр саласы бойынша ғылыми-зерттеу еңбектерін жазу процестеріне ұласты"[384] – дейді. Бұл жерде әдеби сын жанрлары санамаланғанымен де оның өзі термин ретінде аталынбайды; сынның түрлері ретінде көрінген.

Осындай көптеген пікірлерді, ұлттық сынымыздың өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ әдеби сынының мынадай негізгі жанрларын атаймыз: әдеби хабар, аннотация, рецензия, мақала, шығармашылық портрет, шолу, эссе, әдеби фельетон, әдеби пародия, әдеби эпиграмма, монография. Бұлардан басқа библиографиялық көрсеткіш, әдеби есеп, әдеби очерк, әдеби шарж т.б. жанрларды атауға болады. Ал, әдеби ой-пікірлер көрініс табатын баспасөздің басқа да күрделі жанрлары бар. Бірақ, оларды әлі де сын жанры ретінде толық қалыптасып орныға қоймаған, не сирек қолданылатын, не түрлі жанрлардың "қоспасы" ("гибрид"), түрліше формадағы кейіптері деп ұққан жөн. Керек десеңіз, бұлардың ішінен ең бастылары деп, шартты түрде рецензия, шығармашылық портрет, мақаланы атап, қалған-дарын осы үшеуінің

түрліше жағдайда, түрліше кейіпте құбылып көрінуі деп те қарауға болады. Қалай дегенмен де, жоғарыдағы әдеби сын жанрларын жүйелеуіміздің шартты түрде ғана екендігін тағы да ескерте кетеміз.

Әдеби сынды шартты түрде көп қабатты үлкен үйге теңейтін болсақ, оның ең төменгісінде әдеби хабар, аннотация, рецензия, пародия жанрлары орналасқан. Бұлар – сыншылық ой-пікірдің басты қазығы болып табылатын әдеби фактілер, құбылыстар, оқиғалар туралы алғаш хабар беріп, пікір білдіретін жанрлар. Одан жоғарырақта жекелеген жазушының шығармашылығын талдауға арналған жанрларды кездестіреміз. Олар: шығармашылық портрет, эссе, эпиграмма, т.б. Ең жоғарғы қабатында жалпы әдеби өмірдің өзекті өңірлерін қадағалап, саралап отыратын проблемалық мақала, шолу, әдеби фельетон, әдеби памфлет, монография сияқты салмақты жанрлары жайғасқан.

Сын жанрларын бұлайша орналастыру да шартты түрде. Көршіқоңсылардың бір-бірімен араласпай тұрмайтындығы сияқты, сын жанрлары да өзді өзі мидай "сапырылысып" жатады. Кей жанрдың тіпті "қандай қабатта", "қандай пәтерде" тұратындығын анық айтудың өзі қиын. Әдетте, сын жанрларына бір бірінен оқшаулану емес, жақындасу, араласу қасиеті тән. Біріңсіз бірінің күні жоқ екендігін толық сезгендей. Әдебиеттің ауыр жүгін көтеруге бірінің шамасы келмей жатса, екіншісі, үшіншісі, қажет болған жағдайда, тіпті, барлығы да жабылып, әйтеуір, алда тұрған міндетті бір кісідей атқаруға ұмтылады. Сол себепті де кей жанрды қай топқа қосудың өзі де қиын. "Кемедегінің жаны бір" дегендей, әдеби сынның алдында тұрған міндетті атқаруға оның барлық жанрлары бірдей атсалысады. Әдетте "жеңіл-желпі жұмыстарда" сынның хабар, рецензия сияқты елгезек, шапшаң жанрлары іскерлік танытса, ауқымды мәселелерге келгенде "орта", "ауыр салмақты" мақала, шолулар іске қосылады.

Қай жерде, қандай топқа, қандай жанрға көмек қажет болып жатса, сол жерден табылатын "тіл алғыш" икемді жанрлар да бар. Мысалы, әдеби фельетон "сын үйінің" төменгі қабатында тұрып нақтылы бір қаламгердің шығармашылығындағы сорақы кемшіліктерді сынайтын болса, енді бірде үйдің ең жоғарғы қабатына шығып, бүкіл әдеби процестегі келеңсіз құбылыстармен аяусыз күресіп жатады. Сын жанрлары қабаттан қабатқа ауысып жүргенде киімін ауыстырып киген, гримделген адамдай өзгеріске ұшырайды. Өйткені, "сын үйінің" әр қабатының өзіндік заңдары, тіршілік-тыныстары бар. Басқа жерден келген жанр сол қабатқа тұратындардың өмір салтын қабылдап, соған бейімделуге мәжбүр болады. Нәтижесінде, бір қарағанда, нақтылы бір жанрдың кейпіндегі, екінші қырынан келгенде мазмұны басқа, яғни сырт киімі, түрі басқа, мазмұны өзгеше "қоспа" жанрлар пайда болып, қаптап жүреді. Олардың осындай өзгерістерге ұшырағандығы соншалық – тіпті, қай "ауылдың" жанры екендігін айырудың өзі қиын соғады.

ӘДЕБИ ХАБАР

Сын жанрларының ішіндегі "жасы жағынан ең үлкені" де, көлемінен шағыны да, икемділігінен шапшаңы да, ең елгезек "тіл алғышы" дә – әдеби хабар. Баспасөз бетіндегі әдеби пікірлер ең алғаш рет хабар түрінде көрінді десе де болғандай. Мәдени өмірдегі елеулі деп табылған әдеби фактілер оқырманға ең алдымен, хабар түрінде баспасөз арқылы жетеді. Қандай оқиғаны хабардың объектісі етіп алудың өзінде де сыншылық-бағалаушылық сипат бар. Көбіне оқырманға пайдасы бар, ұнамды оқиғалар хабардың объектісіне айналады.

Хабар жанрының аты да айтып тұрғандай, басты міндет – жаңа болған әдеби оқиғаны, жаңалықты оқырманға хабардар ету. Хабардың "жаны" – жаңалық. Жаңалығы жоқ болса, хабар да жоқ. Мысалдарға жүгінейік. "Дала уалаятының газеті" бетінде (1890, N30) басылған мына бір хабарды оқиық:

"Жаңадан қазақтар туралы бір кітап шығып, сатылып жүр. Сол кітапта Орал жағының қазақтарының шежіресі бар, онан соң орыстармен қалай араласқаны бар, –"жазған Алекторов" деген. Сол кітапты білімді, ғылымды қазақтар алып оқыса, пайдалы. Ата-бабаларының қалай жүріп, қалай түзіле бастағанын біледі. Сол кітаптың қағазы аз, бағасы 35 тиын. Астрахань губерниясының "Ханская ставка" шаһарында сатылса керек, мен сондағы Алекторовтан сұрадым".

Қазақ баспасөзінде жарияланған алғашқы сыни материалдың бірі болғандықтан, бұл хабарға назар аударыңқырайық. Әңгіме А.Е.Алекторовтың "Киргиз-казаки" атты кітабы жайлы. Мақала орыс тілінен (авторы Д.Высоков) аударылғандықтан да қазақшасында тәржімалық селкеуліктер бар. Стилдік шұбалаңқылықты сол кезге тән деп білсек те, әңгіме қандай кітап жайлы екендігі көмескілеу. "Жаңа кітапта" газет айдарының, не материал тақырыбының аты екендігі де анық емес. Бұл хабардың алдына қойған басты мақсаты мынадай жаңалықтарды оқырмандарға хабарлау: Алекторовтың "Қырғыз-қазақтар" атты кітабының орыс тілінде жарық көруі, онда қазақтардың тарихына қатысты пайдалы мағлұматтардың барлығы, таралымының аздығы, бағасының отыз бес тиын екендігі, оның "Ханская ставка" шаһарында сатылатындығы. Осы тұрғыдан мақала өзінің жарнамалық міндетін толық орындаған. Сонымен бірге мұнда бұл кітаптың кімдерге арналғандығы, оқырманы да атап көрсетілген. Мақаланың хабарламалық сыпаты мұнымен шектелмейді. "Сол кітапта Орал жағының қазақтарының шежіресі бар, онан соң қалай орыстармен араласқаны бар... Ата-

бабаларының қалай жүріп, қалай түзеле бастағанын біледі" деген жолдар хабарға аннотациялық сипаттар да беріп тұр.

Алғашқы қазақ баспасөзінде көрінген әдеби сынның мұндай түрін проф. Т.Кәкішев "жарнамасын" деп атады.[385] "Сын жанрының ішкі түрлері дамып жетілмеген кезеңде талдаудан гөрі насихаттау, үгіттеу басым, түсіндіруден гөрі, үндеу, шақыру басым, дәлелдеуден гөрі, жалпылама айту басым, эмоциялық сезінуден гөрі, көңіл білдіру, тілек айту басым болатыны аян",[386] "жарнамасын пәлендей көркем шығарманың дүниеге келгендігін хабарлау міндетін атқарады" – деп, оның өзіндік ерекшеліктерін сыпаттайды. Әдеби хабар түріндегі "жарнамасындар" қазақ әдеби сыны жанрлық жағынан әлі қалыптаспаған төңкеріске дейінгі кезеңде "Түркістан уалаятының газеті", "Дала уалаятының газеті", "Қазақ" газеттерінде, "Айқап" журналында көптеп көрінді.

Ал, шынына келсек, бұл кездегі сыни материалдарды жанрға бөліп әңгімелеуге келе бермейді. Әдебиет жайлы жазылған мақалаларда жіктелулер енді-енді байқала бастағанымен де көбіне жарнамалық», сыпаттамалық (аннотациялық), ара-тұра талдаушылық-бағалаушылық (рецензиялық) элементтер аралас-құралас, қатар жүре беретін. Керек десеңіз, бұларды жанрларға бөліп қарастыру қиын; жанрлық белгілер ғана бар.

Әдетте, хабарға әдеби маңызы бар оқиғалар өзек болады. Онда оқиға, оқиғаның қай жерде болғаны, кімдер қатысқаны сөз етіледі. "Сықақшының сыйы"[387] атты хабарда осы шарттар қысқа да нұсқа орындалған.

"Республика Сарайында Көпен Әмірбековтің шығармашылық кешіне жиналған жұртшылық күлкіге кенелді. Қазақстанның белгілі өнер қайраткерлері сықақшының шығармаларынан үзінділер оқып, сахналық көріністерде Көпеннің кейіпкерлерінің бейнесін көпшілікке елестеткендей болды. сықақшының сый кешіне астана жұртшылығымен бірге көптеген облыс, аудандардан өкілдер қатысып, кешті ажарландыра түсті".

Хабардың басты мақсаты – ақын Көпен Әмірбековтің шығармашылық кешінің өткендігі. Ал, оған кімдер қатысты, кімдер қай жерден келді деген секілді сауалдарға жанамалай, жалпылама жауаптар берілген. Кештің қай күні өткенін хабарлауды да артық деп тапқан. Автор кеш жақсы, жаман өтті деп айтып жатпайды, оның пікірі "жұртшылық күлкіге кенелді" дегентіркесте жатыр.

Баспасөз бетіндегі әдеби хабарлар жеке күйінде де, немесе ортақ тақырыппен топтама түрінде де көрінеді. Мысалы, "Қазақ әдебиеті" газетінде номер сайын беріліп тұратын "ҚӘ" хабарлайды", "Қазақстан жазушылар Одағында" атты айдарлар жұмыс істейді. Осыларда берілетін материалдар айдар аясында да, жеке-жеке тақырыптармен де жарияланып жүр. Мұндай топтама түрінде берілген хабарлардың қысқалық, нақтылық сипаты басым келеді. Мысалы, осы айдармен берілген "Мүшәйраның жеңімпаздары", "Мектеп ақын атында" ("ҚӘ", 1993, N2, 8-қаңтар) атты хабарлардың көлемі бір, екі абзацтан аспайды. Түсіндірмелік сыпаты жоқ. Алғашқысында Жазушылар Одағында жыр жарысы өткендігі, онда кімдердің жеңімпаз атанғандары ғана хабарланған. Екіншісінде, "Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, "Жаңаталап" совхозындағы орта мектепке Ақын Әбдікәрім Оңалбаевтың есімі берілгендігі", онда бірнеше кісілердің сөйлегендігі хақында ғана әңгімеленген. Сондай-ақ, осы газет бетінде жиі көрінетін жазушылардың елде өткізген кездесулері, әдеби кештер жайлы хабарлар да көбіне қысқа келеді. Мысалы, "Түркістандағы кездесу"[388] атты хабарда жазушы, ғалым Ақселеу Сейдімбектің халықпен кездесуі хабарланып, жанр шарттары негізінен сақталған.

"Қазақ әдебиеті" газетінің әдеби хабарларды беріп тұрудағы ұнамды ізденістерінің қатарына "Баспалар, басылымдар" айдарымен ұдайы беріліп тұратын материалдарды да жатқызуға болады. Кітаптың суретімен бірге берілетін бір-екі сөйлемдік хабар баспадан жаңа шыққан туындыны әдеби жаңалық ретінде оқырмандарға жария етеді. Мұндай хабарлар осы айдармен жеке де, топтама түрінде де көрініп, берілу формасы жағынан да сәттілік танытып жүр.

Хабар шағын жанр болғанымен де, ұтымды пайдалана білгенге берер мүмкіндігі мол. Аз көлемді, шебер жазылған хабардың өзінен проблемалық мақалаға тән мағлұматтарды алатын жағдай да кез болады. "Қазақ әдебиеті" газетінің "М. Әуезов мұражайында" атты тұрақты айдармен беріліп тұратын хабарлардың жанр мүмкіндігін танытарлық сыпаттарын атап айтуға болады. Бұл айдарда айына екі рет Әуезовтің мұражайында өткізіліп тұратын қазақ әдебиеті мен өнері университетінің сабақтары жайлы хабарландырулар беріліп тұрады. Хабарландыру түрінде жазылғанымен де бұл хабарлар жанр шеңберінен шығып, ғұмырнамалық, проблемалық, ғылымилық сипатқа тұтасып жатады. Айдардың тұрақты авторы белгілі әдебиетші Т.Әкімовтің қысқа жанрдың ішкі мүмкіндіктерін барынша пайдалана білетін шеберлігі арқасында мұндағы хабарлардың әрқайсысы бір біріне ұқсамай, жеке дара көркем-публицистикалық кейіпке енеді. Нақты мысалға жүгінейік. "Ағып өткен бір жұлдыздың" тексі мынадай:

"Құдайдың ықыласы ауып, сүйіп жаратқан құлдары – яғни адамдары болады: сол бір сүйген құлдарына ол бәрін де: қабілет-дарын, ақыл-ой, зейін-зерде, тұр-тұрпат, мейір-шапағат, көмейден ағылар сөз дейсің бе – аямай үйіп-төгіп бере салады. Сол санаттағы адам – Смағұл Сәдуақасов.

С.Сәдуақасов – осы ғасырдың басында халқымыздың маңдайына біте салған Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, С.Қожанов, Т.Рысқұлов, М.Шоқаев, Н.Төреқұлов шоғырындағы ерекше тұрпатты тұлғалардың бірі. Өзінің қысқа өмірінде С.Сәдуақасов шамасының келгенінше халқының мемлекеттік құрылымының, экономикасының, ғылымы мен шаруашылығының, ағарту саласы мен әдебиетінің, мәдениетінің қалыптасуына елеулі үлес қосты. ізін қалдырды және қайсарлық, ой мен сөздегі логикалық қарымдылық оның қалдырған үлгі-өнегесі болды, қай салада да биіктерде, алдыңғы лектерде тұрды. Соған қарамастан әлі күнге дейін бүкіл тұрқы мен тұрғысы ел-жұртына

танылмай келеді. Осының бастамасы болсын деп қазақ әдебиеті мен өнерінің халық университеті желтоқсанның 25 жұлдызында оның өмірі мен қызметі, жазушылық еңбектеріне өзінің кезекті бір сабағын арнап отыр. Сабақты филология ғылымының докторы Мүсілім Базарбаев, әдебиетші Д.Хамзабекұлы өткізеді. Гүлнар Дулатова өз естеліктерін айтады. Т.Әкімов".

Көздеріңіз жетіп отырғандай, бұл газет материалының формасы, кейпі хабар жанрында болғанымен де мазмұнына келгенде ғұмырнамалық мақаланың сипатына ие болған. Сұрыпталған сұлу да дәл сөздермен жазылған хабардың әрбір сөйлемі С.Сәдуақасовтың өміріне қатысты мағлұматтардың қаншама ауыр жүгін көтеріп тұр. Аз сөзбен көп мағына беру – шеберліктің шеберлігі. "Қысқа жазу –дарындылықтың белгісі" дегендей, Т.Әкімов бұл жерде көлем жағынан көсілуге келмейтін тар жерде көркем сөздің құдіретінің арқасында ой екпінімен біршама көсіліп те алған. Автор әр сөзіне, сөйлеміне ауыр жүк арта алған. Хабарды оқып шыққанда "тар жол, тайғақ кешулерде" мерт болған Смағұлдай азаматтың халқына жасаған қызметінен хабардар боламыз. Хабарды оқып шыққан оқырманның С.Сәдуақасовтың тұлғасына қызыға түсері анық. Ал "ол қазақ халқы үшін қалайша еңбек етті, неңдей ерлік жасады?" деген сауалдарға жауап беріп жатпайды. Оны білгілерің келсе, осы мәселеге арналған сабақ болады деп, оқырмандарын хабардар етеді. Материалдың өмірбаяндық сипаты бар болғанымен де ол мәселенің қойылысы деңгейінде қалып, кейпі хабар жанрында сақталынған. Хабардың басты шарты шағын көлемде әдеби маңызы бар оқиға жайлы оқырмандарға хабарлау болса, автор да бұл жолдан шықпаған. С.Сәдуақасовтың өмір жолымен таныстыруды басты міндет санамай, жол-жөнекей, негізгі хабарламақ болып отырған оқиғаның маңыздылығына мән беру үшін ғана тоқталғандығы көрінеді. Мұндай сипаттар Т.Әкімовтің осы айдармен тұрақты түрде үзбей беріліп тұратын барлық материалдарына да тән деуге болады.

Хабар жанрының басты шарты – көлемінің шағын болуы. Басты мақсаты – әдеби маңызы бар деп танылған оқиға жайлы оқырманды уақытылы хабардар етіп отыру. Көлем жағынан келгенде тіпті бір сөйлемнен тұратын хабарлар да бола береді. Мысалы, С. Жәнәбілевтің "Жазушыға құрмет" атты хабары "Әлжаппар Жылқышиевқа Шымкент қаласының құрметті азаматы атағы берілді" ("Қазақ әдебиеті", 1993, 5-ақпан) деген сөйлемнен ғана тұрады. Соңда да болса жоғарыда айтқан жанрдың басты шарттары орындалып тұр. "ҚӘ" хабарлайды" айдарымен (1993, 1-қаңтар) берілген топтама хабарларда С.Шәймерденов (70 жылдық) пен М.Шахановтың (50 жылдық) мүшел тойларына арналған салтанаттың астанада болып өткендігі бір сөйлеммен хабарланған. Ал, Ә.Шәріповтың 80 жылдық мерейтойына арналған хабар көлемділеу, бір абзацтай болып берілген. Алдыңғысы мен соңғы хабардың арасындағы көлемі жағынан айырмашылық Ә.Шәріповтың жасының үлкендігіне, ұзақ жылдар бойы басшы қызметтерде болғандығына, кешке Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы С.Әбділдиннің қатысып, ресми сипат алуына байланысты шыққан.

Осы жерде мынаны ескеру керек: басты мақсаты хабарлау болғанымен де көлемі жағынан көбейе берсе, белгілі бір мөлшерде санның сапаға айналатыны сияқты, хабар да өзінің жанрлық табиғатын жоғалтып, басқа кейіпке ауысып кетеді. Сол сияқты жоғарыда әңгімелеген мүшелтойлар жайлы қысқа хабарларды кеңейтіңкіреп жаза беретін болсақ, хабарымыз, егер қалай өткенін суреттеу басым болса, сол жиынан жазылған репортажға, егер кімдердің қатысып, не айтқанын тәптіштеу көбірек болса, есепке айналып кетуі мүмкін. Сол мәселенің мән-маңызын түсіндіріп, талдаңқыраса, мақала болып, хабарлаушылық қызмет қосымша міндеттердің біріне айналып кетеді. Мысалы, "Қазақ әдебиеті" газеті (23.VII. 1993) "Мерейтой" айдарымен Қабан жыраудың 300 жылдық, Шортанбайдың 175 жылдық тойларының өткендігі жайлы материалдар берді. Ұзақбай Доспанбетидің "Ақын баба аруағына арналдысы" Қабан жыраудың халқына әлі белгісіздеу екенін ескеріп, ол туралы қысқа болса да мағлұматтар беруге орын беріңкіреген. Ал, Кәмел Жүністегі бірден Шортанбай тойының қалай өткендігін, қай жерде, кімдер қатысып, баяндама жасағанын толық баяндайды. Құрылымы, мазмұны жағынан алғашқысы ғұмырнамалық мақалаға, соңғысы әдеби есепке жақындап тұр.

Хабардың басқа жанрлардан көлем жағынан шекарасы қай жерден өтеді деген сауалға дәл жауап беру қиын. Бар мәселе жанрдың ішкі мүмкіндіктері қаншалықты дәрежеде пайдаланылды, немесе жанр шарттары орындалды ма деген мәселелердің төңірегінде түрлі жағдайда түрліше шешіледі. Сыншының жанрға "шамасы келмей", "басын жарып, көзін шығарып" жатуы мүмкін. Ондай жағдайда, "жанрын анықтаймын" деп әуреленуі артық. Ал, шебер сыншының өзі басқа жанрларға қарағанда мүмкіндігі шектеулі хабар сияқты шағын жанрды "ерттеп мініп", өз мақсатына тиімді пайдалана алады. Қалай дегенмен де сыни жанрлардың ішіндегі ең елгезек, шапшаң, әдеби оқиғаларды тіміскілеп іздеп, жүрмейтін жері жоқ, байқампаз хабардың оқырмандарды әдеби өмірде болып жатқан маңызды оқиғалармен дер кезінде хабардар етіп, таныстырып, сол арқылы көркемдік процестің елеулі жаңалықтарына үгіттеп отыруда маңызды қызмет атқаратындығы анық. Осы жерде біздің әдеби басылымдарымызда хабар жанрына мән берілмей, берілсе де аз көрініп жүргенін де айта кеткіміз келеді. Әдебиет сүйер қауымның газет-журналдарды оқығанда алдымен іздейтіні әдеби өмірде болып жатқан жаңалықтар екенін естен шығармаған ләзім.

АННОТАЦИЯ

Аннотация – сын жанрларының ішіндегі ең шағын көлемдісі. Шын мәніндегі әдеби сынның бастау алар бұлағы. Алғаш көрінген түрі десе де болғандай. Аннотацияның объектісі – бір ғана шығарма, кітап. Мақсаты – кітаптың не туралы екендігімен таныстыру. Әдеби сынның басқа жанрлары сияқты, алдына көп міндеттер қоймайды; жоғарыда айтылған бір ғана мақсатты шағын көлемде орындау аннотацияның негізгі жанрлық ерекшелігін айқындайтын өлшем болып табылады.

"Қазақ совет энциклопедиясында" (А., I том, 1972, 385-бет) аннотацияға мынадай анықтама берілген:

"Аннотация (лат. annotatie – ескертпе) – кітаптың, мақаланың мазмұнын, саяси-идеялық бағытын, құндылығын түсіндіретін қысқаша сипаттама". Бұл анықтамаға сүйенсек, аннотация дегеніміз – кітап туралы қысқаша сипаттама. Ал, "Қысқаша әдеби энциклопедияда" (М., I том, 1962, 238-бет) "кітап, мақала, қолжазба, шығарма мазмұнының қысқаша мазмұндамасы" деген түрде түсіндірілген. Академик М.Қаратаев бір мақаласында аннотацияны "қысқаша мазмұндама" деп атапты.[389] Профессор Т.Амандосов аннотацияны рецензияның "ең шағын да қысқа түрі" екендігін, ол "шығарманы қысқа, тұжырымды баяндап береді", "кеңірек үгіттеуді көздейді" деп жазады.[390] Т.Кәкішев "аннотация сол шығарманың негізгі мән-маңызын қысқаша түйіндейді"[391] – дейді.

Сырт қарағанда "сипаттама" мен "мазмұндама" сөздерінен келіп-кетер айтарлықтай айырмашылық жоқ сияқты. Дегенмен де ғылымның нақтылықты, дәлдікті қажет ететіндігі тұрғысынан келсек, бұл екі сөздің мағыналары бірдей емес екендігі тағы да анық. "Ескертпе" деген мағынаны білдіретін латынның аннотация түрінде қалыптасқан жанр терминіне қазақ тілінде жоғарыдағы екі сөздің қайсысы сай келетініне мысалдар арқылы көз жеткізейік. Шерхан Мұртазаның "Қызыл жебе" романының үшінші, төртінші кітаптары "Жұлдыз көпір" мен "Қыл көпірдің" бірге басылымына (А., 1991) мынадай аннотация беріліпті:

"Жинаққа "Қызыл жебе" романының үшінші, төртінші кітаптары енгізіліп отыр. Өздеріңізге таныс "Жұлдыз көпір" атты үшінші кітапта Түркістанда орнаған кеңес өкіметінің алғашқы аяқ алысы, ТүрЦИК председателі Тұрардың қиын-қыстау өмір жолы баяндалса, "Қыл көпірде" халқымыздың аяулы перзенті, белгілі қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов Москвада, үлт мәселесі жөніндегі Халық Комиссарлар Советі председателінің орынбасары ретінде танылады. Бұл қаһарлы отызыншы жылдың таяп қалған кезі еді. Сол кездегі жеке басқа табынушылық пен әпербақандық кесірінен қазақ халқының басына үйірілген қара бұлт Тұрардай ел азаматын да жайбарақат қалдыра алмайды. Елі үшін отқа түсіп, азуы алты қарыс арыстандай Сталинге қарсы шығып, шырпыр болған Рысқұловтың жан күйзелісі, шарасыз жай-күйі романда нанымды суреттелген".

Аннотация шұбалаңқылау, "өздеріңізге таныс" деген сияқты кейбір артықтау қолданылған сөздерін есептемегенде, негізінен жанрдың талаптарына жауап береді. Жинақтың не жайлы екендігінен хабардар боламыз. Ұсынылып отырған екі романда Тұрар өмірінің қай кезеңдері, қандай оқиғалар суреттелетіндігі таныстырылған. Автор, кітаптың мазмұны, сапасы қандай екендігі жайлы бір ауыз сөз жоқ. Олар туралы мақсат тұтылмаған. Солай болса тұрса да аннотация кітапқа қысқаша сипаттама беру арқылы өз міндетін толық атқарып шыға алған.

"Дала уалаятының газеті" (А., Ғылым, 1990) кітабының аннотациясы:

"Бұл жинақта Омбы қаласында қазақ және орыс тілдерінде шығып тұрған "Дала уалаятының газетінде" 1895-1898 жылдар арасында жарияланған әдеби нұсқалар сол қалпында беріліп отыр.

Жинақ ғылыми қызметкерлерге, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттеріне, аспиранттарға, сондай-ақ революцияға дейінгі Қазақстанның рухани өмірі қызықтыратын оқырмандарға арналған".

Мұнда кітаптың не жайлы екендігі, кімдерге арналғандығы жайлы ғана айтылған. Кітаптың мазмұны сөз болмайды. Яғни, мазмұндама жоқ, қысқаша сипаттама ғана бар. Бұл мысалда аннотацияның басты жанрлық өлшемдері – қысқаша сипаттама, шағын көлем – толық орындалған. Сонымен бірге кітаптың негізгі оқырмандары да қосымша анықтала кеткен. Бұл аннотацияда кітапқа берілген баға жоқ. Осы айтылғандарға сүйенсек, аннотация нақтылы бір кітаптың шағын сипаттамасы болып шығады екен. Сонымен бірге оған сын жанрларының басқа түрлеріне тән кейбір қасиеттер де жат емес. Олардың ретіне орай орынды қолдана білсе, жанр мүмкіндігін арттыра түседі.

А.Байтұрсыновтың кітабына (А., "Жазушы", 1989) жазылған аннотацияда былай делінген:

"Қазақ әдебиеті мен өнерінің көрнекті қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың бұл шығармалар жинағына бұрын "Маса", "Қырық мысал" кітаптарында жарық көрген өлеңдері мен аудармалары және "Әдебиет танытқыш" деп аталатын зерттеу еңбегі топтастырылды".

Мұнда осы кітаптың ішіне қандай шығармалар кіргендігі ғана хабарланып, сипаты айқындалып тұр. Ахметтің шығармаларына берілген нақтылы баға жоқ. Ол аннотацияның міндетіне жатпайды да. Сонда да болса мұнда автордың көзқарасы байқалмай қоймайды. Кітапты қысқаша сипаттаумен бірге сынның басқа жанрларына тән баға берушілік те қосымша көрініс тапқан. Ол "Қазақ әдебиеті мен өнерінің көрнекті қайраткері Ахмет Байтұрсынов" деген сөз тіркестерінде жатыр. Жекелеген шығармаларға баға берілмегенмен де оның авторы хақында айтылған бір ауыз анықтауыш бүкіл кітаптың да бағасын

аңғартып тұр. Салыстыру үшін Ахметтің 1991 жылы "Жалын" баспасынан "Ақ жол" деген атпен шыққан тағы бір кітабына берілген аннотацияны келтірелік:

"Отызыншы жылдары сталиндік озбырлықтың құрбаны болған ұлы ғалым-лингвист, әдебиет зерттеуші, ақын-аудармашы, публицист Ахмет Байтұрсыновтың ардақты есімі қазіргі қайта құру заманы арқасында анықталып, артына қалдырған асыл мұрасы халыққа қайтып оралды.

Ақаңның бұл жинағына өзінің көзі тірісінде-ақ "революциялық рухтағы алғашқы сөз", "елшілік ұраны" деп бағаланған атақты кітаптары – "Қырық мысал" мен "Маса", әйгілі "Әдебиет танытқыш", сондай-ақ ауыз әдебиеті мұраларын ұдайы жинап, өңдеген тынымсыз ізденісінің бір бөлігі ретінде танылған "23 жоқтау" мен "Ер Сайын" және қазақ жұртын өнер-білім шұғыласына, рухани жетілуге үндеген көсем сөздері (публицистика) еніп отыр".

Бұл – аннотацияның ұлғайған түрі. Оған Ахаңның осының алдында ғана (1989) шыққан кітабына жазылған аннотациямен салыстырғанда көзіміз жетеді. Екі кітапта да бір автордың шығармалары берілген. Айырма – соңғысында "23 жоқтау" мен "Ер Сайын" және публицистикалық мақалаларының қоса берілуі. Бұл ерекшелік аннотацияда дәл көрсетілген. Бір автордың негізгі шығармаларының екі түрлі басылымына берілген екі аннотацияны салыстыра отырып, олардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарға көзіміз түседі. Ұқсастығы – екеуінде де аннотациялық ең басты өлшемі – кітапқа қысқаша сипаттама беру сақталған. Алғашқысы түгелімен, соңғысының екінші абзацы осы қызметті орындап тұр. Басты айырмашылығы – соңғысының көлем жағынан кеңейе түскендігі. Аннотация ұлғая түсіп, екі бөліктен құралған. Екінші бөлігі негізгі міндетті атқарса, оның бас жағына автор туралы қысқаша мағлұматтары бар ұзақ сөйлемді бір абзац қосымша тіркелген. Осында айтылған жәйттерді жеткізу негізінен аннотацияның емес, жазушы портреттерінің негізгі мақсатына жатады. Солай бола тұрса да аннотацияда кітаптың авторын қысқаша таныстыра кетуді жөн санаған. Бұдан аннотация ұтылып тұрған жоқ, керісінше толыға түскен.

Екінші бір айырмашылық – кейінгісінде бағалаушылық сипаттың айқын көрініс табуында. Кітапқа берілген баға "Дала уалаятының газетіне" берілген аннотацияда мүлдем жоқ болса, А. Байтұрсыновтың 1989 жылғы басылымында "көрнекті қайраткер" деген бір ғана тіркеспен шектелсе, соңғы мысалда айтарлықтай сипатқа ие болып тұр. Аннотацияның бірінші жартысы түгелдей кітап авторының шығармашылық қызметін бағалауға арналған. Ақаңның есіміне, шығармашылығына қатысты айтылған "ұлы", "ардақты", "асыл мұра" секілді эпитеттерден-ақ кітап авторына берілген зор бағаны байқаймыз. Сондай-ақ, Байтұрсыновтың еңбектері жайлы әр кезде айтылған "революциялық рухтағы алғашқы сөз", "елшілік ұраны" сияқты пікірлерді ұтымды қолдана білу арқылы да кітаптың мәртебесі артып тұр. "Қырық мысал" мен "Мысал" "атақты кітаптар", "Әдебиет танытқышты" "әйгілі", "қазақ жұртын өнер-білім шұғыласына, рухани жетілуге үндеген көсемсөздері" деген сияқты сөз тіркестерден бағалаушылық сипат айқын көрініп тұр.

Аннотацияның басты қызметі кітапқа қысқаша сипаттама беру десек те, тәжірибеде мұнан да басқа міндеттерді қоса атқара беретіндігі де бар. Әсіресе, рецензия, жазушы портреті жанрларына тән сипаттар жиі көрініс табады. Егер аннотацияны белгілі бір бағытта кеңейте түссе, оның басқа жанрларға айналып кетуі оңай. Жоғарыда келтірілген соңғы мысалдың бірінші бөлігін кеңірек қамтып жазса, жазушы портретіне ыңғай беріп тұр. Ал, екінші бөлімін таратып, аталған шығармаларды талдаңқыраса, рецензияға айнала салуы қиын емес. Демек, аннотацияның да нақтылы шекарасын анықтап, осымен болдеуге келе бермейді екен. Олда сынның басқа жанрлары-мен қатар қоңсы қонып, аралас-құралас қызмет атқарғанда ғана алдына қойған міндетін атқара алатындығына көзіміз жетеді.

Аннотацияның мұндай қасиеттері, бір жағынан, оның мүмкіндіктерінің мол екендігін байқатса, екінші жағынан, кемшілігі болып та көрінеді. Осындай олқылықтың бірі – кітаптың авторын насихаттауға көбірек орын беріліп кететіндігі. Мысалы, "Қазақтың қилы тарихы" (А., 1991) атты романға берілген аннотация-дағы "Қойшығара Салғарауұлы – халқымыздың көне тарихы жөнінде жүйелі жазып келе жатқан жазушы" деген сөйлем артық. Өйткені, автормен таныстыру аннотацияның міндеті емес. Екіншіден, осыдан кейін жалғасатын "

Оқырманға ұсынылып отырған "Қазақтың қилы тарихы" атты бұл роман-эссесі оның бұдан бұрын жарық көрген "Алтын тамыр", "Көмбе" роман-эсселерінің тақырыптық жағынан да, уақыт мерзімі тұрғысынан да үндесіп, жалғасып жатыр" деген сөйлемнің өзінен-ақ ондағы ой айтылып тұрған жоқ па? Сонда бірінші сөйлем авторды кітаппен бірге оқырманға таныстырып үгіттейді дегенмен де оншалықты ұтымды болмай, тіпті басы артық болып тұр десе де болғандай.

"Ғылым" баспасынан 1971 жылы жарық көрген "Жанр сипаты" атты ғылыми жинаққа берілген аннотацияға назар аударарлық, ұзақ та болса, текстің түгел келтіруге тура келеді:

"Қазіргі қазақ әдебиеті – көп жанрлы мол тыныстысәдебиет.

Сіздерге ұсынылып отырған бұл кітап – қазақ әдебиетіндегі жанр проблемасының қазіргі жайын жақты сөз ететін жинақ.

Жинақта қазақ әдебиетінің қабырғалы үш жанрының (поэзия, проза, драматургия) қалыптасуы, дамуы жайлы сөз болумен қатар, қазақ романдары мен оның сюжеті, тілі, композициясы жайлы ойлар да ортаға салынған.

Кітап қазақ совет әдебиетінің қазіргі жайын білгісі келген көпшілік оқушылар мен студенттерге, ғылыми қызметкерлер мен жоғары оқу орындарының оқушыларына, әдебиетшілер мен сыншылар қауымына арналған.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қазақ совет әдебиеті бөлімі алдағы уақытта да туған әдебиетіміздің түбегейлі мәселелерін тереңнен толғайтын осындай ғылыми зерттеулер шығарып тұратын болады".

Академиялық ғылыми жинаққа ұсынылған бұл сипаттама көлемі, құрылымы,

мазмұны жақтарынан мақалаға көбірек ұқсайды. Бес сөйлемі бес абзацқа бөлінген аннотацияның алғашқы сөйлемі осы тақырыптың зәрулігін көтеріп, проблемалық сипат таныпып тұр. Одан кейінгі екі сөйлемде кітапқа қысқаша сипаттама, онда да жалпылама түрде берілген. 3-ші сөйлемдегі "Қазақ совет әдебиетінің қабырғалы үш жанры" деп, оған поэзия, проза, драматургияның аталуын немен түсіндіруге болады. Бұл жерде әдебиеттің түрі (проза, поэзия, драматургия) мен жанры (роман, повесть, т.б.) шатастырылған. Төртіншісінде кітаптың кімдерге арналғандығын айқындайды. Соңғы сөйлемде жинақты ұсынып отырған бөлімнің алдағы ғылыми жоспарымен хабардар етіледі. Аннотацияға бұлайша анатомиялық талдаулар жасап отырған себебіміз, жанрдың ішкі құрылысына да көз жеткізу. Сонда осылайша құрылым дұрыс па? Әрине, сипаттамадағы бес сөйлемнің екеуінің ғана осы кітапқа арналуының, онда да жалпылама сипаттама берілуінің ұтып тұрғаны шамалы. Соңғы сөйлемнің бұл жерге қажеті де шамалы еді. Тек аннотацияның көлемін ұлғайтып, жүгін ауырлатып тұр. Кітаптың кімдерге арналғанын баяндайтын төртінші сөйлемді соншама санамаламай-ақ, бір-екі ауыз сөзбен ғана жеткізуге болатын секілді. Сонда аннотациямыз "айналасы жұп-жұмыр" шығып, оқырманның көз жүгіртіп, жылдам пайдалануына әбден қолайлы болған болар еді.

Аннотацияның дәл осылай ұлғайған түрі мерзімді баспасөз бетінде де көрінуі мүмкін. Мұндай жағдайда кітапқа берілген газет-журнал бетіндегі аннотацияларға қойылар талаптың бірдей емес, өзіндік ерекшеліктері барын есте сақтау керек. Баспасөз көбіне қалың оқырманға арналады да онда жарияланған аннотацияларда кітапқа қысқаша сипаттама берілумен бірге үгітшілік те, насихатшылық та сипаты басымдау келеді. Сондықтан да біз жоғарыда кітап аннотациясының олқылығы ретінде көрсеткен кейбір жайттер баспасөз сипаттамасы үшін кемшілік емес, тіпті қажетті де болуы мүмкін. Бұл ретте "Ана тілі" газетінде беріліп жүрген аннотацияларды тілге тиек етуге болады. Газет әр номер сайын ұлттық тіл, әдебиет, мәдениет, тарих жайлы шыққан жаңа кітаптармен таныстырып отыруды дәстүрге айналдырған. Жаңа кітапты насихаттаудың өзіндік формасын да сәтті таба білген. Кітаптың суретімен қатар берілген қысқаша сипаттаманы кімнің болса да қиналмай-ақ оқып шыға алатындығы анық. Газеттің басқарма алқасының атынан жарияланған "Қалың тарихтың тағы бір беті" (24.VII. 1992), "Батамен ер көгерер" (18. 11. 1993), "Көпеев жеткізген көл-көсір мұра" (4.III. 1993) сияқты аннотацияларда Қ.Салғарұлының "Қазақтың қиын тарихы", С.Негімов пен Т.Қазиұлы құрастырған "Ақ бата", С.Дәуітов бастырған "Мәшһүр Жүсіп Көпеев" (2-том) сияқты кітаптар қысқа да нұсқа сипатталған. Осылардағы бір қарағанда артықтау болып көрінетін кітаптың көлемі, таралымы, бағасы туралы мағлұматтар белгілі бір үгіттеушілік, хабарлаушылық қызметтер атқарып, сипаттаманың жанрлық салмағын толықтырып тұр.

Кейбір аннотацияларда кітапқа сипаттама беру өте қысқа қайрылады. М.Әуезовтің 1927 жылы шыққан "Әдебиет тарихы" кітабының толық қайта

басылымына (1991) берілген сипаттамада "Еңбекте халық ауыз әдебиеті, оның жанрлық түрлері талданады. Ғашықтық жанрлар, батырлар жыры, ертегілер, ауыз әдебиетінің поэзиялық үлгілері жайлы сөз болады" деген екі сөйлем ғана кітаптың не туралы екендігінен хабар беріп тұр. Бірақ, нақ осы сөйлемдерді ауыз әдебиеті жайлы жазылған кез келген оқулыққа сипаттама ретінде ұсынуға да болады. Демек, аннотация жалпылама, стандарт болып шыққан. Еңбектің өзіндік ерекшеліктері көрінбеген. Есесіне осы аннотацияда кітаптың 1927 жылы жарық көргендігі, бірақ кезінде теріс бағаланып, оқырман қолына тимегендігі, осы басылымда толық күйінде ұсынылып отырғандығы ұзақ ескертілген. Қысқаша өмір тарихы қажет шығар, бірақ аннотация үшін басты міндет – кітаптың не жайлы екендігімен таныстыру – әрдайым есте болғаны жөн.

Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдық толық жинағына (А., 1977) мынадай аннотация берілігті:

"Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаев шығармаларының екі томдығын баспаға дайындау үстінде бұрынғы басылымдарындағы жетістіктер мен кемістіктер түгелдей ескеріле отырып, текстологиялық тексерулер жүргізілді, түсіндірме сөздер толықтырылып, түзетілді. Сондай-ақ, Абай шығармаларының текстологиясы жөнінде бұрын-соңды айтылып келмеген орынды пікір мен ұтымды ұсыныстар қабылданды".

Осы текст екі кітапта да қайталанып берілген. Біздіңше, бұл аннотация емес. Абай шығармаларының текстологиясы жайлы жазылған ғылыми мақаланың басы, немесе резюмесі сияқты. Әйтпесе, кітапты оқығанда есте ұстар ескертпе іспеттес. Жинақ – академиялық басылым. Абайдың шығармашылығы, жайлы алғы сөз ретінде көлемді мақала берілген. Құрастырушылар аннотацияда жоқ нәрселер алғы сөзде айтылған, оны қайталаудың қажеті қанша дегенді мақұл көрген сияқты. Қалай дегенмен де Абай өлеңдерінің толық жинағы көп таралыммен көпшілік оқырмандарға арналған басылым екендігін, оқырманның кітап таңдар кезде алдымен, оның аннотациясына қарайтындығын, алғы сөзді оқып жатуға уақытының, мүмкіндігінің бола бермейтіндігін ескерер болсақ, кітапқа қысқаша сипаттаманы қоса ұсынғанда ұтымды шыққан болар еді. Тым болмағанда, әр томға қандай шығармалар енгенін, оларға қысқаша түсіндірме беруге болатын еді.

Аннотация басылып шыққан бір кітаптың алғашқы бетіне басылады да оның төлқұжаты (паспорты) сияқты қызмет атқарады. Әрбір адамның төлқұжатында ол туралы негізгі мәліметтер жазылатын болса, әр кітаптың аннотациясынан да осы секілді мағлұматтарды алуға тиіспіз. Ең басты – "кітап не жайлы, бізге қажет пе, қажетсіз бе?" деген сауалдарға жауап іздейміз. Осы орайдан көрінген аннотация мақсат үдесінен шыққан, ал көрінбесе, өз міндетін орындай алмаған. Сондықтан да әрбір кітапқа берілер аннотацияның ойдағыдай жазылуы әрдайым назарда болғаны жөн.

Осылай десек те, тіпті, аннотациясыз шыққан кейбір кітаптар да кездеседі. Мысалы, Майлықожа ақынның "Нақыл" (1972), Ш.Мұртазаның "Қызыл жебе"

(1980) кітаптары ешбір сипаттамасыз шығыпты. Майлықожаның кітабына екі беттік алғысөз берілгті. Жоғарыда айтып өткеніміздей, алғысөз аннотацияның орнын толтыра алмайды. Өйткені, екеуінің алдына қояр мақсаты екі бөлек. Ал, Ш.Мұртазаның кітабына алғысөз де, соңғы сөз де жоқ. Танымал жазушының өзі де, шығармалары да оқырмандарға кеңінен таныс болғандықтан да қысқаша қосымшаны ұсынып жату артық көрінген болуы мүмкін. Бірақ, жаңа кітапты көбіне бұрын оқығандар емес, енді оқимын дейтіндердің алатындығын ескерсек, ондай қажеттіліктің туатындығы анық.

Сынның басқа жанрлары негізінен баспасөз беттерінде өмір сүрсе, аннотация көбіне өзі таныстырып отырған кітаппен бірге жүреді. Оның кейбір жанрлық ерекшеліктері де осы жағдайына байланысты болса керек. Аннотация, бір жағынан, жаңа шыққан кітаптың қалың оқырмандарға қарай бірге жүрген жолбастаушысы болса, екінші жағынан, оның таныстырушысы, үгітшісі де. "Кемедегінің жаны бір" дегендей, аннотация мен кітап оқырман жүрегіне бірге жол тартады. Оқырманға қарай алдымен аннотация жол ашады, содан кейін барып жаңа кітап иесінің қолына тиеді. Көп оқырман кітап алу, оқу үшін алдымен оның не туралы екендігін білу мақсатымен аннотациямен танысады. Жаңа шығарма жайлы дәл де әсерлі жазылған қысқаша сипаттама оқушы көңілінен шықса, ол кітапты сатып алады. Демек, аннотация мақсатына жетті деген сөз. Алнашар кітапты қаншама сипаттасаң да өтпейтіні тағы бар. Біздің айтпағымыз – жақсы кітапты жақсылап таныстыру да өнер екендігі. Аннотация да көтерер жүгі аз, қысқа жанр болғанымен де нұсқалықты, шеберлікті қажет етеді. Әсерлі сөзбен жазылған аннотацияның бәрі ойдағыдай болмай, оқырман кітап туралы білгісі келетін басты жауапты ала алмауы мүмкін. Сондықтан да аннотацияда сөздің қысқалығы, дәлдігі, ойдың нақтылығы әсерлі түрде шебер өрнек таба білуі тиіс. Кейде жалпылама сөзге беріліп, негізгі мәселенің ұмыт қалып қоятындығы да кездеседі. Мысалы, М.Шахановтың "Махаббатты қорғау" (А., 1982) жинағына жазылған аннотация екі сөйлемнен тұрады:

"Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты Мұхтар Шахановтың бұл кітапқа енген жырларының көпшілігі – бұрыннан оқырман бағасын алған туындылар. Ақын қиялы тарих қойнауына, адамдар жан-дүниесіне терең бойлауға құштар".

Тура осы аннотация ақын жинағының сипатын ашып тұрған жоқ. Кітап авторының атын өзгертіп, кез келген ақынның жинағына тіркей салуға болатын стандарт болып шыққан. Аннотациядан алатын бар хабарымыз – жинаққа енген шығармалардың көпшілігі бұрыннан оқырмандарға таныс. Сондықтан да кітапқа сипаттама берілмеген сияқты. Біздіңше, кез-келген кітапқа аннотация берілуі қажет. Оқырман ол кітапта не бар, не жоқ деген хабарды қысқаша сипаттамадан алуы керек. Аннотацияның негізгі міндеті де осы. Әйтпесе, оқырман кітаптың не жайлы екенін біле алмай, оны парақтап ішкі мазмұнына үңіліп, біраз әуре-сарсаңға түседі. Сондықтан да аннотацияда жалпылама әдемі сөздерден гөрі, нақтылық, қысқалық ұтымды екенін есте ұстаған жөн.

Аннотацияның негізгі екі өмір сүру арнасы бар. Біз негізінен әдеби шығармаларға қысқаша сипаттама түрінде жаңа кітаптарға берілген аннотацияларға тоқталдық. Сонымен бірге бұл жанр баспасөз бетінде де еркін өмір сүре алады. Әсіресе, әдеби газет-журналдар бетінде аннотациялар тұрақты орын алып, жаңа шығып жатқан кітаптармен оқырмандарын ұдайы таныстырып отыруы қажет. Өкінішке орай, ұлттық баспасөзіміз мұндай міндеттің үдесінен шыға алмай келеді. Анда-санда бір жылт еткені болмаса, аннотацияларды мерзімді басылымдар бетінен сирек кездестіреміз. Әйтеуір, жоқ емес. "Жалын" (1991, N5) журналы "Кітап сөресінде" деген ортақ айдармен, Ә.Файзуллаевтың алты аннотациясын бірден берді. Д.Бабатайұлының "Замана сазы", Х.Моденің "Оңтүстік және оңтүстік шығыс Азия өнері", Ә.Бөпежановаңың "Өрнектер", Ж.Сахиевтің "Шеңбердің түйісуі", Қ.Мұсахметовтің "Қызыл қаздар әні", Т.Кенесбаевтың "Француз әтірінің иісі" кітаптарына берілген қысқа аннотациялар олардың сыртқы суретімен қоса орын алып, негізінен таныстырушылық, үгітшілік қызмет атқарып тұр. Ең бастысы оқырман бұл еңбектердің не жайлы екендігі туралы қажетті мағлұматтарды ала алады. Сонымен бірге кітап туралы негізгі мәліметтерді бергенде қай жылы шыққандығын да көрсете кеткені жөн еді. "Егемен Қазақстан" (18.01.1994) да аннотациялар топтамасын ұсыныпты. Газет үш кітапқа жазылған сипаттаманы қатар берген. Мұнда Б.Омаровтың "Мұрат Мөңкеұлы", В.Михайловтың "Ұлы жұттың жазбалары", Г.Шәмшиеваның "Қаракөз дәурен" кітаптары аннотацияланған. "Кітап – көңіл ажары" деген ортақ тақырыппен берілген аннотациялар белгілі стандартқа, жаттандылыққа ұрынбай, әрқайсысы өз объектілері жайлы негізгі мағлұматтарды оқырманға ұсынып тұр. Редакцияның бұл талпынысы әбден құптарлық. Көп басылымдарымыз көбіне жаңа кітаптардың библиографиялық тізімін, шыққанын хабарлаумен ғана шектеліп жүр. Ал, орыстың әдеби басылымдарында аннотациялар қажетіне қарай пайдаланылып келеді деуге болады. Аннотацияларды жеке де, топтама түрінде де, жаппай да, іштей жіктеп те беріп жүрген орыс газет-журналдарының тәжірибесі назар аударарлық. Мысалы, "Книжное обозрение" (1993, 26.II) апталығы "Дайын таралымдар" (Готовые тиражи) атты айдармен (мүмкін, ортақ тақырып) баспадан жаңа жарық көрген жиырма кітапқа қысқаша сипаттаманы бір бетке топтап берген. Әр кітаптың авторының қысқа таныстырып, шығарманы аннотациялаған. Қанша бет, қанша тиражбен түрадағы тіпті бағасы қандай екендігі жөнінде берілген мағлұматтар оқырманға қызмет етіп тұр. Осындай материалдар қазақтың әдеби баспасөзінде жиі жарияланып жанрдың негізгі де жиі көрініп тұрса, пайдадан басқа зияны болмаған тақырыбы болады.

Сонымен, аннотацияны орынды пайдалана білуіздап тұрғаны керек. Ал, бірге мүмкіндіктері де бар, ыңғайлы шағын жарияланған рецензиялардың Тиімді қолданылса, әдебиетке тигізер қ ортақ тақырыппен (айдармен), шығып, өмірге жол тартып жатқан. Сұлтанмахмұттың пікірі де "жаңа таныстырып, үгіттеуде аса пайдалемі жағынан аннотация дерлік. Бірақ, өзіндік орны бар қалыптасқан себебі мұнда кітапқа пікір білдірушілік,

РЕЦЕНЗИЯ

Рецензия – сын жанрларының ішінде ең көп қолданылатын, өрісі кең жанр. Бұрын "рецензия" сөзі сынның синонимі ретінде ұғынылған кездері де болған. Оның да өзіндік себебі бар сияқты. Әдеби сын тарихы даму барысында сыншылдық бастауын осы рецензиядан алғандай. Сынның басты мұраты жаңа шығармаға пікір білдіру болса, ол алғаш рет рецензия жанрында толық көрінді. Аннотацияда хабарлаушылық, үгітшілдік сипаты басым болып, бағалаушылық там-тұмдап қана белгі берсе, даму барысында бұл жанр рецензияға ұласып, баға беру оның басты қасиеттерінің біріне айналды. Аннотацияның рецензияға жалғасуы жайлы Т.Кәкішев "Октябрь революциясына дейін шыққан өлең жинақтары мен белгілі бір авторлардың шығармаларына назар аударғанда сын элементі бар дәйектеме материалдарға тап боламыз. Оқушы көпшілікке өлеңнің недей мәні бар, қай уақытта, қандай себеппен жазылғаны, уақиғаның тарихи негі, шындықтан алынған, алынбағанын айту, өлеңді шығарушы автор өзінің кім екенін аңғартуы, жинаққа алғы, не соңғы сөз жазу сияқты материалдардың бәрін жинақтай айтқанда дәйектеме-сын деп атаған жөн,... оны аннотация мен рецензия аралығындағы құбылыс екендігін ескеріп, дәйектеме-сын атау орынды"[392] – деп жазады. Бұлайтылғандардан рецензияның ұзақ қалыптасу жолдарын басынан өткергендігі, алғашындағы жәй жарнамалық, мазмұндамалық, сипаттамалық сатылардан кейін барып талдаушылық-бағалаушылық қасиеттерді бойына сіңіріп, қалыптасқандығы көрінеді. Өз кезегінде рецензия сынның басқа жанрларының пайда болуына негізгі өзек болған секілді.

Рецензия – латын сөзі. Қазақша тексеру, қарастыру, бағалау, пікір білдіру дегенді білдіреді. Сонда рецензия дегеніміз – әдеби шығарманы сыни тұрғыдан талдап қарастырып бағалайтын, пікір білдіретін әдеби сынның жанры.[393] Сын жанрларының ішінде аннотация жақынырақ екендігі айқын көрінеді.

Рецензияның сынның басқа жанрларымен, оның ішінде аннотациямен ұқсастығы, айырмашылығы қандай? Алдымен, зерттеу объектісі жайлы. Рецензияда бір кітап, немесе шығарма әңгіме арқауы болады. Рецензияда бір-екі кітап қарастырылады деген де пікір бар.[394] Мұндағы қос сөздің алғашқы жарымына келісуге болар, бірақ екіншісіне қосылуға келмейді. Рецензияның зерттеу объектісі нақтылы бір кітап, не шығарма болатындығын сынның тәжірибесі көрсетіп жүр. Сол себепті де рецензия көлемі жағынан ықшам жанрларға жатады. Шағын көлемде бір шығармада көрініс тапқан көркемдік әлем жайлы толық пікір білдіру екінің бірінің қолынан келе бермейді. Сондықтан да кейбір көлемі кеңірек жазылған рецензиялар да кездесіп қалады. Рецензияның көлем жағынан ұлғаюы оның жанрлық сипатына сай келіп, осылайша болуын ақтап тұруы да, немесе олпы-солпылыққа соқтыруы да мүмкін, қалай десек те, сынның тарихында көлемі монография дерлік рецензия да болыпты; 1876 жылы орыстың Н.Тихонравов деген әдебиетшісі А.Галаховтың орыс әдебиетінің тарихына арналған үш томдық еңбегіне 126 беттік рецензия жазыпты.[395] Сонымен, рецензия көлемі жағынан аннотациядан қомақты, мақаладан шағындау екен. Мұндай қасиеттері оны аннотациямен жақындастырып тұр. Сондай-ақ, хабарлаушылық, ұсынушылық қызметтері де – осы жанрмен туыстығының айғағы. Рецензияның аннотациядан енші алып, бөлініп шығатын жері – бағалаушылық қызметі. Рецензияның, одан қалды бүкіл әдеби сынның басты қасиеті – жаңа әдеби туындыларды талдап, баға беретіндігінде. Рецензияның бүкіл әдеби сынның синонимі, пікір білдірудің орталық жанры ретінде көрініп жүргендігі оның осындай қасиеттеріне тікелей байланысты.

Рецензияны аннотациядан бастау алып, оның жетілген, күрделіленген, жаңаша сыни сипаттарға ие болған ұлғайған түрі деп қарауға болады. Алғашқы қазақ рецензияларында аннотациялық қасиеттермен бірге біртіндеп бағалаушылық сипаттар да көріне бастайды. Жанрдың даму, қалыптасу жолын С.Торайғыровтың Міржақып Дулатовтың "Азамат" өлеңдер жинағына жазған рецензиясынан анық байқауға болады.

"ЖАҢА КІТАП"

"Азамат" – Міржақып Дулатов жазған өлең кітабы. Баспасы таза, бұрынғы жазғандарына қарағанда бөтен тілден аршыңқы, мағынасы тереңірек. Әсіресе, қышуға тиетін жері "Иә, алла", "Қайтер едің", "газета, журнал" деп бастағандары. Қапа жамылып, қайғы жұтып тұрған кезде жазған ғой. Кейбір уәзіндері бірден бір қысқа, ойнақы емес, оқушының арбасы сөзбен жүргендей ауырланып шығарлық.

"Алдыңғы туғандарды "көш жүре түзелер, жоқтан бар жақсы, біздің неміз жетісіп тұр" деп, жүген, құрық тигізбедік. Мұнан былайғылардың мінін қолға алып, үлгіні осы бастан түзете беру керек. Қанша дегенмен, жаманның барынан жоғы жақсы дейтін мезгіл болыңқырады ғой. Бұл турадағы білгенімді өз алдына жазармын".

"Айқапта" (1913, N17) жарияланған бұл рецензияда жанрдың негізгі белгілері көрініс берген. Әдетте, рецензияның өз тақырыбы болады. Тақырыптан негізгі айтар ой-пікір мазмұны аңдыздап тұрғаны керек. Ал, төңкеріске дейінгі қазақ басылымдарында жарияланған рецензиялардың ерекшелігі – олар көбіне "Жаңа кітап" деген ортақ тақырыппен (айдармен), немесе кітаптың атымен беріліп отырған. Сұлтанмахмұттың пікірі де "жаңа кітап" аталынған. Бұл рецензия көлемі жағынан аннотация дерлік. Бірақ, аннотация болмай тұрған себебі мұнда кітапқа пікір білдірушілік,

бағалаушылық сипат бар. Ол алғашқы сөйлемдегі "өнегелі өлең кітабы", содан кейінгі "бөтен тілден аршыңқы, мағынасы тереңірек" деген тіркестерден, "қышуға тиетін жері" деп үш өленді атауынан көрінеді. "Қапа жамылып, қайғы жұтып, тұрған кезде жазған ғой" деген терең ой мен сезімге толы жолдардан Сұлтанмахмұттың осы кітап авторы туралы көзқарастары анық байқалады.

Рецензияда жинақтың кемшілігін "Кейбір уәзіндері бірінен бірі қысқа, ойнақы емес, оқушының арбасы сөзбен жүргендей ауырланып шығарлық" деген бір сөйлеммен айтқан. Автор оларды нақтылап көрсетуінің себебін "Алдыңғы туғандарды көш жүре түзелер, жоқтан да бар жақсы, біздің неміз жетісіп тұр деп жүген, құрық тигізбедік" деп түсіндіреді. Рецензияда автор ойын әсерлі жеткізе білген; "оқушының арбасы сөзбен жүргендей", "жүген, құрық тигізбедік" деген сияқты бейнелі тіркестер оқырмандар жүрегіне жылы тиіп жатыр...

Баспасөз бетінде көрінген алғашқы рецензиялардың публицистикалық сипаты басым болғандығы байқалады. Олардың негізгі мақсаты жаңа шыққан кітапты жақсы болса, үгіттеу, насихаттау, нашар болса, оқырмандарды сақтандыру болғандай. Демек, ұсынушылық, үгітшілік, насихатшылық қызметі басым болды да, шығарманы талдаушылық, бағалаушылық сияқты қасиеттері біртіндеп қалыптаса бастады. Кейіннен баспасөздің дамуына орай арнаулы әдеби газетердің, журналдардың шыға бастауына байланысты рецензияның көркем шығарманы талдау, бағалау сияқты негізгі қасиеттері қалыптасып, оның басты жанрлық ерекшелігіне айналды. Көпшілікке арналған басылымдар бетіндегі рецензияларда көбіне үгітшілік, насихатшылық міндет басым болса, арнаулы әдеби, ғылыми журналдарда ғылыми талдауларға негізделген теориялық-эстетикалық рецензиялар тұрақты орын алады.

Әдеби процесс – аса күрделі құбылыс. Жыл сайын ондаған, жүздеген жаңа кітаптар шығып, әдеби өмірдің есігін қағады. Оларды жаңа шыққан кітаптардың библиографиялық тізімдерінен, аннотациялардан оқып біле-міз. Бұл кезде жаңа шығарма әлі әдеби айналымға түскен жоқ; соның алдындағы дайындық жұмыстары ғана жүргізілді. Әдеби сын библиография, аннотация арқылы жаңа шыққан барлық туындыларды бақылап, електен өткізіп отырды десек, қаталаса қоймаспыз. Жаңа кітаптар библиографиялық тізімде түгел қамтылса, аннотацияда аздап іріктеле бастайды. Іріктелу, сұрыпталу процесі рецензия арқылы күшейе түседі. Әдетте, рецензия кез-келген шығармаға жазыла бермейді. Қоғамдық, әдеби мәні бар, әдебиетке қосар өзіндік жаңалығы, үні бар елеулі, немесе нашар шығармалар ғана рецензия объектісі бола алады.

Рецензия – әдеби сынның ішіндегі ең шапшаң қимылдайтын жеңілде өткір жанры. Сондықтан да жазушы В.Г.Короленко оны "сынның жеңіл кавалериясы"[396] ("легкая критическая кавалерия") деп атапты. Көркемдік процесін жіті қадағалап отырған сын әдеби өмірдегі жылт еткен жаңалықты, жаңа кітаптың несімен елеулі екендігін осы рецензия арқылы дер кезінде танып-біліп, сол сәтінде қалың оқырманға хабарлап отырады. Әдебиеттің есігін қағып жатқан сандаған шығармалардың лайықтыларын ғана саралап, ішке кіргізеді. Өзіне тиесілі орнын анықтау үшін пікір айтып, әдеби айналымға қосады. Сапасы төмен көп туындылар әдебиетке "кіре алмай" сыртта қалады. Олар да жайдан жай қарап қала салмайды. Кейбіреуі "ішке ену" үшін барын салады. Осындай аса "қауіптілеріне" қарсы күрес ашу да – рецензияның міндеті. Кейде түрлі факторлардың әсерінен рецензияның сапасыздық алдында соңына дейін қарсы тұра алмай, "майысатын", сөйтіп сез өнерінің ақ отауына әдебиеттің "шапанын жамылып" өтіп кететіндер де болады. Мұндай кездерде рецензияға оның артында тұрған ауыр салмақты жанрлар" көмекке келіп, ертелі-кеш жіберілген кемшілікті түзетіп жатады.

Әдеби сынның өміршеңдігі қаптап шығып жатқан кітаптардың ішіндегі жақсысы қайсы, жасығы қайсы деген қиын сауалдарға жауап беріп, оқырман көпшіліктің әдебиет мұхитында адаспай жүруіне жол сілтей алуына байланысты. Яғни, жақсының жақсылығын айтып насихаттайды, жаманның несімен жамандығын көрсетіп, сақтандырады. Әдетте, рецензияның көпшілігі сәтті делінген туындыларға арналады да, сапасыздыққа қарсы күрес жағы әлсіздеу соғып отырған. Әсіресе, бүгінгі күн сынында әдебиеттегі кемшілік атаулыға қарсы күрес жағы сын көтермейді. Солай бола тұрса да әдеби сынымыздың тарихында сыншылардың әдеби сауатсыздыққа қарсы қажырлы қайрат көрсете білген үлгілерін көптеп көреміз. Қазақ баспасөзінің сарғайған беттеріндегі сыни материалдарға көз салсақ, оның ұдайы осы міндеттің үдесінен шығып, осы қағиданы басшылыққа алып отырғандығы байқалады.

"Дала уалаятының газетінде" (1894, N40) жарияланған "Бір жаңа кітап турасында" атты рецензияда Неклюдовтың кітабы барынша сыналады. Авторы жазушы Асылқожа Құрманбаев мәселені төтесінен қояды: "Дала уалаятының" қазақша газетін алып тұрған оқушы адамдарды күн бұрын сақтандырып жазамыз. Осы Неклюдов деген адамның переуат кітабын сатып алып, ақшаларыңды шығарып, уақыттарыңды өткізіп, бейнеттеніп оқып әуре болмай-ақ қойыңыздар". Өндірістік ақауға қарағанда әдебиетте жіберілген идеялық, эстетикалық ақаулардың анағұрлым зиянды екендігін еске алатын болсақ, сыншының қатты, кесіп айтып тұрған себебін түсінгендей боламыз. Өз ойларын дәлелдеу үшін автор нақтылы мысалдарды көбірек келтіреді. Кітаптың ақсап жатқан негізгі жері – оның авторының қазақтың тілін жақсы білмейтіндігі. Рецензент өз ойын ашық айтады. Ол кітаптың ешқандай пайдасы жоқ. Мақала "жол, өнеге көрсетпек түгіл, бұл кітап һәм өзге ешбір адамға да жарамды емес" деген тұжырыммен аяқталады. Бұл рецензияның публицистикалық сипат алып, үгітшілік қызметінің алдыңғы орынға шыққандығы көрінеді.

Әдебиеттегі келеңсіздікке қарсы күрестің үлгісіне М.Дулатовтың "Маңап"

драмасы атты рецензиясы да жатады. Алматы уезінің бастығы Лихановтың "Манап" драмасын "Айқап" журналы орыс тілінен қазақшаға аударып, бірнеше нөмірінде жариялайды. Міржақып қазақ өмірінен орысша жазылған осы шығарманың мазмұнын да, тәржімесін де түкке алғысыз етеді. Осындай шығарманы басып отырған "Айқап" басқармасы да адасқан деп білемін" деп журналды айыптайды:

"Журналдың мақсаты қазақ әдебиетін байыту, гүлдендіру болса, сонымен қазақ тілін түзетіп" сақтау болса, "Манап" драмасы үлгілі қазақ әдебиеті қатарына қосылардық емес, екінші – тәржімасына қарағанда тілі де айқын қазақша емес".[397]

Драмаға қойылған басты кінә – автордың қазақ өмірін білмеуі. Автор "Шығаруы қазақ жайынан хабарсыз адам болып, тек не түрлі жамандық, надандық, зорлық, зомбылықтың бәрі қазақта деп түсінуіменғана "Манапты" жазғанға ұқсайды" деп, ашына сөйлейді. Осы негізгі тезисті дәлелдеу үшін шығарманың мазмұнымен қысқаша ғана таныстыра кетеді де нақтылы кемшіліктерді көзге шұқығандай етіп санамалап көрсетеді. "Қай қазақ өлерінде күнәсін сатады, оны кім саудаласып алады?", "Қазақ ғадетінде хал үстінде жатқан аурудың көңілін сұраушылар өлең айтып, домбыра тартушы ма еді?", "Қазақ заңында қыздан мұндай орында сүйіншіні жеңгесі сұрамаса, әкесі сұрамаушы еді", "Қазақта баласының, иә немересінің қатынын, иә қалыңдығын алу бар ма еді?" – деген сияқты сөйлемдерден сыншы логикасының бұлтартпас қабілеті туындының тас-талқанын шығарып тұр. Мұндай тұтас бір халықты жабайы етіп көрсеткен, ұлттық намысын қорлаған шығарманы баспасөз бетінде жариялағанына үзілді-кесілді қарсылық білдіреді. "Мұны халыққа үлгі қылып көрсетудің орнына қазақта болмайтын ұятты, ерсі істерді бізге жапсырғаны үшін намыстанатын жөніміз бар емес пе?" – деген жолдардан М.Дулатовтың ұлтжанды, халық намысын жыртып, алыса білетін күрескерлік тұлғасы анық көрінеді. Мазмұны шалағай шығарманың тәржімасын да түкке алғысыз етіп тастайды.

Осы рецензияға құрылымдық жағынан келсек, жанрдың негізгі шарттары сақталынған. Көп рецензияларға тән кіріспедегі көп сөзділік жоқ. Автор мәселені тәтесінен бастайды да соңына дейін тек осы шығарма жайынан сөз болады. Көпсөзділік, әдемі тіркестер, жанама әңгімелер, шегіністер рецензияда атымен жоқ. Мәселені нақтылай қойып, дәл де уытты тілмен публицистикалық стильде жазылған мақала да өз дегеніне жетіп тұр. Ең бастысы – "Манап" драмасының идеялық мазмұнының теріс екендігі, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін білмей жазылғандығы. Жай адамның әдетте байқай бермейтін өмір құбылыстары детальдарының драмада көркемдік көрініс таба алмағандығын жіті байқап, сыншылық саралаудан өткізудің барысында шығарманы тұтастай сәтсіз туынды деп бағалап, теріске шығарады.

Рецензияда үгітшіліктен гөрі насихатшылық қызмет басым. Насихатшылық жаңа кітапты, әйтеуір, жақсы деп мақтай беруден емес, оны ғылым, әдеби тұрғыдан талдап, пайдалы, не зиянды екендігіне оқырман көзін жеткізуде жатыр. Ол үшін әдеби шығарманы дұрыс талдап, соған орай баға беру керек. Сыншы дарынының барынша көрінетін жері де осы. Жан-жақты білімдарлықты да, шынайы шеберлікті де керек ететін тұс та осы маң. Мұндай міндеттерді қарапайым да шебер орындап, рецензия жазуды шеберлік мектебіне айналдырған, сирек дарынмен жарқырай көрінген сыншылар аз емес. Басқаларын былай қойғанда, Белинскийдің өзі он бес жылдық сыншылық қызметінде 850-дей кітапқа рецензия жазыпты.[398] Соңда жылына 56-57, айына 4-5 рецензиядан келіп отырған екен. Ұлы сыншы рецензияны өзіндік сыншылық лабораторияға айналдырып, кейіннен атақты шолуларына ұластырды. Белинский рецензия жазуды әдебиеттің ең ауыр жұмысына санап, каторгалық азапқа теңеген. Өйткені, әдебиет атты қалың орманның ішіне кірерде рецензияның ғана алғаш жол салып, аямай тер төгуді қажет ететіндігін атақты сыншы түсіне білген; соның арқасында ғана сыншылықтың асқар биігіне шыға алған.

Сыншылықты рецензия жазудан бастау сыншылардың көпшілігіне тән. Қазақ әдеби сынының тарихынан да осындай заңдылықты байқаймыз. Кешегі Әлихан, Міржақыптардан бастап, бүгінгі академик Мұхаметжанға дейін әдебиет жайлы пікірін рецензиядан бастаған сыншылар легін көреміз. Аға сыншылар рецензияны әдеби сынның орталық шеберханасына айналдырып, өнеге боларлық небір үлгілерін жасады. Бір ескерерлік жәйт – Белинский шын мәніндегі "таза" сыншы болса, алғашқы қазақ сыншыларының көпшілігі мәдениет, әдебиет, саясат майданының барлық салаларында дерлік елеулі қызмет атқарған. Әдебиет майданына үндемей қалуға болмайтын кездерде ғана араласып, өз пікірлерін жалтақсыз, батыл білдіріп отырған. Мұндай мақалалар саны жағынан аз болғанымен де, сапа жағынан айтарлықтай. Әдеби сынның кемшілік атаулыға аяусыз қарсы шығар күрескерлік қасиеті М.Дулатовтың рецензияларынан айқын көрінеді. Міржақып рецензияны көбіне жақсыға емес, оқырманға тигізер зияны айтарлықтай деп білетін кітаптарға жазып отырған. Жоғарыда әңгіме еткеніміз де сондай рецензияның бірі болатын. М.Дулатовтың сыншылық тұлғасын, қолтаңбасын барынша айқын танытатын – К.Тоғысовтың "Надандық құрбаны" песасына жазған рецензиясы. Енді автордың сыншылық шеберлігіне көз салайық.

Рецензияның "анатомиялық" құрылымына келсек, ол әдетте жаңа кітап туралы хабардан, оны талдаудан, бағалаудан, ең соңында ұсынысқа ұласатын негізгі тұжырымнан тұрады. Көп жағдайда пікір білдіргелі отырған шығарма жайлы мағлұмат рецензияның кіріспесінде беріледі. Алдына қойған мақсатына орай, рецензент кейде бірден шығарманы талдауға көшіп, кіріспе бөлімнің қажеті болмай қалуы мүмкін. Ал, көпшілік рецензияларда кіріспе тұрақты орын теуіп, онда автор шығармалары, жаңа

туындысы жайлы оқырман үшін маңызды деректер келтіріледі. Кей рецензияларда жаңа туындыға қатысты мәселенің жалпы қойылысы, зәрулігі, не себепті әңгіме етіп отырғандығы жайлы кеңінен қозғалады. М.Дулатовтың біз сөз қылып отырған рецензиясында кіріспесі көлемді шығып, сол кездегі қазақ әдебиетінің, оның ішінде драматургияның жай-күйі әңгімеленеді. Әдеби дамудың өзіндік ерекшеліктеріне сипаттама беріледі: "Әдебиетіміздің жаңа дәуірі енді басталды, әлі жас, түсі солғын, еркін төселіп кеткен жоқ". "Проза "қара сөз" әлі дәуірлей алмай тұр. Әдебиетіміздің байырақ жағы – өлең. Бірақ, өлеңшіміздің санына қарағанда, өлеңіміз мағына жағынан өте аз". "Жылқы біткен дүлдүл болмайды, құс біткен бүлбүл болмайды", адам баласы да солай. Жұрттың бәрі шешен, әнбоз, ақын, данышпан болып туа бермейді". "Хатшы көп, жазушы жоқ. Арызшы көп, адвокат жоқ. Сөйлеуші көп, шешен жоқ... Бізде өнер, ғылым, әдебиет кенже қалып тұрған себебі де осы"..[399]

Бұл сөйлемдерден сол кездегі қазақ әдебиетінің жай-күйін аңғару қиын емес. Рецензент Көлбай Тоғысовтай белгілі қаламгердің шығармасына пікір айту үшін әңгімені тіпті әріден бастаған. Бүкіл қазақ әдебиеті жайлы мәселе көтерудің бір қарағанда шолуға, проблемалық мақалаға тән сипаттар екендігі, оның рецензияға қажеті де шамалы сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ, дәл осы жерде автор пьеса хақында өз пікірлерін неғұрлым айқынырақ, толығырақ, дәлірек, түсініктірек білдіру үшін осындай фон жасауды жөн көргендігі байқалады. Онысы теріс те болмаған. Бұл әдеби шолу да рецензияда көтерілер мәселеге, айтылар ойға тікелей қызмет қылып тұрғандығы анық. Содан кейін барып, К.Тоғысовтың "Надандық құрбаны" шыққанын, көлемі 40 бет, оның 26 беті өлеңмен, 14 беті драмаға арналғанын хабарлайды. Бұл объектінің сыртқы көрінісі ғана. Рецензент әлі шығарманың "ішіне" кірген жоқ; сыртқы кейпімен ғана таныстырды. Көп рецензияларда кездесетіндей, шығарманы талдар алдында оның мазмұнымен таныстырушылық басқаша шешім тапқан. Тіпті, жүйелі талдаудан гөрі, нақтылы кемшіліктерін санамалап көрсетіп, оған дәлелдер келтіру жағы басым көрінеді.

Рецензент өз пікірін бірден пьесаның негізгі кемшіліктерін көрсетуден бастайды. Олар: "Кітаптағы өлеңдер – әркімнің өлеңінен құралған құрақ", екіншіден, суреттелген оқиғаның сенімсіздігі, үшіншіден, драмадағы кейіпкерлердің өмірдегі белгілі адамдар болып, олардың масқараланғандығы. Сыншының шығарма авторына бірден қатты тиісуіне олардың арасында болған түрлі саяси қарым-қатынастары да әсер еткен сияқты. Тіпті "көлбайлық" деген сияқты сөздерді қолданып, артықтау кететін жерлері де бар. Солай десек те Міржақыптың сыншылық пікірлерінің өткір де дәлелді екендігі мойындатпай қоймайды. Жоғарыда санамаланып көрсетілген негізгі үш кемшілік – рецензияда айтылар, қозғалар ойдың негізгі тезистері. Басты пікір айтылған соң, автор енді неге осылайша

екендігін түсіндіруге кіріседі. Қажетті жерлерде өз пікірлерін нығарлай түсу мақсатымен пьесадан мысалдар келтіріліп отырады. Осы жерде Міржақыптың сыншылық шеберлігі пьеса туралы ойларын ұзақ сонар баяндамай, қысқа да нұсқа етіп, негізгі үш мәселе төңірегінде ұтымды түрде жеткізе білгендігінен айқын байқалады.

Рецензенттің пікірлері мірдің оғындай нысанаға дәл тиіп жатады: "Бірнеше кісіні сөйлестірумен, біреуді үйден шығарып, біреуді үйге кіргізумен, біреуді ауыртып, біреуді өлтірумен драма болмайды". "Жазушы да – суретші. Жақсы суретші адамның сыртқы түрін айнытпай сала білсе, жақсы жазушы да адамның ішкі сырын, мінезін, әдетін бұлжытпай көрсете біледі, оқиғаны көріп тұрғандай боласың. "Надандық құрбанында" мұның бір нұсқасы жоқ".

Әдебиетке, оның ішінде драмалық шығармаларға, осындай талаптармен қарайтын сыншы енді барып "Надандық құрбаны" жайлы негізгі пікірлерін дәлелдеу үшін оның қысқаша мазмұнымен таныстырады. Жалпы, шағын көлемді рецензияда шығарманың мазмұнын түгелдеп жату көп реттерде өзін өзі ақтай бермейді. Көп рецензияларда кездесетін ұзақ сонар мазмұн баяндау олардың басты кемшілігі де болуда. Солай бола тұрса да рецензияда шығарманың мазмұнымен таныстырма деп, ешкім рецепт бере алмайды. Қажетті жерінде орынды пайдалана білсе, ол да рецензияның үгітшілік, насихатшылық қызметін күшейте түсуге көмектеседі. Ю.А.Крикунов рецензияда шығарманың мазмұнын баяндап шығу, онда бейнеленген аса маңызды, жаңа, қоғамдық құбылыспен, біз оқымаған шетел кітабымен оқырманды таныстыру мақсатында мүмкін деп біледі.[400] Мұндай жағдайда рецензент "міне, факты, міне мазмұн, менің пікірім мынадай, сенің пікірің қандай?" деп тұрғандай болады. Бұл жерде негізгі мәселе сыншы шеберлігінде жатыр. Шын сыншының мақаласында бұл мәселе барлық уақытта да дұрыс шешімін тауып жатады. М.Дулатовтың рецензиясында да пьесаның мазмұны оған айтылған негізгі пікірлерді нығарлай түсу мақсатында, онда да өте қысқа түрде пайдаланған. Мазмұнын ирониямен баяндау тәсілі бүкіл шығарманың сюжеттік фабуласын жоққа шығарып тұр. Бұл жерде қазіргі кейбір рецензияларда кездесіп қалатындай, шығарманы талдай алмай, немесе әйтеуір бірдеме айту керек болғандықтан да кітаптың мазмұнын қуалап кетушілік емес, сыншының алға қойған концепциясын толық орындап шығуына барынша қызмет еткізген.

Рецензент енді пьесада суреттелген кейбір оқиғалардың нанымсыз екендігіне нақтылы дәлелдер келтіреді. Осындай ретпен шығарманың жеті түрлі кемшілігі атап көрсетілген. Солардың кейбіреулері:

"Пайғамбардың сілекейі" дегенге нануға кәмпитті танымайтын қазақ кем болар".

"Байжан қалаға Аспандиярдың үстінен бір шабарманы арқылы арыз жіберіп, мына 150 сомды пәлен төреге, мына 50 сомды түген төреге бер

деп тапсырады. Осылай пара беруге бола ма?..

"Пара берме" деушіні жер аудармайды, һәм ол секілді арызда берілмейді".

Рецензияда "Сөйтіп тұңғыш көрген театр кітабымыз (пьеса Д.Ы.) өлі туды. Мұны әдебиет кештерінде қоюға жарайды деп айтуға ауыз бармайды" деген "тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініндей" қорытынды тұжырым берілген. Бұл – сыншының рецензияның өн бойында дәлелденген басты тезисі. Оған жеке бастың мәселелерінен туындаған "ұзын сөздің қысқасы: Көлбай драма жазудың орнына, өзі драманың батыры болып кірсе, көркемірек болар еді" дегенді қосақтаған. Әрине, соңғы тіркес артық. Рецензияда негізгі әңгіме тек нақтылы шығарма төңірегінде, оның автор жайлы қысқа мағлұматтар, онда да қажетіне қарай ғана болуы керек. Ал, жеке басқа тиісушілік, кекетушілік, мұқатушылық – жалпы сыни мақалаларға жат нәрсе. Оған жол берілмеуі керек. Жоғарыда біз қарастырған рецензияның кемшілігі де кейде тым қатты кетіп қалушылығында деп білеміз.

Жалпы, әдеби сын атаулыға қатысты сипаттардың, принциптердің, қызметтердің бәрі де рецензияның өн бойынан түгел табылады. Бұл жағынан келгенде рецензия – сын жанрларының ішіндегі ең "сегіз қырлы, бір сырлысы". Сондықтан да рецензия сын майданының бас сардары, әдеби процестің негізгі ұйытқысы ретінде көрінеді. Бүкіл әдеби сын атқаруға тиісті міндеттерді кейде рецензияның жалғыз өзі сүйреп жүретіндігі де сол себептерден. Сыншы – қаламгер, әдебиеттің ғылымы, оқырман арасындағы аса нәзік қарым-қатынастарды реттеп отырушы негізгі дәнекер десек, рецензент те осы міндетті ойдағыдай орындауы тиіс. Рецензент кейде жазушылар, кейде ғалымдар, енді бірде оқырман атынан белгілі бір адреске, аудиторияға арнап, сез сөйлейді. Біз талдап отырған Міржақыптың рецензиясында сыншы әдебиетшілер атынан оқырмандарға қарай сөз алған. Оларға түсінікті болу үшін тым тереңдеп кетпей, қарапайым да ұғынықты тілмен өз пікірлерін ұтымды жеткізе білген. Рецензияда шығарма авторына ұсыныс тілек ретінде айтылған бір ауыз сөз жоқ.

Рецензияның авторлық құрамы өте кең. Оқыған кітабы жайлы пікірді мектеп оқушысынан бастап, ақ басты академикке дейін, қарапайым еңбек адамынан министрге дейін айтуы мүмкін. Автордың мамандығына қарай, олардың әдеби білім дәрежесіне орай рецензиялардың алдына қойған мақсаты да, бағытталған адресі де, композициялық құрылымы да, пікір деңгейі де түрліше болады. Жай жұмыскер жазған рецензия "кітапта суреттелген оқиғалар маған таныс, осы жағдайлар жақсы суреттелгендіктен маған ұнады" деген сияқты пікірлерімен ғана шектелуі мүмкін. Оқиғалардың нанымды, нанымсыз суреттелгенін ғана баяндап, көркемдік мәселелерінің қалайша көрініс тапқан жағдайларына назар аударылмайды. Сол сияқты белгілі бір мамандық иесін шығармадағы өзіне қатысты бір мәселенің қалайша шешім тапқандығы ғана қызықтыруы ықтимал. Автор жаңа туындының жалпы әдеби болмысын емес, оның бір ғана қырын әңгімелеп, пікірін жазады. Мұндай рецензияларда нақтылы бір мәселе кеңірек көтеріліп, проблемалық мақала сипатына ие болады. Мысалы, М.Қаратаевтың "Қызыл ат" және "Социалистік реализм", "Тағы да "Қызыл сұңқарлар" туралы", "Мұхтардың "Тартысы" және кейбір мәселелері" негізінен жеке шығармаларға пікір білдіріп отырғанымен де, онымен шектелмей, сол кездегі әдеби процестің өзекті мәселелерін көтеріп отырғандықтан да жанрлық жағынан рецензиядан гөрі мақалалық сипаты басым. "Рецензия тұтасынан алғанда мақалаға ұқсас келеді, бірақ екеуінің арасында елеулі, мәнді айырма бар. Егер мақалада тікелей қоғам өмірінен алынған құбылыстар мен фактілер қарастырылған болса, рецензияның объектісі сол ақиқаттың көркем шығармада... бейнеленуі болып табылады".[401]

Түрлі мамандық, ғылым, сала иелері, қоғам қайраткерлері жазған рецензияларда шығарманы әдеби тұрғыдан тұтас күйінде талдаудан гөрі, белгілі бір өзекті мәселенің қалай шешілгендігі көбірек әңгімеленеді. Есесіне, нақтылы бір мәселенің, немесе онда суреттелген өмір оқиғалары өзі жақсы білетін саласының шыңдыққа сай келетін-келмейтіндігі жайлы әдебиетшіге қарағанда терең де қомақты пікір айта алады. Тарихи романдар жайлы тарихшының, мал шаруашылығына арналған кітапқа малшының айтқан ойларының маңызды болатын себептері де сондықтан. Кезінде "Абай жолы" эпопеясының сан қатпарлары жайлы жазылған түрлі ғалымдардың пікірлері рецензиядан асып-төгіліп, ғылымилық, проблемалық мақала түрінде көрінуін осылайша түсіндіруге болады.

Рецензияның мақалалық сипат алуы бір жағынан оның авторына тікелей байланысты болса, екінші жағынан талданып отырған шығармада қамтылған оқиғалардың, көтерілген мәселелердің ауқымына да қатысты. "Абай жолы" эпопеясы сияқты кең ауқымды, көп қатпарлы, кең тыныстысы шығармаларға пікір білдіру үшін рецензия жанрының шамасы келмей жатуы мүмкін. Жекелеген туындылар туралы мәселені түбірімен қопарып жазатын проблемалық мақалалардың, монографиялардың өмірге келуі осындай қажеттіліктерден туады. М.Әуезовтің атақты эпопеясы жайлы жазылған жүздеген мақалаларды, ондаған монографияларды мысалға келтіруге болады. Академик Қаныш Сәтпаевтың "Қазақтың тұңғыш эпопеясын" рецензиядан гөрі мақала деген жөн. Өйткені, мұнда эпопея жайлы жеке пікір айтудан гөрі, мәселені кеңінен қойып, бүкіл қазақ әдебиеті, мәдениеті, ғылымның жеткен жетістігі деңгейінде қарастыру, ұлттық жетістік ретінде бағалау сияқты үлкен міндеттерді мақала жанры ғана тарта алады. Кей реттерде қайсысының рецензияға, қайсысының мақалаға жататындығын айыру мүлдем қиынға соғады. Жанрлық белгілерінің бір-бірімен бірігіп, астасып кеткендігі соншалық, кей зерттеушілер оларды ажыратып, әуре болып жатпау үшін рецензияның мақала-рецензия түрі деп айқындайды.[402]

Белгілі қоғам қайраткері Ә.Бөкейхановтың әдебиет мәселелеріне де жиі

атсалысып тұрғаны белгілі. Әлиханның "Қарақыпшақ Қобыланды" ("Қазақ", 1915, N126-129) жырына, Шәкәрімнің "Қалқаман-Мамыр" ("Қазақ", 1915, N121) дастанына пікір жазғаны белгілі. Алғашқысының ғылыми сипаты басым. "Қобыланды батыр" туралы алғашқы маңызды зерттеулердің бірі. Ал, Шәкәрімнің поэмасы жайлы жазғанында қазақ рецензиясының жанрлық белгілері толығырақ көрінді. Мұнда әңгіме өзегі нақтылы бір шығарма жөнінде болып, қысқаша пікір білдіру сияқты рецензияның басты шарттары сақталынған. Рецензияның кіріспесінде "Қалқаман-Мамырдың" басылып шыққанын айта келіп, оның авторымен қысқаша таныстырған: "Мұны шығарған "Қазақ һәм ханлар шежіресін" жазған Шах Кәрім. Шах Кәрім – Абайдың ағасы Құдайберді баласы. Абай барда таласып ақындық қылып жарыққа шықпай, көлеңкеде жүре берген."[401] Шәкәрімнің аса білімділігі жайлы А. Ф. Гусевтің пікірін келтіре отырып, оның "Мұсылманшылық", "Қазақ айнасы", "Қазақ һәм ханлар шежіресі", "Жолсыз жаза" кітаптарын жазғанынан хабардар етеді. Сонымен бірге кіріспеде автордың әдебиет, сын жайлы үзік ойлары көрініс берген: "Шын ақын бір көпірмей қоймайды", "Өленді ақын сынаған жөн", "Орыста Пушкин, Лермонтовты сынға салып, жұртқа жайған Белинский сөзге ақын емес, ойға ақын еді. Шах Кәрім Пушкин болмас, біз Белинский болмаспыз", "Қалқаман-Мамыр" туралы біраз сөз жазайын, бұл кітапты оқушыларға жаю үшін" деп, негізгі мәселеге кіріседі.

Дастанның мән-маңызын анықтау үшін орыс әдебиетіндегі Пушкиннің "Царь Борис Годунов", Лермонтовтың "Песня о купце Калашникове" деген сияқты туындылармен салыстырулардан автордың білімдарлығы көрінеді. Бұларда "өткен замандағы адамдардың мінезі, тұрмыс-салты ойдағыдай көрінетіндігін қадап айтады. Ал, "Қалқаман-Мамырда" бұл мәселе қалайша шешілген деген сауалға "бұрынғы қазақ жұртының салты, қазақ мінезі, қазақтың әдет-қылығы әлгі орыс ақындарына қарағанда тіпті аз. Шах Кәрім жақынан қайырып, ойдағыдай толымды қылып жазбады" деп, бірден төтелей жауап береді. Солай бола тұра "жұрт көзін ашуға "Қалқаман-Мамыр" сияқты өлең керек. Рас, біздің қазақта осы бойымен де "Қалқаман-Мамыр" айтулы жақсы өленнің бірі болар. Бірақ, "көп бергеннен көп сұралады" деген. Мұны Шах Кәрімнен көп сұрап жаздым" деп, негізгі мақсатын айқындаған.

Рецензенттің пайымдауынша, дастанның негізгі кемшілігі екі жастың махаббаты мәселесіне байланысты "Ер жеткен қыз еркімен ерге шығар" деген пікірдің басшылыққа алынуында жатыр. Жырдың бас кейіпкерінің аузымен айтылатын осындай сөздер туралы "Қалқаман мұны айтқан жоқ. Қазақ қызына 190 жыл бұрын түгіл, осы күні еркімен ерге тию болған жоқ. Шариғатта бұл болғанымен, мұны ол уақыт сөйлеген жоқ". Деген сияқты өз дәлелдерін ұсынады. Автор өз пікірлерін жеткізу үшін дастанның мазмұнымен таныстыруды жөн көрмеген. Ол туралы "Қалқаман-Мамыр" ғашық болып қосылып, бишара болған сорлыларды өлең ғып жазған жыр" деген сөйлеммен ғана шектелген. Сонымен бірге бұл оқиғаның бұдан 190 жыл бұрын болғанын, сол себепті де орыс әдебиетіндегідей "тарихи хроника" болатындығын ескертеді. Жырдың көркемдік қуаты жайлы нақтылы мысалдар келтіре отырып: "Бұл өлең сырты сұлу болса да, ішінен ақауы көрінеді", "Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп, теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы" деген өлең осы болар" деген пікірлерін білдіреді.

Рецензияда негізінен дастанның өмір шындығына сәйкес келу-келмеуі, көркемдік сапасы туралы сөз болады. Автордың көркемдік талғамының жоғары екендігі көрінеді. Осы тұрғыдан жырға үлкен талаптар қойғанымен де "жоқтан бар жақсы" дегендей, осының өзін қанағат тұтады. Осы күйінің өзінде де халыққа пайдалы деп біледі. Рецензияның авторы қоғам қайраткері бола тұра талдауларда дастанның негізгі идеясы мынадай деп көрсеткені жоқ. Сонда да болса ол өмір шындығын көркемдік көрінісіне қатысты айтылған жерлерінде бой көрсетеді. Мысалы, махаббат туралы.

Бұл рецензияның құрылымдық ерекшелігі дегенде көпшілік жағдайда болатын, болуға тиіс қорытынды бөлімнің жоқтығы бірден көзге түседі. "Бұл кітап та кешіктей өтер. Қайта басқанда ана Ахметтің "Масасы" формына салып, қазақ емлесімен болса, жақсы болар еді" деген тілек жолдармен аяқталған. Осылай болса да қорытындыда берілуге тиісті негізгі баға рецензияда бар. Ол бас жағында бірден айтылған "Жұрт көзін ашуға "Қалқаман-Мамыр" сияқты өлең өте керек. Рас, біздің қазақта осы бойымен де "Қалқаман-Мамыр" айтулы жақсы өленнің бірі болар" деген жолдарда жатыр. Автор осы негізгі ойды соңында тағы да қайталап жатуды жөн көрмеген.

Қазақ әдеби сынының даму жолдары оның негізгі жанры – рецензияның жанр ретінде қалыптасуынан айқын көрінеді. Өткен ғасырдағы қазақ баспасөзі бетіндегі сыни материалдарда рецензияның кейбір жанрлық белгілері көрініс берсе, XX ғасырдың басындағы әдеби сында жеке жанр ретінде өмірге келді. Бастапқы кездерде шығарманың мазмұнын тұжыра баяндайтын аннотациялық сипат басымдау келсе, кейіннен жалпы әдеби сынға тән талдаушылық, бағалаушылық сияқты қасиеттер шағын көлемде қалыптасып, рецензияның негізгі жанрлық құрылымын түзді. Алғашқы рецензияларда шығарманың "сыртқы көрінісін" ғана әңгіме етушілік басым болса, кейіннен оның "ішіне кіріп",-көркемдік болмысына үңіле бастады. Жиырмасыншы, отызыншы жылдарда қазақ әдеби сынындағы рецензия жанрлық тұрғыдан толық қалыптасты деуге болады. Көркемдік процестегі әдеби ой-пікірдің тоғысқан торабында тұрақ тепкен рецензия жанры да эволюциялық даму жолын басынан кешірді. Осы қалыптасу, іздену жолында сүрінген де (коммунистік идеялық, таптық тұрғыдан бағалаушылық) кездері болмай қалған жоқ. Солай десек те, бүгінгі таңда жанр ретінде әбден қалыптасқан рецензия негізінен, өзіне жүктелген үлкен міндеттерді абыроймен орындап келді деуге толық негіз бар.

Рецензия сынның басқа жанрларына қарағанда шапшаңдығымен, жауынгерлігімен ерекшеленеді. Сынды әдебиеттің қолбастау-шысы дейтін

болсақ, рецензияның үлесіне тез арада шешілуге тиісті міндеттер тиеді. Әсіре-леп айтсақ, сынның алдындағы тактикалық мақсаттарды дер кезінде жүзеге асырып, "ауыр салмақты жанрлардың" іске кірісуіне алғы шарттар жасайды.

Жаңа туындылардың жақсы-жаман екендігін уақтылы оқырмандарға жеткізіп отыру үшін де оның көбірек қимылдап, жиі көрінуіне тура келеді. Рецензияның ең көп қолданылып, көп оқылатын, өміршең жанр болатындығы осы қасиеттерінен. Жоғарыда айтып өткеніміздей, рецензияның бүкіл әдеби сын жүгінің жартысына жуығын бір өзі көтеретіндіктен де оның жай-күйі сыншылық қызметтің жалпы жағдайын да аңғартады. Қазақ рецензиясының әдеби сында алатын орны мен жай-күйін байқататын кейбір мәліметтерге назар аударайық.

1971 жылы "Жұлдыз" журналында барлығы елу сын мақала жарияланса, соның 13-і рецензия екен. 1972 жылы қаңтар айында әдеби сынды өркендетуге арналған қаулы қабылданғаны белгілі. Соған байланысты сыни материалдар журнал бетінде көбейе түскен. Сан жағынан алғанда бұл өсу, негізінен, рецензияның есебінен болып отырғандығы байқалады. "Жұлдыз" жариялаған 1972 жылғы 57 сыни мақаланың 23-і рецензия болған. Осы ретпен 1973 жылы 60-тың 28-і, 1974 жылы 77-нің 43-і, 1975 жылы 81-дің 35-і, 1976 жылы 99-дың 36-сы, 1977 жылы 93-тің 28-і рецензия болып, жалғаса береді. Қаулы шыққаннан соң үш жылдай рецензияның сан жағынан көбейе түскендігі, кейіннен уақыт өте келе саябырси бастағаны байқалады. Ал, жиырма жылдан соң жалпы әдеби сынның бәсеңдей түсуімен бірге рецензияның сандық көрсеткіші де кеміген. Осы журнал бетінде 1990 жылы 13 рецензия басылса, ол 1991 жылы 9-ға, 1992 жылы 4-ке түскен. Ал, 1993 жылғы алғашқы екі нөмірінде бір де бір жаңа кітап рецензияланбаған. Есесіне әдеби "ақтаңдақтарға" арналған зерттеу мақалаларына көбірек орын берілген.

Рецензияның мұндай күйге ұшырауының объективті, субъективті себептері жеткілікті. Олар ең алдымен, елімізде болып жатқан әлеуметтік өзгерістерге, соған байланысты әдебиет пен оның сынының қоғамдық-рухани өмірімізде алатын орнына жете мән берілмеуіне, жыл сайын басылып шығатын әдеби өнімдердің азая түсуіне байланысты болумен бірге, жанрдың тікелей өзіндік "ішкі жақтарына" қатысты мәселелері де баршылық. Демек, бар бәлені сыртқы факторларға жаба бермей, жанрды жандандыру үшін оның ішкі мүмкіндіктеріне де толығырақ үңіліп, оларды неғұрлым тиімді пайдалану жолдарын қарастыра түсуіміз қажет сияқты. Теориялық тұрғыдан келгенде, қазіргі қазақ рецензиясының өзіне жүктелген міндеттерді орындауға қажетті жанрлық мүмкіндіктерді жеткілікті деуге болады. Күнделікті әдеби жаңалықтарды дер кезінде байқап, елгезектік танытып, пікір білдіріп отыруға шамасы келеді. Әдебиетімізде болып жатқан кез келген көркемдік құбылысты танып, оқырмандарға түсіндіріп бере алатын жағдайда. Мәселе рецензияны қалай пайдалана білуде жатыр. Әрбір сәтті шығарма басқаға ұқсамайтын бір көркемдік әлем болса, оны неғұрлым терең талдау мақсатына орай рецензияның жанрлық болмысы да өзгерістерге ұшырап отырады. Рецензия көркемдік дамумен бірге формалық, құрылымдық, мазмұндық жағынан жеттігіп отыруы шарт. Әрбір сәтті жаңа шығарма бірегей көркемдік құбылыс болғандықтан да сол туралы жазылған рецензия да сыртқы болмысы, ішкі мазмұны жағынан басқаларға ұқсамай, зерттеу объектісіне сай келіп жатуы қажет. Күрделі ойларды құрмалас сөйлемдермен беру дұрыс болатындығы сияқты, күрделі әдеби туындыларды да оның мазмұнын, құрылымын дәл бере білетін рецензия түрі ғана оқырмандарға жеткізіп, түсіндіре алмақ. Бұл, бір жағы, рецензияның өміршең болуының да шарты. Көркемдік дамудан қалмай, онда болып жатқан жаңалықтардың мән-мазмұнын соған сәйкес формада жеткізіп отыру міндеті рецензия жанрының алдына тұр жағынан ұдайы жаңарып отыруды жүктейді. Міне, осындай жағдайлар рецензенттің алдына үнемі ізденістер жасап, шығарманы талдау, пікір білдіру шеберлігін жетілдіріп отыруды қояды. Сыншының жүрекжарды пікірлері рецензияда жан бітіп, бүлкілдеп жатса ғана оқырманға жеткені. Әттең, көп жағдайда бұлай бола бермейді. Кей сыншыларымызда ізденудің, мәселені жете зерттеудің жетісе бермейтіндігі салдарынан атүсті, бірсарынды жазылған рецензиялар баршылық. Көп рецензиялар бір қалыппен (стандартпен) жазылып, бір-бірінен егіздің сыңарындай ажырамайды. Бұлардағы айырма автордың, кітаптың, кейіпкерлердің атында ғана болып келеді. қазір ішіндегі жалқы есімдерін өзгерсе, кез келген кітапқа рецензия болып жүре беретін "әмбебап стандарт текстер қалыптасты. Оның ұзын-ырғасы төмендегідей:

"Жуырда (баспаның аты) баспасынан (жазушының аты-жөні) (кітаптың аты) атты жаңа кітабы басылып шықты. Автор бұрын бізге (шығармаларының тізімі) сияқты оқырмандарға белгілі кітаптарымен таныс болатын. Сондықтан да жазушының жаңа туындысы қалай екен деп, оқып шықтық.

Жазушы (аты-жөні) романы (аты) тақырыбына арналған. Кітап (жыл) жылдары (жер аты) маңында болған оқиғаларды қамтиды. Роман (тарау аттары) деген үш бөлімнен тұрады. Алғашқы тарауда (оқиға аты) оқиғалар суреттеледі. Екінші тарау (оқиғалар аты) арналған. Соңғысында алдыңғы тарауда өріс алған оқиғалар бір арнаға түсіп, өз шешімін тапқандай болады.

Романда (аттары) бейнелері сәтті көрінеді. Әсіресе, бас кейіпкер (аты) тұлғасы ойдағыдай шыққан. Романда суреттелген оқиғалардың барлығы дерлік шынайы шыққандығы соншалық, оқырманын сендірмей қоймайды. Шығармадағы табиғат көріністері де көз тартады. Мысалы, ("үзінді"), кітаптың тілі көркем, кестелі, жеңіл оқылады: ("үзінді"). Дегенменде, кітап кейбір кемшіліктерден де құр емес (мысалдар).

Қорыта айтқанда, (жазушының аты) (кітаптың аты) романы қазақ әдебиетіне қосылған елеулі табыс деп білеміз".

Мұнда бір жағы рецензияда болуға тиісті мәселелер негізінен қамтылған.

Бұлардың бірі жоқ болса, рецензияның ақсап жатуы да мүмкін. Мәселе, осыларды бір қалыппен, бір сарынмен, рет-ретімен айта салуда емес, рецензия жазуға өнер туындысы, әдебиет ардың ісі ретінде қарап, көрікті ойды көрікті түрде айта білуде жатыр. Рецензияда кітап, оның авторы туралы хабар да, шығарманы көркемдік, әлеуметтік тұрғыдан талдау да, оған баға беру де міндетті түрде болуы керек. Рецензенттің шеберлігі осы негізгі үш түрлі қызметті шағын көлемде қалай орындай шығуынан көрінеді. "Жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді" дегендей, рецензияда да жүректен шыққан пікірлер жылуын жоғалтпай, әсерімен оқырманына жетуі керек. Оның әрбір сөйлемі рецензия алға қойған міндеттерді жүзеге асыруға қатар қызмет етіп, шымырлап жатқан шындықтың шешімін табуға жақындай түседі. Ол үшін рецензент анализ, синтез сияқты зерттеу әдістерін жете меңгеріп, дұрыс тұжырымдар жасай білуі керек. Рецензияда ғылыми, көркемдік сипаттар біртұтас көрініп, өзгеше көрініс табады.[404]

Рецензия жоғарыдағы қалыппен хабарламасы алдында, талдауы ортасында, бағалаған пікір соңында келіп, жаттанды жазылса, бұл – оңай жолы. Мұндай рецензия-лардың көпшілігі марапатқа құрылып, объективті талдаудан, әділ бағалаудан гөрі оның авторын, әңгімеленіп отырған шығармаңы барынша насихаттауға қызмет етеді. Мысалы, "Ой толқытқан ойлы еңбек" ("Алматы ақшамы", 1.IV. 1993), "Ғасырлар тереңінен маржан сүзген" ("Жұлдыз", 1. 1991) – тақырыбынан-ақ байқалып тұрғандай, осындай рецензиялар. Бұлардың жарымына жуығы рецензияланып отырған кітап авторларының еңбектерін тізбелеп, таныстыруға арналған. Талдаудан гөрі мадақтаушылық басым. Соның салдарынан пікір білдіріп отырған кітаптың шын болмысы, бейнесі көрінбей қалған.

Қашан да болсын, шындықтың ауылы алыс. Шығыраудағы шындыққа жүректілер ғана қолын жеткізе алады. Сондықтан да шындық қымбатқа түседі. Әркімнің өресіне қарай айта алатын шындығы тағы бар. Ол – өз алдына мәселе. Біздің әңгіземіз көрініп тұрған шындықты тура айтпай, көрер көзге шын деп, өтірік айту жайлы болып отыр. Әдеби сын – атынан көрініп тұрғандай-ақ, әлеуметтік-мәдени өміріміздегі кемшіліктерді барынша жасырмай айтуға болатын ең "демократияшыл" майдан. Онда әдебиеттің жақсылығы қаншалықты айтылса, кемшілігі де соншалықты айтылуы тиіс. Біреуі жоқ болса, ондай сынды екі аяғын тең басып тұр деу қиын. Ал, ақсақтың көшке ілесе алмай, қалып қоятындығы тағы бар.

Әдеби сында шындық айтылмаған, немесе айта алмаған тұстарда оның беделіне айтарлықтай нұсқан келеді. М.Әуезовтің "сын шын болсын, шын сын болсын" дегенінің қанатты сөзге айналуы да сондықтан. Соңғы жылдардағы қазақ әдеби сынының қоғамдық өмірдегі рөлінің күрт төмендеп кетуінің шын себебі де осында жатыр. Сынымыз жалтақ болып, шындықты айта алмай, өтірік айтуға да көндігіп алған жағдайы бар. Арнайы есептермен жазылып, жасықты жақсы, жабыны тұлпар деген рецензиялар көбейіп кетті.

Әдебиеттегі келеңсіздіктерді көре тұрып, көрмегендей сыңай танытып, басқаша сөйлеуді үйренді. Сөз өнеріндегі жалғандықтар жайлы қара қылды қақ жарып, шындықты шырылдап айтқан пікірлерді естімегеніміз де қашан. Баспасөз бетінде нашар дүниелерді әшкерелеп көрсеткен рецензиялар да сирек дүниелерге айналып кетті. Шығарманың жетіспеушіліктерін көрсету "Жоғарыда көрсетілген жетістіктермен бірге кітапта кейбір кемшіліктер де кездеседі", "Сонымен бірге кейбір әттеген-айлар да жоқ емес" деген сияқты әбден жауыр болған тіркестерді тізумен ғана шектелініп жүр. Ал, оның қандай кемшіліктер екендігі көп жағдайларда айтыла бермейді, ішің білсін дегендей. Есесіне әдебиетімізге ылғи да кемел туындылардың келгеніне қуанып, хабарлап жатқан "жағымды" рецензиялар қаптады. Бұларда бұрынғы рецензияларда жиі кездесетін "ұялғаннан" бірлі-жарымды кемшіліктерін көрсету жағы да мүлдем ұмыт болып барады. Рецензияның тақырыбынан бастап, соңына дейін – сықиған сый-сияпат, марапат, тамсану.

"Бұл – ұлы тұлғаның ұлы қарапайымдылығын, ұлы кішіктігін қаз-қалпында көрсететін әрі әдеби, әрі тарихи шежіре" ("Алматы ақшамы", 26.III. 1993) – деген сияқты таңдануға құрылған патетикалық тіркестер шындықты айтып тұр деуге сену қиын. Осындай мақсатта жазылған рецензиялардан объективті баға күту екіталай. Мұндай рецензияларда шығарманы объективті түрде талдаушылық ығысып қалып, әдебиетке қосар қандай жаңалығы бар, несімен құнды, соныльғы қайсы деген секілді негізгі сауалдарға жауап алу қиынға соғады. Оған тән нақтылы әңгімелеу, талдау жетіспей, көбіне кітаптың мазмұнын қысқаша қайырып шығып, басты кейіпкерлердің атын атаумен, авторға көпшік қоюмен шектеліп жатады. Жаңа шығарманы талдауы жоқ, есесіне мазмұнын баяндап, мақтай беретін мұндай рецензиялар көлемділеу аннотацияға көбірек ұқсайды. Рецензенттің мұндай күйге баруы базардағы саудагердің өз затын мақтап-мақтап қалайда өткізуді ойлаған, өткізген соң не болса, о болсын деген қылығын еске түсіреді. Газет-журналдардың сын бөлімінің қызметі нарықтық жағдайда мақтап кітап ұсынатын мекемеге көбірек ұқсайды. Ол қаламгерлерге сый-сияпат таратып, қошамет көрсетуге, алдында жүгіріп жүретін қызметшіге айналып бара жатқандай әсер етеді.

Шығарманы қалайда дұрыс жағынан көрсету мақсаты, оның кемшіліктерін "көрсетпей", біржақтылыққа апарып соқты-рады. Мұндай марапатқа толы рецензияның мақталып отырған кітаптың авторына сол сәттік қана "пайдасы"тиюі мүмкін. Шындығына келсек, мұндай рецензияның ешкімге де пайдасы жоқ. Көзі қарақты оқырманның, әдеби қауымның кімнің кім екенін ажыратуға шамасы келеді. Ешуақытта да шындықты аттап кетуге болмайды. Марапат рецензияның нәтижесінде әдеби процеске, оқырман талғамына айтарлықтай нұқсан келеді. Орынсыз мақталған ортанқол авторға деген оқырман жиіркенішін туғызады. Содан барып сыншының да, сынның да беделі кетеді. Әсіресе, рецензияның осындай "жарамсақтық" мінезі көптің ашуын

келтіріп, сын туралы түрлі жел пікірлерге жол беруде. Рецензияның "жағымпаздық" мінезінің ушыққандығы салдарынан оның беделіне келген нұқсан соншалық, бұл жанрдың күні өтті, әдеби сынға қажеті жоқ деген сияқты сөздер де естіліп қалып жүр ("Литературная газета", 20.VII. 1980). Бұл пікірді айтушылар әдеби сынның басты қасиеті ащы шындықты ашып айтудан рецензияның тайсақтауын тілге тиек етеді. Қалай дегенмен де ойланарлық пікір.

Рецензияның толғақты мәселелері жеткілікті. "Театр киім ілгіштен басталады" дегендей, көп рецензиялардың тақырыптарының ұқсас, жаттанды болып келуінің өзі-ақ біраз нәрсені аңғартады. Тақырыптың сәтті қойылуы – рецензияның діттеген жерден шығуының бірден бір кепілі. Сондықтанда жаттанды, кезекші тақырыптардан қашып, рецензияда айтылар ойға, мазмұнға сай келетіндей табиғилықты ұстанған жөн.

Әдеби терминдерді рецензияда жиі, мөлшерден тыс қолдануышылық та жақсылыққа апармайды. Рецензия негізінен көпшілік оқырманға арналатындықтан да, біріншіде, кейбіреулері ұғымды ауырлатып, түсінбеушілікке соқтыруы мүмкін болса, екіншіден, орынды-орынсыз, әдеби-теориялық ғылымилық сипат беру мақсатымен қолданыла берген терминнен "жан кетіп", шалажансар өлі күйге түсіп, қасиетін жоғалтады. Көркем әдебиеттегі сияқты, рецензияда да әрбір сөз бір бірін көлеңкелемей, керісінше сәуле шашып мағынасын барынша жарқырата ашып тұруы қажет. Сондықтан да рецензенттің сөз саптауының, стилінің де маңызы ерекше. Біздің көп рецензияларымыздан сыншы стилі көрінбейді.

Қазіргі қазақ рецензиясын авторлар құрамына қарай маман сыншылар сыны, ақын-жазушылар сыны деп, үлкен екі топқа бөлуге болады. Ал, оқырмандар сыны мүлдем аз. Негізгі екі топтағы рецензиялардың басты айырма-шылықтары: алғашқысында талдау, екіншісінде алған әсерін, ұнаған-ұнамағанын қаламгер көзімен қарап айтушылық басым болады. Сонымен, маман сыншылардың көбіне көркем тіл жетіспей, не газеттік, не ғылыми стильге тартып тұрады. Әдеби сында кездесетін жоғарыда біз тізбелеген кемшіліктердің, көпшілігі осы топтағы рецензияларда кездеседі. Ал, қаламгер жазғанда сынға аса қажетті көркемдік талдаулар қағыстау қалып, бірден бағалаушылыққа орын беріледі. Есесіне көркем тілмен, ұтымды түрмен жазылған мұндай рецензиялар жақсы оқылады. Сынның осындай екі түріндегі жақсы қасиеттерінің барлығы бір рецензияның бойынан табылып жатса...

Әдеби рецензияның өз міндеттерін ойдағыдай атқаруға айтарлықтай кедергі келтірген себептердің бірі кеңестік кезеңде әдебиетті коммунистік партиялық тұрғыдан бағалаушылықтың бірден бір өлшем болып саналып, үстемдік құруында жатты. Коммунистік партия әдеби сынды идеологиялық қару ретінде пайдаланады. Әдебиет саласында оны коммунистік мақсат-мүдделерге қызмет еткізу саясаты жүргізілгендіктен де әдеби сынның, оның ішінде рецензияның да шындықты айта алмай, тайсақтаған, жалтарған

кездері болды. Әдеби құбылыстарды да "ақ", "қызыл" түстерге бөліп, бағалаған түстарда рецензияның да партияның қолшоқпарына айналып, жалған сөйлеген, сөйтіп беделіне нұқсан келгендігі де аян. Солай десек те топан суды қаптатып, бар бәлені рецензияның үстіне үйе бермей, оң көзбен қарар болсақ, осындай кейбір келеңсіздіктерге бола рецензия жанрын түптүгел жоққа шығарып, лақтырып тастай салу қиын. Жақсылық пен жамандықтың қатар жүретіндігі де бар. Жанрдың өз міндеттерін толық орындауға шамасы жетпей жатқан жерлері, шешуді қажет еткен мәселелері бұрын да болып келген, қазір де барлығына көзіміз жетті, алдағы уақыттарда да бола беруі мүмкін. Өмірде бәрінің де ойдағы идеалдай болуы — арман. Мәселе, жанрдың өз міндетін қалай атқарып жатқандығын, несінің жетпейтіндігін сын көзімен саралай білуде. Жағдайға орай мүмкіндіктерді пайдалана біліп, жетпеген жерін көп болып жеткізуде жатыр. "Битке өкпелеп, тонды отқа тастағанның" керін кимеуіміз керек. Кемшіліктерді айту жақсылықтарды жоққа шығару емес. Жетпей жатқан жерлерімізді сана сарабына салып, қорытындылар жасау, сөйтіп бүгінгі күннің қажетіне жарату ниеті тұрғысынан айтатынымыз өзінен-өзі түсінікті болса керек. Әйтпесе, бүгінгі қазақ рецензиясының өзіне жүктелген қиын да күрделі міндеттерді орындау барысында кемшін соғып жатқан тұстарымен бірге айтарлықтай игілікті ізденістері де баршылық. Олардың барлығына бірдей тоқталып, талдап жатудың қажеті де шамалы, мүмкін де емес. Солай бола тұра бүгінгі рецензиямыздың өресін аңғартатын кейбір үрдістерге тоқтала кету де ләзім.

Бүгінгі күннің биік талаптары тұрғысынан қарағанда Ә.Кекілбаевтың "Асқар биік әлі алда" атты рецензиясына тоқталып көрейік. И.Оразбаевтың "Сұлулық сарасы" кітабына жазылған мұнда жанрдың мүмкіндіктері едәуір көрініс табады. Ең алдымен, көзге түсетіні рецензияның композициялық құрылымында стандарттықтың, жаттандылықтың ізі де жоқтығы. Автор шын шеберге тән қолтаңба мен ақынның жыр жинағы туралы ойларын жеткізе айта білген. Рецензия Иранбектің жырларына деген ыстық жүрек лүпіліне бөленіп жазылған. Қандай пікір айтылса да жүрекпен, сезіммен берілгендігі көрініп тұр. Композициялық құрылымы тұрғысынан келсек, мұнан проблемалық мақаланың да, шығармашылық портреттің де, тіпті эссенің де элементтері бар. Әбіш жинақ туралы пікірін бүкіл поэзия контексінде қарап, білдірген. Кітап авторының мінез-портреті де көрініс тапқан: "Иранбек Оразбаевтың да жұрт алдына жұлқына шығатынына, қабағын тарс түйген тұрысына, қатқыл дауысына қарап, сондай өмірден даңқ, халықтан қошаметті ғана іздейтіндердің сайынан емес пе екен деп қауіптенетінбіз".[405] Рецензияның "Сұлулық сарасымен" бірге жалпы поэзия туралы лирикалық толғау деуге де боларлық. Әдеби талдауларға негізделген жылы лебізді пікірлер толғанысқа толы. Осы тұрғыдан рецензия-толғаныс дерлік. Көтеріңкі леппен айтылған пікірлердің кейде артық-кем кетіп қалған жері де

жоқ емес. Бұл рецензияның өзіндік тағы бір ерекшелігі – соңында арнайы қорытындысының жоқтығы. Автор рецензияның ән бойында айтқан пікірлерін тағы да жинақтап, қорытып айтуды артық санаған, онысы сәтті шыққан. Рецензия көркем шығармадай оқылады.

С. Әшімбаевтың "Өнер алды – қызыл тілдің" қызығы неде?!" атты рецензиясы да атап айтарлықтай. Сағат не айтса да ағынан жарылып, жүрегімен жазатын сыншы болатын. Мына рецензиясында да бір кітапты тілге тиек ете отырып, ана тілінің жай-күйі, болашағы, проблемалары жайлы ой-толғаныстарын ортаға жайып салған. "Тіл – сол халықтың авто-портреті" ("Жалын", 1987, N4) – деген секілді соны пікірлерге толы көрікті тіркестері мол рецензияны қызыға оқисыз. Жанрлық жағынан "жылжымалы" қасиетін ескере отырып, композициялық ішкі құрылымына, көтеріп отырған мәселесіне қарай жоғарыда әңгіме болған екі рецензияны рецензия-мақала деуге де болады. Себебі, бұлардың рецензия екендігінде дау жоқ болумен бірге, мақалаға тән элементтер де едәуір орын алған. Нақтылы бір проблемаға құрылып жазылған рецензияның мақала жанрына қарай тартып тұратындығы көрінеді.

Шын сыншы пікір білдіріп отырған кітаптың авторы суреткермен тең дәрежеде әңгімелесіп, пікір жарастырады. Оның тасасында қалып, шығармасына түсінік берушіге айналып қалмау – әрдайым рецензент ойында жүрер мәселе. Ә.Кекілбаев пен С.Әшімбаевтың рецензиялары шығарма авторымен қатар тұрып, ой жарыстырған сыншының келбеті анық көрінген дүниелер деп білеміз.

Әмірхан Меңдекенің "Біз кімбіз осы?" ("Егемен Қазақстан", 23.01.1992) мақала-рецензиясы Д. Исабековтің "Социализм зәулімі" атты әңгімесінің әлеуметтік қуаты хақында жазылған. Рецензент әңгімені идеялық-көркемдік тұрғыдан тұтас талдамайды; оның бір ғана қырына – көтерген әлеуметтік мәселелердің маңыздылығына назар аударады. Яғни, "Социализм зәулімін" әлеуметтік талдаулар жасайды. Көлемі газеттің бір бетін алып жатқан материал рецензиядан "асып төгіліп", проблемалық сыпат танытып тұр. Әмірхан осы әңгімеде суреттелетін социализм кезіндегі "Коммунизм" колхозының "Социализм" бөлімшесінің саяси тұрмыс-тіршілігін тілге тиек ете отырып, қазақ халқының ұлттық дамуындағы аса маңызды мәселелерді көтереді. Тіпті, басты мақсат әңгімені талдау емес, ұлттық өмірімізде орын алып келе жатқан өрескел келеңсіздіктерге жұртшылық назарын аударып, дабыл қағу болғандай... Шынына келгенде, "Біз кімбіз осының?" жанрына рецензия деп те, проблемалық мақала деп те таласуға болатын сияқты. Ең дұрысы – мақала-рецензия деп атап, екі жақты сипатын да ескеру.

Көп рецензияларда қарастырар объектісіне, көтерер мәселесіне бірден кірісе алмай, ұзақсонар айналсоқтап, ананы бір, мынаны бір айтып, жүріп алатындығы кездеседі. Бірден объектіңді әңгімеле деп, үзілді-кесілді рецепт беру қиын. Егер, айтылып отырған мәселе рецензияланатын кітапқа тікелей қатысты болса, онда неге айтпасқа. Мәселе соны шеберлікпен жымдастырып айта білуінде. Керісінше, түрлі жанрлардың артықшылықтарын қажетіне қарай орынды, шебер пайдалана білсе, рецензия "жанданып, құлпыра" түседі. Кей кездерде мұндай "элементтер" алмасу керек те. А.Мырзабековтің "Өлеңдегі өлшем" атты рецензиясы поэзиядағы мінезді әңгімелеуден басталған. Мейірхан Ақдәулетовтің "Жалғыз досым – жүрегім" атты жыр жинағынан ақындық мінез іздей отырып, өз пікірлерін білдіреді. Әңгімені мінез мәселесіне құрып, осы тұрғыдан ой айту рецензияны бірсарындылықтан, қатандылықтан құтқарып, кітаптың басты қасиетін, ерекшелігін мықтап айтып тұр. А. Шәріпов, А. Егеубаевтың "Әділет" өлеңдер жинағына жазған пікірін "Отыз жеті" деген көп мағыналы атаулы сөйлеммен бастаған. Қиын кезең туралы қысқаша ой толғауы да, кітаптағы осы тақырыпқа арналған "Құлын дауыс" атты бірінші бөлімін талдау, бағалау, пікір білдіру біртұтастыққа айналып, ақын жинағы туралы ақын білдірген жүрекжарды әсерлері нанымды түр тапқан.

Сынның басқа жанрлары сияқты, рецензияның да әрдайым "есігі ашық". Рецензия "отауының ішінен" жоғарыда айтқанымыздай, мақаланың да, ғұмырнамалық портреттің де, шолудың да, сол сияқты эссенің, фельетонның, диалогтың, т.б. "өкілдерін" жиі көреміз. Рецензияның осындай сипатына орай кей зерттеушілер оны синтетикалық жанр деп те жүр. Сол себепті де кей ғалымдар рецензияның осындай қасиеттеріне байланысты жанрдың өзін іштей тағы да жіктеп, бірнеше түрлерін көрсетеді. Мысалы, кейбір зерттеушілер рецензия-диалог, рецензия-фельетон, рецензия-хат, рецензия-эссе, мақала-рецензия, монографиялық рецензия, рецензия-памфлет, рецензия-трактат, айтыс (полемическая) рецензия, контррецензия бар деп көрсетеді.[407] Х. И. Умуров өзбек әдеби сынында рецензия-хат, рецензия-толғаныс, оқырман мен жазушының сұхбаты, рецензия-пародия бар деп біледі.[408]. Бұл пікірлермен келісуге де, келіспеуге де болар. Бұл жерде әңгіме басқа жанрдың кейбір элементтерінің қолданылуы жайында болу керек. Әйтпесе, бір кітап жайлы жазылған фельетонды, немесе пародияны, тіпті диалогтың өзін рецензияға жатқызуға таласты. Т.Амандосов рецензияның түрлерін мақала-рецензия, шағын рецензия, аннотация, шолу, рецензияның кеңейтілген түрі деп жіктейді.[409]. Сол сияқты рецензия-шолу, рецензия-аннотация бар деген пікірге де қосылу қиын.[410]. Қалай дегенмен де оның жанрлық қасиеттерінің көп қабатты, көп қырлы екендігін танып білуге бұл жіктеулердің көмектесетіндігі анық. Рецензияның сынның барлық жанрларының дерлік өзіне қажет болған жақтарын бойына "сіңіріп", еміне-еркін пайдалана алатындығы – артықшылығы. Оның басқа жанрларға қарағанда өміршеңдігі осындай жанрлық жағынан бейімделгіштігінде, өзгермелілігінде, жылжымалылығында жатыр. Қажет болған жағдайда кезкелген жанрдың "даусына салып" сөйлей алатын, рөлін ойнап кете алатын

қасиеттері рецензияны аса икемді, айбарлы, күшті, жауынгер жанрға айналдырған. Көп ізденушілікті, білімділікті, шеберлікті талап ететін рецензияның мұндай сипаттары сыншының айрықша дарын" иесі бола білуін қажетсінетіндігі де сондықтан.

Рецензия жанрына қойылар мұндай үлкен талаптар сыншыдан өнер туындысы ретінде қарап, біраз тер төгуді қажет етеді. Көркем шығарманың бір-біріне ұқсамайтындығы сияқты, әрбір рецензия да өзіндік пішін табуы керек. Әсіресе, формалық жағынан ізденіс жетіспейді. Бізде рецензияның бұрыннан қалыптасқан баяндау түріндегі мақала типі жиі қолданылып жүр. Сондай-ақ, қазіргі сынымызда рецензияның ашық хат,[411] жауап хат, талас рецензия сияқты формалары сирек кетті деуге болады. Жалпы, қазіргі рецензияда сынның басқа, оның ішінде мақала, шығармашылық портрет, эссе, әдеби очерк сияқты көркем жанрларымен жақындаса түсу құбылысы байқалады. Бұл заңды да, рецензияға көп мүмкіндіктер әкелетін жемісті жол сияқты.

Ал енді жаңа кітап туралы сұхбат (дөңгелек стол), сұрақ-жауап (интервью) белгілі сюжетке құрылған ащы сын (фельетон), өленді пікір (пародия) жазсақ, онда рецензияның шекарасынан өтіп кетіп, басқаша күйге — жанрлық сипатқа ие болғанын көреміз. Қалай десек те, рецензияның белсенді, өміршең жанр болып қала беруі үшін оның ылғи да формалық, стильдік, мазмұндық жағынан жаңарып отыруды қажетсінетіндігі анық. Көп қырлы мүмкіндігі мол рецензия әдеби сындағы белсенді қызметін бәсеңдетпей, ұлттық әдебиетіміздің дамуына өзіндік үлес қосып оқырмандардың эстетикалық талғамын жетілдіре беруде маңызды рөл атқара бермек.

МАҚАЛА

Мақала терминінің әдетте екі түрлі ұғымы бар. Бірінші, көбіне баспасөз бетінде жарияланған материалдың жалпы аты ретінде қолданылып жүр. "Газетке мақала шығыпты" дегенде, ол рецензия да, хабар да, шолу да, фельетон да болуы мүмкін. Екінші, нақтылы баспасөз жанрының атауы. Газеттің хабар, аннотация, репортаж, очерк, рецензия сияқты жанрлары бар десек, мақала да сол секілді осы қатардан белді орын алады. Мақала баспасөз жанрларының ішіндегі ең көп қолданылатын және кеңінен қамтып, тереңірек талдайтын мүмкіндігі молырағы.[412] Біз мақаланы осы жанрлық тұрғыдан қарастырмақпыз.

Үлкен Кеңес Энциклопедиясында (БСЭ) мақала сөзінің төрт мағынасын көрсеткен. Соның төртіншісі "публицистикалық жанр: шығарма, басылым (газет, журнал, жинақ, т.б.) бетіндегі материалдың түрі (единица материала)" деп көрсетілген. Ал, қазақ кеңес энциклопедиясында "публицистикалық жанр: қоғамдық-әлеуметтік құбылыстар мен оқиғаларды зерттеп, талдау және оларды жинақтау негізінде нақты идея мен ой-пікірді насихаттайды, немесе оларды жүзеге асыруға үн тастайды"[413] деген түсініктер берілген.

Бұл айтылғандар негізінен, мақаланың баспасөз жанры екендігіне қатысты айтылып отыр. Ал, мақаланың жанрлық ерекшеліктері, құрылымдық жүйесі, мүмкіндіктері жайлы сөз жоқ. "Қысқаша әдеби энциклопедияда" (КЛЭ) мақала әдеби термин ретінде аталынбаған да.

Әдеби ой-пікірлерді кеңінен насихаттау үшін әдеби сын баспасөздің мақала жанрын барынша пайдаланды. Кей зертеушілер мақаланың әдеби сында ең көп қолданылатындығын, талдаушылық, пікір білдірушілік мүмкіндіктерінің молдығын, көлемі, формасы жағынан ыңғайлылығын ескере отырып, оны сын жанрларының ішіндегі ең бастысы, негізгісі деп те біледі.[414]

Мақаланың мақсаты – әдеби өмірде болып жатқан маңызды құбылыстарды, оқиғаларды талдап-бағалау, оның заңдылықтарын ашу, оқырмандарға түсіндіріп отыру. Сондықтан да мақалада әдеби сынның ғылыми публицис-тикалық сипаты айқын көрінеді. Мақаланың қай сипатының (ғылыми, публицистикалық) басым екендігін көп жағдайда ажыратудың өзі қиын. Әдетте, ғылыми-публицистикалық біртұтастыққа айналып, сыншылық, талдау мен пайымның биік өресі көрініс тауып жатады. Мақаланың осы басты екі сипатының бірі кемшін жатса, онда жанрдың екі аяғын тең баса алмай, бірденеңнің жетіспей жатқандығы. Құрғақ ғылыми талдаулардың оқырман қауымға түсінікті бола бермейтіндігі сияқты, нақтылы фактілерге, талдауларға негізделмеген жалпылама сөздердің де жалықтырып жіберетіндігі анық.

Сондықтан да баспасөз бетіндегі мақала жанры көбіне әдебиеттану ғылымымен көршілес қонып, аралас-құралас жатады.

Мақала әдетте белгілі бір идеяның әлеуметтік ой-пікірдің негізінде жазылып",[415] сол мәселені талдауға, түсіндіруге, осыған қатысты өз пікірлерін білдіруге құрылады. Көбіне қазіргі әдебиеттің бір, немесе бірнеше зәру мәселесі көтерілетін мақаланың проблемалық сипаты анық. Демек, мақаланың зерттеу объектісі – әдеби процестің жекелеген зәру мәселелері. Мысалы, рецензия бір кітап туралы жазылып, соған жан-жақты сипаттама беріп, бағалауға ұмтылса, мақаланы бұл кітап тұтас көркем туынды ретінде қызықтырмайды, онда көркем бейнеленген әлеуметтік, адамгершілік, эстетикалық проблемалардың бірі төңірегінде әңгіме қозғалады, немесе шығарманың идеялық-көркемдік жағының бір ғана қыры сөз болады. Мақала авторы көтеріліп отырған мәселеге қатысты өз ойларын дәлелдеуге дәйектерді бір кітаптан, немесе бірнеше кітаптардан, тіпті бүкіл әдебиеттерден алуы мүмкін. Сондықтан да мақала – әдеби өмірдің өзекті өңірлеріне батыл барып, толымды пайымдаулар жасауына шамасы да, мүмкіндіктері де мол жанр. Мақаланың мұндай кең қамти алатын қасиеті оны бүкіл әдеби процесс жайлы пікір білдіруге қолайлы басты жанр ретінде алға шығарады.

Мақаланың құрылымдық жағына келсек, мұнда сынның басқа жанрларының көптеген элементтерінің кездесетіндігі көрінеді. Мысалы, басты міндеті шығарманың не жайлы екендігімен таныстыру болатын аннотацияның, жеке кітаптарға пікір білдіретін рецензияның, жекелеген қаламгердің шығармашылық келбетін жасайтын творчестволық портреттің бір уақыттағы (жылдық), бір түрдегі (проза, поэзия, драма), бір жанрдағы (роман, повесть, поэма, т.б.) шығармаларды бағдарлауға арналған шолудың талдаудағы, ой айтудағы өзіндік артықшылықтарын мақала емін-еркін пайдаланады. Сондықтан да мақала–әдеби сынның құрылымы жағынан аса күрделі, сипаты жағынан сын жанрларының аса қажетті негізгі қасиеттерін бойына сіңірген, пікір білдірудің небір ыңғайлы да ұтымды формаларын тауып, қолдана білетін өміршең де әмбебап жанр.

Мақаланы сынның басқа жанрларынан ерекшелендіріп тұратын өзіндік өзгешеліктері бар. Ең бастысы, жоғарыда айтып өткеніміздей, мақала міндетті түрде нақтылы бір күн тәртібінде тұрған, әдеби процесс алға ұсынған, қоғамдық маңызы бар зәру мәселеге арналады. Осындай қасиетіне орай оны кейде проблемалық мақала деп те атайды. Демек, мақалада проблемалық ой басқа жанрларға қарағанда айрықша, мен мұндалап, тақырыбынан-ақ көрініп тұрады.

Әрбір жанрдың басталуында, негізгі бөлімінде, аяқталуында өзіндік ерекшеліктері болады. Профессор Т.Қожекеев мақаланың бес түрлі белгісін көрсетеді. Олар: "мақала ойды жалпыдан жалқыға қарай өрбітеді", "фактілік материалдар талдану үшін алынбайды, ...сыни пікірін, не мадақтау пікірін дәлелдеу үшін, соның растығына, дұрыстығына көз жеткізу үшін ғана

алынады", "үлкен теориялық қағидаларға, ...жалпы бағыт-бағдарға байланысты жазылады", "ой-пікірді жалпы саясат жағынан өрбітеді", "теориялық ой-пікірлердің жиынтығын баяндайды. Онда бірінші қатарда авторлық пікір айту, түйін түю, ұсыныс жасау тұрады".[416] Бұл пікірлер негізінен, мақалаға публицистикалық жанр тұрғысынан айтылған. Ал, әдеби сын жанры ретінде кейбір өзгешеліктер тағы бар. Мақалада проблеманың кезекке шығып, сол пікірлерді дәлелдеуге шығармадан дәлелдер келтіріліп отырғандығы, шығарманы талдау емес, ойды дәлелдеудің мақсат болатындығы анық. Сонымен бірге сыншы ойын нығарлай түсу үшін нақтылы талдаулар жасауы да мүмкін. Әдеби туындыны талдау, оған идеялық-көркемдік тұрғыдан баға беру барлық сын жанрларының ән бойынан табылатын, сынды сын қылып тұрған негізгі қасиеттердің бірі екендігі талассыз. Мәселе, осылардың нақтылы жанрда қаншалықты дәрежеде көрініс табуында жатыр. Аннотацияда талдау болар-болмас көрінсе, рецензияда ол барынша қолданылады; басқа жанрлар сияқты мақалада да қажетіне қарай бірде аз, бірде мол қолданылуы мүмкін. Мақаланың осындай сипаттарын ескере отырып, оны сынның талдау (аналитикалық) жанрына жатқызуға болады.

Мақала жанры әдетте көтергелі отырған негізгі мәселеден, яғни, жалпыдан жалқыға қарай әңгімелеуден басталады. Кіріспеде мақалаға өзек болар басты мәселе айқындалып болған соң, негізгі бөлімде авторлық ойлар дәлелденеді. Қорытындыда осы мәселе бойынша сыншының негізгі пікірлері тұжырымдалады. Сыншы шеберлігіне орай мақаланың композициялық құрылымы басқаша да болып жатады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, көп жағдайда мақала проблемадан басталып, соған қатысты нақтылы шығармаларды талдауға құрылса, кейде керісінше, жекеден жалпыға қарай принципті ұстағандары да кездеседі. Мұнда алдымен, ұқсас әдеби фактілер, құбылыстар әңгімеленіп, соның негізінде проблемалық мәселе қозғалады, идеялық-эстетикалық талдаулардың барысында ғылыми топшылаулар жасалады.

Мақала әдетте ұзақ ізденістерден кейін жазылады. Мақала жазу туралы ойға алдымен, әдеби өмірде болып жатқан елеулі жетістіктер, немесе кемшіліктер жетелеуі мүмкін. Мұндай жағдайда сыншы осы тектес фактілерді зерттеп, белгілі бір қорытындыларға көз жеткізген соң барып мақала жазады. Кейде алдымен, ой туып, содан кейін сол ойды нақтылай түсу мақсатымен әдеби фактілерді іздестіріп, айтылар ой нақтылы көркемдік құбылыстар арқылы жеткілікті түрде дәлелденілген кезде барып мақала өмірге келеді.

Мақаланы шартты түрде, біткен үйге теңесек, онда жекелеген әдеби оқиғаларды оның құрылыс материалына, сыншыны сәулетші құрылысшыға, ал сыншының дүниетанымын, ойларын, көтеріп отырған мәселесін үйдің мықты да әсем болуы үшін жұмсалатын архитекторлық топшылауларға,

өрнектерге теңеуге болады. Көркі құрылысты қиялы қанатты, мықты сәулетшінің ғана салатындығы сияқты дау туғызбайтын ойлы мақалаларды да нағыз сыншылар ғана жаза алады. Жалпы мақала жанрында кез келген оқырман емес, көбіне маман сыншылардың, ғалымдардың қалам тартатындығы да сол себептен.

Мақала жанрын іштей бірнеше түрге жіктеуге болады. Қандай басылымда жарияланғаны, атқаратын қызметі, жазылу мәнері бойынша, зерттеушілер мақаланың бірнеше түрлерін көрсетіп жүр. С.И.Ожеговтың сөздігінде (М., 1972) мақаланың газеттік және сыни түрі ғана аталған. Д.Н.Ушаков "Түсіндірме сөздігінде" бас мақала, журналдық мақала, газеттік мақала, айтыс мақала деп бөледі. "Журналист анықтамалығында" (А., 1978, 220-бет) мақаланың нұсқаулық, насихаттық, проблемалық, тәжірибе қорытатын, әшкерелейтін түрлері айтылған. Профессор Т.С.Амандосов "бас мақала, публицистикалық, насихаттық, проблемалық деген түрлерге бөлген жөн"[417] деп жазса, Т.Қожекеев бас мақала, насихаттық мақала, жалпы мақала түрлері бар деп біледі".[418] Бұлардың барлығы да – мақалаға таза журналистік тұрғыдан келген жіктеулер. Ал, әдеби сынның теориялық жақтарын біршама тереңдеп зерттеген мәскеулік ғалымдар А.Г.Бочаров пен Ю.И.Суровцев мақаланың теориялық, проблемалық, мүшелтой, эссе, айтыс, заметка, шолу түрлерін көрсетеді.[419]

Бұл жіктеулердің бәріне ортақ бір кемшілік – негізгі тұрақты өлшемнің болмауында. Әртүрлі жіктелуде түрліше өлшем басшылыққа алынған. Біреуі газетте, немесе журналда жарияланғанына (газеттік, журналдық), басылымның қай жерінде (бас мақала) басылғанына, енді біреуі қандай қызмет атқаратындығына (нұсқаулық, насихаттық, проблемалық), мазмұнына, сипатына, объектісіне, стиліне (теориялық, проблемалық, мүшелтой, эссе) қарай жіктеген. Жіктеу өлшемі тұрақты болмаған жағдайда оның түрлерін анықтау да нақтылы емес, түрлі пікір тууына себепшілігі де анық. Айтатын болсақ, жоғарыдағы жіктеулердің қайсы біреулері ғылыми негізделмеген, сыртқы көрінісіне қарай бөліне салған, сын көтермейді. Бұл пікірлердің бәрімен пікір таластырмай-ақ, әдеби сынға тікелей қатысты соңғысына назар аударарлық.

А.Г.Бочаров пен Ю.Суровцев теориялық, проблемалық, мүшелтой, айтыс түрлерімен бірге эссе, заметка, шолуды да мақалаға жатқызған. Біздіңше, бұл жіктеудің дұрыс емес жерлері бар. Эссе, заметка, шолу – өздері сынның жеке жанрлары. Өйткені, сынның жанрларын жіктеуге басшылыққа алынатын басты өлшемдерінің бірі зерттеу объектісі тұрғысынан келетін болсақ, мақала мен бұлардың арасындағы алшақтықтар айқын көрінеді. Мақаланың негізгі объектісі әдеби өмір фактісі, эсседе жекелеген қаламгер, ал шолуда әдебиеттің бір саласы қамтылады. Алға қойған мақсаттары да, атқаратын қызметкері де жазылу мәнері де, сипаты да түрліше. Сол себепті де заметка, шолуларды әдеби сынның жеке жанрлары деп қарастырған жөн. Ал, мақаланың бұл жанрларымен қоян-қолтық араласып, бірігіп, кірігіп кететін, соның салдарынан қай жанр екендігін ажырату қиын соғатын кездер жиі кездеседі. Ол – өз алдына мәселе.

Сонымен, біз мақаланың теориялық, проблемалық, айтыс, ғұмырнамалық, ескертпе түрлерін қарастырмақпыз. Бұлай бөлудің өзі де шартты екендігі көрініп тұр. Солай болса да мақаланың мазмұнына, атқаратын қызметіне, жалпы сипаттарына, жазылу мәнеріне, түріне қарай бажайлай қарасақ, осындай түрлері айқын көрінеді.

I.Теориялық немесе ғылыми мақала

Ғылымилық – мақала жанрының өзіндік ерекшелігін айқындайтын басты қасиетінің бірі. Ғылыми негізсіз мақала жазылмайды. Мақалада көтеріліп отырған зәру мәселе қандай тұрғыдан болмасын, ғылымның жетістіктеріне сүйенбейінше, өз шешімін таппақ емес. Сол себепті де әдеби сынның ғылымилық сипаты әсіресе мақала жанрында айқын көрінеді. Кей жағдайларда сынның мақала жанрының әдебиеттану ғылымымен шекаралас жататындығы да заңды. Сондықтан да әдебиеттің мәселелеріне арналған мақаланы сыни, не ғылыми деп айырып жатудың өзі қиын. Мақаланы әдебиеттің сыны мен ғылымының иық тіресіріп, қатар тұрып, қызмет қылатын жері десе де болғандай.

Мақала жанрының болмыс-пішінін айқындайтын негізгі екі қасиеті – оның ғылымилығы мен проблемалығы бір-бірімен ажырамас бірлікте болады. Көтеріліп отырған проблеманың өзі ғылыми тұрғыдан қарастырылуы тиіс, оның үстіне проблеманың өзі көркемдік даму шешімін күтіп отырған әдебиеттану ғылымының проблемасы да болу керек. Қалай десек те мақаладағы ғылымның өзі проблема, проблеманың өзі ғылыми болып шығады. Ал, теориялық деп, әсіресе ғылыми жағы басымдау, ғалымдарға бағышталып, ғылыми стильмен жазылған, нақтылы бір ғылыми мәселені бажайлауға арналған мақаланы айтып отырғанымыз түсінікті болса керек.

Қазақ әдеби сынының тарихында алғаш көрінген ғылыми мақала деп Ш.Уәлихановтың "Қазақ халық поэзиясының түрлері жөнінде" жазғанын атаймыз. Мұнда қазақ поэзиясы жайлы тұңғыш рет ғылыми пікірлер айтылды. Дала поэзиясына ғылыми тұрғыдан жүйелеу ұсынылды. "Ер Көкше мен Ер Қосай", "Орақ батыр", "Едіге", "Қозы Көрпеш – Баян сұлу" жырлары, Арыстанбай, Нұрымбай, Жанақ, Орынбай, Шөже сияқты ақын-жыраулар хақында пікірлер білдіреді. "Қазақтардың ең тамаша жыр-дастаны – "Едіге" деген сияқты өзіндік бағасы да көрініп отырады. Мақаланың теориялық жағынан құндылығы қазақ өлеңін жыр, жылау-жоқтау өлең, қайым өлең, өлең деп жүйленуінде жатыр. Әр түріне мысалдар келтіреді. Өлеңге ғылыми тұрғыдан сипаттама береді: "Өлең төрт шумақтан тұрады, алғашқы екі шумақ және төртінші шумақ силлабикалық жүйеде бір ұйқастыққа бітеді, үшінші шумақ ұйқаспайды", "...өлең-ән, жаңадан шығарылған, немесе атақты бір

әнші-ақынның бұрында шығарған өлеңдері домбыраның, қобыздың, ым мен дене қимылдарының сүйемелдеуімен айтылып, ел арасына тарайды, кейбір өлеңші-ақын өз тарапынан сол өлеңге кіріспе және қорытынды сөз қосып отырады".[420] Мақала орыс тілінде жазылғанымен де ғылыми тұрғыдан кей жақтарында жетіспеушіліктеріне қарамастан қазақ поэзиясы жайлы алғаш рет ғылыми топшылаушылар жасаған, ұлттық әдебиеттану ғылымымыздың іргетасын қаласқан тарихи еңбектердің бірі деп қараймыз.

Теориялық сыни мақалалар көбіне әдеби дамуда ғылыми жағынан қажет болған құбылыстар, жаңалықтар болған кезде, соларды түсіндіру мақсатымен жазылады. Әріге бармай-ақ, қазақ әдебиетінің мысалдарына жүгінейік. 1910 жылы қазақтың тұңғыш романы М.Дулатовтың "Бақытсыз Жамалы" басылып шықты. Бұрын қазақ оқырманына беймәлім роман жанрында жазылған прозалық шығарманың өмірге келуі қазақ әдебиетінің дамуындағы тосын тарихи оқиға еді. Міне, осы әдеби құбылысқа, оны ғылыми жағынан түсіндіруге арналып, "Қазақ" газетінде (1914, 13 қаңтар) "Роман не нәрсе?" деген мақала жазылды. Мақаланың авторы белгісіз, соңында "Арыс ұлы" деп қол қойылған. Сол кездегі түрлі жағдайларды ескере келіп, мақаланың авторы А.Байтұрсынов деп жобалауға болады. Сонымен, мақаланың басты мақсаты қазақ әдебиетінде роман жанрының тууына байланысты осы туралы кеңірек түсініктер берілген. Қарапайым оқырмандарға арналғандықтан да мақала жеңіл ұғынықты тілмен жазылған. Мақала жанрының сыр-сипатын аша түсу үшін қазақ әдеби сынында көрінген алғашқы теориялық мақалалардың бірінен саналатын "Роман не нәрсеге?" тоқталыңқырап өтейік.

Мақаланың басында "роман" терминінің 150 жыл бұрын Францияда роман тілінде жазылған прозалық шығарма деген ұғымда өмірге келгенін айта келіп, оның өзіндік ерекшеліктеріне тоқталады.

"Романның ішкі мағынасы: тіршіліктің жарық һәм күңгірт жағын бейне өзіндей айтып суреттеп, адамның өзіне көрсету.

Роман – адамзаттың өмірін, дәуірін бұлжытпай көрсетуші баға жетпес айна. Роман суреттеп көрсетеді: бір адамның, иә бір әулеттің, иә бір нәсілдес, бір тілдес халықтың өмірін, иә кейбір қалыптағы заманның қатардағы, иә қилы-қилы замандарда болып өткен халықтардың өмір жолын".

Мақаланың авторы әдебиеттің, оның ішінде романның ең қажетті жағы деп, тәрбиелік маңызына айрықша мән береді: "Романның асыл мақсаты: адамзаттың мінез-құлқын түзетбек, кемшілікті, қараңғылықты адамзаттан қумақ. Мұнан мұрат алу адам баласына үйретінді әуелгі тәрбие бермек", "...романнан әркім өз керегін алады, өз міні, не артықшылығын табады".

Атақты романшылардың қатарында Балитер Скоттың, Диккенстің, Теккерейдің, Пушкиннің, Лермонтовтың, Гогольдың, Толстойдың есімдері аталынған. Әсіресе, Толстойдың "алуан-алуан адамның мінез-құлқын бірін қалдырмай тізіп, адам өмірінің жіңішке қылдай жерін суреттеп көрсеткен" "Соғыс және бейбітшілік" (мақалада "Соғыс және татулық" деп аталған" романын жоғары бағалайды. Осы пікірлерден мақала авторының европалық, орыс әдебиеттерімен жақсы таныс болғандығы көрінеді.

Роман жанрына осындай шолудан соң барып, қазақ әдебиетіне келеді. Ұлттық топырақтағы тұңғыш роман Міржақып Дулатовтың "Бақытсыз Жамалы" 1910 жылы дүниеге келгенін айтып, оған жылы лебіз білдірген. Романның шығуын қазақ әдебиетіндегі елеулі құбылысқа санайды. Автордың алғашқы қазақ романы туралы пікірін тыңдайық: "Бақытсыз Жамал" қазақтың қазіргі халінен біраз көрінеді. Мұнда қазақтың қай жеріңде болса да малға қызығып, иә партияға қызығып қыздарын жастай күйеуге беру жайы бар, ысырапқа ақша шашып, жақынмен араздасу, қызын сүймегеніне жылатып ұстап беру, бұған шыдай алмай, қыз теңін көксеп қайғыға бату бар. Ата-анадан күдер үзген соң өз теңімен қашу бар. Ақырында қорлық көру бар... Мұнда ақсақалда, би де, болыс та, тілмәш та, орыс та. Өтірікке куәлік берген указной молла да мұнда бар. Әр түрлі әйелдер, бозбалалар, ойын-сауықтар. Осылардың зорлық-зомбылығы, қазақтың рәсімі көрсетілген. Мұнда партия да, партияға құмарлар да, ел арасын бұзушылар да, барымта да бар. қабағын салбыратып, еңсесі түсіп, тойдан мұңайып Сәрсенбай да келе жатыр".

Бұл жолдардан сол кездегі жалпы әдебиет туралы білімнің өресі көрінеді. Әрине, бұл мақаладан роман жанрына, "Бақытсыз Жамалға" теориялық талдаулар күтуіміз артық. Солай болғанның өзінде де ондай ғылыми мақаланы түсініп оқи алатын оқырман жоқ та болатын. Сол себептен де автор мақаланы көпшілікке арнап, қарапайым да түсінікті тілмен жазған. Мәселенің бір ғана қырын – әдебиеттің, оның ішінде романның аса маңызды тәрбие құралы екеніне баса назар аударады. Мақаланың қорытынды бөлімі осыны аңғартады: "Енді біз түсіндік роман көпке арналған кітап екенін. Көптің кітабы болса әрқайсымызға тиісті, міндетті романды тесе қарап, телміре оқып, мінез-құлқымызды түзеп, романнан халіміз жеткенше тәлім-тәрбие алуымыз керек. Міне, сондықтан өнер-білім керек, онан да керегірегі тәрбие. Қанша оқысақ та тәрбиеміз кем болса қасиетіміз аз.

"Қазақ" газетінде жарияланған алғашқы теориялық, зерттеу мақалалардың біріне Райымжан Мәрсековтің "Қазақ әдебиеті жайынан" атты мақаласы да жатады. Мақала сыртқы формасы жағынан баяндаманың сөзі (тексі түрінде берілген. Автордың әдебиетке берген түсініктемесі, қазақ әдебиетінің тарихы жайлы білдірген пікірлері назар аударарлық. Көпшілікке арнап сөз бастаған автор алдымен әдебиет атауына анықтама берген: "Қазақша қысқасынан айтсақ, әдебиет "сөз" деген мағынада. Сөз дегенмен сөздің де сөзі болады. Сөздің сырты шырайлы, іші мағыналы болса, сонда ол әдебиет болып табылады. Өлең, жыр, мақал, жұмбақ, ертегі, хикая - баршасы әдебиетке құйылады. Бұл сөздердің қай түрін алсаңыз да әрқайсысында мағына бар. Халықтың ойлаған ойын, мұңын, мұқтажын көрсететін осы әдебиет, бұл жұрттың айнасы: халықтың түрі, қалпы – бәрі

соңда көрініп тұрады" ("Қазақ", 15.III. 1915).

Мақалада қазақ әдебиетінің тарихын ғылыми тұрғыдан жүйелеуге талпыныс жасалынған. Автордың пайымдауынша, қазақ әдебиеті үш дәуірді басынан өткерген. "Бірінші дәуірі – ескі замандағы қазақ арасына жазу тарамай тұрғандағы кез", яғни ауыз әдебиеті. Бұл кезде "сөз бағалы болып, өлең мен күй адам баласының, өнерінің зорына айналған", "сөз қымбат, өлең қадірлі, ойлы" болды, "сөйлей білмек өнер еді, өлең білмек жігіттің көркі еді". Мысалға "Қалқаман-Мамыр" аңызын, Төле би, Қазыбек би, Қара жігіт[421] би сөздерін келтіреді. Орынбай, Кеншінбай, Өтеулі, Айман, Шолпан, Бұлақ ақындардың есімін атайды. "Бұл ақындардың ішіндегі жүйрігі Орынбай" деп жазады. Екінші дәуірге жазба әдебиетті жатқызған да, соңғысы Абайдан басталған дәуір деп біледі. "Қазақ әдебиеті көркейіп, көгеріп, түрленіп, сөз қадірі кетіп бара жатқан уақытта сыртына өң беріп, сөз қадірін таныткан осы Абай болды" деген жолдардан, әдебиеттің тұтас бір дәуірін осы есіммен байланыстыруынан автордың ұлы ақын шығармашылығын аса жоғары бағалағандығы байқалады. Абайдың әдебиетке жоғары талаптар қойғанын еске алып, "Өлең сөздің патшасы, сөз сарасының" сөзін түгел келтірген. Мақалада Ыбырай Алтынсарин де "сөзге ажар беруші" ретінде аталынып, "Өнер білім бар жұрттар" өлеңіне мән береді.

Райымжан Мәрсековтің мақаласы "Қазақтың әдебиеті бүгін жарыққа шығып, жұрттың сынына түсіп жүр. Әдебиет те жас баламен бірдей, сүйеу күтеді. Халық жақсы көзбен қараса, әдебиетке даму болып, әдебиет өрге басады" деген жолдармен қорытындыланған. Иә, дәл бүгінгі күні айтылып тұрған сөздердей. Көркем әдебиеттің қиын да нәзік қыр-сырларын түсініп, айта білген пікірлерімен де, бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда байқалатын кейбір кемшіліктерімен де сыншы мақаласы ой қозғарлық.

Осы газетте жарияланған Ахмет Баржақсының мақал туралы мақаласының да ғылымилық сипаты айқын. Автор жалпы ауыз әдебиетіне, оның түрлеріне, түсініктер берген: "Ертегі – кеңес қылып айтылатын сөздер. Онда халықтың жоқ нәрселерді бардай қылып айтатындығы көрінеді", "жұмбақ – бір нәрсені өзіне ұқсаған екінші бір нәрсе арқылы аңғартқан сөздер", "мәтел – қысқа һәм жай түрмен айтылған халық өсиеті" мақал туралы кеңірек тоқталған:

"Мақалдар халықтың әртүрлі іс-жұмысына дұрыс жол көрсеткендіктен сүйікімді болып көп тараған. Мақалдар мен мәтелдерде пікір сонша тығыз айтылған; өлеңнен сөзді тастағандай қиын болса, бұлардан да сөзді тастау қиын. Мақалдарда артық сөз болмайды. Олар – әбден қысқартылып, әдеміленіп айтылған сөздер. Өсиет қосып айтылған мақалдар көбінесе екі бөлім болып, біріне бірінің аяғы ұйқасады... Мұнысына қарағанда, өлең-жыр сияқты әдебиеттің түріндей түрі бар. Мақалды екі түрмен түсінуге болады: тіке, һәм жанап айтқан... Халық аузындағы мақал халық ойынан шыққан

өсиет, оның ішінде бар растық".[422]

Ә.Мәметованың "Көркем әдебиет туралы"[423] атты мақаласы да – сөз өнерінің ғылыми жақтарын кеңінен әңгімелеуге ұмтылған көлемді еңбектердің бірі. Негізіне әдебиеттің таптығы ұстанымын (принципін) басшылыққа алған автор әдебиетке жан-жақты түсініктер береді. Әдебиеттің пайда болуын, дамуын ежелгі антикалық дәуірден бастап шолады. Түрлі әдеби ағымдардың, бағыттардың, мектептердің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталады. Аристотель, Платоннан бастап, Чернышевскийге дейінгі ақыл-ой алыптарының әдебиет жайлы пікірлеріне орын берілген. Мақалада әдеби дамудың әлемдік тұрғыдан қарастырылуын автор білімдарлығының, кең ойлауының көрінісі десек те, осы пікірлердің қазақ әдебиетімен байланыстырылмауы көзге ұрып тұрады. Бірақ, ол кез үшін осындай ғылыми мақаланың жазылуының өзі әдеби ой-пікірдің дамуындағы айтарлықтай фактілердің қатарына жататын. Алғашқы теориялық мақалаларға егжей-тегжейлі тоқталып жатқан себебіміз біріншіден осы түрдегі мақалалардың алғашқы пайда болу қалыптасу жолдарын бағдарлау болса, екіншіден, әдеби-теориялық ой-пікірлердің дамуына да назар аудару ниетінен.

Қазан төңкерісінен кейін әлеуметтік-мәдени өмірде болған өзгерістер әдебиетке тікелей әсерін тигізді. Коммунистер бұрыннан қалыптасқан әдеби ұғымдардың барлығын дерлік жоққа шығарып, жаңадан социалистік реализм әдісінің қисынын жасады, жаңа әдісті ғылыми тұрғыдан "негіздеген" әдістер басталып, көптеген теориялық мақалалар өмірге келді. Отызыншы жылдары қазақ әдеби сынында да социалистік реализм әдісін түсіндіруге арналған бірсыпыра мақалалар көрінді. Солардың алғашқысы ретінде С. Мұқановтың "Социалды реализм туралы" мақаласын атауға болады. Мақалада теория аз болғанымен де "Социалды реалшыл ақындар болғанды болған күйінде ғана емес, болған ішінде болмай қалғандарды болдыруға тырысушылар. Марксизмді мұрат қыла жырлаушылар"[424] деген жолдардан автордың социалистік реализмнің ең басты ерекшелігі өмірді революциялық (әрине, коммунистік) даму жолында суреттеуді қажет ететіндігін деп басқандығы көрінеді.

Осы кездерде жазылған Қ. Өтеповтің "Социалды реализм" ("Социалды Қазақстан", 12.V. 1933), Ә.Қоңыратбаевтың "Әдебиетіміздегі реализм туралы" ("Әдебиет майданы", 1934, № 5), М.Бөжеевтің "Социалистік реализм мен романтизм" ("Әдебиет және искусство", 1939, № 6), С.Сейфуллиннің "Біздің әдебиетіміздің басты даму бағыты – социалистік реализм" ("Социалистический реализм – основное направление нашей литературы", "Казахстанская правда", 12.VI. 1934) сияқты көптеген мақалалар жаңа әдісті ғылыми тұрғыдан түсіндіруді мақсат тұтты. Осындай мақалаларда бұл түрдің ішкі құрылымы, мазмұндық мәні айқындала түсті. Е.Ысмайыловтың "Лирика мәселесі" ("Қазақ әдебиеті", 15.03. 1936), "Әдебиет теориясы" ("Әдебиет майданы", 1938, № 6), С. Мұқановтың "Поэма деген не?" ("Лениншіл жас,

21.XII.1938), "Роман туралы" ("Лениншіл жас", 1939, N 280), т.б. мақалалары қазақ әдебиеттану ғылымының көрігін қыздырып, қалыптасуына негіз болды. М. Әуезовтің "Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері" (Шығармалары, XIY том, 297-бет) атты мақаласы да маңызды саланың өзекті мәселесін ғылыми тұрғыдан қарастырған.

Теориялық материалдарды көбіне, "академиялық" сыншылар жазады. Мысалы, М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты шығарған "Жанр сипаты" (А., 1971), "Стиль сыры" (А., 1974), "Дәстүр мен жаңашылдық" (А., 1980), "Қазақ поэзиясындағы дәстүр үласуы" (А., 1980) сияқты жинақтардың негізін теориялық мақалалар құрайды. Бұл еңбектер таза "академиялық" зерттеулер ғой, әдебиет сынға қандай қатысы бар деуге де болады. Десек те, бұлардың барлығында дерлік қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері ғылыми тұрғыдан әңгімелегендіктен де әдеби сынға да қатысты дейміз. Әдеби сынның ғылымға, ғылымның сынға айналған тұсын байқаймыз. Бұл кітаптардың тағы бір ерекшелігі – әдебиеттің нақтылы бір ғылыми проблемасын тереңдеп зерттеген коллективтік монография да. "Дәстүр және жаңашылдық" және "Қазақ поэзиясындағы дәстүр үласуы" солай деп аталған. Оның үстіне коллективтік монографияның бірінші және екінші кітаптары ретінде көрсетілген. Бұл жерде әдебиеттің түрлі салаларындағы нақтылы бір ғылыми проблемаларға арналған мақалалардың шоғырына циклге ұласуын, оның өз кезегінде бірнеше кітапты монографияға айналған процесті көреміз.

Қазір академиялық, мерзімді басылымдар бетінде де қазақ әдебиетінің ғылыми мәселелеріне арналған мақалалар азды-көпті жарияланып келеді. Н. Ғабдуллиннің "Кейіпкердің ұлттық келбеті"[425] – белгілі бір ғылыми мәселеге, яғни қазақ әдебиетіндегі ұлттық бейнелердің жасалуы проблемасын қарастырған көлемді ғылыми мақала. Мақала көтерген мәселесі жағынан ғылыми, қамту объектісіне бүкіл қазақ прозасын алып, шолушылық сипат танытады. Онда да бәріне бірдей емес, әдебиетіміздегі өзіндік орындары анықталған танымал шығармаларды іріктеп алып, солардан ғана ұлттық мінез іздейді. Б. Майтановтың "Ақбілек" – психологиялық роман" ("Жұлдыз", 1992, N10, 190-бет) атты мақаласына да көз салайық. Мақала объектісі тұрғысынан рецензияға ұқсас болғанымен де рецензия емес. Мұнда кітапқа жан-жақты талдау жасап, оның негізгі қадір-қасиеттерін бағалау мақсат болмаған. Өзіне лайықты бағасын алып қойған романның бір ғана қырын – психологиялық болмысын ғылыми тұрғыдан зерттеу мұрат тұтылған. Сыншы "Ақбілек" романын тілге тиек ете отырып, көркем әдебиеттегі, оның ішінде прозадағы психологизмнің нақтылы көріністерін, заңдылықтарын әңгімелейді. Жүсіпбектің жүйрік қаламы салған прозалық өрнектердің өзіндік ерекшеліктеріне үңіледі. Сөйтіп, жазушы шығармашылығына тән психологиялық иірім туралы топшылаулар түйеді.

Ғылым мен тәжірибе егіз: екеуін бір-бірінен ажыратуға болмайды. Сол сияқты әдебиеттегі ғылыми тұрғыдан да, жай әдебиетші, оқырман көзімен де танып білуге болады. Бірақ екеуінде бір нәрсе жетіспейтіндей. Біріншісінде, әдебиеттің практикалық, екіншісінде ғылыми тірек жағы кемшін соғып жатады. Екі жағы бірдей түсіп, сыншы ойларын дәлелдеуге қызмет етіп жатса – сол мақаланың ойдан шыққаны. Автордың алға қойған мақсатына орай кейде әдебиеттің ғылыми, кейде практикалық мәселесі алға шығады. Теориялы-зерттеу мақалада әдебиеттің ғылыми проблемасы бірінші кезекке қойылып, авторлық тұрғыдан шешімі ұсынылады. Осы уақытқа дейін таптық ұстанымға (принципке, социалистік реализм әдісіне) негізделіп келген әдебиетіміздің, оның ғылымы мен сынының бүгінгі таңда шешімін күтіп тұрған теориялық мәселелері баршылық. Қазақ әдебиеті мен оның ғылымы алдында тұрған күрделі мәселелерді қозғаған талай теориялық мақаланың жазылуы анық.

2. Проблемалық мақала

Әрбір мақалада белгілі бір дәрежеде көтерілген проблема болады десек те, солардың ішіндегі кейбіреулері әдебиеттің алдында тұрған теориялық және практикалық мәні зор, күрделі мәселелерді қозғауымен де ерекшеленеді. Әдеби дамудың барысында, көркемдік ізденістердің нәтижесінде ескінің ескіріп, жаңаның өмірге келуімен байланысты қаншама жаңалықтар өмірдің есігін қағып жатады. Осылардың ішінде қайсысы өмірдің талабына сай, орны қандай, нақтылы шешімі қайсы деген сан алуан сауалдарға проблемалық мақала жауап береді. Демек, әдеби өмірдің өзекті мәселелерін көтеріп, оны шешудің өзіндік жолдарын ұсынып жазған мақаланы проблемалық мақала деп атаймыз.

Проблемалық мақалада әдебиеттің идеялық, көркемдік-эстетикалық, адамгершілік, тілдік, т.б. кесек мәселелері көтерілуі мүмкін. Мұндай мақалада әдетте әдебиеттің көп мәселелері қамтылмай, нақтылы бір проблема төңірегінде ғана тереңінен, кеңінен қамтыған салмақты әңгіме қозғалады. Проблемалық мақаланың қалыптасқан композициялық құрылымы бар: әдетте кіріспе басында көтергелі отырған проблеманы нақтылы анықтап, алға қояды да, содан кейін барып оны жан-жақты талқылайды, соңында өз шешімін ұсынады. Яғни, жалпыдан жекеге. Проблемадан соның фактілеріне, дәлелдеріне қарай әңгіме болады. Кей жағдайларда жекелеген фактілерден жалпы ой қорытындылары да жасалуы мүмкін.

Қазақ әдеби сынының тарихында проблемалық мақалалар жазба әдебиеттің, баспасөздің дамуымен байланысты. XX ғасырдың басындағы газет-журналдарда ептеп көріне бастаса, жиырмасыншы жылдарда жиі көрінеді. Әдеби дамудың алдында тұрған аса маңызды зәру мәселелерді батыл көтеріп, парасатты ойлар айтылған мақалалар баршылық. Солардың кейбіреулеріне көз салалық.

С. Торайғыровтың "Өлең һәм айтушылар"[426] атты мақаласы көтерген

проблемасының ауқымдылығымен ерекшеленеді. Ақын өлең-жыр, әдебиеттің халық өмірінде алатын айрықша орнына назар аударады: "бір халықтың сүтпен бірге байланысқан ірік-шірік қара кеуілдерін аршып, жаңа рухпен қаңдандыратын, таза бейілімен жаңдандыратын машина, шын жүректен шыпшып шырқырап шыққан өлең-жыр, әдебиет деген нәрсе болады. Көңілді түзейтін машина — өлең-жыр". "Біздің қазақ — әнқұмар халық" — деп, ел өмірінде ән мен өлең-жырдың, әдебиеттің біте қайнасып кеткеніне көңіл бөледі. Қазақ халқының ұлттық болмысы әнмен әлдиленіп, өленмен көмкерілгендіктен де оның дамуы барлық уақытта да қамқорлықта болуы керек. "Қысқасы, бір халықтың әні кетсе, әдебиеті жесір қалады, сәні кетеді, сәні кетсе, жаны кетеді, қазақты жансыз ағаш қылып отқа жаққылары келмесе, әнді сақтаудың қамын қылыңдар", — деп, ұлтжанды азаматтарға үндеу тастайды.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында қазақ әдебиетінің алдында сан алуан мәселе тұрды, ұлттық әдебиеттің дұрыс бағытқа дамуы үшін өткен жолдарды саралап, алдағы міндеттерді айқындау қажеттігі күн тәртібіне қойылды. Міне, осы кезде қазақ әдебиетінің сипаты, алдағы дамуы жайлы бірсыпыра көрінді. Мысалы, С. Сәдуақасовтың "Қазақ әдебиеті" атты орыс тілінде ("Трудовая Сибирь", 1918) жарияланған көлемді мақаласында ұлттық әдебиеттің тарихын жүйелеуге алғашқылардың бірі болып ұмтылыс жасалды. Негізінен, орыс оқырмандарына қазақ әдебиетінен ғылыми тұрғыдан зерттеу, оқулықтар жазу мәселесі көтерілген. Қазақ әдебиетінің тарихын жүйелеудің өзіндік үлгісін ұсынады. "Қазақ поэзиясы қазыналы, керемет бай" деп отырып, оның ірі өкілі ретінде Біржан салға айрықша тоқталған. Жазба әдебиетті М.Көпеев пен Абайдан бастаған. Абайды "оған қазақ жазушыларының арасында тең келетіні жоқ" деп, аса жоғары бағалайды. Абайдан кейінгі қазақ әдебиетінің ірі өкілдері ретінде А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, М.Жұмабаевтың, С.Дөнентаевтың, Ғ.Қарашевтың, Шәкәрімнің, С.Торайғыровтың, т.б. есімдерін атаған.

С.Мұқановтың "Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешеңдер"[427] атты мақаласы да әдебиетті бағалау мәселесін көтереді. Патша өкіметінің құлап, пролетариаттың билік басына келуіне байланысты әдебиетке таптық тұрғыдан келу ұстанымын (принципін) ұсынды. Сәбеңнің бұл мақаласы кейіннен әдеби айтысқа ұласты. Сондай-ақ, Ж.Аймауытовтың "Мағжанның ақындығы туралы"[428] атақты мақаласы көтерген проблемасының салмақтылығымен көзге түсті. Бір қарағанда, жеке ақынның шығармашылық келбеті жайлы мақала сияқты көрінгенмен де мұны әдебиетті бағалауда, оның ішінде сол кезде Мағжан ақындығы жайлы айтылып жүрген әрқилы пікірлерді әңгімелей отырып, аса маңызды проблемалар көтерілген. Негізгі проблема М. Жұмабаев поэзиясын дұрыс бағалау болса, осы мақсатта әдебиеттану ғылымының, оның ішінде өлеңтанудың біраз мәселелері де қозғалады

нәтижесінде Мағжан поэзиясының сан қырлы сырларын дұрыс ұғынып, ғылыми тұрғыдан терең талдаулар жасап, түсіндіре алған сыни мақаланың классикалық үлгісі сынның тарихында қалды. Көтерілген проблеманың, яғни әдебиетті бағалаудың дұрыс шешімін табудың барысында Мағжандай ұлы ақынның ақындық бейнесі бар болмысымен алғаш рет осы мақалада көрініс тапты.

Әдеби даму тура жолмен жүріп өту емес. Қоғамдық, рухани өмірдің аса күрделілігімен байланысты көркемдік дамудың әр кезеңі алға шығарып, шешімін күткен зәру мәселелерінің туындап отыруы – заңды құбылыс. Кезеңдік проблемаларға Кеңес өкіметінің алғашқы дәуірінде "қазақ әдебиеті неден үлгі алып, қандай бағытта дамуы керек?" деген сауалдарға арналып жазылған мақалаларды жатқызуға болады. Олардың кейбіреулеріне жоғарыда тоқталып та кеттік. Сонымен бірге әдебиеттің пайда болуымен бірге жасап келе жатқан, әлі де жалғаса беретін, әдебиет бар жерде қатар жүретін мәңгілік проблемалар да бар. Солардың ең алдында "өнер алды – қызыл тіл" тұрады. Әдебиеттегі көркем тіл мәселесі бұрындары да, қазір де толғандырып келеді. Қазақ тілінің тағдыры таразы басына түсіп тұрған тұстарда талай азаматтар оны қорғап мақала жазды. Соның әдебиетке тікелей қатысы бар, бір ғана үлгісіне тоқталайық. 1923 жылы М.Жұмабаевтың өлеңдері ("Шолпан") Сұлтанбек Қожановтың алғысөзімен Тәшкенде басылып шықты. Алғысөз-мақаладан мынадай жолдарды оқимыз: "Осы күнге дейін Түркістанда қойшылар тілі саналып келген, ресми қағаздар, кітаптар жазуға жарамсыз деп келген қазақ-қырғыз тілі іске асуы былай тұрсын, өнерге асатын бай, жатық, таза, өткір, әдемі тіл екенін Мағжан өлеңі көрсете алады. Сондықтан, біз Мағжан өлеңдерінің саяси мәнісінен гөрі әдеби мәнісін көбірек көзге тұттық. Сол жақтарын ескеріп, Мағжан өлеңдерінің ішінде кез келетін марксизм дүниетануына ұласпайтын жерлерін оқушылар көре салып үріктей, көркемдік жағына көбірек көз салуы керек".[429] Саяси күрестің барынша өткірленіп тұрған кезде жазылғандықтан да мұнда қазақ тілінің қоғамдық-мәдени өмірдің барлық саласында қолдануға болатын толыққанды тіл екендігі жайлы ұзақсонар айтылмайды. Қазақ тілі қазақ халқымен бірге жасай береді деген жалпы негізгі ойды бір ғана нақтылы мысалмен, яғни Мағжан өлеңдерінің тілдік, көркемдік қуатын алға тарту арқылы дәлелдей білген. Көлемі шағын алғысөз түрінде жазылған мақаланың көтерген проблемасы үлкен ұлтжанды азамат осындай пікірлері үшін де кейіннен "пролетариаттық" жазалауға ұшырады.

"Өнер алды – қызыл тіл" жинағы негізінен көркем тіл проблемасына арналған мақала-лардан тұрады. Жинаққа енген он төрт мақаланың барлығы да – әдеби тіл мәселесін әртүрлі қырынан қарастырған елеулі еңбектер. Бәрін санамалап жатпай-ақ, бұлардың ішінен Ғ.Мүсіреповтің "Ана тілін аңамыздай ардақтайық" атты мақаласын бөле-жара атағымыз келеді. Бір қарағанда, шолу сияқты көрінетін бұл мақаланың проблемалық сипаты анық.

Ол – тіл тазалығы. "Жазушы тілсіз, сыншы қырсыз дерлік кезеңге келіпліз" деп, қазақ әдебиетінде орын алған тілдік келеңсіздіктерді аяусыз әшкерелейді. Сөз қолданудағы, сөйлем құраудағы көптеген кемшіліктерді нақтылы мысалдармен шұқып көрсетеді. Мақаланың құрылымдық бітімі де ерекше. Баяндама түрінде жазылған мақаланың тіл мәселесіне қатысты қамтыған объекті ауқымды. Көтерілген проблемасына, зерттелген объектісіне орай ғылыми мақала дерлік. Бірақ, оған тән ғылыми стильмен емес, көркем-публицистикалық-ғылыми сипатта жазылғандығы көрінеді. Жалпыламалықтан, көркем сөзбен көсіле беруден гөрі нақтылы фактілермен сөйлеушілік басым.

Мәселе, проблема көтеру, пікір білдіру әдеби сынның басты мұраттарының бірі болғандықтан да бірінде аз, бірінде көп, әйтеуір барлық сын жанрларында дерлік мұндай қасиеттің бой көрсетуі заңды. Айтар ойы жоқ сын – сын емес. Мәселе уақыт талабына сай, өз дәрежесінде көтерілді ме, көптің көңілінде жүрген күпті сауалдарға жауап бере алды ма, алса қаншалықты дәрежеде – міне, проблемалық мақаланың өзегі осында жатыр. Қазіргі қазақ әдеби сынында көркемдік дамудың алдында тұрған келелі мәселелер әртүрлі деңгейде жазылып келеді. Әдеби басылымдар әдеби өмірдің алдында шешімін күтіп тұрған өзекті өңірлері жайлы мақалалар беріп келеді. Пікір алысулар, дөңгелек столдар, сұхбаттар ұйымдастыруда. Мысалы, "Жұлдыз" журналы (1990, N7) "Көркемдік шыңдық және тарихи тұлға" деген жалпы атпен қазақ әдебиетіндегі тарихи тақырыптың игерілуі жайлы сұхбат өткізді. Оған М. Қозыбаев, Р.Бердібаев, А.Қасымбаев, Ғ.Ахмедов, М.Әбсеметов, Т.Жұртбаев қатысып, өз ойларын ортаға салды. Пікіралысу формасы жағынан дөңгелек стол, сұхбат түрінде болғанымен де онда берілген тарихшы, әдебиетші ғалымдардың сөздерін нақтылы бір проблемаға арналған шағын мақалалар дерлік. Сондай-ақ, "Қазақ әдебиеті" газеті де социалистік реализм, жалпы көркемдік әдіс жайлы мақалалар анкета-сұрақ ұйымдастырды. Академик З.Қабдолов бастаған әдебиетші-ғалымдар, қаламгерлер көркем әдебиеттің зәру мәселелері төңірегінде пікірлесті.

Десек те қазіргі қазақ әдебиетінің дамуы барысында туындап отырған келелі проблемалары баршылық. Социалистік реализм әдісі қамауынан босанып, енді еркіндікке шыққан ұлттық әдебиетіміздің өткен тарихы мен алдағы өркендеу жолдарын саралауда әдеби сын атқарар жұмыстар қыруар. Міне, осындай күрделі мәселеге арналған мақаланың бірі – С.Қирабаевтың "Әдебиет дамуының бұралаң жолында" ("Жұлдыз", 1991, N7). Өткен әдебиетіміздің тарихына жаңаша көзқараспен қарау, ғылыми жүйелеу жолдары ұсынылады. Әдебиет тарихы мәселелеріне арналған проблемалық мақалалар аз болса да көрініп қалып жүрсе, бүгінгі көркемдік процестің зәру мәселелерін көтерген сын мақалалар сиреп кетті. Проблемалық мақалаларда өткенге көз жіберіп, әдебиетіміз жүріп өткен жолдардағы тарихи мәселелерді көтеріп, әр нәрсені орын-орнына қойып, қайта жүйелеу, қайта бағалау, реттеу бар да бүгінгі көркемдік процестің, дамудың мәселелеріне келгенде кібіртік байқалғандай. Әдеби сынның жай-күйі оның бүгінгі өзекті мәселелерді дұрыс көтеріп, шеше алатындығынан анық көрінеді. Кейбіреулердің "қазір сын жоқ" деп жүрген себебі де жоғарыдағы мәселеге тікелей байланысты болса керек. Ал, бұл міндетті абыроймен орындау негізінен, проблемалық мақаланың еншісінде. Сондықтан да кей зерттеушілер проблемалық мақаланы әдеби сынның негізгі жанры деп те атап жүр.

3. Айтыс мақала

Проблемалық мақала айтысқа (полемикаға) ұласуы мүмкін. Өйткені, мұндай мақаланың өзегінде дискуссиялық, мәселе көтеріп пікір айтушылық, не оны жоққа шығарушылық сарындары жатады. Сол себепті де проблемалық мақала әдеби айтыстың басы болып, түрлі көзқарастардың айтылуына негіз болады. Мұндай мақаланың бәрі бірдей айтыс туғыза бермейді. Сол сияқты кез келген проблемалық мақаладан, тіпті жай мақаланың, рецензияның өзінен де әртүрлі көзқарастарды білдіретін айтыстар, дискуссиялар туындап жатады. Кей кездерде проблемалық мақала мен айтыс мақаланың ара жігін ажырату қиын. Әдеби айтысты туғызу мақсатымен арнайы мақала жазылуы да мүмкін.

Айтыс мақаланың басқалардан айырмашылығы – мұнда мәселе өткір қойылады; нақтылы бір мәселе төңірегінде пікір барынша дәлелденіледі немесе теріске шығарылады. Осы мақсатына жету үшін ғылыми дәлелділік, публицистикалық ұшқырлық, стиль саралығы барынша қолданылады. Өз ойын мірдің оғындай, нысанаға дәл жеткізу үшін сөз мағынасының барынша анықтығын, бояуының қанықтығын, бейнелілігін қажет етеді. Пікірін неғұрлым ұтымды жеткізу мақсатымен формалық жағынан жетілген түрде көрінеді. Айтыс мақалаларының қалыпты стандарты жоқ, әрқайсысы бір-біріне ұқсамайтын пішін танытады. Формалық жағынан келгенде, мұндай мақалалар асқан шеберлікті керек қылады. Сондықтан да айтыс мақаланы кез келген әдебиетші емес, әдетте әдебиеттану ғылымымен толық қаруланған, әдеби өмір тәжірибелерін жақсы білетін, ол туралы қалыптасқан өзіндік көзқарасы бар, өз ойларын жеріне жеткізіп айта білетін сарамен сыншылар, ғалымдар, қаламгерлер жаза алады.

Осы уақытқа дейінгі қазақ әдеби сынындағы айтыс мақалалар негізінен екі түрлі бағытта көрінеді. Біріншісі, көркем әдебиеттің идеологиялық мәселелеріне арналса, екіншісі әдебиеттің "таза шығармашылық", көркемдік жақтарына қатысты. Әдебиеттің идеялық сипатына байланысты өткір мақалалар марксизм-ленинизм ілімін тікелей мәдениет майданына қолдану, таптық принципті, социалистік реализм әдісін көркем әдебиетте басшылыққа алуды ұсынған кездерде, әсіресе кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында

көптеп көрінді. Төңкерістен кейінгі жылдарда қазақ әдебиеті қандай бағытта дамуы керек деген мәселенің төңірегінде көптеген мақалалар жазылып, түрліше көзқарастар бой көрсетті. Осы кездегі айтыс мақалалары мәселені тәтесінен өткір қоюшылығымен, өз ойларын ашық та, батыл айта білушілігімен қатар қызу, айтыскерлік сипатта болғандығымен ерекшеленеді.

Қазақ әдеби сынындағы айтыс мақалалар С.Мұқановтың "Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешеңдер!" ("Еңбекші қазақ", 1923, N1) атты атышулы мақаласынан кейін кең өріс алды. Мақала 1923 жылдың басында Орынбор қаласында өткен А.Байтұрсыновтың елу жылдығына, онда баяндама жасаған С.Сәдуақасовтың, С.Сейфуллиннің пікірлеріне қарсы бағытталған болатын. Таптық ұстанымды басшылыққа алып, қазақ әдебиеті жайлы өзгеше көзқарас білдірген, оның үстіне белгілі кісілермен пікір жарыстырған, нақтылы адресі бар мақала өзіне "оқ жаудыруға", яғни пікір таластыруға шақырғандай еді. Қазақ әдебиетінің өткені, қазіргісі, келешегі жайлы өткір пікірлер білдірген мақалалар көріне бастады. Қалай десек те, өзінің артық-кем айтқан пікірлерімен де Сәбеңнің мақаласы қазақ әдеби сынының жандануына, әдеби ой-пікірлердің оянып, өрістенуіне бірден-бір себеп-кер, қозғаушы болғанын да айта кеткен жөн.

Сәбеңнің мақаласына қарсы дау айтқан Смағұлдың жауабы "Қазіргі дәуір – іс дәуірінде" ("Лениншіл жас", 1925, N7) берілді. Онда мынадай жолдар бар: "... біреу Абайды күйдіріп, өртеп жіберуі керек дейді екен. Себебі: Абай ескі, ол бұрын болған, бізге жаңа керек. Бұл сықылды пікірге жаңа пікірлі жастар қалай қарау керек? Бұл пікір сырттан қарағанда, рас, жаңа сықылды. Бірақ, мұның негізі дұрыс емес. Біз ескіге қарсы болғанда оның шын шіріген, ескірген жеріне қарсымыз. Осы күнгіні гүлдендірудің орнына бүлдіретін, шірітетін, ілгері басуға бөгет болатын жеріне қарсымыз. Біз өткен заманнан осы күнгінің арасын шорт кесіп тастамаймыз. Менен бұрынғының бәрі ескі, менікі ғана жаңа, өзіме жетеді, өзімді қанағаттандырады деп біз ешуақытта да айта алмаймыз". Бұл пікірлерден С.Сәдуақасовтың әдебиет, жалпы мәдениет жайлы білік-таным өресінің биіктігі, өз ойларын шашыратпай, нақтылы шегелеп, жеткізе айта алатындығы, айтыскерлік мәдениеті айқын көрінеді.

Жиырмасыншы жылдарда әдеби айтыстар күшейе түсті. "Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры" – әдеби мұраға көзқарас, қазақ әдебиеті қай бағытта дамитындығы болды. Осы мәселелер жайлы өз ойларын ортаға салған: С.Мұқановтың "Көркем әдебиет туралы" ("Еңбекші қазақ", 14-15. X. 1926), "Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім" ("Қызыл Қазақстан", 1927, N1), "Әркім өзінше ойлайды" ("Жаңа әдебиет", 1928, N3-4), Қошке Кемеңгеровтің "Көркем әдебиет туралы" ("Еңбекші қазақ", 1.XII, 1926), Ы.Мұстанбаевтың "Көркем әдебиет туралы" ("Қызыл Қазақстан", 1927, N2), "Біздің таластарымыз" ("Жаңа әдебиет", 1928, N5-6), "Абай" ("Жаңа әдебиет", 1928, N7-8), Ш.Тоқжігітовтің "Әдебиет мәселелері" ("Қызыл Қазақстан", 1927, N3-4), "Екеудің" "Көркем әдебиет туралы" ("Еңбекші қазақ", 8-9.VIII.1927), С.Сәдуақасовтың "Әдебиет әңгімелері" ("Еңбекші қазақ" 15-16.II. 1927), т.б. мақалалары айтыс мақаланың жарқын үлгілеріне жатады. Бұлардың біразы маман әдебиетшілер болса, енді кейбіреулері ұлтын, оның әдебиетін шын сүйген, ұлттық әдебиеттің болашағы шешілейін деп жатқандау-дамайды үнсіз қала алмаған ұлтжанды қоғам қайраткерлері болатын.

Әдеби айтыс С.Мұқановтың мақаласымен басталған. Мақаланың соңына "Еңбекші қазақ" газетінің басқармасы "Сәбиттің бұл мақаласын айтыс ретінде басып отырмыз. Бұл мақала туралы басқа жазушылар да болар. Мақала иесінің пікіріне қосылушылар да, қарсы шығушылар да болар. Басқарма Сәбиттің кейбір пікірлеріне қосылмайды, өз пікірін басқарма соңынан жазбақ" деген қосымша берілген. Демек, әдеби пікір алысу арнайы ұйымдастырылған.

Сәбеңнің мақаласында әдебиетке таптық ұстаным тұрғысынан келіп, пролетариат әдебиетін дамыту ұсынылды. Оған жоғарыда аталған авторлардың барлығы дерлік қарсы шығып, пікір таластырды. Осы кезде Мұқановтың айтарлықтай белсенділік танытып, жалғыз өзі бірнеше мақала жазып, әдеби айтыстың көрігін қыздыра түскендігі көрінеді. Әдеби пікірлері түгілі есімдерінің өзі күні кешеге дейін көпшілікке беймәлім болып келген азаматтардың осы айтыста білдірген кейбір ойларына, сөз саптауларына назар айдарайық.

Қ.Кемеңгеровтің "Анда-санда көркем әдебиетің "басын бір ауыртып"қоюшы едік. Толғағы жеткен мәселеғой, бұл жолы көркем әдебиет туралы бір пікір деп, Сәбиттің көзқарасына қарсы жазып отырмын" – деп бастаған жолдарында айналсоқтамай, мәселеге бірден иірісіп, Мұқановтың пікіріне қарсы жазып отырғаны ашық айтылады. Жай емес, юормен, шымшып айтқан. "Сәбит өзгені көрмесе де Бейімбет пен Сәкенді көруі керек еді", "Қарткожа" сияқты романды көруі керек еді. "Бірен-саран Мағжанның өлеңдеріне қарап, сарыуайым төгудің қисыны жоқ", "Сәбиттің үлкен уайымының бірі – "ұлтшылдардың көркем әдебиеті көп басылып кетті", "Мағжанның ол өлеңді жазуына тарихи себеп бар шығар", "...талғайлар Мағжандай болғысы келеді, бірақ талантында кемістік болатын шығар" – деген сияқты тіркестерде Қошкенің пікірлері әсерлі де түсінікті түрде дегеніне дәл жетіп тұр. "Ұлт" деген сөзден қорықпауды ұсынады.

Ы.Мұстанбайұлының да парасатты әдебиетші, шебер сыншы, ойын өрнекті жеткізе білетін нағыз айтыскер әдебиетші екендігі көрінеді. Ыдырыс Сәбиттің пікірлеріне тым қатты шүйілгеді. Әсіресе, "Біздің таластарымызда" қарсыласын тұқырту үшін кекету, мұқату сияқты артық-кем тәсілдерге дейін барған. Шекспир, Гоголь, Тургенев, Достоевский жайлы айта келіп:

"Егерде бұларды Сәбиттің сынына салсақ, қорқамын: бір тиынға жарытпас еді. Себебі, бұлардың ішіндегі әңгімелер өңшең патшалар, корольдар, жын-шайтандар, не аруақтар туралы болып шығады"[430] деп, таптық ұстанымның дәйексіздігін көрсетеді.

Ы.Мұстанбайұлының әдебиет жайлы көзқарасы мына жолдардан байқалады: "Тарихта жалғассыз еш нәрсе жоқ. Қазақтың бұрынғы кәкір-шүкір әдебиеті болсын, орыс әдебиеті болсын Абайға азық болды, олар барып Абайды туғызды. Абай болған соң, Байтұрсынов болған соң, бұл күндерде Сәбит шықты". Автор Сәбиттің әдебиет жайлы, Абай туралы пікірлерін түгелдей жоққа шығарып, жоғарыдағы пікірлерін нығарлай түседі. Мақала бастан-аяқ айтысқа құралып, қарсыласын мейлінше мойындата түсуді мақсат тұтқан. Ыдырыс шебер боксшы сияқты ылғи да ұрымтал тұстан "ұрады". Сол кездегі қаламгерлерді дау-дамайлардан аулақ болып, шығармашылықпен айналысуға шақырады: "Горький отыра қалып бәріне жауап жаза бастаса, шашы ағарар еді. Айтыстан басқа түк бітірмес еді. Жазу далада қалар еді".

"Ал, біздің ақындарға келсек, өздері ақын, өздері сыншы – бірін-бірі мақтайды, бірін-бірі боқтайды. Бұл не деген сұмдық?". Әдеби айтыс туралы Ы.Мұстанбайұлының пікірі осылай келсе, С.Сәдуақасов "Меніңше, айтыс үшін уайым жеуге болмайды. Айтыс жаңа пікір, жаңа ой туғызады. Қазақ әдебиеті өзгеден өлсе де айтыстан өлмейді. Қазақ әдебиетін сынау керек. Сынайтын уақыт жетті. Қазақ әдебиеті ақсаса, сынның көптігінен емес, дұрыс сынның жоқтығынан ақсап отыр"[431] – деп, қызу қуаттайды. Смағұл да әдебиетті бағалау туралы толымды пікірлер білдірген. "Қайткенде де мен Мағжанды "доңыздатып, қоңыздатушыларға" қарсымын", – деп, өз ойын ашық айтады. Басты мәселе – әдеби мұраға көзқарас хақында да парасаттылық танытады. "Сәбит жолдас "Еңбекші қазақта" басылған мақаласында "қазақ әдебиеті өзінен өзі үлгі алатын дәуірге жеткен жоқ" дейді. Неге жеткен жоқ? Жетпесе, қашан жетеді?

Қазақ әдебиеті өткеннен де, қазіргі халімен де үлгі тәжірибе ала алады. Өзінен-өзі үлгі алатын дәуірге әбден жетті. Тегінде өзінен-өзі үлгі ала алмайтын әдебиет болуға тиіс емес. Өткенді ұмытып, өткеннің бәрін мансұқ қылып тастағанда, жаңа қайдан өспекші.

Сондықтан біз ескі мұрадан жерімейміз. Ескі мұраның жарайтынын аламыз, жарамайтыны қалады.

Абай да – ескі мұра. Бірақ, Абайдан қалған мұраның көбі әлі ескірген жоқ. Әлі де қазақ ақындары Абайдан шеберлікке үйренуі керек".

Сол кезде-ақ қазақ қаламгерлерінің бірсыпырасы керітартпа, ескішіл деп айыптала бастаған болатын. Смағұл бұған үзілді-кесілді қарсы шығады. Қазақ әдебиетін шолып, оның көрнекті өкілдерінің шығармашылықтары жайлы ойларын ортаға салады. "Жүсіпбек пен Мұхтарды жоқ қылу осы күнгі қазақ әдебиетінің бір қолы мен бір аяғын кесіп тастаумен бір есеп" – деп ашық жазады.

Автор қазақ әдебиеті үшін шеберлік жолында көп іздену қажеттігін алға қояды: "Орыс әдебиетінен үлгі алу керек, бірақ өзіміздің қазақтың тарихынан да жиренуге болмайды. Қазақ тарихы бізге үлкен үлгі... қазақ әдебиеті

балалық күйінен асып есеюге бет қойды". Бұл жолдарда қазақ әдебиетінің болашағына деген үлкен сенім бар. Мақала оптимизмге, үмітке, тілекке толы мынадай пікірмен аяқталған:

"Қазақ әдебиетіне толық сын керек. Сынағаннан әдебиет ақсамайды, қайта сынның жоқтығынан әдебиетті тот басады. Жазушының қайрағы – сыншы. Көркем әдебиет шын өмірді жазсын. Сыртқы түрі көркем, әдемі болсын, ішкі маңызы қазақ елінің ұлт теңдігі, еңбекші табының үстемдігі болсын".

Жалпы осы әдеби айтыста қазақ әдебиетінің өткені мен қазіргісі жайлы талай-талай қызықты пікірлер айтылды. Өкінішке орай, бұлардың жүзеге асуын тағдыр жазбапты: әдебиеттің таптығы, партиялығы ұстанымына негізделген ресми бағытқа қайшы келгендіктен де алдына тосқауыл қойылды. Әдеби пікіралысудың барысында айтылған небір тамаша ойлардың ғылыми көркемдік процесте жүзеге асырылуына жол берілмей, жұмысшы табының мүддесін қорғайтын таптық әдебиетке қолдау көрсетілді.

Жиырмасыншы жылдардағы идеялық бағыттағы әдеби айтыстар "жікшілдік" туралы айтысқа ұласты. Бұл сол кездегі Өлкелік партия комитетінің белгілі бір саяси мақсат көздеп, тікелей ұйымдастыруымен өткізілді. Партия комитетінің пленумында әдебиетшілер арасында жік бар, әдебиетіміздің кенжелеп келе жатқан себебі – осы жікшілдік деген сын айтылған болатын. Жазушылар арасындағы "жікті" әшкерелеуге арналған Ғ.Мүсіреповтің "Әдебиеттегі жікшілдікке қарсы"[432] мақаласынан соң Мұсаұлы Әйтікенің,[433] Ілиястың,[434] Сәбиттің[435] пікірлері жарияланды. Бұл мақалалар әдеби пікіралысуды өнімсіз өңірге, жалған жолға бұрып, әдебиетке көмектеспек түгілі, керісінше қаламгерлердің шығармашы-лығына кедергі келтіріп, күшті ойдан шығарылған жасанды дауға жұмсауына, сөйтіп ең соңында жазушылардың арасындағы қалыпты жағдайдың бұзылып, алауыздықтың өршуіне әкеліп соқтырды. Айтыс кезінде бір-біріне қатты кетушілік, дөрекілік, намысқа тиюшілік, барынша қаралау орын алды. "Жікшілдіктің" түп-тамырын "әшкерелеуде" оған саяси мән беріліп, "ғылыми тұрғыдан" талқандауға әрекет жасалды. Ғабит, Сәбит, Ілияс сияқты азаматтардың өзі бірін-бірі саяси тұрғыдан айыптап жатты. Етектей-етектей көлемді мақалаларда "жікшілдікке" барынша шабуыл жасалды. Мысалы, Сәбеңнің мақаласы кіріспесі мен қорытындысы бар бес тараудан ("Жік туралы, "Жансүгіровпен "жігіміз", "Бәйділдәулымен "бірлестігіміз", "ҚазАПП туралы", "Шығармалардағы қатарлар", "Сәкен туралы") тұрады.

Айтыс мақаланың екінші түрі негізінен әдебиеттің көркемдік мәселелеріне арналып жазылады. Мұндай мақалаларды қаншалықты "таза көркемдік" аңғімелегенмен де оның идеялық жағымен қатар жүретіндігі тағы бар. Сондықтан да бұл екеуін бөле жармай, көркемдік-идеялық мәселелерді қозғаған айтыс мақалалары деген де жөн. Айтыс мақаланың алғашқысында негізінен саяси-идеялық, екінші көркемдік мәселелер қатыстырылады.

Әдебиеттің белгілі бір көркемдік мәселесін, немесе нақтылы бір шығарма жайлы пікір алысулар әдетте сынның өрістеуіне қолайлы жағдайлар болған, көркем әдебиеттің дамуына кеңірек жол ашылған, шығармашылық еркіндікке мүмкіндік беріліңкіреген тұстарда өтеді. Мысалы, әдебиетіміздің дамуындағы жемісті кезең болып табылатын отызыншы жылдарда бірсыпыра әдеби айтыстар ұйымдастырылды. 1935 жылдың желтоқсанында Б.Майлинннің "Шұғасы" мен С.Мұқановтың "Теміртасы" жайлы пікіралысу өтті. Алдымен, әдеби жиында басталған пікірлер кейіннен баспасөз бетінде жалғасты. "Шұға" туралы Р.Жаманқұловтың, Қ.Өтеповтің, Ғ.Тоғжановтың, Е.Ысмайыловтың, "Теміртас жайлы" А.Лекеровтің, Е.Ысмайыловтың, Қ.Жұмәлиевтің, Ж.Сыздықовтың, Қ.Өтеповтің, Ғ.Тоғжановтың пікірлерінде осы шығармалардың жетістіктері мен кемшіліктері жайлы ортаға салған ойлар баршылық.[436] Бір айда екі кітап жайлы дискуссия жүруі, бір жағынан, сынның шапшаңдығын көрсетсе, екінші жағына, асығыстық, науқаншылдық та байқалады. Артынша І. Жансүгіровтің поэмалары хақында да талқылау өтті. Қ.Қуанышевтің, Қ.Әбдікадыровтың, Ә.Тұрманжановтың, Ә.Қоңыратбаевтың, Е,Ысмайыловтың, Қ.Өтеповтің мақалаларында артық-кем жақтарымен бірге Ілияс поэзиясының көркемдік қуаты, әсіресе, иілөрнегі орынды аталып көрсетіледі.[437] Осы мақалаларда түрпайы социализмнің әсері де байқалмай қалған жоқ.

Бұл айтыс мақалалары жекелеген шығармалар, қаламгерлер жайлы болса, әдебиеттің теориялық мәселелеріне арналған пікіралысуға 1936 жылы көкек айында өткен қазақ әдебиетіндегі формализм мен натурализм жөніндегі дискуссияны жатқызуға болады. Айтыс алдыңғылардай емес, ауқымы кең, жалпы қазақ әдебиеті жайлы кеңінен пікіралысуға ұласты. "Қазақ әдебиеті" газетінде (1936, көкек, мамыр) М.Әуезовтің, Ә.Лекеровтің, Қ.Қуанышевтің, Қ.Өтеповтің, Р.Жаманқұловтың, Е.Ысмайыловтың, Ә.Тәжібаевтың, Ә.Тұрманжановтың, т.б. пікірлері әртүрлі формада берілген. "Лекерұлы Әзімбай жолдастың баяндамасының" ("Қ.Ә.", 25.IV.1936), "Жамәнқұлұлы жолдастың сөзі" (сонда), "Мұхтар жолдастың сөзі" (сонда) түрінде, ал енді біреулері жеке мақала түрінде (Е.Смайылұлы. Челюскин образы жасалған жоқ, "Қ.Ә.", 25.IV.1936; Ә.Тұрманжанұлы. Үлкен әдебиет үлкен мәдениет арқылы жасалады; Ә.Тәжібайұлы. Адал сырым) орын алған. Айтыс материалдарын топтап беруде бірізділіктен арылуға ұмтылушылық байқалады. С.Сейфуллиннің "Қызыл сұңқарлар" (1936) пьесасы мен С.Мұқановтың "Жұмбақ жалау" (1938) романы жайлы да көрінді. Бұларда мәселе нақтылы қойылып жетістіктер мен жетіспеушіліктер бүкпесіз айтылды. Нақтылы шығармалар жайлы айтыс мақаланың қаламгерге берері мол. Әр жазушы айнадан көргендей, көркем туындысын оқырман әдеби қауым қалай қабылдап жатқанын сезінеді. Дұрыс пікірге құлақ асып, артық-кем болса да ой сарабынан өткізіп қортынды шығарады. Мысалы "Жұмбақ жалау" жайлы пікіралысудың соңында автордың өзі С.Мұқанов та қалыс қала алмай, осы

айтыс туралы жалпы көркем әдебиет оның ішінде роман жайлы ойларын бүкпесіз ортаға салған.[438] "Жұмбақ жалау" жайлы айтылған пікірлерді ескере отырып, кейіннен қайта жазылған "Ботагөз" романы өмірге келді. Әдеби сынның әдебиетке тікелей әсері, көмегі дегенге айқын мысал бұл.

* * *

Бір ғана идеология үстемдік құрып, әдебиетке таптық көзқарас өріс алып тұрған кеңестік кезеңде әдеби сынның кең тыныстап, бой жазуына, түрлі көзқарастардың жарыққа шығуына онша жол беріле бермеді. Көбіне әдеби пікірлер тек бір жақты, яғни коммунистік партиялық бағытта ғана жүрді де басқаларының алдына бөгет қойылды. Әдеби сын компартияның әдебиеттегі қолшоқпарына, жазалаушы құралына айналды. Әдебиетке пікір айтудың орнына көркем шығармалардағы түрлі "ауытқушылықтарды" аяусыз сынаған қаламгерді, оның шығармасын идеялық тұрғыдан жарамсыз етіп шығарған, "әшкерелегіш" мақалалар түрі көрінді. Мұндай мақалалар алдына белгілі бір саяси мақсат тұтқан түрлі коммунистік науқандар кезінде көптеп жазылды. Мысалы, отызыншы жылдардың бас кезі мен соңында қазақ баспасөзі бетінде саяси "әшкерелегіш" мақалалар қаптап кетті. "Көркем әдебиеттегі қателер және сапасыздықтар туралы" ("Қазақ әдебиеті", 9.IY, 1937), "Қазақ жазушыларының арасындағы есуастық дерттерге қарсы" ("Социалистік Қазақстан", 28.YI.1937), "Жинақтар туралы, немесе алашордашыл контрабанданың бір түрі туралы" ("Социалистік Қазақстан", 8.YII.1937), "Большевиктік өзара сынды өрістетейік" ("Социалистік Қазақстан", 16.YII.1937) "Әдебиеттегі троцкист-бухариншіл ұлтшыл-фашист зиянкестерін жеріне жете құрту керек" ("Қазақ әдебиеті", 13.YIII, 1937), "Жазушылар ұйымындағы ұлтшыл-фашист жаулардың зиянды зардабын біржола құртайық" ("Қазақ әдебиеті", 8.X. 1937), "Әуезовтің сөзі менісі неге бір жерден шықпайды?" ("Қазақ әдебиеті", 20.X. 1937), "Халық жауының жетегіндегі жазушы" ("Қазақ әдебиеті", 15.X. 1937) сияқты қазақ әдебиетіндегі "ұлтшылдықты" әшкерелеуге арналған мақалалар ызғар шашып тұрғандай. Кейіннен осыларда сыналған қаламгерлер "халық жауы" атанып, саяси тұрғыдан құдаланды: көпшілігі "қызыл қырғынның" құрбанына айналды.

Соғыстан кейін "Профессор М.Әуезов өткендегі қателіктер шырмауында" ("Социалистік Қазақстан", 14.III.1947) деген мақала жарық көрді. Мұнда ұлы жазушының ғылыми-зерттеушілік, жазушылық, ұстаздық қызметінің барлығы теріске бағаланып, керітартпа, ұлтшыл аталды. М.Әуезовпен бірге Е.Смаилов, Ә.Тәжібаев, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Мәметоваларда теріс жолда деп көрсетілді.

"Әшкерелегіш" мақалалардың тағы бір көрінген кезі – елуінші жылдардың басы. Әдебиеттегі "ұлтшылдық сарынды" әшкерелеуді тағы да сынның алдына міндет етіп қойды. Бұл жолы нысанаға аса дарынды ақын Қасым Аманжолов ілінді. "Қасым Аманжоловтың өлеңдеріндегі жат сарын" ("Ленинші жас", 16.IX.1951), "Қасым Аманжолов творчествосындағы жат пікірлер" (Әдебиет

және искусство", 1951, № 10), "Бір ақынның творчествосындағы идеологиялық бұрмалаушылық" ("Социалистік Қазақстан", 23.XI.1951) сияқты мақалаларда ақын поэзиясының негізгі идеялық мазмұны теріске шығарылды. "Әкімшіл-әміршіл жүйенің тұсында қызыл идеологиядан жәбір-жапа шегіп, жазықсыз құғын-сүргінге түскен әдеби дарындардың бірі – Қалижан Бекхожин еді".[439] "Хандардың жоқтаушысы" ("Социалистік Қазақстан", 7.III.1947), "Қалижан Бекхожин шығармаларындағы ұлтшылдық сарын" ("Социалистік Қазақстан", 22.VII. 1951), "Қалижан Бекхожин шығармаларындағы буржуазияшыл ұлтшылдық" ("Әдебиет және искусство", 1951, № 10), "Тағы да Қалижан Бекхожин творчествосындағы қателіктер туралы" ("Лениншіл жас", 12.12.1951) сияқты әшкерелегіш мақалаларда ақын шығармашылығы барынша саяси соққыға алынды.

Бұл кезде саяси қырағылық танытқандар М.Әуезовті де назардан тыс қалдырған жоқ. "Абай жолы" романындағы идеялық кемшіліктер, ұлтшылдық сарындар көрсетілген мақала жарық көрді.[440] Романға қойылған басты кінәлар: тап күресі көрінбейді, есесіне рулар арасындағы қақтығыстар бар; феодалдық-патриархалдық әдет-ғұрыптар көп суреттеледі; еңбекші халық өкілдері көрінбейді, т.б.. Нәтижесінде М.Әуезовтің бұрыннан келе жатқан "ұлтшылдық" қоңырауы тағы да қағылып, жазушы өміріне қара бұлт үйірілді.

"Әшкерелегіш" мақалалардың соңғы объектісі жетпісінші жылдары І. Есенберлин мен М.Мақатаев болды. Ілиястың тарихи романдары мен Мұқағалидың жалынды жырлары "коммунистік көзқарастар стандартына" сия бермейтін еді. Сондықтан да оларға міндетті түрде идеялық соққы берілу тиіс болатын.

Қазіргі тоталитарлық тұтқыннан босап, егемен ел болып, еркіндікке шыққан заманда әдебиеттің, әдеби ой-пікірлердің дамуына барлық жолдар ашылды да әшкерелегіш мақалаларға орын қалмады. Мақаланың бұл түрі компартия билеген социалистік қоғамның көркем әдебиетке жасаған қиянатының бірден-бір көрінісі ретінде тарихта қалды.

Мақаланың сирек те болса кездесетін тағы бір түрі – ескертпе-мақала. Ескертпе мақала немесе, әдеби жиында айтылған пікірлерге байланысты жазылады. Автор айтылған пікірлердің кейбіреуіне қосылмауы, немесе қосымша түсіндірме, анықтама, толықтыру беруі ықтимал. Яғни, ескертпе мақала мақаладан туындаған – мақала, пікірден туындаған – пікір. Мұндай мақалада бұрын айтылған пікір қошталып, дамытыла түседі; қосымша мәліметтер келтіріліп, айтылған жәйт кеңейе, тереңдей береді. Ескертпе болса, алғашқы пікірді жоққа шығару үшін міндетті түрде өзіндік дәлелдерін келтіреді. Кейде қарсы сұрақтар қойып, оған жауаптар күтеді. Яғни, нақтылы бір мәселе бойынша пікіралысу жалғастырылады. Ескертпе мақалада айтыстық сипат, пікір жарыстыру басым. Сондықтан да айтыс мақаланы кейде ескертпе мақалаға да жатқызуға болады. Мысалы, С. Мұқановтың "Ғабитке справка" ("Еңбекші қазақ", 13.XII. 1930) атты мақаласы, бір жағынан, тақырыбынан да көрініп тұрғандай, Мүсіреповтің кейбір пікірлеріне ескертпе, анықтама ретінде жазылса да қамтыған мәселесінің ауқымдылығына, көлемділігіне орай айтыс мақалаға да жатады. Демек, ескертпе мақаланың айтыс мақалаға айналып кетуі жиі кездеседі. Оларды бөлудің өзі де шартты түрде.

"Ақжолда" (3.IV.1924) басылған "Жақындық па, жалақорлық па?" атты мақалада (авторы – Тоқлақ) "Еңбекші қазақ" газетінде жарияланған "Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы" атты материалдың басында бір, аяғында басқа фамилияның жазылғанын ескерте келіп, "шын авторы кім?" деген сауал қояды. Мақалада айтылған кейбір ойларға қосылмайтындығын аңғартып, бұл пікірлер кімдікі дейді. Автор кейбір ойларға нақтылай түсуді ұсынады. Ол – бірнеше мәселенің төңірегінде. Яғни, ескертпе мақала нақтылы мәселелерге қайта айналып соғып, ой өрбітуді, пікір таластыруды қалап отыр. Бұл жерде ескертпе бірнеше мәселе жайлы болып отыр.

З. Ахметовтің "Білімділен шыққан сөзі" – ұлы Абайдың 150 жылдық тойына арналып жазылған мақала. Бірақ, ғұмырнамалық, мүшелтой мақала емес. Абайтанудың бір-екі мәселесіне ғана қатысты пікір білдірген проблемалық сипатты ескертпе мақала. Мақаланың жазылуына Н. Ғабдуллиннің "Абай сөзді бұлай саптамаса керек" ("Егемен Қазақстан", 19.X.1933) деп, ақын аудармаларының ішіндегі бесеуінің авторы Абай екендігіне күмән білдіргені себеп болған. Автор Абай тәржімаларының түпнұсқадан алшақтау шыққан тұстарына байланысты өз пікірлерін ұсынған: "Абай Крылов мысалдарын дәл аударып, оның құрылыс-қалпын сақтауды мақсат етпеген, сюжетін еркін баяндап, көшірме аударма емес, қазақ тілінде төл тума туынды болып шығатын сарындас аударма беруді мақсат еткен, "...сол өлеңдердің дәл қазіргі қалыптасқан мағынадағы аударма емес екенін, кейде дәлме-дәл, бара-бар аударма емес, сарындас еркін аударма болып келетінін, сондықтан түпнұсқадан алшақ түскен жері олардың кемшілігі емес екенін еске алғаны абзал".[441] Сонымен бірге ақынның "Масғұт" поэмасында М. Әуезовтің "Абай жолы" дәуірнамасындағы Құнанбай мен Абайға қатысты кейбір ойларын да ортаға салған. Мақалада Абай төңірегіндегі кейбір пікірлерге қарсы шығып, пікір таластырушылық бар; сонда да айтыс мақала емес. Мақалада өткір пікір таластырудан гөрі, өз ойларын ешкімнің шамына тимей, мәдениетті түрде, сыпайы жеткізе білгендіктен де парасатты проблема көтерушілік бар.

Жазушы Т. Қажыбаевтың "Аңшының әні кімдікі?" атты мақаласы А. Түгелбаевтың "Аңшының әні" туралы пікіріне қарсы "Дауым бар" деген айдармен жарияланыпты. А. Түгелбаев осы әннің авторы Үкілі Ыбырай емес деген болжам айтқан болатын.[442] Т. Қажыбаев көптеген деректерді келтіре отырып, бұл әннің Ыбырайдікі екендігін дәлелдейді.[443] Мақалада айтыстың сипат, пікір таластыру болғанымен де ескертпе мақала дәрежесінде көрінген.

Мақаланың жиі кездесетін тағы бір түрі – ғұмырнамалық, яғни жекелеген жазушыға арналған мақала. Бұлар әдетте белгілі бір әдеби датаға, оқиғаға

байланысты жазылатындықтан да мүшелтой мақала деп те аталынады. Бұл жерде мүшелтой мақала мен шығармашылық творчестволық портрет екеуінің арасындағы ұқсастық айқын көрінеді. Екеуінің де объектісі – жекелеген қаламгер. Басты айырмасы: мүшелтой мақала негізінен белгілі бір датаға, әдебиеттің тарихи қайраткерлеріне, ал шығармашылық портрет көбіне көзі тірі ақын-жазушыларға арналады. Екіншісінде, қаламгерлік келбетті жасау басты мақсат тұтылса, ғұмырнамалық мақалада ақын, не жазушы мұрасының бір ғана саласы, бір ғана мәселесі сөз болуы мүмкін; не жалпы өмірбаяны мен шығармалары жайлы қысқаша мағлұматтар берумен шектелінеді. Мүшелтой мақала әдебиеттің бұрын өткен қайраткерлері жайлы болғандықтан да көбіне зерттеушілердің қаламынан шығып, ғылыми сипат танытады. Сол себепті де оны зерттеу мақала деп атауға да болады. Мұндай мақала әдебиет алыптарының халыққа сіңірген тарихи еңбектеріне арналғандықтан жағымды тұрғыда жазылады. Солай бола тұра әдеби қайраткердің басынан өткен кейбір қайшылықтарды ескерте кетуді де жоққа шығармайды.

Жекелеген әдеби қайраткерлер хақындағы мақалалар қазақ баспасөзі бетінде алғаш қазанама (некролог) түрінде көрінеді. Алтынсарин[444], Уәлиханов[445] жайлы мақалалар олар қайтыс болған соң жазылды. Ы.Алтынсариннің бұл өмірден өткені хабарланып, оның сіңірген еңбегі іске алынды. Ал, Шоқан туралы алпыс жасқа толуына орай жазылған. Ғалымның өміржолын, пайдалы қызметін шолып, таныстыруды мақсат еткен. "Баяннама" деп аталған бұл мақалада Шоқанның артында қалған жазба еңбектері жайлы әңгіме жоқ. Ә. Бөкейхановтың "Кәкітайы" даа қазанама-мақала түрінде жазылып, Абай мұрасын жинап, сақтаушыы ретіндегі еңбегін жоғары бағалаған.[446]

Қазақ әдебиетінің классигі Абай туралы алғашқы мақала орыс тілінде жарық көрді. Абай қайтыс болған соң, 1905 жылы География қоғамының Семей бөлімшесінің "Семипалатинский листогында" Әлихан Бөкейхановтың "Абай (Ибраһим Құнанбаев)" атты ғұмырнамалық (некролог түрінде) мақаласы жарияланды. Абайтанудың негізін салған бұл мақалада тұңғыш рет ұлы ақынның өмірбаяны беріліп, артында қалған мұрасы жоғары бағаланды. "Өлеңдерінен көрініп тұрғандай, Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ"[447].

М. Дулатовтың 1908 жылы "Уақыт" (338) газетінде жарияланған "Ибраһим ибн Құнанбаев" атты мақаласының жазылуына осында "Лермонтовтың М.М. әпендінің аударуымен "Жалғыздықта" деген өлеңінің жариялануы себеп болған. Міржақып "Ибраһим Құнанбаевтың Лермонтовқа іңкәр болып, орыс әдебиетінің гүл шоқтарын өз тілінде сайратқаны жайлы әңгімелеген. Мақала қысқа ғана. Ақынның 59 жасында қайтыс болғаны, араб, парсы, түрік, қалмақ, орыс тілдерін білген ғұлама ақын екендігі, шығармалары әлі басылып шықпағандығы жайлы айтылған.

Ғұмарнамалық мақалалар тек даталарға байланысты емес, басқа да кездерде жазыла береді. А.Байтұрсыновтың "Қазақтың бас ақыны"[448] ешқандай әдеби оқиғаға қатыссыз, бірақ уақыттың, рухани өмірдің талабынан туындаған мақала. Мақалада Абайдың ақындық болмысы анық көрінеді: "онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ". "Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың", "Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады", "оған оқушылар түсінбесе, ол Абайдың үздік, ілгері кетіп, оқушылары шаңына ере алмағанын көрсетеді. Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек".[449]

Абай туралы Ахмет жазу керек болған соң жазса, Міржақып ақынның қайтыс болуына он жыл толуына мақала арнады: "Бүгін атақты қазақ ақыны марқұм Құнанбаев опатына дәл он жыл толды. Егер Абай қазақтан өзге оразды жұрттардың бірінің ақыны болса, сегіздегі баласынан сексендегі шалына дейін түгел атына қанық, сөзімен таныс болар еді, елі туғанына сүйініп, өлгеніне тегіс күйінер еді".[450] Мақаланың публицистикалық сипаты басым. Ғұмырнама мақалаға ғылыми парасаттылықпен бірге бүгінгі күн мұқтажын білдіретін публицистикалық сарынның да аса қажеттігіне дәлел мұнда Абай туралы естігендерін, ойларын айта отырып, ақын мұрасының халқымызға аса қымбаттығын барынша насихаттаған:

"Абай сынды ақынның қадірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды, себебі – қазақ басқа жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы тарихи әдебиеті жоқтықтан. Тарихи әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып жоқ болады. қай жұрттың болса да жаны – әдебиет, жансыз тән жасамақ емес. Қайдан өрбігенін, қайдан өскенін, ата-бабалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа бұл талас-тартыс, тар заманда арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалу, мұнан кейінде шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмтылуы ықтималы, қазақ жоғалу, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей" (сонда, 250 бет). Бұдан сексен жыл бұрын жазылған бұл ойлар күні бүгін айтылғандай, халықтың болашақ қамын ойландырып, саңқылдап тұр. Иә, әдебиеті жоқ халық – жансыз жалық. "Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып жоқ болады". Біз осы жағдайды бастан кешірдік. Енді ел боламыз деп, еңсемізді түзеп жатқан мезгілде халқымыздың әдебиеті мен тарихы өз рухымызбен жазылуы тиіс.

Бастауын Шоқан, Ыбырай, Абай туралы қысқаша таныстырулардан алған мүшелтой мақалалар бұл күнде жанрлық жағынан жетілген, ауқымы кең, терең сырлы, көп қырлы күйге жетіп отыр. Ұлттық тарихымыздың өткен

кездерінде жасаған әдеби қайраткерлеріміз жайлы жазылған мақалалар көптеп көрінуде. Қазақ әдебиеті тарихының терең қатпарлары ашылып, бұрындары ел-жұртқа онша таныс емес не бір дүлдүл ақындарымыздың, қаламы жүйрік жазушыларымыздың әдеби мұралары рухани өміріміздің лайықты орындарын алды. Алдымен, Шәкәрімнің, Ахметтің, Мағжанның, Жүсіпбектің есімдері еліне оралса, соңын ала Міржақыптың, Мәшһүр Жүсіптің, Ғұмар Қарашұлының, Нарманбет Орманбетұлының, т.б. шығармалары да халқына жетті. 1993 жылы Қожа Ахмет Яссауидің, Бұхар жыраудың, Дулат Бабатайұлының, Шортанбай Қанайұлының, Мұрат Мөңкеұлының, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, Мағжан Жұмабаевтың, Ақан серінің, т.б. әдебиет алыптарының әртүрлі дәрежедегі мүшелтойлары болды. Бұл да – халықтың ұлттық, тарихи сана- сезімінің оянуының бір көрінісі. Осындай әдеби оқиғаларға байланысты жазылған көптеген мақалаларда олардың өмірі мен шығармаларына байланысты тың деректер ашылып, тұлғалары жарқырай түсті. Кейбір мақалаларда ақын шығармашылығы жалпылама әңгімеленсе, енді біреулерінде нақтылы қырлары тереңдей зерттелінуде. Бұл жерде мынаны ескерген жөн: жекелеген ақын-жазушының әдеби мұрасы жалпы қарастырылса, онда шығармашылық портретке, егер бір ғана жағы зерттелінсе, проблемалық мақалаға жақындай түседі. Қазір баспасөз бетінде Яссауи, Дулат, Шортанбай, Мұрат жайлы мақалаларда жалпылама таныстырушылық басым да, Сұлтанмахмұт, Мағжан жайындағыларда ақындық болмыстың жекелеген қырларын, мәселелерін тереңдеп зерттеушілік бағыт байқалады. Бұл алғашқыларының халқына әлі онша мәлім еместігіне байланысты оларды жалпы таныстыру қажеттігінен туындаса, соңғылары біршама белгілі бола бастағандықтан енді шығармашылық жақтарының түрлі көркемдік қырлары жан-жақты қамтып, ғылыми тұрғыдан пайымдау, бағалау міндеттерімен қатысты. Абайдың туғанына жүз елу жыл толуына арналып жазылып жатқан мақалаларда ақындық болмысқа жіті үңіліп, ғылыми байқаулар жасауға ұмтылушылық бар. Бұл айтылғандардан мүшелтой мақалалардың әсіресе әдебиеттің тарихын жасаудағы, ондағы үлкенді-кішілі қайраткерлердің көркемдік дамуға сіңірген еңбектерін бүгінгі күн билігінен танып білудегі аса маңызды қызметіне көз жеткіземіз.

Қазір мүшелтой мақалалар баспасөз бетінде жиі көрініп жүр. Солардың бір-екеуіне назар аударайық. Ә.Нарымбетовтің "Ғабит Мүсіреповтің қойын дәптерлері" атты мақаласы жазушының эпистолярлық мұрасына арналыпты. Жазушының шығармашылығы жайлы қаншама сын-зерттеулер өмірге келді. Сонда да сырбаз суреткер Ғабеңнің ашылмаған сырлары баршылық. Мақалада Мүсіреповтей қаламгердің азаматтық, адамшылық, творчестволық болмысын оның өзі әр кездерде, түрлі жағдайларда жазып жүрген күнделігі, жазбалары арқылы шебер бейнеленген. Жазушының өмір материалдарымен жұмыс істеуі, әдебиет, оның ішінде қазақ әдебиетінің

үлкенді-кішілі өкілдері, әдеби сын, көркем тіл, халқымыз, ұлттық тарихымыз жайлы айтқан түрлі пікірлері кімді болса да ойландырары сөзсіз. Мұнда жазушының кейбір болашақ шығармасының нобайымен, кейіпкерлерімен де кездесеміз. Мақала авторы жазушы жазбаларының ішінен бүгінгі әдебиетімізге, ұлттық рухани тіршілігімізге аса қажеттілерін ғана іріктеп алып, шебер "сөйлете" білген. Ғабең жазған кейбір өлеңдердің берілуі, тоқыраудың тоңы сірескен жылдарының өзінде де Мағжанның өлеңдерін қойын дәптеріне жазып жүретіндігі сияқты детальдар суреткердің қаламгерлік қырларын жаңа жағынан аша түскендей. Жазушы жазбаларына құлақ салайық: "Көркем әдебиет деген ең әуелі жанды сөз, тек сыртқы емес, ішкі сөз. Адам жанын қозғай алар құдіреті болмаса, төрт аяғын тең басқан өлеңмен де, сағымдай құлпырған қара сөзден де пайда жоқ. Көркемсөздің сұлулығы сағымдай құлпырмасын, өзендей толқысын".

"Мазмұн неғұрлым эмоция арқылы берілсе, кітап соғұрлым бағалы, тура айтылған мазмұн қаншама салмақты болса да ол көркемдік арқылы берілмесе, ол шығарма очерк, ол көркем әдебиетке қосылмайды".

"Шығарма ауырту керек, емдеу керек, қуанту керек, ренжіту керек; шығарманың бояулары ақ пен қара ғана емес, қызылы да, көгі де, сарысы да бар...".

Көркем тіл туралы: "Мағжан сөздің де, сөйлемнің де еңсесі бар сияқты сезіледі.

Сөздің де, сөйлемнің де салмағын да кірге салып өлшеуге болатын сияқты сезіледі.

Сөйлемнің еңсесі ой салмағында, сөздің еңсесі өзінде, өз сипатында".

Әдеби сын туралы:

"Идеялық жағынан жақсы, я жаман деген түк айтпағанға тең. Идеяны көркем әдебиеттің талап ететін шеберлігімен бере алған ба, жоқ па? Яғни, шеберлік жайын қоса айтпаған сын жарымжан".

Үзінділерді көп келтіре беруге мүмкіндіктің аздығына қарамастан, Ғабеңнің мына бір ойларына назар салмасқа болмас:

"Адам ойының ержетуі жас баланың ержетуінен анағұрлым ұзаққа созылады. Ал, енді тұтас бір қоғамның, не болмаса, ұлт ойының ержетуі ғасырларға кетеді".

"Қазақ деген ел – бостандық-азаттық сүйетін, даланы, таза ауаны, таза суды, таза көгалды сүйетін халық. Бұл кезде ол бұзылмаған ел (бұзыла білетін ел емес, бір бұзылса аяқ-қолын жинай алмай кетуі де мүмкін)".[451]

Мүсіреповтің өз халқының әдебиеті, тілі, ұлттық болмысын, ерекшеліктері жайлы асқан сезімталдылықпен жүрек шымырлата айтқан терең тыныстыойлары кімді болса да толғантары анық. Мақала авторының шеберлігі сол Ғабеңнің жазбалары мен ол туралы өз ойларын қатар беріп, өрбіте отырып, жазушының азаматтық-қаламгерлік биік тұлғасын "ішкі жағынан", яғни өз сөздері, толғаныстары арқылы сәтті сомдай алған.

Ә.Нарымбетовтің "Жырдың гүлін терген ақын"[452] мақаласы да мүшелтой мақалаға жатады. Қ.Бекхожиннің 80 жылдығына арналып жазылған мақалада ақынның шығармашылығы қарастырылып, өзіндік ерекшеліктері ғана сөз болады. Ақынның қазақ позиясындағы өзіндік орнын айқындауға ұмтылған.

Бір автордың қаламынан шыққан екі мақаланы салыстыра қарағанда, екеуінің екі түрлі бағытта жазылғандығы көрінеді. Біріншісінде, Ғ.Мүсіреповтің жұртқа танымал шығармалары мүлдем сөз болмайды. Автор көпшілікке мәлімсіз, баспа бетін көрмеген, өзі үшін ғана жүрек сырларын түсіріп отырған қолжазбаларын сөйлету арқылы жазушының автопортретін жасауды мақсат тұтқан. Ал, екіншісінде ақын поэзиясы қысқа да тұтас таныстырылған. Екеуінде де осындай мақалалардың көпшілігінде кездесетін өмірбаяндық мағлұматтар жоқтың қасы. Бұл мысалдардан мүшелтой мақаланың әдебиетіміздің тарихында өзіндік орны бар қайраткерлеріміздің бүкіл шығармашылығын қамтып та, не болмаса бір ғана қырына, мәселесіне арналып та жазыла беретіндігі көрінеді.

Мақаланың жоғарыда біз тоқталып өткен түрлері негізінен мазмұнына, қамту объектісіне, сипатына қарай анықталған. Сонымен бірге жазылу, берілу түрі (формасы) жағынан да ерекшеленетін жағдайы тағы бар. Көтеріліп отырған көркемдік мәселенің маңыздылығына, мәнділігіне қарай автор мақаласын нақтылы адреске – қаламгерге, ғалымға, сыншыға, оқырмандарға арнап жазады. Әдебиеттің зәру мәселесі жайлы пікірлесуге, бірлесе отырып шешуге шақырады. Қазақ әдеби сынының тарихында мақаланың ашық хат, жауап хат түрлері едәуір көрінді. Төңкерістен кейінгі әдеби айтыс мақалаларын мазмұнына қарай осылай атасақ, жазылуы жағынан көбі мәселе қойған, жауап күткен түрде орындалған. 1927 жылы "Екеудің"[453] "Көркем әдебиет туралы" ("Еңбекші қазақ", 1927, N187-188) мақаласы жарияланды. С.Мұқановтың "Байдың толғағы" "Екеудің" мақаласына қарсы жауап ретінде жазылған. Сәбиттің "Әдебиет туралы ашық хат" ("Кеңес ауылы", 1929, 6 ақпан), Сәкеннің "Қазақ әдебиеті туралы хат" ("Еңбекші қазақ", 1929, 26 желтоқсан), "Әдебиет мұрасы, қазақ жазушыларын орысша аудару туралы Ораз жолдастың хаттары" ("Әдебиет майданы", 1932, N1), "Исаұлы жолдастың хатына жауап", "Ескі мәдениеттік мұра туралы" ("Әдебиет майданы", 1932, N1) сияқты шағын мақалалар ашық хат, жауап хат түрінде жазылды. "Әуезұлы Мұхтардың хаты" ("Социалды Қазақстан", 10.VI. 1932) да осындай мақаланың бір түрі.

Отызыншы жылдардағы қазақ әдеби сынында баспасөз бетіндегі хат түрі біршама өріс алды. Сыншылар, қаламгерлер еркендеп келе жатқан әдебиетіміздің өзекті мәселелері жайлы бір-бірімен пікірлер жарыстырды. С.Мұқановтың "Майлин, Жансүгіровке ашық хаты" ("Еңбекші қазақ", 30.IX. 1930) екі үлкен әдебиет майталманын пікіралысуға шақырды. Сәбеңнің жиырмасыншы, отызыншы жылдары жазған біраз мақалалары ашық хат, жауап хат түрінде көрінді.

"Екі оқушының" (С.Ерубаев пен Р.Жаманқұлов) қазақтың көрнекті ақын-жазушыларына арнап жазған ашық хаттары мен оған берілген жауап хаттары мақалаларында бұл түрдің мүмкіндіктері барынша пайдаланып, аса маңызды теориялық мәселелер көтерілді. "Ақындарға ашық хаттың" алғашқысы С.Мұқановқа ("Социалды Қазақстан" 12.V. 1934), одан кейінгілері С.Сейфуллинге ("Социалды Қазақстан", 30.V. 1934), Б.Майлинге ("Социалды Қазақстан", 18.V. 1934) арналды. "Екі оқушы" сол кездегі қазақ әдебиетінің жай-күйі жайлы әңгімелей келіп, оның көрнекті өкілдерінің шығармаларында орын алып отырған кейбір жәйттер туралы өз ойларын бүкпесіз ортаға салады. Авторларын осы нақтылы мәселелер бойынша пікір білдіруін өтінеді. Бір-біріне ұқсамайтын үш қаламгерге шығармашылық ерекшеліктеріне қатысты сұрақтар қойылған. Сәбеңді поэма туралы әңгімеге тартады. Ақындар ескіні жақсы, жаңаны нашар жазады. Сіз де солайсыз. Мысалға, "Сұлушаш" пен "Көмір-коммунизм". "Неге бұлай?" – деп сұрайды. "Көзіңізге айту керек: қара сөзіңіз де әлі үлгілі түрге түскен жоқ. Әсіресе, "Екпіндіңіз" нашар шыққан. Өлеңде әлі көсіле алмай келесіз. Өлеңдеріңіздің саны көп болғанымен сапасына көңілді аз бөліп келдіңіз" ("Социалды Қазақстан", 12.V. 1930) – деп мәселені төтесін-ен қояды. "Қызыл аттың" кемшіліктерінің себептерін сұраған. Поэмаларында ат, поезд, аэроплан, тау, аққу, құлан, киік, марал сияқтылардың көп, ал адамның аз жырлануы, өлеңді қиғаштап жазып, бұзушылардың көбейіп бара жатқандығы, "Біздің түрмыс" романының ұнамағандығы, т.б. сөз болады. Осы төңіректе ашық пікірге шақырады. Б.Майлинге арналған хат "Мырқымбай қайда?" аталмаған. "Екеудің" Бейімбетке қояр талаптары бар: бұрын "өнімді жазушы" едіңіз. "30-шы жылдан бері сізден өлең оқи алмай кеттік. Мұның себебі не?" "Сіз не үшін айналсоқтап ауылдан шықпайсыз?" "Мырқымбай жақсы бейне... қазір Мырқымбай қайда?".

Баспасөз бетінде "Екі оқушының" сұрақтарына жауаптар көрінді. Бейімбеттің "Екі оқушыға жауабымда" ("Социалды Қазақстан", 12.VI. 1934) ашық хатта көтерілген сауалдарға ағынан жарылып берілген жауаптарды көреміз". "Жазып жүргеннің өзінде де мен сол өлеңдеріме тым қорашсынып қарайтын едім", "ҚазАПП-тың тұсында өлеңде рапорт көбейіп кетті. Бәрі "жасасын" болды. Сол 30-шы жылдан бастап мен өлеңді қойыппын". "Ауыл маңынан айналсоқтап шыға алмауым: бірінші, мен жете таныспаған" нәрсемді жазуға шорқақпын. Ауыл өміріне әріден таныспын".

С.Мұқановтың "Екі оқушыға" атты жауабы кәдімгі хат түрінде жазылып, соңында хат арнаған авторларға, ұйымдастырған "Социалды Қазақстан" газетіне алғыс білдірген. Жауапта өзіне қойылған сұрақтарға нақтылы жауаптар берілген. Жауапты толық беру мақсатымен өзіне, сол кездегі әдебиетке қатысты шығармашылық мәселелер кеңінен қамтылған. Жеті түрлі мәселе төңірегінде пікір білдірген көлемді мақала проблемалық, айтыстық сипатқа ие.

С.Ерубаев пен Р.Жаманқұлов мақаланың хат түрін жиі қолданған. "Осы сериялық хаттың публицистикалық сарында жазылуы, кемшілікті мінеп де сынай отырып көрсетуі ете орынды шыққан.[454] "Екі оқушының", "Ақындарға ашық хат", "Көркемөнер туралы хат" ("Социалды Қазақстан", 18.VI.1934), "Не айтар едің?" ("Лениншіл жас", 15.VI.1934) хат-мақалаларында қазақ әдебиетінің кемшіліктерін жоюға шақырды. "Жақан, Өтебай, Самат, Ғалым, Мәжит жолдастарға арнап жазылған соңғы мақала шағын көркем әңгіме дерлік. "Балалар әдебиетін өркендетейік" дегенді автор әкесі мен баласының арасындағы әңгіме түрінде, диалогтармен әсерлі жеткізе алған.

Бұл мысалдардан мақаланың мұндай түрлерінде ашық әңгіменің белгілі әдебиетшілер арасында көбіне нақтылы мәселелердің төңірегінде болатындығы байқалады. Сын белгілі адреске бағышталғандықтан да сыналып отырған қаламгердің айтылған сынға жауап жазбасқа лажы жоқ. Ашық хат, жауап хат түріндегі мақалаларда әдеби сынның жауынгерлігі, пәрмеңділігі, өткірлігі, күрескерлігі, нақтылығы, нәтижелілігі арта түсті.

Хат түріндегі сыни мақалаларды қазақ әдебиетшілері сирек те болса қолданып жүр. Мысалы, елуінші жылдары Мәлік Ғабдуллин Әуезовке баспасөз арқылы ашық хат жазып, қазіргі қазақ поэзиясы жайлы пікір алысуға шақырды. Мәлік көп ақынның өлеңдеріне көңілі толмайтындығын, ұлттық сипаттың жетіспейтіндігін ашық айтты. Мұқаңның "Мәлік Ғабдуллинге жауап хаты" "Қазақ әдебиетінде" (11.XI.1956) жарияланды. Әуезовтің мақаласында жалпы қазақ поэзиясының өзіндік даму ерекшеліктері жайлы өз ойларын бүкпесіз ортаға салушылық бар. Мәліктің кей пікірлеріне қосылмайтын жерлерін де жасырмайды. Нәтижесінде, ұлттық поэзиямыздың жай-күйін аңғартатын елеулі пікірлер айтылды.

Сексенінші, тоқсаныншы жылдары мұндай мақалалар баспасөз бетінде мүлдем сирексіп кетті десе де боларлық. Әйтеуір, жоғалып кеткен жоқ. "Лениншіл жас" (23.V.1987) газетінде Серік Ақсұңқарұлының "Ағысқа қарсы немесе ашық хаты" жарияланды. Мұнда бүгінгі поэзияның жай-күйі, әдебиетке қамқорлық, сұрқайылыққа қарсы күрес жайлы нақтылы пікіралысуға, ойын ортаға салуға шақырады. Осы газет бетінде (19.VIII.1987) Қадырдың "Талант тағдыры" атты жауапхаты шықты. Көлемді мақала Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының иегері ақын Қ.Мырзалиевтің жалпы әдебиет, ұлттық поэзиямыз жайлы ағынан жарылған пікірлеріне толы. Қазақ өлеңі қайтсе көгереді деген басты сауалға орыс, қазақ әдебиетінің өткеніндегі тағлымды тұстарынан көптеген мысалдар келтіре отырып жеткізген толғақты ойларын қызыға оқисыз. "Басқа жаққа бұра тартар қасиеті жоқ, мәселені төтесінен қойып, нақтылы мәселе жайлы нақтылы пікір қозғайтын осындай мақалалардың бүгінгі әдеби сынымыз үшін қажеттілігі зайыр.

Мақаланың тағы бір түрін мақала-толғаныс деп атауға болады. Жазушы Ғ.Мұстафиннің "Жазушының жөні бір басқасын" осыған жатқызуға болады. Жастар газетінің өтінішімен жазылған мақалада төл әдебиетіміз, жазушылық өнер, әдеби өмір жайлы өз ойларын ортаға салған. Шығармашы-лық жолын енді бастаған қаламгерлерге арнап айтқан жүрекжарды толғанысы, аға жазушы ретінде кейінгі ізбасарларына қалдырған әдеби өсиеттері іспеттес. "Алғашқы айтарым, әдебиет – кәсіп емес... Жазушылық оқу бітірумен, немесе мықты тіректің қолдауымен, күшті білектің жолдауымен келетін іс емес, о баста табиғаттың басына салып жіберген дәнімен келетін нәрсе. Ыстық жүректің отымен, сезім байлығымен қолға түсетін құс. Талант – сирек кездесетін қоғам байлығы деуіміздің сыры да осында. Әдебиеттің қасиеті оңай көрінгенмен, оның басына шығуға үлкен күш, шыдам керек"[455] – деген сияқты жолдарға сөз өнерін қасиетті санаған сарабдал суреткердің сезім сырлары көрінеді.

Түрлі кітаптарға, басылым беттерінде жарияланған әдеби шығармаларға берілетін, алғы сөз, соңғы сөздерді де мақаланың түрлеріне жатқызуға болады. Бұлар бір ақын-жазушылар жөнінде мүшелтой, той мақала, немесе шығармашылық портрет, зерттеу не ескертпе мақала, не түрлі жинаққа жазылған шолу, проблемалық мақала, т.б. сипатта болуы мүмкін. Бұл жерде алғысөз, соңғы сөз терминдері әдеби шығармалардың алдында, не соңында келуіне байланысты екендігі белгілі. Соған байланысты кейбір ерекшеліктері де бар. Дегенмен де екеуінің бір-бірінен айырмасы болмайтын, орнын ауыстырғанда айтарлықтай ештеңе байқалмайтын да жағдайлар жиі кездеседі. Мысалы, Ж.Аймауытовтың "Мағжанның ақындығы туралы" мақаласы Жұмабаевтың шығармалар жинағынан (А., 1989) соңғы сөз ретінде берілген. Осыны алғысөз ретінде беруге де әбден болатын еді. Сонымен бірге осы мақалаға "Ташкенттегі қазақ студенттеріне етілген баяндама" деген анықтама қосымша берілген. Яғни, мақала-баяндама түрінде көрінген. Сол сияқты мақала дайын лекция мақала-лекция түрінде де жазылуы мүмкін.

Бұл айтылғандардан жолын тауып жаза білсе, айтар ойды ұтымды жеткізуде мақаланың түрлері көп мүмкіндіктері мол екендігі бар мәселе сыншы шеберлігіне келіп тірелетіндігі көрінеді. Дарынды сыншының мақалалары да өзіндік пішін танытып, ешкімге ұқсамай, даралық көрсетіп тұрады.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПОРТРЕТ

Әдеби сындағы шығармашылық (творчестволық) портрет жанры жайлы пікірлерде әлі де басы ашылып нақтыланбаған мәселелері баршылық.[456] Қазіргі кездегі жанрлық жіктелуден гөрі ара жіктері бір-бірімен жақындасып, жымдасып, араласып, жойылып жатқан құбылыстар шығармашылық портретте де байқалады. Тіпті, жанрдың терминдік атауы да түрліше жазылып жүр. Көп реттерде әдеби портрет, портреттік очерк, биографиялық очерк, шығармашылық портрет, монографиялық очерк, нақтылы қаламгер туралы мақала, эссе бір-бірінің синонимі ретінде қолданылып, ажыратылмайды. Шынында да бұлардың мағыналарының жақын екендігі рас, бірақ бір емес. Объектінің, айтар ойдың сипатына орай, сынның мүмкіндіктері кейде "ұлғайып", кейде "кішірейіп", жанрлық түзілуіне тікелей әсер етіп отыруының нәтижесінде жіктелістер туумен бірге басқалармен аралас-құралас та күшейіп жатады. Жоғарыдағы түрліше атауларды да осы тұрғыдан түсіну қажет.

"Қысқаша әдеби энциклопедияда" әдеби портреттің екі түрін айта келіп, шығармашылық портретке "жазушы туралы құжатты (документальды) очерк" деген анықтама берілген.[457] Мұнда шығармашылық портрет жалпы әдеби (біріншісі көркем әдебиеттегі) портреттің бір түрі ретінде, онда да очерк деп анықталған. Біздіңше, шығармашылық портрет пен очерк екеуі бір нәрсе емес. Араларының, жанрлық белгілерінің өте жақын екендігі рас. Солай бола тұра шығармашылық портреттің міндетті түрде әдеби, ғылыми сипаттары болуына орай очерктен өзгешеленеді. Ал, баспасөз жанры саналатын жай очерк көбіне публицистикалық сипатта болады. Бұлайша межелеуді де шартты түрде деп ұққан жөн. Әйтпесе, көрнекті қаламгер жайлы жазылған шығармашылық портрет пен әдеби портреттің арасында тұрған "қытай қорғаны" жоқ.

Дегенмен де "портреттерге" үңіле қараған адамға байқалатын кейбір іштей жанрлық жіктелістерді көруге болады. Жоғарыда айта кеткеніміздей, портреттік очеркте публицисти-калық сипат басым болып, негізгі жанрлық белгіні құраса, эсседе көркемдік тәсілдер қолданылады. Сол сияқты жалпы әдеби портрет пен шығармашылық портреттің де айырмашылықтары бар. Әдеби портреттің ауқымы кең. Әдеби портретке көркем шығармадағы жеке адамның әдеби бейнесінен бастап, мемуарлық-биографиялық очеркті де, суреткер болмысын аша түсетін қысқа штрихтардан тұратын естелік эссені де, жазушының мінез-құлқының кейбір қырларын көрсететін суреттеме-репортажды да, әдеби-сын мақаланы да жатқызуға болады.[458] Біздің қарастырғалы отырғанымыз – осылардың соңғы, яғни әдеби сынның нақтылы бір жанры түріндегісі. Сонымен бірге шығармашылық портретке очерктік, эсселік, суреттемелік сипаттар да жат емес. Бұлар қажетіне қарай белгілі мөлшерде ғана пайдаланылады да шығармашылық портрет жанрының тиімділігін арттыруға қосымша қызмет етеді.

Көркем әдебиеттегі басты тұлға – суреткер. Сондықтан қандай да бір әдеби шығарма, құбылыс жайлы әңгіме еткенде, оның авторына соқпай өту қиын. Әдебиет туралы пікір білдіру – белгілі бір дәрежеде жазушы жайлы да әңгімелеу. Ал, жазушының шығармашылығы хақында пікір айту жалпы әдеби сынның басты міндеттерінің бірі. Сондықтан да Б. Бурсов айтқандай, әдеби сын да суреткер жүріп өткен шығармашылық жолдармен жүріп, көріп, сана сарабынан өткізетіндей. Бұл жолда жазушы көркемдік жинақтаулар жасаса, сыншы осылардың барлығын ой көзінен, талдаудан өткізіп, ғылыми қорытындылар түйеді.[459] Сол себепті де сын жанрларының өзіндік белгілері айқындала бастаған кездің өзінде-ақ жеке қаламгердің суреткерлік болмысын көрсетуді мақсат тұтқан шығармашылық портрет жанры жиі көрінді. Л.П. Гроссман сынның 17 түрлі жанры бар деп көрсеткенде, алдымен әдеби портретті атаған.[460] Бұл жерде әдеби портреттің іштей әлі жіктеліне қоймағандықтан оның негізі біз қарастырып отырған шығармашылық портрет болды деп топшылаймыз.

Сонымен шығармашылық портреттің жанрлық белгілерін айқындайтын басты сипаттары қандай? Ең алдымен, зерттеу объектісіне қарасақ, рецензияда жеке шығарма, не кітап болса шығармашылық портретте белгілі бір суреткердің бүкіл шығармашылық болмысы сынның объектісіне айналады. Онда да кез келген қаламгер емес, әдетте бүгінгі әдебиетте өзіндік орны бар, дарынымен жұртшылық назарын аударған көрнекті қаламгерлер ғана арнайы сөз болады. Бұл жерде тағы да мынадай жәйтті ескере кеткен жөн. Әдебиеттің тарихындағы үлкенді-кішілі ақын-жазушылардың шығармашылықтарына арналып та мақалалар жазылады. Олар мақала, егер белгілі бір датаға орай болса, мүшелтой (юбилейлік) мақала жанрына жатқызылып жүр. Сонда мүшелтой мақала мен шығармашылық портреттің басты айырмашылығы негізінен алдыңғысы бұрынды-соңды өткен әдеби қайраткерлерге арналса, соңғысы қазіргі кездің белгілі қаламгерлерінің әдеби болмыс-бетін ашуға ұмтылуында жатыр.

Шығармашылық портреттің негізгі объектісі суреткер дегенде оның шығармашылығына ден қойылады. Өмірбаяндық, естелік, толғаныс, құжат сияқты түрлі мағлұмат-әдістер кеңінен қолданылуы мүмкін. Бірақ, осының бәрі белгілі бір шамада қажетіне қарай пайдаланылып, жазушының қаламгерлік қолтаңбасын, яғни шығармаларының өзіндік болмыс-бітімін, өзгешелік сыпаттарын ашуға қызмет етеді. Ал, шығармаларды талдап бағалауда негізінен аналитикалық талдау тәсілдері қолданылады да басқалары оған қосымша көмекші әдістер болады. Шығармашылық портретте негізінен талдаушылық тәсілдің орын алуы – оны әдеби

портреттің басқа түрлерінен ажыратып тұратын басты белгілерінің бірі.

Шығармашылық портрет көбіне қалың оқырманға арналып жазылып, баспасөз бетінде жарияланатындықтан да көркем публицистика түрінде жазылады. Сонымен бірге оған басқа тәсілдер де жат емес. Мәселе айтылар ойды шеберлікпен дәл де әсерлі жеткізе білуде. Кейде діттеген жерден шығу үшін түрлі әдіс-құралдар қатар пайдаланатындықтан портреттің қандай стильде жазылып, іштей қай түріне жататындығын айырудың өзі де қиынға соғып жатады.

В.Г.Белинский ақын туралы жазғанда, оның шығармаларының бір-біріне ұқсамайтын әртүрлілігін, суреткерлік болмысының құпияларын, яғни тек оған ғана тән ақындық рухының өзіндік ерекшеліктерін дәл байқап, анықтап білуді талап етеді. Б.Бурсов әдеби сын әдебиетті оны жасаушы жазушыларды танып барып тануға болатындығын жазады.[461] Ал, аса күрделі өмір құбылыстарын іріктеп, оған бар дарынын, білімін, өнерін салып, көркем өнер туындысын туғызған суреткер тұлғасын сомдау да сол сияқты оңай шаруа емес. Керек десеңіз, кез келген сыншының оң жамбасына келе бермейтін, байқамаса тарта алмайтын ауыр жүк, көтере алмайтын ауыр шоқпар. Бұл сыншының сыншысы, әдебиетшінің әдебиетшісі ғана қанжығасына алатын ауыр олжа.

Қоғамдық өмір қаншалықты күрделі болса, белгілі бір дәуірдің, ортаның жемісі болып табылатын өнер иесінің жаратылысы да соншалықты қатпарлы. Әлеуметтік өмір көрігінің не бір ыстық-суығында "қорытылып" сомдалған суреткер болмысының шығармашылық қырларын ашып көрсету осы процесті жақсы айыра алатын нағыз әдебиетші-ғалым-сыншының ғана қолынан келеді. Демек, шығармашылық портрет сыншыдан жан-жақты білімдарлықты, ой-өрісінің кеңдігін, яғни жазушы өмірінің жекелеген фактілерінен бастап, ол өмір сүріп отырған әлеуметтік-мәдени ортаның, әдеби процестің кейбір қыр-сырларына дейін жақсы хабардар болуды қажетсінеді.

Кей зерттеушілер қаламгердің суреткерлік келбетінің үш түрлі жағын (компоненті) атап көрсетеді: оның өмір жолы, шығармалары, өзі өмір сүрген, шығармашылығында көркемдік көрініс тапқан шындық өмір.[462] Шындығында да сыншы шығармашылықтың қалыптасуы барысында жүріп өтетін жазушылық жолдың осы үш түрлі факторын ылғи да назарда ұстап отырады. Жазушы болмысының осы үш түрлі қыры шығармашылық портреттің үш тағаны іспеттес. Үш тағаны тең тұрса, толыққанды суреткерді көреміз. Кейде сыншының алға қойған мақсатына, негізгі айтайын дегеніне, жазушы шығармашылығының өзіндік ерекшеліктеріне, басылым сыпатына орай осы үш компоненттің біреуіне, не болмаса екеуіне ғана баса көңіл аударылуы да мүмкін. Шебер жазылып, бүтіндік танытып тұрса, мұндай мақалалар да мақсат үдесінен шығып жатады. Іс жүзінде қаламгер қырының осы үш жағы бірдей көріне бермейді. Бұл, әсіресе, ақын-жазушыларды көпшілікке таныстыру мақсаты-мен жазылып, қазақ баспасөзінде алғаш көрінген материалдардан анық байқалады. Мысалы, "Дала уалаятының газетінде" Ы.Алтынсарин,[463] Ш.Уәлиханов[464] туралы жарияланған материалдарда олардың өмір жолдарымен, қоғамдық қызметтерімен таныстыру ғана бар. Әдеби еңбектері, әдебиетке қатысы жайлы бір ауыз сөз жоқ. Алғашқысы қазанама, соңғысы өмірбаяндық мақала түрінде, оның үстіне екеуін көпшілік қауымға таныстыру мақсатында тұңғыш рет жазылғандықтан да әдеби жағына бармай, ғұмырнамалық мағлұматтарымен ғана шектелген.

Жекелеген қаламгерлер жайлы жазылған мақалалар алғашында өмірбаяндық сипатта ғана көрінсе, кейін келе шеңбері кеңейіп, оның шығармашылығы, заманы туралы мағлұматтармен толыға түскен. Мысалы, Абай туралы алғаш жазылған Ә.Бөкейхановтың мақаласында[465] ақын шығармашылығын кеңірек қарап, дұрыс бағалаушылық, қазақ поэзиясындағы үлкен орнын анықтаушылық бар. Ұлы ақынның шыққан ортасын, оның ақындық келбетінің қалыптасуына орыс әдебиетінің ықпалын таратып әңгімелеген. Абайдың кей өлеңдерін тілге дәйек ете отырып, алғаш рет парасатты пікірлер айта білді. Өз ойларын "өлеңдерінен көрініп тұрғандай, Абай асқан поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтық рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ. Оның жылдың төрт мезгіліне арналған (көктем, жаз, күз, қыс) тамаша жырлары оны Европаның атақты ақындарының қатарына қосар еді" – деп түйіндейді. Ал, Абайдың 1909 жылы Петербургта шыққан тұңғыш жинағына берілген соңғы сөзде мақсат ақынның өмір жолын, адамдық болмысының кейбір қырларын, ақындық бағытын айқындайтын кей өлеңдерін таныстыру болған. Авторы Абайды өте жақсы білетін немере інісі Кәкітай Ысқақұлы болғандықтан да мұнда ақындық болмысты ашуға негізінен өмір фактілері мен соған негізделген өз пайымдауларын келтіріп отырған. "Ақыры төрт жыл мұсылманша, 3 айдай орысша оқыған соң, 14 жаста сабақтан шыққан. Балалық қылмай, үлкендерден білімі артылып, ел ішінде жұртты өзіне қаратып, басшылыққа бұрынғы төрелермен талас қылып, әкесіне үлкен көмегі тиген", "20 жасында Абай халық ортасында мәндай басы шешен болды", "Қазақтың ескі заманы болса, қазақтың атақты биінің бірі болмағы анық еді", "Абай ғибадат турасында көрнеу сырты тақуа кісі емес еді, жай уақытта намазын көп оқымаушы еді, рамазан айында ораза ұстап, намазын сонда үзбей отырушы еді, оқыған кезде өзгелер асығып отырса, сендер көңілді алаң қыласыңдар деп, өзі жеке асықпай оқып отырып алушы еді", "Абай 30 жасында барша халық ортасына атағы жайылып, білікті болды", "Абай бір кезі келіп тұрған самород еді, бірақ халықтың надан уақытында шығып, есіл өнерінің файдасын камил көре алмай, қызықты өмірінің бәрі елдің шуылдақ партиясымен әурелікте өтті", "Абай Лермонтовтың жазғанын ұнатушы еді",

"Абай өзі Толстой мен Салтыковтың шәкірті еді" деген сияқты жолдардан ұлы Абайдың бейнесі жарқырай түседі. Сол себепті де Кәкітайдың бұл мақаласын М.Әуезов аса жоғары бағалап, өзіне үлкен септігі тигенін атап айтқан. Мұхтардың "Абайдың туысы мен өмірі" атты еңбегі де ғұмырнамалық түрге жатады.[466]

К.Ысқақұлы мен М.Әуезовтің мақалалары негізінен өмірбаяндық деректерге сүйенсе, А.Байтұрсыновтың "Қазақтың бас ақыны"[467] терең топшылауларға құрылған. Кәкітайда өмірлік фактілерді, ақынның өз өлеңдерін жайып салып, солардың өзін сөйлетушілік басым болса, Ахметте керісінше: мұнда өзіндік ой-бағамдарын, байқауларын ортаға салушылық бар. Мақала ұлы Абайды "Қазақтың" оқырмандарына таныстыру мақсатында жазылғанымен де биографиялық мағлұматтар өте қысқа берілген. Есесіне Абайдың ұлылық қасиеттеріне барынша назар аударған. "Қазақтың бас ақыны Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын жоқ" деп басталған жолдардан-ақ автордың басты пікірі, бағасы анық көрінеді. Осы негізгі тезис ақын поэзиясы туралы толғамдармен толыға түскен: "Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қаласың", "Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, ішкі сырын, қасиетін қармай жазады. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып жазылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынайды", "Абай сөздері дүниеде қалғаны қазаққа зор бақ", "Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңдерінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен". А.Байтұрсынов Абай жайлы пікірлерін дәлелдеу үшін оның поэзиясын талдап жатпайды; айтқан ойларын негіздеуге оның екі өлеңін келтіріп, соның өзі-ақ жеткілікті деп санаған. "Қазақтың бас ақынында" талдаушылықтан гөрі пікір айтушылық, бағалаушылық сипат басым.

М.Дулатовтың "Абайында"[468] өршіл публицистика атой салып түр. Әдеби, ғылыми талдаулардан гөрі замана талабына орай ұлы ақын поэзиясының ұлт үшін аса маңыздылығын, яғни Абайды игеру мәселесін көтерген. А.Құнанбаевтың қайтыс болғанына он жыл толуына байланысты жазылған мақалада ұлы Абаймен мақтанушылық, отаншылдық сезім рухы басым. Ақынның өмірбаянын, өлеңдерін тізбелеп жатпай, ақын мұрасын халық игілігіне жарату қажеттілігін алға қояды. "Абай сынды ақынның қадірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды, себебі – қазақ басқа жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы тарихи әдебиеті жоқтықтан. Тарихи әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны – әдебиет, жансыз тән жасамақ емес... Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылуы ықтимал, қазақтың жоғалуы, қазақ атты халықтың ұмтылуымен бірдей" – деп, мәселені кеңінен – ұлттық мүдделер, ұлттық болашақ қамы тұрғысынан тарихи, әлеуметтік, мәдени контексте қамтыған. Сонымен бірге ақын шығармашылығына аса жоғары баға берушілік бар: "Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты болуға керек... Абайдан үздік, артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай".

Абай туралы жарияланған алғашқы мақалалардан шығармашылық портрет жанрының қалыптасу жолдары анық көрінеді. Алғашында өмірбаяндық мәліметтермен ғана шектелсе, кейін келе өлеңдері сөз бола бастады. Ал, Ахмет пен Міржақыптың мақалаларында теориялық, проблемалық сипат танытып, жанр мүмкіндігінің молдығын байқатты. Көбіне публицистика түрінде көрінгенмен де ғылымилық, көркемдік қасиеттері де біртіндеп қалыптаса бастады.

Әдебиеттің, қоғамдық ғылымдардың, оның ішінде әдебиеттану ғылымының дамуымен байланысты шығармашылық портретте ұзақ даму, қалыптасу жолдарынан өтті. Мазмұндық, формалық ізденіс жолында кейбір сүрінген тұстары болғанымен де көбіне жанрлық тұрғыдан жетілу-жеттігу үстінде болды. Қазақ әдеби сынының тарихына көз салсақ, шығармашылық портрет жанрларының не бір тамаша үлгілерін көруге болады. Жанрдың өзіндік ерекшеліктерінің қалыптасу, даму жолдары арнайы зерттеу еңбектерінің объектісі болуға лайық. Солардың кейбіреулеріне жанрлық тұрғыдан назар аударайық.

Ж.Аймауытовтың "Мағжанның ақындығы туралысы" шығармашылық портреттің үздік үлгілерінің бірі. Қазақ әдеби сынының классикалық туындысы саналатын бұл еңбек шығармашылық портрет жанрының аса мол мүмкіндіктерін барынша көрсете білді. Мұнда көркемдік, өмір жолы, өскен ортасы, ғылыми талдау, жинақтау, замана рухы, проблема, пікірталас – бәрі-бәрі бар. Демек, шығармашылық портрет жанрының шамасы келмейтін шаруа кемде-кем. Тіпті, бүкіл әдеби сынға тән қасиеттердің біразын осы жанрдың өзінен-ақ байқауға болады. Мәселе, майын тамызып айта білуде, тігісін жатқызып жаза білуде, яғни шеберлікте жатыр.

Қазақ әдебиетіндегі шығармашылық портрет жанрының даму жолдарынан қызғылықты құбылыстарды байқауға болады: белгілі бір әдебиет қайраткері жайлы жазылған мақала кейіннен шоғырға (циклге), монографиялық зерттеуге, тарихи құжатты шығармаларға ұласып жатады. М.Әуезовтің Абай туралы жазған мақаласы кейіннен жалғасып, шоғырға айналды. Тереңдеп зерттей түсудің барысында ғылыми монография өмірге келді, ғылыми ізденістер көркем шығармашылыққа жалғасып, "Абай" драмасы, "Абай жолы" эпопеясы өмірге келді. Мұндай жағдайды

С.Мұқановтан да байқауға болады. Сәбең де Абай туралы үлкен ғылыми еңбек жазды. Әсіресе, Уәлиханов туралы ізденістері айтарлықтай. Шоқан туралы монографиямен бірге "Шоқан Уәлиханов", "Қашғар қызы" пьесалары, көп томды "Аққан жұлдыз" романдары туды. Бұл жерде шығармашылық портретте аса мол потенциалдық қуаттың жатқандығын, қажетіне қарай сыншылықтың ғылыми, көркемдік ізденістерге ұласып, жаңаша сипат таныта алатын қасиеттерін байқаймыз.

Қазіргі қазақ әдеби сынында шығармашылық портрет басқа жанрларға қарағанда жиі көрініп, өміршеңдігін танытып келеді. Ұлттық әдебиетіміздің тарихындағы үлкенді-кішілі қайраткерлерінің ішінде олардың шығармашылық болмысына арналып портреттік мақала жазылмағаны кемде кем шығар, сірә. Кейде бұлардың қайсысы ғылымға, қайсысы сынға, қайсысы мүшелтой мақалаға, қайсысы шығармашылық портретке жататындығын айырудың өзі қиын. Көбіне екеуі біртұтас көрініп, әдебиетке бірлесіп қызмет етіп жатады. Тарихи әдеби қайраткерлер негізінен ғылымның зерттеу объектісі дегенмен де олар туралы жазылған мақалаларда әр ұрпақ өзінің соны, жаңа пікірлерін айтып жататындықтан да сынға тікелей қатысы бар. Өйткені сынның жаны – жаңа пікір. Оның үстіне советтік кезеңде әдебиетіміздің тарихындағы аса көрнекті өкілдері жайлы көбіне біржақты солақай пікірлер айтылып келіп, шырылдаған шындықтың даусы еңді-еңді шыға бастаған бүгінгі таңның өзіндік ерекшеліктері де бар. Осы тұрғыдан келгенде әдеби сынымыз соңғы жылдарда өзінің бар күш-қайратын әдеби ақтаңдақтарды жоюға жұмылдырған сияқты. Бәрін тізбелеп жатпай-ақ, Шортанбай, Мұрат, Дулат, Шәкәрім, Мәшһүр Жүсіп, Ахмет, Міржақып, Мағжан, Жүсіпбектердің халқына қайта оралуына әдеби сын айтарлықтай еңбек сіңірді. Олардың шығармашылық портреттері мектеп оқулықтарынан орын алып, қомақты монографиялық зерттеулер шыға бастады. Мұндай үлкен істі әдеби сын оның ғылымымен бірлесіп жүзеге асырып жатқанын қадап айтқан жөн. Қоғамдық өмірімізде жүріп жатқан әлеуметтік өзгерістерге орай әдеби сынымыздың осындай ауыр жүкті ойдағыдай көтеріп шығуы негізінде әдебиетші ғалымдардың күшімен жүзеге асты. Ғалым сыншыларымыздың алдында ұлттық әдебиетіміздің ірілі-ұсақты қайраткерлерінің шығармашылық болмыстарын бүгінгі заман талабына сай қайта жасау міндеті тұр. Демек, әдеби сынымыздың зерттеушілік, ғылымилық сипаты арта түседі. Басқасын былай қойғанда, көп зерттелді, арнайы Абайтану ғылымы қалыптасқан дейтін Абай поэзиясының өзін қазіргі кез рухына орай, ұлттық, әлемдік әдебиет ауқымында ой-сана елегінен өткізіп, ғылыми негізді жаңаша ой-толғамдар айту да осы ғылыми сынның еншісінде.

Шығармашылық портреттің зерттеу объектісі жекелеген әдеби қайраткер десек, соның өзін шартты түрде екіге бөлуге болатындығы көрінді. Бірі жоғарыда біз әңгімелегендей, әдебиет тарихының қайраткерлері болса, екіншісі, онда да ең бастысы – бүгінгі әдебиетіміздің ауыр салмағын көтеріп жүрген ірі өкілдері. Әдеби сынның басты мақсаты – қазіргі кездегі көркемдік процестің өзекті мәселелері жайлы пікір білдіріп, оны дұрыс шешуге ұмтылу болса, сол әдебиеттің негізгі қозғаушы күші саналатын өзіндік үні, қолтаңбасы бар ақын-жазушылар жайлы жазу да соншалықты маңызды.

Қазақ әдеби сынындағы шығармашылық портрет – көп қолданылып келе жатқан таныс-мал жанр. Әдебиетте солақай саясаттың қарлы бораны соғып, әдеби сын тығырыққа тығылып, қарқынын бәсеңсітіп алған тұстарда да шығармашылық портрет жол тауып, өмір сүре білді. Саяси күрес барынша кескілескен жиырмасыншы, отызыншы, елуінші қиын жылдардың өзінде де ақын-жазушылардың мүшелтойлары тойланып, оларға арналған құлаш-құлаш мақалалар жарияланып жатты. "Заманың түлкі болса, тазы боп шал" дегендей, бұл жанр да сол уақыттың сөзін сөйлеп, үдесінен шығып жатуға мәжбүр болды. Солақайшылықтың саяси сойылы әдеби сын арқылы қаламгерлерге қарай сілтенген кездер де есте. Десек те шығармашылық портрет қазақ қаламгерлері басынан өткергенді бірге көріп, ыстық-суығына бірдей күйіп келеді. Жанрлық жетілудің барлық жолдарынан өтіп, бүгінгі кемелдік кезеңіне жетіп отыр. Шығармашылық портрет жанрының жай-күйін әңгімелеу белгілі бір дәрежеде қазіргі сынның хал-ахуалын да аңғартады.

Атақты ақынымыз Ә.Тәжібаев жетпіске толғанда Т.Молдағалиев "Жырдария"[469] атты шығармашылық портрет жазды. Мұны ақынның ақын туралы толғанысы деуге болады. Тақырыбының өзін Әбділданың туып, өскен ортасы Сырдариямен байланыстырып, ұйқастырып "Жырдария" деп алуының өзінен ақындық бейнелі ойлау жүйесі көрінеді. Көркем кестелі тілмен еркін көсіліп жазылған портреттен Ә.Тәжібаевтың ақындық болмысы мен мұндалап, көз тартады. Автор ақын поэзиясына талдаулар жасап жатпайды: өзінің жүрекжарды пікірлерін ортаға салып, соған қатысты өлең шумақтарын келтіріп отырған. Ал, Р.Бердібаев "Замандас көзіменде"[470] Ә.Әлімжановтың қаламгерлік келбетін сәтті жасаған. Жұбаңда көтеріңкі, ақындық эмоция басым болса, Рахманқұл нені айтса да байыппен, салмақпен айтады. Жазушының шығармашылығы алғашқы очерк-повестерінен бастап, жүйелі зерттелінген. Әсіресе, тарихи тақырыптағы сәтті ізденістері ғылыми тұрғыдан біршама талданылған. "Жырдария" көркем-публицистикалық сипатта көрінсе, "Замандас көзімен" ғылыми стильде жазылып, әрқайсысы өзінше даралық танытады.

Қазақтың біртуар дарынды ұлдарының бірі А.Сүлейменовтің Ғ.Мүсірепов туралы жазған "Өлшеніп өнер тартылса" атты шығармашылық портреті арнайы тоқталуға тұрарлық өзгеше бітім-болмысымен ерекшеленеді. Нені айтса да бетің бар, жүзің бар демей, түбіне жеткізе айта білетін, қажетті жерінде кестелі қара сөздерді кесек-кесегімен, түйдек-түйдегімен тастап, бұрқыратып-дауылдатып, шымырлатып-шырқыратып жаза алатын Асқардың арынды қаламынан төгілген жолдарды жай оқи салу оңай емес. Жүректен шып-шып шыққан шұрайлы шымыр сөздерді тек жүрекпен ғана оқуға тура

келеді. Автордың жазушы келбетін жасауы да өзгеше ; бұрыннан қалыптасқан стандарттарды қайталамайды; оның өмір жолымен таныстырып, шығармаларын топырлатып, талдап жатпайды. Ол Мүсірепов шығармашылығынан оның өзіне ғана тән ерекшеліктер, яғни жазушылық мінез іздейді.

"Өнерге мінез керек. Мінезсіз өнер – мінезсіз жылқы" деген жолдармен басталып, бірден суреткер Мүсіреповтің өнерпаздық әлеміне қарай алып кетеді. Асқардың иірімі терең ойларына бойлаудың өзі оңайға түспейді: "Ғ.Мүсірепов сөздің өсім әкелмесіне-ойнамасына; сөздің өсім әкелмесіне – мысықтың жоңындай қайыра тарап көргенде ұшқын атпасына; сөздің өсім әкелмесіне – жалғыз сөздің тіркесті, тіркестің сөйлемді, сөйлемнің қайырымды (абзац) сілкіп-сілкіп алмасына көзі зайыр жетсе, төлемі жоқ қайран сөзді рәсуа етпейді. Содан да шығар – анықтауыш сорлы-ны өтірік қана куәлікке алып ап бастауыштың, баяндауыштың пысықтауышқа қызыл-қырғын майдан берері Ғ.Мүсіреповтің жазу машығында тілдәмін татар, құлақ әуезін естір, көз көркін көрер байырғылық бар". "Содан да болар, пішен орғандай жапырламай, борық суыр-ғандай шыжымдап, обырдың шалап ішкеніндей төңкере салмай, сыпаның қымыз ішкеніндей сыздықтатып, сөздің дәмін алып жазуды, ойдың башайын шағып жазуды қазақтың жаңа әдебиетіне үлгі ғып басқа емес, Ғ.Мүсірепов енгізді... Тайпалды деген тіркестің өзін ұзынсың-өшім бар деп, қиысты деген келісімнің өзін қысқасың-кегім бар деп, қайта-қайта алқымдап тергеуге салып, аударып, былай қарап, аунатып тағы қарап жарты түннің еншісі – жарты беттің жанын алады... Сөзді жұтындырамын деп, өрелі ойды қамшының өзегіндей әріден, қапысыз өрілген көп таспаның ішінен көрінбей солқылдасын, көзге ұрмай тепсінсін деп жұқаратын жазушы болса, ол – Ғ.Мүсірепов".[471]

Осы тектес күрделі ой өрнектері Ғ.Мүсіреповтей қаламгердің суреткерлік сымбатын қапысыз танытады. Сыртқы көрінісін емес, Ғабит шығармашылығының "ішкі" ағымдарын, иірімдерін, әдетте жай көзге байқала бермейтін өнерпаздықтың өзгеше "өзегін" көрсете алған сыншының жазу мәнері алабөтен. Шын сынның өнерге тікелей қатысы бар дейтін болсақ, Асқардың портретінен осы көркемдік қасиеттің асқан үлгісін көреміз. Көркем, бейнелі тілмен жазылған, "ойға күпті сезімнен туған, сезімге жүкті ойдан туған сөзден" маржандай, қиыннан қиысқан күрделі, құрмалас сөйлемдер сыншының ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасын танытады. Мүсіреповтей саңлақ суреткер жайлы сыр тартып отырған сыншының биік өресі де көрінбей қалмайды. Осындағы Ғабиттің шығармашылығымен қатар, жалпы сөз өнері жайлы айтқан кейбір құнарлы ойлар назар аудартпай қоймайды: "Міндет – қалай айдасаң да қыңқ етпес сөз бейбақтың қанжығасына керегінде қағанның қанарын, керегінде жас құшақтың алауын, керегінде жалғыз ырғақ, жалғыз иірім үшін кер домбырамен ұзақ түнгі ұстасар күйшінің дәрменсіздігін бөктеріп жіберу", "... аз жазу міндет – егер,

қаламнан өрген көп сөзден көбік шықса"; "Тақырыпты жазушы ғана таңдамайды, жазушыны оны да таңдайды"; "талантсыз жазушы – тұяқсыз ат. О заманда бұ заман тұяқсыз атты кім көрген" (соңда). Өзі пікір білдіріп отырған жазушысы сияқты аз жазса да саз, иін қандырып жазатын, не айтса да ойланып, толғанып айтатын Асқардың бұл жазбаларынан өзінің де өзгеше сыншылық-әдебиетшілік автопортреті көрінеді.

Жоғарыда біз тоқталып өткен мысалдардан үш автордың үш түрлі қолтаңбасын көреміз. Үшеуінің де жанры бір – шығармашылық портрет болғанымен әрқайсысы әртүрлі әдіспен жазылған. Жұбандікі ақынның ақын туралы толғанысы, Рахманқұлдікі ғалымның прозашы жайлы салмақты пікірлері, Асқардікі кірпияз қаламгердің сырбаз суреткер хақындағы терең тебіреністері болып шыққан. Шығармашылық портрет көркем-публицистикалық, ғылыми, көркем стильдерде өрнектеліп, түрліше сипат танытқан. Бұл айтылғандардан шығармашылық портрет жасау мүмкіндіктерінің аса мол екендігін байқауға болады.

Шығармашылық портреттің көбіне мүшел-тойларға байланысты жазылатындығы белгілі. Ал, 1993 жылы қазақ қаламгерлерінің тойлары көп өтті. Осыған байланысты республикалық басылымдар бетінде оларға арналған материалдар да жиі көрінді. Т.Ахтанов жетпіске толғанда барлық газеттер дерлік "аса көрнекті жазушы" деп бағалап, мақалалар жариялады, беттер арнады. "Жас алаш" (28.X. 1993) С.Оспановтың "Мір оғындай мінез", "Алматы ақшамы" (22.X.93) С.Жұмабековтың "Талант тектоникасы", "Егемен Қазақстан" (28.X.93), Д.Исабековтің "Қара сөздің хас шебері" атты шығармашылық портреттерін берді. Үшеуінің де объектісі, мақсаты бір. Бірақ, бір-біріне мүлдем ұқсамайды. Өйткені, үш автор бір жазушыны үш түрлі көзбен, үш түрлі қырынан қарап, таныған. Үшеуінде де жазушының өмір жолын баяндау жоқ; шығармашылығы жайлы пікірлерін ортаға салу бар. Онда да жөкелеген туындыларын талдап жатпайды (осы уақытқа дейін сыни еңбектерде талданылғанын жеткілікті санап, тағы да қайталап жатуды артық көрген), тікелей өз түйгендерін әсерлі жеткізуге тырысқан. Алғашқы екеуі жазушы шығармашылығы жайлы ойларын баяндаудан гөрі дарын алдындағы толғаныс түрін таңдаған. Сайлаубек нақтылап санамалап сөйлесе, Сейфолла бес "бұлқынысты" жазып, формалық жағынан ізденісі жаңа пішін танытқан.

Ал, Д.Исабековтің мақаласы жазушының прозашы ағасы туралы ағынан жарылып айтқан ой-толғамдарынан тұрады. С.Жұмабеков пен С.Оспанов басқа жаққа бұрылмай, бірден жазушы шығармалары жайлы пікір білдіруге кіріссе, Дулат объектіні ауқымды қамтып, әңгімені әріден бастайды. Алдымен, халқымыздың тарихи тағдыры, қоғам, өмір, әдебиет туралы толғанады. Содан кейін барып, негізгі мәселені – Т.Ахтановтың шығармашылық шеберлігі жайлы ойға түйгендерін ақ қағаз бетіне түсірген. Автордың ақжарма ойлары бірден назар аударады. Оқып шыққанда

жазушының қаламгерлік келбеті көз алдыңызда тұрады. Суреткердің шығармашылық болмысын бейнелеу әдебиеттегі дәстүр мен жаңашылдық тұрғысынан қарастырылып, сәтті шешімін тапқан. Өз ойларын әсерлі, дәлелді жеткізу үшін лирикалық толғаныс, шешендік арнау, бейнелі суреттеу сияқты көркемдік әдістер, салыстыру, талдау секілді зерттеу тәсілдері шебер пайдаланылып отырған. Авторы жазушы болғандықтан да көркем кестелі тілмен көсіліп жазылған айшықты жолдар үлкен ойларға жетелейді. "Бұл ғасыр – жалаңаш қылыш пен жалаңтөс батырлардың ғасыры емес, айла мен ақылдың, тәлім мен тәсілдің заманы. Бұл заман елдесу мен белдесудің алуан түрін бойына сіңіріп, ниет түзу, пиғыл арам, адалдығынан арамдығы мол болса да оны өлтірген сынаптай жуас көрсетіп үйренген, ізгілігінен гөрі сыпайы жауыздығының тамыры сұңғыланың тамырындай тереңге кеткен алмағайып заман. Алакөзбен атысып, қыли көзбен қырқысып, ен даласына ата-баба моласымен ен салған қазақ ендігі заманды бұл даланы терең білім, алғыр ой, биік парасатпен ғана ұстап тұрмақ" – деген секілді тағлымды жолдан айтар ойының, көтеріп отырған проблемасының тереңдігімен, эстетикалық әсерінің қуаттылығымен баурап алады. Д.Исабековтің "Қара сөздің хас шебері" шығармашылық портреттің көркемдік тәсілдерді қолдану арқылы барынша құлпыра түсетіндігіне дәлел.

Сәтті шыққан шығармашылық портреттен әңгіме өзегі болып отырған қаламгермен бірге оның авторы – сыншының өзі де танылмай қалмайды. сыншылық қолтаңбасымен, ой өресімен, талдау шеберлігімен көрінеді. Бір жазушы туралы қаншама жазылса да олардың бір-біріне ұқсамау себебі де сондықтан. "Жазушы дегеніміз – стиль" дегенді сәл өзгертіп "сыншы дегеніміз – стиль" деп те айтуға болады. Егер ол шын сыншы болса, сөз етіп отырған суреткермен тең отырып, еркін пікір айта алады. Стилі айқын, ойы кесек, пікірі өткір шығып, өзінің сыншылдық мінезін де танытады. Ал, сыншының жалпы өресі кем болса, әңгімелеп отырған қаламгерінің тасасында қалып қояды. Үлкен жазушы туралы үлкен ойлар айта алмай, маңында қалып, шамашарқымен ғана шектеліп, жатады. Мұндай авторда шығармашылық жайлы ой, пікір айтудан гөрі көбіне талантқа тағзым етумен бірге алдында бас ұрушылық жиі орын алып жүр. Әрине, шығармашылық портрет көбіне мықты жазушыларға арналып жазылады. Солардың мықтылығын айта білудің өзі де сыншыға үлкен сын. Асты-үсті мақтай беру сыншыға да, жазушыға да абырой емес. Мәселе, суреткерліктің құпия сырларын ашып, несімен құндылығын көрсете білуде жатыр. Мүшелтойдың әсерімен кейде тым асыра сілтеп кететін кездер де бар. Жалпы шығармашылық портрет жанрының басты кемшілігі дегенде де осы марапаттың көбірек айтылып жүруі дер едік. Жоғарыда біз жақсы деп, әңгіме арқауы етіп отырған С.Жұмабековтің, С.Оспановтың шығармашылық портреттерінен де осының салқыны байқалады. Сәтті шыққан үлгі деп арнайы талдаған Д.Исабековтің "Қара сөздің хас шеберінде" де автор эмоцияға беріліңкіреп, субъективтік пікірлерге де бой ұрдырып алады. Мысалы, жиырмасыншы ғасырдағы қазақ әдебиетінің ірі тұлғаларынан тек Б.Майлинді, С.Ерубаевты, М.Әуезовті ғана көруі, солардан кейін "екі жұлдыз Әбдіжәміл Нұрпейісов пен Тахауи Ахтановты" ғана атауы шындыққа сай келе бермейді.

Мұзафар Әлімбаев – шығармашылығы сан қырлы өнер иесі. Жетпіс жасқа толған ақынның шығармашылық жолына арналған көптеген сыни мақалалар жарық көрді. Мұнда да түрлі автордың бір адам туралы жазғандарының бір-біріне мүлдем ұқсамайтын құбылысты байқаймыз; әрқайсысы өзінің шабысына қарай шауып, өресіне қарай өріне шыққан. Бір ізділікке ұрынбай, даралық таныта алған. Бақыт Сарбалаев пен Жеңіс Қашқыновты Әлімбаев балалар ақыны ретінде қызықтырады. Екі автор да жазушы шығармашылығының басқа қырларына бара бермеген, барса да қысқасынан қайырып, кейбір детальдармен, штрихтармен ғана шектелген. Екеуіне де ақынның өмір жолынан, қазақ балалар әдебиетінен, ақынның жалпы шығармашылығынан мағлұматтар бар. Бірақ аз. Әңгіме негізінен Мұзағаңның көрнекті балалар ақыны екендігі жөнінде өрбиді. Солай бола тұрса да екі материал бір-бірін қайталамайды. Бірінің авторы маман сыншы болғандықтан да, мақала балалар газеті "Ұланда" басылғандықтан да балалар ақыны Әлімбаев шығармашылығының басты сипаттарын жас өскіндердің таным-түсінігіне лайықты түрде баяндап беруді мақсат тұтқан. Мұнда талдау жоқтың қасы, есесіне ақынды балалар поэзиясының көрнекті өкілі ретінде таныстырушылық, бағалаушылық бар.[472]

Ал, Жеңіс Әлімбаев ағасының поэзиясына балалар ақыны ретінде үңіледі.[473] Авторды ақын өлеңдерінің кейбір қыр-сырлары қызықтырады. Алғашқысында жалпылама пікір айтушылық басым болса, екіншіде нақтылылық, талдаушылық басым. Жеңіс өз ойларын ақынның өлеңдерін талдай отырып білдіреді. Ақын поэзиясын ақындық көзбен бағалаған.

Осы екі материалдың екеуі екі түрде жа-зылғанымен де балалар ақыны М.Әлімбаевтың шығармашылық портреті жасалынған. Мұзағаңды Жеңіс жақынан, Бақыт алыстан көрсеткендей әсерде қаласыз. Ал, С.Негімовтың "Алуан қырлы өнерпазында"[474] ақын шығармашылығын толық қамтуға ұмтылушылық бар да, оны өмір жолымен, өскен ортасымен байланыстыру жоқ. Оны автор мақсат тұтпаған да. Ғалым сыншы ақынның өзіндік сипаттарымен өлең өрнектеріне назар аударыңқыраған. Нақтылы бір-екі мысал келтіре отырып, Әлімбаевтың шығармашылық болмысын ғылыми тұрғыдан қысқа да нұсқа беруге ұмтылған. Әңгіме арқауы объекті бір болғанымен лебіз білдірушілер пікірлерінің, қолтаңбаларының бір-біріне ұқсамайтындығынан да жазылған шығармашылық портреттерде жазушы түрлі қырынан көрінгендей. Барлығы жиылып келіп, суреткер Әлімбаевтың қаламгерлік келбетін жан-жақты толықтырып тұрғандай.

Теориялық тұрғыдан келгенде, бір мақалада бір жазушының шығармашылық болмысын түгелдей ашып көрсету мүмкін емес. Солай бола

түрса да, шын сыншы сыншылық шеберліктің тәсілдерін қажетінше қолдана отырып, шығармашылықтың түрлі қыр-сырларын біртіндеп тану арқылы шындықтың аулына жақындай түседі, қаламгерліктің қырлары да сыншының оңтайына орай ашылып жатады. Демек, шығармашылық болмыстың шындығын ашуға әр сыншы өз жолымен келіп, өзін де танытады. Нәтижесінде бірнеше әдебиеттанушінің түрліше деңгейде, алуан тәсілдермен, түрлі көзқараспен айтқан пікірлерінің барысында қаламгерлік келбеттің сан қырлары бедерленіп, толыға түседі. Әсіресе, шығармашылығы сан қырлы, үлкен қаламгерлердің мүшелтойларында басылымдар бір ғана материалмен шектелмейді, шығарма-шылық портретті неғұрлым толығырақ беру мақсатымен бірнеше материалды қатар береді. Олардың бәрі жазушы шығармашылығына жан-жағынан жарық түсіріп, анығырақ, толығырақ көрсетуді мақсат тұтады. Нәтижесінде бірнеше автор бірігіп жазған үлкен дарын иесінің коллективтік шығармашылық портреті жасалады. Қазақ басылымдары осы әдісті, яғни мүшелтой иесіне бет, номер арнауды жиі қолданады. Мысалы, жоғарыда айтып өткеніміздей, М.Әлімбаевтың жетпіс жылдығына арнап газеттер беттер ұйымдастырды. "Егемен Қазақстан" (29.X.93) Ғафу Қайырбековтің "Сарабдал сөз сардары", Қ.Мырзалиев пен А.Бөкеннің "Бойға – қуат, ойға суат" атты материалдарын берді. Оған қоса берілген Мұзағаңның өз "Ғибратнамалары" да қаламгер келбетін "ішкі жағынан" ашып, бірнеше автор жасаған коллективтік шығармашылық портретті толықтыра түскен.

Оралхан Бөкейдің елу жылдығына арнап "Жас алаш" айқара бет берді[475]. Мұнда да ерекше дарын иесінің шығармашылығы жайлы жазылған Д. Әшімханұлының, Қ.Құрманғалиевтің материалдарымен бірге Уәлихан Қалижанның "Президент Оралханды іздейді" атты шағын жазбасы берілген. Бір беттегі әңгіме түгелдей О.Бөкей хақында болса, екіншісінде жазушының өзін сөйлетіп, оның күнделігінен, өмірбаяндық романынан үзінділер берген. Қаламгердің қоғам, өмір, әдебиет, өнер, шығармашылық, замандастары жайлы ой-пікірлеріне қоса бір беттік фотошежіре де жазушының ішкі жан-дүниесімен бірге өмірдегі тіршілігінен де хабардар еткен. Сонда жазушының жан-жақты шығармашылық портретін жасауға мақаладан бастап, суреттеме, күнделік, көркем шығарма, фотосуреттер қызмет етіп, бір мақсатты орындауға жұмылдырған.

Жазушының шығармашылық келбетін көрсету оңай шаруа емес. Әсіресе, суреткерлік сыры сан қырлы үлкен өнер иелері жайлы бір ғана мақалада жеткізіп айту мүмкін емес. Қаламгердің өнерпаздық өнегесі жайлы монографиялық сын-зерттеуден толығырақ мағлұматтар алуымыз мүмкін. Осылай екен деп әдеби сынымыз жазушылардың тойларында қарап жатпайды; шамасының жеткенінше шығармашылығы жайлы шындықты айтып қалуға ұмтылады. Мүшелтой иесінің суреткерлік бейнесін жасау мақсатымен түрлі журналистік тәсілдердің кеңінен қолданылатындығы көрінеді. Бір

басылым бетінде бірнеше портреттік мақала қатар беріліп, ол туралы көрнекті қоғам, қалам қайраткерлерінің лебіздері, өмірінен штрихтар, замандастарының естеліктері, қаламдастарының құттықтау өлеңдері, өмірінен фотосуреттер, ең соңында өзіне сөз беру сияқты тәсілдер жиі қолданылып жүр. Мысалы, жоғарыда тоқталып өткен О.Бөкейдің елу, М.Әлімбаевтың жетпіс және Бердіқұловтың алпыс жасқа толуына арналып берілген беттерде осы тәсіл ұтымдылық көрсеткен. Сейдахмет туралы "Егемен Қазақстан" (8.V.93) С.Бақбергеновтің көлемді "Сергек суреткер" атты шығармашылық портретіне қоса жазушыны әр қырынан көрсете түсетін Ә.Тәжібаевтың, Ш.Мұртазаның, Ж.Елшібектің, Ф.Оңғарсынованың қысқа лебіздерін, Қ.Ерғалиевтің әзіл өлеңін және жазушыны түрлі ортада бейнелейтін төрт фотосуретін қоса берген. "Халық кеңесі" (8.V.93), "Жас алаш" (8.V.93) пен "Алматы ақшамы" да бет арнаудың осындай мол мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланған. Бет арнау, топтама материалдар беру – қазақ әдебиеті классиктерінің әр деңгейдегі мүшел тойлары тұсында баспасөз бетінде жиі қолданылып, өзін ақтаған тәсілдердің бірі. Мұндай жолды, яғни, бірнеше адамның бір қаламгер туралы пікірлерінің жиынтығынан барып туындаған түрін авторлар коллективі жасаған шығармашылық портреттің ұлғайған көрінісі деп қарау керек. Коллективтік шығармашылық портрет көбіне әдебиеттің ірі өкілдеріне келгенде өзін ақтайды. Кейде ортанқол жазушыларға бет арналып, сынның қадірін түсіріп жататын кездер де жоқ емес. Түрлі авторлар бірігіп жасаған шығармашылық портретке "Мұхтар Әуезов тағлымы" (1987), Сәбит Мұқанов тағлымы" (1990), "Мұхтар мұрасы" (1997), "Мұхтар Әуезов әлемі" (1997) жатады. Бұларда сын-зерттеу мақалаларынан бастап, естеліктер, лебіздер, шағын штрихтар – бәрі жиылып, әдебиет алыптарының дара тұлғасын сомдай түскен.

Сонымен бірге осы коллективтік портретті жасауда пайдаланылған түрлі жанрлық және тәсілдік элементтердің шығармашылық портрет жанрында кеңінен қолданылып та жүргендігін көруге болады. Мысалы, Жанболат Аупбаев Б.Бердіқұлов туралы ойларын "Біздің білетініміз", "Кейіпкердің айтқаны" (Ғ.Қосанов – Т.Сегізбаев), "Әдебиет ақсақалының айтқаны" (Ә.Тәжібаев), "Әріптестің айтқаны" (Ю.Кириницянов) түрінде берген. Түрлі мамандық иелерінің көзімен түрлі қырынан қарау арқылы жазушының азаматтық келбетін көрсету ниеті сәтті шыққан. Жанболаттың М.Әлімбаев туралы шығармашылық портретінде де автордың журналистік шеберлігі айқын көрінеді.[476] Автор баяндау, естелік, айту, әңгімелесу, сұрақ-жауап түрлерін шебер пайдалана білген. Ақын ағасы туралы түйгендерін бастан-аяқ баяндай бермейді; қысқа детальдар, жүздесіп сырласу арқылы азаматтық бейнесін жасауға ұмтылады. Шығармаларын талдап, пікір айтушылық жоқ; оның есесіне ақынды түрлі жағдайда бейнелеу, өмір шығармашылық туралы пікірлерін беру толтырып, үйлесімділік танытып тұр. Осындай жанрлық, формалық ізденістерді қазіргі әдеби сынымыздан жиі кездестіреміз.

"Алматы ақшамы" "Марқасқа Мұзағаң" деген атпен интервью жариялады.[477] М.Әлімбаевтың жетпіс жылдығы қарсаңында берілген материалдың басты мақсаты ақынның азаматтық, қаламгерлік келбетін жасау болған. Сұрақ-жауаппен жазушының өзін сөйлету арқылы автор ақынның автопортретін жасауға ұмтылған. Мұнда авторлық позиция айқын: өзін толғандырған сұрақтарды ғана қояды. Жетіспейтіні – автордың ақын шығармашылығына деген сыншылық пікірлері. Дегенмен де сұрақ-жауап түрінің авторға өзіндік пікірлер айтуға мүмкіндік бере бераейтіні тағы бар. Ол аздап болса да ақынға қойылған сұрақтардан байқалып қалып отырады.

Қайнар Олжайдың Шерхан Мұртаза жайлы "Шыңдықты шыңдап, мұратты мүсіндеген" атты материалы да өзінің жанрлық ізденістерімен назар аударады. Сұрақ-жауап (диалог) түрінде жазылғанымен де мұнда Шерханның шығармашылығы жайлы автор пікірі бар. "Қаламгерлік қарым", "Парламенттік пайым", "Басшылық байлам" деген іштей тақырыпшаларға бөлініп, "Тілшілік түйінмен" аяқталуы да композициялық жағынан шымыр шыққан. Негізгі ой-пікірлер әр тақырыпшалардан кейін автор сөзі ретінде беріліп, сұрақтарға алынған жауаптармен толықтырылып отырған. Мұнда Ш.Мұртазаның жазушылық, қоғамдық, басшылық қызметтеріне бірдей мән беріліп, оның жалпы азаматтық ажарын айшықтауға күш салынған. Қаламгерлігі сол азаматтық болмысының бір қыры ретінде алынғандықтан да кеңінен таратылмай, қысқа түйінделген.

Жоғарыда айтылғандардан байқағанымыз – шығармашылық портреттің авторы ақын-жазушылар, журналистер болған жағдайда онда негізінен көркемдік, журналистік тәсілдердің қолданылатындығы, жанрлық ізденістердің де осы ыңғайда өрістеп, кейде көркем, кейде публицистикалық жанрларға ұласып жататындығы, оқылуға "жұмсақ", әсерлі болып, оқырмандар жүрегіне тез жол тауып жататындығы... Сонымен бірге, бұларда ғылыми талдау көрінбей, пікір көбіне қаламгерлік тәжірибеге, эмоциялық әсерге негізделеді. Сол себептен де субъективтік пікірлерге де бой алдырып қалып жатады. Бұл жетіспеушіліктің орнын ғалым-сыншылар толтырып жататындай. Әдеби сынның негізі көркем шығарманы, шығармашылықты талдау, сол негізде ой-пікірлер түю десек, бұл ретте негізгі міндетті ғылыми сипаттағы сын атқарып келеді.

С.Мұқановтың "XX ғасырдағы қазақ әдебиетінде" (1932) берілген А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, О.Қарашевтың, М.Жұмабаевтың, С.Торайғыровтың, С.Дөнентаевтың, Б.Күлеевтің, Ж.Аймауытовтың шығармашылық портреттерінің зерттеушілік сипаты айқын. Авторы жазушы болғанымен де осы кітапқа өзек болған қазақ әдебиетінің аса көрнекті өкілдері жайлы еңбек зерттеушілік ізденістердің жемісі, сонымен бірге алғаш айтылған ғылыми пікірлер де болғаны анық. Шығармашылық портретте басталған ғылыми ізденістер кейіннен монографиялық еңбектерге жалғасқанын жоғарыда айтып та өттік. Соның алғашқы үлгілерінің бірі ретінде

Ғ.Тоғжановтың "Абайын" атап кетуге болады. Кітап шығармашылық портреттің жанрлық тұрғыдан дамуының бір көрінісі ретінде де Абай туралы айтылған сыншыл ой-пікірлерімен де (сол дәуірге тән артық-кем жақтары болғанымен де) ерекшеленеді.

Соғыстан кейінгі кезде ғалым сыншыларымыздың қаламынан жүздеген шығармашылық портрет, монографиялық очерктер туды. Түрлі оқулықтарда, академиялық көп томды әдебиет тарихында, қазақ энциклопедиясында әдебиетіміздің көрнекті қайраткерлері жайлы ғылыми-көпшілік очерктер жазылды. Әрине, бұлардың барлығын әдеби сынға жатқызу қиын да болар. Дегенмен де жанрлық тұрғыдан келгенде, осы ыңғайдан шығып жататындығы анық.

Ғалым сыншыларымыздың ішінде бұл жанрда қалам сілтемегені кем де кем. Академик сыншыларымыз М.Қаратаев З.Қабдолов, З.Ахметов бастап, дені осы жанрда қалам тербетіп келеді. Шығармашылық портреттің ғылыми негізді, пікірі сындарлы, стилі анық не бір тамаша үлгілері өмірге келді. Әдеби сынымыздағы шығармашылық портрет жанрының озық үлгілеріне М.Қаратаевтың "Асау тұлпар" (Сәкен), "Байырғы талант" (Бейімбет), "Қазақ поэзиясының құлагері" (Ілияс), "Қырағы қыран" (Мұхтар),[478] З.Қабдоловтың "Абайдың ақындығы", "Әуезовтің әсемдік әлемі", "Майлиннің мұрасы мен мирасы", "Тарлан талант" (Тахауи),[479] С.Қирабаевтың "Бақыттың сыршыл құсын қолына ұстап" (Қалижан), "Сәкен туралы сөз",[480] Р.Бердібаевтың "Кемеңгерлік келбеті" (Абай), "Өшпес өнеге" (Мұхтар), "Көп қырлы қаламгер" (Әбділда), "Парасат сабағы" (Сәбит),[481] Р.Нұрғалиевтің "Ғашығым менің – бостандық" (Сәкен), "Соғайын сөзімнен бір сұлу сарай" (Ілияс),[482] Ш.Елеукеновтің "Сағындырған жыр" (Мағжан), "Халқының көгін көгерткен" (Ахмет), "Әсем сөздің зергері" (Жүсіпбек), "Бар екен таудан аққан таза бұлақ..." (Міржақып),[483] Қ.Мұхамедхановтың "Шәкәрім", "Жүсіпбек Аймауытов", М.Мағауиннің "Ақын, тарихшы, философ" (Шәкәрім), Т.Қожекеевтің "Халқымен қайта қауышты қайран ерлер" (Ахмет), Ә.Тәжібаевтің "Халық деп соққан жүрегі" (Міржақып)... т.б. жатқызуға болады. Бұл тізімді әрине, жалғастыра беруге болады. Мақсат – қазақ әдеби сынында ғылыми сипатты шығармашылық портреттің мол тәжірибе жинақтап, өнімді жанрға айналғандығын аңғарту.

Әдеби сынның алдыңғы легінде жүріп, әдебиеттану ғылымына қажетті "шикізаттар" дайындауда бұл жанрдың атқарып жүрген қызметі ұланғайыр. Шығармашылық портреттің әдебиеттануға қорытып берген материадарының сапасы оның ғылымилық сипатының арта түсуімен тікелей байланысты. Әсіресе, әдебиеттің өткеніндегі ірі қайраткерлерімізді дүркін-дүркін сана сарабынан өткеріп, тарихи қызметін анықтауда, қазіргі заманның тұрғысынан замандастың көзімен қарап, бүгінгі ұрпақтың көзқарасын білдіріп отыруда бұл жанрдың жүгі айтарлықтай. Осындай мақсатпен соңғы жылдарда бірнеше кітаптар шықты. Мысалы, "Нәубет" (А., 1990), "Зауал" жинақтарының

негізін кешегі зұлматты замандарда жазықсыз жазаға ұшырап, есімдері бүгінгі оқырмандарға бейтаныстау болып келген әдебиет, қоғам қайраткерлерінің азаматтық болмысын мүсіндеген портреттік очерктер құраған. Т. Қожекеевтің "Көк сеңгірлері" (А., 1992) түгелдей кезінде "халық жаулары" атанған ардагерлердің әдебиетімізге, мәдениетімізге, жалпы ұлттық дамуымызға сіңірген тарихи еңбектерін кейінгі ұрпаққа жеткізуді мақсат тұтады. Автордың архивтік құжаттарды тірнектеп жинаған ізденістерінің нәтижесінде туған М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж. Аймауытов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, Ғ.Тоғжанов жайлы әдеби портреттері ғылыми негіздерімен, ғылыми сонылығымен, стиль даралығымен ерекшеленеді. Ал, Р. Нұрғалиевтің "Алыптар қайта оралғандасынан" шығармашылық портреттің шоғырлану (циклдену) құбылысы байқалады. А.Байтұрсыновқа, М.Жұмабаевқа, Ж.Аймауытовқа арналған "ұлттық мәдениетіміздің мақтанышы", "Мөлдір сезім, биік парасат", "Сегіз қырлы, бір сырлы дарын" атты әдеби портреттік очерктер үшеуіне ортақ алғысөзі, соңғы сөзі бар бір ортақ тақырыппен беріліп, тұтастық танытқан.[484] Шығармашылық портреттердің мүшелтойлар тұсында көп көрінуін оның өміршеңдігінің негізгі қайнар көзі деп ұққан жөн. Ал, басқа кездерде мерейтойларда қатты қызмет қылып шаршап қалғандай, онша көп бой көрсете бермейді. Өзін жоққа санамасын дегендей, анда-санда бір көрініп қоятындығы бар. Тойдың қызуымен емес, әдеби-рухани өмірдің қажетіне қанағаттандыру ниетімен жазылған шығармашылық портреттерде әйтеуір мақтай беруден гөрі қаламгерліктің қыр-сырына тереңірек үңілушілік байқалады. Мысалы, С.Қирабаевтың Т.Молдағалиевке арнаған "Ақынның құпия сырында" жалпы поэзия туралы ой тарқата келіп, Тұманбайдың ақындық әлемі туралы сыр шерткендей болады. Әсіре марапаттау жоқ, есесіне ақындықтың нәзік сырлы әлемінің ішіне кіріп, байқағандарын пайымдаушылық, "Тұманбай қандай ақын?" дегенге жауап іздеушілік бар. "Тұманбай өлеңдерінің адам сезімін, оның көңіл-күйін, жастықтың құпия сырын шынайы бейнелеуін"[485] атап айтады. Ақын поэзиясының шынайылығын айта келіп, "ол суреттеген сезімдер біздің бәріміз басымыздан өткізген, өткізетін дүниелер" деп ой түйеді. "Ақынның құпия сыры" Тұманбайдың поэзиясы, жалпы лирика жайлы толғаныс түрінде жазылған.

Б.Майтанов та М.Шахановтың ақындық болмысын сәтті көрсете білген. М.Шахановтың "Жүре келе, көре келе түйгенім: өз халқының қайғы-қуанышын тек өз қайғы-қуанышым деп таныған шақтан бастап қана ақындық өнерге бет бұрады екенсің"[486] деген сөздерімен басталуының өзінен-ақ көп нәрсе аңғарылып тұр. Автор ақын поэзиясының қыр-сырын ашатын негізгі кілтті дәл таба білген. Шаханов поэзиясының басты сипаты, қозғаушы күші саналатын азаматтық сарынның қалыптасу, даму жолдарының поэтикалық көріністерін аңғарту арқылы ақындық құпияның терең байыбына сәтті барлаулар жасай білген. Авторы ғалым, сыншы болғандықтан да өз

пікірлерін нақтылы талдауларға негіздеп отырған. Бұл жерде шығармашылық портреттің талдаушылық сипаты айқын көрінеді. "М.Шаханов жырларындағы басты идеялық сарын туған жерге, оның әйгілі кешегісі мен сын өткеліндегі бүгіні, үмітті келешегіне байланысты қаһармандық, патриоттық ой, сезім пернелерімен тамырлас. Ақын туындыларында фольклоризм өрнектері мол орам тапқан". "...М.Шаханов қаламынан туған эпикалық дүниелерге тән қасиет: романтизм мен мифопоэтикалық, дидактикалық негіздер, өзгеше жағдайдағы өзгеше мінез иелерін биік патриотизм аясында суреттеу", – деген секілді ой түйіндерімен Мұхтардың ақындық ерекшеліктерін дәп басады. Абзал Бөкенов жазған ақын Қадыр Мырзалиевтың шығармашылық келбеті де айтар ойымен, баяндау тәсілімен ерекшеленеді. Мұнда ақын поэзиясын шолып, туындыларын талдап жатушылық жоқ. Ақынның қазақ поэзиясындағы өзіндік орны, ақындық ерекшелігі, жаңалығы төңірегінде қызықты байқаулар жасаған. Авторы ақын болғандықтан да талдаудың трафарет түрлерінен ада болып, бейнелі жолдар бой түзеген. "Жасыратыны жоқ, қазақтың салқар даласымен ғасырлар бойы керуен тартқан халық ауыз әдебиеті жиырмасыншы ғасырға иек артып, жазба әдебиетімізге ат ауыстырып мінген тұста осы бір дәстүрдің жез бұйдалы жампозы іспеттес жыр дүниесіне жаңа жасау әзірлеу, соны сипат дарыту қажеттілікке айналды", "... адам ғұмырының қысқа сабындай ғана келте болмысынан мұңлы да мағыналы сыр түйген ақын алақандай өлеңге атан түйе тарта алмас жүк артып, өлеңнің бойымен емес, ойымен, көлемімен емес, кеңеуімен көтеретінін көлегейсіз көрсете білуі, ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен айтқыш бабаларындай алып романға арқау болар өмір драмасын алты жол өлеңмен таңбалап беруі, – әрі шеберлік, әрі ерлік[487] – деген сияқты сырлы сөздің көркем қасиетімен көмкеріліп берілген ойлар кімнің де болса жүрегіне жол табары анық. Абзал Қадырдың, әсіресе, ақындық шеберлігіне, өлең құрылысындағы ізденістеріне, композициялық пішіні мен мазмұн тұтастығына назар аударып, оның ойшыл, "архитектор ақын" екендігін, өлеңдерінде, жыр жинақтарында, бүкіл поэзиясында циклдық құбылыстың желі тартып жатқандығын дәл аңғара алған. Қ.Ергөбектің "Қайырымсыз уақыттың қайсар ұланында" профессор Б.Кенжебаевтың ерлікке толы ғалымдық портреті жасалынған. Тақырыбына қоса берілген "Көрнекті ғалым, профессор Бейсембай Кенжебаевтың бес ерлігі жайында хикая" деген жолдар әңгіменің қай бағытта өрбитінін аңғартқандай. Автор ұлы ғалым Бейсекеңнің болмысын көрсетуде шеберлік танытқан. Әдетте өмірде қарапайым тіршілік кешкен адамды бірден батыр ғып шығару оңай емес. Сыншының шеберлігі сол, мақаланы оқып шыққанда Б. Кенжебаевтың ғылымдағы нағыз батыр екендігіне толық көзіңіз жетеді. Қазақтың хас батыры Бауыржанның "Мені жұрт батыр дейді, халық құрметіне рахмет. Бірақ мен әдебиет майданының бір батырын білемін, мақтаныш тұтамын. Ол – профессор Бейсембай Кенжебаев. Ұлт әдебиеті тарихын сан ғасырларға ілгерілетуден артық қандай батырлық керек? Қазақ әдебиеті

тарихын зерттеуге бар ғұмырын арнап келе жатқан ол — нағыз қаһарман" деген сөздерінің эпиграфқа алынуы авторлық бағытты аша түсуге көп септігін тигізіп тұр. Жалпы, шығармашылық портретте эпиграфты тиімді пайдалана білсе, айтылар ойды ажарлай түсуде айтарлықтай салмақ көтеретіндігі көрінеді. Батыр Бауыржанның өзі мойындап, "нағыз қаһарман" деп бағалаған адамның ерліктері қандай екен деп әрі қарай ынтыға оқисыз. Шығармашылық портретте Б. Кенжебаев мынадай-мынадай ерліктер жасады деп тізбелене бермейді; бастыларына — бесеуіне ғана тоқталған. Олар: Абайдың, Шәкәрімнің, Сұлтанмахмұттың әдеби мұраларын, "Едіге батыр" жырын ақтау, қазақ тілінің болашағы үшін күресу. Автор Бейсекеңнің қазақ әдебиеттану ғылымы саласындағы елеулі еңбектерінің бәрін тізбелеп жатпайды: оның ғалымдық бейнесін ашу үшін осы бес түрлі саладағы ізденістерін айтудың өзін жеткілікті санаған. Әйтпесе, Бейсекеңнің осы сияқты басқа ерліктері де баршылық болатын. Іштей "бірінші ерлік", "екінші ерлік"... деп тақырыпшаларға бөлініп жазылған шығармашылық портретте баяндау, естелік, үзінді келтіру, күнделік секілді тәсілдер кеңінен қолданылған. Оқып шыққанда бар ғұмыры солақай саясаттың сірескен заманында өткен Б. Кенжебаевтың ғылымдағы ерліктеріне тәнті боласыз.

Жоғарыда талданған мысалдардан аңғарылатын бір нәрсе — той тұсында жазылған шығармашылық портреттерде өмірбаяндық мағлұматтар көбіне пайдаланылып отырса, жай кездерде бұған көп назар бөліне бермейтіндігі. Осы жәйт Т.Молдағалиевтің, М.Шахановтың, Қ.Мырзалиевтің шығармашылық портреттерінде де байқалады. С. Досановтың, Қ.Найманбаев,[488] Т.Медетбековтің Ә. Кекілбаев[489] жайлы жазғандарында да осылайша. Негізгі әңгіме ақын-жазушылардың өнерпаздық өрнектері жайлы өрбіп отырған. Соңғы екеуінде де Ә.Кекілбаев пен Қ.Найманбаевтың прозалық ізденістері жайлы соны байқаулар, тың түйіндер баршылық. Сонымен бірге кей тұстарында қаламгер келбетін қоршаған ортадан, өмір жолынан, әдеби процестен бөлек, байланыссыз қараушылық та байқалады. Зерттеу объектісін табиғи ортасынан тыс қараудың салдарынан көрінген кейбір дәлелсіз, субъективтік пікірлер де жоқ емес. Кезінде А.В. Луначарскийдің шығармашылық портретте негізгі назар суреткер тұлғасына бағытталып, оның қоғамдық-әдеби дамудың, өскен ортаның жемісі екендігінің тасада қалып қоя беретіндігін басты кемшілігі деп көрсетудің де өз заңдылықтары бар сияқты.[490]

Қазақ әдеби сынындағы шығармашылық портрет жанрындағы соны ізденістер сыншы Бақыт Сарбалаевтың "Өткірдің жүзі" (1992) атты әдеби сын жинағынан анық көрінеді. Кітаптың "Көңіл мұраты" аталған екінші бөлімі түгелдей шығармашылық портреттің еншісіне тиіпті. Мұнда С. Шәймерденов, М. Әлімбаев, О. Әубәкіров, Ж. Қыдыров, Ә. Қожамұратов, Т. Нұрмағамбетов сияқты ақын-жазушылардың, Р. Нұрғалиев, З. Серікқалиев сынды сыншылардың өнерпаздық жолдары арнайы сөз болады. Бірден

аңғарылатыны — осы шығармашылық портреттердің жанры бір болғанымен де әрқайсысы бір-біріне ұқсамай, өзгеше пішін танытатындығында. Автор баяндау, талдау, жалпылау, толғаныс, сұхбат, интервью, естелік, айтыс, публицистикалық шабыттану сияқты түрлі тәсілдерді еркін қолданады. Мысалы, сыншы Серікқалиевті іштей тағы да "Кітаппен кеңесу", "Рецензия", "Кейіпкермен кездесу" деген тақырыпшаларға бөлініп, түгелге жуық сұрақ-жауап, толғанысқа құрылған. Зейнолланың 1967 жылы шыққан "Ойлар, толғаныстар" кітабы жайлы айтқанда баяндаудан қашып, батыл формалық ізденіске барады: кітаппен интервью жүргізеді. "Кітаппен кеңесу" деген тарауша сыншы мен кітап арасындағы сұрақ-жауапқа құрылған: сыншының актуальды сұрақтарына кітаптан үзінді түрінде жауаптар берілген. Арасында, соңында "Кеңесу арасында айта кетсек", "Кеңесу соңында айта кетсек" деп, авторлық пайымдаулар айтылады. Ал, "Жылдар сазы" (1971) кітабына пікірін рецензия түрінде білдіреді. Сонда шығармашылық портрет ішінде рецензия жанры кірігіп кеткен. "Кейіпкермен кездесуде" автор өзінің зерттеу объектісі З. Серікқалиевқа сұрақтар қою арқылы өзіне қажетті мағлұматтарды алады. Б. Сарбалаев өзінің сыншы З. Серікқалиев туралы ойларын рет-ретімен баяндап беруіне де болатын еді. Бірақ автор оңай жолдан, бірсарындылықтан қашып, формалық ізденістер жасаған. Нәтижесінде, "Кітаппен кеңескен", кітабына рецензияда пікір білдірген, соңында "кейіпкерімен (Зейнолламен) кеңескен" түрде жаңаша пішін танытқан шығармашылық портрет өмірге келген. Сол сияқты Т. Нұрмағамбетов туралы жазғанында проблемалық, айтыс мақаланың элементтері кеңінен қолданылған.

Қ.Ергөбектің "Суреткерлік санаттан көргім келеді"[491] формалық түрі жағынан назар аударарлық. Сыншы кезіндегі "Екі оқушының", М.Әуезов пен М.Ғабдуллиннің "ашық хат" түріндегі мақалаларын қайта жандандырып, жазушы Жұмабай Шаштайұлына газет арқылы әдеби ашық хат жолдапты. Құлбек Жұмабаймен әдебиет жайлы, оның шығармашылығы жайлы сырласып, немесе толғанып отырғандай ойларын қағазға түсірген. Сыншының әдеби толғаныстары түрінде жазушы Шаштайұлының суреткерлік болмысы көрініс тапқан. Сыншы ізденісінің жемісі сол — ашық хат, әдебиет жайлы сырласу, толғану, монолог арқылы жазушының шығармашылық портретін өзгеше түрде сәтті жасай алған.

Ә.Нұршайықовтың "Жол іздеймін әлі ешкім бастамаған..." атты ақын М.Шахановтың шығармашылық портретін жасаған туындысының жанрлық көрінісі аса күрделі. Іштей бес тарауға бөлінген портрет көлемі жағынан ұзақ хикаяға, шағын повеске пара-пар. Негізі оқырман хатына жауап түрінде жазылғанмен де авторлық баяндаумен қатар мұнда естелік-эсселік, сұрақ-жауап элементтері кеңінен қолданылған көркем очерк, көркем әңгіме дерлік. Басында Айгүл оқырманның хатынан үзінді келтірілуі эпиграфтық қызмет атқарып тұрса, соңында түйіннің (резюме) берілуі де сәтті шыққан. Мұнда

Мұхтардың шығармаларын тікелей талдаушылық жоқ, бірақ оның өлеңдерін әлеуметтік қауымның қалай қабылдағаны, сұраққа жауаптар, кейбір үзінділер келтіру арқылы-ақ ақындық болмысынан хабардар етеді. Өзі жазғандай "мен Шахановтың шығармаларын талдауды мақсат еткенім жоқ. ...оның азаматтық кескінін көрсетуді" ғана мұрат тұтылған.[492] Ә.Нұршайықовтың бұл туындысы шығармашылық портреттің көркемдік, жанрлық, формалық жағынан шексіз мүмкіндіктері бар екендігін көрсете алған сәтті еңбек деп білеміз.

Қазақ әдеби сынындағы шығармашылық портрет жанрының біз байқаған кейбір сыр-сипаттары осындай. Жанрдың жағдайын түгел қамтыдық демейміз. Керісінше, бұл жанрдың әлі де арнайы әңгіме өзегі боларлық мәселелері баршылық. Оның үстіне көркемдік дамудың, оны танып-білудің жетіле түсуімен байланысты шығармашылық портрет жанрының алдында да жаңа мүмкіндіктер ашылуда. Сынның басқа жанрларына қарағанда бұл жанрдың табиғатын баяндау, талдау, объектіні игеру, пікірлерін әсерлі жеткізе білу секілді сәттерде "еркін қимылдап", бар мүмкіндіктерін жұмылдыра алатын икемділік пен алымдылық қасиеттерін танытуда. Әдеби процестің қақ ортасында жүріп, онда жүріп жатқан көркемдік құбылыстарды жекелеген қаламгерлердің шығармашылығы тұрғысынан қарап, ағын – ақ, қарасын қара деп саралауда жанрдың алдында тұрған міндеттер де, соған лайық мүмкіндіктері де мол.

ӘДЕБИ ШОЛУ

Аннотация, рецензия, шығармашылық портрет, мақала сияқты сын жанрлары негізінен әдеби өмірдің бір ғана құбылысын, не мәселесін қарастырып, сол төңіректе ғана сөз қозғайды. Олар әдеби процестен үзік-үзік мағлұматтар ғана береді, мүмкіндіктері шектеулі. Ал, көркемдік дамудың тұтас көрінісін жасап, ондағы басты тенденцияларды анықтау шолудың еншісінде. Өйткені, әңгіме аннотация мен рецензияда бір кітап, шығармашылық портретте бір жазушы, мақалада бір мәселе жайлы, яғни әдеби процесті құрайтын жекелеген фактілер маңында ғана өрбіп, одан әрі өрістей алмайды. Атынан-ақ көрініп тұрғандай, көркем әдебиетте жүріп жатқан өмірдің біртұтас көрінісін жасау әдеби шолудың басты мақсаты болып табылады. Бұл – оңай шаруа емес. Бүкіл әдебиетте болып жатқан көркемдік құбылыстарды шолу үшін сыншының өзі де осыларды шола алатын, көре алатын биікте тұруы қажет. Әдеби дамудың шымырлаған ағыстарын көре білу үшін сыншының әдеби, қоғамдық ғылымдармен жан-жақты қаруланууы керек. Онсыз өзеннен қармақсыз балық ұстаймын деумен бір.

Демек, әдеби шолудың негізгі зерттеу объектісі әдеби өмір де, мақсаты соны шолып, пікір білдіру екен. Негізгі мәселе – сыншының әдеби өмірді, даму бағыттарын қалай көре білуінде, негізгі даму бағыттарын айқындайтын әдеби фактілерді дұрыс айыра алуында. Көркемдік даму процесі ылғи да бір бағытта бола бермейді; шығармашылық ізденіс жолында аяқтың шалыс түскен тұстары да, қиындықпен келген жетістіктері де қатар жүріп жатады. Дарияның негізгі ағысы тереңінде жататыны сияқты әдеби дамудың басты бағытын айқындайтын құбылыстар да бірден көзге шалына бермейді. Оның үстіне жаңалықтың қашанда қиындықпен келетіні, өзіне жолды күреспен ашатыны тағы бар. Әдеби өмірде туындап жатқан сандаған құбылыстардың қайсысы жаңалық, қайсысы кемшілік, қай бағытың болашағы бар, немесе өткінші қажеттіліктерден туындаған уақытша ғана нәрсе екендіктерін айқындау сыншыдан жан-жақты білімдарлықпен қатар әдеби түсінікті де, яғни әдеби көрегенділікті де қажет етеді. М.Әуезовтің елуінші жылдардың соңын-дағы жастар поэзиясын шолған "Жыл келгендей жаңалық сеземіз"[493] атты мақаласынан ұлы жазушының әдеби көрегенділігіне таң қаласыз. Сол кездегі жас ақындар І.Мәмбетовтің, Т.Шапошевтің, Т.Молдағалиевтің, С.Жиенбаевтың,

Қ.Мырзалиевтің алғашқы өлеңдерінен-ақ олардың болашақтарының үлкен екендіктерін дөп басып, болжай білген.

Әдеби шолудың сынның басқа жанрларынан басты ерекшелігі – шолынып отырған әдеби объектісінің шынайы көрінісін жасау.[494] Ал, әдеби өмір дегеніміз – жекелеген әдеби фактілердің, құбылыстардың жиынтығы. Олардың барлығын қамту қиын; қажеті де шамалы. Сыншы солардың ішінен көркемдік дамудың негізгі бағытын айқындайтындарын ғана саралап ала білуі керек. Ала алмаса, жалған жекелеген фактілерге еріп кетсе, онда әдеби шындықтың беті ашылмай қалады. Сондықтан да сыншы үшін аса күрделі де қиын міндет – сан алуан фактілерді ажырата біліп, сол фактілердің негізінде барып әдеби өмірдің шындығын айту. Демек, сыншы алдымен әдеби фактілермен жұмыс істейді. Сол фактілерді танып барып, көркемдік процестің күрделі мәселелерін тани алады екен. Сыншының сыншылық қасиеттері өзіне қажетті фактілерді дұрыс іріктеп алудан әдеби өмірді бақылау барысындағы ойларын дәлелдеуге дәйек бола аларлық деректерді ұтымды пайдалана білуден көрінеді. Білімдарлық пен шеберліктің де қажет болар кезі – осы тұс.

Әдеби өмірдің негізгі фактілеріне жаңа кітаптың шығуы, дарынды қаламгердің көрініп, ол туралы түрлі қоғамдық пікірлердің айтылуы, әдеби айтыстар сияқты оқиғалар жатады. Жыл сайын жүздеген кітап шығады. Бір қарағанда бәрі де – әдеби оқиға. Бірақ, солардың ішінде бірлі-жарымы ғана шын мәніндегі әдеби оқиға болып, оқырман назарын аударуы немесе кейбір шын шығармалар бірыңғай кітаптар тасқынынан шыға алмай, тасада қалып қоюы да мүмкін. Міне, осы жерде сыншы осылардың барлығын жіті көзбен қарап, сана сарабынан өткізіп, жақсы мен жасықты ажырата біліп, әдебиеттің шырыл-даған шындығын айта білуі керек.

Қазақ әдеби сынындағы шолу жанрының негізгі кемшіліктері де осы маңнан көрініп жатады. Сыншы шолып отырған кезеңіндегі, немесе тақырыбындағы әдеби фактілерді іріктей алмай, жинақтап айтуға шамасы келмей қалады. Фактілерді игере алмай, сыншы амалдың жоқтығынан ұзақ-сонар тізімдеуге ұрынады. Әдетте мұндай шолулар шолынып отырған кітаптарды, немесе қаламгерлерді тізімдеуден, оларға берілген қысқа-қысқа аннотациялардан тұрады де бір-бірімен байланыссыз жалаң фактілердің тізбегі ғана болып шығады. Мақсат әдеби өмірді, онда болып жатқан оқиғаларды шолып, бәрін жіпке тізгендей айтып беру емес, шола отырып әдеби көркемдік дамудың өзекті мәселелері төңірегінде пікір айту. Әдетте шолу әдеби процестің зәру бір мәселесі төңірегінде өрбіп, фактілер де соған орай іріктеліп алынады. Көтеріліп отырған проблема онда келтірілген фактілерді бір-бірімен байланыстырып тұратын шолудың негізгі арқауы қызметін атқарады. Шолуда келтірілген әдеби материалдардың барлығы да осы проблемаға қызмет етіп, рет-ретімен, қозғалып отырған мәселеге қатысты дәрежесіне қарай орналастырылады. Негізгі айтылар

ойды неғұрлым толығырақ жеткізу мақсатымен фактілерді тиімді орналастыру қажеттігіне сай шолудың композициялық құрылымы, пішіні, стилі айқындалады. Бастысы сыншының қозғап отырған мәселесінің дұрыстығын дәлелдеу үшін көп фактілердің ішінен өзіне қажеттілерін ғана іріктеп ала білуде, соларын ойдың ағымына орай кірпіш қалағандай рет-ретімен орналастырып, сөйлете білуде жатыр.

Сонымен шолудың негізгі жанрлық белгісі қарастырып отырған объектісінің, яғни әдеби өмірдің біртұтас панорамасын жасау, сол туралы пікір білдіру болса, осы мақсатқа жету үшін ол сынның басқа жанрларының мүмкіндіктерін еркін пайдаланады. Шолудың ішінде библиографияның, хабардың, аннотацияның, рецензияның, мақаланың, шығармашылық портреттің т.б. элементтері жүре береді. Сыншы айтар ойының бағытына қарай баяндау, толғаныс, суреттеу, талдау, жинақтау секілді тәсілдерді кеңінен қолданады. Қайсысын көп, қайсысын аз – мәселе шеберлікке келіп тіреледі.

Әдеби шолудың ішкі анатомиялық құрылымы негізгі үш түрлі құрамдас бөліктерден тұрады. Оның біріншісі – әдеби фактілер; яғни факілердің жиынтығы. Олар бейберекет фактілер емес, бір-бірімен органикалық байланысты, көркемдік дамуды бейнелей алатын айтылар басты мәселеге тікелей қатысты болуы керек. Сыншыға барлық фактілерді алу міндет емес, бірақ барлығын ой елегінен өткізіп, әдеби процестің негізгі бағытына тән, сипаттыларын ғана іріктеп алу, соларды сөйлете білу арқылы өз пікірлерін айту мақсат. Екіншіден, шолуда міндетті түрде әдебиеттің фактілеріне негізделген ой айтылу керек. Жалпы, әдеби сында пікір айту басты парыз болса, бұл шолуда барынша қажеттілікке айналады. Жекелеген кітаптар, қаламгерлер, мәселелер туралы пікірлермен қатар жалпы әдеби өмір туралы толымды, кесек ой-толғамдар шолудың шоқтығын биіктетіп тұрады. Көркемдік кемелдіктің бүгінгісі, ертеңі жайлы жан-жақты қамтылып, ойластырылып айтылған парасатты пікірлер жанрдың жүрек соғысындай оған өң кіргізіп, өміршең етеді. Үшіншіден, сыншы өз ойларын тиімді жеткізудің түрлі жолдарын таңдайды. Бұл ретте әдеби фактілерге берілген түсініктемелер негізгі рөл атқарады. Мәселе келтірілген әдеби фактілерді қалай түсіндіруде жатыр. Түсініктемелер айтылар ойға сәйкес беріледі. Сыншы шығарманы ғылыми тұрғыдан талдап, болмаса өзінің алғашқы эмоциялық әсерін ғана баяндауы, не публицистикалық толғаныс түрінде түсіндіруі мүмкін. Фактілердің, айтылар ойдың сыпатына қарай баяндау тәсілдерінің таңдалып алынуына сәйкес шолудың стилі, пішіні келіп шығады.

Шолулар қамту объектісіне, көлеміне, тақырыбына қарай іштей жіктеліп жүр. Профессор Т.Қожекеев алдымен, көлемді шолулар, шағын шолулар деп жіктеп, біріншісін тақырыптық, жалпы, топтама информациялық шолуларға бөледі.[495] Шағын шолуларды әрі қарай тағы да жүйелейді. МГУ-дың профессоры Е.М.Прохоров шолуларды оның мазмұнына, пішініне

байланысты ажыратып, мазмұнына қарай жалпы, тақырыптық, формасына қарай информациялық, аналитикалық, көркем-публицистикалық түрлерін көрсетеді.[496] Ал, пішіндік түрлерін іштей тағы да жіктейді. Екі автор да шолуды негізінен газет жанры ретінде қарастырып, жүйелегені көрінеді. Ал, оның әдеби сынға қатысты өзіндік ерекшеліктері тағы да бар. Жоғарыда айтылған пікірлерді, оған қоса әдеби сынға тән өзгешеліктерін ескере отырып жіктегенде шолудың жалпы, тақырыптық, жанрлық түрлерін айқындауға болады. Енді жоғарыда айтылған сындық негіздер тұрғысынан қазақ әдеби сынындағы шолу жанрының жай-күйіне көз жіберейік.

Жалпы әдеби шолулар. Әдеби шолулардың ішіндегі алғаш көрінгені осы түрі сияқты. Баспасөз, жазба әдебиет, ол туралы ғылыми пікірлер әлі онша дами қоймаған кездерде олардың түрлі мәселелерін жалпылама әңгімелеу басым болған. Төңкеріске дейін жазылған шолулардан олардың жанрлық жағынан енді-енді қалыптасып келе жатқандығы көрінеді. Тіпті кейбіреулерін нақтылы қай жанрға жататындығын дәл басып айту қиын. Мысалы, С.Торайғыровтың "Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан" ("Айқап", 1913, N19) проблемалық мақалаға да, шолуға да жатқызуға болады. Тақырыбы, қамтыған объектісі жағынан алға қойған мақсаты, мазмұны, көтерген мәселесі тұрғысынан шолудың, проблемалық мақаланың сипаттары бар. Мұнда сол кездегі қазақ әдебиетінің ең өзекті мәселелерінің бірі тіл тағдыры көтеріледі. Автор жыл сайын "бестеп, ондап" шығып жатқан кітаптарға көңілі толмайды. Тіпті, "үмітке кіріп түширкенерлік біреуі жоқ. "Қой бұты, қозы саны" дегендей, құраған, сұраған бірдеңелер"[497] деп жазады. Ақынның іздеп отырғаны – "адастырмай, қанға қуат, көңілге көрік беріп, алды түзуге қарай бұра бастайтын" кітаптар. Өлең кітаптарын "қайда қазақ тілі қиысқан назым? Қайда көңілге, тілге ойнау, теп-тегіс, өрескелсіз өлшеулі өлең?" – деп сынайды. Автор "Қайта бұрынғыларымыз "хикаят" болса да тілі қазақша, рухы қазақ рухына қарай бейім келгендіктен өзін сүйіндіруші еді. Бұл жаңа ойбайда шата тілдер көп араласқан. Кейде шүлдіреп, кейде шолжыңдап жығылып-сүрініп жүрген жайы бар" – деп мәселенің түп тамырын ашады. Тіл тазалығы осыдан әрі қарай негізгі мәселеге айналып, шолудың өзегін құрайды. Айта кету керек, автордың көтеріп отырған мәселені жеріне жеткізе айтқандығы соншалық, шолудың проблемалық сыпаты артып, проблемалық мақала жанрына жақындап тұр. "Қазақ тіліндегі өлең кітаптарының" шолу мен проблемалық мақаланың арасында ауытқып тұрған бір себебі, автор жаңа кітаптарды шолып жатпайды, тіпті бір өлең жинағының аты аталып, түсі түстелмейді. Негізгі айтар ойына дәйек ретінде үш-төрт мысал келтіріп, онда да жеке-жеке талдамайды, жалпы міндерін айтумен ғана шектеледі.

Сұлтанмахмұт өлең "қайнаған қанның, қиналған жанның, толғатқан көңілдің, толғанған жүректің сығындысы" болғанын қалайды. Ондай өлеңдер бар ма? Бар. Әлгіге Абайдың, Ахметтің, Міржақыптың өлеңдерін ұсынады.

А.Байтұрсыновтың "Қырық мысал", М.Дулатовтың "Азамат" жинақтарын жақсы жақтарынан атайды. Шын поэзия "салған жерден өзі де дертке шипа бола кетеді. Басқаларға қарағанда пайғамбардың жүрегінен құйылған құрандай соқыр кісі сыбдырынан танырлық аққұла ашық тұрады" дей келіп, ұлы Абайдың "Сегіз аяғын" алға тартады. С.Торайғыровтың сол кездегі көп ақындардың ішінен ұлы Абайдың ұлылығын танып, алғашқы кітаптары ғана шығып үлгерген Ахмет пен Міржақыптың болашағынан үлкен үміт күтуі ақынның жалпы азаматтық бағытының, дүниетанымының, әдеби түйсігінің өз қатарластарының біразына қарағанда дұрыс бағытта, жоғары деңгейде болғандығын көреміз. Ұлыларды ұлылар дұрыс тани алады деген сөз бұл. Шолу ақынның әйтеуір жазу керектіктен жаза салған дүниесі емес, өз халқының тілін, әдебиетін шын сүйе білген азаматтың туған әдебиеті туралы жүрек түкпірінен шыққан бұлқыныс сезімдері, толғаныс ірімдері сияқты.

Негізгі мақсаты өз кезеңіндегі әдеби өмірдің көрінісін жасаудан гөрі проблема көтерушілік сипатының басымырақ болып келуі алғашқы шолуларға тән қасиеттердің бірі сияқты. Осындай құбылысты "Әдебиетімізге көз салудан" ("Қазақ", 1916, N164, авторы "Н") да байқаймыз.[498] Автордың әдебиет жайлы ойлары назар аударарлық: "Әдебиет әрқашан тұрмыстан айрылмай, қол ұстасып бірге кетсін. Тұрмыстың әрбір сазына әдебиет жаңғырық сөз қайтарсын, халықтың әрбір қайғысын әдебиет айнадай көрсетсін. Сөздің қысқасы, әдебиет тұрмыспен берік байлаулы болсын". Мұнда негізгі мақсат сол кездегі қазақ әдебиетіне емес, әлемдік әдеби дамудың түрлі бағыттарына көз салу болғандай. Қазақ әдебиеті қай бағытта өркендеуі керек, кімнен үлгі алуы керек дегенде "Еліктеу дәуірін басымыздан кешірмей кете алмаймыз, бірақ кімге еруіміз мақұлыраққа" жауап іздейді. Шығыс, Батыс әдебиеттері шолынып, олардың артықшылық, кемшілік тұстарына көз жіберіледі. Қазақ әдебиеті үшін "Еуропа-орыс әдебиетіне еру мақұлырақ болар" деген пікір білдіреді. Өйткені, "Абай әдебиетіміздің атасы бұл жолдың қорқынышсыз, біз үшін пайдалы екендігін сезіп, сол жолға бұрылды". Шолуда қазақ әдебиеті өкілдерінен Абай ғана аталынған. Автордың қазақ әдебиетінің өзіндік ұлттық даму дәстүріне баса назар аударғаны көрініп тұр. Соңында ұлттық мұрамызды игеру мәселесін көтереді: "Бұл жолға түспестен бұрын өте даярлануымыз керек. Ұлт әдебиетімізді майданға шығармақ үшін әуелі өз тұрмысымызды білмегіміз, үйренбегіміз, халық аузындағы әдебиетімізді жиып бір тәртіпке, белгілі сарынға салмағымыз, өз жұртымызды әр жақтан білмегіміз керек. ...бізге ұят: халқымыздың бай әдебиетін, оның ертегілерін, мақалдарын, күйлерін, жырларын... білуге жинауға құштарлығымыз жоқ".

Әдебиеттің даму бағыттарына, дүниежүзілік көркемдік тәжірибеге көз жіберу С.Сейфуллиннің "Әдебиет және оның ағымдары" атты шолуында да бар. Автордың мақсаты қазақ әдебиетіндегі ағымдарға емес, әлемдік әдеби даму барысында жүріп өткен жолдарда қалыптасқан мектептер жайлы

қазақ әдебиетшілерін хабардар ету, таныстыру болған. Қазақ әдебиеті қай бағытта дамуы керек дегенге жауап іздеу сол кездегі әдеби сын көтеріп жатқан аса маңызды мәселенің бірі болатын. Сәкен де осыған үн қосып, әдеби мектептер, олардың басты ерекшеліктері жайлы өз түйгендерін ортаға салған. "Әдебиет және оның ағымдарында" классицизм, романтизм, реализм туралы теориялық түсініктер беріледі. Көркемдік дамуды қоғамдағы әлеуметтік өзгерістермен байланыста қарастырып, негізгі заңдылықтарын ашуға ұмтылыс бар. "Түрмыстың екі бірдей бетін көрсететін – реализм"[499] – деп жазады автор. Осындай мектептердің, ағымдардың қазақ әдебиетіндегі көрінісі қандай деген мәселелерге бармай, ол туралы ойлануды оқырманның өзіне қалдырады.

Жоғарыда талданған мысалдардан шолудың алғашқы үлгілерінде жанрлық белгілердің бірте-бірте көріне бастағандығы, проблемалық сыпатының басым болып, мақалалық кейіп танытуға бейім тұрғандығы байқалады. Шолу жанры әдеби дамудың алдында шешімін күтіп тұрған зәру мәселелерді шешу қажеттілігі барысында көріне бастаған. Әдеби өмірдің фактілерін шолудың, нақтылы талдаулардың жетіспей, көбіне мәселе көтеріп, алға міндеттер қоюшылық жағының басым болып жататындығын осы тұрғыдан түсінген жөн. Демек, шолу жанрының пайда болуының өзі әдеби өмірдің өзекті мәселелерін көтеру, ойласу, шешу мақсатынан туған деп ой түюге болады. Осындай қажеттіліктерді өтеу барысында шолудың негізгі жанрлық белгілері біртіндеп қалыптаса бастады.

Шолудың жанрлық ерекшеліктері С.Сәдуақасовтың "Қазақ әдебиеті" атты шолуында бедерлене түсті. Автордың өзі "тарихи-сыни очерк" (историко-критический очерк) деп атаған бұл материал "Трудовая Сибирь" (1919, N1) журналында жарияланған болатын. Қосымша жанрлық анықтамасынан көрініп тұрғандай-ақ, орыс оқырмандарына қазақ әдебиеті жайлы мағлұматтар беру мақсаты алға қойылған. Объектіге қазақ әдебиегінің өткені мен бүгінгісінің тұтас алынуы саяси қайраткер Смағұлды ұлттық әдебиетімізді жетік білетін әдебиетші ретінде де танытады. Ауыз әдебиетінен бастап, XX ғасырдың басындағы жазба әдебиетке дейінгі ұзақ дәуір сыни тұрғыдан шолынады. Автор қазақ халқының фольклоры жайлы қысқаша түсіндірулермен ғана шектелген де басты назарда жазба әдебиетті ұстаған. "Жазба әдебиеттің негізін салушы "Мәшһүр" деген атаққа ие болған Жүсіп Көпеев, кейінірек Абай Құнанбаев болды"[500] деп жазады автор. Қазақ әдебиетінің ірі тұлғалары туралы айтылған алғашқы пікірлердің қатарында С.Сәдуақасовтың әдеби ойларының парасаттылығы, нақтылығы, әдеби танымының жоғарылығы өзін тәнті етпей қоймайды. Әсіресе, Абай жайлы кесек-кесек толғамдар түйеді. Ұлы ақынның қазақ әдебиетіндегі орнын "Абай Құнанбаевтың құдіретті философиялық лирикалық өлеңдерінің тегеуірінімен ауыз әдебиеті кері шегініп, ұзақ уақыт үнсіз қалуға мәжбүр болды. Абай поэзиясы қазақ халқының әдебиетіне ұшан-теңіз ықпал етіп,

оның бұдан былайғы бағыт-бағдарын айқындап берді" – деп анықтайды. Ал, ақын поэзиясы туралы "Абай шығармалары халқына деген шексіз махаббатпен шамырқанып, шыңдала, шырайлана түседі. Сол тұстағы қазақ халқының ауыр халі ел билеуші белсенділерден, патша өкіметінің бишігештерінен көрген жәбір-жапасы Абайдың "мөлтілдеген көз жасына" шағылып, сыртқа шығады. Оның тілі ғажайып көркем. Бұл тұрғыдан оған қазақ жазушыларының арасында тең келетіні жоқ" – деп, аса жоғары бағалайды.

Шолуда Абайдан кейінгі қазақ әдебиетінің жай-күйіне тоқталыңқыраған. "Айқап" журналы мен "Қазақ" газетінің әдеби дамуға тигізген оң ықпалын атап өтеді. XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетін шолғанда, А.Байтұрсыновтан бастап, М.Дулатов, М.Жұмабаев, С.Дөнентаев, Ғ.Қарашев, Ш.Құдайбердиев, С.Торайғыров, А.Мәметов, С.Сейфуллин, С.Шорманов, Б.Өтетілеуов сияқты ақындардың шығармашылықтары жайлы сөз етеді. Әрқайсысының өзіндік ақындық бетіне берілген мінездемелер дәлдігімен, айқындылығымен ерекшеленеді. Мысалы, М.Жұмабаев туралы "Поэзия саласында соны күштілердің ішінен жас ақын М.Жұмабаев жарқырай көрініп келеді. Ол – өзіндік дара бағыттағы лирик ақын. Оның өлеңдері жастар арасына кеңінен тарап кетті. Үнділігі жөнінен олар Абай жырларынан кем түспейді. Ойының айқындығы, жырының көркемдігі жөнінен ол өзіне дейінгі лирик ақындардың барлығын басып озып, көш ілгері кетті" – деп жазылған жолдардан сол кездегі жиырма алты жасар жас ақынның поэзиясындағы нәзік, терең сезім иірімдерге толы қасиеттерді жіті байқап, өлмес өлеңдерінің болашағы зор екендігін болжай алғандығын көреміз.

Негізгі әңгіме сол кезге дейін қазақ әдебиетінде басым болып келген поэзия хақында болғанымен де шолудың соңына қарай проза, публицистика, драмалық поэзия, қазақша ғылыми, оқулық еңбектер жайлы бір сөйлеммен болса да қысқа-қысқа пікірлер білдіре кеткен. Бұлардың "табысы ауыз толтырарлық емес". Сондықтан да олар туралы сөз сабақтап жатпайды. Тек қазақ публицистикасының "тәуірірек дамығаны" айтылып, оның көрнекті өкілдері аталады.

Шолу қазақ әдебиетінен бейтаныс орыс оқырмандарына арналып жазылғандықтан және қазақ әдебиетінің біртұтас тарихи панорамасын жасау мақсаты алға қойылғандықтан да ақындардың өлеңдерін талдап жатпайды; олардың әрқайсысы жайлы шығармашылық мінездемелер берумен ғана шектеледі. Жекелеген шығармаларға баға берілмейді; мәселе тарихи тұрғыдан кең көлемде қарастырылып, әр ақынның ұлттық әдебиетімізде алатын орнын анықтаушылық бар. Осында айтылған С.Сәдуақасовтың әдеби-сыншыл ой-пікірлерінің әлі күнге дейін өз мәнін жоймай бүгінгі заманмен үндесіп жатуы білімділікке, парасаттылыққа негізделген өміршеңдігінде болса керек. Сонымен бірге шолу жанрының басты белгілері әдебиетті шолушылық, пікір білдірушілік осында айқын көрінді. Алған объектісі мерзімдік жағынан өте ауқымды болғандықтан да

нақтылы талдаулар көрін-бейді. Шолудың соңында қорытындының берілмеуі көлем үнемдеуден болуы мүмкін.

С.Сәдуақасов қазақ әдебиетінің барын барлап, жоғын жоқтап бірсыпыра пікірлер білдірді. Солардың бірі – 1928 жылы Мәскеуде "Жас Қазақстан" ("Молодой Казахстан") деген атпен шыққан М.Әуезовтің, Ж.Аймауытовтың, Б.Майлиннің әңгімелер жинағына жазған алғысөзі. Бұл кез талтық саясатттың күшейіп, қазақ қаламгерлерінің төбесіне қара бұлттың үйіріліп келе жатқан, Мұхтардың да, Жүсіпбектің де "жолбикелер" қатарында жүрген кезі болатын. Соған қарамастан Смағұл қазақтың ұлы үш жазушысының шығармаларына өзі алғысөзін жазып, Мәскеуден бастырып шығарады. Мұнда да қазақ әдебиетіне кеңінен көз жіберушілік, солардың ішінде жоғарыда аталған үш жазушының алатын орнын анықтаушылық бар. Содырлы саясаттың сойылынан қорықпай, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев туралы бұрын білдірген пікірлерін тағы да нығарлай түскен. Жалпы Смағұлдың сындарында мәселені кеңінен қамтып, түйінді пікірлер айту жағы басым.

Жоғарыда айтылғандардан шолудың талдаулары қамту объектісі неғұрлым үлкейген сайын азая түсіп, жалпы ой қорытуларға көбірек орын берілетіндігі, шеңбері шағындалған сайын соғұрлым нақтылана түсетіні байқалады. М.Әуезовтің "Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірінен" де осындай жағдайды көреміз. Смағұл тарихи-сыни очеркінде бүкіл қазақ әдебиетін шолып, оған қысқа сипаттама берсе, М.Әуезов "қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірін" әңгіме өзегі етуді мақсат тұтқан. Солай бола тұра автор әдебиетіміздің өткеніне қысқаша экскурсия жасаған. Мұхтардың да "Тарихи-әдеби сын" деген қосымша анықтама беруі сондықтан болар. Өйткені, "Бүгінгі әдебиетке белгілі жол салып, дұрыс бағыт береміз дегенде, жалпы қазақ әдебиетінің өткен күнін, бүгінгі қалпын һәм келешегін де түгел түсіну керек. Сонда ғана әрбір жазушы хақиқатқа жақын сөйлеуі де мүмкін".[50]

Мұхтар қазақ әдебиетінің өткенін жалпы шола бермейді. Әдебиетіміздің басқалардыкінен басты өзгешелігі, негізгі арқауы не деген сауалдарға жауап іздеп, ол ұлттығында, яғни қазақылық қалпында деп жауап береді. Осы мәселені шолудың негізгі өзегіне айналдырып, әдебиеттің бет-бағдарын, алдыңғы міндеттерін айқындауға ұмтылады. Ауыз әдебиетінің өміршеңдігі оның ұлттық қасиеттерінде, халық өмірінің айнасы бола білгендігінде, типтік ұлттық мінездер жасай алғандығында, "біздің әдебиеттің бізге сүйкімді жерлері осындай ірі жерлерде, ірі қалпымен өзге жұрттікіне ұқсамай, таза қазақтікі болып шығатандығында" деп біледі.

Қазақтың жазба әдебиеті Абайдан басталды дегенге қарсылық айтады. Дәлелге жазып айтысқан ақындарды, Шортанбайдың, Ыбырайдың, Мәшһүр Жүсіптің, Нармамбеттің шығармашылықтарын көлденең тартады. Бұларды ауыз әдебиетінен жазба әдебиетке өтер кездегі "көшпелі дәуірдің ақындары" санап, әрқайсысына қысқаша сипаттамалар берген: "Шортанбай жазған "Зар заман" – әдебиеттегі, тарихтағы көшпелі дәуірдің зор айнасы"; "Осы сияқты

ел уайымының бір жыршысы – Нармамбет. Бұл бүгінгі күннің қайғысы қажытқандықтан, өткен күннің еркіндік қызығын көксейді". Сол дәуірдің ақындарын "Бұлар – өз заманының бел баласы. Олардың заманы – қараңғыда сипалып сенделудің, қиналудың заманы. Ел дертіне не нәрсенің ем екенін білмей, бірі діңді, бірі ескілікті жоқтап, бірі орысты жамандап, бірі қазақты жамандап, түпкі дертті таба алмай, жалпақ адасқан заман" деп сипаттайды. Бұл пікірлердің құндылығы солкездің өзінде-ақ кеңестік дәуірде кертартпа, ұлтшыл аталып келген ақындардың шығармашылықтарын ұлы Әуезовтің тарихшылдық тұрғыдан дұрыс бағалап, биік деңгейден көріне білгендігінде.

Шолуда қазақ әдебиетіндегі Абайдың алатын орнына, поэзиясының сонылық сипаттарына айрықша тоқталып, жаңа түрпатты шын мәніндегі "әдебиеттің басшысы" деп бағалайды. Ұлы ақынның қазақ прозасына әкелген жаңалықтарын, қосқан үлестерін атап-атап көрсеткен: "Абай қазақтағы суретті, сұлу сөздің атасы: тереңге сырлы, кең мағыналы кестелі өлеңнің атасы. Қазақ өлеңіне үлгі, өрнек берген, түрін көбейтіп, қалыбын молайтқан – Абай"; "Абай қазақ оқушысының ойымен қатар сезімін де тәрбиелеген". Мұхтар да жеке өлеңдерді талдауға көп бара бермейді; тек кейбір жерлерде ғана онда да өткен заман ақындарына тән шумақтардан сегіз рет мысал келтіреді. Мұны Абайға дейінгі әдебиет жайлы өзгелерге дау айтқан пікірлерін дәлелдей түсу мақсатымен және оларды жұрт онша біле бермейтіндіктен де істесе керек. Ал, Абайдың өлеңдерін нақтылы талдап жатпайды. Тек ақын поэзиясындағы сыншылдық сарынның басымдығына "Мәз болады болысың", "Адасқанның алды жөн, арты соқпақ", "Болыс болдым, мінеки" деген өлеңдерінің аттарын ғана атап өтеді.

Қазақ әдебиетінің Абайға дейінгі дәуіріне көз жіберу бұл шолудың негізгі мақсаты емес. Бірақ, өткенді білмей, бүгінгіні танып білудің қиындығынан және бүгінгі әдебиет туралы өз пікірлерін әдеби даму дәстүрі тұрғысынан айтып отырғандықтан да өткенге шолу жасаған. Әуезовтің негізгі айтқалы отырғаны – қазақ әдебиетінің ұлттық даму ерекшеліктері, өзгеге ұқсамайтын қазақ тұрмысының айнасы бола білуі, ұлт қамын ойлаған сарынның басы болып келгендігі, әлеуметтік-қоғамдық өмірдегі саяси өзгерістерге сай әдебиетте де шығармашылық ізденістердің жүріп жатқандығы. Бұрын ұлтшылдық, сыншылдық сарындар әдебиеттің басты бет-бағдары болып келсе, заманға орай соңғы жылдарда байқала бастаған жаңалықтарға назар аударады. "Ол жаңалық – жаңа басталып келе жатқан сезімшілдік, сыршылдық (романтизм) дәуірі". "Бұрынғы ауызша әдебиеттен, одан бергі Абай заманынан бері қарай келе жатқан реализм сарыны көбінесе құрғақ ой, жадағай сөз (рассуждение) күйі осы күнде терең сезім, нәзік сыр күйіне айналып келеді". "Бұның белгісі М.Жұмабаевтың соңғы "Ертегі", "Қорқыт" сияқты өлеңдерінде бар".

Шолу "Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі" аталғанмен де сол кез

әдебиетінің ақын-жазушылары әңгімеге айналмайды. Мақсат қазақ әдебиетінің дамуын тарихи тұрғыдан шолу болғандай. "Қазақ әдебиетінің бұл дәуірі буыны бекіп, қатарға кірерлік әдебиет болғандығын көрсететін сыршылдық-романтизм дәуірі болады" – деп түйінделеді негізгі пікір. Қалай болғанда да бұл пікірді айтқызып отырған ұлы Мағжанның тегеурінді ақындық қуатын барынша сезінгендік, оның ақындық жолының болашағының зорлығына сенгендік болса керек. Кім біледі, қазақ әдебиетіне социалистік реализм әдісі күшпен таңылмағанда Мағжанның сыршыл поэзиясы барынша шешек жарып, ұлттық поэзиямыздың үлкен ақындық мектебіне, жемісті даму даңғылына айналар да еді...

Қаршадайынан білімпаз атанған Мұхтар мұнда да білімдарлығын көрсетеді. Қазақ әдебиетінің мәселесін жалаң әңгімелей бермей, қажетті жерлерінде орыс, Европа әдебиеттерімен сәтті салыстырулар жасап отырады. Осындай жан-жақты байқауларының нәтижесінде "біздің әдебиет әлі жас, әлі бойы өсіп жетілген жоқ. Өткен күніне қарап, келешегі зор" деген қорытындыға келеді. Қазақ әдебиетінің болашағын ұлттық даму жолынан көреді:

"Олай болса, жазылатын пьесаларда, романдарда, әңгімелерде, поэмаларда қазақтың негізгі мінездерін айқын көрсететін типтер жасау керек. Қазақ әдебиетінің ішіне қазақ өмірін түгел суретімен алып кіру – әдебиеттің өндігі міндеті".

Алғашқы шолулардың кейбір үлгілеріне үңіліңкіреп жатқан себебіміз: оларда ұлттық әдебиетіміздің даму мәселелері жайлы аса маңызды проблемаларды көтере білгендігіне назар аударыңқырау. Олардың кейбіреулерінде күнделікті әдебиетті, оның нақтылы тәжірибелерін шолып, талдаулар жасау жағы жетіспей жатқанымен есесін ұлттық әдебиетіміздің келешегі жайлы толғаған көрікті ойлар толтырып тұрғандай.

Жиырмасыншы жылдардың екінші жарымынан бастап, Қазақстандағы саяси өмір ушыға түсті. Коммунистік партияның ұлттық әдебиеттерді тізгіндеп ұстау саясатының тікелей ықпалымен әдеби-сын пікірлерге шідер салынды. Әдеби сын, оның ішінде шолу да компартияның көркем әдебиеттегі солақай шоқпарына айналды. Осы жағдайлар шолудың жанрлық тұрғыдан жетіле түсуіне тежеу болып, бірсарындылыққа, бірқалыптылыққа (стандартқа) ұшырады. Әдебиет жайлы әңгіменің барлығы социализм, социалистік реализм тұрғысынан өрбіп, оның сапасын анықтау белгілі жүйе бойынша жүріп жатыр. Әсіресе, ҚазАПП үстемдік құрған тұстарда шолудың қасаң қалыптары қалыптасты. Көркем шығарманы "мына шығарманың түрі жақсы, мазмұны нашар", немесе "мазмұны жақсы, түрі нашар" деп сынаушылық орын алды. Ал, қаламгердің шығармашылық тарын бағалаудың дайын қалыптары болды. Мысалы, "Қазақстан пролетариат колхоз жұмысшылар ұйымының (ҚазАПП) платформасында" ("Еңбекші қазақ", 20.V. 1931) жазушылардың үш түрлі типі көрсетілген. Осыған орай сол кездегі

шолуларда қалам қайраткерлерін байшылдық, жолбикелік, пролетариаттық бағыттардың қайсысына жататындығын анықтау негізгі мәселе болды. ҚазАПП-тың сыншылары қазақ әдебиеті жайлы жалпы пікірлер айтқанда М.Жұмабаев, М.Әуезов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Қ.Кемеңгеров сияқты жазушыларды байшылдар деп барынша кінәлап жатты. Ал, С.Мұқанов, І.Жансүгіров, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов – барлығы он шақты-ақ адам пролетариат әдебиеті өкілдері саналды. Қалғандары беттері әлі ашылмаған "жолбикелер", "шөре-шөрелер" деп бағаланды. Осы кездегі шолудың типтік үлгісін ҚазАПП-тың басшысы М.Қайыпназаровтың түрлі жиындарда жасаған баяндамаларынан, басылымдарда жарияланған материалдарынан айқын көрінеді.[502]

Жалпы шолулар жазушылар одағының түрлі жиындарда жасалынған есепті баяндамаларда кеңінен қолданылды. Мысалы, С.Мұқановтың "Соңғы үш-төрт жылда"[503] атты шолуы 1937 жылы 25 көкекте өткен жазушылардың пленумында жасаған баяндамасы негізінде жазылған. Авторы басшы болғандықтан да қарамағындағы ұйымның, қаламгерлердің шығармашылық қызметтерінен есеп берушілік бар. Сонымен бірге одақтың ұйымдастырушылық жұмысындағы, басылым, баспа органдарындағы, жаңа заманды, өндірісті жазудағы кемшіліктер нақтылы мысалдармен көрсетілген. Шолуда әдебиет мәселелерін жалпы емес, поэзия, проза, драматургия салаларына бөліп, жүйелі әңгімелеушілік бар. Әдебиетке шолуды оның түрлеріне жіктеп қарастырушылық С.Мұқановтың "1947 жылдың әдебиетіне шолу", "1948 жылдың әдебиетіне шолу"[504] атты еңбектерінде де қолданылған. Сәбеңнің шолуларының негізгі ерекшелігі – әдеби фактілердің көп қамтылып, олардағы жетістіктер мен кемшіліктердің бүкпесіз ашық айтылуы. Ойларын нақтылы мысалдарға сүйеніп айтатындығы.

Жалпы шолулардың көбіне есепті баяндамалар негізінде жазылатындығы көрінеді. С.Мұқанов сияқты Ғ.Мүсірепов те әдебиеттің басшы, қосшы қызметтерінде жүріп, әдебиетіміздің жалпы мәселелері жайлы баяндама жасап, оларын баспасөзде жариялады. Сондай шолуларының қатарында "Социалистік құрылыс дәуірі – түрі ұлттық, мазмұны пролетариаттық көркем әдебиеттің өркендейтін дәуірі", "Қазақ совет әдебиетінің қазіргі жайы мен міндеттері туралы", т.б. еңбектерін атауға болады. Ғабеңнің шолуларына ортақ нәрсе – әдебиеттің ортақ мәселесін жалпы көтеріп, әңгімені проблемалардың төңірегінде өрбіту.

Кейіннен баяндама түріндегі шолулар басылымдар бетінде жиі көріне бастады. Енді оларда әдеби өмірді неғұрлым кеңірек қамту ниетімен күнделікті фактілер жетегінде кетіп қалып, көркемдік даму туралы келелі пікірлерге жете алмаған жағдайлар орын алды.

М.Әуезовтің "СССР халықтарының әдебиеттерінің өркендеуі"[505] атты көлемді еңбегі қамту көлемімен де, көтерген мәселелерінің көптігімен де ерекшеленеді. Мұнда советтік дәуірдегі көп ұлтты әдебиеттің даму

панорамасы жасалынған. Бұрындары ұлттық дәстүр негізінде дамып келген әдебиеттердегі социалистік реализм әдісінің қолданылуына байланысты туындап жатқан өзгерістерге жіті көз жіберген. Ұлттық әдебиеттер арасындағы байланыстар, бір-біріне әсері барысындағы "жақындасу" процесіне назар аударады. Автор СССР халықтары әдебиетін "тіл тарихтық жақындықтарына орайлап" славян, Прибалтика, Кавказ, Орта Азия, Қазақстан халықтарының әдебиеттеріне бөліп қарастырған. Әр аймақ әдебиеттерінің өзіндік ерекшеліктерімен қатар жеке халықтардың әдебиеті, олардың көрнекті өкілдері арнайы әңгімеленеді. Үлкен зерттеу, монографиялық еңбекке айналған шолуда мәселені кеңінен қамтып жалпыдан жекеге қарап жүйелеп, нақтылы пікірлер білдірушілік бар.

Кейінгі кезеңдерде жалпы шолудың әдеби сынымызда сирек көрініп жүргендігі байқалады. Онда да кейбір даталы оқиғаларға байланысты жазылып жүр. Мысалы, алпыс, жетпіс жылдағы қазақ әдебиеті деген сияқты. Бұларда әдеби өмірдің бүгінгі мәселелерін ой елегінен өткізуден гөрі белгілі бір мерзім ішінде жеткен жетістіктерді санамалау басым. Ал, қазіргі кездің өзекті өңірлерін шолған мақалалар болса да аз. Оның да өзіндік себептері бар сияқты. Қазіргі қазақ әдебиетін, оның сынын осыдан жарты ғасыр бұрынғы кезімен салыстыруға келмейді. Ол кез қазақ әдебиеті дамудың даңғыл жолына енді-енді түсіп жатқан кезі болатын. Ауқымы жағынан шолу жанрының құшағына сиып кете беретін. Ал, қазір ше? Көп салалы, көп арналы қазақ әдебиетінің мәселелерін бір ғана шолуда қамтып айту қиын. Айтқан күннің өзінде де үстінен қалқып қана өтуі мүмкін. Сол себепті де көркемдік процестің түрлі мәселелерін айтудан гөрі әдебиеттің түрлеріне, жанрларына, немесе тақырыптарға бөліп қарастыру қолайлылығын, тиімділігін көрсетіп жүр.

Жанрлық шолулар. Бұл типтегі шолулар іштей тағы да әдебиеттің түрі (вид) және жанрлары бойынша деп екіге бөлінеді. Біріншісіне, көркем әдебиеттің проза сыны, поэзия сыны, драматургия сыны, ал, екіншісіне поэма, әңгіме, повесть, роман, комедия, трагедия сияқты жанрларға қатысты шолуларды жатқызамыз. Сондай-ақ, алғашқысына әдебиеттің ғылымы, сыны, сатирасы туралы шолуларды да қосуға болады.

Көркем әдебиет дамыған сайын сапалық жағымен бірге сандық жағынан да өсіп, көлемі көбейе түсті де оның бәрін қамтуға шолудың шамасы келе бермеді. Шолу енді бүкіл әдебиеттің жүгін емес, өзі көтере алатынына ғана әрекеттенуіне тура келді. Іштей бөліп қарастыруға алғашында әдебиеттің түрлері бойынша жіктеу көмектесті. Осы салада алғаш көрінген шолу – "Екеудің"[506] "Абайдан соңғы ақындары". 1918 жылы "Абай" журналында (N5) жарияланған бұл шолуды бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда да биік талаптарға жауап бере алатын, қазақ әдеби сынында өзіндік орны бар елеулі еңбек деп бағалауға болады. "Абайдан соңғы ақындар" – осы уақытқа дейін негізінен басым дамып келе жатқан қазақ поэзиясын ғана

емес, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінен де мол мағлұматтар беретін кең тыныстық, көп проблемалық шолу. Мұнда сол кездегі қазақ поэзиясын шолып, оның дамуындағы негізгі тенденцияларды анықтау, кемшіліктерін көрсету, оның себептерін ашу бар.

Авторлар ақындар жайлы әңгімесін Абайдан бастаған. Өйткені "Қазақтың мінезін суреттеп, мінін айтып, айқын сырын ашып, көзге көрсететін, елдің халін қайғырып, жақсылыққа сүйреген сөздер Абайдан бері басталды. Абайдан бұрын қазақтың мінез, қалпын суреттеп берген айна болған жоқ. Міні айтылмай, беті жуылмай, бітеу, тұйық күйде келді. Ол уақыттағы сөздер таразыға салынбады, надандық пердесін жырта алмады. Абайдан бері әлгі өмірдің тұйығы табылып, түйіні шешіліп, сыр сыртқа шығып, мінез айнаға түсіп келе жатыр".

Абайдан кейін қазақ әдебиетінде "оянудың" болғанын айта отырып, сол кездегі қазақ поэзиясына көз жіберді. Алдымен, өлеңге қояр шарттарын айқындап алады: "еркін ой, шарықтаған терең қиял, нәзік, өткір сезім, құйылған сұлу сурет, кестелі, таза, қысқа, анық, дәлді, нағыз тіл". Осы тұрғыдан келгенде "Екеу" сол кездегі өлеңдерге көңілі толмайтындығын "осы айтылған шарттарды түгел сіміріп, төрт табанды, сегіз қырлы болып шығатын өлең Абайдан соңғы ақындарда некен-саяқ" – деп ашық айтады. Өлеңдерде мынадай міндер бар: "Табиғаттың әр түрлі түрімен сырласып, мұңдаса алмайды"; "бұл турада Абайдың суреткершілігіне жеткен әлі ақын жоқ"; "сыршыл еместігі"; "ақынның ақындығы сол жасырын сырды тауып, жүректі тербетіп, қуантып, мұңайтып, жасырын күйдің шегін шертіп, әрбір пернесіне тап басуы"; "тілдерінің шебер, кестелі еместігі. Сөздерінің сырты тақылдап, үйлесіп келсе де нәзік сипаттарды жетік суреттей алмай, жадағай, үстірт кетіп, айтпақ суретін көңілге берік қондырып бере алмайды".

Өлең өнеріне осындай үлкен талаптар қоя білген авторлар өзіндік үні бар қазақ ақындарын "өлеңдерінің сыртқы түрі мен қалпына қарап" бірнеше жікке бөледі:

1. "Сезімге әсер берерлік суретші өлеңдер көбіне Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт, һәм Ахмет Мәметовтікі... Бұлар – сыршыл (лирик) ақындар".

2. "Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Дөнентаев, Шәкәрім, Бекет Өтетілеуов. Бұлардың өлеңдері сырты төгілген, сұлу, тілі кестелі, анық, халықтың ұғымына, оқуына жеңіл, тәнті. Бұлардың өлеңдерінің сезім мен қиялға тәрбие әсері аз, ақылға азығы бар, бұлар халықтық (народный) ақындар".

3. "Бұл жіктің ақыны – ескі өлең, жыр, тақпақтарға еліктеп, жеке жортақтап, құба жонданып келетін Ғұмар Қарашев".

Осылай үш топқа жіктеп алған соң, аттары аталған ақындардың өзіндік ерекшеліктерін жеке-жеке айқындай түседі. Авторлар шолудың композициялық құрылымын жалпыдан жекеге қарай тану принципіне құрған: алдымен, жалпы қазақ поэзиясына көз жіберіледі; ондағы сыпатты

кемшіліктерді көрсетеді; әрі қарай ақындардың үш түрлі бет-бағдары айқындалып, соңынан әрқайсысына ақындық сипаттама беріледі. М.Жұмабаев туралы "жас ақындардың ішінде сезіміне сөзі жақын келетін суретшілдігі бар Мағжан"; "сыршыл ақындардың ішінде өлеңінің ішінде өлеңінің ішкі суретіне сыртқы кестесі үйлесіп, маңызды болып шығатын Мағжанның өлеңдері" – деп жазады. А.Байтұрсыновтың ақындығы кеңірек сыпатталған: "ойына сөзі дәл, тілге жайлы, көркем, халықтың керегіне, кемшілігіне ғана арналған өлеңдер Ахмет Байтұрсыновтікі. Ахмет өлеңдерін ақындық еркі билеп, қиял ермегі ойдан шығармайды. Ойды оятуға, миды сергітуге, мұңлы мұқтаж, терең мақсат түртіп шығарады. Біресе ызамен зекіп айтып, біресе зарланып шермен айтып, біресе ақыл қып сипап айтып, не қылса да халықтың көзін ашпақ. Өлеңінде толғанған ой, толқыған шердің көпізі бар... Ылғи да халықтың нәзіктенбеген сезімімен, жетілмеген ұғыммен есептесіп отырады". Бұл мысалдардан М.Жұмабаевтың, А.Байтұрсыновтың ақындық стильдерін дәл айқындай алғаны көрінеді. Осындай ретпен Сұлтанмахмұттың, Міржақыптың, Сәбиттің (Дөнентаевтың), Шәкәрімнің, Ғұмардың, Бекеттің шығармашылықтарына да қысқаша сипаттамалар берілген.

Пікір білдіргенде әрбір қаламгердің болмысын айқындау – оңайға түспейтін сынның басты уазипаларының бірі. Бұған дейінгі әдеби сында осы жағы там-тұмдап көрініп келсе, "Абайдан соңғы ақындарда" толығырақ, айқын көрінді. Стиль қалыптасқан ақындарда болады. Сондықтан да шолуда ақындық беті айқын, белгілі ақындардың шығармашылықтары төңірегінде ғана әңгіме болады. "Тегінде "ақын" бар, "өлеңші" бар, "Әдебиет бақалшының қоржыны емес, қотанда жатқан қиқым-сиқымды балаларға алдап сатып, шыға беретін" – деп поэзияны кездейсоқтардан сақтандырады.

Әдебиетті оның түрлері бойынша шолған мақалалар отызыншы жылдардан бастап кеңінен көріне бастады. Тіпті, жалпы шолулардың өзі іштей көркем әдебиеттің жеке салалары бойынша жасалынған тараушалардан тұрады. Мысалы, жоғарыда біз тоқталып өткен С.Мұқановтың шолуларында поэзияның, прозаның, драматургияның жай-күйлері жеке-жеке әңгімеленген. Енді бүкіл әдебиеттің мәселелерінен гөрі белгілі бір саланың өзекті өңірлерін нақтылырақ көтеру күн тәртібіне қойылды. Прозаның, поэзияның, драматургияның, әдеби сынның, аударманың даму проблемаларын нақтылы қозғаған шолулар өміршеңдігін көрсетті. С.Мұқановтың "Поэзия мәселесі"[507] шолудың осындай түріне жатады. Мұндағы мақсат қазақ поэзиясын онда жүріп жатқан жаңашылдық ізденістер, түр мен мазмұндағы жаңалықтар тұрғысынан шолу. Сол кездегі қазақ өлеңіне өмір шындығын көрсете алды ма, дәуірге лайық бейнелер жасалынды ма, тілі татымды ма деген талаптар қойып, өз ойларын ортаға салған. Ақындарды түрлік және мазмұндық ізденістеріне қарай үш топқа жіктеп, сипаттамалар берген. Шолуда поэзияның теориялық жақтарына

барып, әңгімені осы ыңғайдан өрбітушілік бар. Сәбеңнің "Тағы да поэзия туралысы"[508] да осы тақырыптың жалғасы іспеттес; қазақ поэзиясын өмір шындығымен байланыс, ақындық шеберлік мәселелері бойынша шолған Ғ.Мүсіреповтің "Совет драматургиясының кезекте тұрған кейбір мәселелері", "Қазақ совет прозасы", "Қазақстандағы әдебиет сынының жайы мен міндеттері"[509] де әдебиеттің түрі бойынша қамтып, толғамды пікірлер айтылған елеулі шолуларға жатады.

Әдебиеттің түрлері, салалары бойынша жазылған шолуларда қамтылатын уақыт мерзімдік жағынан түрліше: бір жылдан ондаған жылдарға созылуы мүмкін. Мысалы, М.Қаратаевтың "Қазақ әдеби сынының міндеттері"[510] осы саланың пайда бола бастаған кезінен бастап 1937 жылға дейінгі аралықты шолған.

"Сын алғаш туа бастаған кезде", "ҚазАПП сынының қате-кемшіліктері", "Тарихи қаулыдан кейін" деп іштей тағы кезеңдерге бөліп қарастырған. Соңда қазақ әдеби сынының тұтас тарихында жүріп өткен жолдары, кезең-кезеңімен зерттеу объектісіне айналған. Шолу үш шолудан тұратындай. Автор жалпы шолып қоя салмайды; әр дәуірдегі әдеби сынның өзіндік даму ерекшеліктеріне нақтылы әдеби-сыни фактілер негізінде, қажетті жерінде талдаулар жасап, сипаттамалар беріп отырған. Мұның барлығы авторға сол кездегі әдеби сынның жай-күйін кеңірек қамту, мұң-мұқтаждықтарын әдеби-сыншылдық дамудың қажеттілігі тұрғысынан көтеріп, өз пікірлеріне дәлелдерді барынша нығарлап беру мақсаттарында қажет болған. Әрине, бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда, мұнда жазылған кезіндегі саяси-әдеби ахуалдың әсерінен кеткен тапшылықтар да ізі бар. Мұхаңның бұл шолуында қазақ әдеби сыны тарихы тұрғыдан тұтас шолынса, ал "Сын шын болсын, шын сын болсында" он жылдық (1958-1968) мерзімі қарастырылады.[511] 1968 жылы жазылған "Аударма ауқымында" қазақ прозасын советтік кезеңде орыс тіліне аудару тәжірибесіндегі жетістіктер мен кемшіліктер жайлы кеңінен кеңесу бар. Солай болса да автор негізінен елуінші, алпысыншы жылдардың аударма-ларын сөз еткен. Онда да "Мен орыс тіліне аударылған туындыларымыздың барлығын бірдей сөз етпек емеспін. Біздің негізгі мақсатымыз жекелеген типтік мысалдар негізінде аударма ісінің қазіргі өресін және жай-жапсарын пайымдау, қол жетіп отырған табыстарымызды атап өту, орын алып отырған көптеген тәржімаларға ортақ және ең басты кемшіліктерді ашу, оларды жоюдың шараларын қарастыру, жалпы аударма ісін көтеру жолдары жайлы ақылдасу"[512] – деп ескертеді.

Уақыт категориясы шолуда түрліше жағдайда көрінеді. Мұны жоғарыда келтірілген мысалдардан да анық байқауға болады. Шолудың объектісі әдетте белгілі бір уақыт іші болғанымен де көп жағдайларда ол сақтала бермейді. Көп шолуларға тән қасиеттің бірі уақыт шеңберінің қыспағынан шығып, еркіндікке ұмтылушылық екендігі байқалады. Бұл бүгінгі әдебиеттің

мәселелерін оның өткен даму жолдарын білмей дұрыс түсінудің мүмкін еместігін, яғни қазіргінің тарихи дамудың жалғасы, соның көрінісі екендігін ұғыну қажеттіліктерінен туындайтын болса керек.

Бұл айтылғандар тек шолуға қатысты емес, бүкіл әдеби сын туралы да осылай. Сын қазіргі әдебиетті зерттейді дегенде, оның қай жылдар екендігін шамамен ғана аңғарамыз. Сол сияқты шолуларда қарастырылатын объект мерзімдік жағынан шамамен шектелгенмен де көбіне сақталына бермейді. Сыншының бүгінгі әдеби процестің жай-күйін түсіндіруде тарихтың тәжірибесіне сүйенуі – қалыпты жағдай. Бұлай болмаса, қазіргі көркемдік көріністің даму заңдылықтары ашылмай жатқандай да әсер етеді. С.Мұратбековтің "Қазіргі қазақ прозасының бағыт бағдарына"[513] арналған шолуын мерзімдік жағынан дәл анықтай алмайсыз. Тақырыбы осылай аталғанымен де онда кеңестік дәуірдегі қазақ прозасы түгел қамтылған. Шолуда негізінен прозаның роман, повесть жанрларындағы үздік үрдістеріне сүйене отырып, бүгінгі әдебиет жайлы ой қозғаушылық бар.

К.Сыздықовтың "Қазақ прозасы бір жылда"[514] атты шолуында 1973 жылы жарық көрген прозалық шығармалар қарастырылады. Ал, Т.Қожекеевтің "Сатира туралы бірер сөзінде"[515] соңғы кездердегі поэзиялық сатира шолынады. Мұнда уақыт жағынан шектеу жоқ. Автор қажетті жерінде тіпті отызыншы жылдарға шейін шегініс жасап, бүгінгі күн сатирасының көркемдік мәселелерін кеңінен әңгімелейді.

С.Қирабаевтың "Ақынның азаматтық тұлғасында"[516] қазіргі лирикадағы азаматтық әуенге көз жіберген. Ал, мұнда уақыттық мерзімін дәл кесіп айтуға болады – 1985 жыл. Тақырыбына қарағанда проблемалық мақала сияқты көрінгенімен де композициялық құрылымы шолуға жақындатып тұр. Лириканың азаматтық сарыны, ойшылдығы, сыршылдығы тұрғысынан Ә.Тәжібаевтың, С.Мәуленовтің, Ж.Молдағалиевтің Қ.Мырзалиевтің, Т.Әбдірахмановаңың, Ф.Оңғарсыноваңың, А.Нысаналиннің, С.Хангелдиннің, Ғ.Қайырбековтің, М.Әлімбаевтың, Т.Молдағалиевтің, Т.Рахимовтың, И.Сапарбаевтың, К.Салықовтың, Н.Айтовтың, Ж.Боранбаевтың 1985 жылы "Жұлдыз" журналында жарияланған өлеңдеріне пікір айтқан. Автор бүгінгі қазақ лирикасы туралы ойларын білдіру үшін бүкіл поэзияны қарастырып жатпайды; әдеби журнал бір жылда жариялаған өлеңдердің өзі-ақ жеткілікті болған. Теңіздің суының қандай екендігін бір тамшысынан да білуге болатындығы сияқты, "қазақ поэзиясының заманның өткір талабына орай ұмтылысының баяулығы мен бір қалыпты тыныш күйге бой алдырғандығын" айтқан пікірін "Жұлдыздың" бір жылдық материалдарына негіздеген. Объект мерзімдік жағынан да, "көлденеңдік" жағынан да барынша шағындала түскен.

Мерзімдік ықшамдалу жарты жылға, тіпті бір айға дейін болуы мүмкін. Газеттерде бір ай көлемінде жарияланған, немесе редакция қоржынына келіп түскен әдеби материалдарға шолулар басылып тұрады. Ж.Дәдебаевтың "Талап пен талғам" атты шолуы "Қазақ әдебиеті" газетінің бетіндегі 1987

жылдың екінші жартысындағы әдеби-көркем сын жайына арналған.[517] Мерзімдік жағынан ықшам болғандықтан да объекті түгелдей қамтылған деуге болады. Газеттің жарты жылдық материалдарын сыншы бүгінгі сынымыз хақында байсалды ойлар айтуға орынды пайдалана білген. Сыншы Қ.Керейқұловтың "Жұлдыздағы" сын туралы шолуы да осы ыңғайлас; өз пікірлерін нақтылы сыни фактілер негізінде құрушылық бар.[518] Ал, А.Егеубаевтың "Сын түзелмей, сөз түзелмейдісі"[519] 1988 жылғы қазақ әдеби сынын шолуға арналған. Алғашқы екі шолуда нақтылық басым болса, Асқар сын туралы толғамдарын "еркін" білдіруге тырысады. Автор ақын болғандықтан да болу керек, шолудың кіріспесі жалпы сын туралы ұзақ "лирикалық толғаныспен" толы. Сыншының қазіргі сын туралы ойлары назар аударарлық. "Айтып-айтпай не керек, сынның тарихы да, эстетикасы да мәлім жағдаяттар" деген сияқты кейбір артық-кем кеткен жерлеріне қарамастан, сыни фактілермен пікірлер шебер қиысып, бірін-бірі толықтырып, сыншылдық өрім таныткан. Айтар ойдың ағынына орай керекті әдеби фактілерді қажетті жерінде арнайы талдап, мән беріп, тиімді қолдана алған.

С.Әшімбаевтың "80-ші жылдардағы сынға көзқарас"[520] Белинскийдің осы тектес атақты шолуларының әсерімен жазылған сияқты. Пленумда жасалған баяндама негізінде жазылған шолуда сын туралы мәселені барынша кеңінен қозғап, қамтушылық байқалады. Автор қазіргі сын жайында пікір білдіріп қана қоймайды, толғанады. Бұл шолуды сын туралы толғаныс деуге де болар лық. Сыншы 1972-1985 жылдар аралығында жарық көрген сыни, зерттеу еңбектеріне көз жібере отырып, тебіренгендей. Шолудың негізгі арқауы компартияның 1972 жылғы сын туралы қаулысы негізінде өз ойларын өрбітіп отырған. Сағаттың нені айтса да жанымен жалындап айтатын қасиеті мұнда да көрінеді. Сондықтан да сыншының жазғандары жүрекке жылы тиіп жатады. "Сын дегеніміз – жазушы мен оқушыны қатар ойланту, ол аз десеңіз, екеуін де сол ойдың құдіреті арқылы сынға табынту!", "Қазақты түсіну үшін Абайды оқу қажет, ал Абайды түсіну үшін азамат болу шарт", "сын ойға шақыратын ойдың жанры, әдебиеттің теориялық және методологиялық компасы" деген сияқты көрікті ойлармен қатар "идеялық және саяси-адамгершілік қуаттылы-ғымыздың қайнар көзі идеология мәселесіне бұлай бойкүйездікпен, енжарлықпен, немкеттілікпен қарауды, кешіріңіз, ешуақытта творчесво өкілдеріне кешіруге болмайды" деген сияқты компартия саясатының салдарлары да кездеседі. Сыншының осы кезеңде жарық көрген сын кітаптарының ішінен дұрыс біреуін көрмей "жібі түзу кітаптар шығарғандарды", сыншыларды М.Қаратаевтан Ә.Бейсебаевқа дейін аты-жөнін ғана атаумен шектелуі, есесіне Ж.Әбдірашевті сынаған К.Әмірбековтің бір мақаласына соншама шүйілігіп, "Жарасқанның жолына жармаса бергендерге де жармасатын адамдар жоқ дейміз!" деп, сес көрсетуі сияқтылар әрине, жақсы шолудың шырайын құбылтыңқырап тұр. Шолуда соңғы он шақты жылдың көлеміндегі әдеби

сынның жай-күйі жайлы ой-толғаныстар мол да оның биік белестері, ой-шұңқырлары сағымданып көрініс тапқан.

Б.Кенжебаевтың "Жиырмасыншы жылдардағы әдеби сын мәселелері"[521] атты шолуының объектісі тақырыбы бойынша нақтылы анықталған. Солай бола тұра автор төңкеріске дейінгі әдеби сынды да шола кетеді. Бұл жиырмасыншы жылдардағы сынның даму үстіндегі хал-жағдайын толығырақ түсіндіру мақсатымен қолданылған. Сыншының шолу әдісі де тосын: сын мақалаларды әдеби мұраға, проблемалық-теориялық мәселелерге, жеке кітапқа, қаламгерлерге арналған деп жіктеп, негізгі деп тапқандарының тізімін беріп, оларға жалпылама сипаттама берумен шектеледі. Пікіріне сай кейбіреулерін ғана тілге тиек етіп отырған.

Б.Дәрімбетовтің "Сын – таным айнасы" да ғылыми тұрғыдан жиырмасыншы жылдардағы қазақ әдеби сынына үңілген шолу. Сағат жоғарыда біз тоқталып өткен шолуында жетпісінші, сексенінші жылдардағы әдеби сынға биіктің басынан көз жіберіп толғанып тұрғандай болса, Батырхан жиырмасыншы жылдардағы сын тоғайын жаяу аралап, ондағы сыншыларды таныстырып, әдеби оқиғаларды түсіндіріп жүргендей. Сыншының артынан еріп, Н.Төреқұловтың, С.Мұқановтың, С.Сәдуақасовтың, С.Қожановтың, С.Сейфуллиннің, Ғ.Тоғжановтың, Қ.Кемеңгеровтің, Ә.,Бәйділдиннің, Ш.Тоқжігітовтің, Ы.Мұстанбаевтың, "Екеудің", т.б. қазіргі көзі қарақты оқырманға белгілі-белгісізі бар сыншылардың пікірлерімен танысамыз; олардың биіктік танытқан, солақай саясаттың салдарынан сүрінген тұстарын да көреміз. "Сын-таным айнасы" кешеге дейін басқаша түсіндіріліп, "ақтаңдақ" болып келген өтпелі дәуірдегі қазақ әдеби сынының бедерлі бейнесін жасап жаңаша түсіндіруге ұмтылған танымдық қызметі басым, тарихқа жаңаша көзқараспен қарап, соны пікірлер білдіре алған шолу деп білеміз.

З.Ахметовтің "Қазіргі кезеңдегі қазақ әдебиеттану ғылымы"[522] шолуының объектісі негізінен соңғы жылдардағы әдебиет ғылымының жай-күйі болғанмен де іс жүзінде оның бүкіл тарихы қысқа болса да шолынады. Әдебиеттану ғылымы саласындағы еңбектер санамаланып, талданылмайды, оның дамуындағы жалпы бағыттар, кезеңдік дамудағы ерекшеліктер, алда тұрған міндеттер проблемалық тұрғыдан шолынады.

Шолулардың қай-қайсысында болмасын зерттеу бағытын тереңдете түссе, ғылымилық сипаты артып, көлемді ғылыми еңбектерге ұласуы оңай. Мысалы, Б.Кенжебаевтың "Сұлтанмахмұт Торайғыровты зерттеу, тану мәселесі"[523] С.Қирабаевтың "Сәкен Сейфуллин творчествосының зерттелуі"[524] осы тақырып бойынша жазылған еңбектерді шолу мақсатында жазылып, көлемді зерттеуге арналған. Б.Ақмұқановаңың "Әдеби байланыстың зерттелуінде" қазақ әдеби байланыстары жайлы айтылған пікірлерді ерте кездерден бүгінге дейін ғылыми тұрғыдан шолған. Мұнда уақыттық жағынан шектеу жоқ. Сыншы Т.Тоқбергеновтің "Қазіргі қазақ

романы"[525] тақырыбы бүгінгі күн әдебиеті болғанымен де бүкіл қазақ романының тарихына шолу болып шыққан. Тіпті, орыс әдебиетіндегі роман жанрының озық тәжірибелеріне, ол туралы түрлі пікірлерге едәуір орын берілген. Содан кейін барып жетпісінші жылдардағы қазақ романдарын тақырыптық жүйеге бөліп қарастырып, оның идеялық-көркемдік даму мәселелері жайлы салмақты сараптаулар жасайды. Мұнда негізгі бағыттар бойынша жинақтап айту да, сонымен бірге елеулі туындыларға жасалынған тыңғылықты талдаулар да бар. Шолудан сыншының қыруар әдеби материалды еркін игеріп, өз ойларын ұтымды жеткізе алғандығы көрінеді. Көлемі төрт баспа табақтан асатын бұл шолуды қазақ романы жайлы зерттеу десе де болғандай.

Жоғарыдағы мысалдардан шолу объектісін айқындауда түрлі өлшем негізге алынғандығы, тіпті оның шарттылығы көрінеді. Әдебиеттің түрі, салалары бойынша шолуларда көбіне мерзімдік шектеулер жиі қолданылса, одан да өзге өлшемдер сирек те болса алынып жүр. Жоғарыдағы мысалдарда сын-зерттеу еңбектерінің ішінен белгілі ақындар туралысы, әдеби байланыстар, жанр ғана шолынған. М.Әуезовтің "Пушкинді қазақшаға аудару тәжірибелері туралысында" поэзия, оның ішінде аударма поэзия, оның ішінде Пушкин өлеңдерінің қазақша тәржімалары ғана сөз болады.[526] Д.Досжановтың "Тарихи прозадағы ізденістерінде" прозаның ішіндегі тек тарихи тақырып қана сын объектісіне айналған.[527] Сыншы Қ.Ергөбеков бір шолуында объектісіне ғұмырнамалық прозаны алып, қазақ әдебиетіндегі осы салада туған шығармалар жайлы қызықты байқаулар жасай алған.[528] Ал, жас әдебиетші А.Шәріпов "Жас толқын, алыс жағалау" атты шолуын "Жұлдыз" журналының бір ғана санында жарияланған жас ақындардың өлеңдеріне арнаған.[529] Авторы ақын болғандықтан да нақтылы өлеңдерді ақындық тұрғыдан талдап, ақтарыла пікір айтқан. Т.Қожекеевтің "Поэзиялық сатира санатта жүрсе..." атты шолуында соңғы жылдарда қазақ баспасөзінде жарияланған жас ақын сатириктердің өлеңдеріндегі жетістіктер мен кемшіліктерге жіті көз жібереді. Нақтылы мысалдар келтіре отырып, ондағы негізгі жетіспеушіліктерді ашып көрсетеді: "сықақ өлеңдерінің шұбалаңқы шығуының екі себебі бар. Бірі ой, пікір қайталауға ұрына беру", "Көп сықақшы ақындарымыз онда әр жанрдың, әр түрдің өзіндік теориялық белгі-шарттарын білмейді, білсе, ескермейді".[530] Ә.Доспамбетовтің "Жас прозашылар және сын"[531] атты шолуында да зерттеу объектісі сыншы авторлардың жас дәрежелеріне қарай анықталған. Ф. Оңғарсынованың "Қазақтың ақын қыздары", "Әйелдер поэзиясы". "Ол қандай поэзия?", "Жас поэзия және азаматтық әуен" атты шолуларында да зерттеу объектісі өзгеше анықталған.[532] Ал, К.Мырзабековтің "Үш ақын. Үш қолтаңба. Бір түйінінде" басқа да ақындар жайлы сөз болғанымен де негізінен Т.Медетбековтің, Ж.Жақыпбаевтың, И.Сапарбаевтың ақындық ізденістері талданылады.[533]

Бұл айтылғандардан байқайтынымыз – әдебиеттің түрлері, салалары

бойынша жазылатын шолуларда қамту объектілерінің әртүрлі ауқымда алынып, оны айқындауда түрлі өлшемдердің алына беретіндігі. Объект неғұрлым ұлғайған сайын айтылар ойдың да үлкейіп, жалпылық сипатының артып, нақтылы талдаулардың кеми түсетіндігі көрінеді. Сыншының алға қойған мақсатына, айтар негізгі ойына орай шолудың көлемі де ұлғайып, не кішірейіп отырады. Шолынатын кезең мен қозғалатын мәселенің арасындағы тығыз байланыстылық бір-біріне әсер етіп, сыншының шеберлігіне қарай шолудың композициялық құрылымын түзіп, идеялық бағытын айқындай түсуге тікелей ықпал жасайды.

Әдебиеттің дамып, байи түсуіне орай онда болып жатқан көркемдік даму құбылыстарын түгел қамтып шолу мүмкіндіктерінің азая түсуіне байланысты жанрлар бойынша шолулар өміршеңдігін танытып жүр. Қазіргі қазақ әдеби сынындағы жиірек көрініп, белсенділік танытып жүргені де осы түрі. Атынан да көрініп тұрғандай жанрлық шолуларда әдебиеттің белгілі бір жанрында жазылған шығармалар ғана қарастырылады. Қамту аумағы бір жағынан қатаң түрде жанр бойынша шектелсе, екінші – мерзімдік жағынан жылжымалылық танытады. Мысалы, қазақ әдебиетіндегі роман жанры бойынша шолуда әңгіме, повесть сияқты прозаның басқа жанрлары сөз болмайды; сондай-ақ бір, бес жылдығы, тіпті роман жанры туа бастаған кезден бергі шығармалар сын объектісіне айналуы мүмкін. Тіпті мерзімдік жағынан дәл анықталмаған шолулар да кездеседі. М.Әуезовтің "Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы" шолуы осындай. Мұнда кеңестік кезеңдегі кейбір ұлт жазушыларының нақтылы романдары жайлы пікірін білдірген. Ұлттық әдебиеттердегі роман жанрының дамуын түгел шолып жатпайды; өзі түпнұсқадан оқығандарын ғана сөз етеді. Татар Башировтың "Намыс", өзбек Айбектің "Алтын атыраптан ескен жел", қазақ Ғ.Мұстафиннің "Миллионер", қырғыз Т.Сыдықбековтің "Біздің заманның адамдары", С.Бабаевскийдің "Алтын жұлдызды жігіт", "Жер бетіндегі жорық" романдары жайлы пікір білдіре отырып, жалпы кеңес әдебиетіндегі роман жанрының дамуындағы ортақ құбылыстар, оларды орысшаға аудару мәселелері жайлы парасатты ойлар түйеді: "Ең алдымен, әлгі жал-құйрығы күзеліп, құнарлы қыртысынан жұрдай болып басылған сыла шығармамен танысқан совет оқушысы сол кітапты оқығанда да, тіпті сын мақалалары мен рецензиялар арқылы да ойдағыдай таныса алмайды. Немесе 5, 10, 20 баспа табағы қысқарған роман өзінің мазмұны мен көркемдік құны жөнінен қыруар шығынға ұшырайды"[534] – деп, ұлт әдебиеттерін орысшаға аудару барысында жиі көрінген ең келеңсіз кемшіліктің басын ашып, оған жол беруге болмайтындығын ескертеді.

Кей шолуларда сол жанрда жүріп жатқан көркемдік ізденістер жайлы проблемалық мәселе көтеру, теориялық топшылаулар жасау басым жатса, енді біреулер жанрлық туындылардың жетістік-кемшіліктерін көрсетіп, шолушылық сипатта көрінеді. Мысалы, Қ.Алпысбаевтың "Поэма

парасатында", А.Сейдімбековтің "Жанрдың жаңа нышандарында" негізгі мақсат сол жанрларда жазылған шығармаларды емес, оларда туындап жатқан жанрлық-көркемдік ізденістерді шолу болған. Құнығия соңғы отыз жылдағы поэмалардың бәрін шолып жатпайды. Ол қазақ поэмаларындағы эпикалық, лирико-психологиялық, лирико-публицистикалық, драмалық тізбектерді көреді; осы пікірлерін дәлелдеуге қажетті ғана шығармаларды талдайды.[535] Ақселеудің шолуында соңғы жылдардағы айтыс өнерін түгел қамтудан гөрі ондағы проблемаларды көтеру басым.[536]

С.Еркебаевтың "Әңгімелердегі замандас бейнесі" "Қазақ әдебиеті" газеті бетінде 1983 жылы жарияланған әңгімелерді шолуға арналған. Қырық төрт автордың елу әңгімесін еңбек, соғыс, адамгершілік тақырыптарына жіктеп, барлығын дерлік бірін көбірек, бірін азырақ болса да саралап шығуға ұмтылған. Шолуда жинақтап, проблема төңірегінде әңгімелеуден гөрі әрқайсысына жеке-жеке тоқталып, нақтылы пікір білдіру алдыңғы қатарға шыққан. Елу әңгімені түгелге жуық талдауға ұмтылуы шолудың жүгін ауырлатыңқырап жіберген де әңгіме жанрының дамуындағы өзекті мәселелерді қозғау жағы жеңілдеу шыққан. Талданылған әр шығарманың жетістік-кемшіліктері жайлы қысқа болса да тиянақты пікірлердің берілгі отырғанын шолудың ұнамды жағы десек те қазақ әңгімелерінің дамуындағы көркемдік ізденістер, құбылыстар, ағымдар деген сияқты маңызды мәселелер көмескілеу қалғандығын көреміз. Әңгімелерді тақырыптық топтаудан әрі аса алмаған.

Д.Досжановтың "Үлкен жанр жауапкершілігінде"[537] 1983 жылы шыққан романдар шолынған. Автор барлығы жиырма екі романды қамтып, осы жанрдың қаншалықты дәрежеде екендігін айқындауға ұмтылған. Мұнда да әңгімені роман жанрының проблемалары төңірегінде өрбітуден гөрі жаңа романдарды жеке талдауды оң көрген. Шолу талдауларының нақтылығымен, пікірлерінің ашықтығымен ерекшеленеді. Р.Тоқтаровтың шолуында 1988 жылы жарық көрген тоғыз романға тоқталады.[538] Рамазан белгілі прозашы ретінде бір жылғы қазақ романдары жайлы салмақты да батыл пікірлер айта алған. Қ.Жұмаділовтің "Тағдырын" роман жанрының табысы ретінде атап өткен. Ә.Ахметовтың "Заңғар", С.Еркебаевтің "Жел өті", Д.Досжановтың "Мұхтар жолы", Ә.Әзиевтің "Мыс ошағы" романдары сәтсіз туындылар ретінде сыналады. Пікірлеріне нақтылы мысалдар көбірек келтіріледі. Осындай ретпен романның мазмұнын қуалап кетушілік те бар. Сондай-ақ автордың біреуді мақтаса да, даттаса да сол бетімен қаттырақ кетіп қалатындығы да көрінеді. Тіпті, сыналған романдардың барлығын дерлік іске алғысыз, түкке асқысыз етіп шығарудан да тайынбайды. Ал, Алпысбаевтың "Уақыт сыны – роман тінінде" бар-жоғы төрт роман ғана сөз болған. Қарастырған объектісі жанрлық жағынан да, мерзімдік жағынан да анықталмаған. Тек соңғы кезде шыққан, өзіне ұнаған, қазіргі роман жанрындағы сәтті ізденістердің көрінісіндей К.Сегізбаевтың "Жол",

С.Елубаевтың "Ақ боз үй", Қ.Найманбаевтың "От пен ойын", Б.Нұржекеевтің "Ерлі-зайыптылар" романдары қарастырылып, талданылады. Шолуда жанрдағы жаңалықтарға жіті көзбен қараушылық бар. Автордың ой түйіні "әдебиетімізде замана желінің лебіне сай роман жанрының, роман табиғатының жаңғыруы, еркіндеп тыныс алуы басталған іспетті"[539] дегенге саяды.

Қазіргі шолуларда қамтып отырған объектісін барынша қамтуға ұмтылушылық байқалады. Бұл – негізінен қажетті, шолуды шолу қылып тұрған негізгі қасиеттердің бірі. Солай бола тұра бірін қалдырмай, жіпке тізгендей тізімдеу де ұшпаққа шығара бермейді. Мақсат – түгел тізіп көзден өткізу емес, әдебиетті даму үстіндегі процесс ретінде ұғынып, оның нақтылы жанрларында болып жатқан көркемдік құбылыстарды анықтау. Шола отырып, келелі пікірлер айтудың орнына ақын-жазушыларды, олардың шығармаларын шетінен тізіп, шолудың қарнын қампитушылық екінші ұшқарылыққа соқтырып келеді. Жанрдың бойындағы осы екі қасиеттің арасындағы тепе-теңдіктің сақталмауынан шолудың кемшіліктері де туындап жатады. Әдеби шығармаларды шолу, талдау осы мақсатқа қызмет еткені жөн. Соңғы жылдардағы көп шолуларда шолынып отырған жанрдағы сипатты жаңалықтарды, кемшіліктерді көрсету жағы жетісе бермейтіндігі аңғарылады. Кей шолулар жекелеген шығармаларға арналған аннотациялардан, рецензиялардан құрылғандай. Қысқа қайырып, барлығын тізімге кіргізіп, айтеуір атап өту орын алуда. Оны айтасыз, тіпті кейінгі кездерде шолу жанрының өзі де сирек көрінетін болды.

Шолуда әдеби процестің толық панорамасын жасау ниетімен барлығын қамтып, тізімдеушіліктің белең алып, есесіне әдебиеттің басқа түрлерімен, жанрларымен байланыста қараудың әлсіз соғып, көркемдік құбылыстар жайлы ой топшылаулардың жетіспей жататын жақтарының орнын толтыру мақсатында болса керек, соңғы онжылдықтарда тақырыптық-проблемалық шолулар бірсыпыра көрінді. Мұндай шолуларда зерттеліп отырған объект әдебиеттің түрі, жанры бойынша емес, белгілі бір тақырып, мәселе төңірегінде анықталады. Бір шолудың ішінде прозалық, поэзиялық, драмалық шығармалар тақырыптық ыңғайда қатар қарастырыла береді. Демек, мұндай шолуда негізгі өлшемге тақырып жүреді. Ал, мерзімдік мөлшері әр түрлі болып келеді. Мысалдарға назар аударайық. Е.Исмайловтың "Бүгінгі өмір әдебиетіміздің өзекті арнасы"[540] атты көлемді шолуы әр кезде жазылған екі мақаланың басын құрайды. Алғашқысы 1961, соңғысы 1962 жылдары жазылған. Сондықтан да бұларды бір тақырыпқа жазылған екі шолу деп те қарауға болады. Объектісі бір болғанымен де екеуі бірін-бірі қайталамайды. Қазіргі заман тақырыбының әдебиетте игерілу мәселесіндегі идеялық-көркемдік қырларын кеңінен әңгімелеген. "Бірінші мақалада" негізінен прозалық шығармалар сөз болады. Автор осы саладағы барлық шығармаларды тізбелей, талдап жатпайды; жинақтап, мәселе көтеріп айтушылық басым. Сонымен бірге З.Шашкиннің "Теміртау"

романына бүгінгі өмірді өзінше өрнектеген айтарлықтай туынды ретінде жан-жақты талдаулар жасайды. Соңдай-ақ, Р.Райымқұловтың "Жасыл белес", Т.Ахтановтың "Махаббат мұңы" да сәтті шығармалар қатарында талданылған. Шолуда прозалық шығармалармен қатар публицистикалық, поэзиялық, тіпті осы тақырыптағы қазақстандық орыс жазушыларының, одан қалды орыс әдебиетінің тәжірибелері қажетіне қарай аз болса да қамтылып отырған. Ал, "Екінші мақала" сол кездің саяси талабына сәйкес, публицистикалық сипат танытады. Алғашқы шолудан айырмашылық – мұнда прозалық шығармалармен қатар поэзиялық туындылар да бірсыпыра әңгіме болған. Шолуды оқып шыққанда автордың әдеби процесті, ондағы шығармашылық ізденістерді жіті шолып, жекелеген әдеби фактілердің тасасында қалып қоймай, көркемдік дамудың ортақ заңдылықтары жайлы келелі пікірлер айтуға ұмтылатын білімдарлығы, парасаттылығы көрінеді.

Е.Исмайловтың жоғарыда біз талдаған шолуында тақырып барынша кең алынса, Р.Бердібаевтың "Жұмысшы тұлғасында"[541] ықшамдалып, өндіріс тақырыбына жазылған прозалық шығармалар хақында салмақты ой қозғаушылық бар. Мұнда қазақ кеңес әдебиетінде жұмысшы бейнесін жасау жолындағы тәжірибелер С.Сейфуллиннің "Жер қазғандарынан" бастап, Ә.Таразидің "Бұлтқа салған ұясына" дейін шолынады. Өндірістік тақырыпқа жазылған шығармаларды сыни тұрғыдан саралап, жетістіктері мен жетіспеушіліктері, тақырыптық қиындықтары, алда тұрған міндеттері жайлы ойларын ортаға салушылық бар. Ал, Т.Мәмесейітов өндіріс тақырыбына жазылғандардың ішінен жас жазушылардың шығармаларын шолып, зерттеу объектісін ықшамдап, нақтылай түскен. Шолуды оқып шыққанда "Жас жазушы" ұғымының өзі шартты түрде екендігіне көзіңіз жетеді. Өйткені, шығармалары талданатын М.Әбдіхалықовтың, М.Сқақбаевтың, К.Зәкеновтің, С.Сматаевтың, Т.Сүлейменовтің, Ө.Ахметовтың қай-қайсысы болмасын алды елудің, арты қырықтың о жақ, бұ жағында жүрген жазушылар екендігі белгілі. Сыншы осы жазушылардың жұмысшы бейнесін жасау жолындағы оңды ізденістерімен бірге ортақ кемшіліктерін – "кейіпкер табиғатына бойлап үңілмейді, оның ішкі әлемін психологиялық жағынан ашуға бара бермейді. Адам тағдырынан гөрі таза өндірістік тартыстарға көбірек көңіл бөліп, кейіпкер характерін жасаудан гөрі, істің қалай жүзеге асқанын тәптіштеп баяндауға әзір тұрады... жұмысшының күнделікті тұрмыстағы, семьядағы жағдайларын ескерусіз қалдырған"[542] – деп көрсетеді. Ф.Оразаевтың "Коммунист келбеті" соңғы кездердегі қазақ прозасындағы коммунист бейнесінің жасалу жолдарын қарастырған. Авторды прозалық шығармалардың қандай тақырыпқа жазылғандығы емес, олардағы коммунистер келбетін жасау ерекшеліктері қызықтырады.

Әдетте, тақырыптық шолулар проблемалық сипатта көрінеді. Сондықтан да кей жағдайда қайсысы шолу, қайсысы проблемалық, немесе теориялық

мақала екенін ажырату қиынға соғады. Ондағы шолулық, проблемалық қасиеттердің қайсысы басымдылығына қарай жанры анықталып жүр. Жоғарыдағы мысалдардан байқағандай, проблемасыз шолу жасау, сол сияқты шолусыз, яғни нақтылы бір мысалдарсыз мәселе көтеру қисынсыз. Шолу болсын, проблемалық мақала болсын, осы екі түрлі сипат бірі аз, бірі көп қатар жүреді. Осы қос түрлі қасиет М.Қаратаевтың "Поэзиядағы дәстүр мен жаңа-шылдығынан"[543] айқын көрінеді. Тақырыбына, көтерген мәселесіне қарасақ, проблемалық мақалаға келіп тұр. Үш тараудан тұратын шолудың көлем жағынан жарымына жуық алғашқысы түгел осы проблеманың қазақ, орыс, әлем әдебиеттерінде қалайша шешім тауып келе жатқандығын ғылыми тұрғыдан баяндауға арналған. Осы тарауды жеке алып қарасақ, жанрлық жағынан мақалаға жататындығына талас жоқ. Бар мәселе келесі екі тарауына тіреліп тұр. Мұнда жас ақындардың соңғы жылдарда шыққан елу-алпыс шақты жыр кітаптары дәстүр мен жаңашылдық проблемасы тұрғысынан шолынады. Ақындар жинағы жеке-жеке талданылмайды. Бірінші орынға проблема шыққан да көтеріліп отырған мәселені баяндаудың ой ағымына қарай поэзиялық туындыларға нақтылы пікірлер білдіріліп отырады. Автор алпысқа жуық кітаптың бәрін қамтуды мақсат тұтпаған. Соларды оқып шыққаннан соң дәстүр мен жаңашылдыққа қатысты түйген негізгі пікірлерін жеткізуге тікелей қажеті бар сыпатты өлеңдерді ғана мысалға келтіріп отырған. Демек, "Поэзиядағы дәстүр мен жаңашылдықтың" негізгі мақсаты осы мәселені теориялық тұрғыдан түсіндіру емес, соңғы кездерде (алпысыншы жылдар – Д.Ы.) шыққан жас ақындардың жыр жинақтарына дәстүр мен жаңашылдық тұрғысынан көз салу болған. Сол себепті де жанрын проблемалық шолу деп анықтауға болады.

Тұжыра айтқанда, шолу – әдеби сынның ішіндегі кең ауқымды "ауыр салмақты", мүмкіндігі мол жанры. Әдеби хабар, аннотация, рецензия, мақала сияқты шапшаң жанрлар елгезектік танытып, сынның алдында жүріп, көркемдік дамудың сонынан сүрлеуін салып, жол ашып отыратын болса, шолу – солардың артынан жүріп, асығыс жасалғандарды мүмкіндігінше орын орнына қойып, реттеп отыратын, сыншылығы мен ғылымилығы парапар, парасаттылық танытатын "көп дауысты" көлемді жанр. Әдеби процесті "көлденеңінен" де, "тігінен" де түгел қамту әдебиеттің түрлері (проза, поэзия, драма), жанрлары, проблемалары бойынша шолу арқылы жүзеге асады. Қамтылған, зерттелінген объектінің сипатына қарай әдеби шолудың негізгі үш түрі айқын көрінеді.

ЭССЕ

Эссе латынның таразылау (exaguim), ағылшынның (essay), француздың (essai) очерк, мақала деген ұғымын білдіреді.[544] Эссе жанрының негізін салған – француздың үлкен гуманист, философ жазушысы М.Монтень. Ол 1580 жылы "Эссе" деген кітап жазып, онда қоғам, адам тағдыры туралы толғаныстарын ұсынған. Бұл кейіннен орыс тіліне аударылып, "Тәжірибелер" ("Опыты") деген атпен басылып шықты. 1597 жылы Ф.Бэкон да осындай атпен еңбек шығарған. Кейіннен бұл жанрда көптеген жазушылар, философтар, қоғам қайраткерлері қалам тартып, әдебиеттің ерекше эссеистика саласы қалыптасты.

Эссенің өміршеңдік танытуы оның көркем әдебиет пен ғылымның жақсы қасиеттерін бойына сіңіріп, оқырман ойын қозғай білуіне байланысты болса керек. Жүрекке жылы тиетін лиризм – эссенің сипатты қасиеттерінің бірі. Қайсы бір эсселерді автордың әдебиет, өмір туралы философиялық толғаныстары дерлік. Эссенің негізгі жанрлық ерекшелігі – оның композициялық құрылымының еркіндік танытуы. Мұнда басқа жанрлар сияқты қалыпты стандарт байқалмайды. Автор өз ойларын жүйелі, жүйесіз еркін баяндайды. Пікір білдіру бір кітап, жазушы, тақырып, әдеби өмір жайлы нақтылы болуы да, не жалпы әдебиеттің кейбір мәселелері хақындағы үзік-үзік ойлардан тұруы да мүмкін. Кейде естелік түрінде жазылып, жазушының шығармашылығы жайлы пікірлер оның іс-әрекетін көрсету, айтқан сөздерін келтіру арқылы де білдіріледі. Кей эсселер әңгіме-естелік түрінде жазылса, енді біреулері қара сөзді лирика, яғни әдебиет жайлы толғаныс болып келеді. Соңғы жылдарда эссенің әдеби трактат, әдеби тезис, әдеби күнделік түрлері де бой көрсетіп жүр.

Негізінде, эссе – көркем жанр. Солай бола тұра, оның сыншылық сипаты айқын. Әдетте әдебиеттің тарихында өзіндік орны бар үлкен қайраткерлер жайында естелік, не толғаныс түрінде жазылып, оған деген автордың субъективті пікірлері айтылады. Эсседе ғылыми талдаулардан гөрі автордың өзіндік әсерлері, шығармашылық тәжірибелеріне негізделген ойлары басым, шағын көлемді, еркін құрылымды келіп, көркем әдеби стильде жазылады.

Эссе жанрында көбіне жазушылар қалам тербеп жүр. Қазіргі қазақ қаламгерлерінің ішінде осы жанрда өнімді еңбек етіп келе жатқандардың қатарында С.Шәймерденов пен М.Әлімбаевты бөліп атауға болады.

С.Шәймерденовтің "Ағалардың алақаны" (А., 1990) атты жинағының негізін жазушының М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, Б.Момышұлы сияқты қазақ қаламгерлері жайлы жазған естелік-эсселері құрайды. Аз ғана уақыттың ішінде осы кітаптың екі рет басылым көріп, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығына ие болуы бұл жанрдың қаншалықты құрметті екендігін байқатса керек. Осы саладағы М.Әлімбаевтың игі ізденістері көзге түседі. Жазушының қаламынан шаққан "Абайды қайталап оқығанда",[545] "Қыршын классик",[546] "Мағжанды оқығанда",[547] т.б. эсселері жанрдың көркемдік, бағалаушылық мүмкіндіктерін байыта түсті.

Қазіргі эсселерде әдеби суреттеулер де, талдаулар да қатар көрінеді. Мұзафардың жазғандарында осы екі жағы да үйлесім тауып отырған. Ал, С.Шәймерденовтің эсселерінде талдаулар жоқтың қасы, есесіне сөз етіп отырған жазушысын іс-әрекет үстінде табиғи болмысын бейнелеуге көбірек көңіл бөліп, оқырманға сол арқылы бағалауды ұсынады.

Жалпы эссе жанрының дамуында екі түрлі бағытты байқауға болады. Бірі — алынып отырған объектісінің көркем бейнесін жасаушылық, сол арқылы өз бағасын ұсыну. Мұндай эсселерді көркем әңгімеден, естеліктен айыру қиын. Мысалы, Б. Кенжебаевтың, С. Торайғыров туралы жазған "Жаңбырда"[548] атты эссесі тарихи негізде, естелікке құрылған әңгіме дерлік. Бейсекеңнің М.Жұмабаев туралы жазған "Ұстаз" естелік түрінде жазылғанымен де эсселік сипат таныта-ды.[549] Мағжан ақталмай тұрған кезде (4.XI. 1970) жазылса да мұнда ақын поэзиясын жоғары бағалаған. Эссенің дамуындағы екінші бір бағыт — жанрдың жазушы туралы авторлық толғаныстарға құрылуы. Мұнда көркем суреттеулерден гөрі ағынан жарылып өз ойларын ортаға салушылық көрінеді. Әдеби талдауларға, сол арқылы бағалауға құрылған эсселер көркем тілмен әсерлі жазылып, оқырманын баурап алады. Сыншы С. Әшімбаевтың көп мақалаларында эсселік элементтер жиі кездеседі; өзі осылайша айдар тақпағанымен де кейбіреулерін эссе деп атауға болар-лық.

Кейінгі толқын сыншылардың ішінде Қ. Ергөбеков эссе жанрында сәтті қалам тартып жүр. Оның "Алыс көкжиектерді аңсаймын"[550] (Ш. Айтматов туралы) "Құбылыс"[551] (Сұлтанмахмұт), "Парасат поэзиясы"[552] (Қ. Нұрмаханов) секілді эсселері сыншының осы жанрға икемділігін байқатады. Құлбектің нені жазса да толғанып, сезіммен, әсермен жазатындығы, ойларын бейнелі түрде беруге ұмтылатындығы, құрғақ баяндаудан қашатындығы сияқты өзіндік ерекшеліктері осы эсселерінде де өрнек тапқан.

Әлемдік әдебиетте эссеистиканың М. Монтень, Д. Дидро, Вольтер, Г.Э.Лессинг, Г.Гейне, Б. Шоу, Г. және Т.Манндар, А.Моруа, Ж.П.Сартр, И.Г.Эренбург, В.Б.Шкловский, К.Г.Паустовский сияқты алыптары, классиктері бар. Қазіргі кезде де көркем әдебиеттің бір саласы ретінде өміршеңдік таныту-да. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ әдебиеті мен сынына ортақ жаңды жанр эссенің шығар биіктері алда деп білеміз. Өйткені, бұл жанр әдеби сынымыздың құрғақ ғылыми талдаулардан көркемдікке, әсем

өрнектеліп берілген субъективті әсерлердің ғылыми негіздерге ұмтылыстарындағы тоғысар бірден бір жемісті жолына айналуда.

Эсселер формалық жағынан түрліше көрініс тауып жүр. Кейде бір ғана қаламгерге, оқиғаға, мәселеге, ал енді бірде жалпы жазушылар, жалпы әдебиет жайына арналады. Тіпті тұтастық құрылымы жоқ, үзік-үзік пікірлер пікірлер топтамасынан тұруы да мүмкін. Ылғи да шығармашылық ізденіс үстінде жүретін суреткерлер, сыншылар ойға оралған оңды пікірлерді, әсерлерді күнделік түрінде, немесе сол күйінде қағазға түсіруі мүмкін. Мысалы, С.Әшімбаевтың "Шыңғырған шыңдық жолындасы" осындай. Мұнда сыншының жалпы өмір, қоғам, әдебиет жайлы оқыс ойлары топталып берілген. Осындағы "Өз уақытынан озып тұрған адамнан ғана азамат жазушы шығуға тиіс", "Біздің көп ақындарымыздың өлеңдері техникалық жағынан Абайдан артық соқпаса, кем түспейді. Бірақ ой жоқ"; "Әдебиеттің дәрежесі – ұлттық сана-сезімнің дәрежесін көрсетеді"; "Әдебиет – жер үстіндегі адамгершілік қасиеттердің үстемдік құруы жолындағы күрестің эстетикалық түрі"; "Сөзден туып, сөз атасы – әдебиет дүниені өзгертеді"; "Абайтану – қазақтың өзін өзі тануы"; "Әдебиеттің кемшілігін тек әдебиеттің өзінен іздеу керек пе? Жоқ. Біріншіден, әдебиетке деген көзқарас қандай?"[553] – деген сияқты қысқа-қысқа тіркестерде атойлап тұрған пікірлердің әрқайсысы бір-бір мақаланың жүгі болар-лық.

Ақселеу Тарақтының "Ойтолғағына" "жарияланбайтын жазбалар" деген қосымша тақырып беріліпті. "Парасат" журналының үш кітапшасында " (1993, N9, 10, 11) жарияланған жазбалар күнделік түрінде берілген еркін тақырыптарға жазылған еркін ой толғаулар сияқты. Сағаттың әдеби пікірлері қысқа тіркестермен – бір, ары кеткенде екі-үш сөйлемдермен беріліп отырса, Ақселеуде ойлар кеңірек, толығырақ көрінеді. Кейбір пікірлері шағын мақала дерлік. "Ойтолғақтың" тақырып аясы өте кең. Ақселеуді терең тарихтан бастап, бүгінгі күнгі әлеуметтік-мәдени өмірдің толғақты мәселелеріне дейін қызықтырмайтыны жоқ. Суреткер заман, қоғам, әдебиет туралы ой толғайды. Жазушының І.Есенберлин, Д.Исабеков, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, О.Сүлейменов, О.Бөкеев, Ф.Оңғарсынова, М.Мағауин, Ә.Кекілбаев, Е.Раушанов шығармашылықтары, көшпенділер мәдениеті, оның ішінде әдебиет жайлы айтқан пікірлерінде тосын да, қызықты байқаулары баршылық. Әсіресе, халқымыздың Еуро-Азиялық тарихтағы орнына, мәдениетке қосқан үлесіне назар аударуы қаламгер пікірінің кең қарымдылығын аңғартады.

А.Сүлейменовтің "Шашырап түскен тіркестері" де осы тақілеттес. Асқардың қоғам, өмір туралы терең толғаныстары назар аударарлық. "Сөз құлын да, ой – жылқы"; "Биік сөзді пәс айтқан жақсы. Ірі сөзді ұлпа айтқан жақсы"[554] деген сияқты тіркестердің тасасында терең де тағлымды ойлар жатыр.

Ғ.Мүсіреповтің "Қойын дәптерден"[555] деген жалпы атпен берілген

жазбалары Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының "Месін" еске түсіреді. Жазушы өмірде кездестірген, естіген, оқыған, көрген-білген жағдайлардан ұнағанын, әсерін, көңіл-көкірегіне түйгендерін қойын дәптеріне түсіріп отырған. Бейне бір жазушының сөздерді, тіркестерді, детальдарды, идеяларды сұрыптап, суытып, қорытудан өткізетін "сөз домнасы", шығармашылық лабораториясы іспеттес. Мұнда Мүсіреповтануда кәдеге асарлық деректер баршылық.

Суреткердің сөз өнері жайлы кейбір тағлымды ойларына құлақ салайық:

"Көркем сөз – жанның сәулесі.

Көркем сөзді құлқынына құл қылған, ол – бір надан адам, хайуан, ақыннан шыққан асыл сөздер, ол – биналар, ғимараттар, аспан тірер ол – мұнара. Жер бетінде кездеспейтін мұнаралар. Сөз қаталы – жауыңа ғана лайық, досыңа да солай айтсаң, жан-жүрегін өртегенің. Көркем сөздер күннен де жарық, тіліп өтсін жүректі, ол жүректің... Көркем сөзге мен ризамын, жанымды саламын жүрекпен бірге. Шын ақынның айтар сөзі жүрегінің қанымменен бірге шықсын!

Бұлбұлдарға тек гүлден ғана отырар орын берілсін! Көркем сөзге атар оғы таусылмайтын жандар бар. Ата берсін, көркем сөзге қадалуға садақ оғы өзі ұялады!"[556]

"Ақын-жазушыларын жазалап, соттап, айдатып, атқызып жіберетін өкіметі болған елдің маңдайындағы соры бес елі ғой.

Ақын-жазушыларын жәбірлеген өкімет адамдары ше? Әне, халықтың жауы солар! Солар, Солар!

Халқының жүрек отын сөндіріп, ой жарығын өшіріп тастаған хайуандарға рақым болмау керек".[557]

"Проза туралы бес ауыз өсиет.

1. Проза – қара сөз емес, ырғағы бар, екпін лебі бар, өз ритмі бар, негізгі ойынды тежеу, бейнелеу арқылы оқушының сезіміне дөп тигізетін көркем сөз.

2. Жазушы әр сөйлемінде кеткен әрбір артық буынды, не болмаса жетпей тұрған бір буынды сезінуге тиісті.

3. Ақ өлең дейтін көркем сөз ұйқасқа емес, ырғаққа, лепке, ритмге құрылады. Оған ұйқастың себі де жоқ, зияны да жоқ.

4. Прозаңды қай стильде, қандай екпінде бастайсың, ол алған тақырыбыңа байланысты. Прозаның бір жанрына түгел ортақ бола алар көркем стиль жоқ.

5. Ойсыз сөзде көркемдік те жоқ.

Дәл сөз, тежеу – бейнелеуі нысанаға аумай тиетін сөз – көркем сөз дегенің сол!".[558]

Әдебиет жайлы мұндай ұлағатты үлкен сөздерді Ғабең сияқты алыптар ғана айта алады. Көпті көрген, сөз өнері шығарма-шылығының бар ыстық-суығын өткеріп, тауқыметін тартқан сырбаз суреткердің жүрек түкпірінен

жалыңдап, шымырлап шығып, оқырмандарға, қаламгерлерге, зиялыларға, жалпы, халықтың басы-қасында жүрген игі азаматтарға арналған өсиет сөздердей. Жазушының қойын дәптерінде өрнек тапқан жүрекжарды сырларын сезімсіз, жай оқи салу мүмкін емес. Кімді болса да туған халқымыздың өткені, бүгіні, мәдениетіміз бен әдебиетіміз, сөз өнері жайлы парасатты терең ойларға жетелейтіні анық.

Сонымен сын жанрларының ішіндегі эссе жанры – әдебиет жайлы не бір құнарлы ойлардың бір бұлағы, әдебиетіміз, қаламгерлеріміз хақында жүректі жарып шыққан ақжолтай пікірлерді оқырмандарға жан жылуымен, әсем әсерімен, бейнелі бояуымен сол күйінде жеткізудің бірден бір арнасы. Көркем әдебиет пен оның сынының арасында жүріп, екеуіне бірдей қызмет ететін өміршең жанр. Қазақ эссеистикасы әлі жас. Оның болашағы алда. Қазақ әдебиеті мен сынында эссенің эссеистикасы аталатын үлкен өркенді салаға айналатындығына сеніміміз мол.

СЫННЫҢ САТИРАЛЫҚ ЖАНРЛАРЫ

Әдеби сынның басты мақсатының бірі көркем шығармалардағы кемшіліктерге қарсы күрес болса, "сатира да, юмор да – сын құралы, сын мен өзара сынның әдеби түрі".[559] Сынау жағынан келгенде әдеби сынның сатиралық жанрларының кейбір артықшылықтары да бар. Бұл жерде сатира әдеби туындылардағы түрлі кемшіліктерді сынаудың бір әдіс-тәсілі, яғни күлкілі жағдайда көркем бейнелеу түрінде көрінеді. Қазақ әдеби сынында сатиралық жанрларының айтарлықтай орны бар. "Сонмен, әдеби сатира – әдеби сын. Пародия, эпиграмма – әдебиет сынының жауынгер, бетті сарбаздары".[560]

Әдеби сын сарбаздарының сапында әдеби фельетон, пародия, эпиграмма сияқты көркем жанрлардың да өзіндік орны бар. Бұлар сынның сатиралық жанрларына жатады. Бұлардың ішінде фельетонды публицистикалық, қалғандарын әдеби-көркем жанрлар деп жіктеуге болады.

Сынның сатиралық жанрларының ішінде әдеби фельетон уытты да өткірлігімен ерекшеленеді. Профессор Т.Қожекеев: "фельетон дегеніміз – шағын көлемді, публицистикалық үнді, әсерлі тілді, сын-сықаққа бай, күлкілі жайлары бар әдеби көркем шығарма"[561] – деген анықтама береді. Тимофеев пен Венгеровтің "Әдебиеттану терминдерінің қысқаша сөздігінде "фельетонды газет мақаласының түрі ретінде көрсетілген. Н.Г.Богданов, Б.А.Вяземский "фельетон дегеніміз – бүгінгі таңда өте маңызды өткір сын рухында жазылған, өзінің көздеген мақсатына баяндаудың ерекше тәсілдерін қолдану арқылы жететін әдеби материал"[562] – деп жазады. Бұл айтылғандардан байқалатын нәрсе – жалпы фельетон жанрын айқындауда түрліше пікірлердің барлығы. Мұның өзі бұл жанрдың шығармашылық өнердің публицистикалық, бейнелеу тәсілдерін барынша мол пайдалануының нәтижесінде қалыптасқан сан қырлы,табиғатынан туындайды. Біздіңше, фельетон – негізінен, баспасөз бетінде өмір сүретін, алға қойған мақсатына жету үшін көркем тілмен, әдістермен сатиралық стильмен жазылатын әдеби-публицистикалық жанр. Яғни, сөз өнерінің журналистикадан көркем әдебиетке ұласар тұсында көрінетін жартылай әдеби, жартылай публицистикалық түрі. Басты мақсаты – кемшілік атаулыға қарсы публицистика үнімен, өнер тілімен күрес.

Фельетонның тақырыбы өте кең. Соның ішінде көркем әдебиеттің мәселесіне арналған түрін әдеби фельетон деп атаймыз. Демек, бұлай атау

фельетонның зерттеу объектісіне қатысты шартты түрде ғана. Жалпы, қазақ әдеби сынында бұл жанрдың сирек көрінуінің себебі – оған қойылар талаптың үлкендігінен, жанр шарттарының қиындығынан, әрі публицистикалық, әрі көркемдік табиғатының күрделілігінен болса керек. Фельетоншының әрі журналист, әрі жазушы, әрі ақын; әрі сатирик болуы керек сияқты шарттардың бәрі бір адамның, яғни сыншының бойынан табыла беруі сирек. Солай десек те фельетон жанры бізде жоқ емес, анда-санда болса да шаң көрсетіп қояды. Бұл жанрда негізінен сатириктеріміз қалам тартып жүр.

"Жалын" альманағының 1972-73 жылғы сандарында "Тураби трибунасы" айдарымен бірнеше әдеби фельетондар жарияланып, сынымызға серпіліс әкелгендей болған. Тураби Туғансызовтың атынан жарияланған фельетондардың дені – жекелеген кітаптарға арналған фельетон-рецензиялар. Әсіресе формалық жағынан ізденістері назар аударарлық. Мысалы, Ә.Райымбековтің "Қазақ поэзиясының жұмысшы образы" туралы фельетон "Көк кітаппен интервью" аталады. Былайша айтсақ, рецензияның фельетон-интервью түрі. Автор пікір білдіріп отырған кітабымен интервью жүргізеді. Тураби сұрақтар береді де оған жауап ретінде кітаптан үзінділер келтіріледі. Сауал беріп, оған жауап алу мақсатымен кітаптың өзін сөйлету арқылы автор айтпақ пікірлерін ұтымды түрде жеткізе білген. Сол сияқты фельетон-рецензияның ашық хат, монолог, диалог түрлері де осы "Тураби трибунасында" біршама сәтті көрінді. "Ат жақты ақшыл жүздер, аумақты қара көздерде"[563] Ә.Нәбиевтің "Ауыр апталар" кітабының тіліндегі көркемдік селкеуліктер, сөз қолданудағы жетіспеушіліктер автордың монологы түрінде сыналады. Фельетонның басында "Қазаншының еркі бар – қайдан құлақ шығарса" деп "ғой" деген эпиграф-прологтың алынуы, соңында "Әдебиет қазан емес, жазушы қазаншы болуға тиіс емес дейіктің" эпилог, ой қорытындысы ретінде берілуі бір жағынан шеберлікті аңғартса, екіншіден, негізгі айтар ойды салмақтай түскен. "Автор айға қарай ұшқан ба?[564] Ш.Смаханұлының "Айға ұшамын" жинағына жазылған. Мұнда да фельетон белгілі бір сюжетке құрылған: Турабиге "Әдебиет десе "ішкен асын жерге қоятын" бір досы кезігіп:

– Шонаға, не болған? – деп әңгіме бастайды. Осы тіркестің өзі-ақ оқырманды ынтықтырып, көп нәрсені аңғартып тұр. Сөйтсе ол баласына Ш.Смаханұлының кітабын сатып әпереді. Баласы "Айға ұшамынды" оқып шығып, "ана жері неге олай, мына жері неге бұлай, ананусы несі, мынаусы несі?" деген сұрақтарды әкесіне қарша боратады. Баласы мен әкесінің диалогы түрінде құрылған фельетонда автор өзіне күмәнді көрінген тұстарды үзінді ретінде келтіріп сын ызғарын төгіп отырған.

К.Әмірбековтің "Әбулахаптың әләулайы"[565] фельетонының объектісі – ақын Ә.Райымбеков. Фельетонда осы ақынның шығармашылығы уытты тілмен сыналады. Жай ғана емес, осындай шығармалардың өмірге қалай келетіндігіне күлкілі сюжет құрып, барынша әжуалайды. Мұндағы негізгі

мақсат ақынның шығармашылық болмысын сатиралық тұрғыдан бейнелеу болғандықтан да шартты түрде фельетон-портрет деп атауға болады. Көпеннің "Іштен шыққан шұбар жылан" ("Ленинші жас", 13.I.1982) атты фельетонына "ЭВМ-нан епті екі ақын және бір жазушы" деген қосымша анықтама қоса беріліпті. Мұнда А.Асылбековтің Шона Смаханұлынан, Ш.Сариевтің саха ақыны Таллан Бюрэден, А.Көбесовтің "Мың бір түннен" "жиендік жасағандары" фельетон объектісіне ілінген. Фельетонның формасы назар аударарлық. "Сөзстанға саяхат" айдарымен "Сүзеген сөз" бен оның жаттықтырушысы К.Әмірбековтің "қазіргі әдебиеттегі әдеп жайлы сұхбаты" түрінде берілген. Яғни, екі адамның әдебиет жайлы әңгімелесуі арқылы "ЭВМ-нан да епті" ақын-жазушылар төңірегінде әңгімелеп, "әдебиет әлемінде көршісінің қойын ұрлағандай, әріптестерінің ажарлы дүниесін ешкімге білдірмей есептеп ұрлайтын жазғыштарды" сатира тезіне салады. "Өгізді мүйізінен ұстағандай", келтіріліп отырған нақтылы фактілер, ирония-саркзммен айтылған уытты диалогтар фельетонды ажарландыра түскен. "Сүзегеннің" "Біз де әкемізді сабап көріп ек, бірақ әкесін арбаға байлап сабаған дәл мынандай жыңдыны көрген жоқпыз" депті ғой баяғыда біреу. Сол айтпақшы, біз де қолға қағаз-қалам ұстап көріп ек, бірақ дәл осындай қаламгерлерді көрмек түгілі, естісек құлағымыз керең болсын" – деген астары қалың сөздермен аяқталған фельетон діттегеніне жеткен, сәтті шыққан дүние қатарында. "Іштен шыққан шұбар жыланды" композициялық құрылымы жағынан фельетон-диалог деуге болады. Көпеннің "Қызық сөз бен қызыл сөз хикаясы"[566] атты фельетоны да диалогқа құрылған. Автор "бала жастан тай-құлындай тебісіп өскен бадырақ көз Пайпақ деген құрдасымен" кездесіп, ол кейбір кітаптардағы тіл кемшіліктерін "жыр ғып" айтады. Ж.Молдағалиевтің "Ескі дос" (1979), Т.Рақымжановтың "Алтын керуен", С.Махмутовтың "Жаратылыстың құпия сырлары" (1980), Қазақ совет энциклопедиясы (IV), "Қазақ календары" (1982) кітаптарында, Н.Айтовтың, А.Қожамбековтің, Е.Бағаевтың, Қ.Сарыбаевтың, Ә.Мейірбековтің, Ғ.Қайырбековтің кейбір өлеңдерінде кездескен тілдік кемшіліктерді күлкілі жағдайда сынайды.

Соңғы жылдарда әдеби фельеон мүлдем сирексіп кетті. Т.Әлімбекұлының "Күйкі өмірдің шикі өсегі" ("Егемен Қазақстан", 27.IV.93) жазушы Бекежан Тілегеновтің "Тұйық өмірдің құпиясы" атты кітабына арналыпты; яғни, фельетон-рецензия. Автор "Құдай салмасын, бір керемет кітап жарық көріпті. Айтылмай келген шындықты шырқыратып отырып, судың бетіне сүйреп шығарған көрінеді" деген таңдай қақтырар әңгімені есітіп, "адам да ит жаңды-ау, сондай төзімділікпен шыдас беріп, жығылып-тұрып дегендей" оқып шығады. Кітап туралы негізгі пікір фельетонның бас жағында жоғарыда келтірілген сөздерден кейін бірден айтылатын мына сөздерде жатыр: "Өз басым бұл жерден шындық емес, онсыз да қазекемнің қабырғасын қайыстырып жүрген от басы, ошақ қасындағы пыш-пышты, "бірің өліп, бірің

қал, қай жеңгенің менікі" дейтін "ұрит-соқты", көрдің бе, мен қандаймын, мен қандаймын" деген кеудені көрдім... Масқара болғанда, "Тұйық өмірдің құпиясынан" сомдалған образды аңғарсам... Жарайды, "көрсем көзім шықсын" деп қарғанбай-ақ қояйын. Оқырман өзі анықтап алсын". Осыдан кейін ойларына дәлел ретінде кітаптан көптеген мысалдар келтіреді. Автор өзі көп сөйлеп жатпайды, нақтылы фактілерді ойнатып, "сөйлетуге" тырысқан. Фельетон аяқталатын "әлдекімнің өсегіне көбірек ұқсайтын бұл "шындыққа" шығын болған қайран қағаз-ай демеске әбдің жоқ" деген жолдарда айтылатын пікірдің тым қаттылығы көзге ұрып тұр.

Сынның сатиралық жанрларының ішінде әдеби фельетон "жартылай публицистикалық, жартылай көркемдік" сипат танытып, бір аяғын журналистикаға, екінші аяғын әдебиетке нық тіреп тұрса, пародия, эпиграмма сияқтылар таза әдеби тұрпатты келеді. "Пародия – көркем шығарманың, стильдің, жанрдың күлкілі бейнесі".[567] Л.Гроссман "пародияның сөз өнерін шығармашылықпен бағалайтын"[568] сын жанры екендігін дәлелдеп жазады. Сол сияқты пародияны публицистикалық, әдеби жанрға жатқызып жүрген пікірлер де бар. Пародияның публицистикалық та, көркемдік те сипаты бар екендігі, оның көркем әдебиеттегі кемшіліктерді сатира уытымен түйреп, сынайтындығы анық. Десек те бұл жанрда публицистикалықтан гөрі әдеби сипаттың, сыншылдық мақсаттың басым екендігі анық. М.Поляков пародияны сынның "заңды жанры", С.Тяпков "көркем образдарға сіңірілген әдеби сын" деп біледі.[569]

Сонымен, сынның көркем жанры пародия "өлеңге қарсы өлең" дегенді білдіреді. Көбіне поэзиялық шығармаларға арналып, олардың көзге ұрып тұрған өрескел мінін сынауға арналады. Сыналып отырған объектінің сыртқы формасын сөз саптау, стиль, бунақ-ырғағына дейін сақтай отырып, басқаша айтқанда, оған "еліктей" отырып, дәл сондай түрмен оның мазмұнына, не формасына дау айтқан қарсы шығарма жазылады. Яғни, пікір білдіріп отырған шығармаға қарсы оның өз "қаруымен", тәсілімен күрес ашады; мінін әсірелеңкіреп, келемеждеп сықақтайды. Автордың сәтсіз жақтарын пародист шебер пайдаланып, бүкіл шығарманы, оның өзіне қарсы бағыттайды. Пародияның басқа сын жанрларынан артықшылық жағы – онда өнер жарыстырудың барлығы. Әдетте ақын-жазушылардың сыншыларға айта беретін "біреуге ақыл айтпақ түгілі, алдымен, өзің осындай шығарма жазып ал" деген сияқты қарсы уәжі бұл жерде іске аспай қалады. Өйткені, сыншы пародияда сынап қана қоймайды, қалай жазудың үлгісін де көрсетеді. Пародияда сыналып отырған шығарма "қисық айнаға" түскендей, кемшілігі күлкі тудырып келемежделеді. Сынға ұшырап отырған әдеби туындының тілдік, стильдік, идеялық ерекшеліктерін мазмұны мен түрін, жалпы көркемдік болмысын оқырманға сол күйінде жеткізе білуде пародияның басқа сын жанрларына қарағанда бейнелілік, әсерлілік жағынан көп артықшылығы бар. Пародияны оқыған оқырман белгілі бір әдеби кемшілік туралы сыни

пікір білумен бірге эстетикалық тұшынымның татуы оның басты ерекшелігінен саналады. Пародия әдебиеттегі жетіспеушіліктерді сынағанда пікірін ғылыми талдаулар жасап, негіздеп жатпайды. Сын дәлелсіз болмайды десек, пародияшы басқаша тәсілді, яғни кемшілікті көркем бейнелеу арқылы сынайды. Демек, пародияда сыншыл сипат болумен бірге, эстетикалық, көркемдік құндылық жағы да негізгі қасиеттерінің бірінен саналады. Жанрда осы екі жағы тең түсіп жатуы керек. Егер сын мықты болғанмен де көркем көрінбесе, онда пародия да сәтсіздікке ұшырайды. Сондықтан да кей зерттеушілер шын пародияны әрі көркем әдебиеттің, әрі әдеби сынның жанры деп қарастырып жүр.[570] "Сонымен, пародия дегеніміз – белгілі бір әдеби ағымды, болмаса бір авторды, немесе жеке бір шығарманы не түгелдей жоққа шығару үшін, не сол объектідегі назар аударарлық әлсіздік-сәтсіздікті келекелеп түзету үшін сол объектінің өзіне ұқсата, еліктей туғызылған, сол оригиналдың ізімен, түрімен, тілімен жазылған сатиралық, юморлық туынды".[571] Осы анықтаманың соңына үтір қойып, әрі қарай "әдеби сын жанры" деп, нақтылай түсуге де болар еді. Оның үстіне пародия – кез келген сыншының, не ғалымның, не ақынның қолынан келе беретін емес, әдебиетшінің сегіз қырлы әдебиетшісінің ғана қанжығасына ілінетін аса қиын жанр. Сол себепті де болса керек, бір зерттеуші пародияны элитарлық жанр ("жанр довольно элитарный") деп атапты.[572] Бұл анықтамадан пародияның объектісі үш түрлі – әдеби ағым, жеке қаламгер, нақтылы шығарма – болатындығы көрінеді.

С.Ерубаевтың "Мәжит пен Өтебайы"[573] – қазақ әдеби сынындағы алғашқы пародиялардың бірі. Мұнда 20-30 жылдары қазақ поэзиясындағы типтік негізгі кемшіліктер сынға алынады. Олар поэзияның құнын түсіріп, не болса соны өлеңге қосушылық, өлеңге қажетті негізгі шарттардың орындала бермейтіндігі, Маяковскийше жазамыз деп өлең жолдарын орынсыз бөлшектеп, шұбатып жазушылық, өмір материалдарымен жете таныспай, зерттемей, сырттай ғана танысып жыр жазушылық, тағы басқалар еді. Пародияның сюжеттік құрылымы ұтымды шыққан. Екі ақын әңгімелесіп жүріп, өз өлеңдерін оқиды. Кейіпкерлердің оқығандары – автордың сынап отырған өлеңдері. Мына өлеңнің мына жері нашар, ана жері олай емес, бұлай болуы керек деген сықылды сөздер не автор тарапынан, не кейіпкерлер аузынан айтылмайды. Күлкілі жағдайды шебер бейнелеу арқылы бұл өлеңдер күлкі туғызады, яғни сыналады. Автор осындай өлеңдердің туу себептерін, жазылу жағдайларын ашып, келемеждейді. Пародияда екі ақын жарысып, өлең шығарады. Біреуі:

– Бір өзіңде болыпты тоғыз жалшы,
Тоғыз жалшы мал баққан тоғыз алшы.
Тоғыз малшы, тоғызы – тоғыз жалшы,
Тоғыз жалшы болған соң, тоғыз малшы...

деп жырлайды. Бұл жерде автор сол кезде өріс алған "кедей шаруаны жырлау

керек" деген жалған бағытты сынап отыр. Екінші ақын бұдан да асып түседі. Ол "шабыттанып" шырқағаны сонша – Маяковскийше кетеді:

– Кетіңдер
Кетіңдер
Сендер –
Тоғышарлар,
Мещандар,
Әбибатылдар,
Сұрбақпайлар,
Шылықтар,
Былықтар...

Автор сол кездегі ақындардың Маяковскийге еліктеймін деп, жөнсіз шұбалаңқылыққа ұрынып, өлеңнің сәнін, мәнін жоюшылыққа дейін алып баратын орынсыз, түр қуалаушылықты, әсіресе ұраншылдықты аяусыз сынап отыр.

Енді екі ақын өндірісті жырға қоспақшы болып келіседі. Қалай жазады? Екеуі де завод-фабрика дегенді көрмеген. Ақыл табылады. Біреуі: "Сен анау төменге түс те бір-екі тақтайды тақ-тақ еткіз, басыңды жұдырығыңмен сақ-сақ еткіз, сіріңкені шағып, жалт-жалт еткіз, мен шахтаны суреттеп жазып алайын" дейді.

Ақын осылайша өлең жазады:

– Төмен түссе, тақ-тақ,
Тарс-тарс, тақ-тақ,
Салдыр-гүлдір, тоқ-тоқ,
Тырс-тырс, шақ-шақ,
Жылт еткен шырақ.

Бұлардың үстіне тағы бір ақын келіп қалып, ол да:

– Солқылдат, шақ, шақ, шақ,
Барылдат
Тақ-тақ-тақ
Ал, кәні!
Сарт, сарт, сарт
Жол әне,
Тарт, тарт, тарт –

деп шабыттана "жыр жолдарын" төгеді. Автор бұл жерде кейбір ақын-жазушылардың өндірісті білмей, сырттай ғана қызықтап жазатын жағдайларын өлтіре мінеп отыр. Осылайша шымыр құрылған сюжеттік желісі бар пародияда қазақ әдебиетінде орын алып келе жатқан бірнеше типтік кемшіліктер аяусыз келемежге ұшырайды. "Мәжит пен Өтебай" фельетонға тән күлкілі оқиғаларға құрылған. Бір ғана емес, бірнеше өлең пародияланады.

Сондықтан да композициялық құрылымы, мазмұны жағынан бүкіл бір

әдеби ағымды (социалистік құрылысты, өндірісті жазу ұраны), типтік кемшіліктерді (түр қуалаушылық) өлтіре өшкерелейтін пародия-фельетон болып шыққан.

Қазіргі қазақ пародиясының дені жекелеген шығармаларда кеткен сәтсіздіктерге арналып жүр. Негізінен оларда айтылған ой, сөз саптауы, түрі сияқты жақтарында жіберілген кемшіліктер сынға алынады. Бұл салада жинақтаған тәжірибелер де жоқ емес. Солардың кейбіріне назар салайық. "Қазақ әдебиеті" (1986, N5) газетінде Отарбаевтың "Досым-ау, сені сағындым" атты өлеңіне Бауыржан Омаровтың пародиясы жарияланды:

"Жабыққан кейбір кезіңде
Досыңды іздейді екенсің.
Түнімен шықсаң, көз ілмей,
Досыңды іздейді екенсің.
Қуанштың өзіңде досыңды іздейді екенсің"

(А.Отарбаев).

Досыңды әбден көксеген,
Табатыныңа бек сенем...
Түнімен іздеп, ...ой қуып,
Қайтеді жазсаң, жақсы өлең.

(Б.Омаров).

Мұнда алғашқы өлеңнің негізгі мазмұны жеңіл юормен, кекесінмен жоққа шығарылып тұр. Сыналып отырған өлеңнің шумағы да, буын саны да – жалпы көркемдік бітімі пародияда сақталынған.

Б.Омаров өз ойын сыпайы түрде юормен жеткізсе, М.Дүйсенбековтің "Мынау не?" пародиясында ащы сарказм басым.

– Қуаныш не деп сұраса,
Мен оны:
– Жүректің тасқыны – дер едім.
– Қайғы не? – деп сұраса,
Мен оны:
– Құштарлық қана – дер едім.
– Сұлулық не? – деп сұраса.
Мен оны:
– Құштарлық қана – дер едім.
– Ашу не? – деп сұраса,
Мен оны:
– Сабырсыздық – дер едім.
– Талант не? – деп сұраса,
Мен оны:
– Жүректің оты – дер едім.

К.Шілдебаева. "Сырласайық, Жер-Ана" (жинақ), 1986, 156-бет.

Осындай поэзия мен прозаның арасындағы диалогтардан тұратын шумақтарды Мұратбек былайша пародиялайды:

– Поэзия не? – деп сұраса,
Біз оны:
– Ақша ғой кәдімгі – дер едік.
– Ақындық не? – деп сұраса,
Біз оны:
– Кітап шығару – дер едік.
– Ал мынау не? – деп сұраса,
Біз оны:
– Өлең емес – дер едік.
– Қысқасы, оқушының көзі ашық,
Құлағы... керең емес – дер едік.

("Қазақ әдебиеті", 1986, N32, 8 тамыз).

Пародияшының пікірі ашық: бұл өлең – "өлең емес"; ақша үшін, әйтеуір кітап шығару мақсатымен жазылған өлеңсымақ. Көзі ашық, көңілі ояу оқырманды мұндай жолдармен алдай салуға болмайды.

Б.Омаровтың да, М.Дүйсенбековтің де пародияларының нысанасына жекелеген өлеңдердің мазмұны, жалпы көркемдігі ілінген. Кейде бір ақынның бірнеше өлеңіне бір пародия жазылуы мүмкін. Белгілі ақынымыз Т.Молдағалиевқа жас сатирик Базарбек Түкібаев мынадай пародия жазыпты:

Мәссаған.
Ән салды біреу қасымнан, көрші бөлмеден,
Естідім үнді "Тұмаш-ау, келші, кел" деген.
Көңілім бе екен ләззатқа әлде шөлдеген,
Естідім бір үн: "Тұмаш-ау, келші, кел" деген.

Т.Молдағалиев. Болғария дәптерінен. "Қазақ әдебиеті", 1986, N28.

"Жалғыз тастап Тұмашты қайда барам",
"Жаман сөзді Тұмашым естімесін".
"Жалаң аяқ Тұмашты ылғи көрем",
"Тұмашым үйленгенде ішем дегем".
"Қашан Тұмаш жетеміз біз ауылға?"
"Құстай ұшқан Тұмаш бала мен едім".
"Шешесін Тұманбайдың бір көшеде
Машина басты десе масқара ғой".

Т.Молдағалиев. "Сағынғанда анамды" жинағынан.

Осы өлеңдерге мынадай пародия жазылған:

"Алматы екі бастан астана ғой,
Демеңіз оқырманды жас бала ғой.
Өз атын қоспаса, өлең жазылмай ма?"
Десе біреу, мәссаған, масқара ғой.

Б. Түкібаев. "Қазақ әдебиеті", 1986, N30, 25 маусым.

Мұнда Т.Молдағалиевтің лирикаларында "Тұмаш" сөзі жиі қолданылатындығы, өзі жайлы айтыңқырап кететіндігі орынды мінеліп тұр. Бір қарағанда, өлеңнің сыртқы формасы, стилі сақталмағандай. Байыппен қарағанда шумақтың түрлері, буын саны бірдейлігі байқалады. Сондай-ақ, белгілі жағдайларды жырға қоса беруге болмайды деген ойды "Алматы екі бастан астана ғой" деген бұл жерге мүлдем қатысы жоқ жолдармен аңғартып тұр.

Осындай бір сөзді қайталай берушілік Қ. Тұрмамбетұлының "Әманда" пародиясында да сыналған.

Текст:

Шаттық толып, шалқып қызыл алаңда,
Бақыт болып, әрбір ізгі адамға.
Қуантады жаңалықты хабарлап,
Куранттарды тыңда досым әманда.

Ә. Табылдиев. Жырлайды жүрек. А., 1985, 6-бет.

Сынбаған кіл батыр жандар
Әманда,
Сыналған жыр еске түсер
Әманда.
Мұң болып сол соғыс өрті сөнсе де,
Мыңдаған жыл қалар таңба адамда *(сонда, 8-бет).*
Көңіліме көз жіберген адамға.
Жаным жақын Әманда *(сонда, 21-бет).*
Бұл ғажайып заманда
Булы күшін бұлқынтпайды кім енді?
Талпынайын талап берген елдің ұлы едім *(сонда, 22-бет).*

Пародия:

Ана өлеңде – "әманда".
Мына өлеңде – "әманда".
"Әмандаңды", Әдеке
Енді біраз тәмамда.
Оқырманды бір сөзбен
Жалықтырған жаманда.

Жараспайды бұл қылық
"Аға" атанған адамға...

"Қазақ әдебиеті", 1990, N27, 6-шілде.

Сықақшы ақын өлеңдерінде бір сөздің орынды-орынсыз жиі қолданыла беретіндігін сын садағына салып отыр. Осында айтылар негізгі ой шумақта берілген. Ал, келесісінде алғашқысында айтылған ойды қайталап, шұбалаңқылыққа ұрынған. Суреттеудің орнына баяндауға, ақыл айтушылыққа салынған.

Зейнолла Әкімжановтың пародиясына ақын Асқар Кіребаевтың өлеңі объект болған.

Бүгін.

Күндерді күндер арттан қуып жатыр,
Сендерді сендер қысып буып жатыр...
Жайбарақат қалпымен айналып жер,
Адамдар өліп жатыр,
Жаз, қыс кеп жылып дала,
суып жатыр, –
Душ-нөсер көңілі келсе, жуып жатыр.
Суық қол қыспаққа алған дара ормандар.
Бешпентін берігірек буып жатыр.
Балығы басы айналған суым жатыр
(Жұтады несібесінің уын батыр)
Тоғайда
Қалмаған соң нуымда тұр
Сыздатқан сол ауруым буында тұр...

"Қазақ әдебиеті", 1990, 31 тамыз.

Осы өлеңге Зейнолла "Жатыр" деген пародия жазады:

Жатыр.

Асқарды бүгін шабыт буып жатыр,
Шығуға "тамаша" жыр жуық жатыр.
Күндер, сеңдер, душ-нөсер, бешпент, балық...
Бәрін қосып, шумақтар туып жатыр.
Басы айналып дертті боп балық жатыр.
Тоғайда нуы-дағы қалмаған соң,
Сал болып, от боп күйіп жанып жатыр.
Асқарың аман-есен бығып жатыр,
Шырайсыз шумақтары шығып жатыр.
Туа сала жарымжан болған жыры,
Көзінің жасын сығып жатыр.

"Қазақ әдебиеті", 1990, 30 қараша.

Пародия нысанаға дәл тиіп, кемшілікті дөп баса білген. Өлеңнің формасы сақталынып, мазмұны өзіне қарсы бағытталған. Сықақшы мынадай кемшіліктерін бар деп, көзге шұқып тұрған жоқ, өленде жырланған жәйттерді қайтадан өлеңге қосу арқылы әжуалы астар беріп, мақтамен бауыздағандай, мінейді. Пародияда Асқар өлеңінің тақырыбы, тілі, көркемдігі – бәрі қоса сыналады. "Жатыр" атауының себебі де әйтеуір "жатырға" үйқастыра берсең, өлең боп шыға бермейді дегенді мегзеп тұр. Пародияда "шырайсыз шумақтар", "туа сала жарымжан болған жыр" деген сияқты автор ойын білдіретін тіркестер болғанымен де негізгі пікір күлкілі жағдайда (әсіресе 1,2-ші шумақтар) әсерлі көрініс тапқан.

Айқасты сынаған мына бір пародияға көз салайық:

Қадыр Мырзалиев
.....өседі,
.....өседі.
.....өседі,
.....өседі.
.....өспейді
және сосын сақал-мұрты көсенің.

"Қазақ әдебиеті", 1987, 7 тамыз.

Осыған Серікбай Қайдасовтың пародиясы:

Сөзіңіздің жоқ жалғаны, өсегі,
Дауымыз жоқ барлығы да өседі.
Соза берсек, шұбатылған шумақтар
Том да болар, қалыңдығы бес елі?
Сөз өскенмен, айтпақ ойың өспейді,
Мұныңызды оқырман да кешпейді.

"Егемен Қазақстан", 1992, 2-көкек.

Пародияшының сынағалы отырған Қадыр өлеңінің текстін түгел келтірмей, тек әр жолдың соңында бір-бірімен үйқасып тұрған "өседі" сөзін ғана жазуының өзі күлкі тудырып тұр. қырағы көзді оқырманның сатиралық құрығының ұзындығы үлкен ақынның өзін тырп еткізбей, пародия тезіне салып отыр. Тағы бір пародия оқиық:

"Вопрос"
– Жөндірек болмай завтрак,
Қызбады жұмыс қаттырақ.
Ашылып содан тәбеті,
– Кәнеки, – деді – әбеті!
... Отырды енді ужинға
Ойлашы, ужин нужен ба?...

(А. Асылбеков. Сауысқанның сәлемі. А., 1986, 7-8-беттер).

Осы шумақты М.Нұрқалиев былайша пародиялайды.

Завтрак, обед, ужин ба?
Конечно, Абеке, нужен, да!
"Полдник" жайлы және жыр
Келтірмейсіз ба жизньға?!

Қазақ әдебиеті", 1986, N12, 17-қараша.

Пародияда ақынның "шөп те өлең, шөпшек те өлең, шөңге де өлең" дегендей, нені болса соны өлең қылғанын, орысша сөздердің қаптап жүргенін бетке басады. Соңында "Полдник" жайлы және жыр келтірмейсіз бе жизньға" – деп, ақынның өзі сықылданып сөйлеп, кекетеді.

Пародияның неғұрлым қысқа болғаны нұсқалы келеді. Жоғарыда біз келтірген мысалдар қысқалылығымен, айтар ойының ашықтығымен сәттілік танытады. Бір шумақтық пародияларда көбіне өлеңнің бір ғана міні сыналады. Шығарманың бірнеше кемшілігі мінелетін пародиялардың көлемі де ұлғая түсетіндігі көрінеді.

Текст:
"Емханаға түстім мен августе,
Апорт түсіп төбеме бір ағаштан".

Д. Стамбеков. Августе – Алматы "Жалын", 1984, N2.

Осы өлең бунағына К. Өмірбеков төмендегідей пародия жазады:

Ньютонның да басына,
Алма түскен ағаштан.
Емделмей-ақ
Асыға
"Тартылыс" деп заң ашқан.
Алматының алмасы,
Август кезінде пісіпті.
Дәуітәлі барғасын,
Төбесіне түсіпті.
Тырнақтай боп төбесі,
Сәл-пәл ғана ісіпті.
Жаңалық ашпай,
О, несі?!...
Емханаға түсіпті.

"Қазақ әдебиеті", 1984, 26 қазан.

Пародияның көлемі сәл шұбалаңқылау шыққан: екі жолдық өлең он төрт жолмен пародияланған. Он-он бір буынды өлең 7, 4, 3 буынды 4,5 жолды үш шумақпен берілген; яғни сын айтылып отырған өлеңнің стилі, сыртқы формасы сақталынбаған. Пародияшының оларға дауы жоқ. Мәселе – ненің

жырлануында болып отыр. Өлеңде тамыз айында алманың, онда да кеш жетілетін сорт – апорттың піспейтіні, оның қараптан-қарап адамның төбесіне түспейтіні, одан басы жарылып емханада жатпайтыны мысқылданады. Ньютонның алманың топ етіп жерге түскенінен әлемдік тартылыс заңын ашқанын айтып, салыстыру арқылы жараланып емханаға түскенше, одан да сен де сондай бір жаңалық ашпадың ба, ал мынауың жаңалық емес дегендей, астарлап келемеж қылады. Пародия міндетті түрде күлкі шақыруы керек десек, мұнда ол өлеңде суреттелген нәрсенің Ньютонның басында болған бір жағдаймен салыстыру, ақынның төбесіне апорт түсіп кетіп, басы жарылып, емханаға баруын баяндау арқылы орындалып тұр.

Пародияда өлеңнің бойындағы жеке міндерді сынаумен ғана шектелмейді. Әдебиетке қатысты кемшіліктердің барлығы дерлік нақтылы түрде пародия арқылы аяусыз түйрелуі мүмкін. Әдебиеттегі сондай келеңсіз құбылыстың бірі – "жиендік жасау" Жанғали Меймандосовтың пародиясына өзек болыпты. Мұндай пародиялар үш бөліктен тұрып, ұрланған, ұрлықы текстер, пародия қатар беріледі.

"– Сен бүгін боссың ба?
– Иә.
– Ертең түсте ше?
– Боспын.
– Ал, арғы күні ше?
– Шаруа бар еді.
– Өттеген-ай, сол күні сені қонаққа шақырайын деп едім".

(Габровалықтар әзілі).

"–Ертең үйде боласыздар ма?
– Жоқ, тойда боламыз.
– Арғы күні ше?
– Қонаққа шақырған еді ағамыз...
– Мұны неге сұрадың шегелеп?
– Жоқ, әншейін... сендерді қонаққа шақырайын деген ек" деп Мұратбек Дүйсенбеков.

М.Дүйсенбеков. "Мұны неге сұрадың?" өлеңінен. "Қазақ әдебиеті", 1985, N33.

– Қаламымды ұстағанмен,
Өзімді өзім қыстағанмен,
Тың тақырып таба алмадым.
Сосын,
Әзілдің тонын айналдырып,
Сықақ етіп амалдадым, –
Деп Мұратбек мәз болып,
Айнаға қарап, шашын тарап отыр.
Өйткені, габровалықтар әзілі
Бір әжетіне жарап отыр.

"Лениншіл жас", 1989, 17 ақпан.

Бұл жерде сықақшы әдеби ұрлықты габровалықтардың "жиені" М.Дүйсенбековтің монологы арқылы әшкерелеп отыр. Бірақ, пародия сәтті шыққан деп айта алмаймыз. Өйткені, Мұратбектің "айнаға қарап, шашын тарап отырғаны" күлкі туғызатын жағдай емес.

Пародияның жаны – күлкі. Күлкі жоқ жерде пародия да жоқ. Жанрдың негізгі кемшіліктері де осы күлкілі жағдайды суреттеудің жетіспеушілігінен ойын бейнелі жеткізе алмай, баяндауға ұрынудан туындап жатады. Абдрахман Асылбеков ақын А.Бақтыгереевaның

"Ерке киік асқар тауды паналар,
Ерке тоты қалауынша таранар.
Паналаймын, еркелеймін мен солай,
Өздеріңе сенгендіктен, ағалар" –

("Жайық қызы", А., 1980-бет).

деген өлең шумағына мынадай пародия жазады:

"Көктемде ала қанат аралар
Алуан түрлі гүлдер бағын аралар.
Олар жиған балауыздың бағасын
Ағасы бар адам ғана бағалар.

Қайғы-мұңсыз қара сирақ балалар
Балық аулап қара суды жағалар.
Олар солай қаңғырар ма еді күн ұзақ,
Болмаса егер, арқа сүйер ағалар?

Ерке киік асқар тауды паналар,
Ерке тоты қалауынша таранар.
Ер жігіттер жаратылып ерекше,
Күнін көрер болмаса да ағалар.

Қыз жүрегі аса нәзік жаралар,
Өз бетінше өршитін қай шама бар?
Алдарында қарыздармын қашан да,
Айналайын, асқар таудай ағалар!"

"Жұлдыз", 1985, N8, 207-бет.

Біздіңше, бұл пародияның бірнеше жетіспеушіліктері бар. Біріншіден, пародияның объектісі сәтті емес. Ағаларды паналаймын, сенгендіктен еркелеймін дегендер оншалықты ойсыз да емес; ақындарға бұлайша айту жараса да береді. Екіншіден, күлкі тудыратын жағдай жоқ. Не нәрсеге күлеміз? Үшіншіден, өте шұбалаңқы. Бір шумаққа төрт шумақ өлең арнаған. Төртіншіден, автордың дәл не нәрсені сынап отырғаны мәлімсіз. Объектінің не үшін сыналып отырғаны ашылмай, айтылар сын күңгірт қалған. Нәтижесінде пародиядан гөрі, ақын А.Бақтыгерееваның ізімен жазылған өлеңге ұқсаңқырап кеткен.

Абдрахманның "Шөпшекті өлеңі" ("Жұлдыз", 1985, N5) – осындай туынды. Жұматай Жақыпбековтің

"Аяп та сені аурумен қоса көптен мен
Амалым қайсы азап та бірге шеккенмен.
Жазар ем сені, дәрі қайнатуға болмайды-ау
Өлеңдерімнің ішіндегі ғажап шөптерден"

(Шұғыық көл. 1984, 62-бет).

деген бір шумақ өлеңіне төрт шумақ өлең арнаған. Пародияда жоғарыдағы өлеңдегі "өлеңдерімнің ішіндегі ғажап шөптерден" дәрі қайнатуға болмайды-ау деген ой-тіркестер тезге салынады: "Әттең, әттең, дәрі жасай алмаймын, өлеңімнің ішіндегі шөптерден". Бұл жерде пародия объектісі сәтсіз алынған. Өйткені, Жұматайдың өлеңінде айтарлықтай сынарлық, күлкі тудырарлық кемшілік көрінбейді. Поэзия тілінде "өлеңнен дәрі жасап, жазамын" деп, өнер шарттылығына орай айтыла беруі де мүмкін. Тіпті, қасиетті поэзияның қуатымен емдейтін емшілер де шығып жатқан жоқ па? Алдында сөз болған пародия секілді, мұнда да қысқалылық, күлкілі жағдайды бейнелеушілік жетіспей, шұбалаңқылыққа ұрындырған. Абдрахманның пародияларының басты кемшілігі онда юморлық, сатиралық сарынның, детальдардың жетіспеушілігінде жатыр деп білген жөн. Өйткені, пародияға тән күлкілі жағдайды юмор туғызады да, ащы сын сатиралық сарказмды келеді. Пародияны көбіне сатириктердің сәтті жазатындығы сондықтан да болса керек. Пародия асқан шеберлікті қажет етеді. Ол шеберлік мінеп отырған шығармасының "рөлін" пародиясына ойната білуден, сөйтіп діттеген кемшілікті әсерлі түрде мырс еткізерліктей келемеж етуден көрінеді. Бұл тұрғыдан келгенде, пародияшыны сахнада рөлде ойнайтын актерге теңеуге болады.

Шеберліктің кейбір қырларын К.Әмірбековтың "Көпен інім!" атты пародиясынан байқауға болады. Бұл, біріншіден, автопародия. Екіншіден, тек өзіне ғана емес, ақын Мұхтар Шахановқа да пародия. Қолтаңбалары екі түрлі екі ақынды бір пародияға сыйғызып, әжуалау, әрине, қиын. Көпен осы мәселені өте сәтті шешкен: Мұхтар ағасына сөз берген. Сосын Мұхаң:

"Көпен інім!
Сенің мынау кешіңде де,

Айнымайтын ағасы деп,
Жыртылмайтын жағасы деп,
Рахмет, маған бүгін сөз берді.
Біздің ауыл есіңде ме?
Біресе Шәуілдір деп,
Біресе Қызылқұм деп,
Біресе Отырар деп, талай-талай өзгерді [574] –

деп, өзінің мақамына салып кете барады. Автор М.Шахановты пародиялау арқылы екі қоянды бір оқпен атып алғандай, үтқан. Бірінші Мұхтардың стилін айнытпай салған. Әсіресе, ақын поэзиясындағы дидактика, осы мақсатта қолданылатын тағлымды сюжетті оқиғалардың жиі көрінуі, яғни балладалық сипат айнымай көрінген. Көпен де қу: өзі туралы өзі айтпайды; Мұхтар ағасына айтқызады. Пародияны оқып шыққанда көз алдымызға екі жерлес М.Шаханов пен К.Әмірбеков қатар келіп, бірі шығармашылық қолтаңбасымен, екіншісі (Көпен) сатираның қиын жолында ("Сатираның құдығына түсіп кеткен бала") қырыққа келсе де жолы болмай келе жатқан ("Барселонаға бармадым деп, Бас редактор болмадым деп") тіршіліктегі қалпымен көрінеді. Әрине, бір пародияда екі ақынның мысқылдануы – шеберлік.

Пародия ақын-жазушылардың шығарма-ларындағы жекелеген әдеби міндерді оның өз "даусына" салып келемеждейтін болса, эпиграммада қаламгердің суреткерлік тұлғасы тұтас алынып, ондағы елеулі кемшіліктер автор атынан ортаға салынады. "Эпиграмма – белгілі бір адамды, затты, болмыс-құбылысты өзіл түрғысынан бағалайтын, немесе күлкі, келемеж ететін, қажет болса, ашық әшкерелейтін сатиралық поэзияның шағын жанры". [575] Бұл анықтамадан көрініп тұрғандай, эпиграмманың қолданылу аясы кең. Т.Қожекеев эпиграммаларды әдеби, саяси, тұрмыстық деп, үш топқа жіктейді. Әдеби эпиграмма жекелеген жазушылардың туындыларындағы идеялық, көркемдік жетіспеушіліктерге, шығармашылыққа тікелей әсер етер жеке бастың пендешіліктеріне бағытталып жазылатындықтан да сынның көркем бір жанры ретінде қарастырамыз.

Эпиграмма – қиын жанр. Оның қиындығы – әрі лирикалық, әрі публицистикалық, әрі сатиралық сипатында. Сырт қарағанда бұл үшеуінің "басы бір қазанға сыймайтындар". Эпиграмманың күрделілігі осы үшеуінің бір жерде бас қосып, жанрлық үйлесім табуында жатыр. Эпиграмма да көпсөздікті, шұбалаңқылықты ұнатпайды. Көбіне нақтылы бір адреске бағышталып, қысқа жазылады. Мысалы:

"Елден ерек сөз құрары,
Жазушы еді Сатыбалды...
Екі-үш кітап жазды-дағы
Жиырма жылдай жатып алды". [576]

Бұл – Жарасқан Әбдірашевтің жазушы Сатыбалды Нарымбетовке жаңа жыл алдында жазған эпиграммасы. Бір шумақ өлеңде біраз нәрсе бар: Сатыбалдының екі-үш кітап шығарған дарынды жазушы екендігі, бірақ соңғы жиырма жылдай уақыт ішінде оқырмандарын жаңа туындылармен қуантпай жүргені. Аз сөзбен көп нәрсені аңғарту – эпиграммаға тән қасиеттердің бірі.

"Журналист Есламғалиев Мұхадесті,
Жазушы Есламғалиев Мұхадесті,
Тамашаға редактор болып келгелі
Танымайтын талайлар "Мұха" десті". [577]

Мұнда М.Есламғалиевтің журналист болып, жазушы болып танылмағанын, енді "Тамаша" ойын-сауық отауына келіп аты шығып, "Мұха" атанғанын әдемі әзілмен, кекесінмен шебер айта білген.

Ақын Ж.Әбдірашевтің "Әзілің жарасса"... (А., 1989) атты эпиграммалар жинағы "Әбділда Тәжібаевқа" арнауымен ашылыпты:

"Жүрген біреу емеспін мен бет алды,
Әбеке,
Қолыңды жай.
Бер батаңды!...
Ел қатарлы азамат болғаныммен,
Ақын болғым келмейді ел қатарлы!
Бердіңіз батаңызды Төлегенге,
Түрі де
Мазмұны да бөлек ерге...
"Ақын, – деп, – Ахметова!"
Жар салдыңыз
Бесікке жыр перзентін бөлегенде.
Ешкімнің жоқ оларға дауы тіпті.
Артық деп айта алмайды жауы тіпті.
Бердіңіз батаңызды ең ақыры –
"Сәтімен" Сәрсенбіге – Дәуітовке.

Өрт болса – әдебиет,
Ішіндеміз!
Серт болса әдебиет,
Күшіндеміз!
Бағасы жырыңыздың мәңгілік қой,
Бағасын батаңыздың түсірмеңіз...

(10-бет).

Әдебиетіміздің ақсақалы Әбекеңе арналған бұл эпиграммада бірнеше қатпар бар. Алдымен, автордың ақындық мақсаты, мықты ақын болғысы келетіндігі көрінеді. Сол үшін қазақы дәстүрмен ақындар ақсақалы

Әбекеңнен бата сұрайды. Ал, Әбекең болса, талай жас ақындарға аталық батасын берген, оның ішінде С.Дәуітов те бар. Автордың Ә.Тәжібаевқа інілік наз ретінде айтып тұрғаны – кім көрінгенге беріп "бағасын батаңыздың түсірмеңіз"; ал маған күні бүгінге дейін ақ батаңызды бермей келесіз, ал берсеңіз, әдебиетке барынша қызмет етуге серт ететіндігі. Мұнда авторлық наз да, ашық айтылып отырған сын да бар. Бірақ ол шығармашылықтағы сын емес, ақындық болмыстың бойындағы бір мінез ғана.

Эпиграмма жанрында өнімді еңбек етіп келе жатқан ақынымыз – Ж.Әбдірашев. Жоғарыда аталған кітабына қазақ ақын-жазушыларының көпшілігіне жеке-жеке арнап жазған эпиграмалары енген. Қалам иелерінің шығармашылықтарындағы, мінез-құлықтарындағы кейбір "ерекшеліктерді" дөп басып, көрсете білген тұстары баршылық.

"Жіліктеп-ақ береді
Жырдың түрлі жанрын.
Бірақ өзі келеді
Тап баса алмай тамырын"

(108-бет).

Бұл – ақын С.Баймолдинге арналған эпиграмма. Мұнда Сәбит ақынның көп білетіндігі, бірақ әлі өз жанрын тауып, айтарлықтай табысқа жете алмай келе жатқандығы мегзеліп тұр. Ал, Т.Молдағалиевке мынадай эпиграмма жазылған:

"Жиырмасында "жетіммін!" деп жылаған,
"Жыладың" деп талай сыншы сынаған...
Отызда да "жетіммін!" деп жылаған,
Ол кезде де талай сыншы сынаған...
Қырықта да "Жетіммін!" деп жылаған,
"Қойсаңшы" деп талай сыншы сынаған...
Ақ "Волгамен" аңыратып жүрсе де,
"Жетілдім!" деп айтпай қойды-ау,
Тұмағаң.
Аға болып ақыл қосқан ақылға,
Тұмағаңды тағы көрдім жақында...
"Жетіммін!" деп айтады екен, апырмай,
Әбділдадай әкесі бар ақында?!...

(45-бет)

Автор Тұманбай ақынның лирикасында өзінің қиын жылдардағы ауыр балалық шағын жырға қосудың, жалпы өз тағдырын жырлаудың көп кездесетіндігін оқырманға "әшкере" қып, ылғи осылайша жырлау жөн болар ма екен дегенді аңғартып отыр.

Эпиграмма көбіне бір адамға арналады. Сонымен бірге бірнеше адамға да арналуы мүмкін. Мысалы, Ж.Әбдірашевтің "Жаппар Өмірбеков пен

Байқонов пен Серік Асылбековке", сондай-ақ бір-ақ топтап жазған "Мұзафар Әлімбаев, Қастек Баянбаев, Құрманбай Толыбаев, Әдібай Табылдиев, Ермек Өтетілеуов, Сұлтан Қалиевке", "Файзолла Оразаев, Әбілғазы Нағыметов, Мырзатай Сергалиев, Бақытжан Майтановқа" арналған эпиграммалары бар. Бұларды қалай болса солай қосақтай салмаған. Ж.Өмірбеков пен С.Сейтхазин өлеңдерінің бір-бірінен "айырмасының жоқ екендігі", С.Кенжеахметов пен К.Әмірбеков екеуінің сатиралық стильдерінің ұқсастығы шымшыланады. Келесілерінде қазіргі балалар әдебиетінің жай-күйі, сыншылардың жазушылар одағына өтіп алған соң тыныш жаққа жылыстап кететіндігі мысқылданған.

Эпиграммада әдебиеттегі ылғи кемшіліктер ғана емес, жағымды құбылыстар да объекті бола алады. Әдеби сынның мақсаты әдебиет жетіспеушіліктерін сынай беруден емес, сонымен бірге оның жақсы жақтарын көрсете білуде. Осы міндетті атқаруда эпиграмма да ат салыса алады.

"Жазушылық
ғалымдыққа жол беріп,
ғалымдығын
ұстаздығы өңгеріп
бара жатыр...
Зерттегендер Зекеңді
Қиналды-ау үш салаға тең бөліп.
Мұндай мінез мықтылардан жұғады,
ұқса сырын әмбебаптар ұғады...
Анық ойлы үш Зекеңді қосқанда
Абыройлы бір Қабдолов шығады!"...

(31-бет).

Бұл – академик-жазушы З.Қабдоловқа арналған эпиграмма. Мұнда сын жоқ, керісінше сан қырлы дарын иесін көрсету бар.

Эпиграмма жазуда көркем бейнелеудің түрлері пайданылады. Көбіне автор сөзі түрінде жазылып жүр. Сондай-ақ, монолог, диалог, сюжетті оқиғаға құру сияқты тәсілдер де қолданылады. Мысалы, Жарасқанның М.Қаратаевқа, С.Сматаевқа, К.Ахметбековке, К.Сегізбаевқа арналған эпиграммалары негізінен монологқа негізделсе, М.Шахановқа, К.Ахметоваға, Е.Елубаевқа, А.Асылбековке жазғандары диалогқа құрылған. Эпиграммаларда халық әдебиетінің үлгілері де пайдаланыла береді. Мысалы, К.Әмірбековтің К.Ахметоваға арнаған эпиграммасы ауыз әдебиетіндегі бесік жырын еске түсіреді.[578] Ж.Әбдірашевтің Т.Медетбековке, Т.Нұрмағамбетовке жазған эпиграммаларында ертегілік элементтер қолданылған.

"Зымыран деген бір құс бар
Жұмыртқасы – темірден"

деп басталады Т.Медетбековке арналған эпиграмма.

"Ауылда кемпір менен шал болыпты,
Баласы Тынымбайдай бар болыпты.
Сол бала астанаға кетіп қалып,
Көруге жылдар бойы зар болыпты".

(125-бет)

Бұл – Т.Нұрмағамбетовке эпиграмманың басталуы. Осы стиль өлеңнің соңына дейін сақталынған. Көркемдік ізденістерде ауыз әдебиетінің үлгілерін шеберлікпен пайдалана білу эпиграмманы құлпырта түсетіні анық.

Сатирашының шеберлігі ең алдымен, эпиграммаға өзек болар объектіні, сыналар кемшілікті таңдап ала білуден көрінеді. Әдебиеттің кез келген кемшілікті құбылысы эпиграммаға тақырып бола алмауы мүмкін. Эпиграмманың жанрлық ерекшелігіне қарай объекті де таңдалынып алынады, содан кейін барып тақырыптың табиғатына қарай жанрдың нақтылы көрінісі айқындалады. Мына бір эпиграмманы оқиық:

"Герольд Бельгер білгір-ақ
Белгілі жай – бұл бірақ.
Кейбір қазақ сөзінің
Орысшасын түзетіп,
Кейбір орыс сөзінің
Қазақшасын түзетіп,
Қарасындай көзінің
Отырады күзетіп...
Немісшесін өзінің
Көрсек, шіркін, біз оқып...

(57-бет)

Эпиграмма ұлты неміс, қазақ, орыс тілдерін де жетік білетін Г.Бельгерге арналған. Мұнда жазушының жақсы қасиеттері ұтымды түрде көрінген. Бірақ, соңғы бунақта кейіпкеріне "немісше жазбайсың" деп, қойып отырған кінәсі артықтау. "Қазақстанда тұрып, қазақша кітап жазбадың" деп наз айтса, бір сәрі. Егер, эпиграммадағы тілекті неміс ұлтының өкілі айтса, жөні бөлек. Ал, қазақ ақынының бұлайша мін табуы логикалық ақылға сия бермейді; "тырнақ астынан кір іздегендей". Біздіңше, қазақ, орыс, неміс тілдерін жетік білетін жазушы Герольд Бельгер – жағымды эпиграмманың объектісі. Жарасқанның Р.Бердібаевқа жазған эпиграммасында (32-бет) оның бұрын қазақ тіліне енген шығыс тілдерінің ескі қазақ сөздерін қолданыңқырайтындығын сынайды. Мұнда да автор артықтау кеткендей. Өйткені, эпиграммада сыналған "лұғат", "зайыр", "шығармашылық", "жаратынды", "тәржіма" секілді сөздер тіліміздің азды-көпті қолданылып, орныға бастағандығы анық.

Әдеби тақырыпқа репортаж да жазылуы мүмкін. Мысалы, К.Әмірбековтің

сатирасының жай-күйін оның өкілдеріне футбол ойнатып, содан репортаж жүргізу арқылы аңғартады. Енді репортажға құлақ салайық:

"Енді сіздерді команда құрамымен таныстыра кетейік:

"Қалжыңбастар қақпақылы" федерациясының председателі – Асекең, Асқар Тоқмағамбетов.

Бүгінгі кездесудің бас төрешісі – филология ғылымының докторы, профессор Темірбек Қожакеев.

Мінеки, төрешінің үшкірігі іші ауырған баладай шарылдап қоя берісімен, сарт та сұрт сайысып, қалжыңбастар ойыны басталып та кетті".

Осылайша басталған ойынға сатириктер біртіндеп араласа бастайды. Ойын алаңынан О.Әубәкіровті, Ғ.Қабышевті, Ә.Уайдинді, С.Адамбековті, Е.Домбаевты, Ж.Алтайбаевты, Ш.Смаханұлын, Б.Қыдырбекұлын, С.Кенжеахметовті, А.Асылбековті сатира добын қуып жүрген жерінен көреміз. Уайдиннің гол соғуы былайша суреттеледі:

"Әйтеуір, Өмбекең "Быды-быды" деп бірдеңені сөйледі де, әзіл-қалжың "шайбасын" шақ еткізді. Удар! Гол! ("Быды-быды" атты сатиралық әңгімелер жинағы жақында ғана "Жалын" баспасынан шықты. Оның "голы" осы, әрине)".

Ойын барысында шаршаңқыраған Шонаны Төрежан Мәндібаев ауыстырады. "Запаста бұдан басқа да Оңалбек Кенжебеков, Бейсебай Кірісбаев, Ақмырза, Марат Нұрқалиев, Балтабай Тәжімбетов, Нұртан Төлепбергенұлы секілді "Алты әзілкеш" ("Жалын", 1982) ойыншымыз бар" деп, сатираның келешегінен үміт күттіретін жас сарбаздарының алғашқы кітабы шыққанынан хабардар етеді. Жалпы, Көпеннің сатира сайысынан жүргізген репортажын осы саланың хал-ахуалынан хабар берер, қиыннан қиыстырылып жазылған сәтті туындылар қатарына жатқызуға болады.

Әдеби сынның сатиралық, юморлық түрлерін дамытуда кезінде "Қазақ әдебиеті" газетінде жұмыс істеген "Қожанасыр қоржыны", "Бүйенбайдың пұшпағы", "Жалындағы" "Тураби трибунасы" сияқты бет-бұрыштар айтарлықтай үлес қосқандығын айта кеткен жөн. Сонымен, әдеби сынның сатиралық жанрлары өзінің жауынгерлігі, өткірлігі, тиімділігі, көркемдігі, әсерлігі, қысқа да нұсқалығы, нақтылығы сияқты қасиеттерінің арқасында оқырмандар жүрегіне жол тауып жүр. Сондықтан да фельетон, пародия, эпиграмма сияқты жанрлардың әдеби сынымыздағы орны айрықша.

ӘДЕБИ СЫННЫҢ БАСҚА ДА ЖАНРЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

Әдеби сындағы жанр категориясы сан қырлы аса күрделі ғылыми мәселелердің бірінен саналады. Жанрға жіктеуде түрліше өлшемдердің негізге алынып жүргендігі, соған байланысты олардың санын барынша азайтуға да, көбейте беруге де болатындығына көзіміз жетті. Солай бола тұра біз әдеби сында қалыптасып, орныққан, жүртшылық мойындаған оның кейбір басты жанрларына жоғарыда тоқталып та өттік. Ал, шындығына ғылыми тұрғыдан тереңдей түсетін болсақ, әдеби сынның жанрлық, формалық көріністері аса бай. Бұл тікелей сыншының шеберлігіне, дарын даралығына, дүниетаным мен сезім иірімдеріне, шығармашылық ізденістеріне тікелей байланысты.

Әдеби сынның теориялық негіздерін алғаш зерттеушілердің бірі Л.П.Гроссман сынның әдеби портрет, философиялық тәжірибе (эссе), импрессиондық этюд, мақала-трактат, публицистикалық, немесе үгітшілік сын, мақала-нұсқау, сыни фельетон, әдеби шолу, рецензия, сыни әңгіме, әдеби хат, сыни диалог, пародия, жазушыға памфлет, әдеби параллель, академиялық пікір, сыни монография, мақала-үн (статья-голоса) сияқты он жеті түрін анықтаған екен.[580] Осылардың біразы бүгінгі әдеби сынымызда көрініп те жүр. Кейбіреулері бұрындары жиірек қолданылса, қазір сирексіңкіреп кеткен.

Жоғарыда біз тоқталып өткен сын жанрларындағы эпиграмма мұнда жоқ. Есесіне "жазушыға памфлет" бар. Қазіргі қазақ әдеби сынында памфлет жанры қолданылмайды десе де болғандай. Памфлет көбіне саяси, идеологиялық мақсатта жазылатындықтан да кеңестік кезеңде социалистік әдебиеттің таптық жауларына қарсы күрес міндетін одақтық әдеби сын атқарып, қазақ әдебиеті үшін памфлет жанрының практикалық қажеттілігі шамалы болды. Сондай-ақ, Л.Гроссманның мақала-трактат, мақала-нұсқау, мақала-үн, әдеби хат деп жіктегендерін мақала жанрының түрлі формаларындағы көріністері екендігіне жоғарыда тоқталып та өттік. Сол сияқты фило-софиялық тәжірибе, импрессионды этюд, сыни әңгімелер де – эссенің, әдеби естеліктің түрлері.

Ал, академиялық пікір деп отырғаны – академиялық басылымдарға, ғылыми жинақтарға жазылатын ғылыми пікір. Баспадан шығар алдында кітаптарға жазылатын жабық пікірлердің де сыншылық сипаты айқын. Бұлардың негізгі мақсаты кітаптың ғылыми тұрғыдан қаншалықты құнды, оқырманға қажетті екендігін анықтап, оның болашақ тарихын айқындау: кітап не басылып шығады, не басылуға жарамсыз деп табылады; еңбек

жоғары дәрежелерге, мәртебелерге ұсынылып, жұлдызы жанып жатуы мүмкін. Академиялық пікірлерді ғалым-әдебиетшілер жазады; сонымен бірге оның аудиториясы да тар: тиісті мамандарға ғана арналады. Сонымен бірге көбіне жабық түрде болатындығы – басты ерекшелігі. Академиялық пікірді рецензияның ғылыми сипатты бір түрі деп санауға болады.

Л.Гроссманның әдеби параллель деп анықтағаны – шығармашылық портрет пен шолудың арасындағы аралық жанр. Кейде мақала мен шолудың аралығынан да шығуы мүмкін. Зерттеу объектісі шығармашылық портретте бір, шолуда көп болса, әдеби параллельде екеу. Параллельде объектілердің міндетті түрде арасын байланыстырып тұрған ұқсастықтары, не үндестіктері болуы керек. Ол дүниетанымдық, тақырыптық, көркемдік, стильдік, т.б. тұрғыда келеді, яғни бір тақырыптың аясына сиятындай, салысты-ралатындай болады. Мысалы, Ғ.Мүсіреповтің "Екі Мұхтарында"[581] прозашы М.Мағауин мен ақын М.Шаханов шығармашылықтары сөз болады. Былайша қарағанда, бір тақырып аясына симайтын бірі ақын, бірі прозашы көрінгенмен Ғабең екеуінен де ортақ, ұқсас нәрселер тауып, тамаша мақала жазған. Ғабеңнің мұндай мақала жазуына олардың аттарының Мұхтар болуы (жай ғана емес, ұлы Мұхтар есімі), сонымен бірге екеуінің де дарын даралығын танытып, болашақтарынан үлкен үміт күттіруі себеп болғандай. Мақаланы оқығанда қиыспайтындай көрінгенді шебер үйлестіріп, екі таланттың шығармашылық шоғын үрлеп, лапылдата түскендей, артынан ерген ізбасар інілеріне үлкен үмітпен ағалық ақ батасын бергендей әсерде қаласыз. Ә.Бейсебаевтың "Парық пен пайым" атты мақаласына "Бір жылдың екі романы: ерсі суреттер, босаң сюжет, бөстекі сөйлемдер" деген анықтама қоса берілітті.[582] Мұнда бір жылда (1982) шыққан Ө.Ахметовтің "Қоңыр үй", Қ.Қамбаровтың "Ақадырдың ақ шағаласы" атты романдары сыналады. Қатар алынып, мақалаға өзек болған екі романдағы кемшіліктер өмір шындығының көркем шын-дыққа айналуындағы суреткерлік шеберліктің жетіспеушілігі тұрғысынан әңгімеленген.

Параллельде көтеріп отырған мәселеге тікелей қатысты ұқсастықтары бар екі шығарма, не екі қаламгер, не екі әдеби оқиға сөз арқауы болса, сол сияқты объектісі үш, төрт, бес сияқты санаулы ғана болатын мақала түрлері де кездеседі. Мысалы, Ф.Оразаевтың "Жанр жемісінде"[583] Ш.Елеукеновтің "Замандас парасаты", Ш.Сәтбаеваның "Өрнекті өріс", А.Нағметовтің "Адам және қоғам" атты сын кітаптары жайлы әңгіме өрбиді. Бір біріне ұқсамайтын үш сыншының үш кітабының бір объектіге айналып түруы "Жазушы" баспасынан бір жылда шығуынан. Баспадан шыққан сыни еңбектерге шолу, сол арқылы қазақ әдеби сынының дәрежесіне назар аудару мақсатында жазылған. Файзолланың "Ұлы адам туралы үш дастаны"[584] да осы сияқты. Мұнда Ленинге, яғни бір тақырыпқа арналған М.Мақатаевтың "Ильич", Н.Шәкеновтің "Сақина", Ғ.Қайырбековтің "Соңғы кездесу" поэмалары талданылады. Рецензияда бір ғана кітап жайлы сөз қозғалатын болса, бұл

мақалаларда үш кітап қарастырылып отыр. Шолуға қамту объектісі тарлық қылатындай. Сонда рецензия мен шолудың арасынан шығып отыр... Ғл. О.Бөкеевтің "Белеске беттеген бес жігіт"[585] атты мақаласында Д.Исабековтің, Б.Нұржекеевтің, К.Сегізбаевтың Т.Әбдіковтің, А.Сейдімбековтің, шығармашылық ерекшеліктері сөз болған.

Интервью – баспасөз бетінде жиі көрінетін жанр. Солардың ішінде көрнекті ақын-жазушылармен жүргізілген сұрақ-жауаптар да аз емес. Бұл жанрдың басқалардан артықшылығы сол – журналист, немесе сыншы өзін, оқырмандарды толғандырып жүрген сауалдарға тікелей қатысты қаламгерлерден нақтылы жауаптар ала алады. Жалпылама әңгіме аз болып, әдеби өмірдің, жазушы шығармашылығының жұртшылық назарын аударған, зәру тұстары егжей-тегжейлі сөз болады. Мысалы, сыншы Қ.Керейқұлов қазақ әдеби сынының ақсақалы М.Қаратаевқа мынадай сұрақтар қояды:

"– Бүгінгі таңда әдеби-көркем сынды дамытуға ең қажетті ұйымдастыру шаралары қайсы деп ойлайсыз?"

"–Жақсыны танудан гөрі жаманды байқау жеңілірек секілді. Сізге сыншының жақсыны жария етуі мәндірек пе, жоқ, жаманды жағасынан алуы маңыздырақ па?"

"–Соңғы уақытта біздің сынымызда философиялық категориялармен сөйлеу, ақыл айтушылық байқалады" деген сөз бар. Сындағы ақылгөйсу нең белгісі? Жалпы сынға дидактика қажет пе?"[586]

Сыншы академик-сыншыдан осы сияқты он сұраққа жауап беруін өтінеді. Олардың ішінде М.Қаратаевтың тікелей өзіне қатыстылары да бар:

"–Осы уақыт ішінде сынға байланысты қуанған және ренжіген жайларыңызды еске түсірсеңіз"

"–Мақтау пікірлерді қалай қабылдайсыз?"

Кейде сұрақтар аз болып, бір-екеумен ғана шектелуі мүмкін. "Ленинші жас" (22. 1. 1982) "Кітап жаңғырығы" айдарымен сынға бет арнапты. Беттің берілу формасы қызық. Т.Тілеуханов, С.Оспанов, М.Қаназов сияқты жазушылардың әрқайсысына жеке-жеке екі сұрақтан ұсынады. Біреуі нақтылы шығарма туралы да, екіншісі баспадағы редакторлық қызметтің ұңғыл-шұңғылына қатысты. Баспагерлердің сарабына Қ.Тұрсынқұловтың "Есіңде ме сол бір кез", С.Жиенбаевтың "Бозторғай", М.Қабанбаевтың "Кермек дәм" кітаптарына нақтылы пікір білдіру ұсынылған. Баспа редакторларының жауаптарымен қатар жоғарыда аталған кітаптар туралы сыншылар Т.Тоқбергенов пен Қ.Ергөбековтің, Б.Сарбалаевтың, ақын Н.Бәдіғұловтың пікірлерінің де қатар берілуі сәтті. Яғни, бір кітап туралы пікір алуандығының көрінуі ұтымды шыққан. Соңғы аталғандардың пікірлері сұраққа жауап түрінде көрінгенмен де әрқайсысын жеке-жеке рецензия деп қарауға болады. Тек формалық жағынан ғана интервью түрінде көрінген. Жастар газетінде "Жас алаштан" шыққан жазушылар" айдарымен

Т.Жақыповтың "Ақ парақ алдындағы адалдық"[587] атты интервьюі жарияланды. Мұнда автордың сұрақтарына жазушылар Э.Төреханов пен Қ.Қараманұлы жауап береді. Яғни, интервью екі адамнан қатар алынып, анкеталық сипатта бой көрсеткен. Ал, "Қазақ әдебиеті" (28.IV.1978) "ҚӘ" газетінің дөңгелек столы" айдарымен "Роман және оның проблемалары" деген тақырыпқа жүргізген интервьюіне Қ.Мұхамеджанов, О.Сәрсенбаев, Н.Ғабдуллин, М.Атымов, Д.Досжанов, К.Ахметбеков, М.Әуезов, Т.Тоқбергенов қатысқан. Мұнда әңгімелесу белгілері бар.

Зерттеушілер интервью жанрының бірнеше түрлерін анықтап жүр.[588] Мысалы, Т.Қожекеев алдымен, хабарлама және түсіндірмелі деп топтайды. Әрі қарай хабарлама интервьюдің интервью-монолог, интервью-диалог, интервью-мазмұндама, ал түсіндірмелі интервью-суреттеме, пресс-конференция, дөңгелек үстел басындағы әңгіме, анкета, сын интервью деп жіктейді. Жоғарыда біз тоқталып өткен мысалдар-интервьюдің монолог түріне жатады. Сондай-ақ интервьюдің басқа түрлері де әдеби сында кеңінен қолданылып жүр. Соның бірі интервьюдің диалог, яғни әңгімелесу, сұхбат түрі. Кезінде А.В.Кольцовтың сындағы диалогқа қарсы болғандығы белгілі. Ол әңгімелесу барысында айтылған сыни пікірлердің айқындығы, өткірлігі төмендейді деп керсеткен.[589] Герцен де осындай пікірде болған. В.Г.Белинскийдің сыншылық қызметінің соңғы кездерінде диалогты мүлдем қолданбауы да ойланарлық. Солай дегенмен де қазіргі қазақ әдеби сынында диалог өзінің икемділігімен, ыңғайлылығымен көзге түсуде. Әдеби газет-журналдарда сұхбат, дөңгелек үстел, біздің анкета деген сияқты тұрақты әдеби айдарлар, беттер, бұрыштар тұрақты жұмыс істейді.

"Қазақ әдебиеті" (3.02.1978) газеті "Бүгінгі күн биігінен" деген тақырыппен "Қазіргі драматургия жайлы сұхбат" берген. Оған аға драматург Ә.Әбішев, режиссер М.Байсеркенов, жас драматург Н.Оразалин қатысқан. Әңгімені бірден Әлжаппар бастап, қалған екеуі әрі қарай жалғастырады. Соңғы жылдардағы қазақ драматур- гиясының жетістіктері мен кемшіліктері аға буынның, театр маманының, жас буынның көзқарастары тұрғысынан кеңінен сөз болады. Сұхбатты жүргізген А.Егеубаев әңгіме барысында сөзге араласпай, басында алға нақтылы мәселелер қойып, соңында қорытынды түйін берумен шектелген. Ал, "Жұлдыздың" "дөңгелек столында" өткен сұхбатты сыншы А.Егеубаевтың өзі жүргізіп, тікелей сұрақтар қойып әңгіме бетін өткір мәселелерге бұрып отырған. "Заман. Шындық. Шығарма" атты тақырыппен ("Қазақ тарихи-революциялық романдары: ақиқат және көркемдік шындық" деген қосымша анықтама берілген) өткен басқосуға әдебиетшілер Р.Бердібаев, Т.Кәкішев, З.Серікқалиев, Б.Майтанов, Т.Сыдықов, Б.Дәрімбетов қатысып, қазақ тарихи романдары жайлы келелі ойларын ортаға салған. Сұхбатқа осы тақырыпқа қатысы бар жеті адам қатысып, жанрдың дамуындағы жаңалықтар мен жетіспеушіліктер жайлы ой қозғайды.

Ал "Халықтың ыстық ықыласы суымаса..." ("Егемен Қазақстан", II.3.1993) ақын Ә.Тәжібаев пен белгілі әдебиетші М.Базарбаевтың екеуара әңгімесіне құрылған. Сұхбаттың композициялық құрылымы да қызық; басында сексен бес жастағы әдебиетіміздің ақсақалымен әңгімелеспестен бұрын шағын кіріспенің берілуі, іштей "Өлең мен өмір", "Ақынға артар жүк ауыр", "Кітап бастырудың кілтипаны көп", "Қайтсек ел боламыз?" деген тарауларға бөлінуі жанрдың формалық түрін көріктендіріп тұр. Тақырыптарынан көрініп тұрғандай-ақ, қамтылған мәселелердің ауқымы тым үлкен. Сұхбаттың ерекшелігі, жетістігі деп, ұлттық поэзиямызға, әдебиетімізге, жалпы халықтық, рухани дамуымызға байланысты жағдайлардың кеңінен қамтылуымен қатар әңгімелесушінің, әрі сұхбаттың негізгі объектілерінің бірі халық жазушысы, үлкен ақын Әбділда Тәжібаевтың шығармашылық портретінің де көрініс табуын атап айтар едік. Әңгімені жүргізушінің рөлін атқарған М.Базарбаев сұрақтар қоюмен ғана шектелмейді; әріптесінің шығармашылығы, жалпы әдебиет, қоғам жайлы өз ойларын да еркін білдіріп отырған. Ә.Тәжібаевтың ақындық, азаматтық болмысы оның нақтылы сауалдарға берген жауабынан, сөз өнері, өмір жайлы пікірлерінен де көрініп, автопортреті қатар жасалынған. Көлемі бір беттік сұхбатты көтерген мәселелерінің мазмұндылығымен, айтар ойының бүкпесіз шынайылығымен, композициялық құрылымының өзгешелік танытуымен, шымырлығымен ерекшеленетін шабытпен шебер жазылған туынды деп білеміз.

"Социалистік Қазақстан" газетінде (5.VI.1976) жарияланған "Өнер алды – қызыл тіл" деген тақырыппен берілген "дөңгелек стол" басындағы әңгіме өзіндік кейіп танытады. Редакция ұйымдастырған әдеби тіл туралы пікірлесуге осы мәселеге тікелей қатысы бар қаламгерлермен бірге әдебиеттің академигінен бастап, оқырманына дейін он шақты адам қатысқан. Негізінде бір тақырыпта әңгімелесу түрінде өткен сұхбатта есептік элементтер де кеңінен қолданылған. Бір қарағанда, көркем шығарма тілі туралы өткен жиыннан жазылған әдеби есеп іспеттес. Автор кімдердің не сөйлегенін түгелдей тізе бермейді; кейбіреулерін қысқартып, мазмұнынан хабардар етіп, маңызды деп тапқандарын ғана толығырақ беріп отырған. Сұхбаттың басында осы пікірлесудің не себептен ұйымдастырылып отырғандығы, мақсаты айқындалса, соңында редакцияның пікірі ретінде қорытынды беріл-ген. Бұл мысалдан жанрлардың бір-біріне ұласып, ауысып жататын процесі айқын көрінеді.

"Жалын" (1975, N1) альманағы М.Қаратаевқа, Т.Ахтановқа, С.Қирабаевқа, Б.Соқпақбаевқа, Қ.Мырзалиевқа төмендегідей тоғыз анкеталық сұраққа жауап беруін өтінген.

"1. 1974 жылы жарық көрген әдеби кітаптардың, газет-журналдарда жарияланған әдеби шығармалардың қайсысы сәтті шыққан деп санайсыз?

2. Жас жазушылардың шығармаларын қадағалап оқисыз ба? Олардың қандай шығармасы ұнады, ұнамады?

3. Замандас бейнесін жасаудағы қиындық неде? Бүгінгі күннің өзекті

проблемаларын бейнелеудегі кемшілігіміз қайсы?

4. Сынның басты міндеті не? Сынның сіздің творчествоңызға көмек берген кезі бар ма?" – деген сияқты сауалдарға қысқа берілген жауаптардың сыншылық сипаты анық.

"Қазақ әдебиеті" газеті 1983 жылғы жаңа жылдық санында "Жаңа жылдық анкета" айдарымен бір топ әдебиетшіге:

"1. 1982 жыл сіздің творчествоңызда қандай сыр-сипаттарымен есте қалды?

2. Алдағы, соның ішінде 1983 жылғы жоспарларыңыз қандай?" – деген сауалдар ұсынылыпты. Бұған Ә.Тәжібаев пен Т.Кәкішевтің берген жауаптары жеке сыни мақала дерлік. Ал, М.Шаханов пен Б.Мұқаев қысқа қайырған. Осы айдармен берілген республикалық баспалар директорларының жауаптары да мақалалық сипат таныtады. Анкета да – интервьюдің бір түрі. Мұнда қойылатын сұрақтар бірден ұсынылып, оған бірнеше адамның қатар жауап беруі өзіндік ерекшелігінен саналады.

Әдеби есептер әдетте әдеби өмірдегі маңызды жиындардан жазылады. Қазақ баспасөзі беттерінде түрлі әдеби талқылаулардан, жыл қорытындыларынан, жазушылардың құрылтайынан есептер жарияланып келеді. Есеп екі түрлі келеді. Бірі өте қысқа түрде не мәселе қаралғанын, кімдердің сөйлегенін ғана қамтып, оқырмандарға оқиғаның болғанын хабардар ету мақсатын көздейді, ресмилік таныtады. Ал, кеңейтілген түрі көлемділеу жазылып, көтерілген негізгі проблемаларды кеңірек қамтып, таныстыруды, ой қозғауды алға қояды. Мұнда автордың жиынның қалай өткені, айтылған мәселелерге деген көзқарасы көрінеді. Ол бұл үшін талдау, жинақтау сияқты зерттеу әдістерін қолданып, сыншылық пікірлер білдіреді. Мысалы, 1974 әдеби жылдың қорытынды жиынынан берілген есеп оны кімнің ашып, қандай мәселе бойынша кімдер не жайлы сөйлегенін мазмұндаудан тұрады. Автор баяндамашылардың, сөйлеушілердің сөзінің кейбіреулерін ұзағырақ, ал енді біреулерінікін қысқартып беріп отырған. Бұл шешендердің сөзіне деген сыни көзқарастың тікелей салдарынан. "Әдеби жыл қорытындысына арналған жиында бұдан басқа да өзекті мәселелер көтеріліп, өрісті ойлар айтылды. Жасалған баяндамалар мен жарыссөзге шыққан шешендердің сөздерінде бұл күндері қазақ әдебиетінің әр жанрында қол жеткен даусыз табыстармен қатар осы уақытқа шейін орын алып келген кемшілік-олқылықтар да сын, өзара сын тұрғысынан принципті әңгіме болды"[590] – деген жолдардан жиыннан жазылған есепте онда айтылған барлық мәселелердің бірдей қамтылмағандығы да ескертілген. Яғни, әдеби есептің "Замандас бейнесі – басты тақырып" деп аталғанындай, автор негізгі назарды осы төңірекке аударған да басқа мәселелердің бәрін бірдей қамти беруді қажет деп таппаған.

Әдеби есепті жазу да әдебиетшіден шығармашылық шеберлікті қажет етеді. Газет беттерінен оның не бір түрлерін кездестіруге болады. 1974 жылғы

әдебиет қорытындыларына арналған жиналыстан жазылған әдеби есепте ондағы баяндамашылардың сөздерінен қысқа ғана үзінді, түсіндірме берумен, шығып сөйлеушілердің тізімін келтірумен, соңында ресми лауазым иелерінен кімдердің қатысқанын хабарлаумен шектелген.[591] Ал, келесі жылдың қорытындысынан жазылған әдеби есеп көлемділеу берілген. Мұнда да негізгі баяндамашылардың сөзін сол күйінде беруден гөрі маңызды деген тұстарын ғана келтіріп, көп жерлерінде "Тұманбай Молдағалиев поэзия жайында баяндамасын өткен жылы жүртшылық көңілінен шыққан жыр жемістерін саралауға арнады" деген сияқты жалпылама сөйлемдермен, Ж.Әбдірашев баяндамасында М.Әлімбаевтың "Ақ серек те, көк серек", Ө.Тұрманжановтың "Құралай", Ә.Дүйсенбиевтің "Гүлзар", Т.Молдағалиевтің "Бөбегімін Илынтің", Қ.Жұмағалиевтің "Ататау", С.Қалиевтің "Кішкене астрономдар" атты кітаптары тәуір аталды"[592] дегендей нақтылы тізім-бағалауларменғана шектеліп отырған. Әдеби есептің іштей "Сан мен сапа жағын ойласақ", "Ой мен сезім ұштасса...", "Балаларға базарлық", "Сын сипатын саралasақ", "Өнер арқауы – өмір", "Достық туы астында" деген тақырыпшаларға бөлініп берілуі де ізденістің барысынан туындаған; көлемді материалды көріктендіріп тұр. Есепте баяндамашылардың барлығының сөздерін түгел баяндай бермейді. Автор қазақ оқырмандарына неміс әдебиетінен Г.Бельгердің, корей әдебиетінен Хан Диннің, ұйғыр әдебиетінен Хизмет Абдуллиннің жасаған баяндамаларын тәптіштеп жатуды артық санаған. Шығып сөйлегендердің аты-жөнін келтіріп, олар "кейбір көкейде жүрген ойларын ортаға салып, нақты ұсыныстар айтты" деген тіркеспенғана шектелген. Сөйтіп, әдеби есептің басты мақсаты жиында баяндамашылардың көтерген көркемдік мәселелеріне оқырмандар назарын аудару болып шыққан.

Ал, дәл осы жиыннан жазылған сыншы Б.Сарбалаевтың есебі формалық жағынан алдыңғыға мүлде ұқсамайды. Сыншы әдеби жыл қорытындысында кімдер не сөйлеп, қандай мәселелер көтергенін мазмұндап жатудан аулақ. Оның бәрі "Қазақ әдебиетінің" оқырмандарын қызықтыруы мүмкін. Ал, "Лениншіл жас" газетінің әр түрлі мамандық иелері жас оқырмандарын бұлайша жазу жалықтырып та жіберуі, қызықтырмауы да мүмкін. Сондықтан да сыншы өз аудиториясын ескере отырып, оларға қажетті мағлұматтарды ұтымды түрде жеткізуді мақсат еткен. Жалпы Бақыт нені жазса да өзгеше өрнектеп жазуға ұмтылатындығы осы есебінен де көрінеді. Қысқаша кіріспеден кейін баяндамашыларды, олардың тақырыптарын көрсеткен. Тіпті, шығып сөйлеушілерді де түгел атап, сөздеріне тақырып қойған.

"Шөмішбай Сариев: "Жастар қазақ поэзиясы антологиясына неге енбеді?"

Рымғали Нұрғалиев: "Бүгінгі жиыннан туған кейбір ойлар".

Шона Смаханұлы: "Сықақ –өгей бала емес".

Амантай Сатаев: "Деректі прозаны да ескерейік".

Тоқаш Бердияров: "Мықты өлең жазайық".

Есләм Зікібаев: "Жалын" ашқан жас ақындар".

Мұзафар Әлімбаев: "Басты мұрат – тенденцияны табу болсын"[593] – деген сияқты бір сөйлемді тіркестермен жарыссөзге шыққан шешендердің не жайлы, қандай мәселе көтергенін аңғартып өткен. Әдеби есептің композициялық құрылымы да өзгешелік танытады: жеке тақырыптар қойылған үш бөлімнен тұрады. Алғашқы "Жүректердегі жиналыс" жыл қорытындысы жайлы негізгі мәліметтерді береді. Ал "Жыл жемісі"интервьюге негізделген. Автор баяндама жасаған Т.Молдағалиевқа, Ә.Таразиге, Ж.Әбдірашевқа өзін толғандырған сұрақтарын қойып, алған жауаптарын берген. Әрқайсысының жауабынан кейін "оқырман" ойы ретінде сыни пікір білдіріп отырған. Мысалы, Т.Молдағалиевтің баяндамасы туралы оның жақсы жақтарымен бірге жетіспеушіліктері жайлы оқырман атынан мынадай ой айтқан: "Тек ақындарымыздың бәрі бірдей өмірге осындай көзбен қарап жүр деу асыра айтудан. Қала берді қиянатқа қоңсы. Себебі, оқығанда отқа қарап, ерітіп жүре беретін кітаптар түгілі кейде өлеңдерді сирек ұшырастырамыз. Содан соң баяндамашы тізіміндегі біраз ақындар біздің әлі жыға танымаған, яки өздерін әлі жыға танытпаған қаламгерлер. Біздіңше, Т. Молдағалиевтің баяндамасында сыр көп те, сын аз. Ол өлеңге де ақындық көзбен қарағандай". Сол сияқты "Бізге Әкім Таразидің баяндамасы ұнады". дей келіп, "дегенмен Әкімнің баяндамасында талап-талғам көп те, талдау аз. Оның кейбір кітаптар туралы пікір түйіндеуі сол кітаптарға жазылған аннотациялардан аспады. Былайша айтқанда, ол бұлақтың көзін ашады да, енді бас қойып іше бергенінде жаба қояды" деген ойларын да жасырмайды. Осында тілші сұрағының, оған баяндамашы жауабының, оқырман ойының қатар берілуі мәселеге әр қырынан түрлі көзбен қаратып, мәнін аша түседі. Соңында берілген "Талқылау түйіндері" әдеби жылдың қорытындысы туралы автордың ескертпелеріне, ұсыныс-тілектеріне құрылған. Сыншы "коллективтік Белинский өз міндетін ойдағыдай орындады" дей отырып,өзінің көңілі толмаған тұстарын да түйіндеп, ортаға ұсынады. Жалпы. Б. Сарбалаевтың "Он екі ай өрнектері" атты 1977 жылдың әдеби қорытындыларына арналған жиыннан жазған есебі жанр мүмкіндіктерінің молдығын, сыншы шеберлігінің шығармашылық қырларын танытқан сәтті туынды деп білеміз.

* * *

Сонымен, біз қазақ әдеби сынында азды-көпті қолданылып жүрген негізгі сын жанрларына тоқталып өттік. Бәрін бүге-шігесіне дейін айтып өттік дей алмаймыз. Көзіміздің жеткені — сын жанрларының даму үстіндегі тарихи категория екендігі; әдебиеттің, оның ғылымының, баспасөздің дамуымен бірге сын жанрларының да жетіліп-жеттігіп отыратындығы. Сын жанрлары алғашқы қазақ баспасөзі беттеріндегі хабарламалық, дәйектемелік сипаттағы қысқа заметкалардан бастап, ұзақ даму, қалыптасу жолдарынан

өтіп, бүгінгі жанрлық белгілері әбден айқындалған кемелдік кезеңге жетті. Солай десек те жанрларға жіктеудің шарттылық сипаты да бар. Табиғатта таза алтынның өте сирек болатындығы сияқты күнделікті әдеби сын тәжірибесінде "таза жанрдың" кездесуі де екіталай. Әдетте, жанрлық белгілер бір-бірімен азды-көпті араласып, қатар жүре береді. Бұл – табиғи құбылыс. Жанрлардың арасында қытай қорғаны жоқ. Сондықтан да кейбіреулерін қай жанрға жатқызудың өзі қиынға соғып жатады. Тәжірибеде қандай жанрлық белгілерінің басымдығына қарай ғана оның жанры анықталып жүр. Демек, сын жанрларының да әлі анықталмай, нақтылай түсуді қажет ететін, зерттеу өзегіне айналар тұстары баршылық.

ҚОРЫТЫНДЫ

"Әдебиет — ардың ісі". Демек, көркем әдебиетке жүктелер жүк айрықша. Әдебиет — әрбір ұлттың ұлттық болмысын, ар-намысын байқатар айнасы. Ұлттық әдебиетті ұлттық төлқұжатқа теңейтініміз де сондықтан. Әдебиеттің осындай биікте көрінуіне бірден-бір жағдай жасап, жол нұсқайтын, арын арлап, жоғын жоқтап, қоғамдық сананың сын сарабынан өткізіп, әдебиетті алақанына салып, аялай да, ызғарын төгіп сынай да алады. Мұндай хұқықты ол бүкіл халық. қоғам алдында иеленді. Нақтылай айтсақ, ұлттық әдебиет, оның ғылымы, оқырман қауым әдеби сынға дәуір талабы тұрғысынан белгілі дәрежеде өз аттарынан сөйлеуге өкілеттіктерін берген. Сондықтан да әдеби сынға қоғамдық өмірдің рухани әлемінде аса маңызды міндеттер жүктелген. Әдеби сын алдына қойылған үлкен мақсаттарды мәдени өмірдің кең айдынына еркін шыққанда ғана жемісті орындай алады.

"Әдебиет — өмір айнасы, сын — әдебиеттің айнасы". Көркем әдебиет өзінің қандай күйде екенін сыны арқылы ғана көре алады. "Сын — әдебиеттің өзін өзі тану құралы" (Белинский). Сынның дәрежесі белгілі бір шамада көркем әдебиеттің де жай-күйін аңғартады. Әдеби сын көркем әдебиетпен бірге пайда болып, онымен бірге дамиды. Әдебиеттің ілгерілеуіне алғышарттар, жағдайлар жасап, жақсысын асырып, жаманына шырылдап, ылғи да басы-қасында бәйек болып жүретін де осы сын.

Сынның тағдыры қиын да күрделі. Сынның әдебиеттің ғылымына, баспасөздің дамуына, қоғамның рухани, әлеуметтік тұрғыдан өркендеу деңгейіне тікелей байланыстылығы оның өзіндік ерекшеліктерін құрайды. Сынның табиғатының күрделілігі оның әдеби, ғылыми, публицистикалық, жалпы әлеуметтік-мәдени сипаттарынан айқын көрінеді. Әдеби сынды көркемөнерге, әдебиеттану ғылымына, журналистикаға жатқызып жүрген түрлі пікірлердің болуы да оның осындай сан қырлы қасиеттерінен. Әдеби сын дегеніміз, қазіргі көркем әдебиет туралы дәуір талабы тұрғысынан пікір білдіріп, оның жетістіктерін үгіттеп, насихаттап, кемшіліктеріне қарсы күресетін, әдебиетті зерттеушілік, бағалаушылық, ұйымдастырушылық, оқырмандарға танымдық-тәрбиелік қызметтер атқаратын әдеби-ғылыми-публицистикалық шығармашылықтың ерекше бір түрі.

Әдеби сын көркем әдебиетті ғылым жетістіктеріне сүйеніп зерттейді; сол сияқты баспасөз бетінде ғана өмір сүреді. Әдеби сынның осы үш жақтылық қасиеті оның негізгі сипатын айқындайды. Сын әдебиеттану ғылымының зерттеу әдістерін, терминдерін, жетістіктерін қолданады.

Көркем әдебиет жайлы сыни пікірлер оқырмандарға баспасөз арқылы жетеді. Сондықтан да баспасөздің негізгі жанрлары сынның да жанрлары саналады. Солай десек те әдеби сын көркем әдебиет немесе оның ғылымы, публицистика болып кетпейді. Олардан қажеттілерін ғана пайдаланып, бойына сіңіріп, барлық уақытта да өзінің көркемдік, ғылыми, публицистикалық табиғатын сақтап қалып отырады. Кейде бір сипатының басым келіп, көркем әдебиетке, ғылымға, журналистикаға тартып тұратындығы — оның көркемдік процесте, қоғамдық-әлеуметтік өмірде, оқырмандар санасында болып жатқан өзгерістерге тез бейімделе білетін икемділігінің салдары.

Сын мен өзара сынды жалпы қоғамдық өмірдің өркендеу кепілі, мәдениеттіліктің, өркениеттіліктің белгісі дейтін болсақ, әдеби сын да соның бір көрінісі ретінде әдеби-мәдени-рухани дамуымыздың шарты екендігін ұмытпауымыз керек.

"Әдебиет сынмен көркейеді. Бәйгеге қосатын атты жаратып, құйрық-жалын сүзіп жіберсе, көрікті болып жүтынып шығады. Әдебиетке де сондай күтім, сондай сын керек. Әсіресе, әдебиетті сынау біз сықылды жұртқа керек..."– деп жазған екен сегіз қырлы сөз зергері Ж. Аймауытов. "Қазақ әдебиетіне толық сын керек. Сынағаннан әдебиет ақсамайды, қайта сынның жоқтығынан әдебиетті тот басады. Жазушының қайрағы — сыншы" — деген екен жалынды қоғам қайраткері Смағұл Сәдуақасов. Әдеби сынның тасы өрге домаламай тұрған қазіргі кезде ұлтжанды азаматтардың осы бір сөздері ойға орала береді. Демек, ұлттың рухани жағынан кемелдікке ұмтылуы үшін алдымен, көркем әдебиеті өркендеуі керек. Ал, әдебиетке жол ашатын — әдеби сын. Көркем әдебиетке әдеби сын керек. Ал, әдеби сынды дамыту оның сан түрлі сипаттарын жан-жақты зерттеп, білгенде, яғни ғылыми негіздерге сүйенгенде ғана жемісті болмақ.

СІЛТЕМЕЛЕР

[1] *Э.Қабдолов.* Екі томдық шығармалары. II том, Алматы, 1983, 3-бет.
[2] *Т.Кәкішев.* Сын сапары. Алматы, 1971; Оңаша отау. Алматы, 1982.
[3] *К.Сыздықов.* М. Әуезов – әдебиет сыншысы. А., 1973.
[4] *К.Сейдеханов.* Әдебиет жаңашыры. А., 1972.
[5] *Т.Кәкішев.* Оңаша отау. А., 1982, 210-бет.
[6] Б.Бурсов. Критика как литература. "Звезда", 1973, N6, 207-бет.
[7] *К.Маркс, Ф.Энгельс.* Шығармалары. М., I том, 65-бет.
[8] "Искусство", 1925, N2, 69-бет.
[9] *Т. Кәкішев.* Сын сапары. А., 1971, 5-бет.
[10] "Литературное обозрение", 1979, N1, 22-бет.
[11] *Гацфельдт.* Основа литературной критики. Одесса, 1895, 4-бет.
[12] Қараңыз: "Проблемы истории и методологии литературоведения и литературной критики". Душанбе. 1982.
[13] "Литературная Россия", 1964, N1, 19-бет.
[14] *Генрих Маркович.*Основные проблемы науки о литературе (полякшадан аударма)М.,60-бет.
[15] *В.А. Жуковский.* Толық шығармалар жинағы (орыс тілінде), III-том, 95-бет.
[16] "Литературная Россия", 1964, 10 январь.
[17] *В. Кожинов.* Критика как компонент литературы. "Методологические проблемы современной литературной критики", М., 1976, 58-беттi қараңыз.
[18] *Л. Якименко.* Жизнь – литература – литературная критика. "Методологические проблемы современной литературной критики" (М. "Ғылым", 1976) деген кітапта.
[19] *Ал. Михайлов.* О теоретической вооруженности критика. Сонда. 97-124-беттер.
[20] *Л. А. Кишинская.* Борьба за теоретические основы советской литературной критики (1917-1932). Свердловск. 1967.
[21] *В. Иванов.* Движущаяся эстетика. М. "Советская Россия", 1969, I-бет.
[22] *Ю. Суровцев.* Критика: задачи и заботы. "Вопросы литературы".1971, N10, 5-бет; Цели и заботы нашей профессии. "Литература и современность" (М., 1972) кітабында, 75-бет.
[23] *Л.Новиченко.* Критика есть литература. "Вопросы литературы",1979. N12, 345-бет.
[24] *В.Сахаров.* Критика и литература. "Молодая гвардия", 1979, N8, 271-бет.
[25] *А.В.Луначарский.* Шығармалар жинағы. 8 том, 1967, 266-бет.
[26] Литературное наследство. т. 82, 1970, 574-бет.
[27] *А.В.Луначарский.* Шығармалар жинағы, т. 8 том, 1967, 122-бет.
[28] *О. Уайльд.* Толық шығармалар жинағы. III т., 1912, 230-бет.
[29] Сонда, 321-бет.
[30] *А. Толстой.* Алты томдық таңдамалысы. М., 1953, 531-бет.
[31] Краткая литературная энциклопедия. Т. 4, М., 1967, 254-бет.
[32] "Қазақ әдебиеті", 1984, қарашаның 23-і.
[33] *О.Сәрсенбаев.* Әдеби сын және оның керкемдік қасиеті. "Қазақ әдебиеті", 1983, мамыр.20-сы.
[34] *Т.Кәкішев.* Сын сапары. А. 1971, 11-бет.
[35] *С.Қирабаев.* Революция және әдебиет. Екі томдық, I том, А.,1977, 355-бет.
[36] *А.С.Пушкин.* Тоғыз томдық шығармалар жинағы. 7 том, М., 1964, 159-бет.
[37] *А.В.Луначарский.* Шығармалар жинағы, 8 том, 18-бет.
[38] *В. Иванов.* Движущаяся эстетика. М., 1969, 16-бет.
[39] *В.Воробьев.* "Нужно ли критику перевоплощаться", "Дон", 1974, N7, 165-бет.
[40] *В.Воробьев.* О природе литературной критики. "Русская литература", 1978, N4,94-97 бет.
[41] *А.С.Бушмин.* Методологические вопросы литературоведческих исследований.Л., 1969,87-88-бет.
[42] *А.С.Мясников.* Проблемы теории и методологии литературной критики. "Контекст-73" кітабында, "Ғылым", 1974, 110-бет; Н.И.Соколов. О литературной критике и филологическом образовании. "Русская литература", 1977, N1, 68-бет; *Г.А.Червяченко.* Основы литературной критики. Дондағы Ростов, 1975, 8-бет.
[43] *А.С.Бушмин.* Методологические вопросы литературоведческих исслёдований.Л.1969,87-88 бет
[44] *А.С.Бушмин.* Критику – в первые ряды. "Русская литература", 1972, N13, 14-бет.
[45] *Ф.Кузнецов.* Вечно живые заветы. "Вопросы литературы", 1979, N12, 110-бет; С веком наравне. М., 1981, 135-бет.

[46] *М.Козьмин.* Наши проблемы. "Вопросы литературы", 1979,N 12, 21-бет.
[47] *Т.Шукина.* О сущности критического суждения. "Современный литературный процесс и критика" /М., 1975/ деген кітапта, 263-бет.
[48] *А.Н.Иезуитов.* О соотношении исторического и теоретического аспектов в литературной критике. "Проблемы теории литературной критике"/МГУ,1980/деген кітапта, 91-бет.
[49] *В.Е.Хализев.* Интерпретация и литературная критика. "Проблемы теории
[50] Словарь литературоведческих терминов. Москва, 1974, 18-бет.
[51] *Г.Л.Абрамович.* Введение в литературоведение. Москва, 1975, 3-бет.
Ф.М.Головенченко. Введение в литературоведение. Москва, 1965, 5-бет.
[52] *Н.Н.Анастасьев.* Критика как наука. "Вопросы литературы", 1986, N6.
[53] *П.Николаев.* Литературная критика как наука. "Литературная газета",1986, 22 октябрь.
[54] *Қ.Жумалиев.* Әдебиет теориясы. Алматы, 1960, 7-бет.
[55] *З.Қабдолов.* Екі томдық таңдамалы шығармалары. Екінші том. Алматы, 1983, 45-бет.
[56] Сонда, 50-бет.
[57] *К.Сыздықов.* М.Әуезов – әдебиет сыншысы. А., "Ғылым", 1973. 7-9 бет.
[58] *Д.Н.Овсянико-Куликовский.* К вопросу о приемах и задачах художественной критики. "Новое слово", 1897, N12. 54-бет.
[59] "Вопросы литературы", 1971, N5, 38-бет.
[60] "Вопросы литературы", 1971, N5, 91-92 беттер; "Советское искусствознание", 76, М., 318-бет.
[61] *Ю.Суровцев.* Цели и заботы нашей профессии. "Литература и современность" (М., 1972) кітабында, 81-бет.
[62] *Ю.Кузнецов.* С веком наравне. М., 1981, 11-бет.
[63] "Вопросы литературы", 1976, N2, 99-бет.
[64] *В.Кожинов.* Критика как компонент литературы. "Современная литературная критика", М., 1977, 154-бет.
[65] *В.Дементьев.* Критик – это писатель. "Писатель и жизнь", МГУ, 1978, 38-бет.
[66] *А.Бочаров.* Еще и журналистика."Литературное обозрение", 1976, N1, 67- бет.
[67] *А.Бочаров.* На плацдарме журналистики. "Литературное обозрение", 1980,N5, 47-бет.
[68] *Б.Энгельгардт.* Формальный метод в истории литературы. Л., 1927, 115-бет.
[69] *Ю.Борев.* Роль литературной критики в художественном процессе. М., 1979;
А.А.Зеленов, Г.И.Куликов. Методологические проблемы эстетики. М., 1982;
А.Я.Зись. Эстетика: идеология и методология. М., 1984; т. б.
[70] *Л.Тимофеев, Н.Венгеров.* Кратий словарь литературоведческих терминов. М.1958.70-71-бет.
[71] *Ф.Абрамов.* Кое-что о писательском труде. "Вопросы литературы", 1974, N3, 180-бет.
[72] *С.Гайсарьян.* Заметки о литературной критике. "Вопросы литературы",1959,N8, 4-бет.
[73] *В.Г.Белинский.* Шығармалар жинағы. Т. IY, 271-бет.
[74] *В.Г.Белинский.* Үш томдық шығармалары. II-том, М., 1948, 364-бет.
[75] *В.В.Воробьев.* Нужно ли критику "перевоплощаться?". "Дон", 1974, N7.
[76] *В.Г.Белинский.* Шығармалар жинағы. IY том, 271-бет. 165-бет.
[77] *Б.Г.Лукьянов.* Ленинское эстетическое наследие и художественная критика. М., 1980, 14-бет.
[78] *М.Поляков.* Поэзия критической мысли. М., 1968, 9-бет.
[79] *Даниял Кәкітайұлы.* Қорғансыздар. "Сана", 1924. N2,3; "Абай", 1993, N6,75-бет.
[80] *Л.Н.Толстой.* О литературе. М., 1955, 131-бет.
[81] *Ю.Н.Тынянов.* Поэтика. Литература. Кино. М., 1977, 148, 149-беттер.
[82] *А.В.Луначарский.* Шығармалары. 8 том, М., 122-бет.
[83] "Художник", 96, N7, 29-бет.
[84] *В.Г.Белинский.* Шығармалары. VI том, 287-бет.
[85] *Л.Н.Новиченко.* Критика есть литература. "Вопросы литературы", 1979, N2.
[86] *А.Байтұрсынов.* Шығармалары. А., 1989, 221-бет.
[87] *В.Г.Белинский.* Шығармалары. IX том. 1955, 148-бет.
[88] *В.Г.Белинский.* Шығармалары. II том. 123-бет.
[89] *В.Е.Хализев.* Интерпретация и литературная критика. "Проблемы теории литературной критики". М., 1980, 91-бет.
[90] *В.Г.Белинский.* Шығармалары. II том, 9-бет.
[91] *А.Н.Иезуитов.* О соотношений исторического и теоретического аспектов в литературной критике. "Проблемы теории литературной критики" (М., 1980) деген кітапта, 38-бет.
[92] *А.Байтұрсынов.* Шығармалары. А., 1989, 221-бет.
[93] *Ю.Борев.* Роль литературной критики в художественном процессе. Москва, 1979, 21-бет.

[84] Сонда, 21-22 беттер.
[85] *В.Брюховецкий.* Критика як практичне мысления, "Прапор", 1979, N3, 122-бет.
[86] Русские писатели о литературном труде. Л., 1966, 4-том, 226-бет.
[87] *С.Маршак.* Шығармалары. IY том. М., 1960, 28-бет.
[88] *Ф.Гладков.* О литературе. М., 1955, 70-бет.
[89] *Ю.Суровцев.* О. научно-публицистической природе критики. "Звезда", 1975, N4, 190-200-беттер.
[90] *Л.А.Зеленов, Г.И.Куликов.* Методологические проблемы эстетики. М., 1982, 109-бет.
[91] *А.Я.Зись.* Лекция по марксистско-ленинской эстетике. М., 1961, 13-бет.
[92] *В.Белинский.* Шығармаларының толық жинағы. II том, 123-бет.
[93] *Ф.Кузнецов.* С веком наравне. М., 1981, 81-бет.
[94] *В.Г.Белинский.* Шығармаларының толық жинағы. X том, 305-306-беттер.
[95] *А.В.Луначарский.* Шығармалары. YIII том, М., 1967, 546-бет.
[96] *Г.В.Плеханов.* Литература и эстетика. I том, 337-бет.
[97] *В.Дементьев.* Критик – это писатель. "Писатель и жизнь" (МГУ, 1978) деген кітапта, 38-бет.
[98] *А.Бочаров.* На плацдарме журналистики. "Литературное обозрение", 1980, N51, 4-бет
[99] *Г.В.Плеханов.* Шығармалар жинағы. X том, 192-193-беттер.
[100] *В.И.Баранов, А.Г.Бочаров, Ю.И.Суровцев.* Литературно-художественная критика. М., 1982, 196-бет.
[101] *Г.В Плеханов.* Литература и эстетика. 1 том, 578-бет.
[102] Сонда, 128, 430-беттер.
[103] Сонда, 123-бет.
[104] *В.И.Ленин.* Шығармалары, I том, 419-бет.
[105] Сонда, 380-381-бет.
[106] *В.И.Ленин.* Шығармалары. XII том, 103-бет.
[107] Сонда, 133-бет.
[108] *В.И.Ленин.* Шығармалары. Y-том, 411-бет.
[109] *М.Горький.* О литературе М., 1953, 365-бет.
[110] *Ғ.Мұстафин.* Сй әуендері. А., 1978, 207-бет.
[111] *А.В.Луначарский.* Сегіз томдық шығармалар жинағы. т. YIII , М.,1967, 120-бет.
[112] *А.Байтұрсынов.* Шығармалары. А., 1989, 221-бет.
[113] *А.Байтұрсынов.* Шығармалары. А., 1989, 221-бет.
[114] *Ю.Барабаш, Ю.Суровцев.* Критика в современном мире. "Иностранная литература", 1976, N9, 209-бет.
[115] *В.Крутос.* Что есть критика? "Литературное обозрение", 1971, N1, 20-бет.
[116] *В.Хализев.* Интерпретация и литературная критика. "Проблемы теории литературной критики". М., 1980, 78-бет.
[117] *М.Г.Зельдович.* Уроки критической классики. Харьков, 1976, 3-бет.
[118] *В.Коваленко.* Что есть критика? Неман", 1977, N1, 168-бет.
[119] *А.М.Корокотина.* Проблемы методологии советской литературной критики в 20-е годы Томск – 1986, 12-13-беттер.
[120] Қараңыз: Русская литературная критика. Саратов, 1991, 36-бет.
[121] *Л.Якименко.* Критерии оценок. Методологические проблемы современной литературной критики. "Новый мир", 1974, N7, 249 бет.
[122] *С.Асадуллаев.* Социалистической реализм как творческий метод советской литературной критики. "Проблемы теории литературной критики" (М. 1980) деген кітапта, 218-бет. Социалистической реализм-творческий метод советской литературной критики (тезистер). Марксисткая-ленинская критика и литературный процесс" (Фрунзе, 1982) деген кітапта, II-бет.
[123] "Радуга", 1973, N9, 168-бет.
[124] *В.Крутос.* Что есть критика?" Литературное обозрение", 1979, N1, 25-бет.
[125] *К.М.Долгов.* Эстетика и художественная критика. М., "Знание", 1972, 26-бет.
[126] *А.С.Мясников.* Теория и методология литературной критики. "Вестник АН СССР", 1972, N6, 70-бет.
[127] Основы научных исследований. М., 1989, 54-бет
[128] *В.И.Ленин.* Толық шығармалар жинағы. 35-том, 373-бет.
[129] *Ю.Борев.* Искусство интерпретации и оценки. М., 1981, 35-бет; Роль литературной

критики в художественном процессе. М., "Знание", 1979, 39-б.
[130] Философский словарь. М., 1988. 214-бет.
[131] *Клямкин.* Метод критики – диалектика. "Литературное обозрение", 1980, N5.
[132] *Е.Мустангова.* Современная русская критика. Прибой, 1929, 8-бет.
[133] *А.Быков.* К вопросу о системе методологии и методов в диалектической логике". "Диалектика и логика научного мышления". М., 1966, 322-бетте.
[134] *А.С.Бушмин.* Методологические вопросы литературоведческих исследовании. Л., "Наука" 1969, 13-бет.
[135] *Копнин П., Спиркин А.* Методология. Философская энциклопедия. 3 том,1961, 421-бет.
[136] *Ю.Б.Борев.* Роль литературной критики в художественном процессе. М."Знание", 1979,37-бет.
[137] *Ю.Борев.* Эстетика. М., 1988, 457-бет.
[138] *Ю.Борев.* Методология анализа художественного произведения. "Методология анализа литературного произведения", М., 1988, 15-32-беттер.
[139] Философский словарь, М., 1968, 214-бет.
[140] Словарь литературоведческих терминов. М., 1974, 208-бет.
[141] *Е.Мустангова.* Современная русская критика. Прибой, 1929, 8-бет.
[142] *Ю.Борев.* Искусство интерпретации и оценки. М., 1981, 32-бет.
[143] *Г.Гегель.* Наука логики. III том, М., 1972, 291-бет.
[144] Актуальные вопросы методологии современного искусствознания. М., 1983, 14-бет
[145] Методологические проблемы современной литературной критики. М., 1976, 22-бет.
[146] *А.Бушмин.* Наука о литературе. М., 1980, 19-бет.
[147] *В.Воробьев.* О литературной критике и ее методе. "Радуга", 1973, N9.
[148] *Ю.Лотман.* Структура художественного текста. 53-бет.
[149] *Ю.Лотман.* Этот трудный текст."Литературное обозрение", 1979, N3, 47-бет.
[150] *А.Н.Веселовский.* Историческая поэтика. М., 1989.
[151] *В.Г.Белинский.* ПСС. Y-том, М., 1954, 316-бет.
[152] *В.И.Ленин.* Толық шығармалар жинағы. 29 том, 202-бет.
[153] *В.Воробьев.* О литературной критике и ее методе. "Радуга", 1973, N9, 124 бет.
[154] *М.Б.Храпченко.* Познание литературы и искусства. М., 1987, 543-563-беттер; *Ю.Борев.* Системно-целостный анализ художественного произведения. "Вопросы литературы", 1977, N7, 119-142-беттер; *С.Можнугян.* Размышление о критике. "Октябрь", 1971, N12, 190-204 б.; *А.Хайлов.* В рабочем цехе критика (На пути к целостному анализу). "Вопросы литературы", 1971, N6,4-24-беттер; *Д.Лихачев.* Внутренний мир художественного произведения."Вопросы литературы", 1968, N8, 74-87-беттер; Анализ литературного произведения. Л., 1976.
[155] *Н.А.Добролюбов.* Шығармалар жинағы. IY том, М., 1962, 55-бет.
[156] *Н.Чернышевский.* Толық шығармалар жинағы. II том, М., 245, 254-беттер.
[157] *Ж.Аймауытов.* Мағжанның ақындығы туралы. Кітапта: Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. Алматы, 1989, 400-бет.
[158] *А.М.Горький.* Отыз томдық шығармалары. 29 том, М., 1955, 196-бет.
[159] Русские писатели о литературном труде. Л., 1955, III том, 581-бет.
[160] "Вестник Европы", 1802, N23, 228-229-беттер.
[161] "Москва", 1979, N10, 190, 192-беттер.
[162] "Москва", 1979, N10, 192-бет.
[163] *В.Брюсов.* Екі томдық таңдамалы шығармалары. II том, М., 1955, 269-бет.
[164] *Л.Толстой.* Толық шығармалар жинағы. 43 том, 40-бет.
[165] "Москва", 1979, N10, 191-бет.
[166] Современные проблемы литературоведения и языкознания, М., 1974, 339-бет.
[167] "Вопросы литературы", 1976, N8, 158-бет.
[168] "Литературная газета", 1973, 16 мамыр.
[169] "Литературная газета", 1972, 19 қаңтар.
[170] *Ж.Аймауытов.* Мағжанның ақындығы туралы. Кітапта: Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. Алматы, 1989, 400-401-беттер.
[171] *Смағұл Садуақасов.* Әдебиет әңгімелері. "Еңбекші қазақ", 1927, 15-16 ақпан.
[172] *В.Н.Белинский.* Шығармаларының толық жинағы. II том, 149-бет.
[173] *Л.А.Зеленов., Г.И.Куликов.* Методологические проблемы эстетики.М., 1982, 98-бет.
[174] *А.Луначарский.* Статьи о литературе. 122-бет.
[175] *А.Фадеев.* За тридцать лет. М., 1957, 264-бет.
[176] *А.Н.Толстой.* Толық шығармалар жинағы. 13 том, М., 1949, 331-бет.

[87] *Н.Г.Чернышевский.* Таңдамалы философиялық шығармалары. I том,М.1950,351-бет.
[88] *А.М.Горький.* О литературе. М., 1953, 397-бет.
[89] *Г.В. Плеханов.* Литература и эстетика. I том, М., 1958, 430-бет.
[90] Н.А.Добролюбов. Таңдамалы. М., 1961, 14-бет.
[91] *А.Курилов.* Границы литературно-критического познания. "Современная литературная критика" (М., 1977) деген кітапта. 182-бет.
[92] *В.А.Жуковский.* Толық шығармалар жинағы. III том, Спб, 1906, 99-бет.
[93] *В.Г.Белинский.* Үш томдық шығармалары. II том, М., 1948.
[94] *А.Н.Толстой.* Толық шығармалар жинағы. XIII том, М., 1952, 331-бет.
[95] *Л.А.Зеленев, Г.И.Куликов.* Методологические проблемы эстетики.М., 1982, 89-бет.
[96] *К.Маркс, В. Энгельс.* Об искусстве. I том, 156-бет.
[97] *А.В.Луначарский.* Сегіз томдық шығармалар. YIII том, М., 1967, 349-бет.
[98] *Л.Н.Толстой.* Шығармаларының толық жинағы. 34 том, 278-бет.
[99] *В.Воровский.* Литературно-критические статьи. М., 1956, 90-бет.
[100] *А.Егоров.* Проблемы эстетики. М., 1977, 182-бет.
[101] *В.Герцен.* Отыз томдық шығармалары, 13-том, 356-бет.
[102] *В.Белинский.* Шығармаларының толық жинағы. II том, 125-бет.
[103] *Д.И.Писарев.* Шығармалары. М., I том, 300-бет.
[104] Философский словарь. М., 1968, 289-бет.
[105] *В.Полонский.* Сознание и творчество. Л., 1934, 137-бет.
[106] *В.Лукьянов.* В.И. Ленин и художественная критика. М., 1982, 130-бет.
[107] *К.Маркс, Ф.Энгельс.* Шығармалары. 37-том.37-бет.
[108] *А.Байтұрсынов.* Қазақтың бас ақыны. Қазақ, 1913, N 43.
[109] *В.Г.Лукьянов.* Методологические проблемы художественной критики.М., 1980, 107-бет.
[110] *В.Ленин.* Толық шығармалар жинағы. 17-том, 206-бет.
[111] *В.Г.Лукьянов.* Методологические проблемы художественной критики.М., 1980,86-бет.
[112] *А.М.Горький.* О литературе. М., 1953, 563-бет.
[113] *А.Байтұрсынов.* Шығармалары. А., 1989, 222-бет.
[114] *А.Байтұрсынов.* Ақ жол. А., 1991, 71-бет.
[115] *В.Г.Белинский.* Үш томдық шығармалар жинағы. II том, М., 1948, 345-бет.
[116] *В.И.Ленин.* Шығармалары. 29 том. 201-бет.
[117] *Л.Г.Якименко.* Методологические проблемы современной литературной критики. М., 1975.
[118] *Н.А.Добролюбов.* Тоғыз томдық шығармалары, VI том, 98-99-беттер.
[119] Методология современного литературоведения. М., 1978, 146-бет.
[120] *Н.А.Добролюбов.* О степени участия народности в развитии русской литературы. Шығармалары. II том, М., 1962; *Н.Шамота.* Художник и народ. М., 1960; *Н.Гей.* Народность и партийность литературы. М., 1964; Ю. Барабаш. О народности. М., 1970, т.б.
[121] *С.Торайғыров.* Сарыарқаның жаңбыры. А., 1987, 86-бет.
[122] *В.Г.Белинский.* Толық шығармалар жинағы. II том, М., 1955, 24-бет.
[123] *Н.А.Добролюбов.* Үш томдық шығармалары. I том, 1950, 161-бет.
[124] *В.И.Ленин.* О литературе. М., 1960, 660-бет
[125] *В.Г.Лукьянов.* Методологические проблемы художественной критики. М.,1980,135-136-бет.
[126] *Ю.Барабаш.* О народности. М., 1970, 25-бет.
[127] *Д.И.Писарев.* Шығармалары. IY том, М., 1956, 402-бет.
[128] Русские писатели о литературном труде. 1-том, М., 1954, 205-бет.
[129] *Ж.Аймауытов.* Мағжанның ақындығы туралы. Кітапта: Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. Алматы, 1989, 428-бет.
[130] Методология современного литературоведения. Проблемы историзма. М., 1978, 133-бет.
[131] *В.Г.Белинский.* Толық шығармалар жинағы. М.; X том. 294-бет.
[132] *В.Г.Лукьянов.* В.И. Ленин и художественная критика. М., 1982. 150-бет.
[133] «Алматы ақшамы», 1992 жыл, 21 ақпан.
[134] *Р.Бердібаев.* Сарқылмас қазына. А, 1983, 245-246-беттер.
[135] *О.Г.Ломидзе.* Национальная культура и народность литературы. "Единство" атты кітаптың (М., 1972) 22-беті.
[136] *Ю.Суровцев.* О научно-публицистической природе критики. "Звезда", 1975, N4, 192-бет.
[137] Біздің Мұхтар. А., 1976, 129-бет.
[138] *Хализаев.* К теории литературной критики. "Филологические науки", 1977, N 1, 11-бет.
[139] *В.И.Ленин.* Толық шығармалар жинағы. М.; 39-том, 67-бет.

[140] Сонда. 49-том, 329-бет.
[141] *В.Г.Белинский.* Үш томдық шығармалар жинағы. II том, М., 1948, 361 - бет.
[142] А.*Бушмин.* Методологические вопросы литературоведческих исследований. Л., 1969, 123-бет.
[143] А.*Бушмин.* Наука о литературе.М., 1980,127-бет.
[144] Методологические проблемы изучения советской литературы. М., 1972, 146-бет.
[145] *Д.С.Лихачев.* О филологии.М., 1989, 52-бет. Вопросы методологии литературоведения. М., 1966, 157-бет.
[146] Методологические и философские проблемы языкознания и литературоведения. Новосибирск, 1984, 224-бет.
[147] *В.Р.Щербина.* Революционное-демократическая критика и современность. М., 1980, 494-бет.
[148] *Ж.Аймауытов.* Мағжанның ақындығы туралы. Кітапта: Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. Алматы. 1989, 406-бет.
[149] *Ю.Борев.* Искусство интерпретация и оценки. М., 1981., 43-бет.
[150] *Ғ.Мүсірепов.* Бес томдық шығармалар жинағы. IV том, А., 1978, 136-бет.
[151] *Ғ.Мүсірепов.* Бес томдық шығармалар жинағы. IV том, А., 1978, 136-бет.
[152] *Г.Дьяконов.* О методологическом плюрализме в современной буржуазной литературной критике. "Методологические проблемы современной литературной критики" (М., 1976) деген кітаптың 328-беті.
[153] Сонда, 329-бет.
[154] *Б.Г.Лукьянов.* Проблемы художественной критики в буржуазной эстетике."Вестник" МГУ, серия философия, 1978, N3, 49-бет.
[155] Сонда.
[156] Методологические проблемы современной литературной критики. М., 1976, 37-бет.
[157] *Е.Мустангова.* Современная русская критика. Прибой, 1929, 8-бет.
[158] "Вопросы литературы", 1971, N7.
[159] *Ю.Лотман.* Этот трудный текст. "Литературное обозрение", 1979, N3, 47-бет.
[160] *И.Кондаков.* Литературно-художественная критика в контексте культуры. Автореферат 1983, МГУ, 11-бет.
[161] *А.Бушмин.* Наука о литературе. М., 1980, 19-бет.
[162] *Ю.А.Лужкин.* Ленинские принципы анализа художественных явлений и современность. М., 1975, 29-32-беттер.
[163] *В.Воробьев.* О литературной критике и ее методы. "Радуга", 1973, N9, 125-бет.
[164] *Ю.Барабаш.* Алгебра и гармония. "О методологии литературоведческого анализа" (М. 1977) деген кітаптың 218-беті.
[165] *Ю.Б.Борев.* Роль литературной критики в художественном процессе.М., 1979,40-бет.
[166] Методология анализа литературного произведения. М., 1988, 29-бет.
[167] *А.Байтұрсынов.* Шығармалары. А., 1989, 141-бет.
[168] Слово о книге, М., 1974, 150-бет.
[169] *М.Бахтин.* К эстетике слова. "Контекст". 1973 (М., 1974) деген кітаптың 278-беті.
[170] *М.Б.Храпченко.* Познание литературы и искусства. М., 1987, 503-бет.
[171] Русские писатели о языке. Ленинград. 1954, 331-бет.
[172] *Абай Құнанбаев.* Шығармалары, I том, А., 1977, 117-бет.
[173] Сонда, 189-бет.
[174] Русские писатели о языке. Л., 1954, 326-327-беттер.
[175] Сонда, 143-бет.
[176] *С.Қирабаев.* Асыл парыз. "Өнер алды қызыл тіл" (А., 1986), 7-бет.
[177] *Ғ.Мұстафин.* Ой әуендері. А ; 1978, 206-бет.
[178] Слово о книге. М., 1974, 161-бет.
[179] Сонда, 151, 163, 164-беттер.
[180] Слово о книге. М., 1974, 156-157-беттер.
[181] *Н.Гоголь.* Толық шығармалар жинағы. М., 1952, 8 том, 409-бет.
[182] *Ғ.Мүсірепов.* Заман және адебиет. А., 1982, 87-бет.
[183] Русские писатели о языке. Л., 1954, 342-бет.
[184] *Ғ.Мүсірепов.* Бес томдық шығармалар жинағы. IV том, А., 1975, 450-бет.
[185] *Абай Құнанбаев.* Шығармалары. II том, А., 1977, 183-бет.
[186] *Ғ.Мұстафин.* Ой әуендері. А., 1978, 206-бет.
[187] *М.Әуезов.* Жиырма томдық шығармалар жинағы. 19 том. А.; 1985, 250 бет.
[188] Өнер алды қызыл тіл. А.; 1986, 8-бет.

290 *А.Байтұрсынов.* Шығармалары. А., 1989, 222-бет.
291 *Ғ.Мүсірепов.* Заман және әдебиет. А., 1982, 74-75-беттер.
292 *Ғ.Мүсірепов.* Заман және әдебиет. А., 1982, 91-92-беттер.
293 *Ғ.Мүсірепов.* Бес томдық шығармалар жинағы. IV том, 1975, 451-бет.
294 *Ғ.Мүсірепов.* Заман және әдебиет. А., 1982, 88-бет.
295 *М.Сергалиев.* Сөз сарасы. А., 1989. 122-бет.
296 Сонда, 133-бет.
297 Сонда, 135-бет.
298 *В.В.Виноградов.* Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. М., 1963. 79-бет.
299 *Г.Н.Поспелов, Л.А.Николаев* и др. Введение в литературоведение. М., 1988, 439-бет.
300 Қазақ совет энциклопедиясы. X том. А., 1977; 421-бет.
301 Слово о книге. М., 1974, 151-бет.
302 *М.Храпченко.* Познание литературы и искусства. М., 1967, 535-бет.
303 *Ж.Аймауытов.* Мағжанның ақындығы туралы. Кітапта: Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. А.; 1989, 425-б.
304 *М.Әуезов.* Жиырма томдық шыармалар жинағы. 19-том; А., 1985. 269-бет.
305 Слово о книге. М.; 1974. 105-бет.
306 Слово о книге. М., 1974, 125-бет.
307 Сонда, 140-бет.
308 *Ж.Аймауытов.* Мағжанның ақындығы туралы. Кітапта: Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. Алматы. 1989. 402-403-беттер.
309 *К.Маркс, Ф.Энгельс.* Шығармалары. 37-том, 35-бет.
310 *М.Горький.* О литературе. М., 1961, 561-бет.
311 *Н.А.Добролюбов.* Шығармалар жинағы. IV-том. Москва-Ленинград. 1962, 55-бет.
312 «Социалды Қазақстан» 1932, N 20, 24 қаңтар.
313 «Әдебиет майданы». 1937, N 3, 5-беттер.
314 Бес ғасыр жырлайды. А., 1984, 25-26-беттер.
315 Слово о книге. М., 1974, 117-бет
316 *Сент-Бев.* Литературные портреты. М., 1970. 109-бет.
317 *В.Гюго.* Он бес томдық шығармалары. 14-том. М., 1956, 128-бет.
318 *Өтепұлы Құлмырза.* Абай шығармаларының әлеуметтік негіздері туралы. "Социалды Қазақстан", 1934, N 267, 20 қараша.
319 Методология анализа литературного произведения. М., "Наука", 1988, 19-бет.
320 Русские писатели о языке. Ленинград. 1954, 331-бет.
321 *Н.Пиксанов.* Творческие история. "Горе от ума"., М., 1978, 22-бет.
322 Слово о книге. М., 1974. 142-бет.
323 *Ғ.Мұстафин.* Ой әуендері. А.; 1978. 208-209-беттер.
324 *М.Әуезов.* Абай Құнанбаев /Мақалалар мен зерттеулер/. А., 1967, 360-бет.
325 "Қазақ әдебиеті", 23. X. 1959.
326 Сөзстан. 1-ші кітабы. А., 1980, 84-бет.
327 Сонда, 103-бет.
328 Сөзстан. 5-ші кітап, А., 1984, 127-бет.
329 Сонда, 138-бет.
330 Сөзстан, 6-шы кітап. А., 1985.
331 Сонда.
332 Сонда.
333 Методология анализа литературного произведения. М., 1988, 30-бет.
334 *Ю.Н.Лукин, В.К.Скатерщиков.* Основы марксистско-ленинской эстетики. М., 1977, 137-бет.
335 Г.Поспелов. Эстетические и художественное. М., 1965, 356-бет.
336 В.Г.Белинский. Толық шығармалар жинағы. 10 том, 305-бет.
337 В.Г.Белинский. Екі томдық таңдамалылары. М., 1948, I том, 437-бет.
338 *Зеленов, Г.И.Куликов.* Методологические проблемы эстетики. М., 1982, 39-50-беттер.
339 *А.В.Луначарский.* Сегіз томдық шығармалар жинағы. М., 1967, 8 том, 544-бет.
340 *Н.К.Гей.* Художественность литературы. Поэтика, Стиль. М., 1975, 228, 463-беттер.
341 *Б.Г.Лукьянов.* Методологические проблемы художественной критики. М., 245-254-беттер.
342 Сонда. 255-бет.
343 *К.Маркс и Ф.Энгельс* об искусстве. II-том, М., 1967, 444, 445, 450, 455-беттер.
344 *Г.В.Плеханов.* Таңдамалы философиялық шығармалары. Y том, М., 1958, 211-212-беттер.

345 *Л.Н.Толстой.* Толық шығармалар жинағы. М., 1940. 29 том, 213 бет.
346 *Б.Г.Лукьянов.* Методологические проблемы художественной критики. М. 1980. 317 бет.
347 *Ж.Аймауытов.* Мағжанның ақындығы туралы. Кітапта: Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. Алматы, 1989. 417, 425-беттер
348 *В.Г. Белинский.* Таңдамалы шығармалар. Бірінші кітап. А., 1948, 1-3-бет.
349 *Б.Томашевский.* Теория литературы. М., 1928, 160-бет.
350 *Ю.Тынянов.* Архаисты и новаторы. Л., 1929, 7-бет.
351 Қараңыз: П.Поспелов. Введение в литературоведение. Хрестоматия. М., 1979, 286-бет.
352 *М.Бахтин.* Проблемы поэтики Достоевского. М., 1972, 178-бет.
353 *Д.С.Лихачев.* Поэтика древнерусской литературы. М., 1979, 55-бет.
354 *Г.Л.Абрамович.* Введение в литературоведение М., 1975, 215-бет.
355 *Шепилова.* Введение в литературоведение. М., 1956, 187-бет.
356 *А.Байтұрсынов.* Шығармалары. А., 1989, 144-бет.
357 *З.Қабдолов.* Таңдамалы шығармалар. 2-том, А., 1983, 293-бет.
358 *Т.Қожекеев.* Сатиралық жанрлар. А., 1983, 6-бет.
359 *Р.Нұрғалиев.* Арнау. 1 том, А., 1991, 9-бет.
360 *Жанр сипаты.* А., 1971, 8-бет.
361 *С.Қирабаев.* Революция және әдебиет. 1 том, А., 355-бет.
362 *М.Қаратаев.* Таңдамалы шығармалар. 3 том, А., 1974, 35-бет.
363 *М.Қаратаев.* Полноправный жанр литературы. "Вопросы литературы", 1971, N 3.
364 *Қ.Жұмалиев.* Әдебиет теориясы. А., 1964, 228-бет.
365 *З.Қабдолов.* Таңдамалы шығармалар. 2-том, А., 198, 295-бет.
366 *Т.Қожакеев.* Сатиралық жанрлар. А., 1983, 7-бет.
367 Жанр сипаты. А., 1971, 5-бет.
368 Литературный энциклопедический словарь, М., 1987, 106-107-беттер.
369 *Л.П.Гроссман.* Жанры литературной критики. "Искусство", 1925, т.2, 61-81-беттер.
370 *Б.Егоров.* О мастерстве литературной критики, Л., 1980, 14-бет.
371 Проблемы теории литературной критики. Сб. МГУ, 1980, 246-бет.
372 Қараңыз: Современная литературная критика. М., 1977, 271 бет.
373 Қараңыз: Марксистко-ленинская критика и литературный процесс. Фрунзе, 1982.
374 Қараңыз: Сборник трудов молодых ученых. Выпуск III, ТомГУ, 1974.
375 Қараңыз: Проблемы истории критики и поэтики реализма. Выпуск IY, Куйбышев, 1979.
376 *Т.С.Амандосов.* Совет журналистикасының теориясы мен практикасы. А., 1979, 146-159-беттер; Жанры советской газеты, М., 1972, 3-21-беттер. *Н.Г.Богданов, Б.А.Вяземский* Журналист анықтамалығы, А., 1978, 206-209-беттер. т. 6.
377 Қараңыз: Проблемы теории литературной критики. МГУ, 1980, 246-бет.
378 *Б.Сарнов.* Плоды изнурения. "Вопросы литературы", 1984, N 11, 106-бет.
379 *Б.Егоров.* О мастерстве литературной критики. Л., 1980, 133-бет.
380 Современная литературно-художественная критика. "Наука", Л., 1975, 176-177-беттер.
381 Современная литературная критика. "Наука", М., 1977, 271-бет.
382 Қараңыз: Марксистко-ленинская критика и литературный процесс. Сб., Фрунзе, 1984 г.
383 *А.И.Куляпин.* Жанрово-стилевые своеобразие русской литературной критики 1790-1810 г. Автореферат. Томск, 1989, 15-бет.
384 *Т.Кәкішев.* Оналша отау. А., 1982, 212-бет.
385 *Т.Кәкішев.* Сын сапары. А., 1971, 75, 84-беттер.
386 Сонда, 81-124-беттер.
387 "Қазақ әдебиеті", 1993, N 5, 29 қаңтар.
388 "Қазақ әдебиеті", 1993, N 2, 8-қаңтар.
389 *М.Қаратаев.* Ақтайлақ би арамызда. "Қазақ әдебиеті", 1993, 26 ақпан.
390 *С.Амандосов.* Совет журналистикасының теориясы мен практикасы. А., 1978, 233-бет.
391 *Т.Кәкішев.* Сын сапары. А., 1971, 124-бет.
392 *Т.Кәкішев.* Сын сапары. А., 1971, 124-125-беттер.
393 *Қараңыз:* Қазақ совет энциклопедиясы. 9 том. А., 1976, 480-бет; Краткая литературная энциклопедия, 6-том, М., 1971, 267-бет.
394 Жанры советской газеты. М., 1972, 213-бет.
395 *В.Мильченко, А. Немзер* Качество прочтения. "Литературное обозрение", 1982, N 4, 17-бет.
396 *Короленко В. Г.* Он томдық шығармалар жинағы. X том, М., 1956, 484-бет.
397 "Қазақ", 1914, N 8 27.

398 Жанр и композиция литературного произведения. Сб.вип.III. Калининград, 1976, 22-бет.
399 "Қазақ", 1916, N 175.
400 *Ю.А.Крикунов.* Рецензия в газете. МГУ, 1976, 9-бет.
401 *Н.Г.Богданов. Б.А.Вяземский.* Журналист анықтамалығы. А., 1978, 224-бет.
402 *Т.С.Амандосов.* Совет журналистикасының теориясы мен практикасы. А., 1978, 232-бет.
403 Қыр баласы. «Қалқаман - Мамыр». «Қазақ», 1915, N 121.
404 *Т.С.Алексеева.* Рецензия в газете. Автореферат, М., 1983, 17-бет.
405 *Ә.Кекілбаев.* Асқар биік әлі алда. «Жалын», 1987, N 5.
406 *Е.А.Корнилов.* Становление публицистической критики и структурное формирование жанра рецензии. Кітапта:Филологические этюды. Серия журналистика.Выпуск I, Ростов, 1971. 65-бет.
407 *В.И.Баранов, А. Г. Бочаров, Ю. И. Суровцев.* Литературно-художественная критика. М., 1982, N 43, 143-154-беттер; С. Н. Лахно. Жанры русской литературной критики первой четверти XIX в. Автореферат. Харьков. 1990.
408 *Х.И.Умуров.* Проблемы мастерства в узбекской литературной критике. Автореферат. Ташкент, 1974, 10-бет.
409 *Т.С.Амандосов.* Совет журналистикасыны» теориясы мен практикасы. А., 1978. 232-235-беттер.
410 *А.Жаков.* Искусство писать рецензии. "Литературное обозрение" 1977, N 76-бет.
411 *С.Жұмабектің* "Жабайы жиденің жұпары" атты рецензиясы ақын Сатыбалды Қосалыұлының оның "Дәуір-дастан" атты өлең жинағы туралы ашық хат түрінде жазылған ("Алматы ақшамы", 26.V. 1993); Қ. Ергөбектің "Қасіреттен қасиет тауып" ("Қазақ әдебиеті", 14.01.1994) Б.Қанатбаевка хат түрінде жазылып, оның "Көшпелі бұлттар", "Ақ құм, алтын жағалау" кітаптарына жазған пікірлерін қатар берген: Д.Досжанның "Абай айнасы" кітабындағы кейбір мәселелер төңірегінде дау айтқан М.Мырзахметұлының "Ар ұялар іс қылмас ақылы зерек" ("Түркістан",24.V. 1995) атты жауап хаты жарияланды.
412 Жанры советской газеты. М., 1972, 170-бет.
413 ҚСЭ. 7 том, 1975, 402-бет.
414 Сборник трудов молодых ученых. Выпуск III. ТомГУ, 1974, 137-бет.
415 *Т.С.Амандосов.* Совет журналистикасының теориясы мен практикасы.А.1978 203-бет.
416 *Т.Қожекеев.* Жас тілшілер сериі. А., 1991, 102-103-беттер.
417 *Т.С.Амандосов.* Совет журналистикасыны теориясы мен практикасы. А.,1978.207-бет.
418 *Т.Қожекеев.* Жас тілшілер сериі. А., 1991, 103-бет.
419 *В.И.Баранов, А.Г.Бочаров, Ю.И.Суровцев.* Литературно-художественная критика, М., 1982, 160-167-беттер.
420 *Шоқан Уәлиханов.* Таңдамалы. А., 1985, 165, 167-беттер.
421 Автордың "Кіші жүзден Қара жігіт би" деп отырғаны Әйтеке би болуы керек. *(Д. Ы).*
422 «Қазақ», 1915, N 120.
423 «Қызыл Қазақстан», 1927, N 5, 6, 7.
424 *С.Мұқанов.* Социалды реализм туралы. «Социалды Казақстан», 1993, N 84,11 көкек.
425 *М.Ғабдуллин.* Уақыт сыры. А., 1981, 41, 73-беттер.
426 *С.Торайғыров.* Сарыарқаның жаңбыры. 2 кітап. А., 1987, 196-бет.
427 *С.Мұқанов.* Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер! «Еңбекші қазақ», 1923.N1.
428 *Ж.Аймауытов.* Мағжанның ақындығы туралы. Кітапта: Мағжан Жұмабаев. Шығармалары. Алматы, 1989, 400-428-беттер.
429 *М.Жұмабаев.* Шолпан. Сөзбасы. Ташкент. 1923; 4-бет.
430 "Жаңа әдебиет", 1928, N 5-6.
431 «Еңбекші қазақ", 15-16. II. 1927.
432 "Еңбекші қазақ", 26.1. 1930.
433 "Еңбекші қазақ", 17.II. 1930.
434 "Еңбекші қазақ", 17.II. 1930.
435 "Еңбекші қазақ", 17.II. 1930.
436 "Қазақ әдебиеті", 1935, 12, 19, 24 желтоқсан.
437 "Қазақ әдебиеті", 1936, 10, 15 қаңтар.
438 *С.Мұқанов.* Роман туралы. "Лениншіл жас", 10.XII. 1939.
439 *Ә.Нарымбетов.* Жырдың гүлін терген ақын. «Казақ әдебиеті», 10. 12. 1953.
440 *Поликарпов.* По поводу романа «Путь Абая». «Казахстанская правда», 21.IV. 1953.
441 *З.Ахметов.* Білімдіден шыққан сөз."Егемен Қазақстан", 22.I. 1994.

442 "Жас Алаш", 17.IX. 1992.
443 «Қазақ әдебиеті», 17.IX. 1992.
444 «Дала уалаяты», 1889, N 33.
445 «Дала уалаяты», 1894, N 18.
446 «Қазақ», 1915, N 105.
447 «Жұлдыз», 1991, N 9 114-бет.
448 «Қазақ», 1913, N 43.
449 *Ахмет Байтұрсынов.* Шығармалары. А., 1989, 298-304-беттер.
450 *Міржақып Дулатов.* Шығармалары. А., 1991, 249-бет.
451 *Ә.Нарымбетов.* Ғабит Мүсіреповтің қойын дәптерінен. «Қазақ әдебиеті», VII.1993.
452 «Қазақ әдебиеті», 10.12. 1993.
453 «Екеуді» С.Мұқанов Абдолла Байтасов пен Даниял Ысқақов деп көрсетеді. Кейбіреулер Ж.Аймауытов пен М. Әуезов деп жүр.
454 *С.Ерубаев.* Менің құрдастарым. А., 1979.
455 Ғ.Мұстафин. Жазушылық және басқа... «Лениншіл жас», 29. X. 1983.
456 *С.Барахов.* Литературный портрет.Л., 1985, *В.И.Баранов, А.Г.Бочаров, Ю.И.Суровцев.* Литературно-художественная критика. М., 1982, 170-177-беттер; *Т.А.Марахова.* Жанр литературного портрета в творчестве А.М.Горького. «Вопросы советской, русской и зарубежной литературы», Горький, 1967, 39-55-беттер; *А.М.Корокотина.* Литературный портрет как жанр критики. «Вопросы истории и теории литературной критики», Тюмень, 1976, 3-15-беттер; *Н.К.Констенчик.* Цикл литературных портретов Б.Полевого «Силуэты. Жанр и композиция литературного произведения. Калининград, 1976, 108-124-беттер; *В.Трушкин.* В жанре литературного портрета. «Сибирские огни», 1971, N3, 174-178-беттер. *М.Т.Мезенцев.* Литературный портрет как жанр критики. «Филологические этюды». Ростов, 1971, 73-80-беттер; *В.С.Барахов.* Литературный портрет как жанр мемуарной прозы. «Русская литература», 1975, N 2, 70-82-беттер; *А.И.Чепинога.* Литературный портрет как жанр литературной критики. «Марксистско-ленинская критика и литературный процесс», Фрунзе,1982, 27-бет; т. б.
457 Краткая литературная энциклопедия. 5 том, М., 1968. 895-бет.
458 Қараңыз: В.С.Барахов. Литературный портрет. Ленинград, 1985, 8-9-беттер.
459 *В.Бурсов.* Мастерство Чернышевского критика. Л., 1956, 9-бет.
460 *Л.П.Гроссман.* Жанры литературной критики. «Искусство", 1925, 61-бет.
461 *Б.Бурсов.* Сочинение. т.1. Ленинград, 1982, 26-бет.
462 *В.И.Баранов, А.Г.Бочаров, Ю.И.Суровцев.* Литературно-художественная критика. М., 1982, 173-бет
463 «Дала уалаятының газеті» . 1889, N 33.
464 «Дала уалаятының» газеті», 1894, N 18.
465 «Семипалатинская листок», 1905 ж. «Жұлдыз», 1991, N 9.
466 "Абай", 1992, N 1, 2.
467 "Қазақ", 1913, N 43.
468 "Қазақ", 1914, N 67.
469 Ж.Молдағалиев. Жырдария. "Социалистік Қазақстан", 11.2. 1979 ж.
470 *Р.Бердібаев.* Замандас көзімен. "Сөзстан", 2-кітап, 1980, 109-бет.
471 Сөзстан. 1-кітап, А., 1980, 149-бет.
472 *Бақыт Сарбалаұлы.* Бүлдіршін күнмен бір күлсін. "Ұлан", 26.X. 1993.
473 *Жеңіс Қашқынов.* Балажанды жыршы. "Жас алаш", 30.X. 199
474 "Жас алаш", 30.X. 1993.
475 "Жас алаш", 28.IX. 1993.
476 Ж.Аупбаев. Өмір деген кеністікте осынау ұшқан құспыз біз де көкте шырылдап... "Халық кеңесі", 30.IX.93.
477 *Әнуар Тарақ.* Марқасқа Мұзаған. "Алматы ақшамы", 27.X. 93.
478 *М.Қаратаев.* Үш томдық шығармалары. 1 том, А., 1974, 109-341-беттер.
479 *З.Қабдолов.* Арна. А., 1988, 9, 43, 95, 241-беттер.
480 *С.Қирабаев.* Талантқа құрмет. А., 1988, 71, 114-беттер.
481 *Р.Бердібаев.* Замана сазы. А., 1985, 216-267-беттер.
482 *Р.Нұрғалиев.* Арқау. Екі томдық шығармалар. II том, А., 1991.
483 *Ш.Елеукенов.* Жаңа жолдан. А., 1989, 39-150-беттер. 432-516-беттер.
484 *Р.Нұрғалиев.* Арқау. II том, А., 1991, 517-бет.
485 *С.Қирабаев.* Ақынның күпия сыры. "Социалистік Қазақстан", 22.III.89.

486 *Б.Майтанов.* Дәуірмен қанаттас. "Социалистік Қазақстан", 7.X. 89.
487 *А.Бекенов.* Емен-бабаның шымыр жаңғағы. "Социалистік Қазақстан", 30.01.90.
488 *С.Досанов.* Қасиетті қайнар. "Социалистік Қазақстан", 13.IV.89.
489 *Т.Медетбеков.* Кемел дарын. "Лениншіл жас", 11.X. 89.
490 *А.В.Луначарский.* Критика и критики. М., 1938, 37-бет.
491 "Қазақ әдебиеті", 07.01.1994.
492 "Сөзстан". А., 1984, 210-бет.
493 *М.Әуезов.* Жиырма томдық шығармалар жинағы. XX том, А., 1985, 446-бет.
494 Теория и практика советской периодической печати. М., 1980, 301-бет.
495 *Т.Қожакеев.* Жас тілшілер серігі. А., 1991, 132-бет.
496 Теория и практика советской периодической печати. М., 1980, 306-бет.
497 С.Торайғыров. Сарыарқаның жаңбыры. 2-ші кітап. А., 1987, 203-бет.
498 *М.Мырзахметов.* "Н"-ді Нәзір Төреқұлов деп көрсетеді. Қараңыз: "Абайды оқы, таңырқа". А., 1953, 82-бет.
499 *С.Сейфуллин.* Әдебиет және оның ағымдары. "Қызыл Қазақстан". 1923, N 16.
500 *С.Садуақасов.* "Халық кеңесі", 2. III. 1993.
501 *М.Әуезов.* Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі (тарихи-әдеби сын). "Шолпан", 1922, N 2-3.
502 "Әдебиет майданы". 1932, N 3, 4, т.б.
503 *С.Мұқанов.* Таңдамалы шығармалары. А., 1978, 161-бет.
504 *С.Мұқанов.* Таңдамалы шығармалары. А., 1978, 204, 206-беттер.
505 *М.Әуезов.* Шығармалар. XIX том, А., 1985, 414-бет.
506 "Екеуді" С. Мұқанов А. Байтасов пен Д. Ысқақов деп көрсетсе (Қараңыз: Шығ. 14 том, А., 1978, 50-бет), соңғы кездерде Ж.Аймауытов пен М.Әуезов деп жүр. Қараңыз: "Абай", 1938, N 5,48-бет.
507 *С.Мұқанов.* Таңдамалы шығармалары. XIV том, А., 1978, 120-беттер.
508 Сонда, 239-297, 326-беттер, 311-бет.
509 *Ғ.Мүсірепов.* Шығармалар жинағы. IV, А., 1975, 239, 297, 326-беттер.
510 *М.Қаратаев.* Таңдамалы шығармалар. I том. А., 1974, 45-87-беттер.
511 Сонда, 226-бет.
512 *М.Қаратаев.* Таңдамалы шығармалар. III том, А., 1974, 286-бет.
513 "Жұлдыз", 1986, N 11, 172-бет.
514 Уақыт және қаламгер. 2-ші кітап, А., 1974, 146-бет.
515 Сонда, 191-бет.
516 *С.Қирабаев.* Талантқа құрмет. А., 1988, 28-бет.
517 "Қазақ әдебиеті", 2.11.1988.
518 Сонда.
519 "Жұлдыз", 1989, N 11, 178-бет.
520 "Жұлдыз", 1985, N 86 164-175-беттер.
521 *Б.Кенжебаев.* Шындық және шеберлік. А., 1966, 15-бет.
522 *З.Ахметов.*Современное развитие и традиции казахской литературы.А., 1978,306-бет.
523 "Жұлдыз", 1993, N 10, 3-27-беттер.
524 С.Қирабаев. Талантқа құрмет. А., 1988, 198-246-беттер.
525 Т.Тоқбергенов. Қос қағыс. А., 1981, 39-118-беттер.
526 М.Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. XVI том, А., 1983, 306-бет.
527 Уақыт және қаламгер. II-кітап. А., 1985, 80-бет.
528 *Қ.Ергөбеков.* Ғұмырнамалық проза және кейіпкер парасаты."Жұлдыз", 1989,N1, 181-бет.
529 *А.Шәріпов.* Жас толқын алыс жағалау. "Жұлдыз", 1990, N 4, 183-бет.
530 *Т.Қожакеев.* Поэзиялық сатира санатта жүрсе... "Қазақ әдебиеті", 16. VII. 1993.
531 Жастар жастар туралы. А., 1981, 96-бет.
532 *Ф.Оңғарсынова.* Шашы ағарған қыз. А., 1990, 116, 117, 212-беттер.
533 Уақыт және қаламгер. 13-кітап. А., 1988, 76-бет.
534 *М.Әуезов.* Жиырма томдық шығармалар жинағы. XVIII том, А.,1985, 346-347-беттер.
535 *Қ.Аллысбаев.* Поэма парасаты. "Жұлдыз", 1985, N 12.
536 *А.Сейдімбеков.* Жанрдың жаңа нышандары. "Жұлдыз". 1989, N 8, 180-бет.
537 "Жұлдыз", 1984, N 7 174-бет.
538 *Р.Тоқтаров.* Тоғыз романның толғағы. "Жұлдыз", 1989, N 9, 187-бет.
539 *Қ.Аллысбаев.* Уақыт сыны – роман тіні. "Жұлдыз", 1991, N 4, 142-бет.
540 *Е.Исмайлов.* Жаңа белеске. А., 1962, 26-бет.
541 *Р.Бердібаев.* Биік парыз. А., 1980, 15-бет.

542 Жастар жастар туралы. А., 1981, 28-бет.
543 М.Қаратаев. Эпостан эпоска. А., 1969, 184-бет.
544 Словарь литературоведческих терминов. М., 1974, 477-бет.
545 "Жас Алаш", 6.XII. 1991.
546 "Алматы ақшамы", 30.IV. – 14.VII. 1993.
547 "Жалын", 1990 N 5.
548 "Лениншіл жас", 26.X. 1983
549 "Лениншіл жас" 4.I.1989.
550 "Лениншіл жас", 31.I, I.II 1980
551 "Жетісу", I. IX. 1983.
552 "Лениншіл жас",3 I.I., I.II. 1980.
553 "Парасат", 1993, N 8.
554 "Қазақ әдебиеті", 24.XII. 1993.
555 *Ғ.Мүсірепов.* Түтқын қыз. А., 1993, 390-508-беттер.
557 Сонда, 439-бет.
558 Сонда, 465-бет.
559 *Т.Қожакеев.* Сатира – күштілер қаруы. А., 1985, 23-бет.
560 *Т.Қожакеев.* Сатиралық жанрлар. А., 1983, 78-бет.
561 *Сонда, 103-бет.*
562 *Н.Г.Богданов, Б.А.Вяземский.* Журналист анықтамалығы. А., 1978, 229-бет.
563 "Жалын", 1973, N 1, 121-бет.
564 "Жалын", 1972, N 6.
565 "Қазақ әдебиеті", 1983.
566 "Қазақ әдебиеті", 11.2.1983.
567 *В.Д.Новиков.* Книга о пародии. М., 1989, 5-бет.
568 *Л.Гроссман.* Пародия как жанр литературной критики. Қараңыз: *Б. Бегак, Н.Кравцов, А. Морозов.* Русская литературная критика. М., Л., 1930, 40-бет.
569 Қараңыз: Проблемы истории и методологии литературоведения и литературный критики. Душанбе, 1982, 64-бет.
570 *О.Б.Кушлина.* Пародия как форма литературной критики. Кітапта: "Проблемы истории и методологии литературоведения и литературной критики". Душанбе, 1982, 63-бет.
571 *Т.Қожакеев.* Сатиралық жанрлар. А., 1983, 55-бет.
572 *Б.Сарнов.* Плоды изнурения (Литературная пародия вчера и сегодня). "Вопросы литературы", 1984, N 11, 124-бет.
573 *Саттар.* Мәжит пен Өтебай. "Қазақ әдебиеті", 10.I.1934.
574 "Парасат", 1993, N 8, 16-бет.
575 *Т.Қожакеев.* Сатиралық жанрлар. А., 1983, 63-бет.
576 "Қазақ әдебиеті", 1990, N 52, 28 желтоқсан.
577 Сонда.
578 "Лениншіл жас", 1977, 16 ақпан.
579 "Қазақ әдебиеті", I. I.1983.
580 *Л.П.Гроссман.* Жанры литературной критики. "Искусство", 1925, 1. 2, 61-бет.
581 *Ғ.Мүсірепов.* Әдебиет кәсіп емес. А., 1987, 111-бет.
582 "Қазақ әдебиеті", 25.02.1983.
583 "Лениншіл жас", 25.1.1978.
584 "Жалын", 1973, N 5, 118-бет.
585 "Қазақ әдебиеті", 25.02.1983.
586 *Қ.Керейқұлов.* Сын семсері жарқылдап тұрса қандай? "Лениншіл жас", 28.1. 1982.
587 "Жас Алаш"", 1.02.1994.
588 Қараңыз: Т. Қожакеев. Жас тілшілер серігі. А., 1991, 66-бет; Н.Г.Богданов, Б.А.Вяземский. Журналист анықтамалығы. А., 1978, 211-бет; Теория и практика советской периодической печати. А., 1980, 227-бет.
589 *А.В.Кольцов.* Сочинение. М., 1966, 411-бет.
590 "Қазақ әдебиеті", 13.02.1975.
591 Талап пен жауап. "Қазақ әдебиеті", 25.02.1977.
592 1977 жыл жемістері. "Қазақ әдебиеті", 3.02.1978.
593 *Б.Сарбалаев.* Он екі ай өрнектері. "Лениншіл жас", 3.02.1978.

БИБЛИОГРАФИЯ

Абай. Сын-библиографиялық материалдар, өлеңдер және библиография. Алматы, 1940.
Абайды оқы, таныр қа. Алматы, 1993.
Абрамович Г.П. Введение в литературоведение. Москва, 1975.
Аймауытов Ж. Шығармалары. Алматы, 1989.
Аканов Б., Карамзин Н. Основы научных исследований. Алматы, 1989.
Актуальные вопросы истории марксистской литературной критики (материалы научного межвузовского семинара). Кишинев, 1975.
Актуальные вопросы методологии современного искуствознания. Москва, 1983.
Актуальные проблемы методологии литературной критики. Москва, 1980.
Актуальные проблемы теории литературы и искусства. Москвы, 1972.
Актуальные проблемы художественной критики. Москва, 1974.
Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. Алматы, 1992.
Амандосов Т. С. Қазақ совет баспасөзінің жанрлары. Алматы, 1968.
Амандосов Т.С. Совет журналистикасының теориясы мен практикасы. Алматы, 1978.
Анализ литературного произведения. Москва, 1976.
Аристотель. Поэтика. Москва, 1957.
Әбдіманов Ө. "Қазақ" газеті. Алматы, 1993.
Әбдірашев Ж. Өзілің жарасса. Алматы, 1989.
Әдеби мұра және оны зерттеу. Алматы, 1959.
Әдебиеттануға кіріспе. Құрастырған С. Мақлыров. Алматы, 1991.
Әлімбаев М. Қалам қайраты. Алматы, 1976.
Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан. Алматы, 1978.
Әуезов М.О. Абай Құнанбаев. Мақалалар мен зерттеулер. Алматы, 1967.
Әуезов М.О. Әдебиет тарихы. Алматы, 1991.
Әуезов М.О. Әр жылдар ойлары. Алматы, 1959.
Әуезов М.О. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1979-1985.
Әуезов М.О. Уақыт және әдебиет. Алматы, 1962.
М.О. Әуезов творчествосы бойынша библиографиялық көрсеткіш. Алматы, 1972.
Әшімбаев С. Парасатқа құштарлық. Алматы, 1985.
Базарбаев М. Әдебиет және дәуір. Алматы, 1966.
Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы, 1989.
Барабаш Ю. Алгебра и гармония. О методологии литературоведческого анализа. Москва, 1977.
Баранов В.И., Бочаров А.Г., Суровцев Ю.И. Литературно-художественная критика. Москва, 1982.
Барахов В.С. Литературный портрет. Ленинград, 1985.
Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. Москва, 1979.
Белинский В.Г. Собрание сочинений в 3-х томах. Москва, 1948.
Белинский В.Г. Таңдамалы шығармалары. Алматы, 1-ші кітап, 1948; 2-ші кітап, 1950.
Белинский и современность. Москва, 1964.
Белинский историк и теоретик литературы. Москва-Ленинград, 1949.
Бельчиков Н.Ф. Пути и навыки литературоведческого труда, Москва, 1975.
Бердібаев Р. Биік парыз. Алматы, 1980.
Бердібаев Р. Қазақ совет әдебиетінің қалыптасуы. Алматы, 1971.
Берков П.Н. Введение в технику литературоведческого исследования. Ленинград, 1955.
Бес арыс. Алматы, 1992.
Блок А.О. О литературе. Москва, 1980.
Бобулов К. Критика и литературный процесс. Фрунзе, 1976.
Богданов Н.Г., Вяземский Б.А. Журналист анықтамалығы. Алматы, 1978.
Борев Ю. Искусство интерпретации и оценки. Москва, 1981.

Борев Ю.Б. Роль литературной критики в художественном процессе. Москва, 1979.
Борев Ю. Эстетика. Москва, 1988.
Брюсов В. Избранные сочинения в двух томах. Том 2, Москва, 1955.
Буало. Поэтическое искусство. Москва, 1957.
Бугаенко П.А. А.В. Луначарский и советская литературная критика, Саратов, 1972.
Бурсов Б.И. Избранные работы. Ленинград, 1982.
Бурсов Б. Критика как литература. Ленинград, 1975.
Бурсов Б. Мастерство Чернышевского – критика. Ленинград, 1959.
Бушмин А.С. Методологические вопросы литературоведческих исследований. Ленинград, 1969.
Бушмин А.С. Наука о литературе. Москва, 1980.
Біздің Мұхтар. Алматы, 1976.
В мире Добролюбова. Сборник статей. Москва, 1989.
Введение в литературоведение. Хрестоматия. Под редакцией Николаева П.А. Москва, 1979.
Введение в литературоведение. Под редакцией Г.Н. Поспелова. Москва, 1988.
Введение в теорию журналистики. Москва, 1980.
Взаимодействие наук при изучении литературы. Ленинград, 1981.
Веселовский А.Н. Историческая поэтика. Москва, 1989.
Возникновение русской науки о литературе. Москва, 1975.
Волков П.Д., Ермишкин Н.И. Эстетические взгляды М.С. Ольминского. Москва, 1975.
Волков Ф.И. Литература как вид художественного творчества. Москва, 1985.
Вопросы истории и теории литературной критики. Тюмень, 1976.
Вопросы эффективности литературно-художественной критики. Материалы научно-практической конференции 17-18 апреля 1979 г. МГУ-1980.
Воронский А. Избранные статьи о литературе. Москва, 1982. Газетные жанры. Москва, 1976.
Гацфельдт Адольф. Основы литературной критики. Одесса, 1895.
Гегель Г.В. Соч. т. XIY. Эстетика. Москва, 1958.
Гей Н.К. Художественность литературы. Поэтика. Стиль. Москва, 1975.
Гете. Об искусстве. Москва, 1936.
Горький А.М. О литературе. Москва, 1953.
Григорьев А.А. Искусство и нравственность. Москва, 1986.
Гулыга А.В. Принцип эстетики. Москва, 1987.
Дала уалаятының газеті. Құрастырушы Y. Субханбердина. Үш томдық. Алматы, 1989, 1990, 1992.
Дәстүр мен жаңашылдық. Алматы, 1989.
Добролюбов Н.А. Собрание сочинений в трех томах. Москва, т. 1, 1950; т. II, 1951; т. III, 1952.
Долгов К.М. Эстетика и художественная критика. Москва, 1972.
Древнегреческая литературная критика. Москва, 1975.
Дүйсенов М. Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі. Алматы, 1962.
Егоров А. Проблемы эстетики. Москва, 1977.
Егоров Б.Ф. Литературно-критическая деятельность В.Г. Белинского. Москва, 1982.
Егоров Б.Ф. О мастерстве литературной критики. Ленинград, 1980.
Елеукенов Ш. Замандас парасаты. Алматы, 1977.
Ермаш Г.Л. Творческая природа искусства. Москва, 1977.
Ескожин І. С. Мұқанов – публицист. Алматы, 1978.
Еспенбетов А. Сұлтанмахмұт Торайғыров. Алматы, 1992.
Жанр и композиция литературного произведения. Сборник. Выпуск IY, Калининград, 1978.
Жанр сипаты, Алматы, 1971.
Жастар жастар туралы. Алматы, 1981.
Жуковский В.А. Избранное. Москва, 1986.
Жуковаский В.А. – критик. Москва, 1985.
Жұмабаев М. Таңдамалы. Алматы, 1992.
Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы, 1989.
Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы, 1964.
Жұмалиев Қ. Стиль – өнер ерекшелігі. Алматы, 1966.
20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1997.

Зарубежная эстетика и теория литературы XIX-XXвв. Москва, 1987.
Зауал. Мақалалар. Естеліктер. Алматы, 1991.
Зеленов Л.А., Куликов Г.И. Методологические проблемы эстетики. Москва, 1982.
Зельдович М.Г. Уроки критической классики. Вопросы теории и методологии критики. Харьков, 1976.
Зись А.Я. Искусство и эстетика. Москва, 1975.
Зись А.Я. Эстетика: идеология и методология. Москва, 1984.
Иванов В. Движущаяся эстетика. Москва, 1969.
Искусство в системе культуры. Москва, 1987.
История русского литературоведения. Москва, 1980.
История русской критики. В 2-х томах. Москва, 1958.
История советской многонациональной литературы. В 6 томах. Москва, т. 1, 1970; т. II, 1971.
Қазыханова Б. Эстетическая культура казахского народа. Алматы, 1973.
Калачева С.В., Тимофеев Л.И. Краткий очерк теории литературы.
Москва, 1974.
Кауфман Р.С. Русская и советская художественная критика с середины XIX в. до 1941г. МГУ, 1978.
Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Алматы, 1996.
Кәкішұлы Т. Мағжан-Сәкен. Алматы, 1999.
Кәкішұлы Т. Сәбең әлемі. Алматы, 2000.
Квятковский А. Поэтический словарь. Москва, 1966.
Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. Алматы, 1986.
Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. Алматы, 1973.
Кенжебаев Б. Шындық және шеберлік. Алматы, 1966.
Кенжебаев Б. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1976.
Контекст. 1983. Литературно-теоретические исследования. Москва, 1984.
Керкемдік кілті – шеберлік. Алматы, 1985.
Краткая литературная энциклопедия. В 9-ти томах. Москва, 1962-1978.
Крикунов Ю.А. Рецензия в газете. Москва, 1976.
Критика и время. Ленинград, 1984.
Критическая мастерская. Сборник. Кишинев, 1978.
Кузнецов Ф. Родословная нашей идеи. Москва, 1986.
Кулешов В.И. История русской критики. Москва, 1972.
Кулешов В.И. Этюды о русских писателях. Москва, 1982.
Культурное строительство в Казахстане (1918-1932гг.). Сборник документов и материалов. Алматы, 1965.
Курилов А.С. Литературоведение в России XVIII века. Москва, 1981.
Курилов А.С. Традиции русской критической мысли. Москва, 1974.
Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалар. Алматы, 1983.
Қабдолов З. Жанр сыры. Алматы, 1964.
Қазақ әдебиеті. Энциклопедия. Алматы, 2000
Қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері. Алматы, 1957.
Қазақ әдебиетінің тарихы. Үш томдық. Алматы, 1960-1967.
Қазақ совет энциклопедиясы. 1-12-томдар. Алматы, 1972-1978.
Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. 4-том, Алматы, 1989.
Қазақ ССР тарихы. Социализм дәуірі. 2-том, Алматы, 1961.
Қазақстан Кеңес жазушыларының тұңғыш съезі. Алматы, 1934.
Қаратаев М. Әдебиет және эстетика. Алматы, 1970.
Қаратаев М. Казахская литературная критика на современном этапе. Алматы, 1974.
Қаратаев М. Таңдамалы шығармалар. 3 томдық. Алматы, 1974.
Қаратаев М. Туған әдебиет туралы ойлар. Алматы, 1958.
Қирабаев С. Революция және әдебиет. Екі томдық. Алматы, 1977.
Қирабаев С. Талантқа құрмет. Алматы, 1988.
Қожакеев Т. Жас тіліліер сериі. Алматы, 1991.
Қожакеев Т. Сатиралық жанрлар. Алматы, 1983.
Қожакеев Т. Сатира – күштілер қаруы. Алматы, 1985.
Ленин В.И. О литературе и искусстве. Москва, 1967.
Ленин и вопросы литературоведения. Москва-Ленинград, 1961.

Лилов А. Природа художественного творчества. Перевод с болгарского. Москва, 1981.
Литвинов В.М. Самосознание литературы. Москва, 1976.
Литература и современность. Сборник 13. Москва, 1975.
Литература и социология. Москва, 1977.
Литературная критика 1800-1820-х годов. Москва, 1980.
Литературная энциклопедия. т. I, Москва, 1930; т. 5, Москва, 1931.
Лихачев Д.С. О филологии. Москва, 1989.
Литературный энциклопедический словарь. Москва, 1987.
Лукин Ю.А., Скатерщиков В.К. Основы марксистко-ленинской эстетики. Москва, 1977.
Лукьянов Б.Г. Ленинское эстетическое наследие и художественная критика. Москва, 1980.
Лукьянов Б.Г. Методологические проблемы художественной критики. Москва, 1980.
Лукьянов Б.Г. Эстетическая оценка искусства: сущность и критерии. Москва, 1977.
Луначарский А.В. Статьи о литературе. Москва. 1957.
Майтанов Б. Қаһарманның рухани әлемі. Алматы, 1987.
Марков Д. Проблемы теории социалистического реализма. Москва, 1975.
Маркс К. и Энгельс Ф. Об искусстве. т. 1, Москва, 1957.
Марксистко-ленинская эстетика. Москва, 1983.
Марксистко-ленинские критерии ценности в литературе. Москва, 1986.
Мәшһүр-Жүсіпов Қ. Өлең – сездің патшасы. Алматы, 1991.
Методология анализа литературного произведения. Москва, 1985.
Методология анализа литературного процесса. Москва, 1989.
Методологические вопросы науки о литературе. Москва, 1984.
Методологические проблемы современной литературной критики. Москва, 1976.
Методологические и философские проблемы языкознания и
литературоведения. Москва, Новосибирск, 1984.
Методология современного литературоведения. Проблемы историзма. Москва, 1978.
Михайлов А. Два ключа. Москва, 1981.
Монологи и диалоги. В творческой мастерской советских писателей. В двух томах. Москва, 1988.
Мустангова Е. Современная русская критика. Прибой, 1929.
Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. 16 томдық. Алматы, 1972-1980.
Мұстафин Ғ. Ой ауеңдері. Алматы, 1978.
Мұхтар Әуезов тағылымы. Алматы, 1987.
Мүсірепов Ғ. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1972-1976.
Мүсірепов Ғ. Суреткер парызы. Алматы, 1970.
Мүсірепов Ғ. Түтқын қыз. Алматы, 1993.
Мырзахметов М. Абайтану (библиографиялық көрсеткіш). Алматы, 1988.
Надеждин Н.И. Литературная критика. Эстетика. Москва, 1972.
Нарымбетов Ө. Қазақ совет әдебиеті. 1917-1940, I том. Библиографиялық көрсеткіш. Алматы, 1970.
Нарымбетов Ө. Қазақ әдебиеті. Әдебиеттану, сын және өнердің
библиографиялық көрсеткіші. 3 том. 1956-1960, Алматы, 1997.
Наследие Ленина и наука о литературе. Ленинград, 1969.
Наубет. Жинақ. Алматы, 1990.
Неверов В.В. Беседы о художественной литературе. Москва, 1983.
Негимов С. Өлең өрімі. Алматы, 1980.
Николаев П.А. Марксистко-ленинское литературоведение. Москва, 1983.
Нұрғалиев Р. Арнау. Екі томдық шығармалары. Алматы, 1991.
Нұрғали Р. Әуезов және алаш. А., 1997.
Нұрпейісов Ә. Толғау. Раздумье. Алматы, 1972.
Новиков В.В. Художественная правда и диалектика творчества. Москва, 1974.
Новиков В.Д. Книга о пародии. Москва, 1989.
Нұртазин Т. Жазушы және емір. Алматы, 1960.
О партийной и советской печати. Сборник документов. Москва, 1954.
О партийности литературы и искусства. Москва, 1978.
О политике партии в области искусства и литературы. Москва, 1958.
Озеров В.М. Литературно-художественная критика и современность. Москва, 1972.

Омаров І. Әдеби толғамдар. Алматы, 1988.
Оразаев Ф. Қазақ әдебиетін зерттеушілер. Алматы, 1991.
Основы марксистко-ленинской эстетики. Москва, 1961.
Основы научных исследований. Москва, 1989.
Өнер алды – қызыл тіл. Мақалалар жинағы. Алматы, 1986.
Павлов Тодор. Избранные труды по эстетике. Москва, 1978.
Парандовский Ян. Алхимия слова. Перевод с польского. Москва, 1990.
Петров С.М. Реализм. Москва, 1964.
Писарев. Д.М. Литературная критика. В 3-х томах. Ленинград, 1981.
Плеханов Г.В. Литература и эстетика. В 2-х томах. Москва, 1958.
Поляков Марк. Поэзия критической мысли. Москва, 1968.
Потебня А.А. Теоретическая поэтика. Москва, 1990.
Проблемы истории и методологии литературоведения и литературной критики. Сборник. Душанбе, 1982.
Проблемы литературной критики. Сборник. Тюмень, 1979.
Проблемы теории литературной критики. МГУ, 1980.
Пушкин А.С. Мысли о литературе. Москва, 1988.
Рачков П.А. Науковедение. Москва, 1974.
Ржевская Н.Ф. Литературоведение и критика в современной Франции. Москва, 1985.
Руковицын М.М. Народность и партийность искусства. Москва, 1978. Русская советская литературная критика / 1917-1934/. Хрестоматия. Москва, 1981.
Русские писатели о литературном труде. Сборник в 4-х томах. 1954-1956.
Русские писатели о языке. Москва, 1954.
Рюриков Б.С. Избранные работы. В 2-х томах. Москва, 1986.
Сакулин П.Н. Социологический метод в литературоведении. Москва, 1925.
Салеев В.А. Искусство и его оценка. Минск, 1977.
Сарбалаев Б. Өткірдің жүзі. Алматы, 1992.
Сахаров В. Дела человеческие. Москва, 1985.
Сәбит Мұқанов тағылымы. Алматы, 1990.
Сборник трудов молодых ученых. Выпуск III, Томский университет, 1974.
Сейдеханов К. Әдебиет жанашыры. Алматы, 1972.
Сейфуллин С. Шығармалар. 4, 5, 6 томдар. Алматы, 1962-63-64.
Семенова Г. П. Актуальные проблемы современной литературной критики. Ленинград, 1976.
Сергалиев М. Сөз сарасы. Алматы, 1989.
Серікқалиев З. Сын кітабы. Алматы, 1997.
Скатерщиков В. Об эстетическом вкусе. Москва, 1974.
Словарь литературоведческих терминов. Москва, 1974.
Слово о книге. Москва, 1974.
Советское искусствознание '76. Выпуск I, Москва, 1976.
Современная литературная критика. Москва, 1977.
Современный литературный процесс и критика. Москва, 1975.
Современный литературный процесс и литературная критика. Москва, 1982.
Советское литературоведение и критика. Библиографический указатель. Москва, 1966.
Современная литературная художественная критика. Ленинград, 1975.
Современник. Критический ежегодник. 1979. Москва, 1979.
Современные проблемы реализма и модернизма. Москва, 1965.
Современные проблемы социалистического реализма. Эстетическая сущность метода. Москва, 1976.
Соколов А.Г. Михайлова М.В. Русская литературная критика конца XIX – начала XX в.в. Хрестоматия. Москва. 1982.
Социалистический реализм и классическое наследие. Москва, 1960.
Сөзстан. 1-7 кітаптар. Алматы, 1980-1986.
Стиль сыры. Жинақ. Алматы, 1974.
Субханбердина Ү. "Қазақ", "Алаш", "Сарыарқа". Алматы, 1993.
Субханбердина Ү. "Дала уалаятының газеті". Терт томдық. Алматы, 1989, 1992, 1994, 1996.
Субханбердина Ү., Дәуітов С. "Айқап". Алматы, 1995.
Сыздықов К. Мұхтар Әуезов – әдебиет сыншысы. Алматы, 1973.

Сыздықов К. Мұхтартанудың беймәлім беттері. Алматы, 1997.
Теория и практика советской периодической печати. Москва, 1980.
Тимофеев Л.И. Основы теории литературы. Москва, 1971.
К вопросу об объективных критериях оценки произведений искусства. Ереван, 1955.
Тоғжанұлы Ғ. Әдебиет пен сын мәселелері. Қызылорда, 1929.
Тоқбергенов Т. Ай мүйіз. Алматы, 1990.
Толстой А.Н. О литературе и искусстве. Москва, 1984.
Толстой А.Н. О литературе. Москва, 1955.
Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы, 1993.
Тосака Дзюн. Теория науки. Москва, 1983.
Традиции и тенденции развития литературной критики Сибири. Новосибирск, 1989.
Трифонов Н.Н. А.В. Луначарский и советская литература. Москва, 1974.
Түрекулов Н. Литературное наследие Аль-Фараби. Алматы, 1981.
Уақыт және қаламгер. 1-14 кітаптар. Алматы, 1973-1989.
Федин К. А. Писатель, искусство, время. Москва, 1957.
Философский словарь. Москва, 1968.
Фридлендер Г.М. Методологические проблемы литературоведения. Москва, 1984.
Фриче В. Социология искусства. Москва-Ленинград, 1929.
Храпченко М.Б. Познание литературы и искусства. Москва, 1987.
Храпченко М.Б. Художественное творчество, действительность, человек. Москва, 1978.
Хрестоматия по теории литературы. Москва, 1982.
Черняченко Г.А. Основы литературной критики. Ростов на Дону, 1975.
Черноуцан И. С. Эстетика и литературная критика Воровского. Москва, 1981.
Чернышевский Н.Г. Литературная критика. В 2-х томах, Москва, 1981.
Чехов А. П. О литературе. Москва, 1955.
Шелгунов Н. В. Литературная критика. Ленинград, 1974.
Щукина Т.С. Теоретические проблемы художественной критики. Москва, 1979.
Ысмайлов Е. Әдебиет теориясының мәселелері. Алматы, 1940.
Ысмайлов Е. Сынмен шығарма. Алматы, 1960.
Якименко Л. Г. Методологические проблемы современной литературной критики. Москва, 1975.
Эльсберг Я.Е. Современная буржуазная литературная теория. Москва, 1972.
Эльяшевич Арк. Единство цели, многообразие поисков в литературе социалистического реализма. Ленинград, 1973.
20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1997.
40-50 және 60 жылдардағы қазақ әдебиеті. Алматы, 1998.

Дандай ЫСҚАҚҰЛЫ
СЫН ӨНЕРІ

Редакторы С. МЫРЗАҒАЛИЕВА
Суретшісі Ә. БІЛӘЛҰЛЫ
Корректоры А. БЕЙСЕБАЕВА
Техникалық редакторы Р. АРСЛАНОВ

Теруге 26.07.2000 ж. жіберілді. Басуға 04.09.2000 ж. қол қойылды. Қалыбы – 60x84$^{1}/_{32}$. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс. Көлемі– 21,7 баспа табақ. Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 43-34.

«ҚАЗақпарат» баспа корпорациясының баспаханасы. тел: 49-42-35